

## Пайғамбар ﷺ

намазының сипаттамасы  
тәкбірден сәлемге дейін,  
оны өзінің көргеніңдегі

> Қазақ-Казах –<  
 —————   
 Шейх

Мұхаммад Насыруддин әл-Әлбани



Араб тілінен орыс тіліне аударған: Дамир  
Хайруддин

Қазақ тіліне орыс тіліндегі бесінші түзетілген  
және толықтырылған

Москва/УММАН, 2008 г, басылымынан  
аударған және қазақ тіліндегі аударма мәтінін  
араб тіліндегі түпнұсқамен салыстырып  
өндеген: «Абу Ханифа мирасы» сайтының  
редакциясы.

# صفة صلاة النبي صلى الله عليه وسلم من التكبير إلى التسليم كأنك تراها



شيخ محمد ناصر الدين الألباني

٢٠٠٨

ترجمة: من اللغة العربية إلى اللغة الروسية دامير خير الدين

ترجمة: من اللغة الروسية إلى اللغة الكازاخية إدارة الموقع

"ميراث أبي حنيفة"

مراجعة: إدارة الموقع "ميراث أبي حنيفة"

# намазының сипаттамасы

**тәкбірден сәлемге дейін,  
оны өзіңіз көргеніңіздей**

*«Намазды мен сендердің көздеріңше қалай орындаған болсам, солай орындаңдар!»*

(әл-Бухари жеткізген)

Араб тілінен орыс тіліне аударған: Дамир  
Хайруддин

Қазақ тіліне орыс тіліндегі бесінші  
түзетілген және толықтырылған

## Москва/УММАН, 2008 г, басылымынан

аударған және қазақ тіліндегі аударма  
мәтінін араб тіліндегі түпнұсқамен  
салыстырып өңдеген: «**Абу Ханифа мирасы**»  
сайтының редакциясы.  
(кітапты коммерциялық мақсатта басып  
шығару және тарату «**Абу Ханифа мирасы**»  
сайты редакциясының рұқсатымен ғана іске  
асуға тиіс)

**аль-Альбани, Мухаммад Насируддин**

Описание намаза Пророка ﷺ с A45  
самого начала до конца, как если бы вы  
это видели собственными глазами / Пер.  
с араб. Д. Хайруддин; Ред. Абу 'Умар  
Салим аль-Газзи. — М.: Издатель Эжаев,  
2010.—304 с.

Қазақ тіліне орыс тілінен аударған және қазақ  
тіліндегі аударма мәтінін араб тіліндегі

тұпнұсқамен салыстырып өңдеген: «Абу Ханифа мирасы» сайтының редакциясы.

Оқырманның назарына қазіргі заманның атақты ислам ғалымы шейх әл-Әлбанидің еңбегі ұсынылады. Автор хадистерді көп жылдар бойы зерттеудің негізінде Мухаммад пайғамбар ﷺ намазды қалай орындағанының үлгісін қайта қалпына келтіреді.

Кітап мұмін мұсылмандарға, сондай-ақ Исламды оқып үйренушілерге, оның тарихы мен намаз оқу тәжірибесіне қызығушылық танытатындарға арналған.

Бесінші басылым «Пайғамбар ﷺ намазы сипаттамасының қысқаша мазмұндамасы» атты еңбегімен толықтырылған, ол да қазіргі заманның атақты ғалымы Мухаммад Насыруддин әл-Әлбаниге тиісті.

## Мазмұны

<b>Аудармашының үшінші басылымға алғысөзі .....</b>	10
<b>Осы кітаптың жазылу себебі және кейбір ерекшіліктері .....</b>	46
<b>Осы кітаптың әдіснамасы .....</b>	55
<b>Имамдардың Сұннетке ілесуге және өздерінің пікірлері оған қайшы келген жағдайда олардан бас тартуға қатысты айтқан сөздері .....</b>	61
<b>Имам Абу Ханифа (Аллаһ оны рақым етсін) ..</b>	66
<b>Имам Мәлік ибн Энас (Аллаһ оны рақым етсін) ..</b>	71
<b>Имам әш-Шәфи’и (Аллаһ оны рақым етсін) ..</b>	73
<b>Имам Ахмад ибн Хәнбал (Аллаһ оны рақым етсін) ..</b>	80
<b>Сұннетке ілесу үшін өз имамдарының кейбір айтқан нәрселеріне ілесуден бас тарту .....</b>	87
<b>ПАЙҒАМБАР</b>  <b>НАМАЗЫНЫҢ</b>	
<b>СИПАТТАМАСЫ .....</b>	133
<b>Қағбага бет бұры .....</b>	133
<b>Намаз кезінде тік тұру (қийям) .....</b>	138
<b>Науқас адамның намазды отырып орындауды туралы .....</b>	140
<b>Кемедегі намаз .....</b>	143
<b>Taħajjjud намазындағы тік тұру (қийям) және отыру (ку'уд) туралы .....</b>	144

Намазды аяқ киім киген күйде орындау және осылай істеуге нұсқау туралы.....	145
Мінбер үстінде орындалатын намаз туралы .	148
Намаз орындаушының алдында сутра болуы және оның міндеттілігі туралы.....	149
Намазды бұзатын нәрселер туралы.....	156
Қабірге қарап намаз оқудың тыйым салынғандығы туралы.....	157
Ниет, әрі оны тілмен айтту бидгат екендігі туралы.....	157
<b>Намазды ашатын тәкбір (такбира тәкбір)</b> .....	<b>158</b>
Екі қолды көтеру .....	160
Оң қолын сол қолының үстіне қою және осылай істеу туралы бүйрық .....	161
Қолдарды көкірекке қою .....	163
<b>Құран оқу</b> .....	<b>189</b>
Аяттарды жеке-жеке біртінде оқу .....	191
«Әл-Фатиха» сүресін оқудың рүқін екендігі және оның артықшылықтары туралы.....	193
Имам намазда Құранды дауыстап оқитын ракағаттарда Құран оқудың күші жойылғандығы (мәнсұх етілгендігі) туралы...199	199
Имам Құранды дауыстап оқымайтын намаз ракағаттарында Құран оқудың міндеттілігі...203	203
«Әмин» деп айтту және имамның оны дауыстап айтуы.....	207

«Әл-Фатихадан» кейін (Құранның басқа сурелерін) оқу.....	210
Құранның (мағынасы бойынша) ұқсас және басқа сурелерін қосып оқу .....	216
«Әл-Фатиха» сүресін ғана оқудың рұқсат етілетіндігі туралы.....	219
Бес уақыт (парыз) және басқа да намазда Құранды дауыстап және іштей оқу .....	222
Қосымша тұнгі (таһажжуд) намазда Құранды дауыстап және іштей оқу.....	224
Оның  түрлі намаздарда қандай сурелер мен аяттарды оқығандығы туралы .....	227
Таң намазы («әл-фәжр») .....	228
Таңғы парыз намаздан бұрын қосымша (сұннет) намазда Құран оқығаны.....	233
2. Бесін намазы («әз-зуһр»).....	236
Бесін намазының соңғы екі ракағатында «әл-Фатихадан» кейін Құран оқу.....	238
3. Екінші намазы («әл-'аср»).....	241
4. Ақшам намазы («әл-мәғриб») .....	242
Ақшам парыз намазынан кейін оқылатын қосымша (сұннет) намазын орындау кезінде Құран оқу.....	244
5. Құптан намазы («әл-'иша»).....	245
6. Қосымша тұнгі намаз (саләтул-ләйл, таһажжуд) .....	248
7. Үтір («әл-уитр») намазы .....	260

8. Жұма намазы .....	263
9. Екі айт намазы .....	264
10. Жаназа намазы .....	266
Құранды барлық ережелерге сәйкес оқу ( <b>«тартил»</b> ) және дауыспен оны көркемдеу.....	266
<b>Рукуғ .....</b>	<b>278</b>
Рукуғтың сипаттамасы .....	281
Рукуғ жасау кезінде тыныш тұру (әр мүшениң тиісті күйіне түсүі) міндеттілігі туралы .....	283
Рукуғта айтылатын Аллаһты еске алу сөздері (зікірлер) .....	287
Рукуғты ұзақ уақытқа созып орындау туралы.....	294
Рукуғ жасау кезінде Құран оқуға тыйым салынғандығы туралы.....	295
<b>Сәжде.....</b>	<b>312</b>
Сәждеге екі қолмен бару туралы .....	314
Сәжде жасау кезінде тыныштық сақтаудың міндеттілігі туралы.....	325
Сәжде жасау кезінде айтылатын Аллаһты еске алу сөздері (сәжде зікірлері) .....	326
Сәжде жасау кезінде Құран оқуға тыйым салынғандығы туралы.....	334
Сәждені ұзаққа созып жасау туралы .....	335
Сәжденің артықшылықтары.....	338
Сәждені жерге және төсеніш үстіне жасау туралы.....	341

Екі сәжденің арасында «ик‘а» үлгісімен отыру туралы.....	347
Екі сәжде арасында тыныштық сақтаудың міндеттілігі туралы.....	348
Екі сәжденің арасында айтылатын зікірлер ...	349
Екінші сәжде .....	351
Демалыс отырысы (жәлсат әл-истираха).....	353
Келесі ракағатты жасау үшін екі қолға сүйеніп тұру туралы.....	354
«әл-Фатиха» сүресін әрбір ракағатта оқудың міндеттілігі туралы.....	356
<b>Бірінші тәшәһүд.....</b>	<b>357</b>
Тәшәһүдты айту кезінде (оң қолдың сұқ бармағын) қимылдату туралы.....	360
Тәшәһүдтың түрлері.....	367
Пайғамбарға ﷺ салауат айтуды: оның орны және түрлері.....	379
Пайғамбар ﷺ үшін салауат айтуда қатысты пайдалы және маңызды қорытындылар .....	389
Бірінші тәшәһүдта Аллаһқа дұға етіп жалбарыну.....	420
Үшінші, ал содан кейін төртінші ракағаттарды орындау үшін орнынан турегелу.....	421
Үтір («әл-Үитгр») намазын орындау кезіндегі құнұт дұғасы .....	427
<b>Соңғы тәшәһүд .....</b>	<b>430</b>

Осы тәшәххүдта Пайғамбар үшін ﷺ салауат айтып Аллаһқа жалбарынудың міндеттілігі туралы.....	432
Сәлем беруге дейін айтылатын дұғалардан бұрын Аллаһтан төрт нәрседен пана тілеп жалбарынудың міндеттілігі туралы.....	434
Сәлем беру сөздерін айтудан бұрын Аллаһқа жалбарынып айтылатын дұғалардың түрлі үлгілері.....	435
<b>Сәлем беру (сөздерін) айту (таслим) .....</b>	<b>450</b>
Сәлем беруді (таслимді) айтудың міндеттілігі туралы.....	453
<b>Қорытынды .....</b>	<b>454</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР .....</b>	<b>458</b>
Қосымша № 1 .....	458
Қосымша № 2 .....	461
Қосымша № 3 .....	470
Қосымша № 4 .....	481
Қосымша № 5 .....	492
Қосымша № 6 .....	496
Шейх әл-Әлбанидің имам төрт сұннет мазһабының қайсысына жатса да, оған ілесудің қажеттілігі туралы айтқан сөздері .....	505
<b>ПАЙҒАМБАР ﷺ НАМАЗЫНЫң ҚЫСҚАША МАЗМҰНДАМАСЫ.....</b>	<b>526</b>
Менің мұсылман бауырым! .....	586
Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі .....	589
Глоссарий .....	608

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِيْمِ

*Aса Мейірімді, ерекшеге Рақымды Аллаһтың  
атымен!*

**Аудармашының<sup>1</sup> үшінші басылымға алғысөзі**

Біз Оны ғана мадақтайтын және Одан ғана көмек пен кешірім тілейтін Аллаһқа мақтаулар болсын! Біз Аллаһтан өзіміздің нәпсіміздің және амалдарымыздың жамандығынан пана іздейміз. Кімді Аллаh тұра жолмен жүргізсе, оны ешкім адастыра алмайды. Ал кімді Аллаh тастап қойса, оны ешкім тұра жолға сала алмайды. Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқтығына қүлілік береміз және Мухаммад – Аллаһтың құлы әрі Оның Елшісі екеніне қуәлік береміз.

Содан соң:

---

<sup>1</sup> Орыс тіліне аударған аудармашының, яғни Д. Хайруддиннің (аудармашыдан (қаз)).

*"Описание намаза Пророка ﷺ с самого начала до конца, как если бы вы это видели собственными глазами"* атты кітаптың алғашқы орыс тіліндегі басылымы жарық көргелі бері бір жарым жылдай уақыт өтіп кетті. Аллаһтың рақымымен атақты ғалым және мұхаддис Насируддин әл-Әлбани (Аллаh оны рақым етсін) жазған бұл еңбек Ресейдің ғана емес, ТМД елдері оқырмандарының арасында оң бағаланып, кең таралды.

Сонымен қоса, орыс тілді мұсылмандар тарапынан өте үлкен сұраныстың себебімен бұл кітаптың орыс тілдегі бірінші басылымы асығыстықпен әзірленгенін және оған араб тіліндегі кейбір тараулар мен ескертпелер енгізілмей қалғанын атап өту қажет. Сондықтан да жаңа басылымды дайындаудың қажеттілігі туындағы да, бұл Аллаһтың қалауымен іске асырылды. Осы орайда қадірменді оқырманның назарын үшінші басылымға енгізілген келесідей толықтырулар мен өзгертулерге бұрамын:

1. Автордың алғысөзіне шейх әл-Әлбани аталған кітаптың алғашқы арабша басылымы жарық көргенінен он жыл откен соң жазған «Кейбір күмәндар және оларға жауап» атты тарау енгізілді.
2. Автордың араб грамматикасына қатысты және тек араб тілін менгерген адамдарға ғана түсінікті болған ескертпелерінен басқа барлық ескертпелері қосымша аударылды.
3. Оқырманға ыңғайлы болу үшін кітаптың соңына шейх әл-Әлбани (Аллаһ оны рақым етсін) тарапынан құрастырылған бұл еңбектің қысқартылған үлгісі орналастырылды. Бұл қосымшада кітаптың негізгі бөліміндегі әрбір мәселе жеке қаралады. Бұдан тыс онда намаздың белгілі бір құрамдас бөлігіне қатысты күшке ие шарифи нормалар, сондай-ақ намазхан адамға пайдалы болатын кейбір авторлық ескертпелер көрсетілген.
4. «Кітаптың авторы туралы қысқаша мәліметтер» тарауына шейх әл-Әлбанидің

өмірі туралы оқырманға қызықты болуы мүмкін қосымша ақпарат орналастырылған.

5. Кітаптың негізгі бөлігі мен ескертпелерінің аудармасы араб тіліндегі тұпнұсқамен жаңадан салыстырылып тексерілді. Қажетті болған жағдайларда кітаптың орыс тілдегі мәтініне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Осы орайда Аллаһтың Елшісінің хадистерін барынша нақты және сайма-сай аударуға ерекше назар қойылды. Сондай-ақ кітаптың алғашқы еki басылымдарындағы кейбір қателіктер жойылды. Бұл ең алдымен орыс транскрипциясында келтірілетін араб тіліндегі Аллахты зікір ету сөздеріне қатысты.

6. Негізінен Қасиетті Құранның аяттары бұл кітапта Эльмир Кулиевтің мағыналық аудармасымен беріледі.<sup>2</sup> Бұл - Құран мағынасының Эльмир Кулиев тарапынан жасаған аудармасы осы кезде бұл саладағы ең

---

<sup>2</sup> Қазақша аудармада Құран аяттарының мағынасы Халифа Алтай аудармасымен берілген (аудармашыдан (қаз)).

жақсы еңбек болып табылатындығы себепті, өйткені ол Қасиетті Кітаптың мазмұнын барынша толық және дұрыс ашып береді.

7. Кітаптың алғашқы екі басылымдарындағы глоссарий шейх әл-Әлбани тарапынан жасалмағандығына және оның кітабының бір бөлігі болып табылмайтындығына оқырманның назарын ерекше бұрамын.

Әрі сонында мен осы кітапты дайындауға, басып шығаруға және таратуға көмектескендердің барлығына ықыласты алғысымды білдіремін. Аллаһ оларға осы дүниеде де, Ақыретте де иғлік сыйласын! Барлық нәрсені Естуші және барлық нәрсені Көруші Аллаһтан Оның Көркем Есімдері мен Жоғары Сипаттары арқылы шейх әл-Әлбаниді оның мұсылмандарды ағарту және дұрыс басшылыққа ілестіруге қосқан баға жетпес үлесі үшін марапаттауын сұраймын. Сондай-ақ мен осы еңбегімді Оның Игі Жүзінің алдында ықыласты етуін және Оның Өзіне ғана арналған болуын сұраймын!

Пайғамбарымыз Мұхаммадқа, оның ардақты отбасына, сахабаларына және таза жүректерімен оларға ілескендердің барлығына Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын!  
Әлемдердің Раббысы – Аллаһқа мадақ!

19-шәуәл, һижраның 1425 жылы (02.12.2004)

Дамир Хайруддин

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِيْمِ

*Aса Мейірімді, ерекшеге Рақымды Аллаһтың  
атымен*

## Кітаптың авторы туралы қысқаша мәліметтер

Шейх Мухаммад Насырруддин ибн Нуҳ ибн Адам Нәжжати әл-Әлбани (оны Аллаһ рақым етсін) Албанияның бұрынғы астанасы Шкодер қаласында 1333 h.ж. (христиан жыл санауы бойынша 1914 ж.) дүниеге келді. Ол кедей және діндар отбасыдан шыққан болатын.

Оның әкесі әл-Хаж Нуҳ Нәжжати әл-Әлбани, Стамбулда (Турция) шариғи білім алып, Албанияға қайта оралады да, ханафи мазһабының (діни-құқықтық мектеп) ірі ғалымына айналады.

Албанияда билік басына Ахмет Зогу келіп, ол елдің барлық жерінде секуляристік идеялар

тарала бастаған соң, болашақ шейхтың отбасы Дамаск қаласына (Сирияға) һижра (дінін сақтап қалу мақсатында қоныс аудару) жасайды. Осы жерде ол білімге ұмтылатын адамдар үшін көп ғасырлар бойы баспана қызметін атқарған мектепте бастауыш білім алады, кейін әкесі оған Қасиетті Құранды, оның оқу ережелерін (тәжкуид), араб тілінің грамматикасын, ханафи мазғабының фикірын және ислам ақидасының қалған пәндерін де үйретті. Әкесінің басшылығымен ол Құранды толық жаттап алды. Бұдан тыс ол шейх Са'ид әл-Бурханиден «Мараки әл-Фәләх» кітабын (ханафи мазғабының фикірын) және тіл мен риторика бойынша кейбір еңбектерді үйренеді, әрі сонымен бір уақытта көптеген атақты ғалымдардың лекцияларына қатысты. Олардың арасынан Мухаммад Бахжат Битар мен Изуддин әт-Танухиді ерекше атап кету қажет. Ол әкесінен сондай-ақ сағат жөндеу кәсібін үйреніп алды да, онда елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, атақты шеберге

айналды, әрі осы кесіппен өмір сұруге қажетті қаражат тауып жүрді.

Әкесінің қарсы болуына қарамастан, ол хадистерді және олармен шектес пәндерді тереңірек оқып-үйренумен айналыса бастады. Олардың негізінен ханафи мазһабының әртүрлі еңбектерінен құралған отбасылық кітапханасы жас жігіттің қажеттіліктері мен білімге деген шөлін қанағаттындыра алмады. Көптеген кітаптарды сатып алуға қаржысы болмаған ол кітаптарды Дамаскінің «әз-Заһирийя» кітапханасынан алатын, немесе кітап сатушыларға қарыз болатын. Ол сол кезде кедей болғаны соншалықты, дәптер алуға да ақшасы болмайтын. Сондықтан да ол хадистерді жазып алу үшін көшеде жатқан қағаздарды теріп алатын, коп жағдайда бұл  
открыткалар болатын.

Жиырма жасқа жеткен шағында ол шейх Мухаммад Рашид Риданың «әл-Мәнар» журналында жариялаған әл-Ғазалидің «Иман туралы ғылымдарды қайта тірілту» кітабында

келтірілген хадистердің және олардың жеткізушілерінің тізбектерінің (иснадтарының) сенімділігін сынау арқылы олардың сенімділігін анықтап жазған мақалалардың ықпалымен шейх әл-Әлбани хадистануда және осы салаға қатысты ғылымдарда мамандана бастайды. Жас жігіттің бойында жарқын ақылдың және ерекше қабілеттердің белгілерін, керемет есте сақтауды, сондай-ақ ислам ғылымдары мен хадистерді оқып үйренуге деген құштарлықты байқаған Халебтік тарихшы және хадис білгірі шейх Мухаммад Рағиб әт-Табах оған өзінің сенімді жеткізушілер туралы деректердің «әл-Әнуар әл-Жәлия фи Мұхтасар әл-Асбат әл-Халәбийа» атты жинағын оқытуға жазба рұқсат (ижаза) береді. Бұдан тыс, белгілі уақыт өткен соң шейх әл-Әлбани хадис жеткізушілерінің тізбегі одан имам Ахмадқа дейін жалғасатын шейх Мухаммад Бахжат Битардан да ижаза алды.

Болашақ шейхтың алғашқы хадистану еңбегі ең ірі хадис білгірі (хафиз) әл-Иракидің

құрамына бес мыңға хадис жиналған «әл-Муғни ’ан-Хамли-л-Асфар фи-л-Асфар фи Тахриж ма фил-лхийа мин-әл-Акбар» атты бағалы енбекін көшіріп жазу және оған ескертпелер құрастыру болды. Осы сэттен бастап өмірінің сонына дейін шейх әл-Әлбанидің басты қамы хадистер туралы ардақты ғылымға қызмет жасау болды.

Белгілі уақыт өткеннен кейін ол Дамаскінің ғылыми орталықтарында танымал болды. «Әз-Заһирийа» кітапханасының басшылығы тіпті оған зерттеулер үшін арнайы бөлме және кітап қоймаларының кілтін берді. Сол жерде шейх таңертеңнен бастап қараңғы кешке дейін жұмыс істейтін. Шейх әл-Әлбани (Аллаһ оны рақым етсін) хадис туралы ғылымға тереңдей кіріп кеткені соншалықты – кейде сағат шеберханасын жауып кетіп, кітапханада он екі сағаттап қалатын және тек намаз оқуға ғана үзіліс жасайтын. Жиі жағдайда ол кітапханадан тамақтану үшін де кетпейтін және өзімен алғып келген бір-екі тілім нанмен амалдайтын. Бірде шейх әл-Әлбани хафиз Ибн Абу Дуньяның

«Замм әл-Мәләхи» қолжазбасындағы хадистерді талдау барысында онда бір маңызды бөлігінің жетіспейтінін байқап, оны табу үшін кітапханада сақталатын барлық хадис қолжазбаларының бірынғай каталогын жасауға мүқият кіріседі. Нәтижесінде шейх әл-Әлбани он мың қолжазбаның мазмұнымен жан-жақты танысып шығады. Бұл жайт туралы бірнеше жылдар өткен соң доктор Мухаммад Мустафа Азами қуәлік береді. Ол өзінің «Ертедегі хадистану әдебиетін зерттеу» атты еңбегінің алғысөзінде былай деп жазады: «Мен шейх Насируддин әл-Әлбаниге, ол маған сирек кездесетін қолжазбалар туралы өзінің кең көлемді білімдерін ұсынғаны үшін, өз алғысымды білдіргім келеді».<sup>3</sup>

Өз өмірінің осы кезеңінде шейх әл-Әлбани (Аллаһ оны рақым етсін) бүгінгі күнге дейін

<sup>3</sup> Редактордың (рус.) ескертпесі: Осы жерде шейх әл-Әлбани Халеб қаласының (Сирия) және Марракеш қаласының (Марокко) кітепханаларында, сондай-ақ Британ Ұлттық кітапханасында сақталатын хадистер жазылған қолжазбалардың каталогын жасағанын да атап өту қажет.

көбі жарияланбаған көптеген пайдалы енбектерді жазды<sup>4</sup>. Шейхтың алғашқы авторлық еңбегі "Тахзир әс-сәжид мин иттихази-л-кубур мәсажид" («Гибадат жасаушыны қабірлерді намаз оқу орындары етіп таңдап алудан сақтандыру») атты кітап болып табылады. Ол тек қана шарифат дәлелдеріне және салыстырмалы фиқh қағидаларына негізделген, әрі көп рет қайта басып шығарылды. Шейх әл-Әлбани сенімділікке тексерген хадис жинақтарының алғашқыларының бірі имам әт-Табаранидің «әл-Му'жам әс-Сагир» еңбегі болды.

Кітапханада жұмыс жасауымен бір мезгілде ол сондай-ақ ай сайын Сирия мен Иорданияның әртүрлі қалаларына шығып, адамдарды Аллаhtың Кітaby мен Оның Елшісінің ﷺ Сұннетіне ілесуге шақырды. Бұдан тыс Дамаскіде ол көптеген шейхтардың алдында болып, олармен бірқұдайшылық

<sup>4</sup> Редактордың (рус.) ескертпесі: бүгінгі күні шейх әл-Әлбанидің 70 астам қолжазбалары жарияланбай қалған.

(таухид), діни жаңалықтар (бидғат), ғалымдарға саналы түрде ілесу (иттиба') және мазһабтарға соқыр түрде ілесу (әт-та'асуб әл-мазһабий) мәселелері туралы пікірталастар жүргізді. Осы жолда шейх әл-Әлбани көптеген қындықтар мен сынақтарға жолыққанын атап өту қажет. Мазһабқа соқыр түрде ілесушілерден, сопылардан және бидғатты жақтаушылардан болған көптеген адамдар оған қарсы шықты. Бұдан қалса, олар шейхқа түрлі лақап аттар тағып, қарапайым халықты оған қарсы айдалап салатын. Дамаскінің терең білімдерімен танылған құрметті ғалымдары шейх әл-Әлбанидің ислам шақыруын (дағуатын) толығымен қолдап, оны әрі қарай әрекет жасай беруге ынталандырып отырды. Олардың арасында Дамаскінің құрметті ғалымдарын: шейх Мухаммад Бахжат Битарды, шейх Абдул-Фаттахты және имам Тауфика әл-Базрахты, - Аллаһ оларды рақымына бөлесін, - ерекше атау керек.

Біраз уақыт өткен соң шейх әл-Әлбани (Аллаһ оны рақым етсін) сабак беретін болды.

Білімгерлер мен университет оқытушылары аптасына екі рет қатысатын оның сабактарында ислам сенім жүйесінің (ақида), құқығының (фіқh), хадистердің және басқа ғылымдардың мәселелері қаралатын. Нақты айтқанда, шейх әл-Әлбани өзінің дәрістерінде Абдурахман ибн Хусайн ибн Мухаммад ибн Абд ал-Уаһабтың "Фатх әл-Мәжид", Сыддық Хасан Ханның "Әр-Рауда ән-Нәдийа" (әш-Шәуканидің "Әд-Дурар әл-Бахийя" еңбегіне түсіндірмелер), Хәллафтің "Усул әл-Фиқh", Ахмад Шакирдің "Әл-Ба'ис әл-Хасис" (Ибн Касирдің «Ихтисар Улюм ал-Хадис» кітабына түсіндірмелер), Мухаммад Әсадтің "Минһаж әл-Ислам фи әл-Хукм", Әсад Рустумның "Мусталәх әт-Тарих", Саид Сабиқтың "Фиқh әс-Сунна", әл-Мунзиридің "әт-Тарғиб уа әт-Тархиб", ән-Нәуаудің "Рийад әс-Салихин", Ибн Дақиқ әл-'Ийдтің "Әл-Имам фи Әхадис әл-Әхкам" сынды Ислам дінінің заманауи және классикалық ғылыми енбектері бойынша толық лекция курстарын өткізіп, олардың мазмұнын түсіндіріп берді.

Шейхтың хадистану саласындағы жетістіктері ерте мойындалды. Мысалы, ислам фиқының энциклопедиясын дайындал жатқан Дамаск Университетінің Шаригат факультеті 1955 жылдың өзінде-ақ оған сауда-саттық саласындағы сауда келісімдеріне қатысты хадистердің алынған көздеріне нұсқауды және олардың сенімділігін (саихтығын) тексеріп беруді ұсынды. Бірнеше уақыт өткен соң, Біріккен Араб Республикасы<sup>5</sup> тұсында, шейх Суннет бойынша кітаптарды шығаруға және ондағы хадистерді тексеруге құзырлы Хадистер бойынша Комитеттің мүшесі болып сайланды.

Бірқатар еңбектері жарық көрген соң, шейх әл-Әлбани (Аллаh оны рақым етсін) Мәдина Ислам Университетіне (Сауд Арабиясы) хадис ғылымдары бойынша лекциялар курсын оқуға шақырылады және сол оқу орнында һижраның

---

<sup>5</sup> Редактордың (рус) ескертпесі: 1958 жылы Мысыр мен Сирия біргіп, Біріккен Араб Республикасын құрды. Бұл саяси одақ 1961 жылы Сирия БАР құрамынан шыққанға дейін өмір сүрді.

1381 жылынан 1383 жылына дейін жұмыс істейді, әрі Университет басшылығының мүшесі болады. Оның күш-жігерінің арқасында хадистерді және солармен байланысты ғылымдарды оқыту сапалық тұрғыдан өзгеше, анағұрлым жоғары деңгейге көтеріледі. Нәтижесінде көптеген студенттер хадистану мен сонымен шектес пәндер бойынша мамандандырыла бастайды. Шейхтың қызметін мойындау ретінде оған «Мәдина Ислам Университетінің профессоры» атағы беріледі. Кейін ол өзінің меншікті сағат шеберханасын бауырларының біріне тапсырып, «әз-Зәнирийя» кітапханасындағы бұрынғы зерттеулері мен жұмыстарына қайта оралады.

Шейх әл-Әлбани (Аллаһ оны рақым етсін) лекциялар топтамасымен көптеген мемлекеттерде (Катар, Мысыр, Кувейт, Біріккен Араб Әмірліктері, Испания, Ұлыбритания т.б.) болып қайтты. Бүкіл дүние жүзіне танымал болуына қарамастан, ол атақ-данққа ешқашан ұмтылмайтын. Шейх:

## حُبُّ الظَّهُورِ يَقْصِمُ الظَّهُورَ

«Атақ-даңққа деген махаббат адамның омыртқасын сындырады», - деп жиі қайталауды ұнататын.

Шейх әл-Әлбани көптеген теле және радио бағдарламарына қатысып, телекөрермендер мен радиотыңдаушылардың түрлі сұрақтарына жауап беретін. Бұдан тыс кез-келген адам шейхтың үйіне телефон арқылы хабарласып, оған жеке сұрағын қоя алатын. Шейхтың көзін көрген замандастарының айтуы бойынша мұндай жағдайларда ол жұмысын бөлетін, қойылып тұрған сұрақтың барлық егжей-тегжейліктеріне үңіліп, оны зейін салып тыңдайтын, содан соң оған тыңғылықты және толық жауап беретін, әрі осы орайда өзі келтірген сілтеменің дереккөзіне, оның авторына және тіпті ол орналасқан бетке нұсқайтын. Бұл жерде шейхтың тек діни-құқықтық сұрақтарға ғана емес, сонымен қоса дін әдіснамасына (минһаж) қатысты сұрақтарға да жауап беретін, әрі ол осы сияқты сұрақтарға

жауап беретін алғашқы ғалымдардың бірі болғанын атап кету маңызды. Шейх әл-Әлбани Құранға, Сұннетке және ізгі алдынғы үрпақтардың жолына негізделген дұрыс ақида мен дұрыс манһажды қоса ұстану қажеттігін бірнеше рет сзызып айтқан болатын.

Ірі мұсылман ғалымдар мен имамдар шейх әл-Әлбаниді құрметпен тілге алатын. Олар онымен діни-құқықтық сипаттағы мәселелер бойынша кеңес жасайтын, оны зиярат ететін, көптеген хаттармен алмасып тұратын. Шейх әл-Әлбани Пәкістан мен Индияның (Бадиуддин Шах әс-Синди, Абд әс-Самад Шарафуддин, Мухаммад Мустафа Азами), Марокконың (Мухаммад Замзами), Мысырдың (Ахмад Шакир), Сауд Арабиясының (Абд әл-Азиз ибн Баз, Мухаммад әл-Әмин әл-Шанқити) және басқа елдердің жетекші мұхаддистерімен кездесті әрі олармен бесенді түрде хат алмасып тұрды.

Шейх әл-Әлбанидің хадистану ғылымына қосқан қомақты үлесі мен осы салаға сінірген

еңбегі Ибн Баз, Ибн әл-Усаймин, Муқбил Ибн Хади сынды ірі ғалымдарды айтпағанның өзінде, бұрын өткен және қазір өмір сүріп жатқан көптеген мұсылман ғалымдары: доктор Амин әл-Мисри (Мәдина Ислам Университеті, ғылыми зерттеулер кафедрасының басшысы, ол өзін шейх әл-Әлбанидің шәкірті деп есептейтін), доктор Субхи әс-Саләх (Дамаск Университеті хадистану факультетінің бұрынғы басшысы), доктор Ахмад әл-Асәл (әр-Рияд Университеті ислам зерттеулері кафедрасының басшысы), шейх Мухаммад Тайиіб Аукиджи (Анкара Университеті тәпсір және хадистер факультетінің бұрынғы басшысы) тарапынан мойындалды.

Шейх әл-Әлбанидің ғылыми мұрасына келер болсақ, ол айтарлықтай үлкен. Өз өмірінің барысында ол 190-ға жуық кітап жазды, ең үлкен ислам ғалымдарының қаламынан туындаған Исламның 78 еңбегіндегі хадистердің сенімділігін тексеріп шықты. Осы жерде шейх әл-Әлбанидің 60 жылдан астам уақыт бойы хадистерді оқып зерттеумен

айналысып, он мыңдаған хадистердегі 30 мыңға жуық жеке иснадтардың сенімділігін тексеріп шыққанын атап кету қажет. Шейх шығарған пәтуалардың саны 30 томға жуық. Бұдан тыс шейхтың 5 мыңнан астам лекциялары аудиотаспаларға жазып алынған.

Шейхтың өзгелерде сирек кездесетін қабілеттері мен дарындылығы ғылыми зерттеулерде ғана емес, түрмистық салада да тамаша көрініс тапқан. Мысалы, шейх өз өмірінің соңында көшіп барған Амманның шетінде орналасқан үйінде күн энергиясымен жұмыс істейтін су жылытқышын, өзін екінші қабатқа көтеретін лифт (қартайған шағында шейх баспадақтан мініп-түсуге қиналатын болды), үйдің шатырына орнатылған және намаздың уақытын дәл ме дәл көрсететін күн сағатын және басқа да пайдалы заттарды өз қолымен жасады.

Жоғары айттылғандай, шейх әл-Әлбани сенімді хадистерді тексеріп, оларды әлсіз немесе ойдан шығарылған хадистерден

ажыратып алу үшін біраз күш жұмсады. Мысалы ол (Аллаһ оны рақым етсін) әт-Тирмизидің, Абу Дәудтың, ән-Нәса'идің, Ибн Мәжантың, әс-Сүйутидің, әл-Мунзиридің, әл-Хайсамидің, ибн Хибанның, Ибн Хузайманың, әл-Мақдисидің және басқа мұхадистердің атақты хадис жинақтарын тексеріп шықты. Бұдан тыс шейх әл-Әлбани бұрынғының және қазіргінің атақты ғалымдарының еңбектеріндегі, мысалы: имам әл-Бухариidің «Әл-Әдаб әл-Муфрад», әт-Тирмизидің "Әш-Шәма'ил әл-Мұхамадийа", имам ән-Нәуаудің "Рийад әс-Салихин" және "Әл-Әзкар", шейх-ул-Ислам Ибн Таймийяның "әл-Иман", Ибн әл-Қайимнің "Иғасат әл-Лұхфанды", Сайд Сабиқтың "Фиқh әс-Сунна", Мұхаммад әл-Ғазалидің "Фиқh әс-Сира", Йусуф Қардаудің "Әл-Хәлал уа-л-Харам фи-л-Ислам" және басқа да танымал кітаптардағы хадистердің сенімділігін тексеріп шықты. Әлсіз және сенімді хадистерді жеке кітаптарға жинақтаған шейх әл-Әлбанидің себебімен ислам ғалымдары мен қарапайым мұсылмандар әлсіз

және ойдан шығарылған хадистерді сенімді және жақсы хадистерден ажырату мүмкіндігіне ие болды.

Шейх әл-Әлбанидің өзі де Ислам туралы керемет кітаптар мен мақалалар жазды, олардың арасында "Әт-Тәуассул: әнуа'уhy уа әхкамуhy" ("Аллаһқа жақындаудың (жолдарын) іздеу (Тәуассул) және оның түрлері"), "Хижжату нәбийй, саллә-Ллаhy 'аләйһи уа салләм, кәма руаха 'анhy Жәбир, радый Аллаhy 'анhy" ("Пайғамбардың қажылығы: ол туралы Жәбир, оған Аллаh разы болсын, баяндаپ берген сөздерінен"), "Мәнасиқ әл-Хаж уа әл-Умра фи әл-Китаб уә әс-Сунна уа Асари әс-Сәлаф" ("(Аллаһтың) Кітабына, Сұннетке және салиқалы сәлафтардың деректеріне (асарларларына) сәйкес қажылық және умра рәсімдері»), "Сифат саләт ән-Нәбий, саллә-Ллаhy 'аләйһи уа сәлләм, мин әт-такбир илә-т-таслим кә'анна-кә тараха" ("Пайғамбар намазының сипаттамасы, тәкбірден сәлемге дейін, оны өзінің көргеніңіздей"), "Әхкам әл-Жәна'из уа бидауха" ("Жаназа рәсімдері және

онымен байланысты бидғаттар"), "Фитна әт-Такfir" ("Күпірлікте айыптау фитнасы") және басқалар.

Шейх әл-Әлбани бүтінгі күні дүние жүзіне аты шыққан көптеген шәкірттерді өсіріп тәрбиеледі. Олардың арасында шейх Хамди Абдул-Мәжид әс-Сәлафи әл-Курди, шейх Мухаммад 'Айд Аббаси, доктор 'Умар Сулайман әл-Әшкар және оның үлкен ағасы Мухаммад әл-Әшкар Аллаһ оны рақым етсін, шейх Мухаммад Ибраһим Шакра, мұхаддис шейх Мұқбіл ибн Хади әл-Уади'и, шейх Али Хашшан, шейх Мухаммад Жамил Зину, шейх Абдурахман Абдус-Самад, шейх Али Хасан Абдул-Хамид әл-Хәлаби, шейх Салим әл-Хиләли, шейх Мухаммад Салих әл-Мунажид және көптеген басқаларды ерекше атап кету қажет.

Шейхтың сінірген еңбегін мойындау ретінде һижраның 1419 жылы оған «Пайғамбардың хадистерін зерттеу және сенімділігін тексеру әрі оқыту арқылы оларға қамқорлық жасауға бағытталған ғылыми күш салу үшін» Фәйсал патша атындағы ислам зерттеулері бойынша дүниежүзілік сыйлық берілді.

Шейх әл-Әлбани (Аллаһ оны рақым етсін) өзінің фәнилік өмірінің соңғы күндеріне дейін, денсаулығы бірден нашарлай түскенінше, ғылыми және ұстаздық қызметін атқаруын тоқтатпады. Шейх 87 жасында, 1420 h.ж. жумада әс-сани айының 22-де (1999 жылы, 2 казанда), сенбі күні, күн батқанға дейін қайтыс

болды. Оның жаназа намазы сол күні кешке оқылды, өйткені ол өзінің соңғы өсиеттінде өзінің жерлеу рәсімін Пайғамбардың ﷺ Сұннетіне сәйкес барынша тез өткізілуін жазып кеткен болатын. Оның жаназасына қатысқан адамдардың саны бес мыңнан астам болды.

Аллаһ ол кісіні кешірсін және Өзінің  
рақымына бөлесін!

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِيْمِ

*Aса Мейірімді, ерекшеге Рақымды Аллаһтың  
аттымен*

**Автордың бірінші басылымға жазған  
алғысөзі**

Өзінің құлдарына намазды жүктеген, адамдардың жетістіктері мен рахат-игілікте болуын оны орындаудадағы мойынсұнушылықпен байланыстырып, оны бекітуді және ең жақсы үлгіде орындауды бүйірган, әрі оны күпірлік пен иманды ажырататын өлшеуіш, арсыздықтан (әл-Фәхша) әрі барлық айыпты амалдар мен бүкіл жамандықтардан (әл-мункар) құтылуудың құралы еткен Аллаһқа мадақ!<sup>16</sup>

Аллаһ Тағала оған:

---

<sup>16</sup> «Әл-‘Анкабут» сүресінің 45 аятымен салыстырыңыз (Аудармашының ескертпесі).

وَأَنْزَلْنَا إِلَيْكَ الْذِكْرَ لِتُبَيِّنَ لِلنَّاسِ مَا نَزَّلْنَا إِلَيْهِمْ (النَّحْلُ ٤٤):

«Саған да, адамдар үшін тұсірілгенді ашық баян етерсің деп, Құранды тұсірдік. Эрине, олар тұсінер» («ән-Нәхл» сүресі, 44-аят), - деп айтқан Пайғамбарымыз Мухаммадқа Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

Пайғамбар ﷺ бұл міндетті ең жақсы ұлгіде орындағы. Намаз - ол оның мән-мағынасын адамдарға сөздерімен және істерімен тұсіндіріп берген, оны бірде тіпті мінбердің<sup>7</sup> үстінде орындалап, рұқуғқа енкейіп, соңынан:

«يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّمَا صَنَعْتُ هَذَا لِتَتَّمُّثُوا بِيٍ وَلِتَعْلَمُوا صَلَاتِي». (Ія Айуна нәсүс әттәмәннәсүс ھәдәләттәмәннәсүс)

«Уа, адамдар, ақиқатында, мен мұны сендер маган ілесулерің үшін және мен өз намазымды (қалай орындаитынымды)

<sup>7</sup> Мешіттің ішінде орналасқан, имам үстінен шығып құтпа (уағыз-насихат) айтатын биіктеге етіп жасалған орын (Аудармашының ескертпесі).

үйренулерің үшін істедім»<sup>8</sup>, - деп айтқан ең ұлы рәсімдердің бірі еді.

Пайғамбар ﷺ:

«صلوا كمَا رأيْتُمْ وَأُصْلِيّ»

«Намазды мен сендердің көздеріңше қалай орындаған болсам, солай орындаңдар», - деп, оны өзі орындаған үлгіде орындауды бізге бұйырды<sup>9</sup>.

Пайғамбар ﷺ сондай-ақ:

«هُمُّ صَلَوَاتٍ افْتَرَضْتُهُنَّ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ، مَنْ أَحْسَنَ وُضُوءَهُنَّ، وَصَلَامٌ نَّ لِوْقَنَّ، وَأَتَمَ رُكُوعَهُنَّ وَسُجُودَهُنَّ وَخُشُوعَهُنَّ؛ كَانَ لَهُ عَلَى اللَّهِ عَهْدٌ أَنْ يَغْفِرَ لَهُ، وَمَنْ لَمْ يَفْعَلْ؛ فَلَيْسَ لَهُ عَلَى اللَّهِ عَهْدٌ؛ إِنْ شَاءَ غَفَرَ لَهُ، وَإِنْ شَاءَ عَذَّبَهُ». .

«Бес (уақыт) намазды Аллаh Tagala парызын етті. Кім (алдын ала) дұрыстып дәрет алып, оларды (бекітілген) уақыттарында,

<sup>8</sup> Әл-Бухари және Мұслим. Нақтырақ «Мінберде тұрып намаз орындау» тарауын қараңыз.

<sup>9</sup> Әл-Бухари, Мұслим, Ахмад. Бұл хадистің дереккөздері және жеткізушілерінің тізбектері (иснадтары) «әл-Ируа» кітабында келтірілген<sup>(213)</sup>.

руқұгтары мен сәжделерін толық орындан және (қажетті) мойынсұнушилық (хушуг) танытып, орындаитын болса, Аллаһтың оны кешіретіндігі туралы үәдесінің (орындалуын күтүге құқықты); ал (мұны) істемейтін адамға келер болсақ, Аллаһтың үәдесі оған қатысты емес), әрі Ол оны қаласа - кешіреді, қаласа - азаптайды», - деп айтып, намазды оның ﷺ өнегесімен орындаитынның әрбірін игі хабармен сүйіншіледі, өйткені мұндай адам Аллаһтың оны Жәннатқа кіргізетіндігі туралы үәдесіне ие<sup>10</sup>.

Мухаммад пайғамбардың ﷺ отбасына, оның ﷺ Аллаһқа құлшылық ету рәсімдерін, намазын, айтқан сөздері мен істерін бізге жеткізген, әрі мұның барлығын өздерінің ілескен мазһабы мен еліктейтін өнегесі еткен оның ізгі және әділетті сахабаларына Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын, сондай-ақ Қиямет күніне дейін

---

<sup>10</sup> Мәлік, Абу Дәуд, ән-Нәса'и және ибн Хибан. Бұл — сахихтығын көптеген имамдар растаған сенімді (сахих) хадис. Мен оны «Сахих Әбі Әдәуд» (451 және 1276) кітабында көлтіргенмін.

оларға ілесіп, олардың жолымен жүргендерге де Аллаһтың иғлігі мен сәлемі болсын!

Мен әл-Мунзиридің «әт-Тарғиб уа-т-Тархиб» кітабындағы намаз туралы тарауды оқып біткенімде және оны осыдан төрт жыл бұрын мұсылмандардың алғашқы буындарының (сәлафтардың) жолына ілесетін бауырларымызды оқытудағы құрал ретінде пайдаланғанымда, біздің барлығымызға намаздың Исламда қандай маңызды орынға ие екендігі және оны дұрыс орындағандарды қандай сауап, нығмет және сый-құрмет күтіп тұрғандығы, әрі мұның барлығы (өз кезегінде) адамның намазы Пайғамбардың ﷺ намазына қаншалақты жақын не алыс болуына байланысты екені айқын болды. Ол ﷺ:

«إِنَّ الْعَبْدَ لِيُصَلِّي الصَّلَاةَ مَا يُكْتَبُ لَهُ مِنْهَا إِنَّا عَشْرُهَا تُسْعَهَا ثُمَّ تَرْكُهَا سُبْعُهَا سُدُسُهَا خَمْسُهَا رُبْعُهَا ثُلُثُهَا نِصْفُهَا».»

«Ақиқатында, Аллаһтың құлы намазды орындаиды, әрі оған (сауап ретінде) оның оннан бір, тоғыздан бір, сегізден бір, жетіден бір, алтыдан бір, бестен бір, төрттен бір,

*үштен бір бөлігінен немесе оның жартысынан өзге ешнәрсе жазылмайды», - деп айтып, дәл осыған нұсқаған болатын<sup>11</sup>.*

Сондықтан да мен бауырларымыздың назарын мына жайтқа бүрдым: біз Пайғамбардың ﷺ өзі намазды, оның барлық құрамдас бөліктерін: уәжіпперін, әдептерін, үлгісін, дұғаларын, Аллаһқа айтылатын зікірлерін тағы да басқаларын - қалай орындағанын нақты білсек қана, оны дұрыс орындаі аламыз. Ал содан соң бізде (осы) білімдерді бірте-бірте өмірлік тәжірибеде қолдануға деген өте күшті ынта пайда болды, өйткені тек осындай жағдайда ғана біз намаздарымыздың бізді арсыз және айыпты амалдардан аман алып қалатынына әрі хадистерде айтылатын сауап пен нығметтердің бізге жазылатынына үміттене аламыз.

---

11 Сенімді (сахих) хадис. Ибн әл-Му'аб рак'тың «Әз-Зүхд» (10/21/1-2) кітабында, Абу Дәуілә және ән-Нәса'и де жақсы (хасан) жеткізушилер тізбегімен (осыдан кейін барлық жерде «иснад» – Аудармашының ескертпесі) келтіріледі. Мен оны «Сахих Әби Дәуд» (761) кітабында келтіргенмін.

Алайда намаздың осы аспектілерінің барлығымен мұқият танысу адамдардың көпшілігіне, солардың ішінде ғалымдардың көпшілігіне де, олардың мазhabқа соқыр түрде ілесетіндіктері себепті ауыр болады. Саф Сұннетті жалпы және фиқh саласына қолданбалы түрде зерттеумен айналысатын әрбір адам мазhabтардың әрқайсында басқа мазhabтарда жоқ ережелердің (сунан) бар екенін біледі. Бұдан қалса, барлық мазhabтарда Пайғамбардың ﷺ сөздері мен істеріне сәйкес келмейтін көп нәрселер де бар. Осындағы сәйкессіздіктердің ең көп бөлігі мұсылман ғалымдарының кейінгі өкілдерінен шыққан ғалымдардың кітаптарында келеді<sup>12</sup>.

12 Әбул Ҳасанат әл-Лукнауи өзінің «Ән-Нәфи' әл-Кәбір лиман йутали' әл-жәми' әс-Сағири» (122-

<sup>123</sup> беттер) еңбегінде бұл кітаптар туралы былай деп жазады: «Пайғамбардың ﷺ хадистеріне қатысты айтар болсақ, онда олар (яғни бұл кітаптар) қолдануга келмейді, өйткені ең мықты факиһтер сеніп жүтінетін кітаптар, ғалымдардың пәтуаларын айтпағанның өзінде, ойдан шығарылған хадистерге толы. Қозғалған тақырыптың ауқымды талдауын жасаған соң, бізге осы кітаптардың авторлары кейір мәселелерде білікті болса да, хадистерді сенімділікке тексеруге осалдық танытатыны айқын болды».

Мен (яғни шейх әл-Әлбани – Аудармашының ескертпесі) былай деймін: кейбір ең жақсы кітаптарда келтірілетін осындай жалған, ойдан тоқылған хадистердің бірі келесідей: «*Кім рамазан айының соңғы жұмасында нарыз намаздарының қазасын өтесе, сол оның өмірінің барысында тіпті жетпіс жасына дейін өтемей қалдырган әрбір намазы үшін өтеу болады!*» Әл-Лукнауи (Аллаһ оны рахым етсін) "Әл-Асар әл-Мәрфу'а фи-л-Ахбар әл-Мауду'а" (315-бет) еңбегінде осы хадисті келтіргеннен кейін былай деген: «Али әл-Қарі "Әл-Маудуат әс-Сұгрода" және "Әл-Маудуат ал-Кубрада": «Бұл мұлде өтірік хадис, өйткені ол ғалымдардың «Бір рет жасалған ғибадат жылдар бойы қаза етілген (ғибадаттардың) өтеуі бола алмайды» деген бір ауызды келісіміне (ижма') қайшы келеді. Сөйтіп, «Ән-Ниһайяның» авторының немесе «әл-Хидайя» еңбегіне түсіндірмелер жазған басқалардың да сөздерін дәйексөз етіп келтірудің мәні жоқ, өйткені олар мұхаддис ғалымдардан емес еді әрі, бұдан тыс, олар бұл хадисті хадис жинақтарының қайсы біреуіне болса да жатқызбады», - деген».

Әш-Шаукани аталған хадисті ұқсас риуаятта өзінің "Әл-Фәүа'ид әл-Мәжму'а фи-л-Ахадис әл-Мәуду'а" еңбегінде келтірген және сонынан былай деген: «Күмәнсіз, бұл ойдан тоқылған хадис. Мен оны тіпті ойдан тоқылған хадистер жинақталған бірде-бір жинақта таппадым! Алайда бұл хадис біздің кезімізде Сана қаласында фиқіты үйреніп жүрген кейбір білімгерлердің арасында таралып кетті, әрі олардың көбі оған амал істей бастады. Бұл хадисті олар үшін кім ойдан шығарғанын мен білмеймін, Аллаһ өтірікшілерді масқара етсін!» (Дәйексөздің соңы, 54-бет).

Әрі қарай әл-Лукнауи былай деп жазады: «Рәсімдерді орындауға қатысты көптеген кітаптарда түрлі риуаяттармен кездесетін бұл хадистің ойдан шығарылғандығы туралы дәлелдерді растау үшін, мен ақыл мен деректердің қысқа және

Біз жиі жағдайда олар осының барлығын  
Пайғамбарға ﷺ жапсыруға тырысатындарын  
көрудеміз<sup>13</sup>.

кеңейтілген қуәліктерін қамтыған шағын еңбек жазып, оны «Бауырларды рамаданның соңғы жұмасындағы бидгаттардан сақтандыру» деп атаған болатынмын. Мен оған ақылды сергітетін әрі тыңдаушылар оған құлақ салатын пайдалы қорытындыларды енгіздім. Осы еңбекке жүгініңіз, өйткені оның тараулары құнды, ал тақырыптары маңызды».

Мұндай өтірік хадистер фикір кітаптарында келтіретіндігі, олардың құрамындағы басқа, атақты хадис жинақтарына қатысты емес хадистерге деген сенімділікті түсіреді. Дәл осы магынаға Али әл-Қаридің сөздері де нұсқайды. Мұсылман адам хадистерді оларда маманданған адамдардан алуға міндетті, өйткені көне араб мақалдары айтатында: «Меккенің тау ішінен өтетін жерлерін оның тұрғындары жақсырақ біледі, - және, - Үй ішінде не барын оның иесі жақсырақ біледі».

13 Имам ән-Неауи (Аллаһ оны **ракым** етсін) «әл-Мәжмұ» Шарх әл-Мұхazzаб» (1/160) деген еңбегіне жазған қысқа баяндауында былай деп мәлімдейді: «Хадис білгірлерінен болған зерттеуші ғалымдар және басқалар, егер хадис әлсіз болса, оған қатысты: «Аллаһтың Елшісі ﷺ айтты, істеді, бүйірды, тыйым салды...», - деп, немесе бекітіп айтуды қамтитын басқа да кез келген сөздерді айтуга болмайды, бірақ оның орнына: «Одан ﷺ жеткізіледі, хабарланады, баяндалады», - деп немесе белгісіздікті қамтитын басқа сөздерді айту керек», - дейді. (Сондай-ақ) олар (хадис білгірлері): «Бекітіп айтуды қамтитын сөздерді тек сенімді (сахих) және жақсы (хасан) хадистерге ғана, ал белгісіздікті қамтитын сөздерді өзге хадистердің барлығына қолдануға болады», - деп айтады. Өйткені бекітіп айтуды қамтитын сөздер

Сондықтан да хадистану саласында маманданған мұсылман ғалымдары (Аллаh оларға игілігімен қайырсын) кейінгі ғалымдардың фиқh бойынша кітаптарында келтірілетін осындай кең қолданылатын хадистердің жинақтарын құрастырды, әрі оларда әрбір хадистің сенімділігіне, әлсіздігіне немесе жарамсыздығына талдау жасады. Олардың арасында шейх Абдул Қадир ибн Мухаммад әл-Қураши әл-Ханафидің «Әл-'Инайа би Ма'рифат Ахадис әл-Хидайа» және «әт-Турук уә әл-Уаса'ил фи Тахриж Ахадис Хуласат әд-Далә'ил» атты екі кітабын, әз-

олардан кейін келетін сөздер сенімді дегенді білдіреді, сондықтан да оларды тек сенімді жағдайда ғана қолдануга болады. Өзгеше болған (басқа) жағдайда адам іс жүзінде Елшіге ﷺ өтірік жапсырған болады».

(Әрі қарай имам ән-Нәуауибылай деп жалғастырады:) «Бұл бірауызды келісілген пікір кейбір шынайы хадис білгірлерінен басқа біздің заманымыздың көптеген фақиһтарының тарапынан іс жүзінде тіпті кез келген саланың көпшілік ғалымдары тарапынан еленбей жүр. (Хадистерге қатысты) осылай істеу өте салғырт жауапсыздық болып табылады, өйткені олар жиі жағдайда сенімді хадис туралы: "Одан: «.....», - деп жеткізіледі", - деп айтады да, ал әлсіз хадис туралы: "Ол: «.....», - деп айтты", - және: «Пәлен жеткізді», - дейді, ал мұның барлығы ақиқаттан нендей алыс!»

Зайлә'идің «Насб әр-Райа ли Ахадис әл-Хидайа» жинағын және Ибн Хәжар әл-Асқаләни құрастырған оның «әд-Дирайа» атты ықшамдалған нұсқасын, сондай-ақ сол кісі жазған «әт-Тәлхис әл-Хабир фи Тахриж Ахадис әр-Рафи'и әл-Кәбир» атты кітаптарын келтіруге болады. Бұл тақырып бойынша басқа да кітаптар бар, алайда оларды атап өту көп орынды алуы мүмкін<sup>14</sup>.

---

<sup>14</sup> Осы жерде шейх әл-Әлбани дің өзінің кітаптарын да атап өту қажет, мысалы, 8-томдық «Ируа' әл-Галил фи Тахриж Манар ас-Сәбіл» және «Ғайа әл-Марам фи Тахриж Әхадис әл-Хәлал уәл-Харам» (Йусуф әл-Кардауи дің өзіне көптеген әлсіз хадистерді қамтыған «Исламдағы хәлал және харам» кітабындағы хадистердің сенімділігі туралы кітап) (Аудармашының ескертпесі).

## Осы кітаптың жазылу себебі және кейбір ерекшіліктері

Маған осы тақырыпқа арналған барлық мәселелерді өзіне қамтитын кітап кездеспегендіктен, мен мүмкіндігім жеткенше Аллаһқа деген ғибадат-құлшылығында Пайғамбардың ﷺ жолымен жүруді қалайтын діндең бауырларыма арналған Пайғамбардың ﷺ намазды орындаудының тәкбірден<sup>15</sup> басталып, таслиммен<sup>16</sup> аяқталатын барлық ерекшіліктері біртұтас жинақталған кітапты құрастыруды өз парызым деп есептедім. Бұл Пайғамбарды ﷺ шынайы сүйетін осы кітаппен танысқан адамдарға оның ﷺ жоғарыда келтірілетін

**«صَلُوٰكُمْ رَّبِّيُّمُونِي أُصَلِّي»**

**«Намазды мен сендердің көздеріңше қалай орындаған болсам, солай орындаңдар»** деген

<sup>15</sup> Бұл жерде намазды ашатын «Аллаху Әкбар» («Аллах Ұлы!») деген сөздердің айту мензеліп тұр (Аудармашының ескертпесі).

<sup>16</sup> Намазды аяқтайтын «Әс-сәлamu аләйкум уа рахматуллаh» («Сендерге Аллаһтың сәлемі мен итілігі болсын») деген сөздер (Аудармашының ескертпесі).

хадисінде қамтылған бүйріғын орындауды женелдету үшін.

Сондықтан да мен (осы) оңай емес міндettі орындауға кірістім де, түрлі дереккөздерде жинақталған (аталған тақырыпқа) тиісті хадистердің талдауын жасадым, соның жемісі сіздер қолдарыңызда ұстап тұрған осы кітап болды.

Мен осы кітапта ардақты хадистер туралы ғылымның ұстанымдары мен бекітілген ережелеріне сәйкес келетін Пайғамбардың ﷺ сенімді (саҳих) иснадқа ие хадистерін ғана пайдалануды өзіме міндет еттім. Мен иснадтарында белгісіз немесе әлсіз жеткізуашілері бар хадистерді: олар намаздың (орындау) ұлгісіне, зікірлеріне (Аллаһты еске алу сөздеріне), артықшылықтарына немесе т.б. қатысты болуына қарамастан - назарға алмадым. Мен: «Бізге сенімді (саҳих) хадистер<sup>17</sup>

<sup>17</sup> Хадис білгірлерінің бірауызын пікіріне сәйкес, «сенімді (саҳих) хадис» деген термин өзінің құрамына сенімді (саҳих) және жақсы (хасан),

жеткілікті, ал әлсіз хадистердің бізге қажеті жоқ», - деп есептеймін, өйткені олар Аллаh Тағала олар туралы:

لَا يَغْنِي مِنَ الْحَقِّ شَيْءٌ إِ

**«...құр жорамалдар Ақиқаттың орнын баса алмайды»** («ән-Нәжм», 28-аят), - деген, ал Пайғамбар ﷺ:

إِنَّمَا الظَّنُونَ أَكْذَبُ الْحَدِيثِ.

«Ешбір жағдайда күдіктенбеңдер, өйткені күдіктену – ең жалған сөздер!»,<sup>18</sup> - деп айтқан жорамалдар мен құдіктерді оятады. Сондықтан да біз сенімсіз хадистерді басшылыққа алып, Аллаһқа құлшылық етуімізге болмайды; шын мәнінде Аллаһтың Елшісі ﷺ:

أَنْقُوا الْحَدِيثَ عَنِّي إِلَّا مَا عَلِمْتُمْ.

**«Мен туралы өздеріңе белгілі болған нәрселерден басқа қандай да бір нәрселер**

яғни өздігінше сенімді жақсы хадистерді әрі өзге хадистердің болуына байланысты солай есептелетін хадистерді қамтиды

18 Әл-Бухари және Мұслим.

*айтудан сақ болыңдар»*<sup>19</sup>, - деп, бізге бұлай істеуге тыйым салған; өйткені ол бізге әлсіз хабарларды жеткізуге тыйым салғандықтан, әрине, оларға сәйкес амал етуге де тыйым салынған.

Мен осы кітаптың мәтінін құрастырып, оны екі: негізгі және қосымша – бөлімдерге бөлдім.

Негізгі бөлім өз құрамына хадистердің өздерін немесе олардан алғынған қажетті үзінді сөздерді, сондай-ақ мәтінді басынан аяғына дейін тұтас етіп көрсету үшін оларды бірге

<sup>19</sup> Эт-Тирмизи, Ахмад және Ибн Әби Шәйба жеткізген, сенімді (саих) хадис. Мухаммад Сайд әл-Халби «Мусалсаләт» (т. 1, стр. 2) кітабында бұл хадисті әл-Бухариге қатысты еткен, бірақ бұл қате болып табылады. Кейін ғарият мен бұл хадистің әлсіз (да'иф) екеніне көз жеткіздім: мен бұл хадистің Ибн Әби Шәйба келтірген жеткізушилерінің тізбегін (иснадын) саих деп айтқан әл-Манауиғе сеніп жүгінген болатынын, алайда менің өзімे бұл иснад кездесіп қалды. Әрі мен оның айқын әлсіз екенін байқадым – менің «Силсилат әл-Әхадис әд-Да'ифа» (1783) атты кітабымды қараңыз. Дегенмен оның орнын Пайғамбардың ﷺ:

«مَنْ حَدَّثَ عَنِّي بِحَدِيثٍ يُرِى أَنَّهُ كَذَبٌ، فَهُوَ أَحَدُ الْكَاذِبِينَ.»

«Кім мен туралы өзі өтірік деп санайтын ирсені айтса, өтірікшилердің біреуді болып табылады», - деп айтқан басқа сөзі басады (бұл хадисті Мұслим және басқалар жеткізген). Менің «Силсилат әл-Әхадис әд-Да'ифа» (бірінші том) кітабыма жазған алғысөзімді қараңыз.

байланыстыратын тиісті сөздерді де қамтиды. Мен әрбір хадистің мәтінін Сұннет жинақтарында келтірілген айтылу үлгісінде сақтауга ерекше мұқияттылық таныттым; хадис әртүрлі риуаяттарға айтылатын жерлерде мен олардың ішіндегі мәтіннің қабылдануын т.б. женілдету үшін ең ыңғайлы нұсқасын таңдадым, бірақ сонымен бірге мен мұны: «Осы хадистің басқа бір нұсқасында былай деп жеткізіледі...., - немесе, - Басқа бір хабарда былай деп жеткізіледі....», - деп көрсетіп, хадистің өзге де нұсқаларын келтірдім. Мен қандай да бір хадисті жеткізген сахабаның атын өте сирек келтірдім, немесе кітаптың негізгі бөлімінде келтірілген әрбір хадисті қай мұхаддис-имам (өзінің жинағына) қосқанын өте сирек түсіндірдім, - мұның барлығы мәтінді және оған жазылған ескертпелерді оқуды және түсінуді оңайлату үшін жасалды.

Кітаптың қосымша бөліміне қатысты айтар болсақ, ол кітаптың негізгі мәтініне жазылған ескертпелерден құралған. Онда мен хадистердің түрлі нұсқаларын және жеткізу

жолдарын зерттеп, олардың алынған көздерін ашып көрсөттім. Сонымен қоса хадис ғылымының ережелеріне сәйкес, мен олардың иснадтарын және растаушы хабарларды (қажетті) түсіндірмелермен қамтамасыз еттім: хадистердің сенімділік дәрежесін иснадтардың сенімділігін сынау арқылы анықтап, хадис жеткізушилердің әрбірінің шыншылдығын «сенімсіздендіру және растау» («әл-жәрх уәтта'дил») ұстанымдарына сәйкес тексеріп шықтым. Жиі жағдайда қандай да бір хадистің жеткізулу жолында басқаларында болмаған қосымша сөздер болады, әрі сондай жағдайда мен мәтіннің тұтастығын бұзбау үшін, сол қосымшаларды кітаптың негізгі бөлімінде келтірілетін бастапқы хадиске тік жақшалар [...] арқылы белгілеп енгіздім; осы орайда мен дереккөздердің қайсысы осы қосымша келтірілген жағыз дереккөз болып табылатынын нұсқамадым. Мен осы хадистің алынған көзі мен оның бастапқы нұсқасы бір сахабадан жеткізілген жағдайда ғана осылай істедім; басқа жағдайда мен хадисті жеке,

мысалы, «Намаздың басында айтылатын Аллаһқа дұға етіп жалбарыну сөздері (ду’а әл-истифтах)» т.б. тарауларда келтірдім. Хадистердің қосымша нұсқаларын осындағы тәсілмен енгізу өзіне үлкен пайданы қамтиды, әрі сіз мұны көптеген кітаптарда көре алмайсыз - мейірімінің арқасында игі істер соңына дейін жететін Аллаһқа мадақ!

Әрі қарай кітаптың қосымша бөлімінде мен аталған хадисте қаралатын мәселелер бойынша ғалымдардың үкім-ережелерін де атап өттім. Бұдан тыс, әр тараптың ұстанатын пікірін жақтайтын және теріске шығаратын дәлелдерді келтіре отырып, осы орайда олардың дәлелдемелерінің күшті және әлсіз жақтарын ашып көрсөттім. Кейін мен келтірілген пікірлердің ең дұрысын таңдал, оны кітаптың негізгі бөлімінің мәтініне енгіздім. Қосымша бөлімде біз сондай-ақ бұл кітаптың тақырыбына тікелей байланысты емес, әрі Сұннеттің мәтіндерінде тікелей нұсқауы жок,

бірақ ижтиһад<sup>20</sup> жасауды талап ететін кейбір мәселелер де қаралған.

Қазірге кездे біз жеңе алмайтын себептерге байланысты өзіне негізгі де, қосымша да бөлімдерін қамтыған кітапты толығымен басып шығара алмайтынымыз себепті, біз Аллаһтың қалауымен оның негізгі мәтінін жариялауды және бұл кітапты «Сифат саләт ән-Нәбийй, саллә-Ллаһу 'аләйхи үа салләм, мин әт-такбир илә-т-таслим қә'анна-қә тараһа» ("Пайғамбар ﷺ намазының сипаттамасы, тәкбірден сәлемге (таслимге) дейін, оны өзінің көргеніңдей") деп атауды шештік.<sup>21</sup>

<sup>20</sup> Ижтиһад – діннің атақты білгірінің діни-құқықтық сипаттағы мәселелерді жеке өзі шешу құқығы (Аудармашының ескертпесі).

<sup>21</sup> Шейх әл-Әлбани (Аллаһ оны рақымына алсын) бұл сөздерді кітаптың бірінші басылымының алғысөзіне осыдан елу жыл бұрын жазған болатын. Сол кезден бастап бұл кітап толық үлгісінде дүние жүзінің көптеген тілдерінде басып шығарылды. Кітаптың орыс (қазақ – аудармашыдан (қаз)) тілді оқырманға ұсынылып отырған осы нұсқасы өзіне оның негізгі бөлімін де, қосымша бөлімін де толық қамтыған (Аудармашының ескертпесі).

Мен Аллаһтан осы еңбекті Оның Игі-  
Берекелі Жүзі алдында ықыласты етуін, әрі оны  
менің мұммин бауырларым үшін пайдалы етуін  
сұраймын, өйткені Ол – Естуші, дұғаларға  
Жауап Беруші!

## Осы кітаптың әдіснамасы

Бұл кітаптың мақсаты Пайғамбардың ﷺ намазға қатысты нұсқау-басшылығын жеткізу болғандықтан, мен өзімді қандай да бір мазhabтың ережелерімен шектемеуді қажет деп санадым. Сондықтан да мен осы кітапта мұсылмандардың алғашқы және қазіргі буындарынан шыққан хадис білгірлерінің<sup>22</sup> жолына ілесіп<sup>23</sup>, Пайғамбар ﷺ туралы сенімді

22 Абдул-Хайй әл-Лукнауи «Имам әл-Каләм фима йата'алләк бил-Кира'а Хәлф әл-Имам» (156-бет) кітабында былай дейді: «Кім ырым-жырымның (соқыр нанымның) ықпалына бой бермей, ашық ақыл-парасатымен фиқһ мухитына және құқықтану негіздеріне тереңдесе, ғалымдар келіспеушілікке түскен басты және тармақты мәселелердің көпшілігінде хадис білгірлерінің мазhabы өзге мазhabтарға қарағанда құштірек екеніне көзін жеткізеді. Мен әр кез түрлі пікірлерге талдау жасағанымда, хадис білгірінің көзқарасы ынсанқа мейлінше жақын болып шыгады – оларды Аллах тарапынан сый-сауаптар қутуде, және Ол оларға алғысын білдіреді. Олар Пайғамбардың ﷺ шынайы мирасқорлары және оның Заңының ықыласты таратушылары болғандықтан, өзгеше болуы мүмкін емес! Аллах бізді солардың қатарына кіртісін және бізге өлім келіп жеткенше бойымызға оларға деген махаббатты салсын!»

23 Әс-Субки «әл-Фатауа» (1/148) кітабында былай деп мәлімдейді: «Мұсылмандардың ең маңызды ісі намаз болып табылады, әрбір мұсылман оны орынданап, оның қажетті негіздерін сақтап, оның

(сахих) түрде жеткізілетін нәрселерді ғана келтіретін боламын.

*«Мұхаддистер – (өз борышы бойынша)  
Пайгамбардың адамдары,*

---

қамын ойлауы қажет. Онда орындауга міндettі болған ережелер де, сондай-ақ олардың міндettі екендігі жайында ғалымдардың пікірлері бірікпеген ережелер де бар. Намазға ғалымдардың бірауызды пікірі бар мәселелер де, - және бұл жерде Ақиқаттан басқаға орын жоқ, - және ғалымдар арасында келіспеушіліктер туғызған басқа мәселелер де қатысты. Дұрыс тәсіл - не осы мәселелерге қатысты пікірталастарға кіріспеу, не болмаса Пайгамбардан ﷺ жеткен сенімді деректерді іздеумен айналысып, соларды ұстану. Егер адам осылай істейтін болса, оның намазы дұрыс және Аллаһ Тағаланың:

فَمَنْ كَانَ يَرْجُو لِقاءَ رَبِّهِ فَلْيَعْلَمْ عَمَلاً صَلَحٌ أَوْ

**«Сондай-ақ кім Раббысына жолынуды үміт етсе, сонда түзу іс істесін..»** («әл-Каһф», 110-аят), - деп айтқан сөздерінің үкіміне кірген болмақ».

Мен (яғни шейх әл-Әлбани – Аудармашының ескертпесі): «Екінші тәсіл жеткітеу, тіпті міндettі болып табылады, өйткені бірінші тәсіл көптеген мәселелердің шешілуіне ықпал етпейтінімен қоса, оның ﷺ «Намазды мен сендердің көздерінше қалай орындаған болсам, солай орындаңдар!» деген бұйрығына сәйкес келмейді, әрі адамды өз намазында Пайгамбардың ﷺ намазынан ауытқуга алып келеді», - деп мәлімдеймін. Осы туралы ойланыныздаршы!

Олар оның жанында болмаса да, өз лебізімен онымен бірге»<sup>24</sup>, - деп айтқан адамның сөздері нендей керемет.

Сөйтіп, бұл кітап, Аллаһ қаласа, әрбір қаралатын тақырып бойынша өзіне түрлі хадис жинақтарының және фикһ бойынша еңбектердің терең қоймаларында шашылып жатқан және оларға қатысты мазғабтар арасында келіспеушіліктер бар түрлі мәселелерді біртұтас етіп жинақтайды. Сонымен бірге осы кітапта басқа кітаптарда немесе мазғабтарда жоқ ақиқат нәрсeler де болуы мүмкін, сондықтан да кім оларға амал етсе, Аллаһ қаласа, Аллаһ соларды

لَمَا اخْتَلَفُوا فِيهِ مِنَ الْحَقِّ يَاذِنْهُ وَاللَّهُ يَهْدِي مَنْ يَشَاءُ إِلَى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ

«олар тартысқан шындыққа Өз үйғаруымен жеткізді. Аллаһ қалағанын

---

<sup>24</sup> Хасан ибн Мухаммад ән-Насауи дің өлең жолдарынан. Бұл өлеңді хадис білгіре әл-Хафіз Дійя әд-Дін әл-Мақдиси өзінің «Фәдл әл-Хадис уа әһлини» («Хадистердің және олардың білгілерінің артықшылықтары туралы») еңбегінде келтірген.

**данғыл жолға салады»** («әл-Бақара» сүресі, 213-аят).

Өзім үшін осы кітапта да, басқа кітаптарымда да сенімді Сұннетті ұстану әдіснамасын белгілеп алып, ал бұл Сұннет, Аллаһ қаласа, адамдардың арасында таралады, мен мұның әрбір топт пен мазhabтың разылығын туғызбайтынын білдім. Бұған қоса, олардың кейбіреулері, егер көпшілігі болмаса, маған (орынсыз) шабуылдар жасап, қатаң сынға да алады. Алайда бұл (мен үшін) маңызды емес, өйткені мен сондай-ақбарлық адамдардың көнілдерінен шығу мүмкін емес екенін де білемін, бұл туралы Аллаhtың Елшісі ﷺ:

«مَنْ أَرْضَى النَّاسَ بِسَخْطِ اللَّهِ وَكَلَّهُ اللَّهُ إِلَيْ الْنَّاسِ»

**«Кім Аллаhtың, ашу-ызасын түгэзып, адамдарға жағымпазданса, Аллаh (оны) сол адамдарға тапсырып қояды», - деп**

айтқанындаі.<sup>25</sup> Аллаһ мына жолдарды жазған адамды сый-сауаптарға бөлесін:

*Пана ізден, бекінсем де тін-тік құздың үңгірінде,*

*Адамдардың шабуылынан құтыла алмасын-ау мұлде,*

*Әйткені буркіттің қанатын болса да панарап,*

*Адамдардың кесірінен кім аман қалмақ?!*

Осы жол – Аллаһ Тағала мүміндерге жүруді бұйырған және барлық елшілердің Мырзасы, пайғамбарымыз Мухаммад ﷺ түсіндірген Тура Жол (Сират әл-Мустақим) екеніне менің сенімім жетіп асады. Пайғамбардың ﷺ сахабаларынан және олардың ізбасарларынан болған салиқалы буын (сәлафтар), соның ішінде олардың мазһабтарын мұсылмандардың көпшілігі ұстанатын төрт имам да (Аллаһ

25 Әт-Тирмизи, Қуда'и, Ибн Бушран және басқалар. Мен (яғни шейх әл-Әлбани – Аудармашының ескертпесі) бұл хадис және оның жеткізу жолдары туралы «Шарх әл-Ақида әт-Тахауийя» (278-бет) енбегіндең хадистерді тексеруім барысында пікір білдірген болатынмын.

оларды рақым етсін) дәл осы жолмен жүрген. Олардың барлығы Пайғамбардың ﷺ Сұннетін ұстану мен Сұннетке қайшы кез келген көзқарасты, мұндай көзқарасты қолдайтын немесе айтатын адам қаншалықты ұлы болса да, тәрк ету қажеттігін, екінін бірауыздан мақұлдаған, өйткені Пайғамбардың ﷺabyroy-мәртебесі барлық адамдардан жоғары, әрі оның жолы – ең дұрыс жол .

Міне, сондықтан да мен олардың (яғни имамдардың - Аудармашының ескертпесі) басшылығын таңдадым, оларға ізбе-із ілестім, олардың сенімді хадистерді қатаң түрде ұстану туралы нұсқауларын орындағадым, тіпті бұл олардың (белгілі бір мәселелер бойынша) көзқарастарына қайшы келсе де. Олардан жеткен дәл осы әмірлер менің осы Жолды әдістемелік түрғыдан зерттеуімде және қандай да бір пікірге негіzsіз, соқыр түрде еліктеуден (тақлид) бас тартуымда маған қатты әсер етті. Аллаh Тағаладан оларға ұлы сый беруін сұраймын!

**Имамдардың Сұннетке ілесуге және өздерінің  
пікірлері оған қайшы келген жағдайда олардан бас  
тартуға қатысты айтқан сөздері**

Біз осы жерде осындай сөздердің кейбіреулерін келтірсек, өте пайдалы болмақ. Өйткені бұл имамдардың көзқарастарына – жоқ, тіпті ұлы имамдардың өздеріне де емес, мәртебесі бойынша олардан әлдеқайда тәмен адамдарға соқыр түрде ілесетіндерге<sup>26</sup> –

<sup>26</sup> Біреудің пікіріне дәл осылайша соқыр түрде ілесуге (тақлидке) қатысты имам әт-Тахауи былай деп нұсқаған болатын: «Тек (ақыл-санасы) шектелген немесе ой-өрісі тар адам гана осындай пікірге ілеседі» (Дәйек сөзді Ибн 'Абидин «Расм ал-Муфти» (шығармалар жинағында, 1-том, 32-бетте) келтірген.

**Аудармашының ескертпесі:** Адамдардың келесі іс-әрекет түрлерінің бірімен айналысатын үш санаты бар:

- 1) Ижтиһад
- 2) Иттиба'
- 3) Тақлид

1) Ижтиһад (сөзбе-сөз «тырысу», «қүш-жігер салу», «ұқыпты-ынталы болу») – бұл Құран мен Сұннетте тікелей нұсқауы болмаған діни-құқықтық сипаттағы мәселелерді дербес түрде шешу құқығына ие атақты діндар ғалымның іс-әрекеті. Ижтиһадпен тек араб тілін жетік менгерген, Құран мен оның тәпсірлерін жатқа білетін, Сұннет пен оның түсіндірмесін жақсы игерген және басқа да бір қатар талаптарға жауап беретін адамдар

гана айналыса алады. Ижтиһадпен айналысуга құқығы бар адамды *мұжтабид* деп атайды.

2) *Иттиба'* (сөбебе-сөз «ілесу», «еру») – діни-құқықтық сипаттағы шешімдерге Құран мен Сұннеттеген, сахабалардың бір ауызды келісімінен және ислам ғалымдарының бір ауызды келісімінен (ижма') келтірілген дәлелдерді қарап шығу және түсіну арқылы ілесе алатын, алайда діни-құқықтық сипаттағы мәселелерді дербес түрде шеше алмайтын адамның іс-әрекеті. Иттиба'пен айналыса алатын адамды *мұттаби*' деп атайды.

3) *Тақлид* (сөзбе-сөз «ұқсау», «еліктеу», «көшіру») – бұл діндарлардың біреуінің айтқан сөздері мен шешімдерін оның пікірінің әділетті екенін растай немесе теріске шығара алатын Құран мен Сұннетке жүгінусіз сөзсіз басшылыққа алатын адамның іс-әрекеті. Тақлидті ұстанатын адамды *муқаллид* деп атайды.

Осы жерде тақлидтің рұқсат етілген және тыйым салынған түрлері бар екенін атап кету қажет.

### **Тақлидтің рұқсат етілген түрі**

Шейхуд-ислам Ибн Таймийя, Аллаһ оны рақым етсін, былай деген: «Мұсылман адам қандай да бір проблемага жолықса, ол Аллаһ және Оның Елшісі бекіткен нәрселердің негізінде шешім шыгарып береді деп сенетін адамынан пәтүа алуға тырысуы қажет. Осы орайда ол өзін қай мазhabқа жатқызатыны маңызды емес. Кез келген мұсылман үшін қандай да бір ғалымга ол айтқан нәрселердің барлығында соқыр түрде ілесу міндетті емес. Сол сияқты кез келген мұсылман үшін ғалымдардың белгілі мазhabына ол олардан талап ететін және оларға хабарлайтын нәрселердің барлығында ілесу де міндетті емес. Керісінше, Аллахтың Елшісінің өзінің (сөздерінен) басқа кез келген адамның айтқан сөздері қабылдануы да, кері қайтарылуы да мүмкін. (Мұсылман адам) (қандай да бір мәселе бойынша) шариги үкімді білуге қабілетті болмаган жағдайда белгілі бір адамның мазhabына ілесуге рұқсат етіледі; алайда шариги үкімді тақлидтің осындай түріне жүгінбей білуге қабілетті әрбір жеке адам үшін бұл міндетті емес. Сондықтан да әрбір адам күш-жігери

жеткенине Аллаһтан қорқуы және Аллаһ пен Оның Елшісі бүйірган нәрселерін білуі, әрі бүйірылғанды орындан, тыйым салынған нәрселерден қашқақтауы қажет» («Мәжмұ' Фатауа» («Пәтуалар жинағы»), 20/208, 209).

### I. Тақлиидтің тыйым салынған түрі

Иbn әл-Қайим, Аллаһ оны рақым етсін, өзінің «И'ләм әл-Мууаққи'ин» (2/188) еңбегінде тақлиидтің тыйым салынған түрлеріне нұсқап былай деді: «Оның үш түрі бар: (1) Аллаһтың түсіргенінен толығымен бет бүрү және өз ата-бабаларына тақлид жасаумен разы болу; (2) айтқан сөздері қабыл етілетін адам болып табылатындығы сіз үшін белгісіз болған адамға тақлид жасау; (3) (белгілі бір мәселе бойынша) дәлел орнатылған соң және осы орнатылған дәлел тақлид жасалып жатқан адамның көзқарасына қайши келетіндігі айқын болғаннан кейін де тақлид жасау».

Шейхул-ислам Иbn Таймийя, Аллаһ оған рақым етсін, былай деген: «Ешкім Аллаһтың Елшісінен басқа біреуеге ол бүйіратын және тыйым салатын, немесе нұсқайтын нәрселердің барлығында соқыр түрде ілесуіне болмайды. Мұсылмандар ислам галымдарының кейде біреуіне, ал кейде басқасына ілесін, әркез өз сұрақтарын соларга берулері керек. Егер ілесуші адам қандай да бір нақты мәселе бойынша өзінің дін үстануына абзалақ немесе дұрысырақ болып табылады т.с.с. деп санаган имамдардың біреуінің пікіріне ілесуді шешсе, бұл рұқсат етіледі, әрі Абу Ханифа да, Малик те, әш-Шәфи' и де бұған тыйым салынған деп айтпайтын» («Мәжмұ' Фатауа / Пәтуалар жинағы», 23-том, 382-бет).

Шейх Сулайман ибн Абдаллаһ, Аллаһ оны рақым етсін, былай деген: «Мұмін адам, егер Аллаһтың Кітабы мен Оның Елшісінің Сұннеті оған жеткен болса және ол оларды қандай да бір мәселе қатысты түсінетін болса, онда ол бұл мәселе бойынша кіммен келіспейтініне қарамастан, оларға сәйкес амал етуі тиіс! Бұл - бізге Раббымыз және Пайғамбарымыз міндеттеген әрі осыған қатысты мұсылман галымдары бір ауызды келісімде болған нәрсе, әрі бұған тек кейбір соқыр еліктеуішілер мен жүректері қатуланғандар гана

келіспейді. Мұндай адамдар галымдар емес» («Тайсир әл-`Азым әл-Хамид», 546-бет).

Имам Ахмад ибн Хәнбал, Аллаһ оны рақым етсін, былай деген: «Хадистің жеткізушилерінің тізбегін және оның сенімділігін білемін адамдардың Сүфьян (әс-Сауридің) пікіріне ілесулерін жалғастыра беретіні ерсі-ақ, Ал Аллах Тағала:

فَلَيَخْدُرَ الَّذِينَ يَخْلُفُونَ عَنْ أَمْرِهِ أَنْ تَصْبِيهُمْ فِتْنَةً أَوْ يَصْبِيهُمْ عَذَابَ الْيَمِّ

«Сондықтан оның әміріне қарсы келгендер, өздеріне бір азғыру (фитна) жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын!» («Нур» сүресі, 63-аят), - деді ғой! (Әрі қарай имам Ахмад былай деп жалғастырды:) Сіздер фитнаның не екенін білесіздер ме? Фитна – бұл көпқұдайшылық (ширк)! Өйткені оның айтқан сөздерінің кейбіреулерін қабылдамай қайтарып тастау ауытқышылықтың жүрекке енуіне себеп болуы мүмкін, әрі сөйтіп (адам) отап етіледі». (Ибн Батта «Әл-Ибана әл-Кубрада» (№97) хабарлаған. Сондай-ақ Абдуллаһ ибн Ахмадтың «Әл-Мәса'илін», 3-т., 135-бетті қарандыз.

Шейх Абдурахман ибн Хасан, Аллаһ оны рақым етсін, былай деген: «Имам Ахмадтың, Аллаһ оны рақым етсін, бұл сөздерінде адамның оған дәлел жетуден бұрын тақлид етуі айыпталатын нәрсе емес екендігіне нұсқау бар. Алайда айыптауга лайықты адам – бұл оған дәлел жетсе де, өзінің галымының сөздеріне (берілгендей) себепті оған қарсы келүші» («Фатх әл-Мажид», 2-том, 649-бет).

Сөйтіп, жоғарыда баяндалғаның барлығын қорытындылап, келесілерді атап айту қажет болады:

1) *Мұжтанид* белгілі бір мәселе бойынша орындағандағандағанда тақлид жасайды; (а) ол қандай да бір мәселе бойынша шарифи қаулыны орындағандағандағанда тақлид жасаудың себептерге байланысты ижтиhad жасауда қабілетсіз болса, тақлид жасаудың себептерге байланысты ижтиhad жасауда қабілетсіз болса;

2) *мұттаби'* және *мұқаллид* екі шарт орындағандағанда тақлид жасайды: (а) ол қандай да бір мәселе бойынша шарифи қаулыны орындағандағанда тақлид жасаудың себептерге байланысты дербес түрде білуге қабілетсіз болған жағдайда болса; (б) оның тақлид жасаудың себептерге байланысты ижтиhad жасауда қабілетсіз болса;

өздерінің мазhabтары мен көзқарастарын Көктен түскендей дәрежеде ұстанатындарға сақтандыру және ескерту болуы мүмкін! Ал Пәк Аллаh Тағала былай деп айтты ғой:

اتبعوا ما أنزل إلينكم من ربكم ولا تتبعوا من دونه أولياء قليلاً ما  
تذكرون (الأعراف 3)

«Раббыларың тарапынан сендерге түсірілгенге бой ұсынындар да, Одан өзгені қамқоршы етіп алмаңдар. Нендей аз ғана үгіт тындаисындар!» («әл-Әтраф» сүресі, 3-аят).

білімдерімен және ижтиһад жасауға деген құқығымен танылған болуы керек;

3) оның Құран және Сұннетпен бекітілген дәлелге қайшы келетіні айқын болғаннан кейін тақлид жасауына тыйым салынады;

4) Пайғамбардың ﷺ өзінен басқа бір адамның немесе бір мазhabтың ізінен діни-құқықтық сипаттағы барлық мәселелер бойынша толығымен тақлид жасауға тыйым салынады;

5) тиісті талаптарға жауап бермейтін және осыған лайықты болмаған адамға тақлид жасауға болмайды.

Сөйтіп, шейх әл-Әлбани осы кітапта тақлид мәселелерін сөз еткенде, оның тыйым салынған түрін меңзегені ап-айқын болады. Бұл кітаптың өзінің мәтінінен де, онда келтірілгенде діндар-ғалымдардың тиісті сөздерінен де түсінікті.

## Имам Абу Ханифа (Аллаһ оны рақым етсін)

Олардың алғашқысы - ізбасарлары көптеген сөздері мен ескертулерін бізге жеткізген имам Абу Ханифа ән-Ну'ман ибн Сабит, Аллаһ оны рақым етсін. Оның айтқандарының барлығы бір нәрсеге: яғни хадисті негіз ретінде алу керектігіне және имамдардың қандай да бір сахих хадиске қайшы келетін көзқарастарынан бас тарту қажеттігіне келіп үштасады.

1. «Егер хадис сенімді (сахих) болса – міне сол менің мазғабым»<sup>27</sup>.

<sup>27</sup> Ибн 'Абидин «әл-Хашийяда» (1/63) және «Расм әл-Мұфтиде» (1/4), шейх Салих әл-Фуләни «Иқаз әл-Химамда» (62-бет) және басқалар жеткізген. Ибн әл-Хумамның ұстазы Ибн әш-Шахна әл-Кәбир жазған «Шарх әл-Һидаія» еңбегінде Ибн 'Абидиннен мына сөз жеткізіледі: «Мазғабқа қайшы келетін қандай да бір хадис сенімді (сахих) екені анықталса, адам осы хадиске сәйкес амал ету керек болады, әрі осы оның мазғабына айналады, ал ол хадиске сәйкес амал еткендігі себепті ханафи мазғабын ұстанушылардың қатарынан шықпайды. Мысалы, Абу Ханифа, Аллаһ оны рақым етсін: «Егер хадис сенімді болса, міне сол менің мазғабым», - деп айтқаны сенімді түрде жеткізіледі, ал Абу Ханифаның және басқа да имамдардың осы айтқан сөзін Ибн 'Абд әл-Бәрр жеткізген».

2. «Біздің пікірлерімізді біз оларды қайдан алғанығымызды білмей алуга ешкімге рұқсат етілмейді»<sup>28</sup>.

Басқа бір хабарда былай деп жеткізіледі:  
 «Белгілі бір мәселе бойынша менің дәлелдерімді

Мен (ягни шейх әл-Әлбани – Аудармашының ескертпесі) былай айтамын: бұл имамдардың білімдерінің толықтығы мен тақуалығының көрінісі болып табылады, өйткені осындай сөздері арқылы олар (өз білімдерімен) бүкіл Сұннетті түгел қамтымайтынына нұсқады. Имам әш-Шәфи'и мұны егжей-тегжейлі түсіндіріп берді, әрі бұл туралы әрі қарай айтылады. Олар өздеріне жетпеген қандай да бір Сұннетпен бірікпеген жағдайлар да болатын, сондықтан да олардың өздері де бізге Сұннетке ілесуді және оны өз мазһабының бір бөлігі етуді бүйіраратын. Аллаһ олардың барлығын рақым етсін!

<sup>28</sup> Ибн Абд әл-Бәрр «әл-Интиқа' фи Фада'ил әс-Саләса әл-А'ймат әл-Фуқаһа» (145), Ибн әл-Қайим «И'ләм әл-Мууаққи'ин» (2/309), Ибн 'Абидин «әл-Бахр әр-Ра'иққа» (6/293) және «Расм әл-Муфтиге» (29, 32) жасаған ескертпелерінде және екінші деректі жеткізген әш-Ша'рани «әл-Мизандә» (1/55), соңғы деректі Аббас әд-Даури «әт-Тарих Ибн Ма'инде» (6/77/1) сахих иснадпен Абу Ханифаның шәкірті Зуфардан жеткізген. Тура осындай деректер Абу Ханифаның серіктерінен: Зуфардан, Абу Йусуфтан және Афийи ибн Йазидтен («Иқаз», 52-бет) жеткізілген. Ибн әл-Қайим Абу Йусуфтан келген дерекке «И'ләм әл-Мууаққи'инде» нұсқаған (2/344). Екінші дерекке жасалған қосымшаны «Иқаздың» редакторы (65-бет) Ибн Абд әл-Бәррга, Ибн әл-Қайимға және басқаларға қатысты етеді.

білмей, менің сөздеріме негізделіп, пәтуа шығару -  
тыйым салынған (харам)».

Тағы бір хабарда «...өйткені біз барлығымыз -  
адамбыз: бүгін бір сөздерді айтамыз, ал ертең  
олардан бас тартамыз» деген қосымша  
жасалған.

Сондай-ақ мынандай хабар да жеткізіледі:  
«Қасірет саган, уа, Йақұб! <sup>29</sup> Сен менен  
естігеніңнің барлығын жазып ала берме.  
Ақиқатында, бүгін мен былай, ал ертең – басқаша  
ойлаймын, немесе ертең – былай ойлаймын да, ал  
бұрсі күні басқаша ойлаймын» <sup>30</sup>.

<sup>29</sup> Бұл жерде Абу Ханифа өзінің атақты шекірті Абу Йусуфқа  
айтып тұр (Аллаһ оларды рақым етсін).

<sup>30</sup> Имам Абу Ханифа жиі жағдайда ұқсастық бойынша  
тенеуге (қиясқа) сүйеніп тұжырым шығаратын, ал содан соң, егер  
қаралып жатқан мәселе бойынша Пайғамбардың ﷺ хадисі бар  
екенін білсе, немесе күштірек дәйектелген қиясты тапса, өзінің  
бұрынғы көзқарасынан бас тартатын болғандығы себепті осылай  
дейтін.

Имам ‘Абдул-Уаһаб әш-Ша’рани былай деп айтатын:  
“Имам Абу Ханифа туралы (Аллаһ оны рақым етсін) біздің сеніміміз  
әрі әрбір кітап авторының сенімі: егер ол шариги гылымда  
жинақталған және хағиездар барлық елді арапап шыққан біздің кезімізге

дәйін өмір сүргенде, ол осы дәлелдерді алатын еді де, өзінің кез келген ұқсастық бойынша салыстыруын (қиясын) қалдырап еді. Алгашиңда басқа мазхабтарда оның мазхабымен салыстырганда қияс аз болатыны сияқты, оның да мазхабында қияс аз болатын. Алайда оның заманында шариги дәлелдер табигиндердің және олардың ізбасарларының арасында әртүрлі қалаларда бөлініп тараалғандығы себепті, белгілі бір мәселеде (шешім шығару) қажеттілігіне байланысты тікелей хадистің болмагандығынан оның мазхабында қияс көп болды. Одан кейін өмір сүрген хадис білірлері түрлі қалалар мен елді мекендерден хадистерді іздеу және жинақтау мақсатында сапарларға шыгатын және оларды жазып алатын болды. Сөйтіп кейбір шариги хадистерді басқалар түсіндірді. Міне, оның мазхабында қиястың үлес салмагы көп болу себебі осындаї». Қз.: “әл-Мизан” 1/62.

Абул-Хасанат (Әл-Лукнауи) «Ән-Нәфи’ ал-Кәбирде» (стр. 135) әш-Ша’ранидің сөздерін толықтау етіп келтіреді, әрі өз ескертпелерінде оларды мақұлдалап, түсіндіреді, соңдықтан кез келген қалаған адам осы енбекке жүгінуге тиісті.

Мен (ягни шейх әл-Әлбани – *Аудармашының ескертпесі.*) былай деймін: Сөйтіп, жоғарыда келтірілген түсіндірме Абу Ханифаның кейде сенімді хадистерге әдейі емес түрде қайшы келгенінің себебі орынды екеніне нұсқайды. Ал бұл себеп толығымен қабылдауга жарамды, өйткені Аллаһ Тағала ешбір жанға ол көтере алатыннан артық нәрсе жүктемейді. Міне, соңдықтан да кейбір надан адамдар істейтіндей, Абу Ханифаны осы үшін сөгуте болмайды. Керісінше, оны құрметтеу қажет, өйткені ол – олар арқылы осы иман сақталып қалған және бізге толығымен үлестірілген мұсылмандардың имамдарының бірі, әрі ол қалай болғанда да (Аллаһтан) сый алады: (өз ижтиһадында) хақ болса да, болмаса да. Басқа жағынан, имам Абу Ханифаны құрметтеушілерге оның (сенімді) хадистерге қайшы келетін

3. «Егер мен Аллаh Тагаланың Кітабына немесе Елиi туралы хабарларга қайши келетін нәрселер айтқан болсам, менің сөздерімді тастаңдар»<sup>31</sup>.

Сөздерін ұстануларына болмайды, өйткені, іс жүзінде, осындай сөздер оның мазһабының бір бөлігі болып табылмайды, бұл (имамның) жоғарыда келтірілген сөздерінен келіп шығатыныңдай. Сөйтіп, (бұл мәселеде) шектен шығушылықтың екі түрі бар, ал ақиқат олардың ортасында:

رَبَّنَا اغْفِرْ رَلَّا وَلِأَخْ وَبَنَنَا الدِّينَ سَبَقُونَا بِالإِيمَنِ وَلَا تَجْعَلْ فِي فُلُوبِنَا غَلَّا لَدَّ دِينَ ءَامَنُوا ارَبَّنَا  
إِنَّكَ رَءُوفٌ رَّحِيمٌ

«Раббымыз! Бізді әрі бізден бұрын иман келтірген бауырларымызды кешіре гөр! Біздің жүректерімізге иман келтіргендеге деген жек көрушлік пен көре алмаушылық сала көрме! Раббымыз! Ақиқатында, Сен - аса Мейірбан, ерекше Рақымдысың!» («әл-Хашр» сүресі, 10-аят).

<sup>31</sup> Әл-Фуләни «Иқаз әл-Химамда» (50-бет) бұл сөздердің имам Мухаммадтан шыққанын хабарлайды да, артынша: «Бұл *мұжтанидке* (діни-құқықтық сипаттағы мәселелерді дербес түрде шешуге құқықты діннің беделді білгірі – Аудармашының ескертпесі) қатысты емес, өйткені ол олардың *пікірімен* еш байланысты емес, бірақ бұл мұқаллидке (соқыр түрде ілесушіге – Аудармашының ескертпесі) қатысты».

Мен (яғни шейх әл-Әлбани) былай деймін: әш-Ша'раны өзінің «Әл-Мизан» (т. 1, стр. 26) атты еңбетінде осыған нетізделіп былай деген: «Егер біреу-міреу: «Мен өзімнің имамым ілеспеген, алайда олардың сенімділігі (саиххығы) оның өлімінен кейін анықталған хадистермен не істейім керек?», - деп сұраса, оған: «Сен

## Имам Мәлік ибн Әнас (Аллаh оны рақым етсін)

1. «Ақиқатында, мен бар болғаны адаммың:  
 (кейде) қателесуім де, қателеспейім де мүмкін.  
 Мен айтқан көзқарастарды жете ойланыңдар:  
 Құран мен Сұннетке сәйкес келетіннің барлығын

осы хадистерге амал етуің қажет, өйткені сенің имамың оларды кездестіргенде және олардың сенімділігін анықтағанда, ол саған соларға сәйкес амал етуді бұйырар еді, өйткені барлық имамдар Шаригаттың қолындағы тұтқындар еді», - деп жауап беру керек. Кім осылай істесе, екі қолымен кез-келген итілікті жинап алар еді, алайда кім: «Егер менің имамым (бұл) хадиске сәйкес амал етпеген болса, мен де оған амал етпеймін», - десе, сол, бұл жағдай мазнабтардың негізін салған имамдардың соқыр ілесушілерінің (муқаллидтердің) көпшілігімен орын алып жатқанында, үлкен пайданы қолдан жіберіп алады. Олар үшін сенімділігі имамдардың заманынан кейін анықталған әрбір хадиске сәйкес амал ету әрі сол арқылы солардың қалауын орындау жақсырақ болар еді, өйткені біз: «Егер имамдар көбірек өмір сүргенде әрі оларға сенімділігі өздерінен кейін анықталған хадистер кездескенде, олар міндетті түрде оларды қабылдар еді және соларға сәйкес амал етер еді, әрі өздері бұрын қолданған кез-келген үқастық бойынша салыстырудан (қиястан) және өздері бұрын айтқан кез-келген сөздерден бас тартар еді», - деп бекем түрде сенеміз.

қабыл алыңдар да, Құран мен Сұннетке сәйкес келмейтіннің барлығын тастаңдар»<sup>32</sup>.

2. «Пайғамбардан ﷺ кейінгі әрбір адамның сөздері, Пайғамбардың өзінің ﷺ сөздерінен басқа, қабыл етіледі де, әрі қайтарылады да»<sup>33</sup>.

3. Ибн Үәһб былай деген: «Мен Мәлікке дәрет алу кезінде аяқтагы саусақтардың араларын тазалау туралы сұрақ қойылғанын естідім. Ол: «Адамдар бұлай істемеу керек», - деп жауап берді. Мен адамдар азайғанынша кідіре тұрдым да, сосын

32 Ибн Абд ал-Бәрр «Жәми' Бәйан ал-'Илм уа Фәдлих» (2/32), Ибн Абд ал-Бәррдың сөздерін «Усул ал-Әхкам» (6/149) кітабында көлтірген Ибн Ҳазм және ал-Фұләни (72-бет).

33 Бұл - имам Мәлікке қатысты етілетін атақты сөзі. Ибн Абдул Ҳади «Иршад ас-Салик» (227/1) енбегінде, Ибн Абд ал-Бәрр «Жәми' Бәйан ал-'Илм уа Фәдлихта» (2/91), әрі бұл сөздерді ал-Хакам ибн Утайбага және Мұжәһидке тиісті деп есептеген Ибн Ҳазм «Усул ал-Әхкам» (6/145, 179) еңбектерінде сенімді деді: Осы сөздің көркемділігіне таң қалған Таки әл-Дин ас-Субқи, оны Ибн 'Аббастан «әл-Фатауда» (1/148) көлтіріп, кейін былай деді: «Бұл сөздер басында Ибн 'Аббас пен Мұжәһидтен жеткізілтін, кейін Мәлік (Аллаһ оны рахым етсін) бұл сөздерді олардан алды да, олар арқылы танымал болды».

Мен (яғни шейх әл-Әлбани – Аудармашиның ескертпесі ) былай деймін: Имам Ахмад кейін осы сөздерді олардан алды, бұл туралы Абу Дәуд «Мәса'ил 'ан әл-Имам Ахмадта» (2-бет): «Мен имам Ахмадтың: «Пайғамбардан ﷺ өзге әрбір адамның пікірі қабыл етілуі де, кері қайтарылуы да мүмкін», - деп айтатынын естігенмін», - деп айтқаныңдай.

оган: «Біз бұған қатысты Сұннетті білеміз», - дедім. Ол: «Ол қандай екен?», - деп сұрады. Мен: «Бізге әл-Ләйс ибн Са'ад, Ибн Ләхий'а мен Амр ибн әл-Харис Йазид ибн Амр әл-Ма'афиридің сөздерінен, Абу Абд әр-Рахман әл-Хубулидің сөздерінен, әл-Мұстаурид ибн Шаддад әл-Қурашиден оның: "Мен Аллаһ Елшісінің шынашагымен аяғының саусақтарының арасынан жүргізіп өткенін көрдім", - дегенін жеткізді». Сонда Мәлік: «Бұл жақсы (хасан) хадис. Мен осы уақытқа дейін оны ешқашан естімептін», - деді. Содан соң мен оған осындаи сұрақ қойылғанда ол аяқ саусақтарының арасын тазалауды бұйыратынын естітінмін»<sup>34</sup>.

### **Имам әш-Шәфи'и (Аллаһ оны рақым етсін)**

Ал имам әш-Шәфи'иге (Аллаһ оны рақым етсін) қатысты айттар болсақ, оның қозғалып жатқан мәселе бойынша айтқан сөздері көп

<sup>34</sup> Ибн Аби Хати<sub>М</sub> «әл-Жәрх уа Та'дил» еңбегіне жазған кіріспесінде.

және керемет<sup>35</sup>, ал оның ізбасарлары басқаларға қарағанда оларды көбірек ұстанатын.

1. «Аллаh Елшісінің ﷺ Сұннеті біздің әрбірімізге келіп жетеді де, әрі байқаусыз да қалады. Мен бір нәрсе айтсам немесе бір нәрсені дәйектесем, әрі менің айтқан сөздерім Аллаh Елшісінің ﷺ (Сұннетімен) үштаспаса, онда Аллаh Елшісінің ﷺ айтқаны менің де айтқаным болып табылады»<sup>36</sup>.

---

35 Ибн Хазм «Усул ал-Эхкам» еңбегінде былай деген: «Ақиқатында, ислам құқықтануышыларының барлығы (фуқана) соқыр ілесудің (тақлидтің) қарсыластары болған. Олар өздерінің жақтастарына өздерінің пікірлеріне соқыр түрде ілесуге тыйым салатын. Бұл мәселеде ең үлкен қызығаныш көрсететін имам аш-Шәфи'и еди, Аллаh оны рахым етсін, өйткені ол жиі және басқаларға қараганда жүйелі түрде сахих хабарларга ілесу мен дәлелге сәйкес келетін нәрселерді ғана қабылдау қажеттігі туралы айтатын. Ол сондай-ақ өзіне соқыр ілесуге қарсы болатын, әрі айналасындағыларды ондайдан сақтандыратын. Ендеше, Аллаh оған рақымын сыйласын және оның сыйы өте үлкен болсын, өйткені ол ұлы иғліктің себепкери болды!»

36 Әл-Хаким аш-Шәфи'и те дейін жететін көптеген жеткізуашілер арқылы хабарлған, бұл туралы Ибн 'Асакирдің «Тарих Димашқ» (15/13) кітабында «Иләм әл-Мууаққи'ин» (2/363, 364) және «Иқаз» (100-бет) кітаптарында баяндалатынындей.

2. «Мұсылмандар «егер адамға Аллаһ Елшісінің  
█ қандай да бір іс-әрекеті немесе айтқан сөзі  
түсіндірілсе, оған оны басқа біреудің сөздеріне бола  
тастауға рұқсат етілмейді» дегенге бірауыздан  
келіскең»<sup>37</sup>.

3. «Егер сендер менің жазған нәрселерімде  
Аллаһтың Елшісінің █ Сұннетіне қайши келетін  
қандай да бір нәрсе тапсанғдар, онда Аллаһтың  
Елшісінің █ Сұннетіне сәйкес сөйлеңдер де, менің  
айтқандарымды тастаңдар»<sup>38</sup> (басқа бір  
нұсқада: «... онда оған ілесіңдер де, ешкімнің сөзіне  
назар аударманғдар», - деп айтылған<sup>39</sup>).

4. «Егер хадис сенімді болса, міне сол – менің  
мазhabым»<sup>40</sup>.

<sup>37</sup> Ибн әл-Қайим (2/361) және әл-Фуләни (68-бет).

<sup>38</sup> Әл-Харауи «Замм әл-Каләм» (3/47/1), әл-Хатиб «әл-Ихтижаж би әп-Шәфи'и» (8/2), Ибн 'Асакир (15/9/10), ән-Нәуауи «әл-Мәжму'» (1/63), Ибн әл-Қайим (2/361) және әл-Фуләни (100-бет).

<sup>39</sup> Бұл риуаятты Абу Ну'айм «Хилят әл-Әулия» еңбегінде көлтіреді.  
<sup>40</sup> Ән-Нәуауи «әл-Мәжму'та» (1/63), Ша'rани (1/57), әл-Хаким мен әл-Бәйнақина, және әл-  
Фуләните (107-бет) сілтеме жасап көлтіреді: Әш-Ша'rани былай деген: «Ибн  
Хазм: «Яғни хадистің сахихтығын ол анықтады ма, әлде басқа имам  
ба – бәрі бір», - деген».

Мен (яғни шейх әл-Әлбани – Аудармашының ескертпесі)  
былай деп айтамын: Оның келесі айтқан сөзі (№5 – Аудармашының

ескертпесі) осы сөздердің мағынасын түсіндіреді. Қысқа баянда масында имам ән-Нәуауи, Аллаһ оған рақым етсін, былай деген: «Біздің серіктеміз тасуиб (яғни таң намазының азаны шақырылғанда «Әс-саләту хайрун мин-ән-наұм» («Намаз үйқыдан қайырлы») деген сөздерді айтуда) мәселесінде, ауруға байланысты ихрамнан шығу шарттарына қатысты мәселеде, сондай-ақ мазһабтың кітаптарындағы басқа да белгілі мәселелерде осы (айтылғанға) сәйкес амал ететін. (Әш-Шәфи' идің айтқанына емес,) хадиске негізделіп пәтуа шығаратын серіктемізден Абу Йакуб әл-Бууайти және Абул-Касим әд-Даріки болатын. Ал біздің мұхаддистерден осылай істейтіндердің қатарында имам Абу Бакр әл-Бәйінәқи және басқа да (хадис білгірлері) бар еді. Бізден бұрын өмір сүрген біздің пікірлестеріміз егер қандай да мәселеге жолықса, әрі егер осы мәселеге қатысты хадис бар болатын болса, ал әш-Шәфи' идің пікірі (мазһабы) оған қайшы келсе, онда олар сол хадиске сәйкес амал ететін және соның негізінде өз пәтуаларын шығарып: «Әш-Шәфи' идің мазһабы осы хадис қандай болса, туралың!», - деп айтатын. Шейх Абу Амр (ибн ас-Сәлах) былай деген: «Шәфи' и мазһабын ұстануышының кез-келгені, өзінің мазһабымен бірікпейтін хадис тапса, ол ижтиһад шартарын жалпы түрде немесе осы мәселеге ғана қатысты орындарды ма – осыны талдайтын. Өйткені соңғы жағдайда ол (кімге болсын) тәуелсіз түрде осы хадиске амал ете алатын. Ал егер ол оларды орындаған болса, алайда содан соң жүргізген зерттеулерден кейін оған осы хадиске қарама-қайшы амал ету ауыр болатын болса, ол өзінің осы хадиспен қайшы келетініне сенімді ақтау іздемейтін, әрі егер әш-Шәф' иден басқа бір тәуелсіз имам осы хадиске сәйкес амал еткен болса, оған тек осы хадиске сәйкес амал ету ғана қалатын. Сонымен, осы ол үшін аталған мәселеге бойынша өз мазһабын қалдырудың орынды себебі болатын». Абу Амр айтқан нәрселер дұрыс әрі бескілген. Ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі!».

5. «Сіз<sup>41</sup> маган қараганда хадистер туралы көбірек білесіз. Сондықтан да егер хадис сенімді

Мен (ягни шейх әл-Әлбани – *Аудармашының ескертпесі*) былай деймін: Ибн Сәлах жоғарыда келтірілген сөздерде атап кетпеген басқа да жағдаят бар: ал егер адам осы хадиске сәйкес амал ететін адамды таппаса ше? Бұл сұраққа Тақий әл-Дин әс-Субқи өзінің «Мә'на Қауул әш-Шәфи'и әл-Матләби «Иза сахха л-хадис фа-һууа мазхаби» (Әш-Шәфи'идің «Егер хадис сахих болса, онда сол менің мазхабым» деген сөздері талап ететін нәрселердің мағынасы) атты зерттеуінде (3-т., 102-бет) былай деп жауап берген: «Мен үшін ең бастысы - хадиске ілесу (иттиба'). Адам Пайғамбардың ﷺ алдында тұрганын әрі қазір ғана одан (қандай да бір) хадис естігенін елестетуі керек. (Мұндай жағдайда) ол осы хадиске амал етпей, асықпаушылық танытып тұра берер ме еді? Аллаһпен ант етемін, жоқ...., әрі әрбір адам өзінің түсінуіне сәйкес жауапкершілікке тартылады».

Бұл зерттеудің соңы және талқылауы (Ибн әл-Қайимнің «И'ләм әл-Мууаққи'ин» (2-т., 320 және 370-беттерінде), сондай-ақ әл-Фуләнидің «Иқазу химам улюл-абсар, ли-л-иқтида' би саййид әл-мухажирин уә-л-ансар, уа тахзирухум 'ан әл-ибтида' әш-шә'и' фи-л кура уа-л-амсар, мин тақлид әл-мазахиб ма'а-л-хамийя уә-л-асабийя байна фуқаһа' әл-а'сар» («Алғырлардың ынтасын мухажирлер мен ансарлардың мырзасына ілесуге ояту және оларды қазіргі заман фақиһтерінің пікірлеріне соқыр түрде еліктеудің себебімен қалалар мен елді мекендерде таралған діни жаңалықтардан сақтандыру») атты еңбегінде бар. Осы тақырыпқа қатысты айтар болсақ, бұл кітап бірегей, әрі ақиқатты сүйетін әрбір адам оның мазмұнын түсінуге және ой елегенінен өткізуғе тырысып, оны оқып-зерттеуі керек.

41 Ахмад ибн Ҳәнбалға, Аллаһ оны рақым етсін, айтып тұр.

болса, маган ол туралы: ол Күфадан, Басрадан немесе Шамнан болса да - мен оған, егер ол сенімді болса, сілтеме жасауым үшін, хабарлаңыз»<sup>42</sup>.

6. «Егер кез келген маселе бойынша менің айтқанымның Аллаһтың Елисінен  жеткен сенімді хабарга сәйкес келмеуі байқалса, әрі бұл хадис білгірлері тарапынан анықталса, онда мен өз

42 Ибн Аби Хатим «әл-Әдаб әш-Шәфи’и» (94-95-беттер), Абу Ну’айм «Хилят әл-Өулия» (9/106), Әл-Хатиб «әл-Ихтижаж би әш-Шәфи’и» (8/1), Ибн’Асакир (15/9/1), Ибн Абд әл-Бәрр «әл-Интиқа’» (75-бет), Ибн әл-Жәузи «әл-Мәнақиб әл-имам Ахмад» (499-бет) және әл-Харауи (2/47/2) үш тізбек арқылы Абдуллаһ ибн Ахмад ибн Ҳәнбалдан, оның әкесінен, ол оны оған әш-Шәфи’и айтқанын жеткізген. Демек, бұл – Әш-Шәфи’иден жеткен сенімді хабар. Сол себепті де Ибн әл-Кайим «Иләмда» (2/325), әл-Фулен де «Иқазда» (152-бет) бұл сөздерді оған (әш-Шәфи’иге) тиісті деп айтқан, кейін былай деген: «Әл-Бәйнақи былай деп жеткізген: «Дәл осы себепті ол (әш-Шәфи’и) хадистерді жиі пайдаланатыны соншалықты – тіпті Хижжаздың, Шамның, Йеменнің және Ирактың адамдарынан білім алатын. Егер оған өзі өмір сүрген аймақтағы адамдардың мазhabынан ерекшеленетін ақиқат айқын болса, олардың мазhabына сенім артпастан және аландамастан, сенімді деп тапқанының барлығын қабылдайтын. Одан бұрын өмір сүргендердің кейбіреулері өздері өмір сүрген аймақтағы мазhabтың адамдары басшылыққа алатын нәрселермен шектелетін, тіпті оған қайшы келетін нәрселердің сенімділігін растауға тырыспайтын. Біздің барлығымызды Аллаһ кешірсін!»

айтқандарымнан бас тартамын, мейлі бұл менің тірі кезімде, мейлі өлгенімнен кейін болсын»<sup>43</sup>.

7. «Егер сендер менің Пайғамбардың ﷺ сөздеріне және істеріне қайшы келетін бір нәрсе айтқанымды көрсөңдер, онда менің ақылымның кеткенін біліңдер»<sup>44</sup>.

8. «Менің айтқандарымның қайсысы болмасын Аллаһтың Елшісінен ﷺ жеткен хадисте сенімді түрде бекітілген нәрселерге қайшы келсе, онда Пайғамбардың хадисі маңыздырақ, ал менің айтқандарыма ілеспендер!»<sup>45</sup>

9. «Пайғамбардан ﷺ жеткен әрбір хадис — бұл менің де тұжырымым, тіпті сендер оны менен естімесеңдер де»<sup>46</sup>.

43 Абу Ну'айм (9/107), әл-Харауи (47/1), Ибн әл-Қайим «И'lәм әл-Муакқи'ин» (2/363) және әл-Фуләни (104-бет).

44 Ибн Әбі Хатим «әл-Әдаб» (93-бет), Абул Қасым Самарканди «әл-Әмалиде» Абул Ҳафс әл-Муаддағ (234/1) келтірген үзінді сөз ретінде, Абу Ну'айм (9/106), Ибн 'Асакир (15/10/1) жеткізушилердің сенімді тізбектері арқылы.

45 Ибн Әбі Хатим, Абу Ну'айм және Ибн 'Асакир (15/9/2).

46 Ибн Әбі Хатим (93-94-беттер).

## Имам Ахмад ибн Хәнбал (Аллаһ оны рақым етсін)

Имам Ахмад басқа имамдарға қарағанда көбірек Сұннетті жинаумен айналысатынымен және оны үстанатын дәрежесі соншалықты – «тіпті өзінің құрамына дедукциялық қорытындылар (тафри‘) мен өз жеке пайдасын көздеген ой-тұжырымдарды (рай) қамтитын кітаптың жазылуына қарсы болғандығымен»<sup>47</sup> танылған. Сондықтан да ол былай деп айтатын:

1. «Маган да еліктеме (тақлид жасама), Мәликке де, әш-Шәфи‘иге де, әл-Әуза’иге де, әс-Сауриге де еліктеме (тақлид жасама), бірақ олар алатын көзден ал!»<sup>48</sup> Осы айтылған сөздің басқа бір нұсқасында былай деп хабарланады: «Өз имандарыңда олардың ешқайсысына еліктеу (тақлид) жасамаңдар! Пайгамбар ﷺ мен оның сахабаларынан жеткенді алыңдар; ал олардан соң адамға оларға қатысты таңдау мүмкіндігі

47 Ибн әл-Жәузи «әл-Мәнақиб» (192-бет).

48 Әл-Фуләни (113-бет) және Ибн әл-Қайим «Иләм» (2/302).

берілген табигиндер (олардың ізбасарлары) келеді». Бірде ол былай деді: «Ілесудің (әл-іттиба` ) мәні адам Пайгамбардан ﷺ және оның сахабаларынан жеткен нәрсеге ілесуінде, ал олардың ізбасарларына (табигиндерге) қатысты оның таңдау құқығы бар»<sup>49</sup>.

2. «Әл-Әүза'идің пікірі, Мәліктің пікірі, Абу Ханифаның пікірі — мұның барлығы пікір гана, әрі олардың әрбірі мен үшін бірдей, ал дәлел - Пайгамбардан ﷺ жеткен хадистерде»<sup>50</sup>.

3. «Егер біреу Аллаһтың Елисінің ﷺ хадисін қайтарып жатса, ол опат болудың ернеуінде тұр»<sup>51</sup>.

Имамдардың (Аллаһ оларды рақым етсін) хадистерге ілесуге қатысты айтқан айқын, дәлелді, өзге түсіндірмелері мен бұрмалаулаты жоқ сөздері осындай. Олардың барлығы салмақты негіздерге ие болмай өздеріне соқыр түрде еліктеуге тыйым салатын. Соңдықтан кім

49 Абу Дәуд және «Мәса'ил әл-имам Ахмад» (276-277-беттер).

50 Ибн Абд әл-Бәрр «Жәми' Бәйан әл-'Илм уа Фәдлих» (2/149).

51 Ибн әл-Жәзуи (182-бет).

Сұннетте сенімді түрде бекітілген нәрселердің барлығын ұстанса, тіпті ол осы орайда имамдардың кейбір нұсқауларына қайшы амал жасаса да, олардың мазһабтарын бұзбайды, олар көрсеткен жолдан таймайды. Тіпті, керісінше, мұндай адам ешқашан сынбайтын бекем тұтқадан ұстанып, олардың әрқайсысына ілескен (муттаби') болады. Ал сенімді түрде бекітілген Сұннеттен ол тек имамдардың нұсқауларына қайшы келгендейгі себепті ғана бас тартқан адамның жағдайы мұлде басқаша. Керісінше, дәл осындағы адам оларға қарсы шығып, олардың жоғарыда келтірілген сөздеріне қайшы келген болады. Аллаh Тағала:

فَلَا وَرَبِّكَ لَا يُؤْمِنُونَ حَتَّىٰ يُحَكِّمُوكُ فِيمَا شَجَرَ بَيْنَهُمْ ثُمَّ لَا  
يَجِدُوا فِي أَنفُسِهِمْ حَرْجاً مَا قَضَيْتُ وَيُسَلِّمُوا تَسْلِيْمًا (النساء:6)

«(Мухаммад) Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылып, содан соң берген билігіңнен көңілдерінде ақау таптай толық бой ұсынғанға дейін мүмін бола алмайды» («ән-Ниса» сүресі, 65-аят), - деген.

Аллаh Тағала сондай-ақ былай деді:

**فَلَا يَحِذِّرُ الَّذِينَ يَخْالِفُونَ عَنْ أَمْرِهِ أَنْ تُصِيبَهُمْ فَتْنَةٌ أَوْ يُصِيبَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ (النور: 63)**

«Сондықтан оның әміріне қарсы келгендер өздеріне бір апат жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын» («ән-Нур» сүресі, 63-аят).

Хафиз Ибн Ражаб әл-Хәнбали (Аллаh оны рақым етсін) былай деп айтқан: «Пайгамбардың ﷺ қандай да бір бұйрығы немесе оның әдеті жеткен әрбір адам, ол туралы оның үмметіне хабарлауы, оларды ықыласты түрде насиҳаттауы, оның әміріне ілесу қажет екендігін бұйыруы керек, тіпті бұл біреудің беделді пікіріне қайши келсе де. Ақиқатында, Пайгамбардың ﷺ әмірі іс-әрекеті немесе қандай да бір амалы кейбір мәселелерде Пайгамбардың ﷺ әмірлеріне түсінбестіктің себебімен қайши келген кез келген ықпал иесінің пікіріне қараганда ұлықтауга және еліктеуге лайықтырақ. Сондықтан да Пайгамбардың ﷺ сахабалары мен олардың ізбасарлары сенімді Сұннетке қайши іс-әрекет жасайтын әрбір

адамды төріске шығаратын. Кей жағдайда олар мұны едәуір қатал түрде орындаған шығар<sup>52</sup>, бірақ

<sup>52</sup> Мен (яғни шейх әл-Әлбани – Аудармашының ескертпесі) былай деп айтамын: тіпті өздерінің әкелеріне және ғалымдарға қатысты да, бұл туралы әт-Тахаи «Шарх Ма'ани әл-Асар да» (1/372) және Абу Йа'лә өзінің «Мұснад» (3/1317) еңбегінде жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы Сәлим ибн Абдуллаһ ибн Омардан былай деп баяндағанын жеткізгендей: «Бірде мен Ибн Омармен бірге мешітте отырганымда, оған Шамның бір адамы келіп, қажылықтан бұрын умра жасау (әт-таматтуғ қажылығы) туралы сұрақ қойды. Ибн Омар: «Бұл жақсы және тамаша іс», - деп жауап берді. Әлгі адам: «Тіпті сенің әкен (Омар ибн әл-Хаттаб) бұған тыйым салған болса да ма?» - деді. Ибн Омар: «Саган қасірет келсін! Егер менің әкем Аллаһтың Елшісі ғана істеген және өзгелерге істеге бұйырган нәрсені істеге тыйым салса, сен менің әкеме мойынсұнасың ба, алде Аллаһтың Елшісіне ме ?!», - деді. Әлгі адам: «Аллаһ Елшісіңің ғәміріне», - деп жауап берді. Сонда Ибн Омар: «Болды, енді бара бер», - деді». Осы хабарды Ахмад (5700) және әт-Тирмизи жеткізген соңғысы оны сенімді деп айтқан. Түсінірмелеңдерде Омар, сондай-ақ Осман (оларға Аллаһ разы болсын) «әл-ифрад қажылығын» «әт-таматтуғ қажылығына» қаралғанда (едәуір) абзалақрақ деп санағандығы келтірілген (Аудармашының ескертпесі). Толығырақ мына дереккөздерге қараңыз: «Сахих әл-Бухари» (ықшамдалған мазмұндамасы), № 732 және № 741 хадистер сондай-ақ оларға берілген ескертпелер.

Ибн 'Асакир (7/51/1) де Ибн Әбі Зи'бтандының жеткізген: «Са'д ибн Ибраһим (Пайғамбардың ғана атақты сахабасы – Абдурахман ибн Ауфтың баласы) Рағи'а ибн Абу Абдурахманың пікіріне <sup>негіздеіп</sup>, бір адамға қатысты шешім шығарған болатын. әл мен (Ибн Әбі Зи'б) оның шығарған шешіміне қайши келетін Пайғамбардың ғана хадисін келтірдім. (Сонда) Са'д Рағи'ага: «Бұл – Әбі Зи'б, әрі мен оны лайықты хадис жеткізушиңі деп санаймын. Ол Пайғамбардан ғана менің шешіміме қайши келетін нәрсені хабарлады», - деді. Рағи'а оған:

мұндаидардың жеке ұнатпагандықтары себепті емес, өйткені олар оны жақсы көретін және құрметтейтін, (бірақ) олар Аллаһтың Елшісін қартигырақ сүйгендері себепті және оның бұйрығы олар үшін басқа кез келген адамның бұйрығынан жогары болғандықтан (солай істейтін). Сондықтан да Аллаһ Елшісінің әмірлері мен басқа біреудің әмірлері өзара қайшылыққа түссе, әрине, Аллаһ Елшісінің әмірлеріне ілесу керек. Алайда бұл нәрсе (жеке) пікірі (ижтиһады – аудармашыдан (қаз.)) Пайгамбарға қайши келетін адамға құрметпен қарауга кедергі болмайды, өйткені бұл адам өзінің кешірілетінін білді<sup>53</sup>. Іс жүзінде мұндаидар адам өзінің Сұннетке

«Сен ижтихад жасадың, ері сенің шешімің шығып қойды», - деді. 'Бұган Са'д: «Кандай таңқаларлық нәрсе! Мен Аллаһ Елшісінің қаулысын емес, Са'дтың шешесінің баласы Са'дтың қаулысын орындан тұрмын! Жоқ, мен Са'дтың шешесінің баласы Са'дтың қаулысынан бас тартамын да, Аллаһ Елшісінің қаулысын орындаимын», - деп дауыстап жіберді. Кейін Са'д оған жазбаша түрде рәсімделген шешімді алып келуді бұйырды да, жазылған нәрсені жыртып тастады және жаңа қаулы шыгарды».

<sup>53</sup>Іс жүзінде ол тіпті сауап алады, өйткені Пайгамбар ғылай деп айтқан: «Егер үкім етуши (би, сом) ыжадағаттылық танытып (ижтиһад жасап) қаулы шыгарса, және оның пікірі дұрыс (Аллаһтың және Оның Елшісінің шешіміне сәйкес) болып шықса, онда оған еki

қайшы келетін пікіріне өзгелердің ілесуін тоқтатуға қарсы да болмас еді, егер осы мәселеге қатысты Аллаһтың Елшісінің  тиісті бұйрығы болған болса»<sup>54</sup>.

Ақиқатында, олар, бұл туралы жоғарыда айтылып кеткендей, ізбасарларын осыған үндеген болса және өздерінің көзқарастары Сұннетке қайшы келген тұста олардан бас тартуға шақырған болса, ендеشه қалайша осыған қарсы болар еді. Имам әш-Шәфи’и, мысалы, ізбасарларына (өзі туралы:) «Ол сахих Сұннетті ұстанады», - деп есептеуді бұйырған еді, тіпті ол (кейбір мәселелерде) оған ілеспеген немесе Сұннетке қайшы келетін қандай да бір нәрселерге ілескен болса да. Міне сондықтан да атақты талдаушы Ибн Дақиқ әл-Ид (Аллах оны рақым етсін) бір немесе (барлық) төрт

*саяп тиісті. Ал егер ол ыждагаттылық танытып үкім етсе, және қателессе, онда оған бір саяп тиісті»* (Бұл хадис әл-Бұхари дін және Мұслимнің «Сахих» жинақтарында сондай-ақ басқа да жинақтарда келтірілген).

<sup>54</sup> «Иқаз әл-Химам» (93-бет) еңбегіне жазылған ескертпелерде келтірілген.

имамның мазһабтары сенімді (сахих) хадистерден ерекшеленетін мәселелерді жеке көлемді кітапқа жинақтағанда, оның алғысөзінде былай деп жазған болатын: «Бұл жауаптардың барлығын мұжтаһид имамдарға телуге қатаң тыйым салынған (харам); осы имамдарға соқыр түрде ілесетін құқықтанушылар (фәқиһтер) бұл мәселелерде оларға жүгініп, сонысымен оларға өтірік жапсырмаулары үшін, бұл туралы білуге тиісті»<sup>55</sup>.

### **Сұннетке ілесу үшін өз имамдарының кейбір айтқан нәрселеріне ілесуден бас тарту**

Жоғарыда айтылғандардардың барлығына орай имамдарға дұрыс ілесу (иттиба') өздерінің имамдарының айтқандарының барлығын түгел сөзсіз қабылдай бермей, олар Сұннетке қайшы келетіні анықталып жатса, олардың көбін тәрк

55 Әл-Фуләни (99-бет).

ететін «алғашқы буынның (сәлафтардың) көпшілігінің және кейінгілердің (халәфтардың) кейбіреулерінің ғана»<sup>56</sup> үлесіне тиді. Тіпті екі имам да — Мұхаммад ибн әл-Хасан және Абу Йусуф (Аллаһ оларды рақым етсін) — өздерінің ұстазы Абу Ханифаның нұсқауларына «оның мазһабының шамамен үштен бір бөлігінде»<sup>57</sup> қарсы болған, бұл туралы екініші кезекті мәселелер (*фуру'*) қаралатын көптеген кітаптарда түсіндірілетініндей.

Тура осыны имам әл-Музани<sup>58</sup> және имам әш-Шәфи'идің өзге де ізбасарлары туралы,

<sup>56</sup> «Әл-Уақіға» сүресінің 13-14 аяттарымен салыстырыныз.

<sup>57</sup> Ибн Абидин «әл-Хашійя» (1/62) және әл-Газалиден оның дереккөзіне «ән-Нағиға' әл-Кәбірде» нұсқаған әл-Лукнауи.

Мысалы, Ресей Фылым Академиясы Шығыстану Институтының Санкт-Петербургтегі филиалы 2001 жылы басып шығарған Абу Йусуфтың орыс тіліне аударылған «Китаб әл-Хараж» (Мұсылмандық салық жүйесі) кітабында Абу Йусуфтың пікірі оның ұстаздары Абу Ханифа мен Ибн Абі Ләйләнің пікірлеріне немесе олардың біреуінің пікіріне қайшы келетін. Мәселен, «Китаб әл-Хараждың» авторы мұндай келіспеушіліктерін «Ал мен, Абу Йусуф, былай деп айтамын...», «Мен, Абу Йусуф, былай деп есептеймін...» деген және басқа да сол сияқты сөздерімен білдіреді (Аудармашының ескертпесі).

<sup>58</sup> Өзінің «(Имам) әш-Шәфи'идің Фиқына қысқаша шолу» деген кітабының кіріспесінде оның өзі мыналарды нұсқап айтады:

сондай-ақ басқа имамдардың ізбасарлары туралы да (Аллаh оларды рақым етсін) айтуга болады. Егер біз өзіміздің осы тұжырымымызға дәлелдер келтірер болсақ, бұл көп орынды алады, әрі біз осы кітапқа жазылған алғысөзде қойылған мақсаттың шеңберінен тыс шығып кетеміз. Сондықтан да екі мысалмен ғана шектелейік:

1. Имам Мухаммад өзінің «әл-Мууатта<sup>59</sup>» (158-бет) кітабында былай деп жазады: «*Абу Ханифага (Аллаh оны рақым етсін) қатысты айтар болсақ, ол жаңбыр сурau намазы бар деп есептемейтін, ал біздің пікірімізше, имам адамдармен бірге екі ракагат (намазды) орындалап,*

*«Бұл кітап – Мұхаммад ибн Идрис аш-Шәфи'и дің (Аллаh оны рақым етсін) білімінің жиынтығы, әрі (Имам) өзінің немесе кімнің болса да пікіріне ілесуге тыйым салғандығын ұмытпастан, оны түсініп ұғынууды қалайтын адамга көмектесу үшін (жазылған) оның айтқан сөздерінің түсіндірмесі болып табылады, өйткені мұндай адам бар ыждағатымен өзінің дінін онымен салыстыруы үшін».*

<sup>59</sup> Ол онда өзінің имамымен (Абу Ханифа мен) шамамен <sup>20</sup> құқықтық мәселелер бойынша келіспеушілігін келтірген (№ 42, 44, 103, 120, 158, 169, 172, 173, 228, 230, 240, 244, 274, 275, 284, 314, 331, 338, 355, 356 - «Та'лик ал-Мумажид 'алә Мууатта' Мұхаммад» кітабы бойынша келтіріледі («Имам Мұхаммад ТЫН «әл-Мууатта» еңбегіне жазылған маңызды ескертпелер»).

кеін дұға етуі және (сыртқы) киімін басқаша киюі керек<sup>60</sup>...».

2. Имам Мухаммадтың<sup>61</sup> серіктерінің бірі және имам Абу Йусуфтың ізбасары<sup>62</sup> болған Исам ибн Йусуф әл-Бәлхи «Абу Ханифаның (сөздеріне) көп жағдайда қайшы келетін пәтуалар шығаратын, өйткені оған оның өзі соларға негізделіп пәтуалар шығаратын өзге дәлелдер ұсынылған кезде, оның дәлелдері туралы білмейтін»<sup>63</sup>. Сондықтан да «рукуғ жасаудан бұрын және одан бой түзегендे ол

<sup>60</sup> Яғни астарын үстіне қаратып, теріс аударып, нәтижесінде киімнің оң жағы сол жаққа, ал сол жағы оң жаққа ауысатындағы етіп киу (Аудармашының ескертпесі). Толығырақ әл-Бухари дің «Сахиҳын» (ықшамдалған нұскасын), «Жаңбыр сұрау намазы туралы Кітапты», № 503 және № 509 хадистерді қараңыз (Аудармашының ескертпесі).

<sup>61</sup> Ибн 'Абидин «әл-Хашійат» (1/74) және «Расм әл-Муфти» (1/17) кітаптарында оны солардың қатарында атап өтті. Кураши оны «әл-Жәуахир әл-Мәдійіә фи Табакат әл-Ханафија» (347) кітабында атап, ол туралы былай деген: «Ол сенімді хадис жеткізушісі болып табылады. Ол және оның бауыры Ибраһим өз кезінде әл-Ханафија екі шейхы болған».

<sup>62</sup> «Әл-Фәуа'ид әл-Бәхійә фи Таражум әл-Ханафија» (116-бет).

<sup>63</sup> «Әл-Бәхр әр-Ра'ик» (6/93) және «Расм әл-Муфти» (1/28).

қолдарын (иық тұсына дейін<sup>64</sup>) көтеретін»<sup>65</sup>, бұл туралы Пайғамбардың ﷺ Сұннеті болып

64 Қз.: мысалы, әл-Бухари «Сахих» (ЫҚШАМДАЛҒАН НҰСҚАСЫ), № 390 хадис (Аудармашының ескертпесі).

65 «Әл-Фәүа'ид әл-Бәхийә фи Таражум әл-Ханафийә» (116). Әрі қарай «әл-Фәүа'ид ТІҢ» авторы келесі ескертпені қосады: «Бұл хабардан Мәкхулдің Абу Ханифа: «Кім намазда қолын көтерсе, намазын опат етті», - деп айтқандығы туралы әнгімесі өтірік деп қорытынды шығаруға болады. Осы (Абу Ханифа) жаған жапсырылған) сөзбен Жоғары Хатшы әл-Иткани адастырылған болатын бұған оның өмірбаянында нұсқалатыныңдай. Ал Абу Йусуфтың жанынан кетпей жүретін 'Исам бин Йусуп (намаз кезінде) қолдарын көтеретін, сондықтан да егер (имам Абу Ханифаның) жоғарыда аталып кеткен сөздері қандай да бір негізге ие болғанда, онда олар туралы Абу Йусуфқа және 'Исамға белгілі болар еді. Сондай-ақ егер ханафи мазһабын ұстанатын адам белгілі бір мәселе бойынша (өзінің мазһабына) қайшы келетін (Сұннеттен) келген күәліктің күшті болуы себепті өз имамының мазһабын тастаса, ол тақлид шеңберінен шығып кетпейтінін де айту қажет. Керісінше, бұл (соқыр) тақлидтен бас тарту үлгісіндегі дұрыс (ойға қонымды) тақлид болар еді. Сіз 'Исам бин Йусуп Абу Ханифаның (намазда) қол көтермеуге қатысты пікірін (мазһабын) тастағанын көрмейсіз бе, әрі осы тұста Мен біздің ол ханафи мазһабын ұстанушы болып қала береді. заманымыздың адамдары үстінен, олар мазһабтарына қайшы келетін (Сұннеттен келген) дәлелдердің күштілігі себепті белгілі бір мәселе бойынша өз имамдарына еліктеуден (тақлид жасаудан) бас тартатын кез келген адамға сөгіс білдіретіні және оны мұнданай адамды имамының ізбасарларының қатарынан өшіретіні үшін, Аллаһқа шағымданамын! Бұл қарапайым адамдардан шығып жатса – таң қаларлық нәрсе емес, алайда бұл өздерін ғалымдарға

табылатын көптеген жолдармен жеткізілген (мутауатир) сенімді (сахих) хадистерде хабарланатыныңдай. Әрі үш имам (Абу Ханифа, Абу Йусуф және Мухаммад) бұған қатысты өзге пікірде болса да, ол бұған тыйым салмайтын. Жоғарыда айттылып кеткендей, әрбір мұсылман адам төрт имамның және өзге де беделді дін білгірлерінің (ғалымдардың) айтқандарына ілесіп, осылай етуі керек.

Сөзімді қорыта келе, мен, ақиқатында, еліктеушілердің (муқаллидтердің) ешқайсысы бұл кітапта келтірілген Пайғамбардың ﷺ сұннетеріне қатысты пайдалар олардың мазһабына қайшы келетіндіктен ғана олардан бас тартып, кітаптың ұстанымдарын айыптауға жабылмайтын шығар деп ықыласты түрде үміт етемін. Әрі мұндай адам, керісінше, имамдардың Сұннетке сәйкес амал ету

ұқсататын, бірақ өздері (осы адамдардың) ізінен мал сияқты еретіндерден шығатыны – таң қалдырады!».

Аудармашының ескертпесі: Толығырақ № 3 Қосымшаны № 2  
хадиске берілген түсіндірмені қараныз:

жөніндегі және олардың көзқарастары Сұннетке қайшы келсе, олардан бас тарту керек екендігі жайындағы біз жоғарыда келтірген насиҳаттарын әділ көзқараспен қарап шығады деп үміттенемін. Соңдай-ақ бұл адам мұндаидай әдіснаманы сөгу (*машраб*) өзі соларға осылайша еліктейтін кез келген имамды сөгумен бірдей екенін де білсін, өйткені, мұны біз жоғарыда түсіндіріліп өткендей, ақиқатында, біз бұл әдіснаманы имамдардың өздерінен алдық. Ал кім осы жолда оларға ілесуден бас тартса, сол өзін үлкен қауіпке салады, өйткені бұлай істей арқылы ол Сұннеттен бет бұрган болады.

Өйткені Аллаh Тағала:

فلا وربك لا يؤمنون حتى يحکموك فيما شجر بينهم ثم لا  
يجدوا في أنفسهم حرجا مما قضيت ويسلموا تسليما (النساء  
(65:

«(Мұхаммад) Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылышп, содан соң берген билігінен көңілдерінде ақау таптай толық бой ұсынғанға дейін мүмін бола алмайды» («ән-Ниса» сүресі, 65-аят), - деп

айтқандай, өзара келіс алмаған жағдайда біз Сүннетке қайтып, соны басшылыққа алуымыз керек.

Аллаһ Тағаладан бізді Ол:

إِنَّمَا كَانَ قَوْلُ الْمُؤْمِنِينَ إِذَا دُعُوا إِلَى اللَّهِ وَرَسُولِهِ لِيَحْكُمْ بَيْنَهُمْ  
أَن يَقُولُوا سَمِعْنَا وَأَطَعْنَا

وَأُولَئِكَ هُمُ الْمُفْلِحُونَ . وَمَن يَطِعُ اللَّهَ وَرَسُولَهُ وَيَخْشَى اللَّهَ وَيَتَقَبَّلُهُ  
فَأُولَئِكَ هُمُ الْفَائِزُونَ

(النور: 51-52)

«Шын мәнінде, мұміндер Аллаһқа және Оның Елшісіне, араларына үкім беруге шақырылғанда, олардың сөздері: "Естідік те, бой ұсындық!" , - деу болады. Міне бұлар құтылушилар. Кімде-кім Аллаһқа және Оның Елшісіне бағынса, сондай-ақ Аллаһтан қорқып, сақтанса, міне солар жетістікке жетеді» («ән-Нур» сүресі, 51-52-аяттар), - деп сипаттағандардан етуін сұраймын.

Дамаск,

13 жумада әл-ахира,

h.1370 ж. (21.03.1951)

## **Күмәндар және оларға жауап**

Жоғарыда баяндалғанның барлығы мен бұдан он жыл бұрын осы кітаптың кіріспесінде жазған нәрселерім болып табылады. Осы өткен уақыт ішінде сөздеріміз иманды жастарға игі әсер еткені, олардың діндері мен құлшылықтарында Исламның саф (кіршіксіз) дереккөздері болған Құран мен Сұннетке қайтудың қажеттілігіне жол көрсеткені бізге белгілі болды. Нәтижесінде олардың арасында, Аллаһқа (осы үшін) мақтау-мадақтар болсын, Сұннетке амал етіп, құлшылықтарын Сұннетке негіздеушілер көбейіп, осы арқылы танымал болып кеткендері де бар. Десек те, олардың (жастардың) кейбірінен Сұннетке сәйкес амал жасаудан шегінгенін байқадым. Алайда олар өздеріне келтірілген дәлелдер мен имамдардың

сөздерінен кейін осының уәжіп екендігіне деген күмәндары себепті емес, бірақ муқаллид (соқыр ілесуші) ұстаздарынан естіген күмәндары себепті іркіліп қалған секілді. Сондықтан да мен аталған күмәндардың арқайсысына жеке тоқтап, оларды теріске шығаруды жөн көрдім. Осы нәрсе көпшілік адамдарды Сұннетке амал жасаушылармен бірге Сұннетті орындауға және Аллаһтың қалауымен «Құтылған топ» (әл-Фирқа ән-нәжийя) қатарында болуға ынталандыруы үшін.

### **Бірінші күмән**

Олардың кейбіреулері былай дейді: «Әрине, діни істерімізде, әсіресе, ешкімнің де көзқарасына, не ижтиһадына жол берілмейтін намаз сияқты бекітілген құлшылықтарда, Пайғамбарымыздың ﷺ жолына қайту уәжіп, өйткені біздің құлшылықтарымыз Аллаh тарапынан түсірілген. Алайда біз муқаллид (соқыр ілесуші) шейхтардан олардың осыны бұйыратындарын өте сирек байқаймыз. Іс

жүзінде біз олардың ихтиләфты<sup>66</sup> құптайтынын әрі оны осы үммет үшін икемділік (таусия) деп айтатынын естіміз. Олар осындаі сәттерде Сұннет жақтастарына қарсы жиі қайталайтын «Үмметімнің келіспеуі (яғни әртүрлі пікірде болуы) — (Аллаһтан түскен) мейірім» деген хадисті өз ұстанымдарына дәлел ретінде келтіреді. Олар бізге бұл хадистің сіз шақыратын және соған негізделіп осы және де басқа кітаптарды құрастырған жолға (манһажға) қайшы келетіндігін айтады. Енді осы хадиске қатысты не айтасыз?»

**Бұл сұраққа екі жауап беруге болады:**

### **Бірінші жауап**

Хадис сахих (сенімді) емес. Бұдан қалса, ол – өтірік және негіzsіз. Әс-Субки деген ғалым: «Мен бұл хадистің сенімді де (сахих), әлсіз де (да'иф), ойдан шығарылған өтірік те (мәудү')

<sup>66</sup> Арабтың «ихтиләф» сөзі «ажырату», «бірікпеу», «келіспеушілік», «қарама-қайшылық», «тартыс» дегенді білдіреді (Аудармашының ескертпесі).

тізбегін көрген емеспін (яғни бұл «хадисте» жеткізіушілер тізбегі мүлде жоқ – Аудармашының ескертпесі)», - деген. Бұл хадистің мынандай ләфзben (сөзбе-сөз) риуаят етілген (нұсқалары бар): «*Сахабаларымның келіспеушілігі (әртүрлі пікірді ұстануы) сендер үшін мейірім, - және, - Сахабаларым жүлдемдер (іспетті). Олардың қайсысын үлгі тұтсаңыз, тұра жол табасындар*». Бұл хадистердің екеуі де сенімді (сахих) емес. Олардың біріншісі тым әлсіз, ал екіншісі - ойдан шығарылған (мәудү'). Мен бұған қатысты түйінді сөзімді «Силсилә әл-Әхадис әл-Да'ифа уәл-Мәудү'а» (кітабында) (№№ 58, 59, 61) айтып откенмін.

### Екінші жауап:

Бұл хадис Қасиетті Құранға қайшы келеді. Өйткені діндеңі қарама-қайшылықтарға тыйым салып, ауызбірлікті бұйыратын аяттар көпке танымал әрі еске салуды да қажет етпейді. Алайда олардың кейбіреуін мысал ретінде

келтірген пайдалы болады.. Аллаh Тағала былай деп бұйырған:

**وَلَا تَنَازَعُوا فَتَفْشِلُوا وَتَذَهَّبُ رِيحُكُمْ (الأنفال 46)**

«Тартыспандар, әйтпесе қорқып қаласындар да, күштерің кетіп қалады» («әл-Әнфәл» сүресі, 46-аят);

**وَلَا تَكُونُوا مِنَ الْمُشْرِكِينَ مِنَ الَّذِينَ فَرَقُوا دِينَهُمْ وَكَانُوا شَيْعَا كُلُّ حَزْبٍ بِمَا لَدِيهِمْ فَرَحُونَ (الرُّوم 31-32)**

«Діндерін бөліп, (түрлі) топтарға айналған мұшріктерден болмандар! Олардың әр тобы өздеріндегіге (өз жолына) мәз» («Рум» сүресі, 31-32-аяттар), - және:

**وَلَا يَرَالُونَ مُخْتَلِفِينَ إِلَّا مَنْ رَحِمَ رَبُّكَ ( هود 119 - 118 )**

«Олар үдайы талас-тартыста. Тек Аллаh мейіріміне бөлгендер ғана (ондай емес)» («Худ» сүресі, 118-119-аяттар).

Егер Раббымыздың мейіріміне бөлгендер келіспеушіліктерге түспейтін болса, ал өтірікті жақтаушылар оларға кірісетін

болса, онда қалайша келіспеушілікті мейірім деп атауға болмақ?

Сөйтіп, хадистің тізбек те, мәтін де жағынан сахих (сенімді) еместігі сенімді түрде анықталды. Сондықтанда (бізге) Кітап және Сұннет бойынша амал етуді тоқтату үшін осы хадисті басшылыққа алуға болмайтындығы айқын болады, ал оларға сәйкес амал жасауды бізге имамдардың (өздері) бұйырган.

### **Екінші күмән**

Басқалары: «Егер діндегі келіспеушілік тыйым салынған болса, онда сахабалар мен олардан кейінгі имамдардың ихтиләфы жөнінде не айтасыздар? Олардың келіспеушіліктері мен олардан кейін өмір сүргендердің келіспеушіліктері арасында айырмашылық бар ма?», - дейді.

### **Жауап:**

Әрине, бұл екі келіспеушіліктердің арасында үлкен айырмашылық бар. Ол екі

жақтан көрініс табады: 1) себебінен; 2) әсерінен (нәтижесінен).

I. Сахабалардың ихтиләфіна келсек, оның болмауы мүмкін емес еді және ол түсінудегі табиғи әртүрлілік болып табылатын: олар өзара келіспеушілікке өз еркімен түспейтін.

Бұдан тыс, олардың заманында олар арасындағы айырмашылықтарға келтіретін басқа да факторлар болатын, бірақ бұл факторлар олардың замандарынан кейін жойылып кетті<sup>67</sup>.

Ихтиләфтың мұндай түрінен түбегейлі құтылу мүмкін емес, әрі сөгіс білдіруге қажетті шарттардың - ал бұл келеіспеушіліктегі қасақаналық пен қасарысу - болмауы себепті оларды (сахабаларды) жоғарыда аталған

<sup>67</sup> Толығырақ Ибн Хазмның «Әл-Әхкам фи Усул әл-Әхкам», әл-Дәхлаудің «Хужжату Ллаһ әл-Бәлиға», сондай-ақ әл-Дәхлаудың мәселені арнайы қарастыратын «Иқд әл-Жид фи Әхкам әл-Ижтиһад уа-т-Тақлид» еңбектерін қараңыз.

. [«Силсилә әл-Әхадис әл-Да'ифа уәл-Мауду'а», 1-том. «Әл-Мәктаб әл-Ислами» басылымы].

аяттарда мензелетін айыпталатын адамдар санатына жатқызуға болмайды.

Алайда бүгінгі күні муқаллидтердің арасындағы орын алып жатқан келіспеушіліктер үшін үзір (ақталатын сұлтау) жок.

Олардың біреуіне Аллаһтың Кітабы мен Сұннеттен оның мазғабы емес, өзге біреу қолдайтын дәлел келтірші, ол бұл дәлел оның мазғабына сәйкес келмейтіндігі себепті ғана одан бет бұрады. Оның ұстанатын мазғабы - түпнегіз (әсл) немесе Мухаммадтың ﷺ әкелген діні, ал басқа мазғаб - күші жойылған басқа бір дін сияқты. Ал өзгелері бұған мұлдем қарама қайшы шектен шығушылыққа түседі де: «Бұл мазғабтар, өздерінің ауқымды қарама-қайшылықтарымен қоса түрлі занңдар (шарифаттар) іспетті», - деп санайды. Олардың кейінгілері<sup>68</sup>: «Мұсылман адам олардың қай-қайсысынан болсын (яғни мазғабтардан –

<sup>68</sup> К/з: әл-Манауи «Файдул-Қадир» (1/209) немесе «Силсилә әл-Әхадис әл-Да'иға уәл-Мауду'а» (1/76, 77).

аудармашының ескертпесі) қалаған нәрсесін алса да, қалаған нәрсесін тастаса да - мұның оқасы жоқ, өйткені олардың барлығы да шариғат!», - деп ашық айтты.

Осы адамдардың екі санаты да өздерінің жалғасып жатқан келіспеушіліктерін «Үмметімнің келіспеушілігі мейірім» деген жалған хадиспен ақтайды. Әрі біз олардың көбі осы хадисті дәлел ретінде қолданатынын жиі естіміз!

Олардың кейбіреулері бұл хадистің себебіне нұсқайды да: «Ақиқатында келіспеушілік - бұл мейірім, өйткені онда үммет үшін кеңшілік бар», - деп оны ардақтайды.

Бұл «себеп» Құранның жоғарыда келтірілген айқын аяттары мен имамдардың осыдан бұрын келтірілген сөздерінің мазмұнына қайшы келуімен қоса, кейбір имамдардың мұны жоққа шығаратын мәтіндік күәліктері де (насс) бар.

Ибн әл-Қасим: «Мен Мәлик пен әл-Ләйстің Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларының арасындағы келіспеушіліктері туралы: «Бұл – адамдардың: «Осыда қеншілік бар», - деп айттып жүрген нәрсесі емес. Жоқ, бұл олай емес, алайда мұның мәні (олардың кейбіреулері) қателескендерінде, ал (кейбіреулерінікі) дұрыс болғандығында», - деп айтқанын естігеммін». <sup>69</sup>

Әшіhab: «Бірде Мәликке сенімді адамдар Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабаларынан жеткізген сахих хадисті қабылдайтын адам туралы «Сіз осыда қандай да бір қеншілік көріп тұрсыз ба?» деген сұрақ қойылды. Ол: «Жоқ, Аллаһпен ант етемін, егер мұндай адам ақиқатқа қол жеткізгісі келсе. Ақиқат біреу ғана. Қарамақайшы екі сөздің (көзқарастың) екеуді де дұрыс болады ма еken? Ақиқат әрі дұрысы біреу ғана!», - деп жауап берді», - деген. <sup>70</sup>

Имам әш-Шәфи'идің пікірлесі әл-Музани былай деген: «Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары

<sup>69</sup> Ибн Абдул-Бәрр, «Жәми' Баян әл-'Илм», (2/81, 82).

<sup>70</sup> Сол жерде, (2/ 82, 88, 89).

шындығында да (кейбір мәселелер бойынша) келіспеушілікке түскен, әрі олардың біреулері басқаларының қателерін тапқан. Олардың кейбіреулері басқаларының айтқандарына (зейін қойып) қараған әрі оларды тексеріп отырған. Егер олардың барлық айтқан сөздері дұрыс болғанда, олар осылай істемес еді. Омар ибн әл-Хаттаб Убай ибн Кә'б пен Ибн Мәс'удтың арасында (екі адамның) бір көйлекпен намаз оқуы жөнінде келіспеушілік орын алған кезде ашуланды. Убай: «Бір көйлекпен намаз оқу дұрыс-ақ», - десе, Ибн Мәс'уд: «Ия, ақиқатында, бұл тек киім тапшылық кезде ғана осылай», - деді. Сонда Омар ашуланып шығып: «Аллаһ Елшісінің ﷺ адамдар оларға қарап, өнеге алатын екі сахабасының арасында келіспеушілік туындағаны ма?! Убай шындықты айтты, Ибн Мәс'уд та кемшілік жасамады. Бірақ бұдан кейін біреудің осы мәселе жөнінде

тартысатынын естісем, (былай және былай)  
етемін», - деді».<sup>71</sup>

Әл-Музани сондай-ақ былай деген:  
"Адамдардың арасында келіспеушіліктерді рұқсат етілген деп санап: «Екі ғалым қандай бір мәселе бойынша ижтихад жасап, бірі (ол туралы): «Хәлал», - ал басқасы: «Харам», - десе, олардың екеу де өз ижтиһадтарымен ақиқатқа жетті», - дейтін адам бар. Онда мұндай адамнан: «Сен осыны түпкі деректемеге (яғни Құран мен Сұннетке) негізделіп айтып тұрсың ба, әлде қияспен (ұқастық бойынша теңеумен) бе?», - деп сұрау қажет. Егер ол: «Түпкі деректемеге», - десе, онда оған: «Егер Құран келіспеушілікті теріске шыгарса, онда сенің сөздерің қалайша түпкі деректемеге негізделген бола алады?», - деп айту керек; ал егер ол: «Қиясқа», - десе, онда оған: «Егер түпкі деректеме келіспеушілікті жоққа шығарып тұрса, онда сенің қияспен пікір құруға негізделіп, келіспеушілік рұқсат етілген деп

<sup>71</sup> Сол жерде, (2/ 83-84).

айтуыға қандай негіз болуы мүмкін? Бұны ғалым түгілі кез-келген дұрыс ойлайтын адам да қабылдауға келмейді», - деп айту керек".<sup>72</sup>

Әрі қарай біреу: "Сен имам Мәликтен келтірген: «Ақиқат біреу ғана, ол бірнешеу болмайды», - деген сөздер шейх әз-Зарқа'тың «әл-Мадхәл әл-Фиқһи» кітабында: «Абу Жәғфар әл-Мансур, одан кейін әр-Рашид (Һарун әр-Рашид) деген халифалар имам Мәликтің мазғабы мен оның «әл-Муатта» кітабын Аббасилер мемлекетінің сот жүргізу кодексі ретінде бекіткісі келгенде, (имам) Мәлиқ ол екеуіне осылай істеуге тыйым салып: «Ақиқатында, Аллаһтың Елшісінің сахабалары екінші дәрежелі (тармақты) мәселелерде тартысқан, әрі олар әртүрлі қалаларда еді, алайда олардың әрбірі дұрыс айтатын», - деп жеткізілген дерегіне қайшы келеді", - деп айтуы ықтимал.

Мен бұған (келесідей етіп) жауап беремін:  
Ақиқатында, имам Мәликпен (Аллаh оны

<sup>72</sup> Сол жерде, (2/ 89).

рақым етсін) орын алған бұл оқиға кең тараған, алайда оның сонында келген «алайда олардың әрбірі дұрыс айтатын» деген сөздерінің негізі маған өзім зерттеген бірде-бір риуаяттар мен дереккөздерден білгісіз,<sup>73</sup> я, Аллаh, тек Абу Нуайм ғана «әл-Хилят әл-Әулияд» (6/332) келтірген, (жеткізушілер) тізбегінде әл-Миқдад ибн Дауд деген кісі бар бір ғана риуаяттан басқа. Ал оны (әл-Миқдад ибн Даудты) әз-Зәһаби өзінің «әд-Ду'афа» кітабында әлсіз риуаятшылар қатарына енгізген. Бұдан қалса бұл хабардың сөздері біраз басқаша: «.....бірақ олардың әрқайсысы өзінше дұрыс айтты (немесе әркім өзінікін дұрыс көрді)», - деген келген. Сөйтіп «өзінше» деген сөз хадистің «Мәдхал» кітабында келтірілген риуаяты жасанды екенін көрсетеді. Егер ол, жоғарыда айтылғандай, имам Мәликтен сенімді жеткізушілер арқылы жеткен: «Ақықат біреу ғана, ол бірнешеу болмайды», - деген сөздеріне

<sup>73</sup> Ибн Абдул-Бәррдың «әл-Интиқа» (41), Ибн Асакирдің «Кәшфул-Муғта фи фәдл әл-Муатта» (6-7 бб.) және әз-Зәһабидің «Тазкират әл-Хуффаз» (1/195) кітаптарымен салыстырыныз.

қайшы келсе, онда қалайша «енгізілген» болмасын?! Сахабалар мен табиғиндердің имамдары, сол сияқты төрт мужтәһид имам да осыны ұстанады.

Ибн Абдул-Бәрр «Жәми' Бәйан әл-'Илмде» (2/88) былай деп айтты: «Егер екі қарама-қарсы көзқарастың екеуі де дұрыс болғанда, онда сәлафтар бір-бірінің ижтиһадтарын, үкімдері мен пәтуаларын қате деп санамас еді. Қарама-қайшы екі нәрсенің екеуінін де дұрыс болғанын ақыл да қабылдамайды. «Бір дәлелде екі (қарама-қайшы) шекті біріктіру – толығымен тантық (әрі шындықтан қашу)».

Ал егер біреу: «Егер имам Мәликтен жеткізілген деректегі (соңғы сөздердің) жалғандығы дәлелденген болса, онда не себепті ол (халифа) әл-Мансурға адамдарды өзінің «әл-Муатта» кітабының негізінде біріктіруге тыйым салып, - халифаның бұл ұсынысына келісімін бермеді?», - деп сұраса, оған былай деп жауап беруге болады:

Деректердің ішінен оқығанымның ішіндегі осы сұраққа берілетін жауаптың ең жақсысысын хафиз Ибн Касир «Шарх Ихтисар 'Улюм әл-хадис» (31-бет) деген еңбегінде келтіреді. Онда ол имам Мәліктің: «Ақиқатында, кейбір нәрселерде адамдардың (пікірлері) бір жақты болған (үйлескен) әрі олар туралы біз білмейтін нәрселерді білген», — деп айтқан сөздерін атап кетеді. Бұл, Ибн Касирдің (Аллаh оны рақым етсін) айтқанында, оның жетік білімі мен ынсаптылығының көрінісі еді.

Сөйтіп, келіспеушіліктің кез-келгені рақым емес, керінше, жамандық еkenі дәлелденді. Алайда адамдардың арасындағы келіспеушіліктің айыпталатын да, мысалы, өз мазhabын соқыр түрде жақтау сияқты және рұқсат етілетін, мысалы, сахабалар мен оларға ілескен имамдардың (Аллаh бізді олармен бірге тірілтіп, оларға еруді нәсіп етсін!) келіспеушілігі сияқты ол үшін адамдарды айыптауға болмайтын түрлері де болады.

Осыдан сахабалардың келіспеушілігі мен муқаллидтердің (соқыр түрде ілесушілердің) келіспеушілігі екеуі бір нәрсе емес екендігі әпайқын болды. Сөзімізді түйідесек:

Сахабалар келіспеушілікке түспеу мүмкін болмаған кездерде ғана пікірлері бірікпейтін. Алайда олар келіспеушілікті сөгетін және мүмкіндігінше одан қашатын. Ал муқаллидтерге (соқыр түрде ілесетіндерге) келер болсақ, олар басым жағдайда келіспеушіліктерден қашып құтылуға мүмкіндіктері болса да, келісімге де келмейді, бірігүе де үмтыймайды, әр іс жүзінде келіспеушілікті қолдайды. Демек, келіспеушіліктің (иҳтиләфтың) осы екі түрінің арасында өте үлкен айырмашылық бар.

Бұл - келіспеушіліктерге себептер тұрғысынан қатысты нәрселер.

**II. Ал (келіспеушіліктің осы екі түріне) олардың әсері жағынан қарасақ, онда**

## олардың арасындағы айырмашылық бұдан да анық болады.

Сахабалар (Аллаh олардан разы болсын) тармақты мәселелер (әл-фуру') бойынша әртүрлі пікірлерде болуына қарамастан, олар араларында алауыздықты туындататын және біртұтастықты бұзатын нәрселерден аулақ болып, бар күш-жігерлерімен сыртқы біртұтастықты сақтауға тырысатын.

Мысалы, олардың арасында (намазда) «бисмилләхті» дауыстап айтуды орынды деп санағандары да, бұлай санамағандары да болды. Сондай-ақ олардың арасында (намазда) қол көтеру керек деп санағандары да, олармен келіспегендері де болды. Олдардың кейбірі: «Әйелге қол тигізу дәретті бұзады», - десе, басқалары бұл пікірге қосылмаған. Алайда, осыған қарамастан олар намазды бірге, бір имамның артынан үйып орындаіттын. Олардың ешқайсысы өзінің пікірінен (мазһабынан) басқа пікірді (мазһабты)

ұстанған имамның артынан үйіп намаз орындаудан бас тартпайтын.

Ал муқаллидтерді алатын болсақ, олардың келіспеушілігі мұлдем осыған қарама-қайшы. Өйткені олардың (келіспеушілігінің) салдарынан мұсылмандар Исламның қос куәлігінен кейінгі ең ұлы тірегі болған намаздың өзінде бөлінетін болды. Олар «мазһабы өзге имамның артынан орнындалған намаз басқа мазһабты ұстанатын адам үшін дұрыс емес, немесе кем дегендег мәкруһ» деген желеумен бір имамның артынан үйуды қаламайды. Бұны біз естідік те, көрдік те, әрі бізден басқалар да көрді.<sup>74</sup> Бүгінгі күні кең таралған мазһабтардың кітаптарында (осындағы намаздың) мәкруһ немесе жарамсыз екендігі туралы кесімді түрде айтылған болса, біз бұны қалай жоққа шығарамыз? Дәл осының

<sup>74</sup> Бұл туралы кеңірек мәлімет алғысы келгендер «Мә лә йажуз мин әл-Хиляф» («Келіспеуге рұқсат етілмеген нәрселер») кітабын (65-72 бб.) қарасын. Онда біз нұсқаған мысалдардың көбін табады. Олардың кейбіреулерінде «әл-Әзһардың» кейбір ғалымдары да көрініс тапқан.

салдарынан кейбір орталық мәртебеге ие мешіттерде төрт (мазғаб бойынша бөлек-бөлек намаз оқитындардың) имамдарына намазды бірінен кейін бірі (кезекпен) оқитын төрт михрабтың, бір имам намаз жүргізіп тұрса, басқалар өздерінің имамдарын күтіп тұрғанын көруге болады!

Іс жүзінде, кейбір муқаллидтердің (соқыр түрде ілесушілердің) тартыстары оларды бұдан да сорақы нәрселерге жеткізді, мысалы, ханафи мазғабын ұстанатын ердің шәфи‘и мазғабын ұстанатын әйелге үйленуіне тыйым салынатында жағдай. Кейін «муфти әссақаләйн» («адамдар мен жындардың муфтиі) деген атақ телінген ханафи мазғабының атақты ғалымдардың бірі осы мәселеге қатысты «ханафи мазғабын ұстанатын ердің шәфи‘и мазғабын ұстанатын әйелге үйленуіне болады» деген пәтуасы шықты. Ол өз шешімін: «Ол әйелді Кітап иелері (христиан және яхуди. – аудармашыдан (қз.)) әйелдерінің үкіміне түсіріп, үйленуге болады», - деп дәлелдеді. Мұны және олардың біраз кітаптарында

айтылғандарды: «Керісінше жасауға (яғни ханафи мазғабын ұстанатын әйелді шәфи`и мазғабын ұстанатын ерге беруге), Китап иелеріне мұсылман әйелді беру рұқсат етілмегендей, рұқсат етілмейді», - деп түсінуге болады.

Бұл екі мысал, ал олар өте көп, кез-келген ақылды адамға (мұсылмандардың) кейінгі ұрпақтарының (хәлафтардың) келіспеушіліктерінің және сол келіспеушіліктерінде алдынғы ұрпақтардан (сәлафтардан) айырықша қасарысып тұрып алуының кесірлі әсерін көрсету үшін жеткілікті болып табылады. Ал сәлафтардың келіспеушіліктеріне келер болсақ, оның үмметке деген ешбір кері әсері болған жоқ. Осыдан шыға келе (мұсылмандардың) алғашқы ұрпақтары кейінгі ұрпақтардан айырықша дінде бөлінуді тыйым салған аяттардан қауіпсіздікте болды. Біздің барлығымызды Аллаh Өзінің Тура Жолына салсын!

Әттен, олардың (кейінгілердің) келіспеушіліктері кесірін тек олардың өздерімен ғана шектеп, оны Исламға шақырылатын басқа адамдарға таратпағанда, бұл мұншалықты ауыр болмас еді. Алайда, өкінішке орай, олар өз келіспеушіліктерін кәпірлердің көз алдына дүние жүзінің көптеген қалалары мен елдеріне жария етеді, ал олардың келіспеушіліктері көптеген адамдардың Аллаһтың Дініне кіруіне бөгет болуда. Құрметті оқытушы Мухаммад әл-Ғазалидің «әз-Заләм минәл-ғарб» («Батыс қараңғылығы») деген кітабында (200-б.) мынандай оқиға келтіріледі:

«Америкалық Принстон университетінде өткізілген конференцияда баяндама жасаушылардың бірі шығыстанушылар мен исламға шабуыл жасаушы адамдар арасында жиі көтерілетін «Мұсылмандар өзгелерді шақыратын Исламды нақты белгілеу үшін, әлемге оның қай ілімін ұсына алады? Суннеттіктер ұстанатын ілімді ме, әлде шиғалар ма, немесе имамилердің ілімін бе,

әлде зайдилердің бе? Бұдан қалса, осы (топтардың) барлығы өздерінің іштерінде бөлінуге түскен. Бұдан тыс, олардың бір тобы ойлаудың өрлеуінің шектелгендігіне сенсе, басқасы көне заманға барып тірелетін ойлаудың өзгермейтініне сенеді» деген сұрақты көтерді».

Нәтижесінде Исламды  
уағыздайтындардың өздері сасқандықтан  
уағыздалатын адамдарын да абыржуға салып  
қойған жағдай орын алды», - деді<sup>75</sup>.

<sup>75</sup> Осы жерде «Мухаммад әл-Ғазалидің сонғы еңбектері, мысалы, жақындаған жарық көрген «Хадис жақтаушылары мен Фикх жақтаушыларының арасындағы Пайғамбардың ﷺ Сұннеті» кітабы, оның өзі «абыржуда жүрген» ислам уағызшыларының қатарынан екенине нұсқайды!» Оның еңбектері ұзақ уақыт бойы оның бойындағы абырждуды, оның Сұннетті бўрмалаусын және хадистердің сенімділігі мен сенімсіздігін анықтауда өз ақылына жүтінгенін әшкерелеп келді. Ол (хадистерді сұрыптау) қағидаларына да хадистану ғылымының өзіне де, осы саладагы мамандарға да жүтінбеді; мұның орнына өзіне ұнаған хадисті, ол әлсіз болса да, сенімді деді және өзіне ұнамаған хадисті, ол хадисті галымдар бір ауызды сенімді деген болса да, сенімсіз деді.

Жоғарыда аталған тәсіл оның осыдан алдынғы «Фикх ас-Сира» кітабындағы хадистерді талқылауда барынша көрнекі түрде көрсетілген. Онда ол өзінің хадистің мәтініне ғана қарап сенімсіз

Мухаммад Султан әл-Мә'сумидің (Аллаh оны рақым етсін) «Һадияту әс-Султан илә муслими биләд әл-Жәбан» («Султанның

хадистерді қабылдау және сенімді хадистерден бас тарту әдіснамасын түсіндіріп береді.

Осыдан оқырман хадиске деген (оның жеткізушілерінің тізбегін) сынау түрғысынан жасалатын объективті тәсіл бұл автордың назарында ешқандай құндылыққа ие емес екендігін, өйткені ол әртүрлі адамдарда қатты ерекшеленетін «негізделген талдауға» қайшы келетінін байқай алады, өйткені бір адамға ақиқат болып табылған нәрсе, өзге үшін өтірік болып көрінуі мүмкін. Сөйтіп бүкіл Ислам қағидаларға да, сілтеме көздерге де ие болмай, жеке қисынсыз әрекеттерге тәуелді болып қалады. Бұл «Иснад (яғни хадистің жеткізушілерінің тізбегі) – діннің бір бөлігі; егер иснад болмағанда адамдар ойына келгенін айтар еді» деген (қағиданы басшылыққа алған) мұсылмандардың ертедегі ұрпақтарынан болған жетекші ислам ғалымдарының тәсілінен қатты ерекшеленеді. Жоғарыда аталған кітаптардың ең соңғысы оның му'tазили манһажын, оның хадистанушы имамдарға және олардың Сұннетке қызмет етуге және сенімді хабарларды сенімсіздерінен ажыратуға бағытталған көпғасырлық тырысуларына деген ойсыз құрметсіздігін, сондай-ақ оның бойында фиқһ қағидаларының негізін салған және соның негізінде өзге ережелерді дамытқан фақиһ имамдардың тырысуларын мойында майтынын әшкере етті, өйткені бұл кітаптың авторы қандай да бір принциптерге немесе негіздерге жүйелік танытпастан, біреулерден қалағанын алыш, өзгелерден қалағанын алмай қояды!

Жапония мұсылмандарына тартуы») атты еңбегінің кіріспесінде (былай делінген):

«Маған Қыыр Шығыста орналасқан Жапония еліндегі Токио мен Осака қалаларынан сұрақ келіп жетті. Олардың мазмұны былай: «Исламның шынайы мәні қандай? Исламдағы мазһаб (мектеп, жол) деген не? Исламға келген адамның төрт мазһабтың біреуін, яғни мәлики, ханафи, шәфифи, ханбалиді ұстануы міндетті ме әлде міндетті емес пе?

Әйткені бізде осыған байланысты үлкен талас пен қатты дау болды. Бірнеше жапондық азаматтар ақыл таразысына салып ойланғаннан соң Ислам қабылдап, лайықты сенімді тапқысы келді. Бұл туралы олар Токиодағы мұсылман қауымына мәлімдеді. Оларға жауап ретінде Үндістандағы бір топ: "Ислам дінін ұстанушылар имам Абу Ханифаның мазһабын ұстануға міндетті, себебі Абу Ханифа — «ұмметтің жарық сәулесі»", - деп мәлімдеді. Алайда Индонезиядан шыққан бір

топ мұсылман: «Керісінше, - шәфиғи мазһабын үстану керек», - деді. Осыдан кейін мұсылмандар арасында талас басталып кетті.

Мұндай сөздерді естіген жапондықтар қатты таң қалып, Исламды қабылдауға күмәндана бастады. Міне, осылайша, мазһаб мәселесі жапондықтардың Ислам қабылдауына кедергі болды».

## Үшінші Күмән

Ал кейбіреулер біздің Сұннетке ілесуге және имамдардың оған қайшы келетін пікірлерін қабылдамауға деген шақыруымыз олардың көзқарастарынан және олардың ижтиһадтары мен пікірлерінен пайда алушан толық бас тартуды білдіреді деп ойлайды.

## Жауап:

Бұл ақиқаттан тым алыстап кеткен пікір. Бұдан қалса ол мұлдем жалған, өйткені біздің жоғарыда айтып кеткен сөздеріміз әп-айқын түрде осы пікірді терістеуге дәлел бола алады.

Әрі біздің бүкіл шақыруымыздың мәні — дау туындағанда немесе бұрын туындаған мәселе бойынша жаңа үкім шығарғанда мазнасты дін ретінде ұстанып, оны Құран мен Сұннеттің орнына қоюды тастау керектігіне келіп үйлеседі. Өйткені қазіргі кезде құқықты зерттеп жүргендер адамның жеке басына, некеге, талаққа т.с. мәселелерге қатысты жаңа ережелерді бекіткенде дұрысты бұрыстан, ақиқатты жалғаннан ажырату үшін Құран мен Сұннетке сүйенудің орнына дәл осылай істеп жатады. Олар өздерінің осындай әрекеттерін «олардың келіспеушіліктері - мейірім» деген (тұжырымдарымен), сондай-ақ өздерінің пайымдауларынша барынша рұқсат етуді, женілдік жасауды ұсынуды мақсат етіп көздейтін ой-ниеттерімен ақтайды. (Бұған қатысты) Ибраһим әт-Тәймидің: «Әрбір ғалымның рұқсат еткенін ала берсен, бойыңа жамандықтың барлық түрі жиналады», - деп айтқаны нендей жақсы! Бұны Ибн Абдул-Бәрр «Жәми Байан әл-'Илмде» (2/91-92) жеткізіп, артынша: «Бұл мұсылмандардың бірауызды

келіскең пікірі (ижма`), (әрі мен) бұған қатысты  
келіспеушілікті білмеймін», - деген.

Біз де тұра сол рұқсат ету мақсатын ғана  
көздейтін рұқсат етулерге деген құштарлықты  
сөгеміз, ал бұл, өздеріңіз көріп түрғаныныздай,  
ижма`мен үйлеседі.

Алайда, имамдар ортақ пікірге келмеген  
және Құран мен Сұннетте тікелей және айқын  
нұсқауы болмаған, немесе (әлдебір мәселені)  
нақтылау қажет болған жерлерде ақиқатты  
тану үшін, олардың айтқан сөздеріне жүгінуге,  
олардың көзқарастарынан пайдада алуға, сондай-  
ақ олардың ой-тұжырымдарынан болған  
көмекке келер болсақ, онда біз бұны жоққа  
шығармаймыз. Іс жүзінде, біз, керісінше,  
осыны бұйырып, соған үндейміз, өйткені  
мұның Құран мен Сұннетке жүгініп, тұра  
жолмен жүргендердің кез-келгені үшін  
пайдасы (бар деп) үміт етіледі. Ибн Абдул-Бәрр  
(Аллаh оны рақым етсін) былай деген (2/172):  
«Сондықтан, бауырым, негізгі мәтіндерді (әсл)  
жаттап, соларға көніл бөлгенің жөн. Сондай-ақ

біліп қой, кімде-кім сұннеттерді және Құранда айтылған үкімдерді сақтауға қам жасаса, кім фәқиһтердің айтқандарына (тұжырымдарына) назар салып, оларды өз ижтиһадына көмекші құрал, ізденіс жолдарына кілт және бірнеше мағынаны қамтыған сұннеттерге түсінік (тафсир) етіп алып, кез келген жағдайда, ешнәрсеге қарамастан, бойсұну міндетті болған сұннетерде ешкімге еліктемесе, ғалымдар секілді Сұннетті сақтауда тыным таппаса, әрі зерттеу, түсіну және саралауда соларды үлгі тұтса, оларға тигізген пайдалары мен ескертпелері үшін алғыс айтса, оларды дұрыс тапқаны үшін мақтап, қателікке жол берулері де мүмкін екенін мойындаса, сол адам ипі сәлафтар жолын ұстанған білім ізденуші, өз үлесіне жеткен, дұрыстығы анық, Пайғамбардың ﷺ Сұннетіне, сахабалардың (Аллаһ олардан разы болсын) жолына ілесуші болып табылады.

Ал кім назар салуды (зерттеуді) өзі үшін артық (іс деп) санаса, біз айтқан нәрселерді жасамаса, жеке көзқарасымен Сұннетке қарсы

келіп, өз тұсінігіне қайтаруға тырысса, сол өзі адасып, басқаларды адастырған болады.

Ал кім осының барлығын білмей, білімсіз пәтуа беретін болса, сол көрсоқыр, тұра жолдан мұлдем адасқан болады» (Ибн 'Абд әл-Бәрр дәйексөзінің соны – Аудармашының ескертпесі).

### Төртінші күмән

Кейбір муқаллидтердің арасында оларға (қандай да бір мәселе бойынша) өздерінің мазһабтарымен қайшы келетін Сұннетті орындауға кедергі жасайтын тағы да бір кең тараған адасушылық бар: олар: «Сұннетке ілесу – мазһабтың негізін салушының қателіктерін табуға әкеледі», - деп ойлайды. Ал олар үшін имамдардың қателіктерін табу оларды кемсіту, айыптау дегенді білдіреді; өйткені кез-келген жеке мұсылманды кемсітүге рұқсат етілмесе, онда қалайша олар өз имамдарының біреуін кемсіте алмақ?

## Жауап:

Осы сияқты тұжырымдар түгелімен өтірік әрі олар Сұннетті түсінудегі ауытқудан туындаиды, өйткені қалайша есі дұрыс мұсылман адам осындай дәйек келтіре алмақ?!

Аллахтың Елшісінің өзі ﷺ:

إِذَا حَكَمَ الْحَاكِمُ فَاجْتَهَدَ فَأَصَابَ؛ فَلَهُ أَجْرٌ، وَإِذَا حَكَمَ، فَاجْتَهَدَ فَأَخْطَأَ؛  
فَلَهُ أَجْرٌ وَاحِدٌ.

«Егер үкім шығарушы ынта (ижтиһад) танытып, шешім шығарса әрі оның шешімі дұрыс (яғни Құран мен Сұннетке сәйкес) болса, оған екі сауап жазылады, ал егер ол ынта (ижтиһад) танытып шешім шығарса әрі қателессе, онда оған бір сауап жазылады», - деген.<sup>76</sup> Бұл хадис әлгі дәйекті теріске шығарады әрі бір адам: «Пәлен қателесті», - десе, онда ол сөздің шаригаттағы мағынасы «Пәлен бір сауап алды» дегендігін ешбір түсініксіздіктерсіз

<sup>76</sup> Өл-Бухари және Муслим.

нақты түсіндіріп береді. мағынасы айқындалады. Егер ол адам оның қателіктерін тапқан адамдардың пікірінше бір сауапқа ие болса, онда қалайша оларды (имамдардың) намысын қорлауда айыптауға болмақ?! Қалайша ол кемсітілген болмақ? Осы тәрізді айыптаулар негізсіз екені күмәнсіз-ақ, әрі оларды тағаттындардың кез-келгені оларды кері алуға тиіс. Әйтпеген жағдайда оның өзі мұсылмандарды, жай мұсылмандарды ғана емес, сахабалар мен табиғиндердің, олардан кейін өмір сүрген мужтаһид имамдар мен басқалардың ішіндегі өздерінің ұлы имамдарын кемсіткендерден болады. Бізге осы атақты тұлғалардың бір-бірінің қателеріне нұсқағандығы және бір-бірінің пікірін теріске шығарғандығы<sup>77</sup> сенімді түрде белгілі болғандықтан, істің мәні осылай болып тұр. Ендеشه ақыл-есі сау адам: «Олар бір-бірін балағаттады», - деп айта алады ма? Жоқ! Шын мәнінде, сахих хадистердің бірінде Аллах

<sup>77</sup> Жоғарыда келтірілген имам ал-Музани мен Ибн Ражаб ал-Хәнбалидің айтқандарын қараңыз.

Елшісінің өзі ﷺ Абу Бәкрге ол бір адамның түсін  
жорығанда қателік жібергенінен нұсқап:

**«(Айтқандарыңың) бір бөлігі بَعْضًا وَأَخْطَأَتْ بَعْضًا ұрлыс, бір бөлігі қате»**, - деп айтқаны  
жеткізіледі.

Осындай адасушылық өз жақтастарына  
тигізетін таңқаларлық әсерлерінің бірі – осы  
нәрсе оларды мазһабтарына сәйкес келмеген  
Сұннетке ілесуден тосатындығы. Өйткені,  
олардың түсінігінше, оған (Сұннетке) ілесу -  
имамды кемсіту болмақ та, ал Сұннетке қайшы  
келіп болса да имамға ілесу - оны құрметтеу  
және ұлықтау болып табылады. Осы себептен  
олар осындай «кемсітуден» қашып, тақлидке  
(соқыр ілесушілікке) қасарысып тұрып қалады.

Негізінде, олар осындай көзқарастары  
себебінен бұдан да жаман нәрсеге тап болғанын  
ұмытып кетті, әрі мен: «Ұмытқандай болды», -  
деп айтып жатқан жоқпын. Оларға былай деп  
айту керек: «Егер біреуге еру - оны құрметтеу,  
ал оған қарсы келу - оны кемсіту болса, онда

қалайша сендер Пайғамбардың ﷺ Сұннетіне мойынсұнбау танытып, оған ілеспейсіңдер де, Сұннетке қайшы келген нәрседе, мазхабтың имамына ілесудің абзал көресіңдер, өйткені имам құнәсіз емес, ал оны оны кемсіту күпірлік емес ғой. Егер сендердің айтуларыңа сәйкес имамға қарсы келу оны кемсіту болса, онда Аллаһтың Елшісіне ﷺ қарсы келу іс жүзінде оны одан артық кемсітеді ғой; шын мәнінде бұл ашық күпірлік, Аллаһ бізді бұдан сақтасын! Оларға осылай деп айтылса, олар бір сұлтаудан басқа жауап келтіре алмайды. Біз ол сұлтауды кейбіреулерінен талай рет естігенбіз. Ол - «Расында, біз бұл сұннетті мазhab имамына сеніп тастадық, ал оның Сұннет туралы бізге қарағанда білімі көбірек» деген сөз.

Бұл тұжырымға жан-жақтан жауап беруге болады. Бұл жауаптар осы кіріспеде жан-жақты қаралып қойды. Міне, сол себепті де мен Аллаһтың қалауымен (мұндай мәлімдемелерге) ең дәлелді жауап болып табылатын осы тәсілдердің бірімен шектелемін.

Мен былай деймін:

Сіздердің мазһабтарының имамы Сұннетті сендерден жақсырақ біletін бір-ақ адам емес: іс жүзінде ондаған, тіпті жүздеген имамдар Сұннет туралы сендерден жақсырақ біледі. Сондықтан да, егер сенімді сұннет (амалы) сіздердің мазһабтарыңа қайшы келетіндей, әрі оған осы имамдардың бірі ілескен жағдай орын алып жатса, онда осы жағдаяттарда сіздерге де осы сұннетті қабылдау керек болады. Сендердің жоғарыда келтірген тұжырымдарың бұл жерде пайдасыз болғандықтан, өйткені сіздің қарсыласыныз сізге: «Біз бұл сұннетке, оған амал жасаған имамға сеніп, амал жасадық. Осындай жағдайда осы имамға ілесу (иттиба') Сұннетке қайшы келген имамға ілесуден абзалаурақ болады», - деп жауап береді. Әрі осы түсіндірме, егер Аллаh қаласа, ешкімнен жасырын емес.

Жоғарыда айтылып кеткендерге сүйеніп,  
мен былай деп айта аламын:

Біздің бұл кітабымыз Аллаһтың Елшісінен оның намазының сипаттамасына қатысты сенімді сұннеттерді жинақтағандықтан, бірде-бір адамда оған сәйкес амал етпеуге орынды себеп жоқ, өйткені бұл кітапта ғалымдар бірауызды бас тартқан ешнәрсе жоқ! Алайда әрбір жағдайда олардың кейбіреулері оны қолдады, ал (нақты бір мәселе бойынша) қолдамағандары ақтауға және (Аллаһтан) бір сауапқа ие, өйткені оған мәтіндік хабар (насс) не мүлде жетпеген болуы мүмкін, не ол оған сенімді дәлел ретінде қолдануға мүмкіндік бермейтін жолмен немесе ғалымдардың арасында белгілі болған басқа да бір себептермен жеткен болуы мүмкін.

Ал одан кейінгілерден кім болсын өз алдында сенімді мәтіндік дәлелге (насс) ие болса, тақлидпен ақталуына болмайды, өйткені оған қатесіз мәтінге ілесу (иттиба') уәжіп болады. Кіріспеміздің (негізгі) мақсаты да осы.

Өйткені Аллаh Тағала:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اسْتَجِيبُوا لِلَّهِ وَلِرَسُولِ إِذَا دَعَاكُمْ لِمَا يُحِبِّيكُمْ  
وَاعْلَمُوا أَنَّ اللَّهَ يَحُولُ بَيْنَ الْمَرءِ وَقَلْبِهِ وَأَنَّهُ إِلَيْهِ تُحْشَرُونَ﴾

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһ және Оның елшісі сендерді тірілтетін нәрсеге (дінге) шақырса, оны қабыл алындар да, Аллаһтың адам мен оның жүрегі арасында екенін және Оның алдына жиналатындарынды біліндер!» (әл-Әнфал сұресі, 24-аят), - деді.

Ал Аллаһ хақты айтып, Тура Жолға бастайды. Ол ең жақсы Қамқоршы әрі ең жақсы Жәрдемші. Мухаммадқа, оның үй-іші мен сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын. Барлық мақтау әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән.

Дамаск, 20/05/1381 h.ж.

Мухаммад Насыруддин әл-Әлбани



ПАЙҒАМБАР ﷺ  
НАМАЗЫНЫң СИПАТТАМАСЫ

Қағбага бет бұры

«اسْتِقْبَالُ الْقِبْلَةِ»

Аллаһтың Елшісі ﷺ намазға кірісетін кезінде, парыз және нәпіл намаздарын орындау барысында жүзін

Қағбаға қарататын<sup>78</sup>. Пайғамбар ﷺ «намазды дұрыс орындаған адамға»<sup>79</sup>:

«إِذَا قُمْتَ إِلَى الصَّلَاةِ فَأَشْبِعْ الْوُضُوءَ، ثُمَّ اسْتَقْبِلِ الْقِبْلَةَ فَكَبِّرْ».

«Намазга кірісер кезінде мұқият дәрем ал, кейін Қыблага бетінди бұр да, тәкбір айт», - деп, дәл осылай істеуді бұйырды<sup>80</sup>.

«Сапар кезінде ол ﷺ нәпіл намаздарды мінген жануарының үстінде (отырып) оқитын, және үтірді<sup>81</sup> де соның үстінде отырып, шығысқа не бастысқа қарап оқитын»<sup>82</sup>.

Осыған<sup>83</sup> сондай-ақ Аллаһ Тағаланың

فَإِنَّمَا تَوَلَّوْا فَثُمَّ وَجَهُ اللَّهَ (البقرة 11)

«Сендер қай жаққа қарасаңдар да, сол жерде Аллаһтың Жүзі» («әл-Бақара» сүресі, 115-аят) деген сөздері де қатысты.

<sup>78</sup> Бұл факт хадистердің көптеген (мутаатир) тізбектері арқылы жеткізіледі, сондықтан да оған жан-жақты тоқтаудың қажеті жоқ, десе де бұл мәселеге қатысты дәлелдердің кейбіреуі әрі қарай келтіріледі.

<sup>79</sup> Осы кітаптың сонындағы Қосымша № 1 қараңыз.

<sup>80</sup> Әл-Бухари, Мұслим және әс-Сираж.

<sup>81</sup> Так ракагаттардан тұратын қосымша тұнгі намаз. – Аудармашыдан.

<sup>82</sup> Әл-Бухари, Мұслим және әс-Сираж. Бұл хадистің сенімділіті «әл-Ируа’ әл-Фәлил» кітабында анықтап берілген (289 және 588).

<sup>83</sup> Мұслим, әт-Тирмизи.

«(Кейде) Аллаһтың Елшісі ﷺ түйесі үстінде қосымша (нәпіл) намаз оқымақшы болса, оны Қыблаға қаратып, тәкбір айтатын, одан кейін көлігі қай жақа жүрсе, сол жаққа қарап намаз оқитын»<sup>84</sup>.

«Ол мініс көлігінде отырған кезінде рукуғ пен сәждені басын ию арқылы білдіретін: сәжде жасағанда басын рукуғ жасағаннан төменірек иетін»<sup>85</sup>.

«Ол парыз намазын орындағысы келсе, көлігінен түсіп, жүзін Қыблаға қарататын»<sup>86</sup>.

Қауіп-қатер (төніп тұрғандағы) намазда, ол ﷺ өзінің ұмметіне намазды «жүріп бара жатып, тұрып немесе көлік үстінде отырған қүйде, Қыблаға қарай бет бұрып, не бұрмай»<sup>87</sup> орындауды бұйырды, сондай-ак ол:

إِذَا اخْتَلَطُواْ؛ فَإِنَّمَا هُوَ التَّكْبِيرُ وَالإِشَارَةُ بِالرَّأْسِ.

84 Абу Дәуд, Ибн Хибан «әс-СикаТ» (1/12) кітабында, әд-Диїа' «әл-Мұхтара» кітабында жақсы (хасан) иснадпен Оның сенімділігін (саихтығын) Ибн әс-Сүкн, сондай-ак Ибн әл-Мұләқин «Хұләсат әл-Бадр әл-Мунир» (22/1) кітабында растиған. Одан да бұрын бұл хадистің сенімділігіне Абд әл-Хакк әл-Ишбили өзінің «әл-Өхкам» (№ 1394) атты менің тарапымнан тексерілген кітабында нұсқаған. Имам Ахмад бұл хадисті дәлел ретінде пайдаланған, бұл туралы Ибн Һади оның сөздерінен «әл-Мәса'ил» (1/67) кітабында баяндағандай.

85 Ахмад және әт-Тирмизи, әрі соңғысы бұл хадисті сенімді деген.

86 Әл-Бухари және Ахмад.

87 Әл-Бухари және Мұслим.

«Ал егер олар (екі әскер) шайқаста араласып кетсе, онда ол (намаз) – тәкбір мен бас шуолер ғана»<sup>88</sup>, - деп те айтты.

Сондай-ақ ол ﷺ:

«مَا بَيْنَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ قِبْلَةٌ»

«Қыблада шығыс пен батыстың, арасында»<sup>89</sup>, - дейтін.

Жәбір (Аллаһ оған разы болсын) былай деп жеткізген: «Бірде, біз Аллаhtың Елшісімен ﷺ бірге жорықта болғанымызды, бұлтар аспанды жауып, сондықтан да біз Қыбланы анықтауга тырысып, (Қыблага қатысты) пікірлеріміз келістеді, әрі біздің әрқайсымыз намазын өзінің (Қағбага қараган) бағытында орындады. Алайда әрқайсысы (оқылған намаздың) бағытын белгілеу үшін, алдана сызық сыйып қойды. Таңертен біз аспанга

<sup>88</sup> Әл-Бәйнәки, ол бұл хадисті имам әл-Бухари және Мұслим хадистерге қоятын талағтарға сәйкес келетін иснадпен келтіреді.

<sup>89</sup> Әт-Тирмизи және әл-Хаким. Олардың екеуде бұл хадисті сенімді деген Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (292) кітабында келтірілген.

Аудармашының ескертпесі: бұл бүйрық Мәдина қаласының тұрғындарына қатысты, өйткені Мәдина Меккеден солтүстікке қарай орналасқан, әрі егер Мәдинаның тұрғындары беттерін Мекке жакқа қаратса, онда олардың оң жағында батыс, ал сол жағында шығыс болады. Бұл хадис егер намазды орындаушы Қағбадан алыс қашықтықта орналасқан болса, оған Қасиетті Мешіт («әл-Мәсжид әл-Харам») бағытына бет бұрыу жеткілікті екенине дәлел болып табылады. Сафий әр-Рахман әл-Мубаракфури «Ітхаф әл-Кирам».

қарал, намазды Кыбладан басқа жаққа қарай орындағанымызды байқадық. Болған оқига туралы Пайғамбарға ﷺ баяндап бергенімізде, ол (бізге намазды қайта орындауды бүйірмады, әрі): «قَدْ أَجْرَأْتُ صَلَاتُكُمْ «Сол намаздарың сендер үшін есептелді», - деп айтты».⁹⁰

قد نرى تقلب وجهك في السماء فلنولينك قبلة ترضاهـا  
فول وجهك شطر المسجد الحرام (البقرة 144)

«(Ей, Мухаммад) жүзіңнің көкке жөнелгенін көреміз. Сондықтан сені өзің разы болған Қыблага қаратамыз. Енді (намазда) жүзінді Әл-Харам Мешітіне қарай бұр. (Ей, мүміндер,) қай жерде болсаңдар да, жүздерінді сол жаққа бұрындар!» («әл-Бақара» сүресі, 144-аят) деген аят түсірілгенге дейін ол ﷺ намазды Иерусалимге⁹¹ қарай орындаітын [ал оның алдында Қағба болытын].

Осы аят түсірілген кезде, ол жүзін Қағбаға қарай бұрды. Қуба' мешітінде таң намазы кезінде намаз оқып тұрған адамдарға бір адам келді де: «Ақиқатында, Аллаh Елисіне ﷺ осы түні уахи түсті, әрі оған жүзін Қағба жаққа қарай бұру бүйірекілді, ендеше сендер де сол жаққа қарамайсыңдар ма?», - деп айтты. (Сол кезде) олардың

⁹⁰ Әд-Даракутни, әл-Хаким, әл-Бейнеки, әт-Тирмизи, Ибн Мәжәһ және әт-Табарани. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (⁹²) кітабында көлтірілген.

⁹¹ Иерусалимде орналасқан Аль-Акса мешіті - әл-Мәсжид әл-Акса аталаған тұр (Аудармашының ескертпесі).

жүздері Шам жаққа қараған болатын, әрі (мұны естіп) адамдар бұрылды [және олардың имамы да, олармен бірге Қыблаға бет бұзыру үшін, бұрылды]<sup>92</sup>.

### Намаз кезінде тік тұру (қийям)

«الْقِيَامُ»

Ол ﷺ Аллаh Тағаланың

وَقُومٌ مُّولَّهٗ قَبْتَيْنَ (البقرة 238)

**«Аллаһтың алдында мойынсұнған күйде тұрыңдар!»** («әл-Бақара» сүресі, 238-аят) деген нұсқауын орындалап, (намазда) тік тұратын.

Ал сапарда болған кезінде ол ﷺ қосымша намаздарды көлігінің үстінде отырып орындаітын.

Ол ﷺ, бұл туралы жоғарыда ескертілгендей, үмметіне қауіп-қатер (жағдайындағы) намазды тұрып немесе көлік үстінде отырып орындау керек екендігіне нұсқады. Дәл осыған байланысты Аллаh Тағала:

92 Әл-Бухари, Муслим, Ахмад, әс-Сираж, әт-Табарани (3/108/2) және Ибн Са'д (1/234). Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа’» (290) кітабында келтірілген.

حَفِظُوا عَلَى الصَّلَوَاتِ وَالصَّلَاةِ الْوُسْطَى وَقُومُوا لِلَّهِ قَاتِيٰ ﴿٢٣٨﴾ فَإِنْ خِفْتُمْ

فَرِجَالًا أَوْ رَبَّانًا إِذَا أَمِنْتُمْ فَادْكُرُوا اللَّهَ كَمَا عَلِمْتُمْ مَا لَمْ تَكُونُوا تَعْلَمُونَ

«Намаздарға, (әсіресе) орта (аср<sup>93</sup>) намазға, сақтық істендер де, Аллаһқа бой ұсынған түрде тұрындар. Ал егер қауіп-қатерде болсандар, жаяу немесе көлікте (бет алған жаққа ишарамен оқындар). Қашан бейбіт болсандар, сендерге білмегендерінді үйреткеніндей Аллахты зікір етіндер» («әл-Бақара» суресі, 238—239), - деген.

«Ол ﷺ қайтыс болуының алдындағы ауруымен ауырған кезінде намазды отырып орындаған»<sup>94</sup>.

Ол бұрын да осында жағдайларда намазды солай орындаитын. Мысалы, "аурудан қиналған кезінде"<sup>95</sup> намазды отырып орынады, ал сол уақытта оның артында ұйып тұрған адамдар намазды тұрып орындал жатты. Ол оларға отыруды ымдап бұйырды да, олар (намаз оқыған күйлерінде) отырды. (Намазды) аяқтап, ол ﷺ былай деді:

<sup>93</sup> Фалымдардың, - Абу Ханифа мен оның екі шәкіртін қосқанда, - басым бөлігінің ең дұрыс пікіріне сәйкес, бұл жерде екінші ('аср) намазы мензеліп тұр. Бұл пікірді растайтын хадистерді Ибн Касир өзінің «Құран тәпсірінде» көлтіреді.

<sup>94</sup> Әт-Тирмизи, әрі ол бұл хадисті сенімді деді және Ахмад.

<sup>95</sup> Пайғамбар ﷺ аттан құлап, он жамбасын ауыртып алғандығынан біраз қиналып жүрді (Аудармашының ескертпесі).

«إِنْ كَدْتُمْ آنِفًا لَتَقْعِلُونَ فِعْلَ فَارِسٍ وَالرُّومِ؛ يَقُولُونَ عَلَىٰ مُلُوكِهِمْ وَهُمْ قُعُودٌ ، فَلَا تَقْعِلُوا، إِنَّمَا جُعِلَ الْإِمَامُ لِيُؤْتَمِ بِهِ؛ فَإِذَا رَكَعَ فَارِكُومُوا، وَإِذَا رَفَعَ فَارْفَعُوهُوا، وَإِذَا صَلَّى جَالِسًا فَصَلُّوا جُلُوسًا [أَجْمَعُونَ].»

«Қазір гана сендер өздерінің отырган патшаларының алдында тұрып тұратын парсылар мен византиялықтар істейтін амалын істейін дедіңдер. Бұлай істемендер, өйткені имам басқалар (намазда) оған ілесу үшін тағайындалады. Егер ол рукуғ жасаса - сендер де рукуғ жасаңдар, егер ол (басын) көтерсе - сендер де көтеріңдер, ал егер ол намазды отырып орындаса – сендер де намазды отырып орындаңдар!»<sup>96</sup>

### Науқас адамның намазды отырып орындауды туралы

«صَلَاةُ الْمَرِيضِ جَالِسًا

'Имран ибн Хусайн (Аллаһ оған разы болсын) былай деп жеткізген: «Менде көтеу (гемморой ауруы) болатын, әрі мен Пайгамбардан ﷺ намазды (қалай орындау туралы) сұрадым. Ол:

96 Әл-Бухари, Муслим. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (№394) кітабында келтірлген.

«صَلَّى فِيهَا قَائِمًا، إِلَّا أَنْ تَحَافَ الْغَرَقَ». «صَلَّى قَائِمًا، فَإِنْ لَمْ تَسْتَطِعْ فَقَاعِدًا، فَإِنْ لَمْ تَسْتَطِعْ

فَعَلَى حِنْبٍ»

«Намазды тұрып орында, бірақ (олай) істей алмасаң - отырып, ал егер (мұны да) істей алмасаң, онда жантайып (жатып) орында<sup>97</sup>», - деп айтты»<sup>98</sup>.

Имран ибн Хусайн (Аллаh оған разы болсын) сондай-ақ былай деп жеткізген: «Мен одан ﷺ намазды отырып орындаитын адам туралы сұрадым. Ол былай деп жауап берді:

«مَنْ صَلَّى قَائِمًا فَهُوَ أَفْضَلُ، وَمَنْ صَلَّى قَاعِدًا فَلَهُ نِصْفُ أَجْرِ الْقَائِمِ، وَمَنْ صَلَّى نَاقِمًا (مُضطَطِحًا) فَلَهُ نِصْفُ أَجْرِ الْقَاعِدِ».

«Кім намазды тұрып орындаса, - бұл ол үшін жақсырақ, ал кім намазды отырып орындаса, оған намазды тұрып орындаушының сауабының жартысы тиесілі. Ал кім намазды жатып (хадистің басқа бір нұсқасында: «...жартылай жатып...», - деп хабарланған) орындаса, онда оған намазды отырып орындаған адамның сауабының жартысы тиесілі»<sup>99</sup>.

<sup>97</sup> Мұндай жағдайда оң жамбасқа жатып, бетті Қыблага қарату қажет екендігі мензеліп тұр (Аудармашының ескертпесі).

<sup>98</sup> Әл-Бухари, Абу Дауд және Ахмад.

<sup>99</sup> Сол жерде. Әл-Хаттаби былай деп айтқан: «Имраннан жеткен хадисте ауырталықтарды көтере алатын және намазды қиналаса да, тұрып орындаіп алатын адам туралы сөз болуда. Соңдықтан да намазды отырып орындаушы намазды тұрып орындаушының сауабының жартысын алады. Бұл жерде басты мақсат мұндай адамды намазды

Бұл науқас адамға қатысты, өйткені Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деп жеткізген: «*Аллаһтың Елшісі* әуыргандықтан намаздарын отырып орынданап жатқан адамдардың алдына шыгып:

«إِنَّ صَلَةَ الْقَاعِدِ عَلَى النَّصْفِ مِنْ صَلَةِ الْقَائِمِ».

«Ақиқатында, отырып орындаушының намазы - (сауабы бойынша) тұрып орындаушының намазының жартысы», - деді». <sup>100</sup>

Бірде «ол әдеби науқасты зиярат етіп келді де, оның жастыққа (бас) қойып намаз орындалап жатқанын көрді. Ол жастықты алып, шетке қойды. Сол кезде әлгі кісі (манғайын қойып) намаз орындау үшін, тақтайды алды, бірақ ол оны да алып, шетке тастай салды да:

«صَلَلُ عَلَى الْأَرْضِ إِنِّي أَسْتَطَعْتَ، وَإِلَّا فَأَوْمَئُ إِيمَاءً، وَاجْعَلْ سُجُودَكَ أَخْفَضَ مِنْ رُكُوعِكَ».

«Егер орындай алсан, намазды (манғайынды) жерге (тигізін) орында. Егер орындаай алмасан, онда иілүлерді бастың қозғалыстарымен (ишира жасап)

*тұрып орындауга ынталандыру болыт табылады, десе де оған намазды отырып орындауга да рұқсат етілген*. Ибн Хәжар «Фәтх ал-Бәри» (2/468) былай деп жазған: «Мұндай қорытынды орынды».

100 Ахмад, Ибн Мәжән сенімді иснадтармен.

*көрсөт: сәжде жасайтын кезінде оны руқұғ жасаганнан төмен ет»<sup>101</sup>.*

### Кемедегі намаз

«الصَّلَاةُ فِي الْسَّفِينَةِ»

(Бірде) оған ﷺ кеме үстінде намаз орындау туралы сұрақ қойылды, ал ол:

«صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ فِيهَا قَارِبًا إِلَّا أَنْ تَحَافَ الْغَرَقَ»

*«Егер сұға батып кетуден қауіптенбесен, оның үстінде намазды тұрып орында», - деп жауап берді*<sup>102</sup>.

Ол ﷺ қартайған шағында намазын орындаитын жерге (намазда тұрғанда) сүйене алатын аса таяғын алып келетін<sup>103</sup>.

101 Әт-Табарани, әл-Бәззар, Ибн ас-Самак өзінің хадистер жинағында (67/2), әл-Бәйінақи. Мен бұл туралы «Силсиләт әл-Әхадис әс-Сахиха» (323) кітабында түсіндіргенімдей, бұл хадистің иснады сахих.

102 Әл-Бәззар (68), әд-Даракутни, Абдул Фани әл-Мәқдиси «әс-Сунан да» (82/2). Хадистің сенімділігіне әл-Хаким нұсқаған, және онымен әз-Зәһаби келіскең. Ескертпе: Ұшақта намаз орындау ережелері кемедегідей. Мұмкіндік болса, намазды тұрып орындау қажет. Жоғарыда нұсқағандай, егер тұрып орындауга мүмкіндік болмаса, онда отырып, рукуғтар мен сәждelerді бастың қозғалыстарымен ишара жасап орындау қажет.

103 Абу Дауд және әл-Хаким. Әз-Зәһаби және әл-Хаким бұл хадисті сенімді деген. Мен бұл хадистерді сенімділігін «әс-Силсиләт әл-Әхадис әс-Сахиха» (319) және «әл-Ируа» (383) кітаптарында тексеріп шықтым.

## Таһажжуд<sup>104</sup> намазындағы тік тұру (қийям) және отыру (қу'уд) туралы

«الْقِيَامُ وَالْقُعُودُ فِي صَلَةِ اللَّيْلِ»

«Ол  түнде ұзак уақыт бойы тұрып және ұзак уақыт бойы отырып намаз орындаітын. Егер ол Құранды тұрып оқыса, рукуғты тұрып орындаітын, ал егер Құранды отырып оқыса, рукуғты отырып орындаітын»<sup>105</sup>.

Кейде «түнде ол намазды отырып орындаітын және Құранды да отырып оқитын. Отыз немесе қырық аягты оку қалғанда ол орнынан түрегеліп, оларды тұрып оқитын, ал содан соң рукуғ және сәжделер жасайтын. Тура осыны ол екінші ракағатты орындағанда да істейтін»<sup>106</sup>.

«Ол егде жасқа жетіп, өмірінің соңына дейін қосымша намаздарды («әс-суѣха»<sup>107</sup>) отырып

<sup>104</sup> Құптан (‘иша) мән тан (фәжр) парыз намаздарының арасында орындалатын қосымша (нәпіл) құпталатын (мустахаб) намаз (Аудармашының ескертпесі).

<sup>105</sup> Мұслим және Абу Дәуіл.

<sup>106</sup> Әл-Бухари және Мұслим.

<sup>107</sup> (Түнде немесе күн шыққан соң түске дейін орындалатын) қосымша намаз, ондағы қамтылған тасбихқа (Аллаһты пәктеп-дәріптеу) байланысты солай аталған.

орындаитын. Ол қайтыс болуынан бір жыл бұрын осылай істей бастады»<sup>108</sup>.

Сондай-ақ ол «аяқтарын айқастырып отыратын»<sup>109</sup>.

## Намазды аяқ киім киген күйде орындау және осылай істеуге нұсқау туралы

*الصَّلَاةُ فِي النَّعَالِ وَالْأَمْرُ بِهَا*

«Ол  кейде (намазда) жалаң аяқ, кейде аяқ киім киіп тұратын»<sup>110</sup>.

Ол  осыны өзінің үмметіне бұйырып:

*إِذَا صَلَّى أَحَدُكُمْ فَلْيَلْبِسْ نَعْلَيْهِ أَوْ لِيَخْلُمْهُمَا بَيْنَ رِجْلَيْهِ، وَلَا يُؤْذِي هِمَا غَيْرُهُ.*

*«Сендерден біреулерің намазды орындаса, аяқ қиімін кисін немесе оны шешіп, аяқтарының арасына*

108 Мұслим және Ахмад.

109 Ән-Нәса'и, Ибн Ҳузайма өзінің «әс-Сахих» (1/107/2), Абдул Фани әл-Мәқдиси «әс-Сунан» (80/1) кітабында және әл-Хаким жеткізген ол бұл хадисттің сенімділігін анықтады және онымен әз-Зәһаби келіскең.

110 Абу Әўед және Ибн Мәжән. Бұл хадис көптеген жеткізуашілер тізбектері арқылы жеткізіледі, бұл жөнінде әт-Тахауи хабарлағандай.

қойсын және басқаларға ыңғайсыздық жасамасын», - деді.<sup>111</sup>

Кейде ол:

«خَالِفُوا الْيَهُودَ، فَإِنَّهُمْ لَا يُصَلِّونَ فِي حِفَافِهِمْ وَلَا يَعَاذُهُمْ».

«Яңудилерге үқсамаңдар, өйткені олар кебістерімен де, қайыс шұлықпен (хуффпен) де намаз орында майды!»<sup>112</sup>, - дейтін.

Кейбір жағдайда ол намазды орындаپ жатқанда кебістерін шешетін, ал содан соң намазын жалғастыратын, бұл туралы Абу Саид әл-Худри (Аллаh оған разы болсын) былай деп айтқаныңдай: «Бірде біз Аллаhтың Елшісімен ﷺ бірге намазда тұрганбыз. Намазды орында тұрган кезімізде ол өзінің кебістерін шешті де, сол жағына қойды. Мұны адамдар көрген кезінде, олар да өзінің сандалияларын шешіп қойды. Намазды аяқтап болып, ол: «Не үшін сендер аяқ киімдеріңді шештіңдер?», - деп сұрады. Олар: «Сен аяқ киіміңді шешкеніңді көріп, біз де аяқ киімдерімізді шештік», - деді. Бұған Пайгамбар ﷺ: «إِنَّ جِبْرِيلَ أَتَانِي فَأَخْبَرَنِي أَنَّ رَأَى فِيهِمَا قَدَرًا (خَبَثًا)، فَلَمْ يَسْخُنْهُمَا بِالْأَرْضِ، وَأَيْكَشِّلْ فِيهِمَا».

«Ақиқатында, маган Жәбірейіл келді де, онда лас нәрсе бар екенін хабарлады, - немесе ол, - бір зиянды

<sup>111</sup> Абү Дәуд және әл-Бәззар (53, «әз-Зая'ид»). Әл-Хаким бұл хадистің сенімділігін анықтады және онымен әз-Зәһаби келісті.

<sup>112</sup> Сол жерде.

*нәрсе, - деп айтты [хадистің басқа бір нұсқасында аяқ киімде нәжіс бір нәрсе бар еді деп хабарланады] әрі сондықтан да мен оны шештім. Сондықтан да сендерден кім мешітке келсе, аяқ киіміне қарасын. Егер ол онда лас нәрсе тапса, - немесе ол: «зиянды бір нәрсе», - деп айтты [бұл хадистің басқа бір нұсқасында «нәжіс бір нәрсе» деп айтылған], - оны сүртсін де, сосын онымен намазды орындаі берсін», - деді»<sup>113</sup>.*

«Ол  аяқ киімін шешетін кездे, оны өзінің сол жағына қоятын»<sup>114</sup> және ол сондай-ақ былай дейтін:

*إِذَا صَلَّى أَحَدُكُمْ فَلَا يَضْعُنْ تَعْلِيهِ عَنْ يَمِينِهِ، وَلَا عَنْ يَسَارِهِ، فَيَكُونَ عَنْ يَمِينِ غَيْرِهِ، إِلَّا*

*أَنْ لَا يَكُونَ عَنْ يَسَارِهِ أَحَدٌ، وَلْيَضَعُهُمَا بَيْنَ رِجْلَيْهِ.*

«Сендерден біреу намазды орындаса, аяқ киімін он жағына және ол біреудің он жағында қалмауы үшін, сол жағына да қоймасын. Ол аяқ киімін аяқтарының арасына қойсын»<sup>115</sup>.

113 Абу Дауд, Ибн Хузайма және ал-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деді. Онымен әз-Зәһаби және ән-Нәуау көліскен. Бұл хадистің бірінші нұсқасы сенімділікке «әл-Ируа’ да» (284) тексерілген.

114 Сол жерде.

115 Абу Дауд, ән-Нәса'и және Ибн Хузайма (1/110/2) бұл хадисті жеткізушілерінің сенімді тізбегімен жеткізеді.

## Мінбер үстінде орындалатын намаз туралы<sup>116</sup>

«الصَّلَاةُ عَلَى الْمِنْبَرِ»

«Бірде ол  намазды мінберде (бұл хадистің басқа бір нұсқасында «...үш баспалдагы бар»<sup>117</sup> деп айтылады) тұрып орындалады. Және [ол оның үстінеге тұрды да, тәкбір айтты, ал оның соңынан тәкбірді адамдар да айтты, ал оның өзі мінберде еді,] [кейін ол мінберде тұрып рукуғ жасады,] кейін ол басын көтерді де, артқа қарай жүріп, төменге түсті<sup>118</sup> және мінбердің төмен жағында сәжде жасады. Содан соң ол (қайтадан) (мінберге) қайтып, [намазды аяқтағанынша соның үстінде бірінші ракағатта орындаған нәрселерді

116 Қз.: Ескертпе № 2.

117 Мінберге үш баспалдақ қою және оларды үшеуден көбейтпей – <sup>Сұннет</sup>. Баспалдақтардың санын көбейту – бұл жіп жағдайда намаздағы саптың бөлінуіне алып келетін, Умайя әuletі кезінде дінге енгізілген жаңалық (бидғат). Бұдан қашып құтылу үшін, мінберді мешіттің батыс бұрышына немесе миhrабқа (мешіттің қабыргасының ішіне жасалған Мекке жаққа қараған намаз оқытын орын - <sup>Аудармашының ескертпесі</sup>) орналастырады. Бұл - тағы да бір діни бидғат. Бұл үкім саты арқылы көтерілетін балкон түрінде, осы қабыргаға жабыстырылып жасалған мінберге де қатысты, ал ең жақсы Басшылық – бұл Мухаммадтың  басшылығы. Қз.: «Фетх ал-Бәри» (2/331).

118 (Намазда) Қыблага арқамен бұрылмау үшін <sup>(Аудармашының ескертпесі)</sup>.

орындағы]. Содан соң ол адамдарға бұрылып, былай деді:

«يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّمَا صَنَعْتُ هَذَا لِتَأْتُمُوا بِي وَلَتَعْلَمُوا صَلَاتِي».

*«Уа, адамдар! Мен мұны сендер маган ілесулерің үшін және менен намазымды үйренулерің үшін істедім».*<sup>119</sup>

**Намаз орындаушының алдында сутра<sup>120</sup> болуы  
және оның міндеттілігі туралы**

«السُّرْرَةُ وَجُوبُهَا»

«Ол  сутрага жақын тұратыны соншалықты - онымен қабырға арасындағы (қашықтық) үш шынтақ болатын».<sup>121</sup> Ал «оның сәжде жасайтын орны мен

119 Әл-Бухари, Мұслим (ол бұл хадистің басқа нұсқасын көлтірген) және Ибн Са'д (1/253). Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (545) кітабында көлтірлген.

120 «Сутра» - сөзбе-сөз «бөгет, перде, қалқа». Намазда «сутра» термині намаз орындаушы адамның сәжде жасайтын орынының дәл алдына қойылатын кез келген затқа қатысты қолданылады. Осы бапта жан-жақты хабарланатыныңдай, мұндай бөгет оны мен намаз орындаушының арасынан намаз кезінде ешкімнің өтуіне рұқсат етілмейтініне нұсқаушы қызметін атқарады.

121 Әл-Бухари және Ахмад.

қабырғаның арасында қой өтуге жеткілікті қашықтық қалатын»<sup>122</sup>.

Ол ﷺ сондай-ақ былай дейтін:

«لَا تُصَلِّ إِلَّا إِلَى سُرْرَةٍ، وَلَا تَدْعُ أَحَدًا يَمْرُ بَيْنَ يَدَيْكَ، فَإِنْ أَبَى فَلْتُقَاتِلْهُ، فَإِنَّ مَعَهُ الْقَرِينَ».

«Намазды тек бөгетке (сұтрага) қарап орындаңдар және ешкімге алдыларыңнан өтуге жол бермендер, ал егер ол (базынудан) бас тартса, онда онымен шайқасыңдар, өйткені оның жанында оның жолдасы (яғни шайтан – Аудармашының ескертпесі) бар»<sup>123</sup>.

Ол ﷺ сондай-ақ былай дейтін:

«إِذَا صَلَّى أَحَدُكُمْ إِلَى سُرْرَةٍ؛ فَلَيَدْنُ مِنْهَا، لَا يَقْطَعُ الشَّيْطَانُ عَلَيْهِ صَلَاتُهُ».

«Егер сендерден біреу намазды бөгетке (сұтрага) қарап орындаса, шайтан оның намазын бұзбауы үшін, оған жақындастын»<sup>124</sup>.

Кейде «ол ﷺ намазды өзінің мешітінде орналасқан бағананың алдында орындастын»<sup>125</sup>.

122 Эл-Бухари және Муслім.

123 Ибн Ҳузайма «ас-Сахих-Та» (1/93/1) сенімді иснадпен.

124 Абу Дауд, әл-Бәzzар («Заяу'иа», 54-бет) және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деді: Онымен әз-Зәhabи және ән-Науауи келісті.

125 Эл-Бухари. Бөгет (сұтра) имамға да, намазды жалғыз өзі орындаң түрған адамға да қажет, тіпті үлкен мешіттің ішінде де. Ибн Ҳәни өзінің «әл-Мәса'ил әл-Имам Ахмад» (1/66) кітабында былай деп жазады: «Бірде Абу Абдуллаһ (имам Ахмад ибн Ҳәнбал) менің алдыма сұтра қоймай намаз оқып

«Ол  намазды (еш нәрсені бөгет ретінде пайдалануға мүмкіндік болмаған ашық жерде) орындағанда, алдына (жерге) қысқа найзаны қадап қоятын, содан соң сол найза жаққа бет бұрып намаз орындаітын, ал адамдар намазды оның артында орындаітын»<sup>126</sup>; кейде «ол өзінің алдындағы жерге түйесін шөктіріп, соған бет бұрып намаз орындаітын»<sup>127</sup>, бірақ бұл түйе қорасында намаз орындаудан ерекшеленеді (бөлек жағдай), өйткені ол бұған «тыйым салған»<sup>128</sup>, ал кейде «ол ер тоқымды

---

*тұрганымды көріп қойды. Мен сол кезде онымен бірге бас мешітте болатынмын. Ол маган: «Бір нәрсемен бөгет жасап қой!», - деді, және мен адаммен бөгет жасап қойдым». Мен (яғни шейх әл-Әлбани – Аудармашының ескертпесі) былай деймін: бұл жерде «имам Ахмад бөгет (сутра) мәселесінде үлкен және кіші мешіттердің арасында айырмашылық жасамаған» дегенде нұсқау бар. Және бұл, әрине, дұрыс, бірақ мұндай нұсқауды намаз орындаушылардың көбі орындамайды, тіпті мен барып қайтқан мемлекеттердегі, соның ішінде мен осы (1410 ھ.ж.) жылдың ережеп айында аралап шыққан Сауд Арабиясындағы мешіттердің имамдары да. Соңдықтан да ислам ғалымдары (уләма) адамдарға сутрага қатысты күші бар үкімдерді түсіндіріп, осы туралы айтып, осыны орындауға оларды шақыруы қажет. Бұл нұсқауды тіпті Қасиетті қос Мешітте де орындау қажет.*

126 Әл-Бухари, Муслім және Ибн Мәжан.

127 Әл-Бухари және Ахмад.

128 Сол жерде.

(алдына) қойып, оның артқы жағына қарап намаз орындаитын»<sup>129</sup>.

Ол ﷺ былай дейтін:

«إِذَا وَضَعَ أَحَدُكُمْ يَنْ يَدِيهِ مِثْلَ مُؤَخْرَةِ الرَّاحْلِ؛ فَلْيُصْلِلْ وَلَا يُبَالِي مَنْ يَمْرُرُ وَرَاءَ ذَلِكَ».

«Егер сендерден біреу өзінің алдына ер тоқымын, артқы жағы сияқты бір нәрсені қойса, намазын орындаі берсін және оның арғы жағынан өтетін біреуге көңіл бөлмей-ақ қойсын»<sup>130</sup>.

Бірде «ол ﷺ намазын ағашқа қарап орындады»<sup>131</sup>, ал кейде «ол намазды 'Айша (Аллаһ оған разы болсын) [өзінің көрпесі астында] (жатқан) төсегіне қарап орындаитын»<sup>132</sup>.

Ол ﷺ өзі мен сутраның арасынан әлдебіреудің өтуіне жол бермейтін. Мысалы, бірде «ол намаз орындаған түрғанда бір қой жүгіріп келді де, оның алдын кесіп өтпек еді, ол қабыргаға ішімен жабысып, одан озды [және қой оның артынан өтіп кетті]»<sup>133</sup>.

Сондай-ақ бірде «парыз намазда ол жұдырығын қысты, ал (намазын) аяқтаған кезінде адамдар одан: «Ya,

129 Мұслим, Ибн Ҳузайма (92/2) және Ахмад.

130 Мұслим және Абу Дәуіл.

131 Ән-Нәса'и және Ахмад бұл хадисті сенімді жеткізушілер тізбегі арқылы көлтіреді.

132 Әл-Бухари, Мұслим, Абу Йа'лә (3/1107).

133 Ибн Ҳузайма өзінің «әс-Сахих» (1/95/1) кітабында әт-Табарани (3/140/3) және әл-Хаким, соңғысы бұл хадистің сенімділігін анықтаған және онымен әз-Зәhabи келіскең

Аллаһтың Елисі! Намаздың кезінде бір нәрсе болды ма?», - деп сұрады, ал ол:

«لَا، إِلَّا أَنَّ الشَّيْطَانَ أَرَادَ أَنْ يُمْرِرَ بَيْنَ يَدَيَّ، فَخَنَقَهُ حَتَّىٰ وَجَدْتُ بَرْدَ لِسَانِهِ عَلَىٰ يَدِي، وَأَنِّي لَوْلَا مَا سَبَقْتَنِي إِلَيْهِ أَخْرِي سُلَيْمَانٌ؛ لَا رَبِطْتُ إِلَى سَارِيَةٍ مِّنْ سَوَارِي الْمُسْجِدِ حَتَّىٰ يُطِيفَ بِهِ وِلْدَانُ أَهْلِ الْمَدِيْنَةِ، [فَمَنْ اسْتَطَاعَ أَنْ لَا يَحْكُمْ بَيْنَهُ وَبَيْنَ الْقَبْلَةِ أَحَدٌ؛ فَلْيَعْمَلْ]».

«Жоқ, тек шайтан алдынан кесіп өткісі келіп еді, бірақ мен оның тілінің сүйкітығын қолыммен сезгеніме дейін оны буындыра бердім. Аллаһпен ант етемін, егер менің бауырым Сулеймен (оган Аллаһтың сәлемі болсын) осыда мені озбагандар<sup>134</sup>, Мәдиналықтардың (балалары) оны (қоршап) айналуы үшін, мен (міндепті түрде) оны (шайтанды) осы мешіттің бөренелерінің біріне байлан қояр едім.

---

<sup>134</sup> Бұл Сулейменнің (Аллаһтың оған сәлемі болсын) Аллаһ жауап берген дұғасына қатысты, бұл туралы Құранның келесі аяттарында баяндалатыныңдай:

رَبَّ اغْفِرْ لِي وَهُبْ لِي مُلْكًا لَا يَنْتَعِي لَاهَدَ مِنْ بَعْدِي إِنَّكَ أَنْتَ الْوَهَابُ - فَسَخَرْنَا لَهُ الرَّبِيعَ تَجْرِي بِأَمْرِهِ رُخَاءً حَيْثُ أَصَّ أَبَ - وَالشَّيْطَينُ كُلُّ بَنَاءٍ وَغَوْصٍ - وَأَخْرَيْنِ مُقْرَنِينِ فِي الْأَصْفَادِ

«Раббым! Мені жарылқа. Маған менен кейін ешкімге нәсіп болмайтын патшалық бер. Әрине, Сен өте Жомартсың», - деді. Сондықтан (оган) қалаған жерге жетуге, бұйрығымен оңай жүретін желді бағындырық. Әр түрлі құрылыш жасаушы және сұңгітіш, ал басқа біреулері шынжырларда маттаулы шайтандарды бағындырық» («Сад» сүресі, 35-38- аяттар).

*Сондықтан да кім өзі мен Қыбла арасынан ешкімді өткізбеуге шамасы келсе, осылай істесін!»<sup>135</sup>*

Ол ғондай-ақ былай деп айтатын:

إِذَا صَلَّى أَحَدُكُمْ إِلَى شَعْرَرَهُ مِنَ النَّاسِ، فَأَرَادَ أَحَدٌ أَنْ يَجْتَازَ بَيْنَ يَدَيْهِ؛ فَلَيْدُفْعَ فِي نَحْرِهِ، [وَلَيْدُرَأُ مَا اسْتَطَاعَ] (لَيْمَنْعَهُ، مَرَّتَينَ)، فَإِنْ أَبِي فَلِيقَاتِلُهُ فَإِنَّمَا هُوَ شَيْطَانٌ .

*«Егер сендерден біреу намазды адамдардан сұтрапарқылы бөгеттеліп орындаи бастаса, ал біреу (сол*

135 Ахмад, әд-Даракутни, әт-Табарани бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді. Бұл хадистің мағынасы (әл-Бухари мен Мұслимнің) екі «Сахихында», ғондай-ақ басқа да жинақтарда көптеген сахабалардан көлтірілген. Осы хадис кадианилер ағымы олар себепті Исламнан шығып кеткен көптеген хадистердің бірі болып табылады, өйткені олар Құран мен Сұннетте аталатын жындарға иман көлтірмеді, ал олардың ілімі (тариқат) (шаригаттың) белгілі мәтіндік қуәліктерін (нусус) теріске шығаруға бағытталған. Расында, Құранға қатысты айтар болсақ, олар оның (айқын) мағынасын өзгертетін, мысалы Аллаһ Тағаланың «Айт: «Маған бір неше жынның Құранды естігені уаҳи етілді...»» деген сөздері туралы кадианилер: «Яғни адамдардан болған (инс), - деді! Сейтіп олар «жын» деген сөзді «инс» деген сөздің синонимі етті, әл-бәшар» (адам) деген сияқты! Сонысымен олар лингвистикалық нормалардың ғана емес, Шаригаттың да шеңберінен шығып кетті. Ал Сұннетке келер болсақ, олар жалған түсіндірмегелерге жүгініп, оны барынша бұрмалауға тырысты, ал өздерінің тұжырымдамаларын оңай ету үшін, олар өздеріне ыңғайлы жерлерде оны сенімсіз деп мәлімдейтін, тіпті әрбір мұхаддис имам да, оларға ілескен бүкіл үммет те оның көптеген жеткізу жолдары арқылы анықталған сенімділігіне бір ауызды келісімде болса да. Аллаһ кадианилерді Ҳақ Жолға шығарсын!

кезде) оның алдынан кесіп өткісі келсе, (намазды орындауши) оны итеріп жіберсін [бұл хадистің басқа бір нұсқасында: «...намаз орындауши оны екі рет тоқтатуға тырысызы қажет», - деп хабарланады] және егер ол (багынудан) бас тартса, онымен шайқассын<sup>136</sup>, өйткені ол – шайтан!»<sup>137</sup>

Ол ﷺ сондай-ақ былай деп айтатын:

«أَنْ يَعْلَمُ الْمُرْسَلُونَ يَدَيِ الْحُصْلَى مَاذَا عَلَيْهِ لَكَانَ أَنْ يَقْفَ أَرْبَعَنَ حَيْرًا لَهُ مِنْ أَنْ يَمْرَأَ يَنْ

يَكْدِيهُ». .

«Егер де намаз орындашының алдынан кесіп өтуші өзіне қандай (куна) алып жатқанын білгенде, орнында қырық <...> тұру ол үшін оның алдынан кесіп өтуден жақсырақ екенін түсінер еді!» Бұл хадистің жеткізушісі Абу ән-Надр былай деп айтқан: «Ол қырық күн, ай немесе жыл деп айтты ма - ол менің нақты есімде емес»<sup>138</sup>.

<sup>136</sup> Яғни қаттырак итеріп жіберсін (Аудармашының ескерпесі).

<sup>137</sup> Әл-Бухари, Муслим. Тік бұрышты жақшаларға алынғанды қосымша Ибн Хузайма (1/94/1) жеткізеді.

<sup>138</sup> Әл-Бухари, Муслим. Тік бұрышты жақшаларға алынғанды қосымша Ибн Хузайма (1/94/1) жеткізеді.

## Намазды бұзатын нәрселер туралы

«مَا يَقْطَعُ الصَّلَاةَ»

Ол ﷺ былай деп айтатын:

«يَقْطَعُ صَلَاةَ الرَّجُلِ إِذَا لَمْ يَكُنْ بِيْنَ يَدَيْهِ مِثْلُ آخِرَةِ الرَّحْلِ: الْمُرْأَةُ [الْحَائِضُ]، وَالْحَمْارُ، وَالْكَلْبُ الْأَسْوَدُ». «الْكَلْبُ الْأَسْوَدُ شَيْطَانٌ».

«Егер намаз орындаудының алдында ер тоқым сияқты бір нәрсе болмай, оның алдынан (етеккірі келетін<sup>139</sup>) әйел, есек немесе қара ит кесіп өтсе, оның намазы үзілген болады». Абу Зарр: «Мен: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Не үшін қара ит, ал (мысалы) қызыл емес?», - деп сұрадым. Сонда ол: «Қара ит – шайтан!», - деп жауап берді»<sup>140</sup>.

---

<sup>139</sup> Яғни кәмелетке толған әйел. Бұл жердегі «үзілген (қырқылған)» деген сөз «зая етілген» дегенді білдіреді. Ал «Намазды еш нәрсе үзілген етпейді» деген хадиске келер болсақ, ол әлсіз хадис, мен бұған «Тамам әл-Минна Һт<sup>а</sup>» (306-бет) нұсқаганымдай.

<sup>140</sup> Муслим, Абу Дауд және Ибн Хузайма (1/95/2).

## Қабірге қарап намаз оқудың тыйым салынғандығы туралы

«الصَّلَاةُ تُجَاهَ الْقَبْرِ»

Ол ﷺ:

«لَا تُنَصِّلُوا إِلَى الْقُبُوْرِ، وَلَا تَحْبِسُوْا عَلَيْهَا»

«Қабірлерге қарап намаз орында маңдар және олардың үстіне отырманаңдар», - деп, намазды қабірге қарап орындауға тыйым салатын.<sup>141</sup>

Ниет<sup>142</sup>

(النِّيَّةُ)

Ол ﷺ былай деп айтатын:

«إِنَّمَا الْأَعْمَالُ بِالنِّيَّاتِ، وَإِنَّمَا لِكُلِّ امْرٍ مَا نَوَى»

141 Сол жерде. Толығырақ танысу үшін менің «Тахзир әс-сәжада» («Фибадат етушіні қабірлерді намаз орындау орындары ретінде таңдәудан сақтандыру») және «Әхкам әл-Жәна'из уа бидайха» («Жаназа рәсімдері және онымен байланысты діни бидгаттар»).

142 Ән-Нәуаи «Раудат әт-Талибинде» (1/224) былай дейді: «Niет – бұл мақсат, сондықтан да намазды орындауга кірісуші адам адам, осы намазды және, мысалы, бұл қандай намаз: ол парыз ба әлде жоқ па? – және т.с. оның ерекшіліктеріне қатысты нәрселерді есіне алады, әрі алга什қы тәкбірді айтқанда оларды біртұмас етпін біріктіреді».

«Ақиқатында, амалдар тек ниетке қарай (багаланады), әрі, ақиқатында, әрбір адамның үлесіне ол (алуды) ниет еткен нәрсесі ғана тиеді»<sup>143</sup>.

### Намазды ашатын тәкбір (такбират әл-ихрам)

﴿الْتَّكْبِيرُ﴾

Кейін ол ﷺ: «Аллаһу Экбар (Аллаһ Ұлы!)»<sup>144</sup>, - деп, намазды бастайтын.

Ол ﷺ, жоғарыда аталаып кеткендей, «намазды нашар орындаған адамға»:

<sup>143</sup> Әл-Бухари, Мұслим және басқалар. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (22) кітабында келтірілген.

Сондай-ақ «Сахих ал-Бухари» (краткое изл.), 1-ое издание на русском языке, № 1. және «Сады праведных», хадис № 1. қараныз – редактордың (рус.) ескертпесі.

<sup>144</sup> Мұслим және Ибн Мәжәх. Бұл хадистте оның ﷺ намазды кейбір адамдар сияқты «(Уа, Аллаһ) мен .... намазды орындауды ниет еттім» деген сөздермен бастамағанына нұсқау бар. Бұл - дінге енгізілген жаңалық (бидғат) болып табылатынына бірауызды келісім бар. Келіспеушілік тек мұның қандай: жақсы не жаман – діни жаңалық (бидғат) екендігінде ғана, ал біз бұған: «Ақиқатында, оның ﷺ «...әрбір діни жаңалық (бидғат) - адасушылық, ал әрбір адасушылық - Отта» деген сөздері жалпы сипатта болғандықтан, ғибадат мәселелеріне қатысты барлық діни жаңалықтар адасушылық болып табылады», - деп айтамыз.

إِنَّهُ لَا تَتِمُ صَلَاةً لَا حَدِّ حَتَّىٰ يَتَوَضَّأْ، فَيَضَعَ الْوُضُوءَ مَوَاضِعَهُ، ثُمَّ يَقُولُ: «اللَّهُ أَكْبَرُ».

«Ақиқатында, адамның намазы ол денесінің барлық қажетті мүшелерін жуып, (дұрыс) дәрет алмайынша, ал содан кейін: «Аллаһу Әкбар (Allah Ұлы)!», - деп, осылай айттайынша, толық болмайды», - деп, осылай істеуді бұйырды.<sup>145</sup> Ол ﷺ сондай-ақ:

﴿مِنْتَاجُ الصَّلَاةِ الطُّهُورُ، وَخَرِيمُهَا التَّكْبِيرُ، وَخَلِيلُهَا التَّسْلِيمُ﴾.

«Намаздың кілті – дәрет, оған кіру – тәкбір, ал одан шығу - маслім», - деп айтатын<sup>146</sup>.

<sup>145</sup> Әт-Табарани бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

<sup>146</sup> Абу Дәүд, әт-Тирмизи және әл-Хаким, СОНҒЫСЫ бұл хадистің сенімділігін анықтаған және онымен ә<sup>3</sup>-зәхаби келіскең. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа»<sup>(301)</sup> кітабында келтірілген. Сөзбе-сөз «*“әкбір” оны тыйым салынған (харам етеді)*», бұл намазды орындау кезінде Аллах істеуге тыйым салған (харам еткен) барлық іс-әрекеттерді мензейді, «*ал “маслім” оны рұқсат етілген (халал) етеді*», бұл намаздан тыс рұқсат етілетін барлық нәрселер сияқты. Хадис: «Намаздың есігі жабық және бірде-бір мүмін алдын ала тазаланбай, оны аша алмайды», - деп тұжырымдайды. Тура сол

Сондай-ақ «ол тәкбір айту тұсында артында тұрғандар оны (тәкбірді) еститіндей дауысын (бір қалыпты) етіп көтеретін»<sup>147</sup>. Алайда «ол ауырған кезінде, Елшінің ﷺ тәкбірін адамдарға жеткізу үшін, Абу Бәкр дауысын көтеретін»<sup>148</sup>.

Ол ﷺ сондай-ақ былай деп айтатын: «*Имам: «Аллаһу Экбар», - деп айтқанда, (сендер де): «Аллаһу Экбар», - деп айтыңдар*»<sup>149</sup>.

### Екі қолды көтеру

«رَفْعُ الْيَدَيْنِ»

---

Сияқты тек тәкбір ғана намазға кіру және тек таслим ғана намаздан шығу болып табылатындығы онда бекітіліп айтылады. Бұл пікірді мұсылман ғалымдарының көпшілігі ұстанады.

<sup>147</sup> Ахмад және әл-Хаким, **Сөңғысы** бұл хадистің сенімділігін анықтаған және онымен әз-Зөһаби **келіскен**.

<sup>148</sup> Мұслим және ән-Нәса'и.

<sup>149</sup> Ахмад және әл-Бәйнәқи бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

Ол  екі қолын кейде тәкбір айтумен бір мезгілде<sup>150</sup>, кейде тәкбір айтқаннан кейін<sup>151</sup>, ал кейде оны айтудан бұрын<sup>152</sup> көтеретін.

«Ол екі қолын, саусақтарының араларын ашық ұстап [бірақ араларын керіп ашпай және оларды бірін-біріне жабыстырмай]»<sup>153</sup> көтеретін, әрі «ол оларды иығының тұсына дейін көтеретін»<sup>154</sup>, десе де кейде «ол оларды құлағының (сыргалықтарының) тұсына дейін көтеретін»<sup>155</sup>.

**Оң қолын сол қолының үстіне қою және  
осылай істеу туралы бұйрық**

**«وَضْعُ الْيُمْنَى عَلَى الْيُسْرَى وَالْأَمْرُ بِهِ»**

150 Әл-Бухари және ән-Нәса'и.

151 Сол жерде.

152 Әл-Бухари және Абу Дәуд.

153 Абу Дәуд, Ибн Хузайма (1/62/2,64/1), Таммам және әл-Хаким, соңғысы бұл хадистің сенімділігін анықтаган және онымен әз-Зәhabи *дe* келіскең.

154 Әл-Бухари және ән-Нәса'и.

155 Әл-Бухари және Абу Дәуд.

«Ол  он қолын сол қолының үстіне  
коятын»<sup>156</sup> және:

**إِنَّا مَعْشِرَ الْأَنْبِيَاءِ أَمْرَنَا بِتَعْجِيلٍ فِطْرِنَا وَتَأْخِيرٍ سُحُورَنَا وَأَنْ نَضَعَ أَيْمَانَنَا عَلَى شَمَائِلِنَا فِي الصَّلَاةِ.**

«Бізге - пайғамбарларға ауызашарға (иғтарға) асығы<sup>157</sup> және сәресін (сұхурды)  
кеіндептү<sup>158</sup>, сондай-ақ намазда он қолды сол  
қолдың үстіне қою бұйырылған», - деп  
айтатын<sup>159</sup>.

Сондай-ақ «ол сол қолын он қолының үстіне  
қойып намаз орындаپ тұрған бір адамның  
жанынан өтіп бара жатты. Сонда ол оның  
қолдарын ажыратып, он қолын сол қолының  
үстіне қойды»<sup>160</sup>.

156 Мұслим және Абу Дәуд. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа»  
кітабында келтірілген (352).

157 Ауызашар, оразаның уақыты біткенде білдіретін күн  
батқан мезетте тамақтану (Аудармашының ескертпесі).

158 Ораза ұстаудан бұрын таң атқанша азғантай уақыт  
қалғанға дейін соңғы тамақтану (Аудармашының ескертпесі).

159 Ибн Хиббан және әд-Дийә' бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

160 Ахмад және Абу Дәуд бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

## Қолдарды көкірекке қою

«وَضَعُهُمَا عَلَى الصَّدْرِ»

«Ол  оң қолын сол алақанының, білезік буынының және білегінің сырт жағына қоятын»<sup>161</sup>, «әрі өзінің сахабаларына солай істеуді бұйыратын»<sup>162</sup>, ал кейде «ол өзінің сол қолын оң қолымен қысып ұстайтын»<sup>163</sup>.

161 Абу Дәуд, Ән-Нәса'и және Ибн Ҳузайма (1/54/2) бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді. Бұл хадисттің сенімділігі Н Ибн Ҳиббан (485) анықтаған.

162 Мәлік, әл-Бухари және Абу Ауана.

163 Ән-Нәса'и және әд-Даракуттың бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

Бұл хадистте (сол қолды оң қолмен) қысудың сұннет екендігіне қуәлік бар, ал бұдан алдынғы хадисте (оң қолды сол қолдың үстінен) қою туралы сөз болған, әрі бұл да сұннет болып табылады. Сейтіп, бұл әрекеттің екеуі де – сұннет. Ал (мұсылмандардың) соңғы буыннынан болған кейбір ханафилер мақұлдаған қою мен ұстауды біріктіруге қатысты айтар болсақ, бұл діни жаңалық (бидғат). Ол былайша көрініс табады: Ибн 'Абидин «Дүрр ал-Мұхтар» (1/454) кітабына жасаған ескертпелерінде нұсқағандай, оң қолды сол қолдың үстінен қойып, оң қолдың бас бармагы және шынашағымен сол қолдың білегін қапсыра ұстай, ал қалған үш саусақ (сол қолдың үстінде) жалпасынан жатады. Соңдықтан да мұндай сөздермен адаспаңдар!

«Ол  оларды (яғни екі қолын — Аудармашының ескертпесі) көкірегіне қоятын»<sup>164</sup>.

Сондай-ақ «ол екі қолды бүйіріне қойып намаз оқуға тыйым салатын [және ол (оны

164 Абу Дәүд, Ибн Хузайма «ас-Сахиҳ Та» (1/54/2), Ахмад және Абу эш-Шейх «Тарих Асбахан да» (125-бет). Бұл хадистің бір тізбегін (иснадын) әт-Тирмизи жақсы (хасан) деп айтқан. Мұқият қарап шыққан кезде, мағынасы бойынша осыған үқсас хадистерді «әл-Мууатта» кітабында және әл-Бухари дің «ас-Сахиҳ» хадистер жинағында табуға болады. Мен бұл хадистің иснадтарын өзімнің «Әхкам әл-Жена’из» (118-бет) кітабымда мұқият зерттегемін.

**Ескертпе:** Қолдарды көкірекке қою Сұннетте сенімді түрде бекітілген, ал бұған қайшы келетін барлық нәрсе не әлсіз, не мұлде негізсіз болып табылады. Имам Исахак ибн Раһаяйх та осы Сұннетке сәйкес амал ететін бұл туралы әл-Мәруази «әл-Мәса’ил» (222-бет) кітабында былай деп айтатындыңдай: «Исақ бізben бірге үтір намазын орындайтын... Ол дұға кезінде қолын көтеретін және дұғаны рукуғтан бұрын жасайтын, ал қолдарын көкірегіне немесе көкірегінен сәл төмендеу қоятын».

Тура осыны әл-Қади ‘Ийәд әл-Мәлики өзінің «әл-И’ләм» кітабында «Мұстахаббат ас-Саләт» тарауында (3-басылым, Рабат, 15-бет) былай деп айтқан: «Он қолды көкіректің жоғарғы тұсына сол қолдың сырт жағына қою қажет». Мұнымен сондай-ақ Абдуллаһ Ибн Ахмад Ибн Хәнбал өзінің «әл-Мәса’ил» (62-бет) енбебігінде баяндаған мына сөздері де үқсас: «Мен әкемнің намазда бір қолын екіншісінің үстіне кіндіктен жоғары қоятынын көретінмін».

Аудармашының ескертпесі: Толығырақ осы кітаптың соңында келтірілген № 2 Қосымшаны қараңыз.

көрсетіп беру үшін) қолын бүйіріне қойды]»<sup>165</sup>. Ол дәл осында, яғни «силб» [крестке керілген адамға үқсас] құйді қабылдауға тыйым салатын<sup>166</sup>.<sup>167</sup>

**Көзді сәждे жасайтын орынға тігу және  
намазды жан-тәніңмен беріліп орындау  
(хушуғ)**

«النَّظَرُ إِلَى مَوْضِعِ السُّجُودِ، وَالْخُشُوعُ»

«Ол намазда басын иіп және көзін жерге тігіп тұратын»<sup>168</sup>, (ал) «Қағбаның ішінде болған кезінде, одан шығып кетпейінше, көзін сәжде жасайтын орнынан алмайтын»<sup>169</sup>; және ол:

165 Әл-Бухари және Мұслим. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» кітабында келтірілген (374).

166 Абу Дәуд, ән-Нәса'и және басқа (мухаддистер).

167 Абу Дәуд, ән-Нәса'и және басқалар.

168 Әл-Бейхақи және әл-Хаким, соңғысы бұл хадистің сенімділігін анықтап бекіткен. Бұл хадис сондай-ақ оның он сахабасынан жеткізілетін басқа да үқсас хадиспен қүшейтіледі. Ибн 'Асакир (17/202/2) айтқанындағы. Қз.: «әл-Ируа» (354).

169 Сол жерде. **Маңызды ескертпе!** Бұл екі хадис назарды сәжде жасайтын орынға тігудің Сұннет болып табылатынына айғақ болады,

«لَا يَنْبَغِي أَنْ يَكُونَ فِي الْبَيْتِ شَيْءٌ يُشْغِلُ الْمُصَلِّيًّا».

«Үйде намаз орындаушины алаңдататын еш нарсе болмау керек», - деп айтатын<sup>170</sup>.

«Ол көзді аспанға қаратуға тыйым салатын»<sup>171</sup> және осы тыйымын қатаң түрде талап еткені соншалықты – ол:

«لَيَتْهِيئَ أَقْوَامٌ يَرْفَعُونَ أَبْصَارَهُمْ إِلَى السَّمَاءِ فِي الصَّلَاةِ؛ أَوْ لَا تَرْجِعُ إِلَيْهِمْ». (أَوْ لَا تُخْطَفَنَّ أَبْصَارُهُمْ).

«Намаз орындау кезінде көздерін аспанға қарататын адамдар олай істеулерін тоқтатулады керек, әйтпесе олардың көру қабілеттері оларға ешқашан қайта оралмайды (хадистің басқа нұсқасында: «...әйтпесе олар көру қабілетінен айырылады»,

сондықтан да кейбір намаз орындаушылардың намаз оқу кезінде көздерін жұмып тұратындары – бұл тек жасанды тақуалық ғана, өйткені ең жақсы басшылық – бұл Мұхаммадтың ﷺ Басшылығы.

170 Абу Дауд және Ахмад бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы жеткізеді («әл-Ируа», 1771); осы хадистің мағынасынан айқын көрінетіндей, бұл жердегі «Үй» сөзі Қағбаны білдіреді.

171 Әл-Бұхари және Абу Дауд.

- деп айтылады), - деп айтатын<sup>172</sup>. Басқа хадисте:

«فَإِذَا صَلَيْتُمْ فَلَا تَلْتَفِتُوا؛ فَإِنَّ اللَّهَ يَنْصُبُ وَجْهَهُ لِوَجْهِ عَبْدِهِ فِي صَلَاتِهِ مَا لَمْ يَلْتَفِتْ». .

«...ал сендер намаз орындан тұрғандарыңда жан-жақтарыңа (бұрылым) қарамаңдар, өйткені Аллаһтың құлы намаз орындан тұрған кезінде басқа жаққа қарамайыныша Аллаh та Өзінің Жүзін оның жүзіне қаратып тұрады», - деп айтылады<sup>173</sup> және ол сондай-ақ (намаз орындаушының) жан-жаққа көз тастауы туралы:

«اَخْتِلَاسٌ يَخْتَلِسُهُ الشَّيْطَانُ مِنْ صَلَةِ الْعَبْدِ».

172 Әл-Бухари, Муслім және ас-Сираж.

173 Әт-Тирмизи және ал-Хаким, олар бұл хадисті сенімді деп санаған. Қз: «Сахих әт-Тарғиб» (№ 353).

«Бұл (Аллаһтың) құлдының намазынан бір нәрсе үрлайтын шайтанның (үрлігінан басқа еш нәрсе емес)», - деп айтқан<sup>174</sup>.

Ол ﷺ сондай-ақ былай деп айтқан:

«لَا يَرَأُ اللَّهُ مُقْبِلاً عَلَى الْعَبْدِ وَهُوَ فِي صَلَاتِهِ؛ مَا مَأْمُونٌ تَبَتَّأْتُ فَإِذَا التَّفَّتَ أَنْصَرَفَ عَنْهُ». .

«Аллаһтың құлды намаз оқу кезінде басқа жаққа қарамайынша, Аллаһ оған қарауын үзбейді, ал ол жүзін бұрган кезде, Аллаһ та одан Жүзін бұрады»<sup>175</sup>, (және) ол (намаз орындау кезінде) «үш нәрсеге тыйым салды: мұрынмен тауық сияқты шұқуға, ит сияқты отыруға»<sup>176</sup> және түлкі сияқты басты (жан-

174 Әл-Бухари және Абу Дауд.

175 Бұл хадис<sup>177</sup> Абу Дауд және басқалар жеткізген. Оның сенімділігін (саихұтқын) Ибн Хузайма және Ибн Хиббан негіздеген. Қз.: «Саих әт-Тарғиб» (№ 555).

176 Аудармашының ескертпесі: бұл жерде «мұсылмандар тізелерін көтеріп, қолдарын жерге тіреп, қүйректарына отырмауы керек, өйткені олай шайтан отырады, сондай-ақ бұл отырыс «иттің отырысы» деп те аталады» деген меңзеледі. Сафий әр-Рахман әл-Мубаракфури «Итхад әл-Кирам».

жаққа) бұра беруге»<sup>177</sup>; ол сондай-ақ былай деп айтатын:

«صَلَّ صَلَاةً مُوَدِّعَ كَانَكَ تَرَاهُ، فَإِنْ كُنْتَ لَا تَرَاهُ فَإِنَّهُ يَرَاكَ».

«Өзіңнің қоштасу намаздыңды (яғни өміріндегі ең соңғы намаздай - Аудармашының ескертпесі) Оны (Аллаһты) (өз көз алдында) көріп тұргандарыңдаи орында, ал егер сен Оны (көз алдында) көріп тұрмасаңдар да, ақиқатында, Ол сени көріп тұр»<sup>178</sup>; және ол былай дейтін:

«مَا مِنْ أَمْرٍ إِمْسِلِيمٌ تَحْضُرُهُ صَلَاةً مَكْتُوبَةً، فَيُحِسِّنُ وُضُوئَهَا وَخُشُوعَهَا وَرُكُوعَهَا؛ إِلَّا كَانَتْ كَفَّارَةً لِمَا قَبْلَهَا مِنَ الذُّنُوبِ، مَا لَمْ يُؤْتِ كَبِيرَةً وَذَلِكَ الدَّهَرُ كُلُّهُ».

«Кез-келген мұсылман адам парыз намазының үақыты кірген кезде жақсылап дәрет алса, (әрі намазында) лайықты

177 Ахмад және Абу Йа'лә. Қз.: «Сахих эт-Тарғиб» (№ 556).

178 Эл-Мұхлис «Әхадис Мунтака», әт-Табарани, әр-Руайани, әд-Дийа' «әл-Мұхтарада», Ибн Мәжан, Ахмад және Ибн 'Асакир. Бұл хадистің сенімділігін әл-Хайтами «Асна әл-Маталибе» негізден берген.

мойынсұнушилық танытып, барлық иілүлерді дұрыс жасаса, (бұл) намаз міндетті түрде оның оған дейін істеген күнәларының өтеуі болады, егер (олардың арасында бірде-бір) үлкен күнә болмаса; әрі әркез осылай бола береді»<sup>179</sup>.

Бірде ол ﷺ намазды хамисада (жұннен тоқылған, ою басылған киімде - Аудармашының ескертпесі) орындаپ тұрған кезінде, көзі осы оюларға түсіп кетті. Намазды оқып болған соң ол былай деп айтты:

«اَدْهُبُوا بِخَمِصَتِي هَذِهِ إِلَى أَبِي جَهْمٍ، فَإِنَّهَا أَهْنَى آنِفًا عَنْ صَلَاتِي،

وَأَئُنْوَنِي بِأَنْجِانِيَّةِهِ». .

«Мениң мына киімімді Абу Жәһмге алып барып беріңдер де, маган оның анбижанийасын (оюсыз қатты матадан тігілген киім – Автордың ескертпесі) алып келіңдер, өйткені ол (яғни хамиса) намазымнан көңілімді бұрды! (бұл хадистің басқа нұсқасында: «...өйткені мен

<sup>179</sup> Мұслим.

оның оюларына қарап едім, олар мені (намаздан) бет бұргыза жаздады» , - деп айтылады)»<sup>180</sup>.

Сондай-ақ «‘Аишада үйінің бір бөлігін керіп жабатын жүннен тоқылған жұқа пердесі бар болатын. (Бірде) Пайғамбар ﷺ оған қарап намаз орындауды да, кейіннен былай деді:

«أَحَرْبِهُ عَنِّي؛ [فَإِنَّهُ لَا تَزَالُ تَصَاوِيرُهُ تَعْرِضُ لِي فِي صَلَاتِي]»

«Мына пердені бұл жерден алып таста, өйткені, шындығында, оның суреттері намаз кезінде үнемі менің көз алдыымда тұрады (яғни көңілімді бұрады)»<sup>181</sup>.

180 Әл-Бухари, Мұслим және Мәлік. Бұл хадисттің алғынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (376) кітабында келтірілген.

181 Әл-Бухари, Мұслим және Абу Ауана. Елші ﷺ пердедегі суреттерді өшіруді немесе оны жыртып тастауды бүйірган жоқ. Ол пердені алып тастауды ғана бүйірдые өйткені - әл Аллаһ үл туралы жақсырақ біледі - онда тірі жандардың суреті салынбаған болатын. Бұл оның ﷺ әл-Бухари мен Мұслимде келтірілген басқа да хадистерде айтылғандай, басқа бейнелердің жоюды бүйіратын өзге жағдайлармен расталады. Бұл туралы көбірек білгісі келген адам «Фәтх әл-Бәри» (10/321) және «Ғаят әл-Мәрам фи Тахриж Әхадис әл-Хәлал уә әл-Харам» (№ 131-145) кітаптарына жүтінүі керек.

Ол сондай-ақ былай деп айтатын:

«لَا صَلَاةٌ بِحُضْرَةِ الطَّعَامِ وَلَاَ وَهُوَ يُدَافِعُهُ الْأَخْبَاتِنَ»

«Тамақ тартылым қойғанда, немесе намаз оқитын адамды үлкен немесе кіши қажеттілік қысқан жағдайда намаз оқылмайды»<sup>182</sup>.

### Намаздың басында айтылатын дұғалар (ду'а әл-истифтах)

«أَدْعِيَةُ الْأَسْتِفْتَاحِ»

Кейін ол ﷺ (намаз) оқуын Аллаһқа жалбарынатын көптеген әртүрлі дұғалар арқылы бастайтын да, оларда Аллаһ Тағаланы мақтап-мадақтайтын және ұлықтайтын. Ол «намазды нашар орындаған адамға» да:

«لَا تَتِمُ صَلَاةً لَا حَدِ حَتَّىٰ يُكَبِّرَ، وَلَاَ يَمْدَدَ اللَّهَ عَزَّ وَجَلَّ وَيُشْبِي عَلَيْهِ، وَيَقْرَأُ بِهَا تَيْسِيرًا مِنَ الْقُرْآنِ...».

«Адамның намазы ол тәкбірді айтпайынша, аса Мақтаулы және аса

<sup>182</sup> Әл-Бухари және Муслим.

*Құдіретті Аллаһты мадақтамайынша және  
Оны ұлықтамайынша, (ал содан соң) өзіне  
қиындық түгызбайтын мөлшерде Құран  
(аяттарын) оқымайынша толық  
болмайды...», - деп айтып, осылай істеуді  
бұйырды<sup>183</sup>.*

Ол Аллаһқа төменде келтірілетін дүғалардың кез келгенімен жалбарынатын: 1. «*Ya, Аллаh, Сен шығыс пен батыстың арасын алыстаптаңыңдаи, мені де қателіктерімнен алыс ете гөр!*! Уа, Аллаh, ақ киім кірден тазартылатындаи, мені де қателіктерімнен тазарта гөр! Уа, Аллаh, менің қателіктерімді қармен, сүмен және бұршақпен жуа гөр!»

«اللَّهُمَّ بَايِّدْ بَيْنِي وَبَيْنَ حَطَّاَيَّاَيِّ كَمَا بَايِّدْتَ بَيْنَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ، اللَّهُمَّ نَقْنُحْ مِنْ حَطَّاَيَّاَيِّ كَمَا يُنْقَنُ الثَّوْبُ الْأَبْيَضُ مِنَ الدَّنَسِ، اللَّهُمَّ اغْسِلْنِي مِنْ حَطَّاَيَّاَيِّ بَالْمَاءِ وَالثَّلْجِ وَالْبَرْدِ».»

183 Абу Дәуд және ал-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деп атады және онымен әз-Зәhabи де келіскең.

Аллаһұммә, бә’ид бәйни үә бәйнә хатайайа кә-  
мә бә’адтә бәйнә-л-мәшириқи үәл-мәғриби,  
Аллаһұммә, нәққи-ни мин хатайайа кә-мә  
йунаққа-с-суабу-л-әбйаду мин әд-дәнәси,  
Аллаһұммә-гсил-ни мин хатайайа би-л- мәи, үә--с-  
сәлжи, үәл-бәрад.

Ол  бұл дүғаны парыз намаздарында  
айтатын<sup>184</sup>.

2. «Ханиф<sup>185</sup> [мұсылман] болған күйде,  
жүзімді көктер мен жерді Жаратқанға қарай  
бұрдым және мен көпқұдайшылардан емеспін.  
Ақиқатында, намазым, құрбандығым, өмірім  
және өлімім бүкіл әлемдердің Раббысы  
Аллаһқа тән. Оның серігі жоқ. Осыған  
бұйырылдым, әрі мен мойынсұнушылардың  
(мұсылмандардың) алгашиқысымын<sup>186</sup>. Уа,

184 Әл-Бухари, Мұслим және Ибн Аби Шәйба (12/110/2). Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» кітабында келтірілген (№ 8).

185 Ханиф – Жалғыз Аллаһқа шынайы иман келтіруші (Аудармашының ескертпесі).

186 Бұл осылайша көптеген хабарларда жеткізіледі, ал кейбіреулерінде «үә әнә минәл мұслимина» («әрі мен мұсылмандарданмын») деп келтіріледі. Бұл осы хадистің жеткізушілерінің біреуінің қателігінен орын алған болуы мүмкін, бұл басқа дәлелдермен

*Аллаh! Сен – Патшасың, Сенен басқа құлышылыққа лайықты құдай жоқ [Сені пәктеп дәріптеймін және Саган мақтау], Сен – Раббымсың, ал мен – Сенің құлышыңмың<sup>187</sup>. Мен өзіме өзім зұлымдық жасадым және өз күнәларымды мойындағым, ендешие менің барлық күнәларымды кешіре гөр. Ақиқатында, күнәларымды кешіретін Сенен басқа ешкім жоқ! Мені ең көркем мінез-құлыштарға бағытта, өйткені ең көркем мінез-құлыштарға бағыттайтын Сенен басқа ешкім жоқ. Менен жаман мінез-құлыштарды*

---

расталатыныңдай, сондықтан да намаз орындаушы: «...уә әнә әууалюл мұслимина» («әрі мен мұсылмандардың алғашқысымын»), - деп айтуга тиісті. Кейбір адамдардың: «Бұл сөздер «Мен осы сипаттарға ие болған алғашқы адаммың, ал өзгелерде олар жоқ» деген мағынаны білдіреді», - деп ойлап айтатын сөздеріне қарамастан, бұл олай емес. Бұл сөздер іс жүзінде бұйрықтарды орындауда (бір бірінен) озу дегенді білдіреді, әрі осымен мына аяттар үқсас болып табылады: «(Мұхаммад) оларға: "Егер Аса Мейірімдінің (Аллаhtың) баласы болса, онда мен құлышылық қылышылардың алды болар едім", - де» («Зухрүф» сүресі), - және Мусаның (оган Аллаhtың сәлемі болсын): «.. әрі мен мұміндердің алғашқысымын» ( «әл-Әтраф» сүресі, 143-аят), - деген сөздері.

<sup>187</sup> Әл-Әзәри былай деп айткан: «Мен Сенен басқа ешкімге құлышылық еттеймін».

*кетіре ғөр, өйткені мені олардан Сенен басқа ешкім арылта алмайды! Міне, мен Сенің алдыңғамын және Саган қызмет етуге бақыттымын<sup>188</sup>; барлық иғлік Сенің Қолында, ал жамандық – Сенен емес<sup>189</sup>; [және Сен*

<sup>188</sup> «Ләббәй-қә»: мен бұлжымай және үнемі Саган қызмет етуге әзірмін: «са’дәй-қә»: мен Сенің әмірінің (астында болуға) өте бақыттымын және толық ықыласпен Сен таңдаған дінге ілесемін.

<sup>189</sup> Яғни жамандық Аллаһтан шығуы мүмкін емес, өйткені Оның амалдарында жаман еш нәрсе жоқ, себебі Оның барлық іс-амалдары оларға әділеттілік, рақымшылдық және даналық тән иғі болып табылады және оларда ешбір жамандық жоқ. Ал жауыздық, ол Аллаһтан шығуы мүмкін болмағандығы себепті де жауыздық болып табылады. Ибн ал-Қайим (оны Аллах рақым етсін) былай дейді: «Ол (Аллах) жақсылық пен жамандықтың Жаратушысы болып табылады, алайда жамандық Оның жарату ісінде және Оның амалдарында емес, Оның кейбір жаратылыстарында бар. Сондықтан да Аллах Тағала кез-келген әділетсіздіктен, зұлымдықтан Пәк. Әділетсіздік пен зұлымдық өз негізінде қандай да бір нәрсенің өзіне тиісті болған орнында орналаспауынан тұрады. Ол барлық нәрселерді орын-орындарына қояды, сондықтан да (Одан шығатын, бастау алатын) барлық нәрсе иғі болып табылады. Алайда жамандық қандай да бір нәрсенің өзіне тиісті болған орнында орналаспауынан тұрады. Қандай да бір нәрсе өз орнына орналыстырылған кезде, ол енді жамандық болмайды, сондықтан да жамандық Одан келіп шықпайтыны табиги... «(Онда) не үшін Ол жамандығы бар алдебір нәрсені жаратты?» деген сұраққа мен былай жауап беремін: «Ол жарату ісін жасады, ал Оның іс-амалы жамандық емес - жақсылық болып табылады, өйткені жарату мен іс-амал Аллаһқа тән, әрі жамандықтың Аллаһқа қатысты етілуі немесе

*багыттаған адам гана хақ жолмен жүреді; мен не істесем де, Сенің көмегің, себепті істеледі, әрі мен Саган қайтамын, Саган жалбарынудан басқа Сенен құтылу да, пана да жоқ] Сен Игісің, және Аса Жоғарысың, және мен Сенен кешірім сұрап, Саган таубе келтіремін!»*

﴿وَجَهْتُ وَجْهِي لِلَّهِيْ فَطَرَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ حَنِيفًا مُسْلِمًا﴾ ، وَمَا آنَا مِنَ الْمُشْرِكِينَ، إِنَّ صَلَاتِي وَنُسُكِي وَحَيَايَيِ وَمَكَانِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ لَا شَرِيكَ لَهُ وَبِذِلْكَ أُمِرْتُ وَآنَا أَوَّلُ الْمُسْلِمِينَ. اللَّهُمَّ أَنْتَ الْمَلِكُ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ، سُبْحَانَكَ وَبِحَمْدِكَ، أَنْتَ رَبِّي وَآنَا عَبْدُكَ، ظَلَمْتُ نَفْسِي وَاعْتَرَفْتُ بِذَنْبِي، فَاغْفِرْ لِي ذَنْبِي بِجِيعِهِ، إِنَّهُ لَا يَغْفِرُ الذَّنْوَبَ إِلَّا أَنْتَ، وَاضْرِفْ عَنِّي سَيِّئَهَا لَا يَصْرِفَ عَنِّي سَيِّئَهَا إِلَّا أَنْتَ، لَبِيْكَ وَسَعَدِيْكَ، وَالْمَهْدِيُّ مَنْ هَدَيْتَ، أَنَا بِكَ وَإِلَيْكَ، لَا مَنْجَأٌ وَلَا مَلْجَأٌ مِنْكَ إِلَّا إِلَيْكَ، تَبَارَكَتْ وَتَعَالَيْتَ، اسْتَغْفِرُكَ وَأَتُوبُ إِلَيْكَ﴾.

---

телінүі мүмкін емес. Жаратылған нәрседегі ешбір жамандық Аллаһтан шығуы (бастау алыу) мүмкін емес, алайда Оның іс-амалдары мен Оның жаратуы оған қатысты етілуі мүмкін, міне, сондықтан да олар иғі болып табылады». Бұл маңызды тақырыпқа байланысты ой толғаудың қалған бөлігі, сондай-ақ оның соңы Ибн әл-Қайимның «Шиға’ әл-Алил фи Мәса’ил әл-Қада’ уәл-Қадр уат-Та’лил» (178-206-бет) кітабында.

Үәжжәһту үәжһия лил-лази фәтара-с-сәмәүәти үәл-арда ханифән [, муслимән], үә ма әнә мин-әл-мушрикин. Инна саләти, үә нусуки, үә мәх-йә-йә үә мәмәти ли-Лләһи Рабби-л-‘аләмин, лә шәрика ләһу, үә бизәлика умирту үә әнә аууәлюл муслимин. Аллаһумма Әнтәл-Мәлику, лә иләһә илла Әнтә, сүбханәкә үә бихамдика. Әнтә Рабби үә әнә ‘абдүка. Заләмту нәфси үә’тәрафту би-зәнби, фә-ғfir ли зәнби жәми’ән, инна-һу лә яғирыз-зүнуба илла Әнта, үәһдини ли-ахсәни-л-әхләқи, лә яһди-ли-ахсани-һә илла Әнта, үәсриф ‘ән-ни сәйиә-һә лә ясрифу ‘ән-ни сәйиә-һә илла Әнта. Ләббәй-кә үә сә’дәй-кә, үәл-хайру куллю-һу фи-йадай-кә, үә шәррү ләйсә иләй-кә, [үәл махдийиу мән хадайта, әнә би-кә үә иләй-кә, лә манжә үә лә мәлжә’а мин-кә илла иләй-кә], табаракта үә та’алайта, астагфиру-кә үә әтубу иләй-кә.

Ол бұл дұғаны парыз және қосымша намаздарда айтатын<sup>190</sup>.

190 Муслим, Абу Ауана, Абу Дәүд, ән-Нәса’и, Ибн Хиббан, Ахмад, әш-Шәфи’и және әт-Табарани.

«Бұл дұға тек қосымша намаздарда оқылады», - дейтіндер қателеседі.

### 3. Тура № 2 дұға, бірақ мына сөздерсіз:

«..أَنْتَ رَبِّي وَآنَا عَبْدُكَ..»

«Әнта рабби үә әнә 'абду-кә...» («Сен – Раббымсын, ал мен – Сенің құлышынмын...») және сонына дейін, алайда мына сөздерді қосумен: «*Уа, Аллаh! Сен – Патшасын, Сенен басқа құлышылыққа лайықты құдай жоқ, Сені пәктем дәріптеймін және Саган мақтая!*»<sup>191</sup>

«اللَّهُمَّ! أَنْتَ الْمَلِكُ، لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ، سُبْحَانَكَ وَبِحَمْدِكَ»

Аллаhумма, Әнтал-Мәлику лә иләһә иллә  
Әнта, субхана-кә үә бихамди-ка.

- «...يَأَنَا أَوَّلُ الْمُسْلِمِينَ...» 4. Тура № 2 дұға, бірақ әнә әууалюл муслимин» «әрі мен мұсылмандардың алғашқысымын) сөздеріне дейін әрі мына сөздерді қосумен: «*Уа, Аллаh! Мені Өзіңнен басқа ешкім келтіре алмайтын ең, көркем мінез-құлышықтарға және ең жақсы амалдарға келтір; және мені Өзіңнен басқа*

<sup>191</sup> Ән-Нәса'и бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы жеткізеді.

ешкім сақтай алмайтын жаман мінез-құлықтардан және жаман істерден сақта!»<sup>192</sup>.

اللَّهُمَّ ! اهْدِنِي لِأَحْسَنِ الْأَخْلَاقِ وَأَحْسَنِ الْأَعْمَالِ؛ لَا يَهْدِي  
إِلَّا أَنْتَ، وَقِنِي سَيِّءَ الْأَخْلَاقِ وَالْأَعْمَالِ؛ لَا يَقِنِي سَيِّئَهَا إِلَّا أَنْتَ..

Аллаһұммә-ідини ли әхсәни-л-әхләқи, уә әхсәни-л-ә’мәли, лә йаһди ли әхсани-һә илә Әнта, үәқини сайии’и-л-әхләқи, уа-л-а’мәли, лә йақий сайиia-һә илә Әнта.

5. «Сені пәктем дәріптеймін<sup>193</sup>, уа, Аллаh, және Саган мақтаулар болсын<sup>194</sup>, Сенің Есімің құттыы<sup>195</sup>, Сенің Ұлылығың бәрінен ұлы<sup>196</sup> және Сенен басқа құлышылышқа лайықты құдай жоқ!»<sup>197</sup>

192 Ән-Нәса’и және әд-Дәракутни бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

193 Яғни «мен Сені пәктеімін», бұл «мен Сенің қандай да болсын кемшілітерден Пәк екеніңе сенемін» дегендә білдіреді.

194 Яғни «біз Саган деген мақтауга тасып-толып тұрмыз».

195 Яғни «Сенің Есіміңің құттылығы ұлы өйткені кез-келген игілік Сенің Есімінді зікір етуден келеді».

196 Яғни «Сенің Даңқың және Сенің Қуатың».

197 Абы Дәуд және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деді, және онымен әз-Зәhabи келісті. Әл-Укайли былай деп айтқан: «Бұл (хадис) бірнеше жолмен жақсы (хасан) иснадтармен жеткізіледі». Бұл хадистің алынған көздері

«سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ وَبَارَكَ اسْمُكَ وَتَعَالَى جَدُّكَ ، وَلَا إِلَهَ غَيْرُكَ».

*Субханә-қа, Аллаһұмма үә бихәмдика, үә тәбәракә-смуқа, үә тә'ала жәддүка, үә лә иләһә гайрука.*

Және ол ﷺ сондай-ақ былай деп айтатын: «Ақиқатында, Аллаһтың алдындағы Оның құлы айтатын ең сүйікті сөздер - «Субханәқа, Аллаһұммә...» (Уа, Аллаһым! Сен (кемшилік атаулыдан) Пәксің)»<sup>198</sup>.

6. Тура №5 дұға, бірақ түнгі таһажжуд намазында ол ﷺ былай деп қосатын: «Аллаһтан басқа құлышылыққа лайықты құдай жоқ» (3 рет) және «Көптеген рет Аллаh Ұлы!» (3 рет).

.«اللَّهُ أَكْبَرُ كَيْرَمًا». «لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ»

*Лә иләһә иллә-Ллаh - 3 рет, және Аллаhу әкбар кәбиран - 3 рет.*

---

мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (341) кітабында келтірілген. Оны сондай-ақ Ибн Мәндән «әт-Таухид» (123/2) кітабында баяндаушылардың сенімді (саҳиҳ) тізбегі арқылы, ән-Нәса’и «әл-Йаум уә әл-Ләйләда» «мәукуф» және «мерғұғ» түрінде және Ибн Қасир «Жәми’ әл-Масанидте» (3 т., 2-б., 235/2-бет) келтіреді.

198 Абу Дәуд және әт-Тахауи бұыл хадисті жеткізушілердің жақсы тізбеті арқылы жеткізеді.

7. «Аллаh аса Ұлы (барлық нәрседен аса Ұлы), Аллаhқа көп-көп мақтаулар, Аллаh таңертең де, кешкісін де (кемишілік атаулыдан) Пәк!»

«اللَّهُ أَكْبَرُ كَبِيرًا، وَالْحَمْدُ لِلَّهِ كَثِيرًا، وَسُبْحَانَ اللَّهِ بُكْرَةً وَأَصِيلًا»

Аллаhу Әкбару кәбиран, уәл-хамду ли-Ләhи қасиран, уа субханә-Лләhi бүкратан уә асылән.

Пайғамбардың ﷺ бір сахабасы намазын осы сөздермен бастағанда, Елші ﷺ былай деп айтқан: «(Бұл дұға) нендей жақсы, өйткені оның себебімен көктің қақпалары ашылды»<sup>199</sup>.

8. «Аллаhқа мақтау-мадақтар, көп-көп, иgi және құтты (берекелі) мақтау-мадақтар болсын!»

«الْحَمْدُ لِلَّهِ حَمْدًا كَثِيرًا طَيِّبًا مُبَارَّكًا فِيهِ».»

<sup>199</sup> Мұслим және Абу Ауана. Бұл хадистің сенімділігі<sup>Н</sup> әт-Тирмизи анықтап бекіткен. Сондай-ақ оны Абу Ну'айм «Ахбар Ислаханда» (1/210) Пайғамбар ﷺ осы сөздерді қосымша намазды орындау кезінде айтқанын естіген Жубайр ибн Мут'имның сөздерінен жеткізген.

*Әлхамдұ ли-Лләһи, хамдан кәсиран, тайибан,  
мубәракан фи-һи*

Бұл сөздермен басқа бір сахаба намазын орындағанда, оған Пайғамбар ﷺ: «Мен (осы дүғаны) бірінші болып көтеріп кету үшін бір-бірінен озып жарысқан он екі періштені көрдім», - деген.<sup>200</sup>

9. «*Уа, Аллаh, саган мақтау-мадақтар болсын, Сен – көктер мен жердің әрі оларды мекен ететіндердің Нұрысын*<sup>201</sup>. *Саган мақтау-мадақтар болсын! Сен көктер мен жердің әрі оларды мекен ететіндердің Басқарушысын*<sup>202</sup>. [*Саган мақтау-мадақтар болсын! Сен көктер мен жердің әрі оларды мекендейтіндердің Патшасысын.*] *Саган мақтау-мадақтар болсын, Сен – Хақсың және Сенің үәден, де – хақ, Сенің Сөзің, де хақ, Сенімен*

200 Мұслим және Абу Ауана.

201 Яғни: «Сен – (барлық болмысқа) Нұр Сыйлаушысың және көктер мен жерді мекендеушілерді (Ақиқат жолына) Сен шығарасын».

202 Яғни: «Олардың үстінен Басқарушы және тұрақты Қорғаушы».

кездесу де - хақ, Жәннат та - хақ, От (Тозак)  
 та - хақ, Сагат та (яғни Қиямет күні де -  
 Аудармашының ескертпесі) - хақ,  
 Пайғамбарлар да - хақ, әрі Мұхаммад та - хақ.  
 Уа, Аллаh, саған бой ұсындыым, Саған тәуекел  
 еттім, Саған иман келтірдім, әрі Саған тәүбе  
 еттім, Сенің жолыңда керістім және Сенің  
 үкіміңе жүгіндім. [Сен – Раббымызсың және  
 (есеп беру үшін) қайтар жағымыз – Сенің  
 алдың. Менің бұрынғы және кейінгі істеген  
 (кемшилік) күнәларымды әрі жасырын және  
 әшкере істеген күнәларымды кешіре гөр] [және  
 Сен менен жақсырақ білетін нәрселерді (кешіре  
 гөр)]. Сен - Ілгерілетуші, алға Шығарушысың  
 және Сен - Кейіндетуші, артта  
 Қалдыруышысың. [Сен – менің Құдайымсың.]  
 Сенен басқа құлышылыққа лайықты құдай  
 жоқ». <sup>203</sup>

«اللَّهُمَّ لَكَ الْحَمْدُ، أَنْتَ نُورُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَنْ فِيهِنَّ، وَلَكَ الْحَمْدُ»

أَنْتَ قَيْمُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَمَنْ فِيهِنَّ، [وَلَكَ الْحَمْدُ، أَنْتَ مَلِكُ السَّمَاوَاتِ

203 Әл-Бұхари, Муслим, Абу Ауана, Абу Дауд, Ибн Нәср және әд-Дәрими.

وَالْأَرْضِ وَمَنْ فِيهَا، وَلَكَ الْحَمْدُ، أَنْتَ الْحَقُّ، وَوَعْدُكَ حَقٌّ، وَقَوْلُكَ حَقٌّ،  
 وَلِقَائُكَ حَقٌّ، وَالْجَنَّةُ حَقٌّ، وَالنَّارُ حَقٌّ، وَالنَّبِيُّونَ حَقٌّ، وَمُحَمَّدٌ حَقٌّ، اللَّهُمَّ لَكَ  
 أَسْلَمْتُ، وَعَلَيْكَ تَوَكَّلْتُ، وَبِكَ آتَيْتُ، وَإِلَيْكَ أَنْبَتُ، وَبِكَ حَاصَمْتُ، وَإِلَيْكَ  
 حَاكَمْتُ، [أَنْتَ رَبُّنَا وَإِلَيْكَ الْمَصِيرُ، فَاغْفِرْ لِي مَا قَدَّمْتُ، وَمَا أَخْرَجْتُ، وَمَا  
 أَسْرَرْتُ وَمَا أَعْلَنْتُ]، [وَمَا أَنْتَ أَعْلَمُ بِهِ مِنِّي]، أَنْتَ الْمُقْدَّمُ، وَأَنْتَ الْمُؤَخَّرُ،  
 [أَنْتَ إِلَهِي] ، لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ، [وَلَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِكَ]».

Аллаһұмма, ләкәл-хамду, Әнтә Нуру-с-самәүәти үәл-арди үә мән фи-һим, үә-ләкәл-хамду, Әнтә қайиму-с-самәүәти үәл-арди үә мән фи-һинна, [үә ләкәл-хамду, Әнтә мәлику-с-самәүәти үәл-арди үә мән фи-һинна], үә лә-кә-л-хамду, Әнтә-л-Хаққу үә үә'дүкә-хаққу, үә қаулюқә-хаққу, үә лиқауқә-хаққу, үәл-Жәннәту хаққуң, үән-Нәру хаққуң, үәс-Са'ату хаққуң, үән-нәбиййұна хаққуң, үә Мұхаммадун хаққуң, Аллаһұмма, ләка асламту, үә 'аләй-кә тауәккәлту, үә бикә әмәнту, үә иләйкә әнабту, үә бикә хасамту, үә иләйкә хакамту, [Әнтә Раббә-на үә иләйкәл-мәсүру, фәғфир ли мә қаддамту, үә мә әххарту, үә мә асрарту, үә мә а'ләнту], [үә мә Әнтә а'ләму биhi

минни] Әнтал--Мүқаддиму үә Әнтал-Муаххыру [Әнта иләhi], лә иләhә иллә Әнта.

Бұл дұғаны да, сол сияқты мына келесі (№ 10) дұғаны да, ол ﷺ қосымша тұнгі намазды орындаитын кезінде айтатын<sup>204</sup>:

**10. «Ya, Аллаh, Жәбірейіл, Микаил және Исраифилдің, Раббысы, көктер мен жердің, Жаратушысы, айқын мен көместі Білуши! Сен құлдарың, өзара келіспей, дауласып қалған (істерге) үкім шығарасың. Өз қалауыңмен мені даулы мәселелерден ақиқат (жолыңа) бастай гөр! Күмәнсіз, Сен қалағаныңды тұра жолға салуышысың»<sup>205</sup>.**

اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ رَبَّ جِبْرِيلَ وَمِيكَائِيلَ وَإِسْرَافِيلَ، فَاطِرَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ، عَالَمَ الْغَيْبِ  
وَالشَّهَادَةِ، أَنْتَ تَحْكُمُ بَيْنَ عِبَادِكَ فِيهَا كَانُوا فِيهِ يَخْتَلِفُونَ، اهْدِنِي لَا أَخْتُلِفَ فِيهِ مِنَ الْحَقِّ إِذْنِكَ،  
إِنَّكَ تَعْلَمُ مَنْ تَشَاءُ إِلَى صِرَاطِ مُسْتَقِيمٍ.

<sup>204</sup> Бұл дұғалардың қосымشا тұнгі намаздарда оқылатындығы намаз орындаушылар оларды парыз намаздарда оқуларына болмайды дегенді білдірмейді, имамнан басқа, ол намазда өзіне ұйып тұрғандар үшін намазды созып жібермеуі үшін.

<sup>205</sup> Муслим және Абу Ауана.

Аллаһұмма, Раббә Жибраилә үә Микәилә үә  
Исрағилә, Фәтира-с-сәмәүәти үәл-арды, 'Алимәл-  
гайби үәш-шәһәдәти, Әнта тәхкүму бәйнә 'ибәди-  
кә фи-мә кә-ну фи-һи йаҳталифун. Иңди-ни ли-мә-  
хтүлифә фи-һи мин-әл-хаққи би-изни-кә, иннә-кә  
тәһди мән тәшә'у ила сыратин мұстақим.

11. Ол ﷺ әрбір тәкбірді («Аллаһу әкбар»), әрбір тахмидті («әл-хамду ли-Лләһи»), әрбір тасбихты («Сүбханә-Лләһ»), әрбір тахлилді («Лә иләһә иллә-Лләһ») және әрбір истиғфарды («Астагфиру Лләһ») он реттен қайталап айтатын:

«اللَّهُ أَكْبَرُ؛ الْحَمْدُ لِلَّهِ؛ سُبْحَانَ اللَّهِ؛ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ؛ اسْتَغْفِرُ اللَّهَ». (ص ١٣٧)

Кейін 10 рет былай дейтін: «*Ya, Аллаh! Менi кешiре гөр және тура жолға бастай гөр және маган ризық берे гөр [және менi құтқара гөр]*» (10 рет).

«اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي وَاهْدِنِي وَارْزُقْنِي [وَعَافِنِي]». [١]

*Аллахумма, гфири ли, уа хдини, уа рзукани, [уа  
‘афини] - 10 рет.*

Ал содан соң былай деп айтатын: «*Ya, Аллаh! Ecen Айырысу Күнінің тарышылығынан пана тілеп Саған сыйынамын*»<sup>206</sup> (10 рет).

«اللَّهُمَّ! إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الصَّيْقِ يَوْمَ الْحِسَابِ».

*Аллаhуммә, инни а'узы би-кә мин-әд-дайықи  
йаумәл-хисаб* (10 рет).

12. «*Аллаh Ұлы!* (3 рет). (Ол -) Шексіз Биліктің, Қуаттың, Ұлықтың (Үлкендей) пен *Ұлылықтың Иесі!* Аллаh (бәрінен де) *Ұлы*»<sup>207</sup>.

«اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ، اللَّهُ أَكْبَرُ، ذُو الْمَكْوُتَ وَالْجَبَرُوتَ وَالْكَبِيرَيَا  
وَالْعَظَمَةِ».

*Аллаhу Әкбар, Аллаhу Әкбар, Аллаhу Әкбар,  
зұл-мәләкүти үәл-жәбәруті, үәл-кибридай'и үәл-  
'азамати.*

206 Ахмад, Ибн Аби Шәйба (12/119/2), Абу Дауд, әт-Табарани «Мұ'жам әл-Әусат» (62/2) жеткізушілердің бір сенімді, ал басқасын жақсы тізбегі арқылы.

207 Әт-Тайалиси және Абу Дауд бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

## Кұран оқу

﴿الْفَرَاءُ﴾

Ол ﷺ Аллаһ Тағаладан шайтанның кесірінен пана сұрап: «*Құылған шайтаннан: оның (ақылдан аздыратын<sup>208)</sup> азгыруынан, (ол көкейге салатын) менмендіктен және (бос, бұзық) өлеңдерден Аллаһқа сыйынамын*», - деп айтатын.<sup>209</sup>

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ مِنْ هَمْزَهٖ وَنَفْخِهِ وَنَثْرِهِ.

Ә'үзу би-Лләhi мин әш-шайтанир-ражим: мин һамзи-hu, үә нәфхи-hu, үә нәфси-hu.

208 Арабтың «іемз», «нәфх» және «нәфс» деген үш сөзі хадистің жеткізууші тарапынан осылайша жан-жақты етіп түсіндірілген болатын; осы үш түсіндірудің барлығы сондай-ақ хадистің сенімді тізбегі арқылы «мұрсәл» түрінде Пайғамбарға ﷺ дейін көтеріледі. «Өлеңдер» дегендеге бос сөз берілгенде Пайғамбар: «Ақиқатында, (кейір) өлеңдерде даналық бар», - деп айткан (әл-Бухари).

209 Абу Дауд, Ибн Мәжәх, әл-Дарақутни және әл-Хаким, соңғысы Ибн Хиббан мен және әз-Зәhabи мен бірге бұл хадистің сенімділігін дәлелдейдеген. Осы және келесі хадистің дереккөздері мен тізбектері «әл-Ируа» (342) кітабында көлтірілген.

Кейде ол былай деп айтатын: «*Барлық нәрсені Естүші және барлық нәрсені Білуши Аллаһқа қуылған шайтаннан: оның (ақылдан аздыратын) азғыруынан, (ол көкейге салатын) менмендіктен, және (бос, бұзық) өлеңдерден сиійынамын»<sup>210</sup>.*

*أَعُوذُ بِاللهِ السَّمِيعِ الْعَلِيمِ مِنَ الشَّيْطَانِ...»*

Ә'үзу би-Лләhi-с-Сами'и-л 'Алими мин әшишайтанир-ражим: мин һамзи-*hi*, уә нәфхи-*hi*, уә нәфси-*hi*.

Кейін ол: «*Aса Мейірімді, ерекше Рақымды Аллаһтың атымен!*»

*بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ*

«*Бисми-Лләhi рахmani рахим*», - деп,  
дауыстамай оқитын.<sup>211</sup>

210 Абу Дәуд және әт-Тирмизи бұл хадисті жеткізушілердің жақсы тізбегі арқылы келтіреді. Ахмад «Мәса'ил Ибн һәни де»<sup>(1/50)</sup> бұл хадисті жақтап сөз айтқан.

211 Әл-Бұхари, Мұслим, Абу Ауана, әт-Тахау и және Ахмад.

## Аяттарды жеке-жеке біртіндең оқу

«الْقَرَاةُ آيَةٌ آيَةً»

Кейін ол «әл-Фатиха» сүресін ырғақпен, әр аяттан кейін тоқтап-тоқтап оқитын. Ол (былай) оқитын:

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِيمِ

**Аса Мейірімді, Ерекшे Рақымды  
Аллаһтың атымен!**

[Бұл жерде ол үзіліс жасайтын және әрі қарай оқитын.]

الحمد لله رب العالمين

**Барлық мадақ пен мақтаулар әлемдердің  
Раббысы – Аллаһқа тән!**

[Кейін ол үзіліс жасап, әрі қарай оқитын.]

الرَّحْمٰنُ الرَّحِيمُ

**Аса Мейірімді, Ерекше Рақымдыға.**

[Кейін ол үзіліс жасап, әрі қарай оқитын.]

مَالِكُ يَوْمِ الدِّينِ

## Қиямет Күннің Патшасына (Иесіне).

...әрі осылайша сүренің соңына дейін. Тура осы ұлгімен ол Құранның қалған сүрелерін де оқитын: әр аяттың соңында тоқтап, оны келесі аятқа қоспайтын<sup>212</sup>.

Кейде ол:

مالك يوم الدين

(Қиямет Күннің Иесіне) - деудің орнына

ملك يوم الدين

(Қиямет Күннің Патшасына) - деп оқитын.<sup>213</sup>

212 Абу Дәуд және әс-Сахми (64-65). Бұл хадистің сенімділігін әл-Хаким дәлелдейген, және онымен әз-Зөнаби **келіскең**. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушилерінің тізбектері «әл-Ируа» (434) кітабында көлтірлген. Абу Амр әд-Дани оны «әл-Муктраф да» (5/2) келтіріп, былай деген: «Бұл хадис көптеген жолдармен жеткізіледі әрі ол бұл маселе бойынша негіз болып табылады. Мұсылмандардың бұрынғы салиқалы ұрпақтарынан (сәлафтардан) кейбір имамдар мен Құранды жатқа оқушылар әрбір аяттан бұрын тоқтауды жөн көрген, тіпті олардың кейбіреулері (магынасы бойынша) басқа аяттармен байланысты болса да». Мен (яғни шейх әл-Әлбани – Аудармашының ескертпесі) былай деп айтамын: «Бұл – біздің кезімізде, басқа мұсылмандарды айтпаганның өзінде, көптеген Құран оқушылар бас тартатын Сұннет».

213 Тәммам әр-Рази «әл-Фәүа’идте», Ибн Аби Дәуд «әл-Масахифте» (7/2), Абу Ну’айм «Ахбар Исбахан да» (1/104) және Әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және

**«Әл-Фатиха» сүресін оқудың рүкін екендігі  
және оның артықшылықтары туралы**

«رُكْنِيَّةُ الْفَاتِحَةِ وَفَضْلُهَا»

Ол:

«لَا صَلَاةَ لِمَنْ لَا يَقْرُأً [فِيهَا] بِفَاتِحَةِ الْكِتَابِ [فَصَاعِدًا]»

«Кім Кітапты Ашуышыны<sup>214</sup> (яғни «әл-Фатиха» сүресін) оқымаған болса, сол намазды орындамады»<sup>215</sup>, - деп айтып, бұл сүренің маңыздылығына ерекше көніл аударатын. Ал басқа бір хадисте:

«لَا تَجْزِئُ صَلَاةٌ لَا يَقْرَأُ الرَّجُلُ فِيهَا بِفَاتِحَةِ الْكِتَابِ»

---

онымен әз-Зәһаби келісken. «Әл-Фатиха» сүресін оқығанда «мәлик» сөзін осылайша айту үлгісі де, «ә» әріпі созылып айтылатын біріншісі де жеткізушилердің көптеген тізбектері арқылы жеткізілген.

<sup>214</sup> «Әл-Фатиха» сүресінің аттарының бірі (Аудармашының ескертпесі).

<sup>215</sup> Әл-Бухари, Муслим, Абу Ауана және әл-Бәйінәки. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушилерінің тізбектері «әл-Ируа» (302) кітабында келтірілген.

«Намазында Кітапты Ашуышыны оқымаган (адамга) намазы ушін сауап берілмейді», - деп айтылады<sup>216</sup>. Ол ﷺ сондай-ақ былай деп айтатын: «Кім намазын Кітапты Ашуышыны оқымай орындаса, соның намазы толық емес, толық емес, толық емес, аяқталмаган»<sup>217</sup>. Ол ﷺ сондай-ақ былай деп хабарлаған:

«قَالَ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ: قَسْمَتُ الصَّلَاةَ بَيْنِي وَبَيْنَ عَبْدِي نِصْفَيْنِ، فَنِصْفُهَا لِي وَنِصْفُهَا لِعَبْدِي، وَلِعَبْدِي مَا سَأَلَ».  
 قالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ: أَقْرَءُوا يَقُولُ الْعَبْدُ الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ يَقُولُ اللَّهُ حَمْدَنِي عَبْدِي. وَيَقُولُ الْعَبْدُ الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ يَقُولُ اللَّهُ أَنَّنِي عَلَيَّ عَبْدِي. يَقُولُ الْعَبْدُ مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ يَقُولُ اللَّهُ مَجَدَنِي عَبْدِي. يَقُولُ الْعَبْدُ إِيَّاكَ تَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ فَهَذِهِ الْأُكْيَةُ بَيْنِي وَبَيْنَ عَبْدِي، وَلِعَبْدِي مَا سَأَلَ. يَقُولُ الْعَبْدُ اهْدِنَا الصَّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ صَرَاطًا الَّذِينَ أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ غَيْرَ الْمُغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ فَهُؤُلَاءِ لِعَبْدِي وَلِعَبْدِي مَا سَأَلَ

216 Әд-Дарақутни, ол және Ибн Хибан өзінің «Сахих ЫНДА» бұл хадисті сенімді деген. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (302) кітабында келтірілген.

217 Муслим және Абу Ауана.

«Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ былай деп айтқан: «Мен намазды<sup>218</sup> Өзім мен құлым арасында тең бөлдім, әрі құлымға ол сұрайтын нәрсе тиеді». Кейін Аллаһтың Елшісі  былай деп айтқан: «Оқындар! Және егер (Аллаһтың) құлъы: «Әлхамду лиләхи Раббил 'аләмин (Әлемдердің, Раббысы – Аллаһқа мадақ!)», - деп айтса, Аллаһ Тағала: «Құлым маған мадақ айтты», - дейді. Және егер ол: «...әр-Рахмаанир-Рахим (Аса Мейірімді, ерекше Рақымдыға)», - деп айтса, Аллаһ: «Құлым Мені ардақтады», - дейді. Және егер ол: «...Мәлики яумид-дин (Қиямет Күннің Иесіне)», - деп айтса, Аллаһ Тағала: «Құлым Мені тым дәріптеді», - деп айтады. Және егер ол: «...ийә-кә нә'бұду уә ийәә-кә нәста'ин (Саган ғана құлышылық етеміз, әрі Сенен ғана көмек сұрап жалбарынамыз)», - деп айтса, Аллаһ: «Бұл Мені мен құлымның арасында (бөлінеді), әрі құлымға сұрағаны тиеді», -

<sup>218</sup> Яғни «әл-Фатиха» сүресін Бұл жерде түгел намаз қамтылған сойлемнің түрі қолданылған, бірақ оның бір бөлігі ғана мензеліп тұр, бұл оның маңыздылығын ерекшелеп көрсету үшін істелген.

дейді. Және егер ол: «...иһдинас-сираатәл-мустақиим, сиранәл-ләзина ән'амта 'аләйһим, гайрил магдүуби 'аләйһим үәладдааал-лиин (бізді Тура Жолға сала ғөр, Игілігіңе бөленгендердің жолына, бірақ Қаһарыңа ұшырагандардың және адасқандардың жолына емес)», - деп айтса, Аллаh: «Бұл – құлымы, әрі құлымы сұрағаны беріледі!», - дейді». <sup>219</sup>

Ол ﷺ сондай-ақ былай деп айтқан:

«مَا أَنْزَلَ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ فِي التَّوْرَةِ وَلَا فِي الْإِنْجِيلِ مِثْلُ أُمّ الْقُرْآنِ، وَهِيَ السَّبِيعُ  
الْمَثَاوِي وَالْقُرْآنُ الْعَظِيمُ الَّذِي أُوتِيَتْهُ».

«Аллаh Тауратта да, Інжілде де Құранның Анасына ұқсас (сүре) түсірген емес. Бұл – жеті тұрақты қайталанатын [аяттар]»<sup>220</sup>

<sup>219</sup> Мұслим, Абу Ауана және Мәлік. Әс-Сахми «Тарих Журжанда» (144) Жәбирден бұл хадисті растайтын басқа бір хадисті келтіреді.

<sup>220</sup> Әл-Бәжи былай деп айтқан: «Ол ﷺ бұл жерде Аллаh Тағаланың мына Сөзіне сілтеме жасайды: «(Мұхаммад) әлбетте Біз саған қайталанып оқылатын жеті аятты және Ұлы Құранды бердік» («әл-Хијр» сүресі, 87-аят). Бұл жерде «жеті», деген сөз аталауды, өйткені ол сүрөде жеті аят бар және «қайталанып оқылатын» сөздері де (аталады), өйткені намаз

(әс-сәб'ү-л-мәсәни) [Және маган сый етілген  
Ұлы Құран (әл-Құр'ану-л-'азым)]»<sup>221</sup>.

Ол ﷺ «намазды нашар орындаған адамға» намаз орындау кезінде «әл-Фатиханы» оқуды бұйырды<sup>222</sup>, ал оны жаттай алмайтын адамға: «*Аллаh Пәк! Және Аллаhқа мадақ! Және Аллаhтан басқа құлышылыққа лайықты ешбір құдай жоқ! Аллаh Ұлы! Және Аллаhтан басқа ешкімде Күш те, Құат та жоқ!*», - деп айт», - деп бұйырды<sup>223</sup>.

«سُبْحَانَ اللَّهِ، وَالْحَمْدُ لِلَّهِ، وَلَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَلَا شَرِيكَ لِلَّهِ إِلَّا بِاللَّهِ». .

---

орындаушылар намазда оларды тұрақты қайталап оқиды. Құранның әрбір суресі Ұлы Құран болып табылса да, ғұл суре «Ұлы Құран» деп, оның ерекшелігін ажырату үшін *аталған*; сол сияқты барлық ғүйлер Аллаhқа тиісті болса да, Қағба да «Аллаhтың Үйі» деп аталаады. Бұл оның маңыздылығын ерекше *атап* және айырып көрсету үшін айтылады».

221 Ән-Нәса'и және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәhabи келіскең.

222 Әл-Бухари «Имамның және оған ұюшылардың барлық намаздарды орындау кезінде Құранды міндетті түрде окуы туралы тарауда» бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

223 Абу Дауд, Ибн Хузайма (1/80/2), әл-Хаким, әт-Табарани және Ибн Хиббан, СОҢГЫСЫ әл-Хакиммен бірге бұл хадистің сенімділігін дәлелдеген және онымен әз-Зәhabи де келіскең. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (303) кітабында келтірілген.

«Сүбханә-Ллаһи, үәл-хамду лиллаһи, үә лә иләһә  
иляләл-лаһу, үа-Ллаһу Әкбару, үә лә хаула үә лә  
қүүәтә иллә-бىллаһи».

Ол сондай-ақ «намазды нашар орындаған  
адамға» былай деп айтқан:

«Егер Құраннан бір нәрсе білсөң, соны оқыи,  
ал білмесөң, онда Аллаһты мадақта (яғни:  
«Әлхамду ли Лләхи», - деп айт), Оны ұлықта  
(яғни: «Аллаһу акбар», - деп айт) және  
Аллаһтан басқа құлышылыққа лайықты ешбір  
құдай жоқтығына күелік бер (яғни: «Лә иләһә  
иляллаһу», - деп айт)»<sup>224</sup>.

---

<sup>224</sup> Абу Дәуд және әт-Тирмизи, соңғысы бұл хадисті жақсы деген. Бұл хадистің иснады  
сенімді болып табылады. «Сахих Аби Дауә» (807).

**Имам намазда Құранды дауыстап оқитын  
ракағаттарда Құран оқудың қүші жойылғандығы  
(мәнсух етілгендігі) туралы<sup>225</sup>**

«تَسْخُّ الْقِرَاةِ وَرَاءَ الْإِمَامِ فِي الْجَهْرِ»

Белгілі уақытқа дейін ол ﷺ имамға үйіп намаз орындағайтын адамдарға Құран дауыстап оқылатын ракағаттарда «әл-Фатиха» сүресін оқуды рұқсат ететін. Мысалы, бірде «ол таң намазын орындан тұрган кезінде оған оқу қыын болды. (Намазды) аяқта болып, ол:

«لَعَلَّكُمْ تَقْرُءُونَ حَلْفَ إِمَامٍ كُمْ؟»

«Сендер имамға үйіп тұрып, Құран оқитын шығарсыңдар?», - деп сұрады. Адамдар:

فُلَنَا: نَعَمْ يَا رَسُولَ اللهِ.

<sup>225</sup> Бұл жерде таң намазының (фәжр, субх) екі ракағаты, ақшам (мәғриб) және құптан (иша) намаздарының алғашқы екі ракағаты айтылып тұр.

«Иә, уа, Аллаһтың елшісі, әрі біз оны (едәүір) тез (хаззан) оқимыз», - деген жауап берді.<sup>226</sup> Ол:

«لَا تَعْلُمُوا؛ إِلَّا [أَنْ يَقْرَأَ أَحَدُكُمْ] بِفَاتِحةِ الْكِتَابِ، فَإِنَّهُ لَا صَلَاةَ لِمَنْ لَمْ يَقْرَأْ بِهَا»

«Кітапты Ашуши үреден басқа еш нәрсе оқымаңдар, өйткені бұл сүрені оқымаган адамның намазы жоқ!», - деді.<sup>227</sup>

Кейін ол оларға Құран дауыстап оқылатын намаз ракағаттарында Құран оқуға толық тыйым салды. Бұл «оның намазды (хадистің бір нұсқасында бұл таң намазы екендігі айтылған) аяқтап болып:

«هَلْ قَرَأَ مَعِي أَحَدٌ مِنْكُمْ آنِفًا؟».

«Сендерден біреу дәл қазір менімен бірге қосылып Құран оқыды ма?», - деген сұраганынынан кейін орын алды. Бір кісі:

<sup>226</sup> Арабтың «хаззан» деген сөзі асығыстық пен жылдамдылықты мензейтін “жылдам оқу” дегенді білдіреді.

<sup>227</sup> Әл-Бухари «Жуз ал-Қира’а» кітабында Абу Дәуд, Ахмад. Әт-Тирмизи және әд-Даракутни бұл хадисті жақсы деген.

فَقَالَ رَجُلٌ: نَعَمْ يَا رَسُولَ اللَّهِ

«Иә, мен, уа, Аллаһтың елишісі», - дег жауап берді. Ол ﷺ былай деді:

فَقَالَ: إِنِّي أَقُولُ: مَا لِي أُنَازَعُ؟ .

«(Бәсө,) мен де: «(Құран оқуымда) кіммен жарысып тұрмын<sup>228</sup>?», - деймін».

[Абы Իурайра:] «Сонда адамдар Аллаһ Елишісінің ﷺ осы сөздерін естіген соң, ол Құранды дауыстап оқығанда оны оқудан тыйылды [бірақ

<sup>228</sup> {Аудармашиның ескертпесі: осы жерде сөзбе-сөз «айтысыптартысу», «күресу» деген мағынаны білдіретін арабтың «нааза’а» етістігі қолданылған}.

Әл-Хаттаби былай деген: "(Бұл сөздердің) мағынасы (келесідей): «Мен оның (Құран) оқуына араласып тұрған (кісі кім)?». «Мұнааза’» («нааза’а» етістігінен жасалған зат есім – Аудармашиның ескертпесі.) сөзімен «серік болу, ортақтасу» (мушарақа) және «алмасу, кезектесу» (мунауаба) мензеледі...». Мен (яғни шейх әл-Әлбани – Аудармашиның ескертпесі) былай деймін: бұл сөздің осында келтірлген екінші мағынасы (яғни ««алмасу, кезектесу» (мунауаба) – Аудармашиның ескертпесі) айқынырақ, өйткені, (осы хадисте) нұсқалатыныңдай, сахабалар (Құран дауыстап оқылатын намаз ракағаттарында оны) оқуды толығымен тоқтатты. Ал егер мұнымен бірінші мағына (яғни серіктес болу, ортақтасу – аудармашиның ескертпесі) мензелгенде, олар (Құран дауыстап оқылатын намаз ракағаттарында оны) оқуды тоқтатпас еді, өйткені бұл хадис олар (бір-бірінің (Құран) оқуын) бөлуді дөғарғанына айғақ болады.

имам Құранды дауыстап оқымайтын кезде, олар Құранды іштей оқитын», - деген].<sup>229</sup>

Ол ﷺ сондай-ақ:

«إِنَّمَا جَعَلَ الْإِمَامُ لِيُؤْتَمْ بِهِ، فَإِذَا كَبَرَ فَكَبَرُوا، وَإِذَا قَرَأَ فَأَنْصِتُوا»

«Имам басқалар (намазда) оның өнегесіне ілесу үшін тағайындалады: егер ол тәкбір айтса, сендер де айтыңдар, және егер ол Құранды дауыстап оқыса, онда үндемендер», - деп айтып<sup>230</sup>, имам Құранды дауыстап оқитын кезде намаз орындаушының үнсіз тұруын өзінің өнегесіне ілесудің бір бөлігі етті. Тура сол

сияқты ол ﷺ:

229 Мәлік, әл-Хумайди, әл-Бухари «Жуз әл-Кира'а да», Дауд, әл-Махамили (6/139/1). Әт-Тирмизи бұл хадисті жақсы деген; Абу Хатим әр-Рази, Ибн Хиббан және Ибн әл-Қайим бұл хадисті сенімді деген. Бұл хадиске 'Умардан жеткен хадисте дәлел бар; оның соңында былай деп айтылады: «Мен Құран оқуда кіммен жарысып тұрмын?! Сендерге имамдарыңың оқуы жеткілікті емес не?! Ақиқатында, имам басқалар (намаз кезінде) оның өнегесіне ілесу үшін тағайындалады, егер ол Құранды дауыстап оқыса, онда үндемендер». Бұл хадисті әл-Бәйнақи «Китаб Вуджуб әл-Кира'а фи-с-Саләт» («Намазда Құран окудың міндеттілігі туралы») кітабында, сондай-ақ «Әл-Жәми' әл-Кәбирде» (3/344/2) көлтіреді.

230 Ибн Аби Шәйба (1/97/1), Абу Дауд, Мұслим, Абу Ауана, әр-Рұйани өзінің «Мұснад» (24/119/1) кітабында Бұл хадистің алынған көздері мен тізбектері «әл-Ируа»(332, 394) кітабында көлтірілген.

«مَنْ كَانَ لَهُ إِمَامٌ فَقِرَاءَةُ الْإِمَامِ لَهُ قِرَاءَةٌ».

«Егер адам имамға үйіп намаз орындаса, имамның Құран оқуы ол үшін де (яғни бұл адам үшін де – Аудармашының ескертпесі) оқу болып табылады»<sup>231</sup>, - деп айтЫП, имамның Құран оқуын есту намаз орындаушының Құранды онымен бірге (қабаттасып) оқымауы үшін жеткілікті етті – (алайда) бұл тек Құран дауыстап оқылатын намаз ракағаттарына ғана қатысты.

### Имам Құранды дауыстап оқымайтын намаз ракағаттарында Құран оқудың міндеттілігі

«وُجُوبُ الْقِرَاءَةِ فِي السُّرِّيَّةِ»

231 Ибн Аби Шәйба (1/97/1), әд-Дәракүтни, Ибн Мәжәһ, әт-Тахауи және Ахмад бұл хадисті көптеген «мұрсаł» мен «мұснад» (иснады үзіліссіз түрде Пайтамбарға ﷺ дейін жететін хадистер - Аудармашының ескертпесі.) жолмен келтірген. Бұған Ибн Абд әл-Хади «Әл-Фуру'» (каф, 48/2) кітабында нұсқағандай, бұл хадист Шейх-ул-Ислам Ибн Тәймийя күшті деген. Оның кейбір жеткізу жолдарын әл-Бусайри сенімді деп атаған. Мен бұл хадис туралы осы кітаптің түпнұсқасында («Әл-Әсл»), кейін «Ируа' әл-Фалилде» (500) жан-жақты айтқан болатынмын.

Ал имам Құранды дауыстап оқымайтын ракағаттарға қатысты айттар болсақ, ол әрбір бұл намаздарды орындау кезінде Құран оқуға үндейтін. Мәселең, Жәбир: «Біз бесін (зұhr), екінші (аср) намаздарында имамның артында тұрып, алгаиқы екі ракагатта «әл-Фатиха» сүресі мен басқа бір сурені және соңғы екі ракагатта тек «әл-Фатиха» сүресін оқитынбыз», - деп айтқан<sup>232</sup>.

«Ол сахабаларымен бірге екінші намазын орындалғанда» олардан Құран оқуын бөлмеуін қадала өтінді «және (намазды аяқтаган соң): «Сендерден кім «Ұлы Раббынның атын пәкте» (яғни «Әғла» сүресін) оқыды?» - деп сұрады. Біреу: «Мен [бірақ мен мұны тек иғи ниетпен ғана жасадым]», - деп жауап берді. Сонда ол: «Мен біреудің осыда менімен жарысын жатқанын білгенмін», - деді.<sup>233</sup>

232 Ибн Мәжәх бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (506) кітабында келтірілген.

233 Мұслим, Абу Ауана және ас-Сираж.

«قَدْ عَرَفْتُ أَنَّ رَجُلًا خَاجِنِيهَا»

Басқа бір хадисте: «Олар Пайгамбардың ﷺ артында (ұйып) тұрғанда Құранды [дауыстап] оқитын, сонда ол (оларга):

«خَلَطْتُمْ عَلَيَّ الْقُرْآنَ»

«Сендер менің (Құран) оқуымды өткізу үшіндеңдер»,  
- деп айтты», - деп хабарланады.<sup>234</sup>

Ол ﷺ сондай-ақ былай деп айтқан:

«إِنَّ الْمُصَلِّيَ يُنَاجِي رَبَّهُ عَزَّ وَجَلَّ فَلْيُنْظُرْ بِمَا يُنَاجِيْهِ بِهِ، وَلَا يَجْهَرْ بِعَضُّكُمْ عَلَىٰ بَعْضٍ بِالْقِرَاءَةِ».

«Ақиқатында, намаз орындауды  
Раббысымен құпия сұхбат жүргізеді,  
сондықтан да ол Оган жүгініп тұрған  
нәрселерінде сақтық (құннтылық) танытуы  
қажет. (Ендеше) Құранды (бір-біріңмен

<sup>234</sup> Әл-Бұхари «Жуз әл-Кира'а» кітабында, Ахмад және әс-Сираж жақсы иснадпен.

жарыса) дауыстап оқып, біріңді бірің, бөлмендер!». <sup>235</sup>

Ол ﷺ сондай-ақ былай деп айтатын:

«مَنْ قَرَأَ حَرْفًا مِنْ كِتَابِ اللَّهِ فَلَهُ بِهِ حَسَنَةٌ، وَالْحَسَنَةُ بِعَشْرِ أَمْثَالِهَا، لَا أَقْوَلُ حَرْفًا؛ وَلَكِنْ أَلِفُ حَرْفٌ، وَ(لَامٌ) حَرْفٌ، وَ(مِيمٌ) حَرْفٌ». <sup>(الم)</sup>

«Аллаһтың Кітабынан бір әріп оқыған әрбір адамға осы үшін бір ігі іс жазылады, ал әрбір ігі іске он есе (саян) беріледі. Мен: "«Әлиф», «лам», «мим» - бұл бір әріп", - деп

235 Мәлік, әл-Бухари «Әф'ал әл-'Ибад» кітабында бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді. Манызды ескерпе! Имам Құранды дауыстап оқымайтын ракағаттарда оны оқу және имам Құранды дауыстап оқитын ракағаттарда оны оқудан тыйылудың орынды екендігі туралы пікірді алғашында имам әш-Шәфи и де үстанған Сондай-ақ бұл көзқарасты Абу Ханифаның шәкірті Мұхаммад та (Ибн әл-Хасан - Аудармашының ескертпесі.) үстанған еді, бұл туралы одан жеткізегін деректе айтылғанда; тұра осы көзқарасқа Али әл-Қарі және (ханафи) мазнабының басқа кейбір шейхтары да басымдық беретін. Басқалардың қатарында бұл пікірді әз-Зүҳри, Мәлік, Ибн әл-Мубарак, Ахмад ибн Ҳәнбал сыңды имамдар кейбір хадис білгірлері (мухаддистер), сондай-ақ шейх-ул-ислам Ибн Таймийә үстанған.

*айтып тұрган жоқынын, жок, «әлиф» - бір әріп,  
«лам» - бір әріп, және «мим»— бір әріп»<sup>236</sup>.*

**«Әмин» деп айту және имамның оны дауыстап  
айтуы**

«الْتَّائِمُ وَجَهْرُ الْإِمَامِ يَدِي»

Ол ﷺ «әл-Фатиха» сүресін оқуды аяқтаған  
«Әмин», - деп дауыстап және созып көзде:  
айтатын<sup>237</sup>.

Сондай-ақ ол ﷺ имамға үйип намаз  
орындаушыларға:

«إِذَا قَالَ الْإِمَامُ ۝غَيْرُ الْمُغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الْضَّالِّينَ۝ فَقُولُوا: آمِينَ، [فَإِنَّ  
الْمَلَائِكَةَ تَقُولُ: آمِينَ، وَإِنَّ الْإِمَامَ يَقُولُ: آمِينٌ] (إِذَا أَمَنَ الْإِمَامُ فَأَمَّنُوا)، فَمَنْ وَاقَّ

236 Әт-Тирмизи және Ибн Мәжәһ бұл хадисті сенімді исладпен келтіреді. Бұл хадисті сондай-ақ Әжжури де «Адаб Хәмлә әл-Кур'ан» кітабында келтіреді. Ал «Кім имамның артында үйип Құран оқыса, соның аузы Отқа толады» деген хадиске келер болсак, ол етірік, ойдан шығарылған (мәудү) хадис, бұл туралы «әс-Сілсілат әл-Әхадис әд-Да'ифа» кітабында келтірілгендей (№ 569). Қз.: Қосымша № 3.

237 Әл-Бухари «Жуз әл-Қира'a» кітабында және Абу Дауд бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

تَأْمِينُهُ تَأْمِينَ الْمُلَائِكَةِ (إِذَا قَالَ أَحَدُ كُمْ فِي الصَّلَاةِ: آمِين، وَالْمُلَائِكَةُ فِي السَّمَاءِ: آمِين، فَوَافَقَ أَحَدُهُمَا الْآخَرُ); غُفرَ لَهُ مَا تَقدَّمَ مِنْ ذَنْبِهِ.

«Имам: «Қаһарыңа ұшырағандардың және адасқандардың (жолына) емес», - деп оқыған соң: «Әмин», - деп айттыңдар [өйткені періштелер: «Әмин», - деп айтады және имам: «Әмин», - деп айтады].

Хадистің басқа нұсқасында былай деп жеткізіледі: «Имам: «Әмин», - деп айтқан кезде, [сендер де:] «Әмин», - деп айттыңдар), өйткені, ақиқаттыңда, періштермен бір мезетте «Әмин» деп айтқан адамға (хадистің басқа бір нұсқасында: «Егер кімде-кім намазда: «Әмин», - деп айтса және көктегі періштелер де: «Әмин», - десе, әрі осы сөздер бір-бірімен тұспа-тұс келсе), оның бұрынғы құналары кешіріледі»<sup>238</sup>.

<sup>238</sup> Әл-Бухари, Мұслим, ән-Нәса'и және әд-Дәрими. Жақшаның ішіндегі бұл хадистің басқа түрін ән-Нәса'и және әд-Дәрими көлтіреді. әрі олар бұл хадис имамның «Әмин» сөзін айтпауына актау бола алмайды деп күәлік етеді, бұл туралы (имам) Мәліктен жеткізілетіндей: осыдан Ибн Хәжар «Фәтх әл-Бәри»де айтатын мына сөздер келіп шығады: «Бұл имамның «Әмин» (сөзін)

Басқа бір хадисте: «...кейін «Әмин» деп айттыңдар; (әрі) Аллаһ (сендердің, дұғаларыңа) жауап береді»<sup>239</sup>.

Ол ﷺ сондай-ақ былай деп айтатын:

«فَقُولُوا: آمِينٌ يَجْعَلُكُمُ اللَّهُ مَا حَسَدَتُكُمْ إِلَيْهِ شَيْءٌ وَمَا حَسَدَتُكُمْ عَلَى السَّلَامِ وَالنَّاسِ مِنْ خَلْفِ الْإِمَامِ». «قُولُوا: آمِينٌ يَجْعَلُكُمُ اللَّهُ مَا حَسَدَتُكُمْ إِلَيْهِ شَيْءٌ وَمَا حَسَدَتُكُمْ عَلَى السَّلَامِ وَالنَّاسِ مِنْ خَلْفِ الْإِمَامِ».

«Яңудилер сендердің өзара: «Әс-сәләму 'аләйкүм уә рахмату-Ллахи уә бәракатүһ» («Сендерге Аллаһтың сәлемі, иғілігі және берекесі болсын»), - деп сәлемдескендеріңе және [имамның артында тұрып] «Әмин» деп айтуларыңа көреалмаушылық танытатындарындаи басқа еш нәрсеге

айтатынына айқын нұсқайды». Ибн Абд ал-Бәрр «Тамхид» (7113) кітабында бұған қатысты былай деп жазады: «Бұл көзқарасты мұсылмандардың көпшілігі, соның ішінде (имам) Мәлік үстәнады, бұл туралы Мәдина түргындары хабарлайтындаи, ейткені бұл Аллаһ Елшисінен ﷺ Абу һурайраның хадисі арқылы (яғни осы хадис) және үз'ил ибн Хужрадан жеткен (осының алдындағы) хадисте сенімді түрде жеткізіледі».

<sup>239</sup> Мұслим және Абу Әуана.

**мұншалықты қатты қөре алмауышылық таныттайды»<sup>240</sup>.**

**«Әл-Фатихадан» кейін (Құранның басқа сүрелерін) оқу**

**﴿قَرَأْتُهُ بَعْدَ الْفَاتِحَةِ﴾**

Кейін ол  «әл-Фатиханың» ізінен (қандай да бір) басқа сүрені оқитын; кейде (Құран оқуын) ұзаққа созатын, ал кейде, мысалы, сапарда болғанда, (немесе) жетеле бастағанда,

240 Әл-Бухари өзінің «әл-Әдаб ал-Муфрад» кітабында Ибн Мәжан, Ибн Хузайма, Ахмад және ас-Сираж бұл хадисті жеткізушілердің екі сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

Манызды ескертпе!

Имамның артында үйіп тұрушылар «Әмин» сөзін дауыстап және, намаз орындаушылардың көбі істейтіндей - имамнан бұрын да емес әрі одан қалып та кетпей, онымен бір уақытта айтуда тиісті. Дәл осы менің ұзак зерттеулерімнен соң маган едәуір сенімді болып көрінуде, (мұны) мен өзімнің кейбір еңбектерімде, соның ішінде Аллаһтың Мейірімімен басып шыгарылған және жарияланған «Силислег әл-Әхадис әд-Да'ифа» (952, 2-том) және «Сахих әт-Тарғиб уа әт-Тархиб» (1/205) кітаптарында келтіргенімдей.

Аудармашының ескертпесі: Қз.: Қосымша № 4.

ауырғанда немесе кішкентай балалардың жылауын естіген кездерінде, олай іstemейтін.

Энас ибн Мәлик (Аллаh оған разы болсын) былай деп айтқан: «Біrde ол таң намазын орындау кезінде (Құран оқуын) қысқартты (хадистің басқа нұсқасында: «Ол таң намазын орындалп, (онда) Құранның ең қысқа еki сүреслерін оқыды», - деп айттылады.) Сонда (адамдар) одан: «Уа, Аллаhтың елиши! Не себепті (Құран оқуды) қысқарттың?», - деп сұрады, ол болса:

«سَمِعْتُ بُكَاءَ صَبِيًّا فَظَنَتُ أَنَّ أَمَّهُ مَعْنَا تُصْلِي فَأَرْذَثُتْ أَنْ أُفْرَغَ لَهُ أُمَّهُ».

«Мен баланың, жылаганың естідім және оның аласы бізben бірге намазда тұрган болар деп, оның тезірек өз баласына оралуын қаладым (сөзбе-сөз: «...сондықтан мен оның аласын ол үшін босатқым келді» — Аудармашының ескертпесі)», - деп жауап берді»<sup>241</sup>.

241 Ахмад бұл хадисті сенімді иснадпен келтіреді. Бұл хадистің үқасас бір нұсқасын Ибн Аби Дәуд «әл-Масахифте» (4/14/2) келтірген. Осы және осыған үқасас басқа хадистерден келіп шығатыныңдай, кішкентай

Ол ﷺ сондай-ақ былай деп айтатын:

إِنَّ لَأَذْخُلُ الصَّلَاةَ أُرِيدُ إِطَالَتَهَا، فَأَسْمَعُ بُكَاءَ الصَّبِّيِّ، فَأَنْجُوزُ فِي صَلَاةٍ  
مِمَّا أَعْلَمُ مِنْ شِلَّةٍ وَجْدَ أُمِّهِ بِهِ».

«Ақиқатында, мен намазга кіріскен кезімде, оны ұзақ жүргізгім келеді, бірақ баланың жылаганын естісем, оны қысқартамын, өйткені оның анасына қызындық жасағым келмейді»<sup>242</sup>.

Ол ﷺ сүрені ең басынан бастап оқитын әрі көбінесе оны толығымен оқып шығатын<sup>243</sup>.

Ол ﷺ:

أَعْطُوا كُلَّ سُورَةٍ حَظَّهَا مِنْ الرُّكُوعِ وَالسُّجُودِ».

---

балаларға мешітке кіруге рұқсат етіледі. Ал кең таралған «Балаларыңды мешіттеріңізге жібермеңіздер...» деген хадис туралы айттар болсак, ол алсіз хадис, әрі ол дәлел (куәлік) регінде қолданыла алмайды. Бұл хадисті әлсіз деп айтқандардың қатарында Ибн ал-Жәузи ді, ал-Мунзирі ді, ал-Хайсами ді, Ибн Хәжар ал-Аскалани ді және ал-Бусайрі ді атауга болады. Абд ал-Хаққ әл-Ишибили: «Бұл хадис негізсіз», - деп айтқан.

<sup>242</sup> Әл-Бухари және Муслим.

<sup>243</sup> Бұған әрі қарай келтірілетін көптеген хадистер нұсқайды.

«Әрбір сүреге оның рукугтар мен сәжделердегі үлесін беріңдер», - деп айтатын<sup>244</sup>. Бұл хадистің басқа нұсқасында: «Әр сүренің (өз) ракағаты (бар)», - делінген.<sup>245</sup>

Кейде ол ﷺ (бір сүрені) оқуды екі ракағатқа бөлетін<sup>246</sup>, ал кейде ол бірінші ракағатта оқыған сүресін екінші ракағатта да толығымен қайталайтын<sup>247</sup>.

Кейде ол ﷺ екі не одан көп сүрені бір ракағатта қосып (оқитын)<sup>248</sup>.

«Ансарлардың бірі Құба' мешітінде имам болатын, әрі ол қандай да бір сүрені оқитын<sup>249</sup> әр

<sup>244</sup> Ибн Аби Шәйба (1/100/1), Ахмад, Абдул Фани әл-Мәқдиси «әс-Сунан да» (9/2) бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

<sup>245</sup> Ибн Нәэр, әт-Тахау бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді. Бұл хадистің мағынасы, менің ойымша, «әрбір ракағатты орындау кезінде бір сүрені толығымен оқындар» дегенді қамтиды. Осы бүйрық, бұл кейінрек келтірілетін хадистерден келіп шығатыныңдай, міндетті емес, нұсқаулық (мәндуб) сипатқа ие.

<sup>246</sup> Ахмад, Абу Йа'ля бұл хадисті екі жеткізу жолы арқылы келтіреді. Сондай-ак «Таң намазы («әл-Фәжр») тарауын қараңыз·

<sup>247</sup> Ол таң намазында осылай істейтіндей, бұл туралы кейінрек айтылады.

<sup>248</sup> Бұл туралы толығырақ кейінрек хабарланады.

<sup>249</sup> Яғни «әл-Фатихадан» кейін оқылатын сүрені.

кезде: «**Айт: «Ол, Аллаһ, Жалғыз...»** (112 «Ихлас» сүресі), - сөздерінен бастайтын да, (бұл сүрені) соңына дейін (жеткізіп), кейін оған қоса тағы бір сүрені оқитын, әрі әрбір ракагатта осылай істейтін. (Онымен бірге намаз орындаітын адамдар) онымен (осы туралы) сұхбаттасып, оған: «Сен (әркез «әл-Фатихадан» кейін Құран) оқуыңды осы суреден бастайсың, ал содан соң осыны жеткілікті етпей, басқа сүрені оқуға кірісесің. Сен не (тек) оны оқуың, керек, не оны (оқуды) қойып, басқа бір (сүре) оқуың, керек», - деп айтты. Ол: «Мен оны (оқуымды) қоймаймын: егер менің имам болып қала беруімді қаласаңдар, мен (оны оқуды) тұра осылай жалгастыра беремін, ал егер бұл сендерге ұнамаса, онда мен сендерден кетемін», - деп жауап берdi. Адамдар оның өздерінің ішіндегі ең жақсысы екендігін білетін және басқа біреудің өздеріне имам болуын қаламайтын. Сондықтан да Пайғамбар ﷺ оларға келген кезде, олар оған барлығын баяндал бередi. Ол:

«يَا فُلَانْ! مَا يَمْعِنُكَ أَنْ تَفْعَلَ مَا يَأْمُرُكَ بِهِ أَصْحَابُكَ؟ وَمَا يَحْمِلُكَ عَلَى لُزُومٍ

هَذِهِ السَّوْرَةِ فِي كُلِّ رَكْعَةٍ؟»

«Уа, пәленше және пәленше (әрі осы жерде ол оның атын айтты)! Саған адамдар өтініш жасап тұрған нәрсені орындауға не кедергі жасайды? Сені осы сүрені әрбір ракагатта оқуға не мәжбүрлейді?», - деп сұрады. Ол:

فَقَالَ: إِنِّي أُحِبُّهَا.

«Ақиқатында, мен оны (яғни «Айт: «Ол, Аллаһ, Жалғыз...» деген сүрені – Аудармашының ескертпесі) жақсы көремін», - деп жауап берді. (Бұған Пайғамбар ﷺ):

«جُبْكَ إِيَّاهَا أَدْخُلْكَ الْجَنَّةَ».

«Ақиқатында, оған деген махаббатың сені Жәннатқа кіргізеді!», - деді»<sup>250</sup>.

<sup>250</sup> Әл-Бухари бұл хадисті «тә'лик» түрінде әт-Тирмизи – «мәусула» түрінде жеткізеді. Ол бұл хадисті сенімді деп атаған.

**Құранның (мағынасы бойынша) үқсас және  
басқа сүрелерін қосып оқу**

«بِيْنَ النَّظَائِرِ وَغَيْرِهَا فِي الرَّكْعَةِ»

Ол мұфассал<sup>251</sup> сүрелерінің ішінен мағынасы  
бойынша үқсас жұптарын («ән-наза'ир»)<sup>252</sup>  
қосып (оқитын), сөйтіп бір ракағатта

«Рахман»(55:78)<sup>253</sup> және «Нәжм» (53:62);  
«әл-Қамар» (54:55) және «әл-Хаққа»(69:52);  
«Тұр» (52:49) және «Зәрият» (51:60);

<sup>251</sup> Мұфассал – ең сенімді көзқарасқа сәйкес Құранның 50-ші «әл-Каһф» сүресінен бастап ең соңғысына дейінгі барлық сүрелерінің жалпы атаяуы.

<sup>252</sup> «Наза'ир» – үгіт насиҳатты, әмірлерді, немесе (бұрынғы откен қауымдардың және пайғамбарлардың (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) тарихынан) ұлагатты хикаяларды қамтыған мазмұны бойынша үқсас сүрелер.

<sup>253</sup> Бұл жерде және әрі қарай бірінші сан суренің реттік санына, ал екіншісі оның аяттарының санына нұсқайды. Сүрелердің кейбір жұптарын қарап шыққанда, оның  оларды оку кезінде Құранда келген тәртібін сақтамаганын байқау қын емес. Бұл осылай істеуге рұқсат етілетіндігіне дәлел болып табылады, десе де сүрелердің Құранда келетін тәртібін сақтау жақсырақ. Тура осы мәселе «Қосымша тұнгі намаз (таһажжуд)» деген тарауда да байқалады.

«әл-Уақиға» (56:96) және «әл-Қаләм» (68:52);  
 «әл-Мәғариж» (70:44) және «Нәзиғат» (79:46);  
 «әл-Мутаффифин» (83:36) және «әл-Абаса»  
 (80:42);  
 «әл-Муддассир» (74:56) және «әл-  
 Муззаммил» (73:20);  
 «әл-Инсан» (76:31) және «әл-Қийяма» (75:40);  
 «Нәба» (78:40) және «әл-Мұрсаләт» (77:50);  
 «Духан» (44:59) және «Такуир» (81:29)  
 сүрелерін жұп етіп оқитын<sup>254</sup>

Кейде ол  қосымша түнгі (taħħajjud)  
 намазында Құранның «әл-Бақара», «Ниса»  
 және «Әли Имран» сияқты жеті ұзын сүрелерін  
 (*тиуәл*) бір ракағатта қосып оқитын, бұл туралы  
 әрі қарай айтылатын болады. Ол былай деп  
 айтатын: «*Намаздың, ең жақсысы – оның  
 барысында тік тұру (қийяд) ұзақ  
 (орындалатыны)*»<sup>255</sup>.

254 Әл-Бұхари және Мұслим.

255 Мұслим және Әт-Тахауи.

أَلِيسْ ذَلِكَ بِقَادِرٍ عَلَى أَنْ يُحْيِي الْمَوْتَىٰ  
 «Бұларды жасаған Аллаһтың өліктердің  
 қайта тірілтүге күші жетпей ме?» («әл-  
 Қийяма» сүресі, 40-аят) деген аятты оқығанда,  
 былай деп айтатын:

سُبْحَانَكَ فَبِكَ

*Субханака фә-балә!* («Сені пәктең дәріптейміз,  
 әрине (иә)!»),

əpi

سبح اَسْمَ رَبِّكَ الْأَعْلَى

«Бәрінен Жоғары Раббыңың Есімің  
 пәктең дәріпте!» («әл-Әғла» сүресі, 1-аят)  
 деген аятты оқыған кезде, былай деп айтатын:

سَبَّحَنَ رَبِّي الْأَعْلَى

*Субханә раббиял а'ләә!* («Бәрінен Жоғары  
 Раббым Пәк!»)<sup>256</sup>.

256 Абу Дәуд және әл-Бәйінаки бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді. Бұл  
 хадис жалпылама сипатқа ие, сондықтан да оны қосымша және

**«Әл-Фатиха» сүресін ғана оқудың рұқсат  
етілетіндігі туралы**

**جَوَازُ الْأَقْتِصَارِ عَلَى الْفَاتِحَةِ**

«Әдемтте Му'аз (ибн Жәбәл) [соңғы] құптан ('иша) намазын Аллаһтың Елисімен  бірге орындаған, содан соң қайтып, өз руластарымен бірге намаз өткізетін. Бірде кешкісін, ол қайтып келіп, олармен бірге намаз өткізіп тұрган кезде, (оның, тайпасынан) бір жас жігіт те [оның есімі Сұләйм, ал өзі бану сұләйм тайпасынан еді] онымен бірге намаз орындаиды, алайда намаз ол үшін өте созылып кеткен кезде, ол [кетеді де, мешіттің бір бұрышында жекешеленіп] намаз оқиды да, кейін (мешіттен) шығып, түйесін жетекстеп кетіп қалады. Намаз аяқталған соң (адамдар) Му'азга

парыз намаздарын орындау кезінде Құран оқу кезінде де, басқа жағдайларда да қолдануға болады. Ибн Аби Шәйба (2/132/2) Абу Муса әл-Аш'аридің және әл-Мутира ибн Шу'бахтың бұл сөздерді парыз намаздарын орындау кезінде, ал Омардың (ибн әл-Хаттаб) және Али дін (ибн Абу Талиб) парыз намаздарынан өзге кезде де айтатындарын көлтіреді.

болған уақиғаны айтып береді, әрі ол: «Ақиқатында, бұл оның тарапынан екіжүзділік болды! Мен міндетті түрде Аллаһтың Елшісіне ﷺ оның істегені туралы айтЫП беремін!», - дейді. Жас жігіт: «Мен де Аллаһтың Елшісіне ﷺ оның істегені туралы айтЫП беремін!», - дейді. Таңертең олар (екеуі) Аллаһтың Елшісіне ﷺ келеді де, Мұ‘аз бұл жас жігіттің қылышы туралы хабарлайды. Жас жігіт: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Ол сіздің қасыңызда едәуір көп уақыт болады да, сосын (бізге) келіп, оны (ягни намазды) біз үшін созып (ұзартып) жібереді!», - деді. Мұны естін, Аллаһтың Елшісі ﷺ: «Бұлік шығарып жүрген сенбісің, уа, Мұ‘аз?!», - деді де, жас жігітке қарап: «Сен намаз орындаған кезінде не істейсің, уа, менің бауырымның ұлы?!», - деп сұрады. Ол: «Мен Кітапты Ашуши сурені оқимын, кейін Аллаһтан Жәннатты сұраймын да, Оган Оттан пана тілеп жалбарынамын. Расында, мен сіздің (намазда) сұрайтын нәрсеңізді де, Мұ‘аздың да іштей былдырлан сұрайтын нәрселерін де

(дәндана<sup>257</sup>) білмеймін!», - деді. Аллаһтың Елисі: «Біз Мұ'аз екеуіміздің сұрайытын нәрсеміз бірдей», - деп жауап берді». Бұл хадистің жеткізушісі әрі қарай былай деп хабарлады: «Жас жігіт былай деді: «Ал (дұшпан) тайпасы келіп, адамдарға жаудың (бізге) тап бергені туралы хабарланғанда, Мұ'аз (менің кім екенімді) әлі біледі!» Әрі қарай хадистің жеткізушісі былай деп айтқан: «Және (шынымен де оның тайпасына) жау шабуыл жасағанда, бұл жас жігіт шәнид болды.

Содан соң Аллаһтың Елисі Мұ'азга: «Ал менімен және сенімен айттысқан жігіт не істеді?», - деді. Мұ'аз: «Уа, Аллаһтың Елисі! Аллаһтың алдында оның (айтқаны) дұрыс болды, ал мен (оны екіжүзді деп атап) өтірік айтқан екенмін, ол дін үшін шәнид болды!», - деп жауап берді»<sup>258</sup>.

<sup>257</sup> «Дәндана» – біреудің кейбір сөздерді ыргағы естілетіндей етіп, алайда оларды түсіну қын болатындаі айтуы; бұл сыйыстан сәл жогарылау.

<sup>258</sup> Ибн Хузайма «әс-Сахих» (1634) және әл-Бәйінақи бұл хадистің сенімді иснадпен көлтіреді. Қүшейтетін хадисті Абу Дауд «Сахих»та» (№ 758) көлтірген ал бұл оқиғаның негізгі мазмұнын ал-Бухари және Мұслим көлтіреді. Бірінші

**Бес уақыт (парыз) және басқа да намазда  
Құранды дауыстап және іштей оқу**

«الْجَهْرُ وَالإِسْرَارُ فِي الصَّلَوَاتِ الْخَمْسِ وَغَيْرِهَا»

Ол  (таң (фәжр, субх) намазын, ақшам (мәғриб) намазының алғашқы екі ракағатын және құптан ('иша) намазының алғашқы екі ракағатында Құранды дауыстап оқитын, ал

қосымша Муслим келтіретін, екіншісі - Ахмад (5/74), ал үшіншісі және төртіншісі - әл-Бухари келтірген хадистерде қамтылады. Сондай-ақ осы бөлімнің атына сәйкес келетін хадис те бар, од Ибн Аббастан былай деп жеткізіледі: «Аллаһтың Елисі  екі ракағат намазды, оларда тек «әл-Фатиха» суресін гана оқып, орындалады». Үл хадисті Ахмад (1/282), Харис ибн Абу Усама өзінің «Мұснадында» (38-бет «Заяу'ид») және әл-Бейнеки (2/62) әлсіз иснадпен жеткізеді.

Мен өз қателігімді байқағаныма дейін, өзімнің алдынғы еңбектерімде бұл хадисті жақсы деп атағанмын, өйткені бұл хадис әлсіз риуаятшы болып табылатын Ҳәнзала әл-Дауси арқылы жеткізіледі, әрі мен мұның менің назарымнан қалай тыс қалғанын білмеймін; мүмкін мен оны басқа біреу деп ойлаған шығармын. Қалай болғанда да, мені өз қателігімді көруіме алып келген Аллаһқа мадақ, міне соңдықтан да мен кітапта оны түзетуге асықтым. Кейін Аллаһ маған Му'аздан жеткен одан да жақсы хадисті сыйлады: онда жоғарыда келтірілген Ибн Аббастан жеткізілетін хадис нұсқайтын нәрсе туралы баяндалады. Оның Мейірімімен иті істер соңына дейін жеткізілетін Аллаһқа мадақ!

бесін (*зуhr*) және екінші ('*asr*) намаздарын, сондай-ақ ақшам (мәғриб) намазының үшінші ракағатында және құптан ('иша) намазының соңғы екі ракағатында Құранды іштей оқитын<sup>259</sup>.

Адамдар оның Құранды іштей оқып тұрғанын сақалының қозғалуынан<sup>260</sup> және кейде олар оның белгілі бір аятты оқып тұрғанын естігенінен<sup>261</sup> білетін.

Ол ﷺ жұма намазы мен екі айт<sup>262</sup> намаздарын<sup>263</sup>, сондай-ақ жаңбыр сұрау намазы (әл-истисқа)<sup>264</sup> мен күн тұтылғанда оқылатын

<sup>259</sup> Бұл мәселе бойынша барлық мұсылмандардың бірауызды келісімі (ижма') бар, ейткені бұл нәрсе, бұған имам ән-Нәуауди нұсқағандай, Пайғамбардың ﷺ заманынан бастап тиісті сенімді хадистер арқылы, үрпақтан үрпаққа жалғасып келді. Бұл хадистердің кейбіреулері әрі қарай көлтіріледі. Сондай-ақ «әл-Ируа» (345) кітабын қараңыз.

260 Әл-Бухари және Абу Дауд.

261 Әл-Бухари және Мұслим.

<sup>262</sup> Ораза айт - 'Ид әл-Фитр және Құрбан айт - 'Ид әл-Адха күндерінде (Аудармашының ескертпесі).

<sup>263</sup> Қз.: «Жұма намазы» және «Екі айт намазы» тараулары.

264 Әл-Бухари және Абу Дауд.

намазды (әл-кусуф) орындау кезінде<sup>265</sup> Құранды дауыстап оқитын.

Қосымша тұнгі (таһажжуд) намазда Құранды дауыстап және іштей оқу<sup>266</sup>

«الْجَهْرُ وَالْإِسْرَارُ فِي الْقِرَاءَةِ فِي صَلَاةِ اللَّيْلِ»

Қосымша тұнгі намаз туралы айтар болсақ, ол оны орындаған кезінде кейде Құранды дауыстап, ал кейде іштей оқитын<sup>267</sup>, ал «ол Құранды үйде оқыған кезінде, оның дауысын

265 Әл-Бұхари және Мұслим.

266 Абдул Ҳаққ «Таһажжуд» (90/1) кітабында былай деп айтқан: «Күндіз орындалатын нәпіл намаздарға қатысты айтар болсақ, ол  бұл намаздарда (Құранды) дауыстап немесе іштей оқығандығы туралы сахих түрде еш нәрсе жеткізілмейді. Бірақ (ол) іштей (оқыған) сияқты. Ол туралы  жеткен хабарлардың біреуінде ол бірде күндіз намаз орындан және (сол намазында Құранды) дауыстап оқып тұрған *Абдуллаһ ибн Хузаяф*ың жаңынан *өтіп баратып*, оған: «Әй Абдуллах! Сені біз емес, Аллаһ естісін», - деп айтқаны жеткізіледі». Бірақ бұл хадис күшті болып табылмайды.

267 Мұслим және әл-Бұхари «Әф'әл әл-Ибадат».

бөлмедегілер еститін еді»<sup>268</sup>. «Кейде ол (Құран оқыған кезінде) дауысын (аздал) көтеретін және (ішкі ауланың сыртында) өз керуетінде жатқан адам оны ести алатын»<sup>269</sup>.

Ол ﷺ Абу Бәкр мен Омарға да (Аллаһ оларға разы болсын) тұра осыны бұйырған еді; «(бірде) түнде ол (үйінен мешітке) шығып, Абу Бәкруді (Аллаһ оған разы болсын) жай бәсек дауыспен намаз орындан тұрган күйінде кездестіреді, ал Омар ибн әл-Хаттабтың (Аллаһ оған разы болсын) жаңынан өтіп бара жатып, оның намазды көтеріңкі дауыспен орындан тұрганын көреді. Кейін, олар Пайгамбардың ﷺ алдында бас қосқанда, ол:

يَا أَبَا بَكْرٍ مَرْرُتُ بِكَ وَأَنْتَ تُصَلِّي تَحْفِظُ مِنْ صَوْتِكَ؟

**«Әй, Абу Бәкр! Мен сенің жаңынан өтіп бара жатып, сен намазды бәсек дауыспен оқып тұрганыңды көрдім», - дейді.**

268 Абу Дауд және әт-Тирмизи «әш-Шәма'илде» бұл хадисті жақсы иснадпен келтіреді. Бұл хадис оның \*(Құран аяттарын) тым дауыстап та, тым жай да оқымағандығы туралы күелік етеді.

269 Ән-Нәса'и, әт-Тирмизи «әш-Шәмә'илде» және әл-Бәйінаки «әд-Дала'илде» бұл хадисті жақсы иснадпен келтіреді.

Бұған ол:

فَدْ أَسْمَعْتُ مِنْ نَاجِيْتُ.

«Жалбарынганым мені естіді, уа, Аллаһтың Елисі», - деп жауап береді. Омарга қарап, ол:

«مَرْرُتُ بِكَ يَا عُمَرُ وَأَنْتَ تَرْفَعُ صَوْتَكُ؟»

«Мен сенің жанынан өтіп баратып, сенің намазды дауыстап орынданап тұрғанды байқадым», - дейді, ал ол бұған:

يَا رَسُولَ اللَّهِ أَخْبِرْنِي بِهِ أُوْقِظُ الْوَسْنَانَ.

«Уа, Аллаһтың Елисі! Мен үйқысұрауыммен күресіп, шайтанды қуамын», - деп жауап береді. Пайгамбар ﷺ (оларды тыңдал болған соң):

فَقَالَ لِأَبِي بَكْرٍ: «اْرْفَعْ مِنْ صَوْتِكَ شَيْئًا». وَقَالَ لِعُمَرَ: «اْخْفِضْ مِنْ صَوْتِكَ

شَيْئًا».

«Уа, Абу Бәкр! Дауысыңды сәл көтер!», - ал  
Омарға: «Дауысыңды сәл бәсекәдем!», - деп  
айтады»<sup>270</sup>.

Ол:

«الْجَاهِرُ بِالْقُرْآنِ كَالْجَاهِرٍ بِالصَّدَقَةِ، وَالْمُسِرُ بِالْقُرْآنِ كَالْمُسِرٍ بِالصَّدَقَةِ».

«Құранды көтеріңкі дауыспен оқитын адам садақаны жария беретін адамдай, ал Құранды жай дауыспен оқитын адам садақаны жасырын беретін адамдай», - деп айтатын<sup>271</sup>.

Оның ﷺ түрлі намаздарда қандай сүрелер мен аяттарды оқығандығы туралы  
«مَا كَانَ رَبُّهُ فِي الصَّلَوَاتِ»

Ол ﷺ өзінің намаздарында оқитын Құранның аяттары мен сүрелері намаз орындалатын жағдайларға байланысты

270 Абу Дәуд және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби келіскең.

271 Сол жерде.

ерекшеленетін. Бұл туралы толығырақ төменде бес уақыт (парыз) намаздарының біріншісінен бастап баяндалады.

### Таң намазы («әл-фәжр»)

«صلاتُ الفجرِ»

Бұл намазда ол  әдетте *мұғассал*<sup>272</sup> ішіндегі ұзындау сүрелерді<sup>273</sup> оқитын. «(Кейде) ол «әл-

<sup>272</sup> Бұл туралы жоғарыда айтылғандай, ең сенімді пікірге сәйкес, бұл - Құранның ең соңғы «әл-Қаф» (№ 50) сүресінен басталатын жетіден бір болігі.

Аудармашының ескертпесі: Құранның муфәссәл ішіндегі сүрелері: ұзындары, орташалары және қысқалары болып - үш топқа бөлінеді. Мұсылман ғалымдарының көпшілігінің ең көп тараған пікіріне сәйкес муфәссәлдің ұзақ сүрелері, шейх әл-Әлбани айтып кеткендей, «әл-Қаф» (№50) сүресінен басталып, «әл-Буруждың (№ 85) сүресімен аяқталады; орташалары «әл-Буруждың (№ 85) сүресінен басталып, «әл-Бәййина» (№ 98) сүресімен аяқталады; қысқа сүрелері «әл-Бәййина» (№ 98) сүресінен басталып, «Нәс» (№ 114) сүресімен аяқталады. Толығырақ Сафий әр-Рахман әл-Мубаракфури дің «Итхад әл-Қирам» кітабын қараңыз:

273 Ән-Нәса'и және Ахмад бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

Уақыға» (56:96) және сол сияқты сүрелерді еki ракағатта оқитын»<sup>274</sup>.

Ол ﷺ өзінің қоштасу қажылығын орындау барысында «Тур» (52:49) сүресінің (аяттарын) оқыған<sup>275</sup>.

Кейде «ол «Қаф» (50:45) сүресін және (соған үқсас) сүрелерді [бірінші ракағатта] оқитын»<sup>276</sup>.

Кейде «ол *مُعْفَسَّلٌ* ішінен қысқа сүрелерді,  
мысалы,

إِذَا الشَّمْسُ كُورَتْ

«Күн бұктелген сәтте...» деп басталатын сүрені («Тәкуир» сүресі, 81:29) оқитын»<sup>277</sup>.

Бірде ол ﷺ

إِذَا زَلَزَتْ

---

274 Ахмад, Ибн Хузайма (1/69/1) және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби келіскең.

275 Әл-Бухари және Муслим.

276 Муслим және әт-Тирмизи. Осы және келесі хадистің алынған көздері мен иснадтары «әл-Ируа» (345) кітабында көлтірілген.

277 Муслим және Абу Дәуіл.

**«Жер сілкіндіріп қозғалған сәтте...»**

(«Зилзәлә» сүресі, 99:8) сүресін екі ракағатта да оқыды. Бұл хадистің жеткізушісі былай деп айтқан: «Мен Аллаһтың Елисі<sup>278</sup> ұмытқанынан осылай істеді ме, әлде оны әдейі (екінші рет) оқыды ма, білмеймін»<sup>278</sup>.

Бірде ол<sup>279</sup> сапарда болған кезінде

قل أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ

**«Айт: «Таңның Раббысынан пана іздеймін...»** («әл-Фәләқ», 113:5) сүресін және  
قل أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ

**«Айт: «Адамдардың Раббысынан пана іздеймін...»** («Нәс», 114:6)<sup>279</sup> сүресін оқыды. Ол сондай-ақ ‘Уқба ибн ‘Амирге (оған Аллаһ разы болсын) былай деген:

278 Абу Дауд және әл-Бәйінаки бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді. Белкім, ол (осылай істеге негіздей) екендігін бекіту үшін, (оны екінші рет) арнағы оқыған.

279 Абу Дауд, Ибн Хузайма (1/76/1), Ибн Бушран «әл-Әмали<sup>де</sup>» және Ибн Аби Шәйба (12/176/1); бұл хадистің сенімділігі<sup>Н</sup> әл-Хаким дәлелдеген және онымен әз-Зәhabи келіскең.

«اَقْرَأْ فِي صَلَاتِكَ الْمُعَوَّذَتَيْنَ، [فَمَا تَعَوَّذْ مُتَعَوِّذْ بِمِثْلِهِمَا]»

«Намазыңды  
орындағанда  
«әл-  
Му’ауиззатайнды»<sup>280</sup> оқы, өйткені пана  
іздеушілерден ешкім олардан өзге нәрсемен  
пана іздемейді»<sup>281</sup>.

Кейде ол  бұдан да көбірек оқитын: «ол алпыс және одан да көп аят оқитын»<sup>282</sup> (бұл хадистің жеткізушилерінің бірі былай деп айтқан: «Бұл бір ракагаттың ішінде болды ма, әлде екеуінде ме - мен білмеймін»).

---

280 Аудармашының ескертпесі: «әл-му’ауиззатайн» — сөзбе-сөз «олар арқылы пана ізделетін екі (суре)». Бұл жерде Құранның **قل أَعُوذُ بِرَبِّ**  
«Айт: «...Раббысынан Пана іздеймін...» сөздерімен басталатын екі соңғы сүресі аталаң түр.

281 Абу Дауд және Ахмад бұл хадисті жеткізушилердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

282 Әл-Бухари және Муслим.

«Ол «Рум» (30:60)<sup>283</sup> сүресін, ал кейде - «Йасин» (36:83)<sup>284</sup> сүресін оқитын».

Бірде «ол Меккеде таң намазын орындаап тұрып, «әл-Муминун» (23:118) сүресін оқи бастады, ал Муса мен Һарун немесе Иса<sup>285</sup> туралы айттылған жерге дейін жеткен кезде, - мұны айтқан хадистің жеткізушилерінің біреуі анық сенімді болмады, - ол жөтеле бастап, рукуғ жасады»<sup>286</sup>.

283 Ән-Наса'и, Ахмад және әл-Бәззар бұл хадисті жақсы иснадпен көлтіреді. Мен «Тәмам әл-Миннада» (185) және өзімнің басқа да кейбір кітаптарымда айтқанымнан айырықша, соңғы кезде пікір дәл осыған (яғни осы хадистің жеткізушилер тізбегі жақсы дегенге – Аудармашының ескертпесі) орнықты.

284 Ахмад бұл хадисті жеткізушилердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

285 Муса 45-аятта аталады:

ثُمَّ أَرْسَلْنَا مُوسَى وَأَخَاهُ رُونَ بْنَيْتَنَا وَسَلَطْنُونَ مَبِينٍ

«Кейін біз Муса мен оның бауыры Һарунды аяттарымызben және айқын басшылықпен жібердік....». Ал төрт аяттан соң Иса аталады:

وَجَعَلْنَا ابْنَ مَرْيَمَ وَأَمَّهَ عَائِيَةَ وَأَعْوَيْنَهُمْ أَلِيَ رَبْوَةَ دَاتِ قَرَارِ وَمَعِينِ

«Мәриям ұлы мен оның анасын бір белгі қылдық. Екеуін бұлақты төбедегі оңаша жерге орналастырдық».

286 Мұслим және әл-Бухари «тә'лик» түрінде. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушилерінің тізбектері «әл-Ир-уа» (397) кітабында көлтірлген.

«Ол ﷺ олардың (сахабалардың) намазына имам болып», кейде «"Саффат" (37:182) сүресін оқитын»<sup>287</sup>.

«Жұма күні таң намазы кезінде ол әдетте бірінші ракағатта «әс-Сәҗда» (32:30) және екіншісінде «әл-Инсан» (76:31) сүрелерін оқитын»<sup>288</sup>.

Ол «бірінші ракағатты созыңқырап, ал екінші ракағатты қысқартып оқитын»<sup>289</sup>.

**Таңғы парыз намаздан бұрын қосымша (сұннет) намазда Құран оқығаны**

«القراءة في سنّة الفجر»

Оның таңғы парыз намаздан бұрын екі қосымша ракағатты оқуының қысқа болатыны соншалықты<sup>290</sup>, 'Аиша (оған Аллаh разы

287 Ахмад және Абу Йа'лә өздерінің «әл-Мұснад тарында»; әл-Мәқдиси «әл-Мұхтара да».

288 Әл-Бухари және Мұслим.

289 Сол жерде.

290 Ахмад сенімді иснадпен.

болсын) үнемі өзіне: «Ол «әл-Фатиха» сүресін оқыды ма?», - деп сұрақ қоятын»<sup>291</sup>.

Кейде ол бірінші ракағатта «әл-Фатихадан»

соң

قُولُواْ أَمَّا بِاللّٰهِ وَمَا أَنْزَلَ إِلَيْنَا

«Және оларға айтыңдар: «Біз Аллаһқа, және бізге түсірілгенге (Құранға)... иман келтірдік» («әл-Бақара» сүресі, 136-аят) деген аяттың соңына дейін оқитын, ал екінші ракағатта

قُلْ يَا أَهْلَ الْكِتَابِ تَعَالَوْا إِلَى كَلْمَةٍ سَوَاءٍ يَبْيَنَنَا وَيَنْكُمْ

«(Мұхаммад) Айт: «Әй, Кітап иелері! Біздің арамызбен сендердің араларыңа бірдей бір сөзге келіңдер; жалғыз Аллаһқа құлшылық қылайық...» («Әли ‘Имран» сүресі, 64-аят) деген аятты соңына дейін оқитын»<sup>292</sup>.

Кейде бұл аяттың орнына ол

291 Әл-Бухари және Мұслим.

292 Мұслим, Ибн Ҳузайма және әл-Хаким.

فَلَمَّا أَحْسَنَ عِيسَى مِنْهُمْ الْكُفْرَ

**«Сонда Иса олардан күпірлік сезген кезде...»** («Әли ‘Имран» сұресі, 52-аят) деген аяттың сонына дейін оқитын<sup>293</sup>.

Кейде ол бірінші ракағатта «әл-Кәфирун» (109:6) сұресін, ал екінші ракағатта «әл-Ихлас» (112:4) сұресін оқитын<sup>294</sup>. Ол сондай-ақ: «*Бұл екі сүре нендей жақсы жүп болып табылады!*», - деп айтатын<sup>295</sup>. Бірде ол бір кісінің бірінші ракағатта «әл-Кәфирун» (109:6) сұресін оқығанын естіп, былай деп айтқан:

«هَذَا عَبْدٌ آمَنَ بِرَبِّهِ».

**«Бұл – Раббысына иман келтірген (Аллаһтың) құлы».** Кейін бұл адам екінші ракағатта «әл-Ихлас» (112:4) сұресін оқыды, ал ол:

«هَذَا عَبْدٌ عَرَفَ رَبَّهُ»

293 Мұслим және Абу Дәуд.

294 Сол жерде.

295 Ибн Мәжәх және Ибн Хузайма.

## «Бұл – Раббысын таныған (Аллаһтың) құлы», - деді<sup>296</sup>.

### 2. Бесін намазы («әз-зүхр»)

«Бесін намазының алғашқы екі ракағатында ол ﷺ әдетте «әл-Фатиха» сүресін және әр ракағатта тағы бір сүреден қосып оқитын: бірінші ракағатта ұзындауын және екінші ракағатта қысқалауын»<sup>297</sup>.

Кейде ол бұл намазды ұзаққа созатыны соншалықты – «бесін намазы басталған соң адам (Мәдинадағы) әл-Бәқи’ қабіріне жақын орналасқан тақырға шығып, сол жерде қажетін өтеп, [өзінің (үйіне) қайтып келіп], дәрет алып, ал содан соң (мешітке) қайта оралып, Аллаһтың Елшісі ﷺ әлі бірінші ракағатты орындаپ тұрганын көріп үлгере алатын, ол соншалықты ұзақ болатын»<sup>298</sup>. Сондай-ақ «олар

<sup>296</sup> Әт-Тахауи, Ибн Хиббан өзінің «әс-Сахиҳ» кітабында. Iрі хадистанушы ғалым Ибн Ҳәжар өзінің «әл-Әхадис әл-‘Алият» (№ 16) кітабында бұл хадисті жақсы деген.

<sup>297</sup> Әл-Бухари және Муслим.

<sup>298</sup> Муслим және әл-Бухари «Жуз әл-Қираға Да».

(яғни сахабалар): «Ол адамдар бірінші ракағатқа үлгеруі үшін, әдейі осылай істейді», - деп ойлайтын»<sup>299</sup>.

«Осы екі ракағаттың әрқайсысында ол отыз аятқа жуық оқитын, мысалы, («әл-Фатиханы» оқып болған соң) «әс-Сажда» (32:30) сүресін оқитын»<sup>300</sup>.

Кейде «ол (мына сөздермен басталатын сүрелерді) оқитын:

و السماء والطارق

«Аспанмен және тұнгі жолаушымен ант...» («Тарик», 86:17),

و السماء ذات البروج

«Жұлдызды аспанмен ант...» («әл-Буруж», 85:22),

والليل إذا يغشى

---

299 Абү Дәуд бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді, сондай-ақ Ибн Хузайма да (1/165/1).

300 Ахмад және Мұслим.

«Қараңғылығы басқан сәтте, түнмен ант...» («әл-Ләйл», 92:21), сондай-ақ басқа да осыларға ұқсас сүрелерді оқитын»<sup>301</sup>.

Кейде «ол

*إِذَا السَّمَاءُ انشَقَتْ*

«Аспан жарылған сәтте...» («әл-Иншиқақ», 84:25) деген (сөздермен басталатын) сүрені және сол сияқты сүрелерді оқитын»<sup>302</sup>.

«Адамдар оның (Құран) оқып тұрғанын сақалының қозғалысынан білетін»<sup>303</sup>.

Бесін намазының соңғы екі ракағатында «әл-Фатихадан» кейін Құран оқу

*«قِرَاءَتُهُ اللَّهُ آيَاتٍ بَعْدَ الْفَاتِحَةِ فِي الْأَخِيرَتِينِ»*

«Оның (парыз) бесін намазының соңғы екі ракағаты алғашқы екі ракағатынан екі есе қысқа болатын, (ол

301 Абу Дәуд, әт-Тирмизи және Ибн Хузайма (1/67/2). әт-Тирмизи және Ибн Хузайма бұл хадисті сенімді деген.

302 Ибн Хузайма өзінін «Әс-Сахих» (1/67/2) кітабында.

303 Әл-Бухари және Абу Дәуд.

оларда) он бес аятқа дейін (оқып шығатын)<sup>304</sup>, ал кейде ол оларда тек «әл-Фатиха» сүресін ғана оқитын<sup>305</sup>. «Кейде ол аяттарды олардың біреуі немесе екеуі (оған жақын тұрғандарға – Аудармашының ескертпесі) естілетіндей етіп оқитын»<sup>306</sup>.

## «Олар (сахабалар) оның:

<sup>304</sup> Ахмад және Мұслим. Бұл хадис соңғы екі ракағатта «әл-Фатихадан» бөлек Құраннан тағы басқа (сүрелерді) оқу - Сұннет екеніне, әрі көптеген сахабалар, солардың ішінде Абу Бақр әс-Сыддық (Аллаһ өған разы болсын), осылай істегендігіне нұсқайды. Бесін және қалған намаздарда «әл-Фатихадан» басқа да сүрелерді оқуға рұқсат етілгендігі туралы имам аш-Шәфи‘и де айтқан. Осы көзқарасты мұсылмандардың соңғы буындарынан шыққан ғалымдар да бөлісті. Мысалы, Абуль-Хасанат әл-Лукнауи бұл көзқарасты өзінің «Тә’лик әл-Мұмажид ‘алә «Мууатта»» Мұхаммад» («Имам Мұхаммадтың «әл-Мууатта» еңбепіне маңызды ескертпелер»<sup>(102-бет)</sup> кітабында былай деп жазады: «Біздің жақтастарымыздың кейбіреулері «Намаз орындаушы соңғы екі ракағатта қандай да бір сүрені оқыған жағдайда аваисызда қателескендер үшін жасалатын қосымша сәжде (сажда әс-сәху) жасауы міндетті (үәжіп) болады» деген өте оғаш пікірді ұстанады. Алайда «әл-Манийах» еңбегінің Ибраһим әл-Хәләби, Ибн Амир Ҳажж сынды және басқа да тәспіршілері мұндаи пікірді едәуір сенімді түрде теріске шыгарған. Мұндаи (қате) пікірді жақтап пікір білдіргендер жогарыда келтірілген хадис туралы білмегендерінде ешбір күмән жоқ, ал олар ол туралы білгенде, онда мұндаи пікірді айтпас еді».

<sup>305</sup> Әл-Бұхари және Мұслим.

<sup>306</sup> Ибн Ҳузайма «әс-Сахихта» (1/67/2), әд-Дийа’ әл-Мәқдиси «әл-Мұхтара да» бұл хадисті жеткізушилердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

سبح اسم ربک الاعلى

«Ұлы Раббыңың Есімін дәріпте...» («әл-Әғла», 87:19) және

هل أتاك حديث الغاشية

«(Мұхаммад әлемді) қаптайтын (Қияметтің) хабары саған келді ме?...» («әл-Ғашия», 88:26), - деп қырағатпен оқитынын еститін»<sup>307</sup>.

Кейде «ол

والسماء والطارق

«Аспанмен және тұнгі жолаушымен ант...» («Тарик», 86:17) және

والسماء ذات البروج

«Жұлдызды аспанмен ант...» («әл-Буруж», 85:22) деген және басқа да сол сияқты сүрелерді оқитын»<sup>308</sup>.

Кейде «ол

<sup>307</sup> Әл-Бухари «Жуз әл-Кира'а да» және әт-Тирмизи; ол бұл хадисті сенімді деді.

<sup>308</sup> Мұслим және әт-Тайалиси.

وَاللَّيلُ إِذَا يُغْشَى

«Қараңғылығы басқан сәтте, түнмен ант...» («әл-Ләйл», 92:21) (деген сүрені), сондай-ақ басқа да оларға ұқсас сүрелерді оқитын»<sup>309</sup>.

### 3. Екінгі намазы («әл-'аср»)

صَلَاةُ الْعَصْرِ

«Екінгі намазының алғашқы екі ракағатында ол ﷺ әдетте «әл-Фатиха» сүресін және әрбір ракағатта тағы бір сүреден оқитын: бірінші ракағатта ұзындауын және екінші ракағатта қысқалауын»<sup>310</sup>, және «олар (яғни сахабалар): «Ол адамдар бірінші ракағатқа үлгеруі үшін, әдейі осылай істейді», - деп ойлайтын»<sup>311</sup>.

«Ол ﷺ алғашқы екі ракағаттың әрқайсысында әдетте он бес аятқа жуық

<sup>309</sup> Әл-Бухари және Муслим.

<sup>310</sup> Әл-Бухари және Муслим.

<sup>311</sup> Абу Дауд бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді, сондай-ақ Ибн Хузайма

да:

оқитын, бұл бесін намазының алғашқы екі ракағаттарында оқитынынан екі есе қысқа болатын, ал (екінші намазының) соңғы екі ракағатының ұзақтығы әдетте (екінші намазының) алғашқы екі ракағаттарынан екі есе қысқа болатын»<sup>312</sup>.

«Ол соңғы екі ракағатта «әл-Фатиха» сүресін оқитын»<sup>313</sup>. «Кейде ол аяттарды олардың біреуі немесе екеуді (оған жақын тұрғандарға) естілетіндей етіп оқитын»<sup>314</sup>.

Екінші намазын орындау кезінде ол жоғарыдағы «Бесін намазы» бөлімінде аталған сүрелерді оқитын.

#### 4. Ақшам намазы («әл-мәғриб»)

«صلوة المغربِ»

<sup>312</sup> Ахмад және Муслим.

<sup>313</sup> Әл-Бухари және Муслим.

<sup>314</sup> Сол жерде.

«Ол ﷺ (кейде) мұфәссәлдің қысқа сүрелерін оқитын»<sup>315</sup>, әрі «олар (сахабалар) онымен бірге ақшам намазын аяқтаған кезде, олардың кез келгені (мешіттен) шығып (садағынан атылған) жебенің түскен жерін көре алатындаи еді»<sup>316</sup>. Бірде, «сапарда болғанда, ол екінші ракағатта

وَالْتَّيْنِ وَالْزَيْتُونِ

«Інжірмен және зәйтүнмен ант...» («Тин» сүресі, 95:8) сөздерімен басталатын сүрені оқыды»<sup>317</sup>.

Алайда кейде ол мұфәссәлдің ұзақ және қысқа сүрелерді оқитын. Мысалы, «кейде ол

الَّذِينَ كَفَرُوا وَصَدَوَا عَنْ سَبِيلِ اللَّهِ

«Сондай иман келтірмей, (адамдарды)  
Аллаһтың жолынан тосқандардың...»  
(«Мұхаммад» сүресі, 47:48) (сөздерімен  
басталатын сүрені)<sup>318</sup>; немесе «Тур» (52:49)

315 Әл-Бухари және Муслим.

316 Ән-Наса' и және Ахмад бұл хадисті жеткізушилердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

317 Әт-Тайалиси және Ахмад бұл хадисті жеткізушилердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

318 Ибн Хузайма (1/166/2), әт-Табарани және әл-Мәқдиси бұл хадисті жеткізушилердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

сүресін<sup>319</sup>; немесе өзінің ең соңғы намазында оқыған «Мұрсаләт» (77:50) сүресін оқитын»<sup>320</sup>.

Кейде «ол екі ұзақ сүренің<sup>321</sup> ұзындауын («әл-Әтраф» сүресі, 7:206) [екі ракағатта] оқитын»<sup>322</sup>. Немесе ол екі ракағатта «әл-Әнфәл» (8:75) сүресін оқитын»<sup>323</sup>.

**Ақшам парыз намазынан кейін оқылатын қосымша (сұннет) намазын орындау кезінде Құран**

**оку**

«القراءة في سنة المغرب»

Бұл намазда «ол

قل يا أيها الكافرون

319 Әл-Бұхари және Мұслим.

320 Сол жерде.

321 Бұл екі суре «әт-тұлайайн» деп аталады: мұсылман діндарғалымдарының бірауызды пікірі бойынша, олардың біріншісі – «әл-Әтраф» (№ 7), ал екіншісі, бұл туралы айттылған ең сенімді пікірге сәйкес, – «әл-Әнғам» (№ 6) сүресі бұған «Фәтх әл-Бәриде» нұсқасынан.

322 Әл-Бұхари, Абу Дауд, Ибн Хузайма (1/68/1), Ахмад, әс-Сираж және әл-Мұхлис.

323 Әт-Табарани «Му'жам әл-Кәбирде» бұл хадисті сенімді иснад арқылы келтіреді.

**«Айт: «Әй, кәпірлер!...» («әл-Кәфирун» сүресі, 109:6) және**

قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ

**«Айт: «Ол, Аллаһ, Жалғыз...» («әл-Ихлас» сүресі, 112:4) (сөздерінен басталатын сүрелерді) оқитын»<sup>324</sup>.**

### 5. Құптан намазы («әл-'иша»)

«صَلَاةُ الْعِشَاءِ»

Алқашқы екі ракағатта ол ﷺ мұфассалдің орташа сүрелерін оқитын<sup>325</sup>. Мысалы, «ол

وَالشَّمْسُ وَضَحاها

**«Күнмен және оны жарқырауымен ант...» («Шәмс» сүресі, 91:15) (сөздерімен басталатын сүрені) және оған ұқсас сүрелерді оқитын»<sup>326</sup>.**

Немесе «ол

324 Ахмад, әл-Мәқдиси, ән-Нәса'и, Ибн Нәср және әт-Табарани.

325 Ән-Нәса'и және Ахмад бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

326 Ахмад және әт-Тирмизи, соңысы бұл хадисті жақсы деген.

إذا السماء انشقت

«Аспан жарылған сәтте...» («әл-Иншиқақ» сүресі, 84:25) (сөздерінен басталатын сүрені) оқитын және оны оқу кезінде сәжде жасайтын<sup>327</sup>»<sup>328</sup>.

Сондай-ақ «бірде ол сапарда болған кезінде

وَ التِّينَ وَ الْرِّيْتَوْنَ

«Інжірмен және зәйтұнмен ант...» («Тин» сүресі, 95:8) (сөздерімен басталатын сүрені) [бірінші ракағатта] оқыды»<sup>329</sup>.

Ол ﷺ осы намазда (Құран) оқуды ұзақ созуға тыйым салды, және бұл «Му'аз ибн Жәбал (өз тайпасының) адамдарымен намазды өткізіп, ері оны тым созып жіберген кезде орын алады. Сонда ансарлардан болған бір кісі кетіп қалады да, намазды (жалғыз) өзі орындайды. (Намаз аяқталған) соң Му'азға орын алған жағдай

<sup>327</sup> Бұл жерде сүренің сәжде жасау бұйырылатын 21-аяты оқылған соң сәжде жасау туралы айтылып тұр (Аудармашының ескертпесі).

<sup>328</sup> Әл-Бұхари, Мұслим және ән-Нәса'и.

<sup>329</sup> Әл-Бұхари, Мұслим және ән-Нәса'и.

туралы хабарланғанда, ол: «Ақиқатында, ол нағыз екіжүзді!», - дейді. Мұны естіген әлгі кісі Аллаһтың Елшісіне ﷺ барып, оған Му'аздың айтқанын жеткізеді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ оған (Му'азға): «Сен бұлікші болғың келеді ме, я, Му'аз?! Адамдарға имам болсан,

وَالشَّمْسُ وَضَحَاهَا

**«Күнмен және оны жарқырауымен ант...»**

(«Шәмс» сүресі, 91:15) немесе

سَبْحَ اسْمَ رَبِّكَ

**«Ұлы Раббыңның Есімін дәріпте!..»** («әл-

Әғла» сүресі, 87:19) немесе

اَقْرَأْ بَاسْمَ رَبِّكَ

**«Оқы, Раббыңның атымен оқы...»** («әл-

Аләқ» сүресі, 96:19), немесе

وَاللَّيلُ إِذَا يَغْشَى

**«Қараңғылығы басқан сәтте, түнмен ант...»** («әл-Ләйл» сүресі, 92:21) (сүрелерін) оқы [өйткені сенің артында көрілер де, әлсіздер де,

(бір нәрсеге) мұқтаж болғандар да ұйып намаз оқиды ғой]», - дейді<sup>330</sup>.

## 6. Қосымша тұнгі намаз (саләтул-ләйл, таһажжуд)

«صلوة الليل»

Қосымша тұнгі намаз туралы айтар болсақ, оны орындау кезінде ол ﷺ Кұранды кейде дауыстап, ал кейде іштей оқитын<sup>331</sup>. Ол ﷺ кейде қысқа, ал кейде ұзын сүрелерді оқитын, кейде оның (намазы) ұзақ болатыны соншылықты - тіпті Абдуллаһ ибн Мәс'уд (оған Аллаһ разы болсын) бірде былай деп айтқан екен: «(Бірде) мен Пайгамбармен ﷺ бірге тұнгі намазды орындағанымда, ол ұзақ тұрганы соншалықты – мен тіпті бір жаман нәрсе істегім келіп кетті. Менен (адамдар): «Ол не?», - деп сұрады. Мен:

330 әл-Бухари, Муслим және ән-Нәса’и. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа’» (295) кітабында көлтірлген.

331 Ән-Нәса’и бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

«Мен Пайғамбарды ﷺ (жалғыз) тұрға қалдырып, отырғым келді», - дедім<sup>332</sup>.

Хузайфа ибн әл-Йаман былай деп айтқан: «Бірде түнде мен Пайғамбармен ﷺ бірге намазда тұрдым. Ол «әл-Бақара» (2:286) сүресін оқи бастаган кезде, мен: «Ол жұз (аяттан) кейін рукуғ жасайды», - деп ойладым. Алайда ол (оқуын) жалгастыра берді. Сонда мен: «Ол оны еki ракагатта толығымен оқып бітеді», - деп ойладым, ал ол (оқуын) жалгастыра берді және мен өзіме: «Ол оны аяқтап болған соң рукуғ жасайды», - деп айттым. Алайда кейін ол «Ниса» (4:176) сүресін оқи бастады да, оны (толық) оқып бітті, ал содан соң «Әли Имран» (3:200) сүресін<sup>333</sup> оқуға кірісті де, оны да (әрбір) әрібін нақты айтып (толық) оқып бітті, әрі Аллаһты дәріппеу бүйірлігін аяқта келген әрбір тұста ол «Аллаh нәк!» (Субханә Аллаhу!) деген сөздерді айтатын,

<sup>332</sup> Әл-Бухари және Мұслим.

<sup>333</sup> Хадисте осылайша нұскалған: «Ниса» (№ 4) сүресі «Әли Имран» (№ 3) сүресінен бұрын келеді. Бұл (Құран) оқу барысында сүрелердің Осман ибн Аффанның нұқсасында келтірілген тәртібін орындауда болады дегенде нұскайды. Осы хадис мұның көрнекі мысалы болып табылады.

Аллаһқа дұға ету (бұйырылған аятқа) келген кезде, оған осындаидар дұғамен жалбарынатын, ал (Аллаһтан) пана тілеу бұйырылған (аятқа келген кезде), (Одан) пана сұрайтын. Кейін ол рукугқа иілді...», - осылай хадистің сонына дейін<sup>334</sup>.

Сондай-ақ «бірде тұнде, ол ауырып түрғанда, Жеті Ұзын сүрені оқыды»<sup>335</sup>.

«(Кейде) ол әрбір ракағатта осы (Жеті Ұзын) сүрелердің біреуін оқитын»<sup>336</sup>.

«Ол бір тұнде Құранды түгел оқып шыққан жағдай [ешқашан] болмаған»<sup>337</sup>. Керісінше, ол Абдуллах ибн ‘Амрға (Аллаһ оған разы болсын):

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو قَالَ لِرَسُولِ اللَّهِ - ﷺ : أَفْرِ إِلْفُرْقَانَ فِي كُلِّ شَهْرٍ . قُلْتُ : إِنِّي أَجِدُ فُوَّةً . قَالَ : فَاقْرَأْهُ فِي عِشْرِينَ لَيْلَةً . قُلْتُ : إِنِّي أَجِدُ فُوَّةً .

<sup>334</sup> Мұслим және ән-Нәса’и.

<sup>335</sup> Абу Йа'лә және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби көлікден.

Ибн әл-Асир: «Жеті Ұзын сүрелер» - бұл «әл-Бакара» (№ 2), «Әли Имран» (№ 3), «Ниса» (№ 4), «әл-Мәйда» (№ 5), «әл-Әнғам» (№ 6), «әл-Әтраф» (№ 7) және «Тәүба» (№ 9), - деп нұсқаған.

<sup>336</sup> Абу Дауд және ән-Нәса’и бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

<sup>337</sup> Мұслим және Абу Дауд.

قَالَ: «فَاقْرَأْهُ فِي خَمْسَ عَشْرَةً». قُلْتُ: إِنِّي أَجِدُ قُوَّةً. قَالَ: «فَاقْرَأْهُ فِي عَشْرَةٍ». قُلْتُ: إِنِّي أَجِدُ قُوَّةً. قَالَ: «فَاقْرَأْهُ فِي سَبْعٍ وَلَا تَزِدْ عَلَى ذَلِكَ».

«Құранды (толығымен) бір айда оқып шық!», - деп айтып, олай істеуге наразылық білдірген. Абдуллаһ ибн ‘Амр былай деп баяндайтын: «Мен: «Мен бұдан да көбірек (жасай аламын)», - деп айттым. (Ал) ол: «Ендешие (Құранды толығымен) жиырма түнде оқып шық», - деп бүйірды. Мен: «Мен бұдан да көбірек жасай аламын», - дедім. (Ал) ол: «Ендешие (Құранды толығымен кем дегенде жеті күнде оқып бітір де, (бұл мерзімді) азайтпа)!», - деді»<sup>338</sup>.

Кейін «ол оған бес түнде (Құранды толығымен) оқып бітіруді рұқсат етті»<sup>339</sup>.

Кейін «ол оған үш түнде (Құранды толығымен) оқып бітіруді рұқсат етті»<sup>340</sup>.

338 Әл-Бұхари және Мұслим.

339 Ән-Нәса'и және әт-Тирмизи, соңғысы бұл хадисті сенімді деген.

340 Әл-Бұхари және Ахмад.

Ақыры, ол оған осыдан қысқа мерзімде (Құранды толығымен) оқып бітіруге тыйым салды<sup>341</sup>, әрі мұны:

«مَنْ قَرَأَ الْقُرْآنَ فِي أَقْلَ مِنْ ثَلَاثٍ لَمْ يَفْقَهْهُ».

«Кім Құранды үш күннен аз мерзімде оқып бітірсе, ол оны түсінбейді», - деп түсіндірді<sup>342</sup>. Ал бұл хадистің басқа нұсқасында: «Құранды үш күннен аз уақытта оқып шығатын адам, оны түсінбейді»<sup>343</sup>, - деп хабарланады. Сондай-ақ ол оған былай деп айтқан:

«فَإِنَّ لِكُلِّ عَابِدٍ شَرَّةً وَلِكُلِّ شَرَّةً فَتَرَةً فَإِمَّا إِلَى سُنْنَةٍ؛ وَإِمَّا إِلَى بُدْعَةٍ، فَمَنْ كَانَتْ فَتْرَتُهُ إِلَى سُنْنَةٍ فَقَدْ اهْتَدَى، وَمَنْ كَانَتْ فَتْرَتُهُ إِلَى غَيْرِ ذَلِكَ فَقَدْ هَلَكَ».

«Әрбір мұмін адам шарықтау (ширра<sup>344</sup>) (кезеңін) бастан өткізеді, ал әрбір шарықтау

341 Әд-Дәрими және Са'ид ибн Мансур өзінің «әс-Сунан» кітабында бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

342 Ахмад бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

343 Әд-Дәрими және әт-Тирмизи, бұған қоса соңғысы бұл хадисті сенімді деген.

344 Арабтың «ширра» деген сөзі «рухтану» энтузиазм, жігерлену қызу белсенділік, қуаттылық» дегенді білдіреді. Жастықтың ширрасы оның бастапқы кезі және онымен бірге жүретін жігерлілік пен қызыбалық болып табылады. Имам әт-Тахауи былай деп айтады: «Бұл жерде (осы хадисте) Раббыларына жақындана тусетін амалдарды жасайтын

(кезеңінен) соң (осы кездे) адамды не Сұннетке тартатын, не қандайда да бір діни жаңалыққа (бидгатқа) иілтетін басылу (фатра<sup>345</sup>) кезеңі басталады. Кімді осы басылу Сұннетке алып келсе, сол шынайы басшылыққа ие болды, ал кімді бұл басылу басқа бір нәрсеге алып келсе, сол құрылды»<sup>346</sup>.

---

мұсылмандардың жігерлілігі (энтузиазм) айтылып түр. Алайда (белгілі бір уақыт еткен соң) олар бұл амалдарды лайықты деңгейде орындауды қояды немесе мұлдде олардан бас тартады, сондықтан да олардың амалдарынан Аллаhtың Елшісінің алдында ең сүйіктілері ұдайы орындалатындары болатын. Ол осы себепті оларға өздерінің Аса Құдыретті және Ұлы Раббысымен жолыққанға дейін тұрақты орындаі алатын ігі амалдарды орындауды бүйіраратын. Одан жеткізілетін мына хадис те дәл осыған нұсқайды: «*Allah берінен де едәуір тұрақты түрде орындалатын істерді жақсы көреді, мейлі олар көп болмаса да*». Мен (шейх әл-Әлбани – Аудармашының ескертпесі.) былай деймін: "Одан жеткізілетін" деген сөздермен басталатын бұл хадис сенімді болып табылады. оны 'Аиша (оган Аллаh разы болсын) жеткізген, және оны имам әл-Бухари және имам Мұслим көлтірген".

345 Арабтың «фатра» сөзі «үзіліс, аралық, пауза» детенді білдіреді: аталған жағдайда онымен белсенділіктің (энтузиазмың) бәсендеу кезеңі мензелуде.

346 Ахмад және Ибн Хибан «әс-Сахих» кітабында.

Дәл сондықтан да «ол Құранды толығымен үш күннен аз уақытта оқып бітірмейтін»<sup>347</sup>.

Ол сондай-ақ былай деп айтатын:

«مَنْ صَلَّى فِي لَيْلَةٍ بِمَا تَهِيَّأَ لَهُ لَمْ يُكْتَبْ مِنَ الْغَافِلِينَ، وَمَنْ صَلَّى فِي لَيْلَةٍ بِمَا تَهِيَّأَ لَهُ فَإِنَّهُ يُكْتَبْ مِنَ الْقَانِتِينَ الْمُحْلِصِينَ».

«Кім тұнгі намазында жұз аят оқыса, сол (өз намазына) немкүрайлы болмагандардың біреуі ретінде жазылады. Әрі кім тұнгі намазында екі жұз аят оқыса, ықыласпен құлишилық ететін (Аллаһтың құлы) ретінде жазылады»<sup>348</sup>. Сондай-ақ «ол әдетте тұн сайын «Бану Исраил»<sup>349</sup> (17:111) және «Зумәр» (39:75) сүрелерін оқитын<sup>350</sup>.

Кейде «әрбір ракағатта ол елуге жуық және одан да көбірек аят оқитын»<sup>351</sup>, немесе ол ««әл-

347 Ибн Са'ад (1/376) және Абу эш-Шейх «Эхлақ ан-Наби әде» (281).

348 Әд-Дәрими және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен аз-Зәһаби келіскең.

349 Бұл сүренің басқа бір аты - «Исра» (Аудармашының ескерткесі).

350 Әд-Дәрими және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен аз-Зәһаби келіскең.

351 Әл-Бухари және Абу Дәуд.

Мұззаммил» (73:20) сүресінде қанша аят болса,  
сонша аят оқитын»<sup>352</sup>.

«Ол ﷺ әдетте тұн бойы намаз оқымайтын»<sup>353</sup>,  
әрі мұндайды өте сирек жағдайда істейтін.  
Мысалы, бірде «Бадр (шайқасының)

<sup>352</sup> Ахмад және Абу Дәуд бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

<sup>353</sup> Мұслим және Абу Дәуд. Осы және басқа хадистердің негізінде тұнді түгелімен ұйықтамай (намазда) өткізу - мейлі ол үнемі немесе жиі жағдайда болсын, - құпталмайтын (мәкрух) амал екендігі, өйткені Пайғамбардың ﷺ өнегесіне сәйкес келмейтіндігі келіп шыгады. Егер тұнді түгелемін ұйықтамай (намазда) өткізу үлкен игілік болғанда, онда ол ﷺ былай іstemес еді өйткені ең жақсы Басшылық - бұл Мұхаммадтың ﷺ басшылығы: «Абу Ханифа (оны Аллаһ рақым етсін) қырық жыл бойы таң намазын құптан намазынан алдын алынған дәретті сақтай отырып оқыды», - деп баяндалатын қиссамен өз-өзінді адасушылыққа салуға болмайды. Өйткені ол туралы бұл деректің ешқандай негізі жоқ. Діндар ғалым әл-Файрузабади «Әр-Радд 'алә әл-Мұ'тири» (44/1) кітабында былай деп жазады: «Бұл хабардың өтірік екендігі соншалықты, оны имамға телуге мүмкін емес, өйткені (онда баяндалатын) нәрсенің ешқандай игілігі жоқ, ал имам сияқты адамдарға бұдан да жақсы амалдар жасау лайық еді. Құмәнсіз, тіпті «ол қырық жыл бойы тұнді түгелімен ұйықтамай (намазда) өткізді» деген сөз шындық болған жағдайда да, әр намаздың алдында дәретті жаңартып алу жақырақ және кемелдеу (амал) болып табылады. Бұл дерек Абу Ханифа және басқа (ұлы адамдар) туралы осындағы нәрселерді ойдан тоқытын кейбір өте надан фанатиктер ойлап тапқан өтірік сөздер қатарынан, ал іс жүзінде мұның барлығы өтіріктен басқа еш нәрсе емес».

қатысушысы Абдуллаһ ибн Хәббаб ибн әл-Арат Аллаһтың Елшісімен ﷺ бірге таң атқанша тұнды түгелімен ұйықтамастан өткізеді [бұл хадистің басқа нұсқасында: «тұнды түгелімен намаз орындалған өткізеді», - деп хабарланады]. Сондықтан ол намазын аяқтаған кезде Хәббаб оған: «Уа, Аллаһтың Елшісі, әкем мен шешем сен үшін өтеу болсын! Сен бүгін тұнде мен ешқашан көрмеген намазды орындаңың ғой!», - деді. Ол ﷺ:

﴿أَجْلُ إِنَّهَا صَلَاةٌ رَغْبٌ وَرَهْبٌ [وَإِنِّي] سَأَلْتُ رَبِّي عَزَّ وَجَلَّ ثَلَاثَ خَصَائِلٍ فَأَعْطَانِي اثْتَيْنِ وَمَنَعَنِي وَاحِدَةً: سَأَلْتُ رَبِّي أَنْ لَا يُهْلِكَنَا بِمَا أَهْلَكَ بِهِ الْأُمَّمَ قَبْلَنَا (وفي لفظٍ: أَنْ لَا يُهْلِكَ أَمْتَي بِسِنَّةٍ); فَأَعْطَانِيهَا، وَسَأَلْتُ رَبِّي عَزَّ وَجَلَّ أَنْ لَا يُظْهِرَ عَلَيْنَا عَذْوًا غَيْرَنَا؛ فَأَعْطَانِيهَا، وَسَأَلْتُ رَبِّي تَبَارَكَ وَتَعَالَى أَنْ لَا يُلْسِنَ شِيعَانَا فَمَنَعَنِيهَا﴾.

«Иә, бұл үміт пен қорқуға (толы) намаз еді.  
[Ақиқатында] мен өзімнің Аса Құдіретті де,  
Ұлы Раббыма Ол маган үш нәрсені (беруін)  
жалбарынып сұрадым: Ол маган оның, екеуін  
сыйлады, ал үшіншісін бермеді. Мен

Раббымнан Ол бізге дейін өмір сүрген қауымдарды опат еткеніндей бізді опат етпеуін сұрадым [бұл хадистің басқа бір нұсқасында: «...менің үмметімді ашарышылықпен опат етпеуін», - деп хабарланады], әрі Ол осыны маган сыйлады; мен Өзімнің Аса Құдіретті және Ұлы Раббымнан бізді өзімізден болмаган дұшпандардың билігі астына бермеуін сұрадым және Ол мұны маган сыйлады; және мен өзімнің Раббымнан бізді ішкі ұрыс-керістерге (алауыздықтарға) тастамауын сұрадым, бірақ Ол менің бұл (өтінішімді) қабылдамады»<sup>354</sup>.

Сондай-ақ бірде түнде (намаз орындау кезінде) ол ﷺ

إِنْ تَعْذِبُهُمْ فَإِنَّهُمْ عَبَادُكَ وَإِنْ تَغْفِرْ لَهُمْ فَإِنَّكَ أَنْتَ  
الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ

«Егер Сен оларды жазаласаң, олар – Сенің құлдарың ғой, ал егер оларды кешірсең,

<sup>354</sup> ән-Нәса'и, Ахмад және әт-Табарани (1/187/2); әт-Тирмизи бұл хадисті сенімді деген.

**ақиқатында, Сен – Аса Құдіретті, Данасың!»** («әл-Мәида» сүресі, 118-аят) деген бір аятты таңға дейін қайталап тұрды [Осы аятпен ол рукуғтар жасады, онымен ол сәжделер жасады және онымен ол Аллаһқа дұға етті], [сондықтан да таң атқан кезде, Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын) оған былай деді: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Сен таң атқанға дейін бұл аятты оқуды тоқтатпадын; сен онымен рукуғтар жасадың, сен онымен сәжделер жасадың], [және сен олар арқылы Аллаһқа дұға еттің], [ал Аллаһ сені Құранның барлығына үйретті емес пе], [егер біздің кез келгеніміз осылай істегендे, біз оған қatal болуымыз (керек пе еді)?»] [Ол ﷺ :

إِنِّي سَأَلْتُ رَبِّي عَزَّ وَجَلَّ الشَّفَاعَةَ لِأَنِّي؛ فَأَعْطَانِيهَا، وَهِيَ نَائِلَةٌ إِنْ شَاءَ

اللهُ مَنْ لَا يُشْرِكُ بِاللهِ شَيْئًا.

**«Ақиқатында, мен өзімнің Аса Құдіретті және Ұлы Раббыма өз үмметім үшін шапағат тілеп жалбарындым: Ол маган мұны сыйлады және ол, Аллаh қаласа, Аллаhқа серік**

қоспайтын кез келген адамға мүмкін болады»]»<sup>355</sup>.

Бір кісі оған: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Менің көршім бар, ол тұнде (намазға) тұрып,

قل هو الله أحد

«Айт: «Ол, Аллаһ, Жалғыз...» («әл-Ихлас» сүресі, 112:4) деген (сөздермен басталатын) сүреден өзге еш нәрсе оқымайды, әрі [оны қайталап], [оған ешнәрсені қоспайды да]», - деп, мұны баяндаған кезінде бұл сүрені кемсінгендей болды. (Оны тыңдал болған соң,)

Аллаһтың Елшісі ﷺ:

«وَالَّذِي نَفْسِي بِيَدِهِ إِنَّهَا لَتَعْدِلُ ثُلُثَ الْقُرْآنِ»

<sup>355</sup> Ән-Нәса’и, Ибн Хузайма (1/70/1), Ахмад, Ибн Нәср және әл-Хаким, соғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби келіскең.

«Жаным қолында болғанмен ант етемін, ақиқатында, ол (бұл сүре) Құранның үштен біріне<sup>356</sup> тен», - деп айтты<sup>357</sup>.

### 7. Үтір («әл-уитр») намазы<sup>358</sup>

«صلاتُ الْوَثْرِ»

«Ол  бірінші ракағатта

سبح اسم ربک الأعلى

«Ұлы Раббыңың есімін дәріпте...» («әл-Әғла» сүресі, 87:19),  
екінші ракағатта

356 Шейх Абл әр-Рахман Ибн Насир әс-Са'ди өзінің «Ізгілер жүргінің қуанышы» атты кітабында былай деп жазғаныңдай: «Фалымдар бұл сөздердің астарында «тендік» дегенде не мензеліп тұрғандығы жайлы көп айтатын. Ең жақсы деп «бұл суре өзіне бірқұдайшылық пен дін негіздеріне қатысты ұстанымдарды қамтитындығы тұрғысынан Құранның үштен біріне тен» деген пікірді санау қажет» (Аудармашының ескертпесі).

357 Ахмад және әл-Бухари.

358 Тақ ракағатан тұратын қосымша тұнгі намаз. «Үтір» («уитр») деген сөздің өзі араб тілінен аударғанда “так” дегенді білдіреді (Аудармашының ескертпесі).

قُلْ يَا أَيُّهَا الْكَافِرُونَ

**«Айт: «Әй, кәпірлер!..» ( «әл-Кәфирун» сүресін, 109:6) және үшінші ракағатта**

قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ

**«Айт: «Ол, Аллаh, Жалғыз...» («әл-Ихлас» сүресін, 112:4) (сөздерінен басталатын) сүрелерді оқитын»<sup>359</sup>. Кейде соңғы ракағатта ол қосымша**

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ

**«Айт: «Таңның Раббысынан пана іздеймін...» («әл-Фәләқ» сүресі, 113:5) және**

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ

**«Айт: «Адамдардың Раббысынан пана іздеймін...» («Нәс» сүресі, 114:6) (сөздерінен басталатын сүрелерді) оқитын»<sup>360</sup>.**

359 Ән-Нәса' и және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген.

360 Әт-Тирмизи, Абу әл-Аббас әл-Әсамм өзінің «әл-Хадис» (т. 2, № 117) және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәhabи де келіскең.

Бірде «ол үшінші ракағатта «Ниса»  
сұресінен (4:176) жүз аят оқыды»<sup>361</sup>.

Ал үтірден кейінгі екі ракағат туралы айтар  
болсақ<sup>362</sup>, ол әдетте оларда

إذا زلزلت الأرض

**«Жер сілкініп қозғалған кезде....»**  
(«Зилзелә» сұресі, 99:8) және

361 Ән-Нәса'и және Ахмад бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

362 Пайғамбар ﷺ осы екі ракағатты орындағандығы туралы қуәлік Мұслимнің «Сахихында» және басқа хадис жинақтарында бар. Алайда бұл оның мына айтқан сөздеріне қайшы келеді: *«Тұнгі намаздарыңың соңғысын тақ (ұтір) етіңдер!»* (әл-Бухари және Мұслим). Діндар ғалымдардың бұл екі хадисті үйлестіруге қатысты пікірлері әрқиыл болды, бірақ олардың екеуде маган сенімді болып көрінбекендіктен, (мен) сақтық шараларынан шыға келе, Пайғамбардың ﷺ (так ракағаттар туралы) бүйірігін басшылыққа алып, бұл ракағаттарды орындау керек (деп есептегенмін). Аллаһқа бұл жақсырақ мәлім! Ал белгілі уақыт өткен соң маган үтірден кейін екі ракағат орындау бүйірілған (саих) хадис кездесті сөйтіп Пайғамбардың ﷺ бүйірігі оның амалымен қайшы болмады, әрі бұл екі ракағат әрбір (мұсылман) тарапынан орындалуы үшін жарамды болды. Сейтіп, бірінші бүйірік тек мұстахаб (сауапты) сипатына ие, әрі ол (үтірден кейін) екі ракағат (намаздың) орындалуын жоққа шығармайды. Аталған хадистердің соңғысы «Силсиләт әл-Әхадис әс-Сахиха» (№ 1993) кітабында көлтіріледі. Толығырақ Қосымша № 5 қарашызы.

قُلْ يَا أَيُّهَا الْكَافِرُونَ

«Айт: «Әй, қәпірлер!...» («әл-Кәфирун» сүресі, 109:6) (сөздерімен басталатын сүрелерді) оқитын<sup>363</sup>.

## 8. Жұма намазы

«صَلَاةُ الْجُمُعَةِ»

Кейде ол ﷺ бірінші ракағатта «әл-Жұма» (62:11) сүресін және

إِذَا جَاءَكُمْ نَافِقُونَ

«Саған екіжүзділер келген кезде...» («әл-Мунафиқун» сүресі, 63:11) (сөздерінен басталатын сүрені) оқитын<sup>364</sup>, кейде оның орнына

هُلُّ أَتَكُ حَدِيثُ الْغَاشِيَةِ

<sup>363</sup> Ахмад, Ибн Наср және әт-Тахауи (1/202), сондай-ақ Ибн Хузайма және Ибн Хибан бұл хадисті жеткізушилер **ДІН** жақсы (хасан) сенімді (сахих) тізбегі арқылы көлтіреді.

<sup>364</sup> Мұслим және Абу Дәуд. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушилерінің тізбектері «әл-Ируа» (345) кітабында көлтіреледі.

«Қаптайтын (Қияметтің) хабары саған келді ме?...» («әл-Ғашия» сүресі, 88:26) (деген сөздермен басталатын сүрені) оқитын<sup>365</sup>. Ал кейде «ол бірінші ракағатта

سبح اسم ربك الأعلى

«Ұлы Раббыңның Есімін дәріпте...» («әл-Әғла» сүресі, 87:19) және екінші ракағатта

هل أتاك حديث الغاشية

«Қаптайтын (Қияметтің) хабары саған келді ме?...» («әл-Ғашия», 88:26) (сөздерімен басталатын сурелерді) оқитын»<sup>366</sup>.

## 9. Екі айт намазы<sup>367</sup>

«صلاتُ الْعَيْدَيْنِ»

---

365 Сол жерде.

366 Мұслим және Абу Дәуіл.

<sup>367</sup> Бұл жерде екі ислам мерекесі аталып тұр: рамазан айы аяқталған соң шаууәл айының 1-де аталатын 'Ид әл-Фітр (Ораза айт) және зул-хижжа айының 10-да аталатын 'Ид әл-Адха (Құрбан Айт) (Аудармашының ескертпесі).

«Ол ﷺ (кейде) бірінші ракағатта

سبح اسم ربك الأعلى

«Ұлы Раббыңың Есімін дәріпте...» («әл-Өфла» сүресі, 87:19) және екінші ракағатта

هل أتاك حديث الغاشية

«Қаптайтын (Қияметтің) хабары саған келді ме?...» («әл-Ғашия», 88:26) (сөздерімен басталатын сүрелерді) оқитын»<sup>368</sup>. Немесе кейде «ол оларда

ق والقرن المجيد

«Қаф. Даңқты Құранмен ант....» («Қаф» сүресі, 50:45) және

اقربت الساعة

«(Қиямет) сағаты жақындады...» («әл-Қамар» сүресі, 54:55) (сөздерімен басталатын сүрелерді) оқитын»<sup>369</sup>.

<sup>368</sup> Мұслим және Абу Дәуд.

<sup>369</sup> Сол жерде.

### 13. Жаназа намазы

«صَلَاةُ الْجَنَازَةِ»

«Сұннетке сәйкес онда «әл-Фатиха» сүресі<sup>370</sup> [және басқа да бір сүре] оқылады»<sup>371</sup>. Сондай-ақ «ол бірінші тәкбірді (айтқан) соң біраз уақыт үнсіз тұратын»<sup>372</sup>.

**Құранды барлық ережелерге сәйкес оқу  
(«тартил»<sup>373</sup>) және дауыспен оны көркемдеу**

«تَرْتِيلُ الْقِرَاءَةِ وَخَسِينُ الصَّوْتِ هَبَا

---

370 Бұл имам әш-Шәфи'и дін<sup>4</sup> Ахмадың және Исхактың айткан сөздері. Сондай-ақ осы көзқарасты мұсылмандардың соңғы буындарынан болған ханафи мазһабының кейбір өкілдері де олар осы мәселе бойынша тиісті зерттеулер өткізген соң ұстанатын болды. Ал «әл-Фатиха» сүресінен кейін қандай да бір сүре оқу туралы айтар болсак, бұл пікірді Шәфи'и мазһабының кейбір өкілдері ұстанады әрі ол дұрыс болып табылады.

371 Әл-Бухари, Абу Дауд, ән-Нәса'и және Ибн әл-Жәруд. Тууайжиридің пікірі бойынша («әл-Фатихадан» кейін тағы да бір басқа сүрені оқуға қатысты) қосымшалар үлкен мәртебеге ие басқа да хадистерге қайшы келмейді.

372 Ән-Нәса'и және әт-Тахауи бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

373 «Тартил» — Құранды (барлық ережелеріне сәйкес) оқу бұл оның әрбір әрібінің анық айтылуын меңзейді (Аудармашының ескертпесі).

Ол Құранды әуенмен, байсалды, оның дұрыс ырғағын бұзбай, оған Аллаһ Тағала үйреткендей, асықпай және тездептей, керісінше «әрбір әріпті анық айттып»<sup>374</sup> оқитын, тіпті «ол қандай да бір сүрені жай және байсалды мәнермен оқығанда, сол (сүре) іс жүзіндегісінен ұзындау болып көрінетін»<sup>375</sup>.

Ол былай деп айтатын:

**﴿يُقَالُ لِصَاحِبِ الْقُرْآنِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ أَقْرَأْهُ وَارْقَهُ وَرَتَّلْ كَمَا كُنْتَ تُرَتِّلُ فِي الدُّنْيَا﴾**  
**، فَإِنَّ مَنْزِلَكَ عِنْدَ آخِرِ آيَةِ تَقْرُؤُهَا﴾.**

«Құранды білгенге<sup>376</sup> (Қиямет күні): “Оқы, көтеріле бер<sup>377</sup> әрі мұны дүние өмірінде істейтініңдей сөздерді анықтап айт

<sup>374</sup> Ибн әл-Мубарак «әз-Зуһдат» (162/1 «әл-Кауакиб»), Абу Дәуд және Ахмад бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

<sup>375</sup> Мұслим және Мәлік.

<sup>376</sup> Құранды толығымен немесе оның бір бөлігін жатқа білген әрі ондағы бүйректарға сәйкес амал еткен адам туралы (Аудармашының ескертпесі).

<sup>377</sup> Жөнненнен сатыларынан көтерілу туралы айттылып тұр (Аудармашының ескертпесі).

(раттил<sup>378</sup>), әрі ақиқатында, сенің орның соңғы оқыған аятыңа сәйкес болады», - деп айттылады»<sup>379</sup>.

Ол «(созылуы мүмкін болған белгілі әріптердің) оқуын созатын, мысалы, «Бисми-Лләһи» сөзін, «әр-Рахман» сөзін, «әр-Рахим» сөзін<sup>380</sup>, сондай-ақ «нәдииид» сөзін («Қаф» сүресі, 10-аят)<sup>381</sup> және басқа да соларға үқсас сөздерді.

Ол, бұл туралы жоғарыда түсіндірілгеніндей, әдетте әрбір аятты оқып болған соң тоқтайтын<sup>382</sup>.

<sup>378</sup> «Раттил» — «ратталә» етістігінің бүйірық түрі – әуендеңтіп оку [әрбір әріпті барлық ережелерге сәйкес нақты дыбыстап шыгару] (Аудармашының ескертпесі). Қз.: 356 ескертпе.

<sup>379</sup> Абу Дәуд және әт-Тирмизи, соңғысы бұл хадисті сенімді деген. Сөйтіп ең жоғарғы сатыға Құранды толығымен жатқа білетін адам иемденеді, әрине, мұндай білгір адам іс жүзінде Құранның барлық нұсқауларына ілескен болса (Аудармашының ескертпесі).

<sup>380</sup> Эл-Бухари және Абу Дәуд.

<sup>381</sup> Эл-Бухари «Ағ'әл әл-Ибад<sub>Та</sub>» бұл хабарды жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

<sup>382</sup> «Әрбір аятты олардың арасында тоқтап-тоқтап оқу» тарауында.

Кейде «ол әдемі дірілді дауыспен (йуражжи')<sup>383</sup> (Құранның аяттарын) әуенді дыбыстап оқитын, мысалы (мұсылмандар) Меккені алған күні түйесінің үстінде отырып, ол [өте жұмсақ және нәзік (дауыспен)] «әл-Фатх» (48:29) сүресін оқыды<sup>384</sup>, ал Абдуллаһ ибн Муғаффәл бұл әдемі дауыстың «а-а-а» деген дыбысы бар еді деп жеткізген<sup>385</sup>.

<sup>383</sup> Бұл сөздің етістікten жасалған зат есімі - тәржи'. Хафиз Ибн Хәжар оны : «Бұл (Құран аяттарын) оқуда дауысты дыбыстарды көбейтуге (дуруб әл-харакат) үқсайды, ал мұның негізі дірілдетуде (тардид); дауысты тәржи' ету – бұл оны кенірдекпен дірілдету (тардид би-ль-хальк)» деп түсіндірді: әл-Манауи былай деп айткан: «Бұл Арадақты (Пайғамбар) ﷺ Меккені алған күні оның қеудесін тасып толтырған оте үлкен қуаныш пен бақыттың себебінен болуы әбден ықтимал».

<sup>384</sup> әл-Бұхари және Муслим.

<sup>385</sup> Сол жерде. Ибн Хәжар «Фәтх әл-Бәри» «а-а-а» деген бұл дыбыстауға түсіндірме жасап, былай деп жазады: «Бұл соңынан дыбыссызы алиф, ал оның соңынан басқа хамза ілесетін фатхалы хамза». Шейх Али әл-Кари тұра сол түсіндірмені (Құранның басқа білгілерінен) келтіріп, кейіннен былай деген: «Бұл – үш сөзилмалы алиф болуы әбден ықтимал».

Аудармашының ескертпесі: хамза (‘) – екі дауысты дыбыстың арасында қысқа демсіздену ретінде шығарылатын әріп. Бөлек жазылуы мүмкін, бірақ жиі жағдайда «әлиф» (‘), «уай» (‘), «йа» (‘) әріптерінің сүйеуіші ретінде қолданылады. Фатха – «ә» деген қысқа дыбысты білдіретін үстіңгі белгі (‘). «Әлиф» (‘) – созылыңқы «ә» ретінде дыбысталатын араб әліппесінің алғашқы әрібі.

Ол ﷺ:

«زَيْنُوا الْقُرْآنَ بِأَصْوَاتِكُمْ؛ [فَإِنَّ الصَّوْتَ الْحَسَنُ يَزِيدُ الْقُرْآنَ حُسْنًاً].»

«Құранды дауыстарыңмен көркемдеңдер [віткені әдемі дауыс Құранның әдемілігін арттырады]! - және: - Ақиқатында, Құран оқушылардың арасында ең жақсы дауысқа, сендер оның Құран оқығанын естігенде: «Ол Аллаһтан қорқады», - деп есептейтін адам ие»<sup>386</sup>, - деп, Құран оқығанда дауысты әдемі етуді бұйыратын»<sup>387</sup>.

386 Бұл сенімді (сахих) хадис, оны Ибн әл-Мубарак «әз-Зүһдат» (162/1 «әл-Каяхиб-тән» 575), әл-Дәрими, Ибн Нәср, әт-Табарани, Абу Ну'айм «Ахбар Исбахан да» және әд-Дийә' «әл-Мұхтара да» жеткізген.

387 Әл-Бухари «та'лиқ» түрінде Абу Дауд, әл-Дәрими, әл-Хаким, Таммам әр-Рази бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізектері арқылы көлтіреді.

Мәннәздес ескертпе: бұл хадистің бір нұсқасында оның жеткізушілерінің біреуі сөздерді шатастырып: «Дауыстарыңды Құранмен көркемдетіңдер», - деп жеткізген. Бұл қателік хадисті және оның мағынасын жеткізуде болып тұр, әрі осындай нұсқада көлтірілген хадисті сенімді деп айтатын адам қатты қателеседі, өйткені мұндай болған жағдайда бұл хадис осы тарауда қаралатын басқа сенімді түсіндірме жасайтын хадистерге қайши келер еді. Іс жүзінде осындай хабарлар «маклуб» хадистердің (хадистің ақпараттық бөлігінде немесе иснадында бір сөздің орыны ауыстырылған немесе басқасымен алмастырылған – Аудармашының ескертпесі) мысалы

Ол сондай-ақ Құранды әуенді дыбыспен  
окуды бүйірып, былай деп айтқан:

«تَعْلَمُوا كِتَابَ اللَّهِ، وَأَقْتُنُوهُ، وَتَعَااهُدُوهُ، وَتَغْنُوا بِهِ، فَوَالَّذِي نَفْسُ مُحَمَّدٍ بِيَدِهِ»

«هُوَ أَشَدُّ تَفْلِيْثًا مِنَ الْمَحَاضِرِ مِنْ الْعُقُولِ»

«Аллаһтың Кітабын зерттеп-үйреніңдер,  
оны үнемі оқындар, оны менгеріңдер (яғни  
Құранды жаттаңдар) және оны әуендетіп  
оқындар, өйткені жаным Қолында болғанмен  
ант етемін, ол түйелердің бұгауларынан  
босап кететінінен де тезірек босап  
кетеді<sup>388</sup>»<sup>389</sup>.

Ол сондай-ақ:

«لَيْسَ مِنَّا مَنْ لَمْ يَتَغَنَّ بِالْقُرْآنِ»

---

болады Қозғалған мәселе толығырақ «Силсиләт ал-Әхадис әд-Да'иға» (№ 5328)  
кітабында қаралады.

<sup>388</sup> Яғни ұмытылады (Аудармашының ескертпесі).

<sup>389</sup> Әд-Дәрими және Ахмад бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

## «Құранды әуендеңіп оқымаған бізден емес»<sup>390</sup>, - деп айтқан және:

390 Абу Дәуд және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәhabи келіскең.

**Ескертпе:** Абу Дәудтен жеткен бұл хадисті Ибн әл-Әсир өзінің «Жәми' әл-Усул» еңбегінде әл-Бухариге жатқызып, оны Абу Һурайрадан жеткен хадис деп көлтіреді. Оған ұстаз және бауыр Абд әл-Кадир әл-Арнаут пен оның көмекшілерінің бірі сүйеніп, былай деген (т. 2, 457-бет): «Әл-Әлбани өзінің «Пайғамбар ﷺ намазының сипаттамасы» кітабында (106-бет) зерттеу тақырыбынан ауытқып, бұл хадисті Абу Дәудке жатқызды». Сөйтіп олардың екеуі де егер хадис (әл-Бухари мен Мұслимнің) «әс-Сахих» жинақтарының біреуінде көлтірілетін болса, ондағалым оны соларға жатқызу керек деп нұсқады.

Мен бұған былай деймін: егер осындағы тұжырымдамаларда қандай да бір жасырын ниет жоқ деп білсек, онда менің нұсқаган нәрсем ақиқатқа сай және дұрыс. Алайда олар бұл жайттың мен тарапымнан осы, Аллаһ қаласа, иғлікті кітапты құрастыруым барысында байқаусыз қалмаганын әрі маган әл-Бухариіндің бұл хадисті Абу Һурайрадан көлтіргені де белгілі екенін білуге тиіс. Бірақ мен бұл хадисті әл-Бухариге әдейі жатқызбадым, алайда, олар, бәлкім, ойлағандай, білмегендігім немесе ынтасыздығым себепті емес. Егер іс кейбір адамдар жорамалдайтындағы осылай болғанда, онда бұл кітаптың бесінші басылымы шығып ұлгерген осы уақыт ішінде мен ынтасыздығымнан жіберген қателігіме нұскар едім, немесе бұрын білмеген нәрсемді білер едім, алайда, Аллаһқа мадақ, мұндаидай еш нәрсе болған жоқ. Ақиқатында, бұл хадистің сенімді (риуаятшы) болған жеткізушілерінің біреуі – Абу Әсим әд-Дахак ибн Мұхләд ән-Нәбіл, Абу Һурайрадан басталатын жеткізушілер тізбегінде қателесті, өйткені ол оны Ибн Журайжтан, Ибн Шихабтан, Абу Сәламадан, Абу Хурайрадан «мәрғұ» ұлгісінде (турінде) көлтірді, әрі бұл түсіндірілген. Алайда істің мәні барлық сенімді хадис баяндаушылар да осы хадисті Ибн Журайжтан жоғарыда аталған Абу Һурайрадан басталатын тізбек арқылы «мәрғұ» түрінде, бірақ басқа «Аллаһ .... тыңдайттындаи басқа еш

**нәрсені тыңдамайды»** деген нұсқамен (риуаятпен) келтіретінінде, әрі бұл хадис осы кітапта әрі қарай аталатын болады.

Иbn Журайжтан хадистің бұл нұсқасы сенімді жеткізушілердің көбірек бөлігінен жеткізіледі, ал олардың әрбірі мұнданай хадисті әз-Зухриден жеткізген.

Әрі әз-Зухриден де бұл нұсқа Яхъя ибн Аби Қәсиреден, Мұхаммад ибн Умардан, Мұхаммад ибн Ибраһим әт-Таймиден және Умар ибн Динардан жеткізіледі, әрі олардың барлығы бірге Абу Сәламадан, ал ол Абу Һурайрадан жеткізетін сенімді хадис баяндаушылар болатын.

«Осы Абу Һурайрадан келетін жалғыз иснад арқылы жеткізілетін бұл сенімді дәлелдер, - ал ол хадисті оның екінші нұсқасында жеткізген, - хадистің тек Абу Өсим жеткізетін бірінші нұсқасына қарағанда көбірек айғақтарға ие» дегенге бір ауызды келісім бар. Шындығында, ол онда қателік жасады, әрі бұл хадис ғалымдар жіктеген белгілі «шазз» санатына жатады. Осы себепті хадис білгірі (әл-хафіз) Абу Бақр ән-Нисабури: «Хадистің екінші нұсқасын жеткізетін Иbn Журайждан баяндаитын риуаятшылардың көп болуына байланысты», - деп айттып, Абу Өсимнің хадисті осы риуаятта жеткізгенде қателескеніне сенімді еді. Мен (яғни шейх әл-Әлбани – *Аудармашының ескертпесі*): «Сондай-ақ бұл хадисті әз-Зухриден келтіретін риуаятшылар санының көп болуы және оны кейін Абу Сәламадан жеткізгендердің көп болуы себепті де», - деп айтамын. Сондықтан әл-Хатыб әл Бәғдади Абу Бақр ән-Нисабуриге мен одан дәйексөз ретінде келтірген (пікірде) ілесті. Иbn әл-Асир өзінің «әл-Жәми» еңбегінде, кейін Иbn Ҳәҗар да «әл-Фатх»-та (13/429) хадистің бірінші нұсқасының кемшіліктеріне сыпайы түрде нұсқады, ал бұл кейбір (ғалымдар) тараپынан байқаусыз қалды, бірақ егер біреу-міреу мұны байқаған болса да, оның «әс-Сахих» жинағында келтірілетін хадистің бір нұсқасында қателік бар екенін мойындауға итермелейтін батылы жетпейтін шығар еді.

Мен ол туралы осы кітаптың түпнұсқасында («әл-Әсл») осыдан жиырма жыл бұрын жазып кеткен зерттеу қорытындысы, міне, осындаі. Мен оны (кітаптың) осы басылымында атап кетуді

«مَا أَذِنَ اللَّهُ لِشَيْءٍ مَا أَذِنَ لِنَبِيٍّ حَسَنَ الصَّوْتٌ [حَسَنُ التَّرْنُم] يَتَغَنَّى بِالْقُرْآنِ»

[[جَهْرٌ بِهِ]]

«Аллаh Құранды [дауыстап] әуендетіп оқитын<sup>391</sup> [, өз дауысын көркемдететін; - хадистің басқа нұсқасында: «әуендетіп оқитын», - деп айттылады] Пайғамбарды тыңдағандай етіп ешкімді тыңдамайды»<sup>392</sup>, - деп айтатын.

жөн санадым. Әрбір ынсапты адам мен «зерттеу тақырыбынан ауытқыған» болдым ба, әлде менен өзге басқа біреу (кейбір) хадис білгірлері қателік жіберген нәрседе маған қарсы пікір білдіргенде осы зерттеуді жақсылап өткізбеді ме – осыны білу үшін. Олар сонысымен мен оның (яғни шейх әл-Әрнауттың – Аудармашиның ескертпесі) қатесіне ортақ болуымды және сол (қателікте) қала беруімді қалады. Аллаh осындағы ұзақ түсіндірменің себепкери болған кісіні кешірсін, өйткені мен осы кітапта мұндайдан қашқақтауға тырысадамын және енді осы сияқты көпсөзді ой бөлісуге қайта оралуға мәжбүр болмайтын шығармын деп үміттенемін. Ал Аллаh – ең жақсы Көмекші!

<sup>391</sup> Әл-Мунзирі: «"Төғанна" сөзі "әдемі дауыспен оқу" дегенді білдіреді; Суфьян bin 'Уйяйна және басқалар бұл пікір "истагна" ((Құранның арқасында) бұл дүниенің иглілітеріне мұқтаж болмау) сөзіне қатысты деген алайда мұндай пікір кері қайтарылады», - деп айтқан.

<sup>392</sup> Әл-Бұхари, Мұслим, әт-Тахауи және Ибн Мәндаһ «әт-Таухид»(81/1).

Ол (өзінің атақты сахабаларының бірі болған) Абу Муса әл-Әш'арите (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқан:

«لَوْ رَأَيْتَنِي وَآنَا أَسْتَمْعُ قِرَاءَتَكَ الْبَارِحَةَ، لَقَدْ أُوتِيتَ مِزْمَارًا مِنْ مَزَامِيرِ آلِ

داوْدَ»

«Сен мені кеше мен сенің (Құран) оқығаныңды тыңдаған кезімде көрсөң еді<sup>393</sup>! (Ақиқатында,) саған Дәуіт әuletі сырнайларының<sup>394</sup> бір сырнайы сый етілген!» [Ал Абу Муса әл-Әш'ари: «Егер мен сіздің сол жерде болғаныңызды білгенімде, дауысымды одан да күштірек көркемдепер едім», - деген<sup>395</sup>].

<sup>393</sup> Яғни: егер сен мені сол кезде көргеніңде, бұл саған қуаныш қосар еді (Аудармашының ескертпесі).

<sup>394</sup> Діндар-ғалымдар «сырнай» дегендеге бұл жерде әдемі дауыс, ал «Дәуіттің әuletі» дегенде Дәуіт (пайгамбардың) өзі (оған Аллаhtың сәлемі болсын) туралы мензеледі деп айтады. Кімнің болсын әuletі нақты оның өзіне ғана қатысты бола алады, ал Дәуіт өте әдемі дауысқа ие болатын. Бұл туралы имам ән-Нәуауи Мұслимнің «Сахихына» жазған түсіндірмесінде нұсқаған.

<sup>395</sup> Абду-Раззак «әл-Амалиде» (2/44/1), әл-Бухари, Мұслим, Ибн Нәср және әл-Хаким.

(Қажеттілік туындаған жағдайда)  
имамның есіне (Құранның аяттарын) салу  
туралы

«الفَتْحُ عَلَى الْإِمَامِ»

Ол  егер имам (Құран ) оқығанда жаңылысса, оның есіне (Құранның аяттарын) салу қажет екендігін бекітті. Мысалы, бірде «ол намазында (Құранды) дауыстап оқып жатып, жаңылысты. (Намазды) аяқтап болған соң ол Убайидан: «Сен бізben бірге намаз орындаудың ба?», - деп сұрады. Ол: «Иә», - деп жауап берді. (Сонда) ол: «Ендеше, саған [менің есіме салуга] не кедергі болды?», - деді<sup>396</sup>.

**Намаз кезінде Аллаһқа шайтаның  
кесірінен пана сұрап жалбарыну және**

---

396 Абу Дәуд, Ибн Хиббан, әт-Табарани, Ибн ‘Асакир (2/296/2) және әд-Дийа’ «әл-Мұхтара да» бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

## оның азғыруын қайтару үшін үшін женіл- женіл (азғантай ғана) түкіру

«الْاسْتِعَادَةُ وَالتَّفْلُ فِي الصَّلَاةِ لِدَفْعِ الْوَسْوَسَةِ»

Бірде Усман ибн Абул-'Ас (оған Аллаһ разы болсын): «Уа, Аллаһтың елшісі! Ақиқатында, шайтан мені шатастырып, намаз орындаудыма және Құран оқуудыма кедергі жасайды!», - дейді. Оған Аллаһтың Елшісі ﷺ:

«ذَاكَ شَيْطَانٌ يُقَالُ لَهُ خَنْزَبٌ فَإِذَا أَنْتَ حَسِنْتُهُ فَتَعَوَّذْ بِاللَّهِ مِنْهُ وَأَنْفُلْ عَنْ يَسَارِكَ ثَلَاثًا».

«Бұл – Хинзаб есімді шайтан. Егер оны (жаныңда екенін) сезсең, онда Аллаһтан (оның кесірінен) пана сұрап, сол жағынча үш рет түкір<sup>397</sup>», - деп жауап айтады. Ол: «Мен тұра

<sup>397</sup> Арабтың «тәфл» сөзі «азғантай (мардымсыз) түкірік шығарып (женіл-женіл) түкіру дегенді білдіреді» («Ниҳайя»).

солай істедім және Аллаһ оны менен алыстатты»,  
- дәп айтқан<sup>398</sup>.

## Рұкуғ «الرُّكُوعُ»

Кейін, ол  (Құран) оқуды аяқтап болып, шамалы тұра тұратын<sup>399</sup>, содан соң, бұл «Намазды ашатын тәкбір (такбираат әл-ихрам)» тарауында түсіндірілгендей, еki қолын

---

398 Мұслим және Ахмад. Ән-Науауи (Аллаһ оны ракым етсін) былай дәп айтқан: «*Бұл хадис шайтан (намаз орындаушыларды бөтен ойлармен көңілін бұрып) азғырган тұста Аллаһтан пана сұраудың және сол жаққа түкірудің құпталатынын көрсетеді*».

399 Абу Дауд және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби келіскең, Бұл, Ибн аль-Кайим мен басқа (ислам ғалымдарының) пікірінше, оның  (Құран оқып болған соң) демін басу үшін болған.

көтеріп<sup>400</sup>, тәкбір айтатын<sup>401</sup> және рукуғ жасайтын<sup>402</sup>.

<sup>400</sup> Әл-Бухари және Мұслим. Осылайша рукуғтан тұрган кезде де екі қолды көтеру туралы Пайғамбардың өзінен ﷺ өте көптеген (мутауатир) хадистер жеткізіледі. Бұл қағида - имам Мәлік, әш-Шағи и және Ахмад сыңды үш имамның сондай-ак хадис білгірлері болған ғалымдардың (мухаддистердің) және фикһ мамандарының басым бөлігінің мазғабы. Имам Мәлік (Аллаһ оны ракым етсін) өмірінің соңына дейін осы қағиданы ұстанды, бұл туралы Ибн 'Асакир (15/78/2) айтқанындай. Ханафи мазғабының кейбір өкілдері де, бұл осы кітаптың алғысозінде түсіндірілгеніндей, соның ішінде Абу Юсуфтың шәкірті болған 'Исам ибн Йусуп Абу 'Асам әл-Бәлхи де (210 х. ж. қайтыс болды) осыны ұстанды. Абдуллаһ ибн Ахмад өзінің «әл-Мәса'ил» (60-бет) кітабында өзінің әкесінен (Ахмад ибн Хәнбалдан – Аудармашының ескертпесі) былай деп жеткізген: «Үқба ибн 'Амирден ол намаз кезінде қолдарын көтерген адам туралы: «Әрбір осындаи қозғалыс үшін ол (Аллаһтан) он илі іс жасағандай сый-саяп алады», - деп айтқаны жеткізіледі».

Мен (яғни шейх әл-Әлбани – Аудармашының ескертпесі) былай деймін: бұл сөз келесі құдси хадиспен расталады (құдси хадис – ол бізге Пайғамбар ﷺ арқылы жеткізіледі, ал бұл хадистің жеткізу тізбегінің өзі Пайғамбардан ﷺ Ұлы әрі Аса Құдіретті Аллаһқа көтеріледі. – Аудармашының ескертпесі): «...кім жақсы іс істеймін деп шешсе және оны істесе, Аллаh Өзінің құзырында оның (істегені) үшін оннан жеті жүзге дейін және одан да көбірек осындаи (жақсы) істерді жазып қояды» (әл-Бухари және Мұслим). Қз.: «Сахих әт-Тарғиб» (№ 16).

401 Әл-Бухари және Мұслим.

402 Сол жерде.

Ол сондай-ақ «намазды нашар орындаған адамға да»:

إِنَّمَا لَا تَتِيمُ صَلَاةً أَحَدٍ كُمْ حَتَّىٰ يُسْبِغَ الْوُضُوءَ كَمَا أَمْرَهُ اللَّهُ تَعَالَىٰ، ثُمَّ يُكَبِّرُ وَيَحْمَدُ اللَّهَ وَيُمَجَّدُهُ، وَيَقْرَأُ مِنَ الْقُرْآنِ مَا أَذِنَ اللَّهُ لَهُ فِيهِ، ثُمَّ يُكَبِّرُ فَيَزْكُعُ، وَيَضَعُ كَفَّيْهِ عَلَىٰ رُكْبَتَيْهِ حَتَّىٰ نَطَمِئِنَّ مَفَاصِلُهُ وَتَسْتَرِخِي..

«Ақиқатында, сендердің кез келгендеріңнің намазы ол сол үшін Аллаһ бұйыргандай етіп ең жақсы үлгімен дәрет алмайынша,...; кейін Аллаһты ұлықтамайынша; Оны мадақтан дәріптемейінше; кейін Құраннан Аллаһ оған үйреткенін және (есіне сақтауға) мүмкіндік бергенін өзіне қыындық түгызбайтындаи мөлшерде оқымайынша; кейін тәкбір айтып, буындары тырысып тұрмаганын және босансынғанын (сезетіндей) [екі қолын тізелеріне қойып,] рукуғ жасамайынша.... толық болмайды»<sup>403</sup>.

403 Абу Дәуд және ән-Нәса'и. Әл-Хаким бұл хадисті сенімді деген және әз-Зәhabи ОНЫМЕН келіскең.

## Рукуғтың сипаттамасы «صفة الرُّكُوع»

«Ол  алақандарын тізелеріне қоятын»<sup>404</sup> және «басқаларға да солай істеуді бұйыратын»<sup>405</sup>, мысалы, жоғарыда көлтірілген хадистегі «намазды нашар орындаған адамға» да осыны бұйырыды.

«Ол алақандарын тізелерінің үстіне [оларды қысып ұстап тұрғандаі] мығым тіреп қоятын»<sup>406</sup> және «саусақтарының арасын ашатын»<sup>407</sup>, әрі тұра соны «намазды нашар орындаған адамға» бұйырып:

*إِذَا رَكَعْتَ فَضَعْ رَاحِتَيْكَ عَلَى رُكْبَيْكَ، ثُمَّ فَرَجْ بَيْنَ أَصَابِعِكَ، ثُمَّ امْكُثْ حَتَّى يَأْخُذَ كُلُّ عُضُوٍ مَأْخَدُهُ.*

*«Сен рукуғ жасаганыңда алақандарыңды тізелеріңе қой, кейін саусақтарыңың арасын*

<sup>404</sup> Әл-Бухари және Абу Дәуд.

<sup>405</sup> Әл-Бухари және Мұслим.

<sup>406</sup> Әл-Бухари және Абу Дәуд.

<sup>407</sup> Әл-Хаким. Ол бұл хадисті сенімді деген және онымен Әз-Зәhabи және әт-Тайалиси келісken. Бұл хадис Абу Дәудтың «Саихында» көлтіріледі (809).

*аи, кейін денеңнің әрбір мүшесі өзінің тиісті күйіне түспейінше (осындаидан күйде) қала бер»,*

- деген<sup>408</sup>.

«Ол еркін тұратын (яғни қысылып тұрмайтын) және шынтақтарын бүйірлерінен алшақтау қоятын (яғни оларды бүйірлеріне жабыстырып ұстамайтын)»<sup>409</sup>.

«Рукуғта ол арқасын біргеліс етіп, түзу ұстайтын»<sup>410</sup>, «тіпті егер оған су құйылса, ол орнында қала берер еді (яғни ағып кетпес еді)»<sup>411</sup>. Ол сондай-ақ «намазды нашар орындаған адамға» былай деп айтқан:

﴿فَإِذَا رَكَعْتَ فَاجْعَلْ رَاحِتَيْكَ عَلَى رُكُبِّيْكَ، وَامْدُدْ ظَهَرَكَ، وَمَكَّنْ لِرُكُوْعِكَ﴾.

*«Сен рукуғ жасаған кезінде, алақандарынды тізелеріңе қой, арқаңды (бүкіл бойымен) түзе*

408 Ибн Хузайма және Ибн Хиббан өздерінің «әс-Сахих» кітаптарында.

409 Әт-Тирмизи, ол бұл хадисті сенімді деген және Ибн Хузайма да.

410 Әл-Бухари және әл-Бейхаки бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

411 Әт-Табарани «Му'жам әл-Кәбирде» және «Му'жам әс-Сагирде», Абдуллаһ ибн Ахмад «Зая'ид әл-Мұснадта» және Ибн Мәжан.

*және осы күйде мығым тұр» (сөзбе-сөз: «өз рукуғында» — Аудармашының ескертпесі)»<sup>412</sup>.*

*«Ол басын өте төмен де тұсірмейтін (яғни оның басы салбырамайтын) және оны (өте жоғары да) [яғни арқасының бойынан жоғары] көтермейтін»<sup>413</sup> — ол (осы екеуінің арасындағы) орташа күйде болатын<sup>414</sup>.*

Рукуғ жасау кезінде тыныш тұру (әр мүшенің тиісті күйіне тұсуі) міндеттілігі туралы  
**«وُجُوبُ الظَّمَانِيَّةِ فِي الرُّكُوعِ»**

Ол рукуғ жасау кезінде әр мүшесін тиісті күйіне тұсіретін және, бұл жоғарыда ескертілгендей, «намазды нашар орындаған адамға» да осылай істеуді бұйырған еді.

Ол былай деп айтатын:

412 Ахмад және Абу Дәуд бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

413 Абу Дәуд және әл-Бухари «Жуз әл-Кира’да» бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

414 Муслим және Абу Ауана.

«أَتَيْوَا الرُّكُوعَ وَالسُّجُودَ؛ فَإِنِّي أَرَاكُمْ مِنْ بَعْدِ ظَهَرِي إِذَا مَا رَكِعْتُمْ، وَإِذَا مَا

سَجَدْتُمْ».

«Өз рукугтарың, мен сәжделеріңді толық орындаңдар, өйткені, жаңым Қолында болғанмен аны етемін, ақиқатында, мен сендерді рукуғ пен сәжде жасап жатқан кездеріңде артымда көріп тұрамын<sup>415</sup>»<sup>416</sup>.

Бірде «ол рукугтарын дұрыс орында май және сәжде жасау кезінде мұрнымен шұқып намаз орынданап тұрган адамды көріп, оған былай деп айтқан:

«لَوْ مَاتَ هَذَا عَلَى حَالِهِ هَذِهِ؛ مَاتَ عَلَى غَيْرِ مِلَةٍ مُحَمَّدٍ، [يَنْقُرُ صَلَاتُهُ كَمَا يَنْقُرُ الْغُرَابُ الدَّمَ]، مَثُلُ الَّذِي لَا يَتَمُّ رُكُوعُهُ وَيَنْقُرُ فِي سُجُودِهِ مِثْلُ الْجَائِعِ الَّذِي يَأْكُلُ التَّمْرَةَ وَالتَّمْرَتَيْنِ، لَا يُعْنِيَانِ عَنْهُ شَيْئاً».

«Егер бұл адам осы күйінде өлсе, ол [қанды шұқып жатқан қарга сияқты намазда

<sup>415</sup> Бұл Пайгамбардың ﷺ тек намаз орындау кезінде ғана орын алған мұғжизаларының бірі болған шынайы көруі еді: бұлайша көру жалпы сипатта болғандығы жайлыш ешбір куәліктер жоқ.

<sup>416</sup> Әл-Бухари және Муслим.

*мұрнымен шұқып,] Мұхаммадтың дінінде (милләт) болмаган күйде өлер еді. Рукуғтарын соңына дейін (толық) орында мауши және сәждे жасау барысында мұрнымен шұқуши, бір-екі құрма жейтін, бірақ олар оған еш пайда бермейтін аш адам секілді»<sup>417</sup>.*

Абу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) былай деп айтқан: «Менің сүйікті досым (оған Аллаһтың иғілігі мен сәлемі болсын) маган намаз кезінде қораз секілді мұрынмен шұқуга, түлкі сияқты басты бұра беруге және маймыл сияқты (жүресінен) отыруга тыйым салды»<sup>418</sup>.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың иғілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай деп айтатын:

417 Абу Йа'лә «әл-Мұснадат» (340, 3491/1), әл-Әжюри «әл-Әрбә'инде», әл-Бәйінаки, әт-Табарани (1/192/1), әл-Дийә' «әл-Мұнтақа мин әл-Әхадис ас-Сахах уәл-Хисандада» (276/1), Ибн 'Асакир (2/226/2, 414/1, 8/14, 1/76/2) бұл хадисті жеткізушілердің жақсы тізбегі арқылы жеткізген және Ибн Хузайма да; соғысы бұл хадисті сенімді деген (1/82/1). Ибн Батта «әл-Ибанада» (5/43/1) күшейтетін басқа хадистің қосымшадан басқа бірінші бөлімін «мұрсәл» түрінде келтіреді.

418 Әт-Тайалиси, Ахмад және Ибн Аби Шәйба. Бұл, мұны мен Абд әл-Хаққ әл-Ишбилидің «әл-Әхкам» (1348) кітабына жазған түсіндірмемде айтқанымдай, жақсы хадис.

«أَسْوَأُ النَّاسِ سَرْقَةُ الدِّيَارِ يَسْرِقُ صَلَاتَهُ» قَالُوا: يَا رَسُولَ اللَّهِ كَيْفَ يَسْرِقُ صَلَاتَهُ؟ قَالَ: «لَا يُقْيِمُ رُكُوعَهَا وَلَا سُجُودَهَا».

«Адамдардың арасындағы ең жаман ұры өз намазынан (бір нәрсе) ұрлауши болып табылады». Одан: «Уа, Аллаһтың Елшісі! Ол қалайша өз намазынан (бір нәрселерді) ұрлайды?», - деп сүрады. Ал ол: «Ол рукугтары мен сәжделерін соңына дейін орында майды», - деп жауап берді<sup>419</sup>.

Бірде «ол намаз орындалап тұрган кезінде көзінің қырымен рукуғ пен сәждे жасаған кездерінде омыртқасы түзу етіп жазылмайтын бір адамды байқап қалды. (Намазын) аяқтап болған соң, ол:

«يَا مَعْشَرَ الْمُسْلِمِينَ! إِنَّهُ لَا صَلَاةَ لِمَنْ لَا يُقْيِمُ صُلْبَهُ فِي الرُّكُوعِ وَالسُّجُودِ».

«Уа, мұсылмандар жамағаты!  
Ақиқатында, рукуғ және сәжде жасаган кезде

<sup>419</sup> Ибн Аби Шәйба (1/89/2), ат-Табарани және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зөһаби келіскең.

*омыртқасын тұзу етіп жазбағанның намазы жарамсыз (дұрыс емес)», - деді<sup>420</sup>.*

Басқа бір хадисте ол былай деп айтқан:

«لَا تُجِزِّي صَلَاةً لَا يُقْيِمُ الرَّجُلُ فِيهَا ظَهَرَهٗ فِي الرُّكُوعِ وَالسُّجُودِ».

*«Адам рукуғ және сәждे жасау кезінде арқасын тұзу етіп жазбайынша, оның намазы үшін саяп берілмейді»<sup>421</sup>.*

**Рукуғта айтылатын Аллаһты еске алу сөздері  
(зікірлер)  
«أَذْكَارُ الرُّكُوعِ»**

Ол (рукуғта – аудармашыдан (қз.)) Аллаһты еске алу сөздерін айтатын және төменде келтірілген түрлі дұғаларды кезектестіріп, Оған жалбарынатын:

420 Ибн Аби Шәйба (1/89/1), Ибн Мәжәһ және Ахмад бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді. Қз.: «әс-Сахиҳ» (2536).

421 Абу Ауана, Абу Дауд және әс-Сахми (61). Әд-Дәрақутни бұл хадисті сенімді деген.

## 1. «سُبْحَانَ رَبِّ الْعَظِيمِ»

*Сұбхәнә Рабби-л-’Азым (3 рет)*

*«Ұлы Раббым Пәк!» (3 рет).<sup>422</sup>*

Алайда кейде ол бұл сөздерді үш реттен де көбірек айтатын<sup>423</sup>. Бірде қосымша түнгі намазда ол бұл сөздерді көп айтатқаны сонша – оның рукуғінің ұзақтығы ол «әл-Бақара», «Ниса», «Әли Имран» секілді үш сүрені оқыған қиямының ұзақтығында болды. Осы намазда ол Аллаһқа көп дұға етіп жалбарынатын және Одан кешірім сұрайтын. Бұл хадис жоғарыда «Қосымша түнгі намаз (таһажжуд)» тарауында (Хузайфа ибн әл-Йаманнан - Аудармашының ескертпесі) келтірілді.

422 Ахмад, Абу Дәуд, Ибн Мәжәх, әд-Дәракутни, әт-Тахауи, әл-Бәzzар, Ибн Хузайма (604) және әт-Табараниң бұл хадисті «Му’жам әл-Кәбир» кітабында жеті сахабадан жеткізеді. Сөйтіп, бұл хадис «Дәріптеуде тек үш ретпен шектелуге болады» деген пікірмен келіспейтіндердің (мысалы, Ибн әл-Қайимнің және басқалардың) пікірін теріске шығарады:

423 Мұндай қорытынды оның қиямда тұруы, рукуғы мен сәждесі ұзақтықтары бойынша бірдей болғандығы туралы хабарланған хадистерде айтылған, бұл туралы келесі тарауда сөз етіледі.

2. «مُسْبَحَانَ رَبِّيَ الْعَظِيمِ وَبِحَمْدِهِ».

*Сүбхәнә Рабби-л-'Азым уа би-хамди-хи* (3 рет).

**«Ұлы Раббым Пәк және Оған мақтаяу-  
мадақ!»<sup>424</sup>** (3 рет).

3. «سُبُّوحٌ قُدُوسٌ رَبُّ الْمَلَائِكَةِ وَالرُّوحُ»

*Сүббұхун, Құддысун, Раbbу-л-мәлаeикәти үә-p-  
pyx.*

<sup>424</sup> Сенімді (сахіх) хадис, Абу Дәуд, әд-Дәракутни, Ахмад, әт-Табарани және әл-Бәйінақи келтіреді.

«Пәк, Қасиетті<sup>425</sup>, періштелер мен Рухтың  
(Жәбіреійілдің) Раббысы<sup>426!</sup>»<sup>427</sup>

4. «سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ! وَبِحَمْدِكَ اللَّهُمَّ! اغْفِرْ لِي»

Сұбхән-қә, Аллаһұммә, уа би-хәмди-қә!  
Аллаһұммә, ғ�ир ли!

«Уа, Аллаһ, сен Пәксің<sup>428</sup> және Саган мадақ!  
Уа, Аллаһ, мені кешір!»

<sup>425</sup> Абу Исхак былай деген: «Сүббұх» деген «қандай да болсын кемшіліктерден Пәк» дегенді ал «Құддус» деген «Пәк және Қасиетті» дегенді білдіреді<sup>429</sup>. Ибн Сайда былай деп айтқан: «Сүббұх пен Құддус Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың сипаттары болып табылады, өйткені Оны барлық (жаратылыстар) дәріптейді және ұлықтайды» («Лисан әл-Араб»).

<sup>426</sup> Бұл жерде Жәбіреіл (оган Аллаһтың сәлемі болсын) аталып тұрган болуы әбден ықтимал (Аудармашының ескертпесі).

<sup>427</sup> Мұслим және Абу Ауана.

<sup>428</sup> Яғни: «Сенің Даңқың Саған телінетін кез келген лайықсыздықтан жоғары», - деп күәлік береміз (Аудармашының ескертпесі).

Ол өзіне Құранда бұйырылған нәреселердің барлығын орындаپ рукуғ пен сәждे жасау кезінде осы сөздерді жиі қайталайтын<sup>429</sup>.

5. «اللَّهُمَّ لَكَ رَكِعْتُ، وَبِكَ آمَنْتُ - وَلَكَ أَسْلَمْتُ، [أَنْتَ رَبِّي] خَشَعَ لَكَ سَمْعِي وَبَصَرِي، وَنُحْيِي وَعَظِيمِي (عِظَامِي) وَعَصَبِي، [وَمَا اسْتَقْلَلْتُ بِهِ قَدَمِي . اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ]».

Аллаһумма, лә-кә ракә'ту, уа би-кә әмәнту, уа лә-кә әс-ләмту, [әнта рабби,] хаша'а лә-кә сам'i, уа басари, уа муҳхи, уа 'азми [немесе 'ызами], уа 'асаби [уа мә-стақалләт би-hи қадами ли Аләhi рабби-л-'аләмин]

«Уа, Аллаh, Өзіңе рукуғ еттім (иілдім) және Өзіңе иман келтіріп, Өзіңе бойұсындым [Сен - Раббымсың]. Саған құлағым, көзім, миым, сүйегім (тағы бір хабарда «сүйектерім» деп

---

<sup>429</sup> Әл-Бухари және Мұслим. «...өзіне Құранда бұйырылғанды орындаپ» деген сөздер Аллаh Тагаланың : «Енді Раббынды мақтай дәріптеп, Одан жарылқау тіле. Негізінен Аллаh тәубені өте қабыл етуші» («Нәср» суресі, 110:3), - деген сөздеріне қатысты.

келеді), сіңірім бойұсынды [сондай-ақ аяғым көтеріп тұрган бүкіл болмысым<sup>430</sup> - барлығы әлемдердің Раббысы - Аллаһқа тән]!»<sup>431</sup>

6. «اللَّهُمَّ لَكَ رَكِعْتُ، وَبِكَ آمَنْتُ، وَلَكَ أَسْلَمْتُ، وَعَلَيْكَ تَوَكَّلْتُ، أَنْتَ

رَبِّي، خَشَعَ سَمْعِي وَبَصَرِي وَدَمْيٍ وَلُحْمِي وَعَظِيمِي وَعَصَبِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمَيْنَ».

Аллаһумма, лә-кә ракә'ту, уа би-ка әмәнту, уа лә-кә асламту уа 'аләй-кә тауакқалту, әнта рабби, хаша'a сам'i уа басари, уа дами, уа ләхми, уа 'азами, уа 'асаби ли Аләхи рабби-л-'аламин.

«Уа, Аллаh, Өзіңе рукуғ еттім (иілдім) және Өзіңе иман келтіріп, Өзіңе бойұсындым, Саган тәуекел еттім. Сен - Раббымсың. Құлагым, көзім, қаным және етім, сүйектерім мен сіңірлерім әлемдердің Раббысы - Аллаhқа тән!»<sup>432</sup>

<sup>430</sup> Бұл әрбір жеке затты атағаннан соң жалпы сөзді қолданудың мысалы (басқаша айтқанда бүкіл дene - Аудармашының ескертпесі).

<sup>431</sup> Муслим, Абу Ауана, әт-Тахауи және әд-Даракутни.

<sup>432</sup> Ән-Нәса'и бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

7. «اللَّهُمَّ لَكَ رَكِعْتُ، وَبِكَ آمَنْتُ، وَلَكَ أَسْلَمْتُ، وَعَلَيْكَ تَوَكَّلْتُ، أَنْتَ

رَبِّي، خَشَعَ سَمْعِي وَبَصَرِي وَدَمْيٍ وَلُحْمِي وَعَظِيمِي وَعَصِيبِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ».

*Субханә зи-л-жәбәрути, үәл-мәләкути, үәл-  
кибри-йаи, үәл-’азамати.*

«(Шексіз) қүши-құдіреттің, биlíктың,  
айбындылық пен ұлылықтың<sup>433</sup> Иесі Аллаh  
(кемишілік атаулыдан) Пәк!» «Ол бұл сөздерді  
қосымша тұнгі намазда айтатын»<sup>434</sup>.

<sup>433</sup> Бұл сөздер шексіз құдіретті (әл-қаҳр) білдіретін «әл-жабр» сөзінің және абсолюттік билікті (әт-тасарруф) білдіретін «әл-мұлқ» сөзінің таңдаулы шырайы болып табылады. Яғни Аллаh шексіз құдірет пен абсолюттік билік Иесі болып табылады, ері олардың әрқайсысы ең жоғары дәрежеге жетеді.

<sup>434</sup> Абу Дәуд және ән-Нәса'и бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

**Ескертпе:** Жоғарыда келтірілген (Аллаhtы) еске алу сөздерінің (зікірлердің) екеуін немесе бірнешеуін бір рукуғта біріктіріп айту туралы қандай да бір қуәлік бар ма әлде жоқ па? Ғалымдардың бұл мәселеге қатысты пікірлері әртүрлі болды. Ибн әл-Қайим өзінің «Зад әл-Ма'ад» кітабында бұл туралы нақты еш нәрсе айтпаған. Имам ән-Нәуауи өзінің «әл-Әзкар» кітабында бірінші пікірге ауып, былай деп жазған: «Егер мүмкіндік болса, осы еске алу сөздердің (зікірлердің) барлығын біріктіру әрі (намаздағы) зікірлер айтылатын басқа әрекеттерді жасауда да осылай істейу ең жақсысы болып табылады». Абу әт-Тайиib Сыддық Хасан Хан онымен келіспеді де, «Нұзул әл-Абрарда»<sup>(84-бет)</sup>: «Бір зікірлер бір жерде, ал басқалары

## Рукуғты ұзақ уақытқа созып орындау туралы

### «إِطَّالَةُ الرُّكُوعِ»

«Оның  рукуғы, рукуғтан кейін тік тұруы, сәждесі және екі сәжде арасында отыруы (ұзақтығы бойынша) шамамен бірдей болатын»<sup>435</sup>.

басқа жерде жеткізіледі, бірақ мен оларды біріктіруге мүмкіндік беретін қуаліктерді көріп тұрган жоқпын. Аллахтың Ешісі  кейде бір дұғаны, ал кейде екінші дұғаны айтып, оларды бір кезде біріктірмеген; жаңадан бір нәрселерді ойдан шыгарғанша (оның өнегесіне) ілесу жақсырақ болады». Соңғы қөзқарас, Аллах қаласа, ақиқатқа едәүір жақынырақ. Алайда осы (рукуғ) күйінде және басқа да қүйлерде ұзақтығы бойынша қиямда тұргандаі ұзақ тұру Сұннетте бескіліген. Сейтіп, егер намаз орындаушы осы мәселеге қатысты Пайғамбардың  Сұннетіне ілескісі келсе, ол үшін жалғыз мүмкін болған нәрсе не, бұған ән-Нәуауи нұсқағандай және Ибн Нәср «Қийяд ал-Ләйл» (76-бет) кітабында Ибн Журайж<sup>436</sup> ән-Нәуауи 'Ата осылай істегендігі туралы хабарда көлтіргендей, осы зікірлерді біріктіріп айтуды болады, не көп рет қайталанатын қандай да бір зікірді айтуды болады, әрі Сұннетке жақыны да осы. Аллах бұл туралы жақсырақ біледі!

<sup>435</sup> Әл-Бухари және Муслим. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» кітабында көлтірілген (331).

## Рукуғ жасау кезінде Құран оқуға тыйым

салынғандығы туралы

«النَّهِيُّ عَنْ قِرَاءَةِ الْقُرْآنِ فِي الرُّكُوعِ»

«Ол  рукуғ пен сәждे жасағанда Құран оқуға тыйым салатын»<sup>436</sup>. Бұдан тыс ол:

«أَلَا إِنِّي نُهِيُّ أَنْ أَقْرَأَ رَأْكِعًا أَوْ سَاجِدًا، فَأَمَّا الرُّكُوعُ فَعَظِمُوا فِيهِ الرَّبُّ، وَأَمَّا السُّجُودُ فَاجْتَهَدُوا مِنَ الدُّعَاءِ، فَقَمِنْ أَنْ يُسْتَجَابَ لَكُمْ».

«Ақиқатында, маган рукуғ пен сәжде жасағанымда Құран оқуға тыйым салынды. Сондықтан да рукуғ жасау кезінде Аса Құдіреттің және Ұлы Раббының Ұлылығын дәріптендер, ал сәжде жасау кезінде (Аллаһқа) жиі дүға етіп жалбарыныңдар, өйткені

436 Мұслим және Абу Ауана. Бұл абсолюттік тыйым жалпы сипатқа ие, әрі ол парыз намаздарды да, нәпіл намаздарды да қамтиды. Ибн Асакирдің (17/299/1) «...қосымша намаздарға қатысты айтар болсақ, бұда (Құран оқуда) айыпталатын еш нәрсе жоқ» леген қосымшасы не үлкен беделге ие басқа хабарларға кайшы келеді (шаш33), не оны жеткізу барысында өрескел қате (мункар) орын алған. Ибн Асакирдің өзі бұл қосымшаның жасырын кемшілігіне нұскады, сондықтан да оны басшылыққа алуға және оған амал етуге тыйым салынады.

(ұғаларыңа) жауап қайтарылуы әбден мүмкін», - деп айтатын<sup>437</sup>.

Рукуғтан бой түзеу және рукуғтан кейін айтылатын Аллаhtы еске алу сөздері

«الاعْتَدَان مِنَ الرُّكُوعِ، وَمَا يَقُولُ فِيهِ»

Кейін «ол  рукуғтан бой көтергенде:

«سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ»

*Сами'а-Ллаhy ли-мән хамидаhy -*

«Аллан *Өзіне мақтау-мадақ айтушыны естіді (естісін)!*», – деп, омыртқасын түзейтін

438.

Ол «намазды нашар орындаған адамға»:

«إِنَّهَا لَا تَتِمُ صَلَاةُ لَأَحَدٍ مِنَ النَّاسِ حَتَّىٰ ... يُكَبِّرُ ... ثُمَّ يَرْكَعُ، ثُمَّ يَقُولُ :

سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ، حَتَّىٰ يَسْتَوِي قَائِمًا».

437 Муслим және Абу Ауана.

438 Әл-Бухари және Муслим.

«Адамның намазы ... ол тәкбір айтпайынша..., кейін рукуғ жасамайынша..., кейін: «Сами'а-Ллаһу ли-ман хамидаһу» («Аллаһ Өзіне мақтау-мадақ айтушыны естіді (естісін)!»), - деп айтпайынша және (қайтадан) бой түзен, тік тұрмайынша толық болмайды»<sup>439</sup>, - деп, осылай істеуді бұйырды. «Ол басын көтерген кезде әрбір омыртқа сүйегі өз орнына қайтқанға дейін бойын тік түзейтін»<sup>440</sup>.

Кейін «ол  тік тұрып:

**رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ**

*Рабба-нә, [уа] лә-кә-л-хамд*

439 Абу Дәуд және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби келіскен.

440 Әл-Бухари және Абу Дәуд. Қз.: «Сахих Аби Дәуд» (722). Бұл жерде қолданылған арабтың «факар» сөзі араб тілінің «Қамус» түсіндірме сөздігінің анықтамасына сәйкес «омыртқа сүйек» – «мойынның астынан құйымшақтың үстіне дейін жалғасатын омыртқа желісін құрайтын сүйек және сінір элементтері»<sup>441</sup> егенді білдіреді.. Сондай-ақ «Фатх әл-Бәри» (2/308) қараңыз .

«Раббымыз, [және] Саған мақтау-мадақ!», -

деп айтатын<sup>441</sup>.

Ол ﷺ имамға ұйып та, жеке де намаз орындаитын әрбір адамға рукуғтан көтеріліп тік тұрғанда жоғарыда айтылғанның барлығын істеуді бүйірып:

«صَلُّوا كَمَا رَأَيْتُمْنِي أَصْلِي». .

«Намазды мен сендердің көздеріңшіе қалай орындаған болсам, солай орындаңдар!», -

деді<sup>442</sup>.

Ол сондай-ақ былай деп айтатын:

إِنَّمَا جَعَلَ الْإِمَامُ لِيُؤْتَمْ بِهِ ... وَإِذَا قَالَ سَمِيعُ اللَّهِ مِنْ حَمْدَهُ فَقُولُوا [اللَّهُمَّ]  
رَبَّنَا! وَلَكَ الْحُمْدُ؛ يَسْمَعُ اللَّهُ كُلُّمْ ، فَإِنَّ اللَّهَ تَبَارَكَ وَتَعَالَى قَالَ عَلَى لِسَانِ نَبِيِّهِ  
سَمِيعَ اللَّهِ مِنْ حَمْدَهُ.

«Имам намаз орындаушылардың (намазда) оған ілесуі үшін тағайындалады..., және егер ол: «Сами‘а-Ллаһу ли-мән хамидаһу» («Аллаh

441 Әл-Бухари және Ахмад.

442 Сол жерде.

*Өзіне мақтау-мадақ айтушыны естіді (естісін)!»), - деп айтса, «[Аллаһұмма,] Рабба-на, уа лә-кә-л-хамд» («[Уа, Аллаһ,] Раббымыз және Саган мақтау-мадақ!», - деп айтыңдар; Аллаһ сендерді естиді, өйткені Аса Даңқты және Ұлы Аллаһ Өзінің Пайғамбарының ауызымен: «Аллаһ Оған мақтау-мадақ айтқан адамды естиді!», - деп айтқан<sup>443</sup>.*

443 Мұслим, Абу Ауана, Ахмад және Абу Дауд.

**Ескертпе.** Бұл хадис «имамға үйіп намаз орындаушылар имаммен бірге «Сами'а-Ллаһу ли-ман хамидаһу (Аллаһ Өзіне мақтау-мадақ айтушыны естіді (естісін)!)» деген сөздерді айтуға қатыспайды» дегенге нұсқамайды, сол сияқты ол "имам намаз орындаушылармен бірге «Раббә-нә, [уа] лә-кә-л-хамд – «Раббымыз, [және] Саган мақтау-мадақ!» деген сөздерді айтпайды" дегенге де нұсқамайды. Мұның себебі - осы хадистің мақсаты нақты имамға және оған үйіп намаз орындаушыларға олар осы күйде болған кезде қандай сөздерді айту қажет екендігін түсіндіруде емес, жоқ, бұл хадис «имам: «Сами'а-Ллаһу ли-ман хамидаһу», - деп (тасми) айтқан соң, намаз орындаушылар Аллаһты мадақтау [тахмид] («Раббә-нә, [уа] лә-кә-л-хамд» деген – Аудармашыдан) сөздерін айтуы қажет» дегенді түсіндіреді. Бұл Пайғамбардың өзі  имам болған кезінде Аллаһты мадақтау (такхид) сөздерін айтқандығымен расталады, ал оның «**Намазды мен сендердің көздеріңше қалай орындаған болсам, солай орындаңдар!**» деген сөздерінің жалпы сипаты «имамға үйіп намаз орындаушылар имам айтатын сөздерді, мысалы, «Сами'а-Ллаһу ли-мен хамидаһу» (тасми') және т.с.с. сөздерді айтуы керек» дегенге нұскайды. Яғни осы мәселеге

Ол сондай-ақ бұл бүйрықтың себебін басқа  
бір хадисте түсіндіріп:

«فَإِنَّهُ مَنْ وَأَفَقَ قَوْلُهُ قَوْلَ الْمُلَائِكَةِ غُفْرَ لَهُ مَا تَقَدَّمَ مِنْ ذَنْبِهِ».

«...өйткені, кім бұл сөздерді періштелермен  
бір мезгілде айтса, оның бүріншы құналары  
кешириледі», - деген<sup>444</sup>.

Ол (рукуғтан) бойын тік түзегенде екі қолын,  
жоғарыда «Намазды ашатын тәкбір (такбира  
әл-ихрам)» тарауында түсіндірілгендей,  
көтеретін»<sup>445</sup>.

қатысты бізге сілтеме жасаған құрметті бауырлар оны мұқият зерттеулері қажет, әрі мүмкін, біз осы жерде ескерткеніміздің өзі жеткілікті болып табылар. Кім бұл мәселенің талқылануы туралы қөбірек білгісі келсе, хадистердің ең ірі білгірі (хафіз) әс-Суйутидің «әл-Хауи ліл-Фетауи» (1/529) кітабындағы мақаласына жүгінсе болады.

<sup>444</sup> Әл-Бухари және Мұслим. Әт-Тирмизи бұл хадисті сенімді деген.

<sup>445</sup> Әл-Бухари және Мұслим. Осылайша екі қолды көтеру туралы Аллаһтың Елшісінің ﷺ өзінен көптеген (мутауатир) хадистер келтіріледі, (әрі ғалымдардың көпшілігі, соның ішінде ханафи мазhabының кейбір өкілдері де, екі қолды осылайша көтеруді мақұлдаған. Жоғарыда «Рукуғ» тарауында келтірілген ескертпені қараңыз).

Рукуғтан кейін тік тұру кезінде ол жоғарыда  
аталып өтілген сөздерді айтатын:

«رَبَّنَا! وَلَكَ الْحَمْدُ» 1.

*Раббә-на, уа лә-қәл-хамд.*

«Раббымыз, және Саган мақтау-мадақ!»<sup>446</sup>;

немесе

«رَبَّنَا! لَكَ الْحَمْدُ» 2.

*Раббә-на, лә-қәл-хамд.*

«Раббымыз, Саган мақтау-мадақ!»<sup>447</sup>

«اللَّهُمَّ رَبَّنَا! وَلَكَ الْحَمْدُ» 3.

«Аллаһұмма Раббә-на, уа лә-қәл-хамд». <sup>448</sup>

446 Әл-Бухари және Муслим.

447 Сол жерде.

448 Әл-Бухари және Ахмад. Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рақым етсін) **өзінің** «Зад әл-Ма'ад» кітабында «Аллаһұмма (Уа, Аллаһ)» және «уә (және)» дегенді бір зікірде қосып айтуды теріске шығарып, бұл мәселеде қателескен.

**«Ya, Аллаh, Раббымыз, және саған мақтау  
мадақ»**

4. Кейде ол  жоғарыда келтірілген зікірлерге

«Аллаhумма...» - «Ya, Аллаh!...»<sup>449</sup> сөзін қосып айтатын.

Ол  басқа (адамдарға) осылай істеуді бұйырып: «Имам: «Сами'а-Ллаhу ли-ман хамидаhу (Аллаh Өзіне мақтау-мадақ айтушыны естісін (естіді))!», - десе, «[Аллаhумма,] Рабба-на, уа лә-кәл-хамд ([Ya, Аллаh,] Раббымыз және Саған мақтау-мадақ)!», - деп айтыңдар, өйткені, ақиқатында, кім бұл сөздерді періштелермен

---

Бұл факт әл-Бухари дін «Сахихында» және Ахмадтың «Муснадында», соңдай-ак ән-Нәса'иде және Ахмадта жеткізушілердің екі тізбегі арқылы, әл-Дәрими де Ибн Омардан жеткен хадисте, әл-Байhaқи де Абу Са'ид әл-Худари де жеткен хадисте ән-Нәса'иде Абу Муса әл-Әш'ари де жеткен хадисте тағы да бір рет анықталып бекітілген.

<sup>449</sup> Сол жерде.

*бір мезгілде айтса, оның бұрынғы күнәлары кешіріледі», - деп айтатын<sup>450</sup>.*

5. Кейде (№ 1 немесе № 2) зікірлердің кез-  
келгеніне ол мына сөздерді қосатын:

«... مِلْءُ السَّهَوَاتِ، وَ[مِلْءُ] الْأَرْضِ، وَمِلْءُ مَا شَيْءَ مِنْ شَيْءٍ بَعْدَ»

...мил'ә -с-сәмәуәти, уә мил'ә -л-арды, уә мил'ә  
мә ши'та мин шаййин ба'дү.

«...ол өзімен көктерді толтырсын және  
өзімен жерді толтырсын және өзімен Сен  
қалаган нәрселерді толтырсын»<sup>451</sup>; немесе:

«... مِلْءُ السَّهَوَاتِ، وَ[مِلْءُ] الْأَرْضِ، وَمِلْءُ مَا بَيْنُهُما، وَمِلْءُ مَا شَيْءَ بَعْدَ شَيْءٍ» 6.

...мил'ә -с-сәмәуәти, уә [мил'ә] -л-арды, уә мә  
ба'йна-хұмә, уә мил'ә мә ши'та мин шаййин ба'д.

450 Әл-Бухари және Мұслим; әт-Тирмизи бұл хадисті сенімді деген.

451 Мұслим және Абу Ауана.

«...ол өзімен көктерді толтырсын және жер мен оның, арасындағыларды [өзімен толтырсын], және өзімен Сен қалаган нәрселердің барлығын толтырсын»<sup>452</sup>.

7. Кейде осы сөздерге ол ﷺ мынаны қосатын:

«...أَهْلُ الشَّنَاءِ وَالْجَدِ، لَا مَا نَعْلَمُ لَيَأْعُطِيَتْ، وَلَا مُعْطَى لَمَنْعَتْ، وَلَا يَنْقُضُ ذَا الْجَدِ مِنْكَ الْجَدُّ»

...Әhlət-s-sənəi yəz-l-məждı, lə məni'a li-məd'тайта, yə lə mu'tyya li-mə mənə'ta, ya lə yanfə'y zə-l-jəddi min-kə-l-jəddu.

«...Сен мақтап-мадақтауга және пәктип-дәріптеуге лайықтысың, Сен сыйлағанды ешкім тартып ала алмайды, әрі Сен тартып алған нәрсені ешкім сыйлай алмайды, әрі Сенің,

452 Сол жерде.

алдыңда қүш-құат иесінің қүш-құаты  
пайдасыз болады<sup>453»</sup><sup>454.</sup>

8. Немесе кейде оның қосымшасы келесі сөздерден тұратын:

«إِلَهُ السَّمَاوَاتِ، وَإِلَهُ الْأَرْضِ، وَإِلَهُ مَا شِئْتَ مِنْ شَيْءٍ بَعْدَ، أَهْلُ الشَّاءِ  
وَالْمَجِدِ، أَحَقُّ مَا قَالَ الْعَبْدُ، وَكُلُّنَا لَكَ عَبْدٌ، [اللَّهُمَّ] لَا مَانِعَ لِمَا أَعْطَيْتَ، [وَلَا  
مُعْطِيَ لِمَا مَنَعْتَ]، وَلَا يَنْفَعُ ذَا الْجَدَّ مِنْكَ الْجَدُّ». .

...мил’ә-с-сәмәуәти, уә мил’ә-л-арды, уә ма бәйнә-һұма, уә мил’ә мә ши’та мин шәййин бә’ду, әһлә-с-сәнәи үә-л-мәжди, ахаққу мәқалә-л-’абду, уә күллю-на лә-кә ’абдүн. [Аллаһұммә,] лә мәни’а ли-мә-ә’тайта, [уә лә му’тыя ли-мә мәнә’та,] уә лә йаңға’у зә-л-жәдди мин-қә-л-жәдду.

453 Арабтың «жәдд» сөзі «байлық, құдірет, билік» дегенді білдіреді; бұл жерде адам бұл дүниеде ие болған байлық, ұлдар, құдірет Аллаһтың алдында (арғы дүниеде) пайда бермейтіні, сондай-ақ ол (бұл дүниеде) ие болған нәрселер оны Аллаһтың (жазасынан) құтқара алмайтыны айқын болады, әрі тек иті істер ғана кез келген адамға пайда келтіреді немесе оны (жазадан) корғайды.

454 Мұслим және Абу Ауана.

«...ол өзімен көктерді толтырсын және жерді өзімен толтырсын, және олардың арасындағыларды толтырсын, және өзімен Сен қалаган нәрсelerдің барлығын толтырсын. Сен мақтап-мадақтауға және пәктең-дәріптеуге лайықтысың. Біз барлығымыз – Сенің құлдарыңбыз. Мынау - құл айта алатын сөздердің ең дұрысы: «[Уа, Аллаh,] сен сыйлағаннан ешкім айыра алмайды, [әрі Сен айырганды (бермегенді) ешкім сыйлай алмайды] әрі Сенің алдыңда күш-қуат иесінің күш-қуаты пайдасыз болады»<sup>455</sup>.

9.Кейде қосымша тұнгі намазда ол ﷺ былай деп айтатын:

«لِرَبِّ الْحَمْدُ لِرَبِّ الْحَمْدٍ».

*Ли-Раббийэл-хамду, ли-Раббийэл-хамду.*

455 Муслим, Абу Ауана және Абу Дәуд.

«Раббыма мақтау-мадақ! Раббыма мақтау-мадақ!». Ол бұл сөздердің қайталайтыны соншалықты – оның тік тұруы (қиям) ұзақтығы бойынша шамамен ол «әл-Бақара» сүресін оқып тұрған бірінші тұруымен бірдей болатын»<sup>456</sup>.

10. «رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ حَمْدًا كَثِيرًا طَيْبًا مُبَارَّكًا فِيهِ [مُبَارَّكًا] عَلَيْهِ، كَمَا يُحِبُّ رَبُّنَا وَيَرْضَى».

Раббә-на, уа лә-кә-л-хамду, хамдан кәсиран, тайибән, мубәракән фи-ни, [мубәракән ‘аләй-ни, кәмә йухиббу раббә-на уа йарда].

«Раббымыз, Саган мақтау-мадақ, көп қайталанатын, иғі, берекелі [Раббымыз жақсы көретіндей және онымен разы болатындаи берекелі] мадақ»<sup>457</sup>.

456 Абу Дәуд және ән-Нәса'и бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» кітабында көлтірілген (№ 335).

457 Мәлік, әл-Бұхари және Абу Дәуд.

Бірде Пайғамбарға ﷺ ұйып намаз орындаپ тұрған бір кісі ол ﷺ басын рукуғтан көтеріп: «*Сами'а-Ллаһу ли-мән ҳамидаһу* (Аллаһ Өзіне мақтау-мадақ айтүшіны естісін (естіді)!»,- деп айтқаннан кейін осы сөздерді айтты. Аллаһтың Елшісі ﷺ намазды аяқтағаннан соң: «*Қазір ғана әлгі сөздерді айтқан кім?*», - деп сұрады. Әлгі адам: «Мен, уа, Аллаһтың елшісі!», - деп жауап берді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ:

لَقَدْ رَأَيْتُ بِضْعَةً وَثَلَاثَيْنَ مَلَكًا يَبْتَدِرُونَهَا ، أَيُّهُمْ يَكْتُبُهَا أَوْ أَوْلُ.

«Мен әрқайсысы осы сөздерді бірінші болып жазып алуға тырысқан отыз періштені көрдім», - деді<sup>458</sup>.

Руқуғтан кейін ұзақ уақыт тік тұру және  
онда толық (қозғалмай) тұрудың  
міндеттілігі туралы

«إِطَالَةُ هَذَا الْقِيَامِ، وَوُجُوبُ الْإِطْمَئْنَانِ فِيهِ»

458 Сол жерде.

Жоғарыда ескертіліп кеткендей, оның  рукуғтан кейінгі тік тұруы рукуғ жасау уақытымен шамалас еді; ал кейде «ол тіпті адамдар [оның ұзак тұруы себепті]: «Ол сәжде туралы ұмытты», - деп айтатындаидай (соншалықты ұзак) тұратын»<sup>459</sup>.

Ол адамдарға осы күйде толық (қозғалмай) тұруды бұйыратын. Мысалы, «намазды нашар орындаған адамға» ол былай деді:

﴿ثُمَّ ارْفَعْ حَتَّىٰ تَعْنَدَلَ قَائِمًا؛ [فَيَأْخُذَ كُلُّ عَظِيمٍ مَاْخَذَهُ﴾

«...Кейін тік тұрганыңа дейін [және барлық сүйектерің, өз орындарына оралғанға дейін] басыңды қөтер». Бұл хадистің басқа бір нұсқасында былай деп хабарланады:

﴿وَإِذَا رَفَعْتَ فَاقِمْ صُلْبَكَ، وَارْفَعْ رَأْسَكَ حَتَّىٰ تَرْجِعَ الْعِظَامُ إِلَىٰ مَفَاصِلِهَا﴾

<sup>459</sup> Әл-Бұхари, Мұслим және Ахмад. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» кітабында келтірілген (№ 307).

**«(Рұкуғтан) тұрған кезіңде, омыртқаңды  
түзе де, әрбір сүйегін өз буынына қайтқанша  
басыңды қөтер»<sup>460</sup>.**

---

460 Әл-Бухари және Мұслим, соңғысы тек алғашқы айтылғанды ғана келтіреді; әд-Дәрими, әл-Хаким, әш-Шәфи'и және Ахмад. «Сүйектер» деген сөздердің астарында бұл жерде арқа сінірлері, омыртқа сүйектері мензеліп тұр, бұл туралы **жоғарыда** осы тарауда ескертілгендей.

**Манызды ескертпе!** Бұл хадистің мағынасы анық және айқын: мұндай күйде тыныш және денені бос ұстап тұру қажет. Ал осы хадисті біздің хижаздық және басқа жерлердегі бауырларымыз «осы күйде оң қолды сол қолдың үстіне қоюға рұқсат етіледі» дегенге қуәлік ретінде пайдалануына қатысты айттар болсақ, бұл осы жерде келтірілген хадиске қатысы бар көптеген хабарлардың мағынасынан өте алыс. Керінше, бұл - жалған дәйек, өйткені рукуғтан кейін оң қолды сол қолдың үстіне қою, рукуғтан бұрын қиямда тұрудан айрықша, ешбір хабарда және хадистің ешбір нұсқасында жеткізілметен. Сондықтан хадисте келтірілетін «әрбір сүйегін өз буынына қайта оралмайынша» деген сөздерді қалайша оң қолды рукуғтан бұрынғы қиямда тұруда орын алатындан сол қолдың үстіне қоюға нұсқау ретінде түсінуге болмақ?! Бұл тек осы хадистің барлық нұсқалары осылай түсіндірілген жағдайда ғана зандағы болар еді, ал ендеше, олардың барлығы осыған қарама-қайшы мағынаға ие болса, онда мұндай қорытынды шығаруға қандай негіз болмақ? Керінше, шын мәнісінде, бұл хадистің негізінде рукуғтан кейін оң қолды сол қолдың үстіне қою туралы ешқандай қорытынды шығаруға болмайды, өйткені «әрбір сүйегін» деген сөздердің астарында омыртқа сінірлері мензеледі, бұған Сұннетте: «*әрбір омыртқа сүйегі өз орнына оралмайынша бойын тік түзейтін*», - деп нұсқалғандай. Сөйтіп, осы күйде қолды

көкіректің үстіне қою діни жаңалық (бидғат) және адасушылық болып табылатындығына мениң ешқандай күмәнім жок, өйткені намазға қатысты хадистердің өте көп болуына қарамастан, олардың біреуінде де бұл туралы айтылмаған. Егер де осы тәжірибелің астарында қандай да бір негіз ие болғанда, ол бізге бір хадис арқылы болса да жетер еді. Бұдан бөлек, мұсылмандардың алғашқы буынынан болған біздің бірде-бір салиқалы саләфтарымыз мұндайды іstemеген, және мениң білуімше, бірде-бір ірі хадис білгірі болған ғалым мұндай іс-әрекет туралы айтып кетпеген. (Жоғарыда) мазмұндалғаның барлығы шейх Әт-Тууайжири өзінің еңбегінде (18-19-бетте) имам Ахмадтан (Аллаһ оны рахам етсін) баяндаған: «...егер адам қаласа, онда екі қолдарын жамбастарына түсіріп тұрса да, ал қаласа, оларды кекіргенің қойса да болады» - деген сөздеріне де қайшы келмейді, өйткені имам Ахмад бұл сөздерді өз ижтиһады мен пікірінің негізінде айтып, оларды Пайғамбарға қатысты етпеген ал жеке пікір қате болуы да мүмкін. Сенімді дәлелдің арқасында кез келген іс-әрекеттің, мысалы, осы іс-әрекеттің бидғаттық мәні ашылса, онда кез келген имамның бұл бидғатты жақтап айтқан сөзі оны өз мәнінен (яғни бидғаттық мәнінен – ред.) айырмайды, бұл туралы шейх-ул-ислам Ибн Таймия (Аллаһ оны рахам етсін) жазғандай. Іс жүзінде мен (Ибн Таймияға тиісті) бұл сөздерде Имам Ахмадтың өзі де рукуғтан кейін он қолды сол қолдың үстіне қоюды Сұннетпен дәлелденген айғақ ретінде қарастырмадынын көріп тұрмын, өйткені ол: «Қаласаң – осылай істе, қаламасаң – іstemel!», - деп, таңдау құқығын үсынды. Әлде, бәлкім, күрметті шейх (Әт-Тууайжири – Аудармашы): «Имам (Ахмад) рукуғтан бұрын да қолды осылайша қоюға қатысты таңдау еркін берді», - деп есептейді ме еken? Сөйтіп, рукуғтан кейінгі тұруда екі қолды көкірекке қою Сұннетке қатысты емес екендігі дәлелденді. Бұл тақырыпқа байланысты қысқаша ойттолғау осы, әрі оны бұдан да мұқият қарап шығуға болады, алайда бұл жерде орын аз болғандығы себепті мен мұны

Ол  сондай-ақ оған («намазды нашар орындаған адамға»):

**﴿ثُمَّ افْعُلْ ذَلِكَ فِي صَلَاتِكَ كُلُّهَا﴾**

*«...егер адам осылай істемесе, оның намазы толық болмайды», - деп ескертті.*

Бұдан тыс ол:

**﴿لَا يَنْظُرُ اللَّهُ عَزَّ وَجَلَّ إِلَى صَلَاةِ عَبْدٍ لَا يُقِيمُ صُلْبُهُ بَيْنَ رُكُوعِهَا وَسُجُودِهَا﴾**

*«Аса Құдіретті Аллаh Тағала рукуғтары мен сәжделерінің арасында омыртқасын түзу етпейтін құлының намазына қарамайды», -  
деп айтатын<sup>461</sup>.*

### Сәжде «السُّجُودُ»

---

өзімнің «Шейх Туайжириді теріске шығару» атты мақаламда жасадым.

461 Ахмад және әт-Табарани «Му'жам әл-Кәбир» кітабында бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

Кейін «ол ﷺ тәкбір айтатын және сәжде жасау үшін еңкейе түсетін»<sup>462</sup>, әрі «намазды нашар орындаған адамға»:

«لَا تَرِمُ صَلَاةً لَأَحَدٍ مِنَ النَّاسِ حَتَّىٰ ... يَقُولُ: سَمِعَ اللَّهُ مِنْ حَمِدَهُ؛ حَتَّىٰ

يَسْتَوِي قَائِمًا ثُمَّ يَقُولُ: إِنَّ اللَّهَ أَكْبَرُ، ثُمَّ يَسْجُدُ حَتَّىٰ تَطْمَئِنَ مَفَاصِلُهُ».»

"Адам: «Сами'а-Ллаһу ли-ман хамидаһу (Аллаһ Өзіне мақтау-мадақ айтушыларды (айтушыны) естісін (естіді)!», - деп айтпайынша және бойын толық тік түзеп тұрмайынша, ал содан соң: «Аллаһу акбар! (Аллаһ ұлы!)», - деп айтпайынша және буындары тынышталғанга дейін сәжде жасамайынша, оның намазы толық болмайды...», - деп, осылай істеуді бұйырды»<sup>463</sup>.

462 Әл-Бухари және Муслим.

463 Абу Дәуд және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәhabи келіскең.

Сондай-ақ «ол сәждे жасағысы келгенде, тәкбір айтатын [және екі қолын бүйірінен ажырататын], ал содан соң сәжде жасайтын»<sup>464</sup>.

Кейде «ол сәжде жасаудан бұрын екі қолын көтеретін»<sup>465</sup>.

**Сәждеге екі қолмен бару туралы**  
**«Ол**  **екі қолын жерге тізелерінен бұрын**  
**қоятын»**<sup>466</sup>.

464 Абу Йа'лә өзінің «Муснад» (284/2) атты кітабында бұл хадисті жақсы иснад арқылы келтіреді, ал Ибн Хузайма (1/79/2) оны басқа сенімді иснад арқылы келтіреді.

465 Ән-Нәса'и, әд-Даракутни және әл-Мұхлис «әл-Фәуа'ид» (1/2/2) кітабында бұл хадисті екі сенімді иснад арқылы келтіреді. Осылайша қол көтеру туралы хабарлар Пайғамбардың  он сахабасынан келтіріледі, әрі мұсылмандардың алғашқы буындарынан болған көптеген салиқалы үрпақтар бұл тәжірибелі занда (орында) деп санаған. Олардың арасында Ибн Омар, Ибн Аббас, әл-Хасан әл-Бәрі, Тауус және оның ұлы — Абдуллаһ, Ибн Омардың азат еткен құлды - Нәфи', Ибн Омардың ұлы - Сәлим, әл-Қасим ибн Мұхаммад, Абдуллаһ ибн Динар және 'Ата, Абдурахман ибн Мәхди де: «Бұл Сұннетке сәйкес келеді», - деп айтқан. Осы тәжірибелеге Сұннеттің имамы Ахмад ибн Ҳәнбал да ілескен сондай-ақ бұл туралы имам Мәліктен және әш-Шәфи'иден де жеткізіледі.

466 Ибн Хузайма (1/76/1), әд-Даракутни және әл-Хаким, сонғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәhabи келіске. Бұл хадиске қайшы келетін барлық хадистер сенімсіз (даиф). Осы іс-әрекетті Мәлік макұлдаған және тұра осы Ибн әл-Жаузи дін «әт-Тахқик» (108/2) кітабына Ахмадтан жеткізіледі. Әл-Мәрүази де өзінің

Ол ﷺ басқа (адамдарға) осылай істеуді үйреп:

**إِذَا سَجَدَ أَحَدُكُمْ؛ فَلَا يَبْرُكُ كَمَا يَبْرُكُ الْبَعِيرُ، وَلْيَضْعُ يَدَيْهِ ثُمَّ رُكْبَتِيهِ۔**

«Сендерден біреулерің сәжде жасаса, жерге түйе сияқты шөкпесін, әрі бірінші болып қолдарын, содан соң тізелерін қойсын»,<sup>467</sup> - деген.

«Мәса'ил» (1/147/1) кітабында жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы имам ал-Әуза'и дің «Мен қолдарын тізелерінен бұрын жерге қоятын адамдарды көріп үлгердім» деген сөздерін көлтіреді.

Аудармашының ескертпесі: имам ал-Әуза'и хижраның<sup>157</sup> ж. (б.з. 774 ж.) Бейрутта қайтыс болғандықтан, бұл жерде Пайғамбардың ﷺ көзі тірі сахабалары туралы әңгіме болып тұрғандығын тұжырымдауға болады.

<sup>467</sup> Абу Дәуд, Тәммам «әл-Феуа'идте» (108/1), ан-Нәса'и «Сунан ас-Сұтра да» және «Сунан ал-Кубра да»<sup>(47/1)</sup> жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді. Абдул-Хакк «әл-Әхкам ал-Кубра да»<sup>(54/1)</sup> бұл хадисті сенімді деген, аЛ «Китаб ат-Таһажжуд»<sup>(56/1)</sup> кітабында ол келесі қосымшаны жасаған: «...бұл хадистің иснады осыдан алдынғы хадистің иснадына қараганда едәуір сенімдірек». «Бұдан алдынғы хадис» дегенде бұл жерде Уә'илден жеткізілетің, онда керісінше (бірінші болып тізелерді, содан соң екі қолды қою туралы) хабарланатын хадис мензеліп тұр. Іс жүзінде Уә'илден жеткен хадис жоғары көлтірілген екі сенімді хадиске қайшы келеді, әрі жеткізушілерінің тізбегі жағынан да, мағынасы жағынан да шынайы емес, мен мұны «Силсиләт ал-Әхадис әд-Да'ифа» (№ 929) және «ал-Ируа» (№ 357) атты кітаптарымда туңдіріп бергенімдей. «Жерге «түйеге ұқсамай» шөгу» деген

Ол  сондай-ақ былай деп айтатын:

**إِنَّ الْيَدِينَ تَسْجُدُ الْوَجْهُ، فَإِذَا وَضَعَ أَحَدُكُمْ وَجْهَهُ فَلَيَضْعُ**

**يَدَيْهِ؛ فَإِذَا رَفَعَهُ فَأُبْرِزَ فَعُهْمًا۔**

Сөздер «оған тізеден бұрын қолын тигізу» дегенді білдіретінін атап кету қажет, өйткені түйе бірінші болып тізесімен шөгеді, ал «Лисан ал-'Арабтың» және араб тілі бойынша басқа да кітаптардың берген анықтамасына сәйкес түйенің «тізесі» дегенде оның алдынғы аяқтары мензеледі. Тура соған әт-Тахауи де «Мушкил ал-Асар» және «Шәрх Ма'ани ал-Асар» кітаптарында нұсқаған болатын Бұдан тыс, Қасим ал-Саракусті (Аллаһ оны ракым етсін) «Ғариф ал-Хадис» (2/70/1-2) атты кітапта жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы Абу Һурайраның «Ешкім (жерге) мұны қашқын түйе істейтіндей шөкпеуі тиіс» деген тұжырымын жеткізген, содан соң: «Бұл сәждеге қатысты», - деп қосқан. Ол (Абу Һурайра (Аллаһ оған разы болсын) – Аудармашыдан): «Адам, мұны қашқын (немесе үйретуге көнбейтін) түйе істейтіндей, өзін асығыстықпен және мазасызықпен жерге тастап жібермеуі керек, керісінше, ол асықпай, алдымен екі қолын, кейін екі тізесін (жерге) қойып, сәждеге баруы қажет», - деп есептеген, ал мұны түсіндіріп беретін хадис «мәрфү» түрінде жоғарыда келтірілген болатын». Кейін ол (имам ал-Саракусті – Аудармашыдан) жоғарыда аталған хадисті келтірді. Ибн ал-Қайимнің «Бұл сөздер ақылға сыйымсыз және (араб) тілінің мамандарына түсініксіз» деген сөздеріне келер болсақ, оған жоғарыда аталған дереккөздерді келтіріп сондай-ақ басқа да көптеген (дереккөздерге) жүгініп, жауап беруге болады. Бұдан тыс, мен осы жерде қозғалған тақырыпқа өзімнің басып шығарылуы мүмкін «Шейх Тууайжириді теріске шығару» атты мақаламда кеңінен тоқталдым.

«Ақиқатында, екі қол сәждеге бет секілді барады; сондықтан да сендерден біреу (жерге) бетін тигізсе, (оган) қолын да тигіzsін, ал бетін көтерсе, екі қолын да көтерсін»<sup>468</sup>.

«Ол  алақандарына сүйенетін [әрі оларды ашық ұстайтын]»<sup>469</sup>, «саусақтарын бір-біріне тығыз етіп жабыстыратын»<sup>470</sup> және «оларды Қыбла тарапқа қарататын»<sup>471</sup>.

Сондай-ақ «ол оларды (яғни алақандарын) иықтарының тұсына қоятын»<sup>472</sup>, ал кейде «құлақтарының тұсына қоятын»<sup>473</sup>. «Ол мұрны

<sup>468</sup> Ибн Хузайма (1/79/2), Ахмад және -Сираж. Бұл хадистің сенімділігі **НЕ** әл-Хаким нұсқасынан және онымен әз-Зәhabи **келіскең**. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушилерінің тізбектері «әл-Ируа» кітабында көлтірілген (313).

<sup>469</sup> Абу Дәуд және әл-Хаким, сонғысы бұл хадистің сенімділігі **ДЕ** әл-Хаким, сонғысы бұл хадистің сенімділігі **НЕ**.

<sup>470</sup> Ибн Хузайма, әл-Бәйінаки және әл-Хаким, сонғысы бұл хадистің сенімділігі **НЕ**. Зәhabи **келіскең**.

<sup>471</sup> Әл-Бәйінаки бұл хадистің сенімділігі **НЕ**. Ибн Аби Шәйба (1/82/2) және -Сираж **саусақтарды Қыбла тарапқа қарату туралы** хадистің сенімділігі **НЕ**. Ибн Аби Шәйба (1/82/2) және -Сираж **аяқтың саусақтарын Қыбла тарапқа қарату туралы** жеткізушилердің басқа тізбегі **НЕ**.

<sup>472</sup> Абу Дәуд және әт-Тирмизи, сонғысы бұл хадистің сенімділігі **НЕ**. Ибн Аби Шәйба (1/82/2) және -Сираж **аяқтың саусақтарын Қыбла тарапқа қарату туралы** жеткізушилердің басқа тізбегі **НЕ**. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушилерінің тізбектері «әл-Ируа» (309) кітабында көлтірілген.

<sup>473</sup> Абу Дәуд және ән-Нәса'и бұл хадистің сенімділігі **НЕ**.

мен манңдайын жерге тығыз жабыстыра  
қоятын»<sup>474</sup>.

Ол ﷺ «намазды нашар орындаған адамға»:

إِذَا سَجَدْتَ فَمَكِّنْ لِسُجُودِكَ .

«Сәжде жасаған кезіңде, онда өзіңді орнықты ұста», - деп айтқан<sup>475</sup>; хадистің басқа нұсқасында:

إِذَا أَنْتَ سَجَدْتَ؛ فَأَمْكَنْتَ وَجْهَكَ وَيَدِيكَ؛ حَتَّى يَطْمَئِنَ كُلُّ عَظْمٍ مِنْكَ

إِلَى مَوْضِعِهِ .

«Сәжде жасайтын кезіңде барлық сүйектерің, өз орындарында босаңсығанга дейін бетің мен қолдарыңды (жерге) тығызы жабыстыра қой», - деп айтылады<sup>476</sup>.

Бұдан тыс, ол:

474 Абу Дәуд және әт-Тирмизи, соңғысы бұл хадисті сенімді деген, сондай-ак Ибн әл-Муләккін де (27/2). Бұл хадистің алынған көздері мен иснадттары «әл-Ируа» (309) кітабында келтірілген.

475 Абу Дәуд және Ахмад бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

476 Ибн Хузайма (1/10/1) бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

«لَا صَلَّةَ لِمَنْ لَا يُصِيبُ أَنْفُهُ الْأَرْضٌ مَا يُصِيبُ الْجِنِّينُ».

«Мұрнымен жерді маңдайымен сезгендей етіп сезбекен адам намазын орындаамады», - деп айтатын<sup>477</sup>.

«Ол тізелерімен және аяқтарының ұшымен (башпайларымен) (жерге) бекем тірелетін»<sup>478</sup>, «башпайларының ұштарын Қыбла тарапқа қарататын»<sup>479</sup>, «өкшелерін бір-біріне тығыз жабыстырып қоятын»<sup>480</sup>, «аяқтарын түзу ұстайтын»<sup>481</sup> және «(адамдарға) да осылай істеуді бұйырды»<sup>482</sup>.

<sup>477</sup> Әл-Даракутни, эт-Табарани (3/140/1) және Абу Ну'айм «Ахбар Ислахан да».

<sup>478</sup> Әл-Бейнәқи бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді. Ибн Аби Шәйба (1/82/2) және ас-Сираж аяқтың саусақтарын Қыбла жаққа қарату туралы жеткізушілердің басқа тізбегі арқылы жеткізген.

<sup>479</sup> Әл-Бухари және Абу Дауд. Ибн Са'д (4/157) Ибн Омардан<sup>да</sup> ол намазда денесінің барлық мүшелеірін, тіпті екі қолының бас бармақтарын да Қыбла жаққа қаратуды жақсы көретіндігі туралы жеткізіледі.

<sup>480</sup> Әт-Тахауи, Ибн Хузайма (№ 654) және әл-Хаким, соғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен аз-Зәһаби келіскең.

<sup>481</sup> Әл-Бейнәқи бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

<sup>482</sup> Әт-Тирмизи және ас-Сираж; әл-Хаким бұл хадисті сенімді деген, және онымен аз-Зәһаби келіскең.

Осылайша, ол ﷺ сәжделерін денесінің жеті мүшесіне: екі алақанына, екі тізесіне, екі аяғына, мұрны мен маңдайына - сүйеніп жасайтын, әрі соңғы екі мүшені дененің бір мүшесі ретінде санайтын, өйткені ол ﷺ былай деп айтқан:

﴿أُمِرْتُ أَنْ أَسْجُدَ (أُمِرْنَا أَنْ نَسْجُدَ) عَلَى سَبْعَةِ أَعْظُمٍ: عَلَى الْجُهَةِ - وَأَشَارَ بِيَدِهِ إِلَى آنِفِهِ - وَالْيَدَيْنِ (الْكَفَّيْنِ)، وَالرُّكْبَيْنِ، وَأَطْرَافِ الْقَدَمَيْنِ، وَلَا نَكْفَتَ الثَّيَابَ وَلَا الشَّعْرَ﴾.

«*Маган* (хадистің басқа бір нұсқасында: «*Бізге*», - деп хабарланады) *сәждені жеті* сүйекке: *маңдайга*, - және осы тұста ол қолымен<sup>483</sup> мұрнының айналасын көрсетті, - *қолдарға* (хадистің басқа нұсқасында: «...*алақандарға*», - деп жеткізіледі), *тізелерге*

<sup>483</sup> «Көрсетті» (әшара) сөзінің астарында «жүргізіп өтті» (әмарра) деген мағына барға ұқсайды, сондықтан да (хадистің мәтінінде) (қазақ тілінде «...не» деген септік жалғауымен белгіленетін – аудармашыдан (қаз.)) «илә» көмекші сөзінің орнына «үстінен» («’алә») (дегенді білдіретін) көмекші сөз қолданылған. Бұл тұжырым «Фәтх ал-Бәри» бар (Бұл ымдау сәжде жасау кезінде жерге мұрынмен де, маңдаймен де типу қажет дегенді білдіреді – Аудармашыдан.).

*және аяқ башпайрына - сүйеніп жасау, сондай-ақ киімді тұрмеу<sup>484</sup> және шашты өрмеу бұйрылдығы»<sup>485</sup>.*

Ол сондай-ақ былай деп айтатын:

إِذَا سَجَدَ الْعَبْدُ سَجَدَ مَعْهُ سَبْعَةُ آرَابٍ : وَجْهٌ وَكَفَاهُ وَرُكْبَتَاهُ وَقَدَمَاهُ .

*«(Аллаһтың) құллы сәжде жасаған кезде, онымен бірге денесінің жеті мүшесі: беті, алақандары, тізелері және аяқтары да - сәжде жасайды»<sup>486</sup>.*

<sup>484</sup> Бұл жерде киімді туруге және шаштың жайылуына жол бермеу үшін оны өруге, ягни рукуғ пен сәждे жасау кезінде оларды бірге жинап ұстауга қатысты тыйым мензеледі («Ніхайя»). Мен (ягни шейх әл-Әлбани – Аудармашының ескертпесі) былай деймін: мұндай тыйым намаздың уақытында ғана емес, басқа кездерде де күшке ие: діңдар ғалымдардың көпшілігі бұл тыйымға шаш өруді және намаз алдында киімді тұруді де қосады, өйткені намаз орындаушы оны орындауға (осындағы күйде) кіріседі. Бұл тыйым оның әрлерге шаштары өрілген күйде намаз орындауына рұқсат етпегендігімен де күштейтіледі, ал бұл туралы кейінірек айттылады.

<sup>485</sup> Әл-Бухари және Мұслим. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (310) кітабында көлтірілген.

<sup>486</sup> Мұслим, Абу Ауана және Ибн Хиббан.

Ол  шашы арқасына өрілген<sup>487</sup> күйде намаз орындаған адам туралы:

**«إِنَّمَا مَثُلٌ هَذَا مَثَلُ الدِّيْنِ يُصْلَى وَهُوَ مَكْتُوفٌ»**

«Ол, ақиқатында, қолдарын (артына) байлан қойып, намаз орындаитын адам сияқты», - деп айтқан<sup>488</sup>. Ол сондай-ақ:

**«ذَلِكَ كِفْلُ الشَّيْطَانِ»**

«Бұл – шайтанның пана лайтын жері»<sup>489</sup>, - деп, яғни шаштың өрулі жерлерін мензеп, оларды шайтан отыратын жер деген.

<sup>487</sup> Шашы өрулі немесе байлаулы адам.

<sup>488</sup> Муслим, Абу Ауана және Ибн Хибан. Ибн ал-Эсир быладай деп айтқан: «Бұл хадисттің магынасы – егер оның шаштары жайылған күйде болғанда, олар сәжде жасаған кезде жерге түсер еді, әрі бұл адам осының нәтижесінде шаштарының сәжде жасағаны үшін Аллаһтан саяп алар еді. Алайда егер оның шаштары өрулі болса, онда іс жүзінде оның шаштары сәжде жасамаған болады, өйткені ол  бұл адамды қолы кісенделген кісімен теңеді, өйткені осындай жағдайда сәжде жасаған кезде екі қол жерге тимейді». Бұл нұсқау әйелдерге емес, тек ер кісілерге қатысты болуы әбден ықтимал. Бұл туралы әш-Шәукани Ибн ал-Арабиден хабарлаған.

<sup>489</sup> Абу Дауд және ат-Тирмизи, соңғысы бұл хадистті жақсы деген. Ибн Хузайма және Ибн Хибан бұл хадистті сенімді деген. Қз.: «Сахих Абу Дауд» (653).

«Ол  білектерін<sup>490</sup> жерге төсеп қоймайтын»<sup>491</sup>, керісінше, «оларды жерден көтеріп, қолтығының ағы көрінетіндей етіп жан-жағына қарай бүйірінен алыстататын»<sup>492</sup>, сондай-ақ «егер кішкентай қозы немесе лақ оның қолдарының астынан өткісі келсе, өте алатын»<sup>493</sup>.

Осы тұста ол сондай ыждағаттылық танытатын, тіпті оның сахабаларының бірі: «Біз Аллаһтың Елшісін  ол сәждे жасағанда қолдарын бүйір тұстарынан керіп қоятындығы себепті аяп кететінбіз», - деп айтқан»<sup>494</sup>.

Ол басқаларға да осылай істеуді бұйырып:

﴿إِذَا سَجَدْتَ؛ فَضْعُ كَمِيكَ وَأَرْفَعْ مِنْ قَبْنِكَ﴾

<sup>490</sup> Бұл жерде және әрі қарай «адамның білегі» дегендегі қолдың шынтақтан білезік сүйегіне дейінгі бөлігі мензеледі, ал омыртқалы жануарларда (бұл) – алдынғы аяқтарының иық буынынан табанына дейінгі бөлігі (Аудармашының ескертпесі).

<sup>491</sup> Әл-Бухари және Абу Дауд.

<sup>492</sup> Әл-Бухари және Мұслим. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (359) кітабында келтірілген.

<sup>493</sup> Мұслим, Абу Ауана және Ибн Хиббан.

<sup>494</sup> Абу Дауд және Ибн Мәжәх бұл хадисті жеткізушілердің жақсы тізбегі арқылы келтіреді.

«Сен сәжде жасайтын кезіңде алақандарыңды (жерге) қой да, білектеріңді көтер», - деген<sup>495</sup>. Бұдан тыс ол:

«اعْتَدِلُوا فِي السُّجُودِ، وَلَا يَبْسُطُ أَحَدُكُمْ ذِرَاعَيْهِ إِنْسَاطَ الْكَلْبِ»

«Сәжде жасаған кезде түзеліңдер, әрі сендерден ешкім білектерін (жерге) ит сияқты (хадистің басқа нұсқасында: «...оларды ит төсейтіндей etin», - деп хабарланады) төсеп қоймасын», - деп айтқан<sup>496</sup>. Басқа бір хадисте:

«وَلَا يَفْرِشْ أَحَدُكُمْ ذِرَاعَيْهِ افْتِرَاشَ الْكَلْبِ»

«Сендерден ешкім қолдарын (жерге) ит (аяқтарын) жаятындаи etin жайып қоймасын», - деп айтқан<sup>497</sup>.

Ол сондай-ақ былай деп айтатын:

495 Мұслим және Абу Ауана.

496 Әл-Бухари, Мұслим, Абу Дауд және Ахмад.

497 Ахмад және әт-Тирмизи, сонысы бұл хадисті сенімді деген.

«لَا تَبْسُطْ ذِرَاعِيْكَ [بَسْطَ السَّبْعَ] وَادْعُمْ عَلَى رَاحَتِيْكَ، وَجَاجَ عَنْ ضِبْعِيْكَ؛ فَإِنَّكَ إِذَا فَعَلْتَ ذَلِكَ سَجَدَ كُلُّ عُضُوٍ مِنْكَ مَعَكَ».

«Қолыңды [жабайы аң (аяғын) жайып төсейтіндеи etin] жайып төсеме, алақандарыңа сүйен, әрі білектеріңді кер, өйткені осының барлығын істесен, дененіңің әрбір мүшесі сенімен бірге сәждे жасайды»<sup>498</sup>.

Сәжде жасау кезінде тыныштық сақтаудың міндеттілігі туралы  
«وُجُوبُ الظَّمَانِيَّةِ فِي السُّجُودِ»

Ол ﷺ рукуфтар мен сәжделерді толық жасауды бұйыратын, әрі осылай іstemейтіндерді бір-екі құрма жеп, жеген құрмалары оған ешбір пайда бермейтін аш адамға теңеген. Бұдан тыс, ол ﷺ мұндаидар адамдар арасындағы ұрылардың ең жаманы деген.

498 Ибн Хузайма (1/80/2), әл-Мәқдиси «әл-Мұхтар да» және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби келіскең.

Ол сондай-ақ, (бұл туралы) «Рукуғ» тарауында айтылғандай, рукуғтар мен сәжделер жасау кезінде омыртқасын толық түземеген адамның намазы жарамсыз екеніне нұсқаған, әрі бұл туралы ертеректе сөз болғандай, «намазды нашар орындаған адамға» сәжде жасау кезінде тыныштық сақтауды бұйырған.

**Сәжде жасау кезінде айтылатын Аллаһты еске алу сөздері (сәжде зікірлері)**  
**«أَذْكُرُ السُّجُودِ»**

(Намаздың) осы рүкінін жасау кезінде ол ﷺ Аллаһқа төменде келтірілген түрлі дұғаларды және еске алу сөздерін кезектестіріп жалбарынатын:

«سُبْحَانَ رَبِّ الْأَعْلَىٰ» 1.

*Субханә Рабби-л-А'лә (3 рет)*

## «Аса Жоғары Раббым Пәк!»<sup>499</sup> (3 рет).

Алайда «кеіде ол бұл сөздерді үш реттен көбірек айтатын»<sup>500</sup>. Бірде қосымша тұнгі намазда ол осы сөздерді көп рет қайталағаны соншалықты - оның сәждесі ұзақтығы бойынша шамамен оның қиямда тұрып, үш ұзын: «әл-Бақара», «Ниса» және «Әли Имран» - сүрелерін оқыған (уақытында) болды. Осы намазда ол Аллаһқа көп рет дұға етіп және Одан кешірім тілеп жалбарынатын. Бұл хадис жоғарыда «Қосымша тұнгі намаз (*mahajjûd*)» тарауында келтірілген.

## 2. «سُبْحَانَ رَبِّ الْأَعْلَى وَبِحَمْدِهِ»

*Субханә Рабби-л-Ә'лә уа би-хамди-һи* (3 рет).

499 Ахмад, Абу Дәуд, Ибн Мәжәһ, әд-Даракутни, әт-Тахауи, әл-Бәззар, Ибн Хузайма (604) және әт-Табарани «Мұ'жам әл-Кәбир» кітабында бұл хадисті жеті сахабадан келтіреді. Сондай-ақ «Рукуғ жасау кезінде айтылатын Аллаһқа жалбарыну сөздері» тарауына жазылған ескертпелерді қараңыз.

500 Мұндай қорытынды оның ﷺ қиямда тұруы, рукуғы мен сәждесі ұзақтығы бойынша бірдей еді деп хабарлайтын хадистердің негізінде жасалды.

«Аса Жоғары Раббым Пәк және Оған мақтау-мадақ!»<sup>501</sup> (3 рет).

『سُبُّوْحٌ قُدُّوْسٌ رَبُّ الْمَلَائِكَةِ وَالرُّوحِ』 3.

Сүббұхун, Құддусун, Раббу-л-мәләикәти үар-  
рух.

«Аса Пәксің, Аса Қасиеттісің, әрі  
першителер мен Рұхтың, Раббысысың!»<sup>502</sup>.

『سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ! رَبَّنَا وَبِحَمْدِكَ، اللَّهُمَّ! اغْفِرْ لِي』 4.

Сұбханә-қа, Аллаһұммә, Раббана, уа би-хамди-  
қә! Аллаһұмма, ғfir ли!

«Сен аса Пәксің, уа, Раббымыз, және Саған  
мақтау-мадақ! Уа, Аллаh, мені кешір!»

501 Абу Дәуд, Әл-Даракутни, Ахмад, Әт-Табарани және әл-Бәйінқиден жеткізілген сенімді (саҳиҳ) хадис.

502 Мұслим және Абу Ауана.

Ол Құранда өзіне бұйырылғанды орындалп, осы сөздерді рукуғтар мен сәжделерде жиі айтатын<sup>503</sup>.

5. «اللَّهُمَّ! لَكَ سَبَدْتُ، وَبِكَ آمَنْتُ وَلَكَ أَسْلَمْتُ، [وَأَنْتَ رَبِّي]، سَجَدَ اللَّذِي خَلَقَهُ وَصَوَّرَهُ [فَأَحْسَنَ صُورَهُ]، وَشَقَّ سَمْعَهُ وَبَصَرَهُ، وَجْهِي فَتَبَارَكَ اللَّهُ أَحْسَنُ الْخَالِقِينَ»

Аллаһумма, лә-кә сажәдту, уа би-кә әмәнту, уа лә-кә әсламту, [уа әнтә Рабби,] сажәда уажхи ли-лләзи халәқа-hy, уа саууара-hy, [уа ахсана сууара-hy,] уа шаққа сам'a-hy уә бәсара-hy, [фә-]табәракә Аләhy, ахсану-л-халиқин.

«Уа, Аллаh, Саган сәжде еттім және Саган иман келтірдім, және Саган мойынсұндым [Сен - Раббымсың]. Жүзім оны Жаратқанға, оған түр бергенге [және оның бейнесін кемел

<sup>503</sup> Әл-Бухари және Муслим. «Құранда өзіне бұйырылғанды орындал» деген сөздер Аллаh Тағаланың «Ендеше Раббыңды мақтай дәріпте, Одан жарылқау тіле. Негізінен, Аллаh тәубені өте қабыл етуші» («Нәср» сүресі, 110:3) деген сөздерінде қатысты.

еткенге], оған естү мен көрүді дарытқанга сәжде етті, Жаратушылардың ең жақсысы Ұлы Аллаh (берекелі)»<sup>504</sup>.

6. «اللَّهُمَّ إِنِّي ذُنْبِيٌ كُلُّهُ، وَدِقَّهُ وَجْهُهُ، وَأَوْلَهُ وَآخِرَهُ، وَسِرَّهُ وَعَلَانِيَّتُهُ

Аллаhумма, гфир ли занби кулла-*hy*, уа диққа-*hy*, уа жилла-*hy*, уа ғууалла-*hy* уа əхира-*hy*, уа 'аләнийята-*hy* уа сирра-*hy*

«Уа, Аллаh, менің кіши-ұлken, əуелгі-кейінгі, ашкере-жасырын жасалған бүкіл күнәларымды кешіре ғөр!»<sup>505</sup>.

7. «سَجَدَ لَكَ سَوَادِي وَحَيَالِي، وَأَمَنَ بِكَ فُؤَادِي، أَبْوءُ بِنِعْمَتِكَ عَلَيَّ هَذِي  
وَمَا جَنَّتْ عَلَيَّ نَفْسِي»

504 Муслим, Абу Ауана, əт-Тахауи және əд-Дәракутни.

505 Муслим және Абу Ауана.

Сәжәда лә-кә сауади уа хайали, уа әмәнә би-кә фү'ади, абу'у лә-кә би-ни'мәти-кә 'аләййя, һәзәйй-йадаййа, уа мә жәнай-ту 'алә нәфси.

«Сенің алдыңда келбетім мен көлеңкем сәждे жасады, әрі Саган жүргегім иман келтірді; мен Сенің маган көрсеткен иғілігіңді мойындаймын, мынау – менің қолдарым және мен олар арқылы өзіме қарсы иемденген нәрселерімнің (барлығы)»<sup>506</sup>.

### 8. «سُبْحَانَ ذِي الْجَبَرُوتِ وَالْمَلَكُوتِ وَالْكِبْرِيَاءِ وَالْعَظَمَةِ»

Сұбхана зи-л-жәбарути, үә-л-мәләкути, үә-л-кибри-йаи, үә-л-'азамәти.

«Күш-құдірет, билік және ұлылық иесі Аллаh (кемшилік атаулыдан) Пәк!»<sup>507</sup>

<sup>506</sup> Ибн Нәср, әл-Бәззар және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген, бірақ әз-Зәhabи онымен көліспеді. Десе де, қолжазба түріндегі нұсқада бұл хадисті нығайтатын басқа хадис бар.

<sup>507</sup> Абу Дәуд және ән-Нәса'и бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

Ол осы сөздерді қосымша тұнгі намаздарды орындау кезінде айтатын, сондай-ақ мыналарды да:

«سُبْحَانَكَ [اللَّهُمَّ]! وَبِحَمْدِكَ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ» 9.

*Субханә-кә [Аллаһұммә] уа бихамди-кә, лә иләһа илла әнта.*

«Сен пәксің [уа, Аллаһ] және Саган мақтау-мадақ, сенен басқа құлышылыққа лайықты құдай жоқ»<sup>508</sup>.

«لَلَّهُمَّ! اغْفِرْ لِي مَا أَسْرَرْتُ وَمَا أَعْلَمْتُ» 10.

*Аллаһұмма, ғ�ир ли мә әсрапту уа мә ә'ләнту «Уа, Аллаһ, жасырын және ашық түрде істегендерімді кешіре ғөр!»<sup>509</sup>*

508 Мұслим, Абу Ауана, ән-Нәса’и және Ибн Нәср.

509 Ибн Аби Шәйба (62/112/1) және ән-Нәса’и. Әл-Хаким бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби келіскең.

11. «اللَّهُمَّ! اجْعَلْ فِي قَلْبِي نُورًا، [وَفِي لِسَانِي نُورًا]، واجْعَلْ فِي سَمْعِي

نُورًا، واجْعَلْ فِي بَصَرِي نُورًا، واجْعَلْ مِنْ تَحْتِي نُورًا، واجْعَلْ مِنْ فَوْقِي نُورًا،  
وَعَنْ يَمِينِي نُورًا، وَعَنْ يَسَارِي نُورًا، واجْعَلْ أَمَامِي نُورًا، واجْعَلْ خَلْفِي نُورًا،  
[واجْعَلْ فِي نَفْسِي نُورًا]، وَأَعْظِمْ لِي نُورًا».

Аллаһұммә ж'әл фи қалби нуран [уа фи лисани нуран], уа ж'әл фи сам'и нуран, уа ж'әл фи бәсари нуран, уа ж'әл мин тахти нуран, уа ж'әл мин фәүқи нуран, уа 'ан йамини нуран, уа 'ан йасари нуран, уа ж'әл әмәми нуран, уа ж'әл халфи нуран, [уа ж'әл фи һәфси нуран] уа а'зым ли нуран.

«Уа, Аллаh, жүргегіме нұр сал [және тіліме нұр сал,] құлағыма нұр сал, жанарыма нұр сал және маган үстімнен нұр бер, астымнан нұр бер, маган он жағымнан нұр бер және маган сол жағымнан нұр бер, алдыма нұр бер, артыма нұр бер [және жаныма нұр сал] әрі мен үшін нұрдың ұлы ет!»<sup>510</sup>

510 Муслим, Абу Ауана және Ибн Аби Шәйба «әл-Мусаннаф Та» (12/106/2 және 112/1).

12. «اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِرَضَاكَ مِنْ سَخْطِكَ، وَ[أَعُوذُ] بِمُعَافَاتِكَ مِنْ عُقوَبَتِكَ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْكَ، لَا أَحْصِي ثَنَاءً عَلَيْكَ أَنْتَ كَمَا أَشِنْتَ عَلَى نَفْسِكَ».

[Аллаһұммә] [инни] а'узу би-рида-қа мин сахати-қа, уа [ә'узу] би-му'афәти-қа мин 'үкүбәти-қа, уа ә'узу би-қа мин-қа, лә үхсы сәнә'ән 'аләй-қа, әнта қа-ма әснәйтә 'ала нағси-қа.

«[Уа, Аллаh] [ақиқатында] мен Сенің ашу-  
ызанған ризалығында, жазалауынан  
кеширіміңе сыйынамын. Әрі Мен Сенен Өзіңе  
сыйынамын! Мен Саган лайықты болған  
мақтау-мадақты айттып тауыса алмаймын.  
Өйткені Сенің Өзің ғана Өзіңді жеткілікті  
мөлшерде мадақтағансың!»<sup>511</sup>

Сәжде жасау кезінде Құран оқуға тыйым  
салынғандығы туралы  
«النَّهُيْ عَنْ قِرَاءَةِ الْقُرْآنِ فِي السُّجُودِ»

511 Сол жерде.

Ол  рукуғ мен сәждे жасау кезінде Құран оқуға тыйым салатын және ыждағаттылық танытуды, әрі осы күйде Аллаһқа көбірек дұға айтып жалбарынуды бүйіраратын, бұл туралы «Рукуғ жасау кезінде Құран оқуға тыйым салынғандығы туралы» тарауда түсіндірілген.

Ол сондай-ақ былай деп айтатын:

**«أَفْرَبُ مَا يَكُونُ الْعَبْدُ مِنْ رَبِّهِ وَهُوَ سَاجِدُ، فَأَكْثِرُوا الدُّعَاءَ [فِيهِ].»**

«(Аллаһтың) құллы сәжде жасаған кезінде өзінің Раббысына ең жақын болады, ендешие (осындаи кездерде Аллаһқа) жиі дұға етіңдер!»<sup>512</sup>

### Сәждені ұзаққа созып жасау туралы

**«إِطَّالَةُ السُّجُودِ»**

Оның  сәждесі ұзақтығы жағынан шамамен рукуғымен бірдей болатын. Кейде ол кейбір

512 Мұслим, Абу Ауана және әл-Бәйћақи. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (456) кітабында көлтірілген.

жағдайларға байланысты өте ұзақ сәжде жасайтын, бұл туралы сахабалардың бірі былай деп баяндағанындағы: «Бірде Аллаһтың Елисі  қолына Хасанды немесе Хусайнды көтеріп, (үйінен) біздің алдымызға екі намаздың біреуін [бесін немесе екінші] орындау үшін шықты<sup>513</sup>. Пайғамбар  алға шықты да, оны [оң аягының жанына] жерге қойды, кейін тәкбір айттып, намазды бастады. Намазда ол өте ұзақ сәжде жасады, әрі сол кезде мен [адамдардың арасынан] басымды көтеріп, баланың сәжде жасап жатқан Аллаһ Елисінің  арқасына шығып алғанын көрдім. Сонда мен қайтадан сәждеге бардым, ал Аллаһтың Елисі  намазын аяқтап болған соң, адамдар оған: «Уа, Аллаһтың елисі! [Осы] намазыңың ортасында сен сәжде жасадың да, оны тым ұзақ созып жібердің – біз тиңті бір нәрсе болып қалды ма, әлде саган Уахи түсіп жатыр ма деп ойлан қалдық!», - деді. Ол оларға:

513 Аудармашының ескертпесі: әл-Хасан және әл-Хусайн – Пайғамбардың  қызы Фатима мен оның күйеу баласы Али дің (Аллах оларға разы болсын) балалары, Мұхаммад пайғамбардың  немерелері.

«كُلُّ ذَلِكَ لَمْ يَكُنْ؛ وَلَكِنَّ ابْنَى ارْتَحَلَنِي فَكَرِهْتُ أَنْ أُغْجِلَهُ حَتَّى يَقْضِي

حاجته».

«Бұлардың ешқайсысы болған жок; жай менің балам мені ерттеп алды да, ол керегін істеп болмайыныша мен оны асықтырғым келмеді!», - деп жауап берді»<sup>514</sup>.

Басқа бір хадисте былай деп хабарланады:  
 «(Бірде) Пайгамбар ﷺ намаз орындан жатқан болатын. Ол сәждеге иілген кезде, арқасына әл-Хасан мен әл-Хусайн ыргып мініп алды. Адамдар оларга (мұндай істемеге) кедергі жасағысы келген кезде, ол ﷺ қолымен оларга тииснейді ымдады. Намазды аяқтап болған соң ол оларды өзінің тізелеріне отыргызды да:

«مَنْ أَحَبَّنِي فَلَيُحِبَّ هَذِينَ»

<sup>514</sup> Ән-Нәса'и, Ибн 'Асакир (4/275/1-2) және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби келіскең.

«Кім мені жақсы көрсе, осы екеуін де жақсы көрсін!», - деді<sup>515</sup>.

**Сәжденің артықшылықтары  
«فضل السجود»**

Ол ﷺ:

«مَا مِنْ أُمَّتٍ مِنْ أَحَدٍ إِلَّا وَأَنَا أَعْرِفُهُ يَوْمَ الْقِيَامَةِ»

«Менің ұмметтімнің ішінде Қиямет күні мен танымай қалатын бірде-бір адам болмайды», - деді. (Сонда адамдар):

515 Ибн Хузайма бұл хадисті «Сахих» (887) кітабында Ибн Мәс'удтан, жеткізушілердің жақсы тізбегі арқылы, ал әл-Бейнәқи (2/263) «мұрсәл» түрде келтірген. Ибн Хузайма бұл хадис келтірілетін тарауды «Намазда болған кезде қолмен (басқа адамдарга) түсінікті белгі беру (ымдау) рұқсат етілетіндігі әрі бұл (әрекет) намазды жарамсыз етпейтіні және бұзбайтыны туралы дәлел» деп атаған. Ал бұл іс-әрекетке аһл-әр-Рай және басқалар ((құқықтық мәселелерді шешуде) жеке пікірдің жақтаушылары) тыйым салатын еді ғой! Алайда әл-Бухари дін, Мұслимнің «Сахихтарында» және өзге де хадис жинақтарында келтірілетін (қажетті жағдайда) осылайша ымдауға (ишара жасауға) рұқсат ететін басқа да хадистер бар.

وَكَيْفَ تَعْرِفُهُمْ يَا رَسُولَ اللَّهِ فِي كَثْرَةِ الْخَلَائِقِ؟

«(Аллаһтың) сонша көп жаратылыстарының арасында сен оларды қалайша тани аласың, уа, Аллаһтың елишісі?», - деп сұрады. (Мұны естіген)

ол:

قالَ: أَرَأَيْتَ لَوْ دَخَلْتَ صَبْرَةً، وَفِيهَا حَيْلٌ دُهْمُ بْهُمْ، وَفِيهَا فَرْسٌ أَغْرٌ مُحَجَّلٌ؛  
أَمَا كُنْتَ تَعْرِفُهُ مِنْهَا؟»

«Айтыңдары, сендерден біреу тұмас қара тұсті жылқылар<sup>516</sup> қамалған қорага кірсе, ал (сол жерде) тек бір жылқының гана маңдайында ақ жүлдізы, ал аяқтарында ақ білезіктері бар болса, ол оны басқаларынан ажыратта алар ма еді?», - деп сұрады. (Адамдар:)

قالَ: بَلَّ.

«Иә, әрине!», - деп жауап берді. Сонда ол:

قالَ: إِنَّ أُمَّتِي يَوْمَئِذٍ غُرُّ مِنْ السُّجُودِ، مُحَجَّلُونَ مِنْ الْوُضُوءِ.

<sup>516</sup> Бұл жерде «осы жылқылардың тұсі ешқандай қоспасыз толық қап-қара», деген мәнзелуде («Ниҳайя»).

«Ақиқатында, сол Күні менің ұмметімнің (мүшелерінің) жасаган сәжделерінің (қалдырган іздерінен) жүздері ақ<sup>517</sup> және алған дәреттерінің (қалдырган іздерінен) аяқ-қолдары да ақ<sup>518</sup> болады», - деді<sup>519</sup>.

Ол сондай-ақ былай деп айтатын:

إِذَا أَرَادَ اللَّهُ رَحْمَةً مِنْ أَرَادَ مِنْ أَهْلِ النَّارِ؛ أَمْرَ الْمَلَائِكَةَ أَنْ يُخْرِجُوا مِنْ يَمْدُدُ اللَّهَ، فَيُخْرِجُونَهُمْ يَعْرِفُوهُمْ بِأَثَارِ السُّجُودِ، وَحَرَمَ اللَّهُ عَلَى النَّارِ أَنْ تَأْكُلَ أَثَرَ السُّجُودِ، فَيُخْرِجُونَ مِنَ النَّارِ، فَكُلُّ أَبْنَ آدَمَ تَأْكُلُهُ النَّارُ إِلَّا أَثَرُ السُّجُودِ.

«Аллаh Отқа түскендерден<sup>520</sup> біреуге қатысты рақым танытқысы келсе,

<sup>517</sup> Бұл жерде сәжде жасаудың себебімен жүздің жарқырауы мензелуде.

<sup>518</sup> Бұл жерде мұмін адам дәрет алған кезде жуатын денесінің барлық мүшелері: беті, екі қолы және екі аяғы - мензеліп тұр. Жуудың беттегі, екі қолдағы және екі аяқтағы іздері бұл жерде жылқының маңайыныңдағы және аяқтарындағы ақ іздермен теңестірілуде.

<sup>519</sup> Ахмад бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді. Әт-Тирмизи бұл хадистің бір бөлігін жеткізген және оның сенімділігіне (саихұтыныңа) нұсқаған. Бұл хадис «Силсилэт әл-Әхадис ас-Сахиха да» көлтірілген.

<sup>520</sup> Бұл жерде біркүдайшылық дінін ұстанған, алайда Қиямет Күні таразыларындағы жаман істері жақсы істерінен салмақты

періштегерге (ол жерден тек) Аллаһқа ғана құлышылық еткендерді шыгаруды бүйірады. Эрі олар осындаиларды (олардың бойында қалған) сәжде іздерінен танып, шыгара бастайды, өйткені Аллаh Отқа мұндай іздерді жоюға тыиым салған. Эрі олар әрбір (осындаї) адамның сәжде жасаған іздерінен басқа жерлерін жеп қоятын Оттан шыға бастайды». <sup>521</sup>

**Сәждені жерге және төсеніш үстіне жасау туралы<sup>522</sup>**  
**«السُّجُودُ عَلَى الْأَرْضِ وَالْحَصِيرِ»**

---

болғандықтан Отқа түсетін адамдар мензелуде (Аудармашының ескертпесі.).

521 Әл-Бухари және Муслим. Бұл хадис намаз орындаушылардан болған күнәшарлар Тозақта мәңгі қалмайтындығына нұсқайды. Іс жүзінде тіпті жалқаулықпен намазын өткізіп алатындар да Тозақта мәңгі қалмайды, ері бұл сенімді. Бұл туралы толынырак «Әс-Сахиханы» (2054) қараңыз.

522 Арабтың «хасир» деген сөзі пальма ағашының жапырақтарынан, сабаннан және с.с. заттардан жасалған төсенішті билдіреді.

Ол **ﷺ** жиі жағдайда сәждені (тақыр) жер  
үстіне жасайтын<sup>523</sup>.

«Сахабалар онымен бірге қатты ыстықта  
намаз орындайтын, әрі олардан әлдекім  
манғайын (қызу) жерге тигізе алмаған кезде, өз  
киімін төсеп, үстіне сәжде жасайтын»<sup>524</sup>.

Ол сондай-ақ былай деп айтатын:

«...وَجَعَلْتُ الْأَرْضَ كُلُّهَا لِي وَلَا مُنْتَيٌ مَسْجِدًا وَطَهُورًا، فَأَيْمَّا أَذْرَكْتُ رَجُلًا  
مِنْ أُمَّتِي الصَّلَاةُ فَعِنْهُ مَسْجِدٌ، وَعِنْهُ طَهُورٌ، [وَكَانَ مَنْ قَبْلِي يُعَظِّمُونَ ذَلِكَ  
إِنَّمَا كَانُوا يُصَلِّونَ فِي كَنَائِسِهِمْ وَبِيَعِهِمْ].»

«...әрі бүкіл жер мені мен үмметім үшін  
сәжде жасайтын орын [мешіт] және таза  
етілді, сондықтан да менің үмметімнен  
болған кез келген адамға намаздың уақыты қай  
жерде тап болса да, оның сәжде жасайтын  
орны [мешіті] және жанында тазару (құралы)

<sup>523</sup> Бұл жайт Пайғамбардың **ﷺ** мешітінде төсеніштер т.с.с.  
заттар төсмелетендігімен түсінікті болады. Бұл туралы көптеген хадистер күә  
болады, солардың ішінде әрі қарай келтірілетін Абу Са'ид әл-Худри дән (оган Аллаһ разы  
болсын) жеткізілетін хадис те бар.

<sup>524</sup> Муслим және Абу Ауана

*бар. Менен бұрынғылар мұның, барлығын артық деп санаган: ақиқатында, олар намазды тек өздерінің шіркеулері мен синагогаларында гана орындайттын»<sup>525</sup>.*

Кейде ол сәжделерін сулы және балшықты жердің үстіне де жасайтын, мысалы, 21-рамазанның таңындағыдай. Сол күннің қарсанында жаңбырдың қатты жауғаны соншалық - тіпті мешіттің пальма жапырақтарынан жасалған шатырынан су өтіп кеткен еді. Абу Са'ид әл-Худри кейіннен былай деп баяндағандай: «Мен Аллаһтың Елисін ﷺ су мен балшық үстінде сәжде жасап жатқанын көрдім, оның маңдайы мен мұрнында су мен лайдың іздері бар еді»<sup>526</sup>.

---

<sup>525</sup> Ахмад, әс-Сираж және әл-Бәйінаки бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

<sup>526</sup> Әл-Бухари және Муслим.

Кейде «ол (бетке арналған) кішкентай төсөніш (хұмра)<sup>527</sup> үстіне»<sup>528</sup>, ал кейде (жай) «төсөніште»<sup>529</sup> намаз оқитын, және бұдан тыс, «бірде ол ұзақ пайдаланғаннан қарайып кеткен төсөніш үстінде намаз орындауды»<sup>530</sup>.

---

<sup>527</sup> Арабтың «хұмра» сөзі пальма жіптерінен немесе басқа заттан жасалған төсөніштің көлемі бойынша намаз орындаушы сәждे жасаған кезде оған бетін қоя алатындаі болігі аталады; алайда бұл сөз бұдан үлкендеу көлемдегі төсөніштерді атау үшін қолданыла алмайды.

<sup>528</sup> Әл-Бухари және Мұслим.

<sup>529</sup> Сол жерде.

<sup>530</sup> Мұслим және Абу Ауана. Бұл хадисте (адамдар) кимейтін нәрсенің үстіне отыру туралы қуәлік бар, сөйтіп, ол, бұл әл-Бухаридің мен Мұслимнің «Сахихтарында» және сенімді хадистердің басқа да жинақтарында айтылғандай, жібек киуге деген тыйымның сенімді болуы себепті одан жасалған қандай да бір нәрсенің үстіне отыруға да қатаң тыйым салынатынына нұскайды. Іс жүзінде бұл жерде жібектен жасалған қандай да бір нәрсенің үстіне отыруға деген айқын тыйым аталып тұр, ендеше, кейбір ірі ғалымдардың мұны рұқсат ететіні сендерді абыржуга салмасын.

Аудармашының ескертпесі: сенімді хадистерде келетініндей, жібекті, сондай-ақ алтынды киуге деген тыйым тек ерлерге қатысты күшке ие, әрі әйелдерге мұның қатысы жоқ.

## (Бірінші) сәждеден кейін бой түзеп

отыру туралы

«الرَّفْعُ مِنَ السُّجُودِ»

Кейін «ол  сәжде жасағаннан соң, тәкбір айтып, басын көтеретін»<sup>531</sup> және «намазды нашар орындаған адамға»:

«لَا تَتَمَّ صَلَاةٌ لِأَحَدٍ مِنَ النَّاسِ حَتَّىٰ ... يَسْجُدَ، حَتَّىٰ تَطْمَئِنَ مَفَاصِلُهُ، ثُمَّ يَقُولُ: إِنَّ اللَّهَ أَكْبَرُ»، وَيَرْفَعُ رَأْسَهُ حَتَّىٰ يَسْتَوِي قَاعِدًا».

«Адамның намазы, .... ол буындары тынышталғанга дейін сәжде жасамайынша, ал кейін: «Аллаху әкбар! (Аллаh Ұлы!)», - деп, басын көтермейінше және тік отырмайынша, толық болмайды», - деп айтып, осыны бүйірған<sup>532</sup>. Сондай-ақ кейде «ол осы тәкбірді айтқан кезінде екі қолын көтеретін»<sup>533</sup>.

<sup>531</sup> Әл-Бухари және Мұслим.

<sup>532</sup> Абу Дауд және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген, және онымен әз-Зәһаби келіскең.

<sup>533</sup> Әл-Бухари «Жуз' Раф' әл-Йадайн фи-с-Саләт» кітабында, Абу Дауд, Мұслим және Абу Ауана бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (316) кітабында келтірілген. Осы жерде, әрбір тәкбірді

Кейін «ол сол аяғын (астына бүгіп) жерге төсейтін және оның үстіне [босаңсып] отыратын»<sup>534</sup>; ол «намазды нашар орындаған адамға» осыны бұйырып, былай деп айтқан:

«وَإِذَا سَجَدْتَ فَمَكِّنْ لِسُجُودِكَ فَإِذَا رَفَعْتَ رَأْسَكَ فَاجْلِسْ عَلَى فَخِذِكَ الْيُسْرَىٰ».

«Сен сәждеге барған кезіңде, (жерге) мызыым тірел, ал кейін, (одан) көтерілгеніңде, сол саныңың үстіне отыр»<sup>535</sup>. (Осылайша отыру үлгісі «ифтираш» деп аталады – Аудармашының ескерпесі).

айтатын кездегідей, екі қолды көтеру туралы имам Ахмад айтатын, бұл туралы Ибн әл-Қайим «әл-Бәдаі» (3/89) кітабында былай деп көлтіреді: «Әсрам (кітаптың түпнұсқасында Ибн әл-Әсрам) одан (имам Ахмадтан) оған намазда екі қолды көтеру туралы сұрақ қойылғанда, ол: «Әр еңкейгенде және көтерілгенде», - деп жауап бергенін жеткізген». Бұдан тыс осы пікірді шәфи'и мазһабының өкілдерінен Ибн әл-Мунзир және Абу Али үстянган және имам Мәлік пен әш-Шәфи'идің өздері де бұл туралы «Тарх әт-Тасрибте» хабарланатындағы. Осылай қол көтеру туралы Әнас ибн Мәліктен, Ибн Омардан, Нәфи'ден, Тауустан, әл-Хасан әл-Бәсриден, Ибн Сириннен және Әййуб әс-Сихтианиден де жеткізіледі – олардан жеткен бұл сенімді хабарлардың барлығы «Мусаннаф Ибн Абі Шәйба» (1/106) кітабында көлтіріледі.

<sup>534</sup> Ахмад және Абу Дәуд бұл хадисті жақсы иснадпен көлтіреді.

<sup>535</sup> Әл-Бухари және әл-Бәйінка.

«Ол оң аяғының (табанын) тік қоятын»<sup>536</sup> және «оның башпайларын Қыбла жаққа қарататын»<sup>537</sup>.

Екі сәжденің арасында «ик‘а’»<sup>538</sup> үлгісімен  
отыру туралы  
«الْقَعْدَةُ بَيْنَ السَّجْدَتَيْنِ»

«Кейде ол ﷺ [екі табанының екеуіне де және аяғының (барлық) саусақтарына сүйеніп отырып,] «ик‘а’» үлгісімен отыратын»<sup>539</sup>.

<sup>536</sup> Ән-Нәса‘и бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

<sup>537</sup> Мұслим, Абу Ауана, Абу әш-Шайх Ибн Хайян «Ма раяху Абу әз-Зубайдир ‘ан Файр Жәбір» (№№104-106) және әл-Бәйінаки.

<sup>538</sup> Осы күйде намаз орындаушы балтырларын сандарының астына жинап, екі аяқтарының табандарын жерге тіреп, олардың үстіне отырады. Қз.: Сафий әр-Рахман әл-Мубаракфури «Итхад әл-Қирам» (Аудармашының ескертпесі).

<sup>539</sup> Мұслим, Абу Ауана, Абу әш-Шайх «Ма раяху Абу әз-Зубайдир ‘ан Файр Жәбір» (№№104-106) және әл-Бәйінаки. Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рақым етсін) мұны назарынан жіберіп алды және Пайғамбар ﷺ екі сәжденің арасында «иғтираш» үлгісін қабылдағанын атап айтқан соң: «Одан отырудың басқа ешқандай тәсілі сақталмаған!», - деді. «Ик‘а’» үлгісінде отыру Ибн Аббастан жеткен хадисте Мұслимнің, Абу Дәудтың және әт-Тирмизидің жинақтарында әрі басқа да хадис кітаптарында келтірілсе және

**Екі сәждे арасында тыныштық сақтаудың  
міндеттілігі туралы  
«وُجُوبُ الطَّمَانِيَّةِ بَيْنَ السَّجْدَتَيْنِ»**

«Ол  әрбір сүйегі өзінің (бастапқы) орнына қайта келмейінше босаңситын»<sup>540</sup> және «намазды нашар орындаған адамға» осыны бұйырып, оған (және басқа адамдарға):

«لَا تَتِم صَلَاةً أَحَدٌ كُمْ حَتَّىٰ يَفْعَلَ ذَلِكَ».

---

соңғысы оны сенімді деп айтқан болса (Кз.: «Силсилат ал-Әхадис ас-Сахиха», 383); әл-Бәйһақидің жинағында Ибн Өмардан жақсы тізбек арқылы жеткізілген, Ибн Хәжар оны сенімді деп айтқан хадис келтірілсе, мұндан түжірим қалайша дұрыс болмақ?! Бұдан бөлеқ, Абу Ислак әл-Харби «Фариб ал-Хадис ТЕ» (5/12/1) Таусстан Ол Ибн Өмар мен Ибн Аббас-тың «ик’а’» үлгісімен отыргандарын көргендігін келтіреді – бұл хабардың тізбегі сенімді. Пайғамбардың  қабіріне нұсқап: «Мына қабірде жатқан (кісіден) басқа әрбіріміздің сөзіміз қабылдануы да, кері қайтарылуы да мүмкін», - деп айтқан имам Мәлікті Аллах Өзінің рақымына бөлесін. Осы Сұннетті кейбір сахабалар, олардың ізбасарлары және басқа адамдар үстенған, ал осы жерде қозғалған мәселені мен толығырақ осы кітаптың түпнұсқасында («әл-Әсл») келтірген болатынмын. Эрине, (отырудың) бұл «ик’а’» үлгісі тыйым салынған үлгідегідегі (отырудан) ерекшеленеді, бұл туралы «Тәшәххүд» тарауында сөз болмақ.

540 Абу Дәуд және әл-Бәйһаки бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

«Егер осылай істемесеңдер, сендердің ешқайсыларыңың, намаздарың, толық болмайды», - деп айтты<sup>541</sup>.

Сондай-ақ «оның ﷺ екі сәждे арасында отыруы ұзақтығы бойынша шамамен сәждे жасау уақытымен бірдей болатын»<sup>542</sup>, ал кейде «ол екі сәжденің арасында (соншалықты ұзак) отыратын - тіпті кейбір (адамдар) ол (екінші сәжде туралы) ұмытты деп ойлайтын»<sup>543</sup>.

### Екі сәжденің арасында айтылатын зікірлер «الْأَذْكَارُ بَيْنَ السَّجْدَتَيْنِ»

Екі сәжденің арасында отыру кезінде ол ﷺ былай деп айтатын:

<sup>541</sup> Абу Дауд және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәhabи келісken.

<sup>542</sup> Әл-Бухари және Мұслим.

<sup>543</sup> Әл-Бухари және Мұслим. Ибн әл-Қайим былай деп айтқан: «Адамдар сахабалардың дәүірі аяқталған соң бұл Сұннеттен бас тартты. Алайда Сұннетті басшылыққа алған және оған қайшы келетін нәрселерге алаңдамайтын адам, осы Басшылықтан ерекшеленетін нәрселерге көніл бөлмейді».

1. «اللَّهُمَّ [رَبِّ]! اغْفِرْ لِي، وِإِنْتَ هُنْيٌ، [وَاجْبُرْ نِي]، [وَأَرْفَعْ نِي]، وَاهْدِنِي.

[وَعَافِنِي]، وَأَرْزُقْ نِي».

Аллаһұммә, [басқа бір нұсқада: *Рабби*] ғ�ир ли, *уа-рхам-ни*, [*уа-жбур-ни*], [*уа-рфә'-ни*], *уа-һди-ни*, [*уа'афи-ни*], *уа-рзу-қни*.

«*Уа, Аллаh, [басқа бір нұсқада: Раббым]* мені кешір және рақым ет, [*және маган күш бер*], [*және мені көтермелे*] және мені тура жолға сала ғөр, [*әрі мені ғафу ет*] және маган ризық бер!»<sup>544</sup>

Немесе кейде ол былай деп айтатын:

2. «رَبِّ! اغْفِرْ لِي اغْفِرْ لِي».

*Рабби-ғ�ир ли, ғ�ир ли.*

«*Раббым, мені кешір, кешір мені!*»<sup>545</sup>.

544 Абу Дауд, ат-Тирмизи, Ибн Мәжәһ және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби келіскең.

545 Ибн Мәжәһ бұл сөздерді жеткізушілердің жақсы тізбегі арқылы келтіреді. Имам Ахмад Аллаһқа осы дүға арқылы жалбарынуды абзал көрген. Исхак ибн Раҳаяйн былай деп айтқан: «Егер адам қаласа, осы сөздерді үш рет қайталап айтса болады немесе ол: «*Уа,*

Ол сондай-ақ осы екі дұғаны қосымша тұнгі намаздарын орындау кезінде де айтатын<sup>546</sup>.

**Екінші сәждे**  
**«السَّجْدَةُ الثَّانِيَةُ»**

Кейін «ол тәкбір айтып, екінші сәждені орындаитын»<sup>547</sup>. Ол осылай істеуді «намазды нашар орындаған адамға» бұйырып, мұны екі сәжде арасында толық отыру туралы айтқан

---

Аллаһ, мені кешір...», - десе де болады, ейткені екі сәжденің арасындағы осы екі дұға туралы Пайгамбардан ﷺ хабарланады («Мә-сә’ил әл-Имам Ахмад уа Исхак ибн Раҳаяйһ», Исхак әл-Мәруазиден жеткен хадистер бойынша<sup>19</sup>-бет).

<sup>546</sup> Бұл \*айт парыз намаздарын орындау кезінде Аллаһқа осындай дұғалармен жалбарынудың занұды екенін жоққа шығармайды, ейткені бұл жерде парыз және нәпіл намаздардың арасында қандай да болмасын айырмашылық жоқ. Бұл пікірді әш-Шәфи’и, Ахмад және Исхак сынды имамдар ұстанған. Әт-Тирмизи хабарлағаныңдай, олар бұл (амал) парыз және қосымша намаздарда рұқсат етілген деп есептеген. Имам әт-Тахауи де осы пікірге қосылып, бұл туралы «Мүшкіл әл-Асар да» жеткізген. Осы жерде қозғалған мәселенің тиісті талдауы осы дәйекті растайды, ейткені «намазда Аллаhtы еске алу сөзі (зікір) өз күшін жогалтады» деген ереже жоқ. Осы ереже аталған жағдайда да күшке ие.

<sup>547</sup> Әл-Бухари және Муслим.

соң: «...*Кейін: «Аллаh Ұлы (Аллаhу әкбар)!*», - *деп айт та, барлық бұындарың босаңсығанына дейін сәжде жаса [әрі осыны әр намазыңда істе]*», - деді<sup>548</sup>.

Сондай-ақ кейде «ол осы тәкбірді айтқанда (сәждеге барада – ред.) екі қолын көтеретін»<sup>549</sup>.

Ол бұл сәждені тұра бірінші сәждені орындағандай етіп орындаитын. Кейін «ол тәкбір айттып, басын көтеретін»<sup>550</sup> және «намазды нашар орындаған адамға» осылай істеуді бұйырып, екінші сәждені жасау туралы бұйрығынан соң: «...*Кейін тәкбір айттып, басыңды көтер*», - деді<sup>551</sup>.

**Ол оған сондай-ақ:**

548 Абу Дәуд және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби келіскең.

Жақшалардың ішіндегі косымшаны әл-Бухари және Мұслим келтірген.

549 Абу Ауана және Абу Дәуд бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбектері арқылы келтіреді.

Деректе хабарланғандай, осындағы үлгімен қол көтеруді жақтап Ахмад, Мәлік және әш-Шәфи'и сынды имамдар пікір айтқан. «Бірінші сәждеден кейін бой түзеп отыру туралы» тараудағы соңты ескертпені қараңыз:

550 Әл-Бухари және Мұслим.

551 Абу Дәуд және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби келіскең.

«إِنَّمَا اصْبَحَ ذَلِكَ فِي كُلِّ رَكْعَةٍ وَسَجْدَةٍ، فَإِذَا فَعَلْتَ ذَلِكَ، فَقَدْ تَمَّتْ صَلَاتُكَ، وَإِنْ أَنْقَضْتَ مِنْهُ شَيْئًا؛ أَنْقَضْتَ مِنْ صَلَاتِكَ».

«[...Кейін әрбір рукуғ пен сәждені жасаған кезінде осылай істе], өйткені егер сен осылай істесен, намазың толық болады, ал егер осыдан бір нәрсені жіберіп алсаң, намазың (соңына) дейін аяқталмаған болады, - деп айтқан<sup>552</sup>.

Сондай-ақ кейде «ол осы тәкбірді айтқан кезде (сәждеден тұрганда – ред.) екі қолын көтеретін»<sup>553</sup>.

### Демалыс отырысы (жәлсат әл-истираха) «جلسَةُ الْإِسْتِرَاحَةِ»

552 Ахмад және Эт-Тирмизи, соңғысы бұл хадисті сенімді деген.

553 Абу Ауана және Абу Дәуд бұл хадисті жеткізушілерден екі сенімді тізбектері арқылы келтіреді.

Осындай үлгімен қол көтеруді жақтап Ахмад, Мәлік және әш-Шәфи'и Сынды имамдар пікір айтқан.

Кейін «ол  бойын түзеп [әрбір сұйегі өз орнына келгенге дейін сол аяғының үстіне, тік] отыратын»<sup>554</sup>.

**Келесі ракағатты жасау үшін екі қолға сұйеніп**

**тұру туралы**

**«الْعِمَادُ عَلَى الْيَدَيْنِ فِي النُّهُوضِ إِلَى الرَّكْعَةِ»**

Кейін «ол екінші ракағатты орындау үшін (екі қолымен) жерге сұйеніп тұратын»<sup>555</sup>. Сондай-ақ «ол намаз кезінде орнынан тұрғанда

<sup>554</sup> Әл-Бухари және Абу Дауд. **Фақиһ ғалымдарға бұл отырудын үлгісі** «жәлсат әл-истираҳа» (демалыс отырысы) деген атпен белгілі. Имам әш-Шәфи'и мұны құптаған. «Әт-Тахқик» (1/111) кітабында келтірілгендей имам Ахмад та «жәлсат әл-истираҳа»<sup>ны</sup> құптаған, ал ол Сұннетке қайшы келмейтін нәрселерде оған ілесуге үмтүлғанымен көпкө танымал еді. Ибн Һани «Мәса'ил әл-Имам Ахмад» (42-бет) кітабында былай деп хабарлаган: «Мен Абу Абдуллаһтың (имам Ахмад) келесі ракағатты орындау үшін орнынан тұрған кезінде кейде екі қолына сұйеніп тұратынын, ал кейде отырган қүйінде бойын түзеп, содан соң (ғана) орнынан тұратынын көретінмін». Бұл пікірді имам Исхақ Ибн Раҳаяйн та абзal көріп, әрі «Мәса'ил әл-Мәрәузә» (1/147/2) кітабында: «Орыннан тұрған кезде екі қолға сұйену өнегесі Пайғамбар  тарапынан көрсетілген болатын, (намаз орындаушы) қария немесе жасөспірім болса да», - деген. Сондай-ақ қз.: «әл-Ируа» (2/82/3).

<sup>555</sup> Әл-Бухари және әш-Шәфи'и.

қолына сүйеніп, саусақтарын жұдырыққа түйетін<sup>556»<sup>557.</sup></sup>

«Ол екінші ракағатты орындау үшін орнынан тұрған кезінде, (оны):

الحمد لله رب العالمين

«*Әлхамду лиЛләhi раббил 'аләмин*  
**(Әлемдердің Раббысы – Аллаһқа мадақ!)**»  
 («әл-Фатиха» сүресі, 1-аят), - деп бастаған, әрі  
 (осы орайда) үзіліс жасамайтын»<sup>558.</sup>

<sup>556</sup> Сөзбе-сөз: «қамыр илеуші адам секілді».

<sup>557</sup> Абу Исхақ әл-Харбі бұл хадисті жеткізушілердің мінсіз (салих) тізбегі арқылы жеткізген. Бұл хадистің мағынасын сондай-ақ әл-Бейнеки де жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтірген. Ал «Ол жебе сияқты қолына сүйенбестен орнынан тұратын» деген хадиске келер болсақ, ол жалған және ойдан шығарылған (мәудү), әрі осыған үқас магынадағы барлық хабарлар, мен (мұны) «Силсиләт әл-Әхадис әд-Да'ифада» (562, 929, 968) түсіндіргенімдей, не әлсіз, не сенімсіз.

<sup>558</sup> Мұслим және Абу Ауана. Бұл хадисте «тәрк етілетін үзіліс» дегеннің астарында намаздың басында оқылатын дұғаны (дұ'a әл-истіфтах) оқу үшін жасалатын үзіліс түсініледі, әрі ол өзіне шайтанның кесірінен пана тілеп, Аллаһқа жалбарыну сөздерін (исті'аза – «А'узу би-Лләхи мин әш-шайтан....») қамтымауы да мүмкін; немесе бұл үзіліс едәуір кенірек мағынага ие. Бірінші тұжырым маған барынша сенімді болып көрінеді. Фалымдарда «исті'аза» сөздерін (әрбір ракағатта) айту туралы екі пікір бар, әрі біз: «Олардың ішіндегі ең дұрысы әрбір ракағатта

Ол бұл ракағатта біріншісінде істеген нәрселерді істеп, жоғарыда айттылғандай, оны біріншісінен қыска ететін.

### **«Әл-Фатиха» сүресін әрбір ракағатта оқудың міндеттілігі туралы**

Ол «намазды нашар орындаған адамға» «әл-Фатиха» сүресін әрбір ракағатта оқуды бұйырды, әрі оған оны бірінші ракағатта оқу туралы бұйрығынан соң<sup>559</sup> бұны: «...Әрі барлық намазында осылай істе!», - деді<sup>560</sup>. Осы хадистің басқа бір нұсқасында: «...әрбір ракағатта», - деп жеткізіледі<sup>561</sup>. Ол сондай-ақ: «Әрбір

---

осы сөздерді айтуды жақтайдыны болып табылады», - деп санаймыз. Бұл мәселе толығырақ осы кітаптың түпнұсқасында («әл-Әса») қарастырылған.

<sup>559</sup> Абу Дәуд және Ахмад бұл хадисті күшті иснадпен келтіреді.

<sup>560</sup> Әл-Бухари және Мұслим.

<sup>561</sup> Ахмад бұл хадисті жақсы иснадпен келтіреді.

*ракағатта – (әл-Фатиханы) оқу (бар)», - деп айтатын<sup>562</sup>.*

### Бірінші тәшәһүд «الشَّهْدُ الْأَوَّلُ»

Кейін ол  екінші ракағатты орындаپ болған соң тәшәһүдты айту үшін отырып алатын. Егер намаз екі ракағаттан тұрса, мысалы, таң (*фәжр*) намазындаі, онда ол екі сәжденің арасындағыдай «ифтираш» үлгісімен отыратын<sup>563</sup>. Үш немесе төрт ракағаттан тұратын намаздарда «ол бірінші тәшәһүдты орындаған кезде де» тұра сол сияқты отыратын<sup>564</sup>.

562 Ибн Мәжәх, Ибн Хиббан өзінің «Сахих» кітабында және Ахмад «Мәса'ил Ибн Һаниде» (1/52). Жәбир ибн Абдуллаһ (Аллаһ өған разы болсын) былай деп айтқан: «Кім Кітаптың Анасын оқымастан бір ракағат (болса да) намаз оқыса, ол намазды (мұлде) орындаамады, тек егер ол имамға үйіп намаз орындаған болсағана». Бұл хабарды имам <sup>Мәлік</sup> өзінің «әл-Муатта» хадистер жинағында келтіреді.

563 Ән-Нәса'и (1/173) бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

564 Әл-Бухари және Абу Дәуд

Ол «намазды нашар орындаған адамға»  
осылай істеуді бұйырып:

«فَإِذَا جَلَسْتَ فِي وَسْطِ الصَّلَاةِ، فَاطْمَئِنْ، وَافْتَرِشْ فَخِذْكَ الْيُسْرَى، ثُمَّ تَشَهَّدْ». <sup>565</sup>

*«Намаздың ортасында отыратын кезінде тыныштал, сол саныңды төсө де, тәшаһүдты айт», - деди*<sup>565</sup>.

Абы Һурайра (Аллаh оған разы болсын) былай деп айтқан: «Менің сүйікті досым маган ит секілді жүресінен отыруга («ик'а」) тыйым салды»<sup>566</sup>. Басқа бір хадисте: «Ол шайтан сияқты жүресінен отыруга тыйым салатын», - деп хабарланады<sup>567</sup>.

565 Абу Дәуд және әл-Бәйінаки бұл хадисті жеткізушілердің жақсы тізбегі арқылы көлтіреді.

566 Әт-Тайалиси, Ахмад және Ибн Аби Шәйба. Абу 'Убайда және басқалар «ик'а'тың» мұндай түрін былай түсіндірген: «Бұл – адамның құйрығын жерге тіреп, балтырларын тік ұстап және қолымен жерге сүйеніп отыруы, тура осылай ит отырады». «Ик'а'тың» мұндай түрі, бұл туралы жоғарыда айтылғандай, Сұннет тарапынан мақұлданатын екі сәжденің арасындағы «ик'а」 отырысынан өзгешеленеді.

567 Мұслим, Абу Ауана және басқалар. Бұл хадистің алғынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (316) кітабында көлтірілген (осыдан бұрынғы ескертпеде сөз етілетін

«Ол тәшаббұзды айту үшін отырған кезде оң алақанын оң санының үстіне [басқа бір нұсқада: «...оң тізесінің үстіне»], ал сол алақанын— сол санының үстіне [басқа бір нұсқада: «...сол тізесінің үстіне, оны (яғни алақанды) оның үстінде (төмен қарай) ашып»] қоятын»<sup>568</sup>, және «ол оң қолының шынтағының үшін оң санының үстіне қоятын»<sup>569</sup>.

Сондай-ақ «ол намаз кезінде сол қолына сүйеніп отырған адамға осылай істеуге тыйым салып:

«إِنَّهَا صَلَاةُ الْيَهُودِ».

---

«итше отырыс», «шайтанның отырысы» деп те аталады. Кз.: Сафий ар-Рахман әл-Мубаракфури «Итхад әл-Қирам» – Аудармашыдан.).

568 Мұслим және Абу Ауана.

569 Абу Дауд және Ән-Нәса'и бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді. Бұл хадистің мағынасынан шыға келе, бұл жерде «ол шынтақтарын жамбастарынан керіп ұстамады» деп тұжырым жасауға болады, мұны Ибн әл-Қайим «Зад әл-Ма'ад Та» түсіндіріп бергендей.

«Ақиқатында, бұл яһудилердің намазы!», -

деді<sup>570</sup>; бұл хадистің басқа бір нұсқасында:

«لَا تَجِلِّسْ هَكَذَا إِنَّمَا هَذِهِ جُلْسَةُ الَّذِينَ يُعَذَّبُونَ».

«Былай отырма, өйткені бұл азапқа  
тартылательндардың отырысы!», - деп  
айтылады<sup>571</sup>.

Басқа бір хадисте: «Мұндай отырыспен  
(Аллаһтың) қаһарына үшырагандар  
отырады», - делінген<sup>572</sup>.

Тәшәххүдты айту кезінде (он қолдың сұқ  
бармағын) қимылдану туралы  
«تَحْرِيْكُ الْاَصْبَعِ فِي التَّشْهِدِ»

«Ол ғәлім өзінің сол алақанын сол тізесінің  
үстінде (төмен қарай) жайып қоятын, он

<sup>570</sup> Әл-Бәйһаки және әл-Хаким, сонғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби келіскең.

Бұл және келесі хадистің алынған көздері мен жеткізушилерінің  
тізбектері «әл-Ируа» (380) кітабында келтірілген.

<sup>571</sup> Ахмад және Абу Дәуд бұл хадисті жеткізушилердің жақсы тізбегі арқылы келтіреді.

<sup>572</sup> Абд ар-Раззак; Абдул Ҳакк өзінің «әл-Әхкам» (1284) кітабында бұл хадисті сенімді деген.

Бұл кітаптағы хадистерінің сенімділігін мен тексеріп шыққанмын.

қолының барлық бармақтарын жұдырыққа жинап, сүк саусағымен Қыбла тарапқа нұсқайтын, оған (яғни оң қолының сүк бармағына) көзін тігетін»<sup>573</sup>.

Сондай-ақ «саусағымен нұсқаған кезінде ол (оң қолының) бас бармағын ортан саусақтың үстіне қоятын»<sup>574</sup>, ал кейде «ол бұл екі саусағымен шеңбер жасайтын»<sup>575</sup>.

«Өзінің оң қолындағы (сүк) саусағын көтеріп, ол арқылы Аллаһқа жалбарынып

573 Мұслим, Абу Ауана және Ибн Хузайма. Әл-Хумайди (13/1) және Абу Йа'лә (275/2) жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы Ибн Омардан келесі қосымшаны жеткізген: «...әрі бұл шайтанға қатты соққы береді; ешкім осылай істеген кезінде (бұл туралы) ұмытпасын», - әрі әл-Хумайди өз саусағын көтерді. Әл-Хумайди сондай-ақ Мұслим ибн Абу Мәриямның: «Бір адам маған Сирияның шіркеулерінің бірінде осылай істегендері (бейнелентген) пайғамбарлардың сүреттерін көргенін айтты», - деп айтқанын жеткізіп, саусағын көтерді. Бұл өте сирек кездесетін байқау екенін атап өткен жөн, алайда бұл хабардың бүкіл тізбегі, тіпті «бір адам» деген сөздерге дейін, сенімді болып табылады.

574 Мұслим және Абу Ауана.

575 Абу Дауд, ән-Нәс'a и, Ибн әл-Жәруд «әл-Мунтака да» (208), Ибн Хузайма (1/86/1-2), Ибн Хибан «әс-Сахих Та» (485) бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді. Ибн әл-Муләккин де бұл хадисті сенімді деген (28/2) және оны растайтын хабарды Ибн 'Адий (287/1) келтіреді.

## ҚИМЫЛДАТАТЫН»<sup>576</sup> және ол (оң қолдың) сұқ саусағын меңзеп:

<sup>576</sup> Сол жерде. «Онымен Аллаһқа жалбарынып» деген сөздер туралы имам Әт-Тахауи былай деп айтқан: «Бұл оның намаз соңында осылай істегендігі туралы қуәлік береді». Мен (яғни шейх әл-Әлбани – Аудармашының ескертпесі) былай деймін: сөйтіп, бұл жерде (Қыбла тарапқа) саусақпен ишара жасауды жалғастыру және тіпті сәлем берілгенге (таслимге) дейін оны қимылдату Сұннет болып табылатындығына дәлел бар, өйткені Аллаһқа дүрга етіп жалбарыну сәлем берілгенге (таслимге) дейін үзіліссіз жалғасады. Осы пікірді имам Мәлік және басқалар (ғалымдар) ұстанатын Имам Ахмадқа (бірде) «Адам намазда саусағымен ишара жасау керек пе?» деген сұрақ қойылады. Ол: «Иә, (әрі барынша) екпінді түрде», - деп жауап берген. (Бұл туралы Ибн Һани өзінің «Маса’ил әл-Имам имам Ахмад», 1/80 кітабында хабарлаған). Баяндалғаның барлығынан тәшашхүд айту кезінде (оң қолдың сұқ саусағымен) қозғалыс жасау Пайғамбардың ﷺ сенімді Сұннеті екендігі әрі оған сәйкес Ахмад әрі Сұннеттің басқа да имамдары амал еткені әп-айқын болады. Сондықтан да бұл әрекетті мән-магынасыз, орынсыз және намазға еш қатысы жоқ деп ойлайтын адамдар Аллаhtан қоркуы керек, өйткені осылай ойлауы себепті олар өздерінің (сұқ) саусақтарын қимылдатпайды, тіпті бұл бекітілген Сұннет екенін білсе де. Бұдан бөлек, олар осыған бар күш-жігерлерімен араб тілінде сөйлеудің тәсілдерімен сыйыспайтын және бұл мәселенің имамдар тарапынан түсінінуіне қайшы келетін түсінірме бергілері келеді.

Олардың кейбіреулері басқа мәселелер бойынша белгілі бір имамды, тіпті оның пікірі Сұннетке қайшы болып жатса да қорғайтыны, әрі өз ұстанымын «имамның қателітеріне нұсқау міндettі түрде оны қорлау және оған құрметсіздік таныту болады» деген (тұжырыммен) дәйектеуі таң қалдырады. Сонын олар бекітілген Сұннетті ұмытады әрі жоққа шығарады, әрі осы орайда оған сәйкес амал ететіндерді келемеждейді. Олар мұны білсе де, білмей істесе де, өздерінің әдеттері бойынша бар күш-жігерін салып өтірік пен шындық арқылы қорғайтын өз имамдарын да

«لَهِيَ أَشَدُ عَلَى الشَّيْطَانِ مِنْ الْحَدِيدِ. يَعْنِي: السَّبَابَةَ».

«Ақиқатында, ол шайтанга темірден де қатты әсер етеді», - деп айтатын»<sup>577</sup>.

Бұдан тыс, «Пайғамбардың ﷺ сахабалары да Аллаһқа дұға етіп жалбарынғанда саусақпен

мысқылдаған болады, алайда дәл осы жолы имамдардың Сұннетке қатысты ұстанымы дұрыс-ақ! Іс жүзінде осынысымен олар Пайғамбардың ﷺ, өзін мысқылдайды, өйткені осы Сұннетті бізге оның дәл өзі алғып келген, демек, оны мысқылдау Пайғамбарды ﷺ мысқылдаумен бірдей.

Ал (сұқ) саусақты ишара жасап болған соң түсіру немесе оның қозғалысын («Лә иләһі...» сөздерін айту кезіндегі) теріске шығарумен және («...илләЛлаһ» сөздерін айту кезіндегі) бекітумен шектеуге келер болсақ, мұның барлығының Сұннетте ешқандай негізі жок; іс жүзінде, бұл Сұннетке қайшы келеді, бұған осы хадис қуә болады.

Ал «ол ﷺ (намаз орындау кезінде оң қолындағы сұқ) саусағымен қозғалыстар жасамайтын» деген хадиске келер болсақ, ол, мұны мен «Да'иф Аби Дауд» (175) кітабында түсіндіргенімдей, сенімді емес. Бірақ егер бұл хадисті сенімді деп пайымдағаның өзінде де, онда теріске шығару (нәф) бар, ал жоғарыда келтірілген хадисте – бекіту (мұсбит) қамтылған, ал фақиһтерге «Бекітушіге (мұсбит) теріске шығарушының (нәф) алдында басымдық беріледі» деген қагида жақсы белгілі.

577 Ахмад, әл-Бәzzар, Абу Жә'фар әл-Бухтири «әл-Амалиә» (60/1), Әт-Табарани «Әл-Дү'ада» (73/1), Абдул-Ғани әл-Мәқдиси «Әс-Сұнанда» (12/2) бұл хадисті жеткізуішілердің жақсы тізбегі арқылы келтіреді, әр-Рүйани өзінің «Мұснад» кітабында (249/2) және әл-Бейнәкі.

ишара жасау қажет екендігін бір-біріне ескертетін»<sup>578</sup>. «Ол ﷺ екі тәшаббұтты (айту кезінде де) осылай істейтін»<sup>579</sup>.

Бірде «бір адамның Аллаһқа екі саусағымен қимыл жасап, жалбарынып отырғанын көріп,

Ол ﷺ оған:

«أَحَدٌ[أَحَدٌ]، وَأَشَارَ بِالسَّبَابَةِ.

«(Мұны) біреуімен істе, [біреуімен істе]!»

— деп, өзінің сұқ саусағын көрсеткен»<sup>580</sup>.

**Бірінші тәшаббұттың міндеттілігі және  
сол кезде дұға жасаудың занды екендігі  
туралы**

«وُجُوبُ التَّشَهِيدِ الْأَوَّلِ، وَمَشْرُوِّعِيَّةُ الدُّعَاءِ فِيهِ»

578 Ибн Аби Шәйба (2/123/2) бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

579 Ән-Нәса’и және әл-Бейнәни бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

580 Ибн Аби Шәйба (12/40/1, 2/123/2) және ән-Нәса’и. Әл-Хаким бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәhabи келіскең. Ибн Аби Шәйба сондай-ак осы хадисті күшайтеттін басқа хабарды келтіреді.

Кейін «ол ﷺ екі ракағатты орындаған болған соң, әр кез «әт-тахийатты» айтатын»<sup>581</sup> және «осы отырыста оның ең алғаш айтатын сөздері «...Сәлемдер Аллаһқа тән... (әт-тахийату ли-Лләхи...)» болатын»<sup>582</sup>.

«Ол алғашқы екі ракағаттан кейін тәшаббүд айтуды ұмытқан кезінде жаңылысқаны үшін (екі) қосымша сәжде (сажда әс-саһү) жасайтын»<sup>583</sup>.

Ол ﷺ оларға (сахабаларға) тәшаббүд жасауды бұйырып:

﴿إِذَا قَعَدْتُمْ فِي كُلِّ رَكْعَتِينَ فَقُولُوا: التَّحْيَاتُ لِلَّهِ ... ثُمَّ لِيَتَحْيِيَ أَحَدُكُمْ مِنْ الْدُّعَاءِ أَعْجَبُهُ إِلَيْهِ فَلِيَدْعُ بِهِ رَبَّهُ عَزَّ وَجَلَّ﴾.

«Сендер әр екі ракағаттан кейін отырган кездерінде, «әт-тахийатты» айттыңдар, ал кейін әрбірің өзіне көбірек ұнайтын дүганы таңдаған алуы тиіс және сол арқылы Аса

581 Мұслим және Абу Ауана.

582 Бұл хадис-ті әл-Бәйінеки ‘Аишадан Ибн әл-Мұләккін (28/2) тексеріп шыққан жеткізушілердің жақсы тізбегі арқылы келтіреді.

583 Әл-Бұхари және Мұслим. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (338) кітабында көлтірілген.

*Құдіретті Аллаh Тағалага жалбарынұы керек»<sup>584</sup>, - деген; бұл хадистің басқа бір нұсқасында:*

**«قُولُوا فِي كُلِّ جَلْسَةٍ: التَّحِيَّاتُ.**

*«...«әт-тәхийатты» әрбір отырыста айтыңдар», - деп хабарланады<sup>585</sup>, және бұл туралы жоғарыда айтЫлғанында, ол «намазды нашар орындаған адамға» да осылай істеуді бүйірган.*

*«Ол ﷺ оларға (сахабаларға) Құран сүрелерін үйреткеніндей тәшәһүд сөздерін де үйрететін»<sup>586</sup>, әрі сондай-ақ «Сұннетке сәйкес оны (тәшәһүдты) іштей айту керек»<sup>587</sup>.*

584 Ән-Нәса'и, Ахмад, әт-Табарани «Му'жәм әл-Кәбир» (3/25/1) кітабында бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді. Сөзбе-сөз мағынада бұл хадис әрбір тәшәһүдта Аллаһқа дүға етіп жалбарыну орынды еkenіне нұсқайды, тіпті одан кейін сәлем беру (таслим) жасалмайтын тәшәһүдта да. Бұл пікірді Ибн Ҳазм (Аллаh оны рақым етсін) ұстанатын-

585 Ән-Нас'и бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

586 Әл-Бухари және Муслим.

587 Абу Әәуд және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәhabи келіскең.

## Тәшәһүдтың түрлөрі

«صِبَعُ التَّشَهِيدِ»

Ол ﷺ өзінің сахабаларына тәшәһүдтың бірнеше түрлерін үйретті.

1. Ибн Мәс'удтан (Аллаһ оған разы болсын)  
жеткізілетін тәшәһүд.

Ибн Мәс'уд былай деп айтқан: "Аллаһтың Елшісі ﷺ менің алақанымды қолымен ұстап, маган тәшәһүдтың сөздерін тұра Құран сүрелерін үйреткеніндей етіп үйретті:

الْتَّحِيَّاتُ لِلَّهِ، وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ، السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ! وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ، السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ، أَشْهُدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَشْهُدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ.

Әт-тахийату ли-Лләхи уәс-саләвату үәт-тайибату. Әс-саламу 'аләй-кә әйиү-ха-н-нәбийиу, уә raphмату-Лләхи уә бәракату-hy. Әс-саламу 'аләй-на уә 'алә 'ибади-Лләхи-с-салихин [(осы жерде]: «Әрі ақиқатында, егер (осы сөздерді) айтсаңдар, олар Аллаһтың көктегер

мен жердегі әрбір ізгі құлына тиеді», - деп айтқан]. Әшінаду алла иләһе иллә-Аллаһу үә әшінаду әннә Мұхаммәдән ‘абду-ху үә расулю-ху.

**«Сәлемдер<sup>588</sup>, салауаттар<sup>589</sup> және (барлық) иғі сөздер<sup>590</sup> Аллаһқа тәң! Сәлем<sup>591</sup> саған, уа, Пайғамбар, және Аллаһтың рахметі мен берекеті<sup>592</sup>! Аллаһтың сәлемі бізге және Оның,**

588 Арабша «әт-тахийат»; бұл жерде «тек Аллаһ қана бейбітшілікті, шексіз билікті және мәңгілікті өзіне қамтитын барлық сөздерге лайықты» деген мензеледі («Нихая»).

589 Арабша «саләугат»; бұл жерде «Аллаһтың Ұлылығын дәріптеу үшін айтылатын барлық дүғалар» мензеледі, «өйткені тек Ол ғана оларға толық құқықты, әрі Одан басқа ешкім оларға лайықты емес («Нихая»).

590 Арабша «тайибиәт»; бұл жерде «Аллаһты мақтап-мадақтау үшін сәйкес келетін барлық иғі және кіршіксіз сөздер» мензелуде, «бірақ Оның сипаттарына сәйкес келмейтін және патшаларға сәлем беру үшін қолданатын сөздер емес» («Фәтх ал-Бәри»).

591 Бұл сөз «Аллаһқа және Одан жіберілетін күшке пана тілеп жүргіну» дегенді білдіреді, өйткені «әс-Сәләм» деген сөздің өзі Аллаһтың Есімі болып табылады. Сөйтіп, бұл сәлемдесу іс жүзінде «Аллаһ сені қарап-бақсын және сені сақтасын!» дегенді білдіреді. Тура сол сияқты: «Аллаһ жар (сенімен бірге) болсын! – яғни: - Ол сені сақтасын, саған көмектессін және саған аман-есендей берсін», - деп те айтылып жатады.

592 Бұл сөз Аллаһтан тұрақты беріліп тұратын барлық игілікті білдіреді.

*ізгі салиқалы құлдарына болсын! Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне күәлік беремін және Мұхаммад – Оның құлы әрі елисі екеніне күілік беремін».* (Әрі қарай Ибн Мәс'уд былай деп айтқан:) [«ол біздің арамызда болған кезде, біз осылай айтатынбыз, ал ол қайтыс болған соң біз: Әс-сәләму 'алә-н-нәбийи - «Пайғамбарға сәлем»] – деп айтатын болдық»<sup>593</sup>.

593 Әл-Бухари, Мұслим, Ибн Аби Шәйба (1/90/2), әс-Сираж, Абу Йа'лә өзінің «Мұснад» кітабында (258/2). Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (321) кітабында келтірілген.

Мен (яғни шейх әл-Әлбани) былай деймін: Ибн Мәс'удтың «Біз: «Әс-сәләму 'алә нәбийи - Пайғамбарға сәлем», - деп айтатынбыз» деген тұжырымдамасы сахабалардың (Аллаһ оларға разы болсын) «Пайғамбардың ﷺ тірі кезінде тәшәххүдта: «Әс-сәләму 'аләй-кә аййу-һә-н-нәбийю – Сәлем саған, уа, Пайғамбар», - деп айтқандарын түсіндіреді, алайда ол ﷺ қайтыс болған соң олар оның орнына: «Әс-сәләму 'алә нәбийи - Пайғамбарға сәлем», - деп айттып, олай істеуді тоқтатты. Олар бұны алдын ала Пайғамбардың ﷺ рұқсатын алып істегені күмәнсіз; бұны 'Аишаның (Аллаһ оған разы болсын) адамдарды құрамында «Әс-сәләму 'алә нәбийи (Пайғамбарға сәлем)» деген сөздері бар тәшәххүдқа үйреткені де растайды, мұны әс-Сираж өзінің «Мұснадында» (9/1/2) және әл-Мұхлис «әл-Фәүа'идте» (11/54/1) оған барып тірелетін екі сенімді иснад арқылы жеткізгендеріндей.

Иbn Хәжар былай деп айтқан: «(Ибн Мәс'удтың) бұл қосымшасы олардың (сахабалардың): «Әс-саләму 'алай-кә айиу-һә-нәбийю — Сәлем саган, уа, Пайгамбар», - деп, ол тірі кезінде оған тікелей жүгініп айтқандарына, алайда ол қайтыс болған соң олар оған (осы сөздер арқылы) жүгінбегендігіне, әрі мұның орнына олар: «Әс-саләму 'алә набийи (Пайгамбарга сәлем)», - деп, оны үшінші тарап түрінде еске алатынына айқын нұсқайды». Басқа бір жерде Ибн Хәжар сондай-ақ былай деп айтқан: «Әс-Сүбәқи де «Шарх ал-Минһажда» осы хабарды тек Абу 'Ауанадан: «Егер бұл сахабалардан сенімді түрде жеткізілген болса, онда (оның өмір сүру) кезеңі аяқталған соң сәлем берууде Пайгамбарга тікелей жүгіну міндетті болып табылмайды, әрі адам: «Әс-саләму 'алә набийи (Пайгамбарга сәлем)», - деп айта алады», - деп келтіріп, осылайша тұжырымдаган. (Әрі қарай Ибн Хәжар былай деп жалғастырады:) «Бұл хабар (әл-Бухари дің «Сахихында» бекітілгендігі себепті) сенімді екенідігі ешбір күмән тұгызыбайды, әрі мен оны күшеттептің басқа да күшті хабарларды таптым: 'Абд әр-Раззақ былай деп айтқан: «Ибн Журайж маган: «'Ата' маган сахабалар Пайгамбардың тірі кезінде: «Әс-саләму 'аләй-кә айиу-һә-нәбийю (Сәлем саган, уа, Пайгамбар)!», - деп айтқандарына, бірақ ол қайтыс болған соң олар: «Әс-саләму 'алә набийи (Пайгамбарга сәлем)», - деп айтқандарын жеткізген, ал бұл хабардың тізбегі сенімді», - деген. Ал Са'ид ибн Мансурдың Абу 'Убайдада ибн Абдуллаһ ибн Мәс'удтанды, ол өзінің әкесінен Пайгамбар оларға тәшәххүдты үйретті және ол осы жерде оның (тәшәххүдін) айтқандығы туралы жеткізген хабарға келер болсақ, (бұл жерде) Ибн Аббас былай деп айтқан: «Біз: «Әс-саләму 'аләй-кә айиу-һә-нәбийю (Сәлем саган, уа, Пайгамбар)!», - деп тек оның көзі тірісі кезінде айтатынбыз», - ал бұзған Ибн Мәс'уд: «Бізді (бұрын) осылай үйреткен, әрі біз (қазір) де тура солай үйретеміз!», - деп жауап берген. (Сөйтін,) Ибн Аббас бұл сөздерді пікірталас кезінде дәйек ретінде келтіріп, ал Ибн Мәс'уд бұл дәйекті қабылдамаган болуы мүмкін. Десе де, Абу

## 2. Ибн Аббастан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізілетін тәшаббұд.

Ибн Аббас былай деп айтқан: «Аллаһтың Елшісі ﷺ бізге тәшаббұд сөздерін тұра Құран [сүрелерін] үйреткенідей үйрететін. Ол былай деп айтатын:

«الْتَّحِيَّاتُ الطَّيِّبَاتُ الصَّلَوَاتُ الْمُلَائِكَةُ السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ! وَرَحْمَةُ اللهِ وَبَرَكَاتُهُ، السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللهِ الصَّالِحِينَ، أَشْهُدُ أَنَّ لَا إِلَهَ إِلَّا اللهُ[وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ]، وَأَشْهُدُ أَنَّ مُحَمَّداً عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ».»

---

Мә’мардың хабары (әл-Бұхарида келтірілген хадис) едәуір сенімдірек болып табылады, өйткені Абу ‘Убайдада өзінің әкесінен хадистер естімеген, әрі бұдан қалса (бұл хабардың) тіпті Абу ‘Убайдага дейінгі жеткізушилер тізбегі әлсіз» (Ибн Хәжардың сөздерінің соңы).

Ибн Хәжардың бұл сөздерін кейбір ғалымдар өзіндік зерттеулерін өткізу барысында келтіретін, олардың арасында: әл-Қасталләни, әз-Зуркани, Луқнауи және басқалар. Олардың барлығы оның сөздерін келтіруді әрі оларды әрі қарай түсіндірме жасауға кіріспеуді аbzal көрген. Бұл жерде қозғалған тақырып осы кітаптың түпнұсқасында(«әл-Әсл») қаралады.

Әт-тахийату-л-мубәракәту-с-сәлауату-т-  
тайибәту ли-Лләһи<sup>594</sup>. [Әс-] сәләму ‘аләй-кә айиү-  
һән-нәбийиу, уә рахмату Лләхи уә бәракәту-hy.  
[Әс-] сәләму ‘аләй-нә уә ‘алә ‘ибади-Лләхи-с-  
салихин. Әшһаду алла иләһә иллә-Лләху уә [әшһаду]  
әнна Мухаммадан расулю-Лләх [басқа бір нұсқада:  
‘абду-hy үа расулю-hy]

«Сәлем, берекелі сөздер, салауаттар,  
(барлық) ізгі сөздер Аллаһқа тән! Сәлем саған,  
үа, Пайғамбар, және Аллаһтың рақымы мен  
Оның берекеті! Аллаһтың сәлемі бізге және  
Оның ізгі салиқалы құлдарына болсын!  
Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай  
жоқ екеніне күәлік беремін және Мухаммад –  
Оның елшісі [екеніне күәлік беремін]» [басқа

594 Ән-Нәуауи былай деп айткан: «Дұрыс нұсқасы, Ибн Мә'удтың және басқа (саҳабалардың) хадистерінде хабарланатындаид, — «және» (арабша «үа») жалғаулық шылауы пайдаланғаны: «үәл-мубәракәту, уә-с-сәлауату, үат-тайибәту...». Алайда бұл жерде «және» (арабша «үа») жалғаулығы қысқарту мақсатында қалдырылған. Бұл рұқсат етіледі және араб тілінде норма (қалыпты) болып табылады. Хадистің магынасы мынандай: намаз және оған ұласатын барлық нәрсе тек Аллах Тағалага қатысты әрі басқа ешкімге емес».

бір нұсқада: «Оның құлды әрі елисі», - деп айттылады<sup>595</sup>.

3. Ибн Омардан (Аллаһ оған разы болсын)  
жеткізілетін тәшаббүд.

Ибн Омар Аллаhtың Елшісі ﷺ тәшаббүд  
кезінде келесі сөздерді айтатынын жеткізген:

الْتَّحِيَّاتُ لِلَّهِ، [وَ] الصَّلَوَاتُ [وَ] الطَّيِّبَاتُ، السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ! وَرَحْمَةُ  
اللَّهِ [وَبَرَكَاتُهُ]، السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ، أَشْهُدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ  
[وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ]، وَأَشْهُدُ أَنَّ مُحَمَّداً عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ.

Әт-тәхийату ли-Лләhi [ya-]c-саләвату [ya-]  
т-тайибату. Әс-сәләму 'аләй-кә айиу-hә-n-  
нәбийиу, уа рахмәту Лләhi [Ибн Омар былай деп  
айтқан: «Осы жерде мен<sup>596</sup>: «үә баракату-hу», -  
деп қосамын». Әс-сәләму 'аләй-nә уа 'алә 'ибади-  
Лләhi-c-салихин. Әшhаду әлә иләhә иллә-Лләhy  
[Ибн Омар былай деп айтқан: «Осы жерде

<sup>595</sup> Мұслим, Абу Ауана, әш-Шәфи'и және ән-Нәса'и.

<sup>596</sup> Келесі ескертпені қараңыз.

мен<sup>597</sup>: «уаҳда-һу лә шарикә-лә-һу», - деп қосамын»] уә әшһаду әннә Мұхаммәдән ‘абду-һу уә расулю-һу.

**«Сәлем, [және] салауаттар, [және] (барлық) иғі сөздер Аллаһқа тән! Сәлем саған, уа, Пайғамбар, Аллаһтың мархаметі [мен оның берекеті]! Аллаһтың сәлемі бізге және Оның ізгі салиқалы құлдарына болсын! [Ешбір серігі жоқ] Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне күәлік беремін және Мұхаммад – Оның құлы әрі елшісі екеніне күәлік беремін»<sup>598</sup>.**

4. Абү Муса әл-Әш’ариден (Аллаһ оған разы болсын) жеткізілетін тәшашұруд.

Ол Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын жеткізген: «...сендер (тәшашұрудты айту үшін)

<sup>597</sup> Бұл екі қосымша Пайғамбардың ﷺ өзінің тәшашұудының бір бөлігі болғандығы (Сұннетте) бекітілген. Ибн Ӯмар оларды өздігінен қоспады; ол оларды (осы қосымшаларды) Пайғамбардан ﷺ жеткізген сахабалардан үйренді, ал кейіннен өзі Пайғамбардан ﷺ тікелей естіген тәшашұрдқа қосып айтты.

<sup>598</sup> Абү ҆Дәуд және әд-Даракутни, соңғысы бұл хадисті сенімді деген.

отырган кездеріңде, ең бірінші айтатын (сөздерің) мыналар болсын:

«الْتَّحِيَّاتُ الطَّيِّبَاتُ الصَّلَوَاتُ الْمُلَّهُ، السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ! وَرَحْمَةُ اللهِ وَبَرَكَاتُهُ، السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَىٰ عِبَادِ اللهِ الصَّالِحِينَ، أَشْهُدُ أَنَّ لَا إِلَهَ إِلَّا اللهُ وَحْدَهُ لَا شَرِيكَ لَهُ، وَأَشْهُدُ أَنَّ مُحَمَّداً عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ».

Әт-тахийату, әт-тайибату, әс-салаяту-ли-Лләhi. Әс-сәләму 'аләй-кә айиу-һә-н-нәбийиу, уа рахмату-Лләhi уа бәракәтуhy. Әс-сәләму 'аләй-нә уа 'алә 'ибади-Лләhi-с-салихин. Әшһаду әлә иләһа иллә-Лләhy [уахда-hy лә шарикә-лә-hy] уа әшһаду әннә Мұхаммәдан 'абду-hy уа расулю-hy.

«Сәлем, (барлық) иғi сөздер, салауаттар – Аллаһқа тән! Сәлем саған, уа, Пайгамбар, Аллаһтың мархаметі мен оның берекеті! Аллаһтың сәлемі бізге және Оның ізгі салиқалы құлдарына болсын! [Ешбір серігі жок] Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жок екеніне күәлік беремін, және Мұхаммад – Оның құлы әрі елшісі екеніне күәлік беремін» (Әрі қарай Пайғамбар ﷺ: «Намаздағы сәлем

беру болып табылатын жеті сөз», - деп айтқан)<sup>599</sup>.

5. Омар ибн әл-Хаттабтан (оған Аллаһ разы болсын) жеткізілетін тәшашұхуд.

Омар ибн әл-Хаттаб (оған Аллаһ разы болсын) адамдарды тәшашұхуд сөздерін айтуға мінберде тұрып үйрететін. Ол былай деп айтатын: «*Айтыңдар:*

«الْتَّحِيَّاتُ لِلَّهِ، الْزَّاكِيَّاتُ لِلَّهِ، الطَّيِّبَاتُ [لَهُ]، الصَّلَوَاتُ لِلَّهِ، السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ! وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ، السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ، أَشْهُدُ أَنَّ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَشْهُدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ».»

Әт-такийату ли-Лләhi, әз-зәкийату ли-Лләhi, әт-тайибә-ту [ли-Лләhi]. Әс-саләму 'аләй-кә айиу-һә-н-нәбийиу, уа раҳмәту Лләhi уа бәракәту-hy. Әс-саләму 'аләй-нә уа 'алә 'ибади-Лләhi-с-салихин. Әшиһаду алла иләһа иллә-Лләhy, уа ашиһаду әнна Мұхаммәдән 'абду-hy уа расулю-hy.

<sup>599</sup> Мұслим, Абу Ауана, Абу Дауд және Ибн Мәжән.

**«Сәлем - Аллаһқа тән, (барлық) Пәк (Есімдер) - Аллаһқа тән, (барлық) иғі сөздер [- Аллаһқа тән]. Сәлем саған, уа, Пайғамбар, Аллаһтың мархаметі мен Оның берекеті! Аллаһтың сәлемі бізге және Оның ізгі салиқалы құлдарына болсын! Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне қуәлік беремін, және Мұхаммад – Оның құлы әрі елшісі екеніне қуәлік беремін»<sup>600</sup>.**

<sup>600</sup> Малик және ал-Бейінаки бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбектері арқылы келтірген. Бұл хадис «мәуқүф» түрінде жеткізілгеніне қарамастан іс жүзінде ол «мәрфү» түріне ие өйткені мұндай нәрселер өз атынан айтылмайтыны белгілі, өйткені егер осылай болғанда, бұл сөздер Аллаһты еске алатын басқа сөздерден (зікірлерден) жақсырақ болmas еді, - мұның барлығына Ибн Абд ал-Бәрр нұсқады.

**Маңызды ескертпе:** тәшаһхудтың бірде-бір ұлтісінде «уа мағфиратуhy (және Оның кешірімі)» деген қосымша сөздер жоқ, сондықтан да намаз орындаушы оларға әдеттеніп алмауы керек. Алғашқы салиқалы алдынғы буын өкілдері (сәләфтар – аудармашыдан (қз.)) мұны теріске шығаратын, бұл туралы келесі хабарларда жеткізілетініндей;,

Әт-Табарани (3/56/1) Тәлха ибн Мусарифтен сенімді тізбек арқылы оның былай деп айтқанын жеткізген: «Раби' ибн Хайсам тәшаһхудты айтуда «...және Оның берекеті мен Оның кешірімі!» деген қосымшаны жасады. Мұны естіген 'Алқама: «Біз өзімізді

## 6. Айшадан (оған Аллаһ разы болсын) жеткізілетін тәшаббұд.

Әл-Қасим ибн Мухаммад былай деп хабарлаған: «Айша (оған Аллаһ разы болсын) бізді тәшаббұд айтуда үйрететін. Ол қолымен ишара жасады да, былай деп айтты:

﴿الْتَّحِيَّاتُ الطَّيِّبَاتُ الصَّلَوَاتُ الْأَكَيَّاتُ لِلَّهِ، السَّلَامُ عَلَى النَّبِيِّ! وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَرَبِّكَاهُ، السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ، أَشْهُدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَشْهُدُ أَنَّ مُحَمَّداً عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ﴾.

Әт-тажийату, әт-тайибату, әс-салату, аз-зәкйату ли-Лләхи. Әс-сәламу 'алә-н-нәбийи уа

үйреткен жерден, ягни: «Сәлем саган, уа, Пайғамбар, Аллаһтың мархаметі және Оның берекеті», - деп тоқтайдыз!», - деді. Ис жүзінде, 'Алқама өзінің ұстазы - Абдуллаһ ибн Мәс'удтың (Аллаһ оған разы болсын) өнегесіне ілесті, ал одан бірде оның бір адамды тәшаббұд сөздеріне үйреткені, әрі «ол «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ...» деген сөздерге келгенде, әлгі адам: «Оның серігі жоқ», - деп жалғастырды, бұған Абдуллаһ (ибн Мәс'уд): «Бұл шындығында да осылай, бірақ біз бізге үйретілгенмен шектелеміз», - деп жауап бергені келтіріледі. (Осылай әт-Табарани «Му'жәм әл-Әусатта» (№ 2848) жеткізушилердің сенімді тізбегі арқылы келтірген).

рахмату-Ллаһи уа бәракәту-hy. Әс-сәләму ‘аләй-нә уа ‘алә ‘ибади-Лләһи-с-салихин. Әшһаду әллә иләһа иллә-Ллаһ, уа ашһаду әннә Мұхаммадан ‘абду-hy уа расулюhy.

«Сәлем, (барлық) иғі сөздер, салауаттар, (барлық) Пәк (Есімдер) – Аллаһқа тән. Пайғамбарға сәлем, Аллаһтың мархаметі және оның берекеті болсын! Аллаһтың сәлемі бізге және Оның ізгі салиқалы құлдарына болсын! Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне күәлік беремін және Мұхаммад – Оның құлы әрі елшісі екеніне күәлік беремін»<sup>601</sup>.

Пайғамбарға ﷺ салауат<sup>602</sup> айту: оның орны және түрлері

«الصَّلَاةُ عَلَى النَّبِيِّ ﷺ، وَمَوْضِعُهَا، وَصِيَغَهَا»

601 Бұл хадисті Ибн Аби Шәйба, ас-Сираж өзінің «Мұснадында» (9/1/2), әл-Мұхлис «әл-Фәүа' ил-Те» (11/54/1) және әл-Бәйнәқи (2/144) келтіреді.

602 Аудармашының ескертпесі: Арабша бұл салауат «әс-саләт ‘алә-н-нобийи» деп аталады. Оның басқа аты «әс-салауәттү-л-Ибраһимийя» («Ибраһимнұн салауаты»). Бұл салауатпен Пайғамбарға ﷺ және оны отбасына берекет тілеу мензеледі. Оқырманның назарын «салауат» сөзінің бұл жерде және әрі қарай «намаз» сөзінің

Ол  бірінші және басқа тәшәһүдтарда<sup>603</sup> өзі үшін салауат айтып Аллаһқа жалбарынатын<sup>604</sup>. Ол сондай-ақ өзінің ұмметіне оған сәлем<sup>605</sup> жолдағаннан кейін ол үшін

мағынасында емес, «дүға», «иглік, береке тілеу» сөздерінің мағынасында қолданылғанына ерекше аударғым келеді.

<sup>603</sup> Бұл жерде соңғы тәшәһүд мензеліп тұр “тер намаз үш немесе төрт ракағаттан тұрса (Аудармашының ескертпесі).

<sup>604</sup> Абу Ауана өзінің «Сахих Ында» (2/324) және ән-Наса’и.

<sup>605</sup> Олар (Яғни сахабалар): «Уа, Аллаһтың ешісі, біз саган (*тәшәһүдта*) қалай сәлем беруді білеміз, бірақ біз сен үшін Аллаһқа қалай жалбарынуымыз керек?», - деді. Ол: “«Уа, Аллаһ, Мұхаммадқа *игілік ет...*”, - деп айттыңдар”, - деді және т.с.с.. Сөйтіп, ол бұл жерде белгілі бір тәшәһүдты ерекше атамады, әрі (осы орайда) басқасын теріске шығарып айтпады, ал бұл жайт бірінші тәшәһүдта да ол үшін салауаттар айтып Аллаһқа жалбарыну орынды екенін растайды. Бұл имам әш-Шәфи‘идің пікірі (мазһабы) бұл онын «әл-Умм» кітабынан келіп шығатыныңдай. Бұл көзқарасты сондай-ақ имам әш-Шәфи‘идің серіктері де қолдаган ән-Нәуайи оны «Раудат әт-Талибин» (1/263) кітабында толығымен қолдап, «әл-Мәжмұ’та» (3/460) осыған нұсқаған. Бұдан тыс, бұл туралы Ибн Ражаб жеткізгендей, осындай көзқарасты Уәзир ибн Хубайра әл-Хәнбалы «әл-Ифсаҳ-та» ұстанған әрі ол да осы пікірді «Зайл Табакат» (1/280) кітабында қолдаган. Тәшәһүдта Пайғамбар үшін  салауаттар айтып Аллаһқа жалбарыну туралы көптеген хадистер бар; олардың ешқайсысында ол қандай да бір тәшәһүдты ерекше айырып атамаған. Ис жүзінде бұл хадистер жалпылама сипатқа ие, әрі осылайша өздеріне әрбір тәшәһүдты қамтиды. Мен оларды (бұл хадистерді - Аудармашының ескертпесі) осы кітаптың түпнұсқасында («әл-Әсл») «тә’лик» түрінде келтірдім бірақ оның негізгі

салауаттар айтып, Аллаһқа жалбарынуды бұйырып, мұны олар үшін бекітіп орнатты және оның түрлі ұлгілерін үйретті:

1. «اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ، وَعَلَى أَهْلِ بَيْتِهِ، وَعَلَى أَزْوَاجِهِ وَذُرِّيَّتِهِ، كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى

آل إِبْرَاهِيمَ، إِنَّكَ حَيْيٌ دَائِيْرٌ، وَبَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ، وَعَلَى آلِ بَيْتِهِ، وَعَلَى أَزْوَاجِهِ وَذُرِّيَّتِهِ؛ كَمَا  
بَارَكْتَ عَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ، إِنَّكَ حَيْيٌ دَائِيْرٌ».

*Аллаһұмма, салли ‘алә Мұхаммадин, уа ‘алә ахли бәйти-хи, уа ‘алә азұәжи-хи, уа зуррийияти-хи, кә-мә салләйта ‘алә әли Ибраһимә, инна-кә хамидуң мәжид! Уа бәрик ‘алә Мұхаммадин, уа ‘алә*

бөлімінің мәтінінде келтірген жоқпын, өйткені олардың барлығы хадистердің сенімділігіне қоятын біздің талаптарымызды қанағаттандырмайды. Дегенмен, мен мұны осы кітаптың түпнұсқасында («әл-Әсл») жан-жақты түсіндіргенімдей, бұл хадистер мағыналық тұрғыдан бірін бірі қолдайды, ал осыны теріске шығаратын және осыған қарсы келетіндердің осынысына дәлел ретінде ұсына алатын сенімді негізdemelerі жоқ. Тура сол сияқты «Уа, Аллаһ, Мұхаммадты берекеге бөле...» сөздеріне қалған сөздерді қосып айту сөгіске лайық (мәкрух) амал екендігі туралы сөздердің де Сүннетте ешқандай негізі жоқ, өйткені осындай тұжырым жасауға рұқсат беретін бірде-бір дәлел жоқ. Іс жүзінде біз осындай әнгімелерді айтып жүргендер Пайгамбардың ﷺ осыдан бұрынғы: «Уа, Аллаһ, Мұхаммадты берекеге бөле...», - деп айтыңдар», - деген әмірін орындаған жатқанын көрудеміз, бұл мәселе толығырақ осы кітаптың түпнұсқасында («әл-Әсл») қаралады.

әли бәйти-*хи*, уа 'алә азүәжи-*хи* уа зурриййяти-*хи*,  
кә-мә бәрактә 'аля әли Ибраһимә, иннә-кә хамидуң  
мәжид!

«Уа, Аллаh, Сен Ибраһимнің отбасына  
игілік еткеніңдей, Мұхаммадқа және оның  
отбасы мүшелеріне, оның әйелдері мен  
ұрпақтарына игілік ет<sup>606</sup>, ақиқатында, Сен –  
Аса Мақтаулы әрі Даңқтысың! Және Сен  
Ибраһимге береке бергеніңдей, Мұхаммадқа,  
оның отбасына, оның әйелдері мен

<sup>606</sup> «Пайғамбарға ﷺ салауат» сөздерінің мағынасы туралы ең ертедегі хабарлардың бірі Абу ал-Алийядан (33-ші – «әл-Әхзаб» сүресінің 56-аятына сілтеме жасалған түрде) былай деп жеткізіледі: «Аллаh Өзінің Пайғамбарына игілік етуі Оның оны ұлықтайтынын және (дәрежесін) биіктететінін білдіреді; періштерелер мен басқа жаратылыстардың оған салауат айтуы олардың осыны ол үшін Аллаh Тағаладан сұрайтынын білдіреді. Бұл сұраныс салауаттың өзін емес, олардың оған игілік етуіді көбейту туралы дуга етуін білдіреді», - деген. Ибн Ҳәжар бұл дәйексөзді «Фәтх ал-Бәри» де келтірді де кейін «Раббы тараپынан әлдебіреуге жасалған игілік Оның Рахымы болып табылады» деген кең таралған пікірді теріске шығарды; Ибн Қайим де осы мәселені «Жәлә' ал-Әфхам» да ашып беріп осы мәселеге қатысты талқылауларға іс жүзінде ешқандай орын қалдырмады, сондықтан да осы еңбекке жүгінулерінізді сұраймын.

ұрпақтарына да береке<sup>607</sup> бер; ақиқатында,  
Сен – Аса Мақтаұлы әрі Даңқтысың!»

Осы сөздер арқылы ол ﷺ Аллаһқа өзі үшін  
дұға етіп жалбарынатын<sup>608</sup>.

2. «اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ، وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى [إِبْرَاهِيمَ،  
وَعَلَى] آلِ إِبْرَاهِيمَ، إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ، اللَّهُمَّ! وَبَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ، وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا  
بَارَكْتَ عَلَى [إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى] آلِ إِبْرَاهِيمَ، إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ». .

Аллаһуммә, салли 'алә Мұхаммәдин, уа 'алә әли  
Мұхаммәдин, кә-мә саллайта 'алә [Ибраһимә, уа  
'алә] әли Ибраһимә, иннә-кә хамидуң мәжид!  
Аллаһуммә бәрик 'алә Мұхаммәдин, уа 'алә әли  
Мұхаммәдин, кә-мә бәракта 'алә [Ибраһимә, уа  
'алә] әли Ибраһимә, иннә-кә хамидуң мәжид!

<sup>607</sup> «Баракат» сөзі «ұлғаю, көбею» дегенді білдіреді. Сөйтіп бұл  
дұға өзіне Аллаh Мұхаммадқа ﷺ Ибраһимнің отбасына сыйлаған  
игіліктерді беруін мензейді. Сондай-ақ бұл дұға осы игіліктердің  
тұрақты үздіксіз жалғасауын және тоқтамауын, сондай-ақ көбейіп  
ұлғаюын сұрауды да өзіне қамтиды.

<sup>608</sup> Ахмад және әт-Тахауи осы дұғаның сөздерін жеткізушілердің  
сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

«Уа, Аллаh! Сен [Ибраһимге]<sup>609</sup> және оның отбасына игілік еткеніңдей, Мұхаммадқа және оның отбасына да игілік ет, шын мәнінде, Сен Аса Мақтаулы әрі Даңқтысың! Уа, Аллаh! Сен [Ибраһимге]<sup>610</sup> және оның отбасына береке бергеніңдей Мұхаммадқа және Мұхаммадтың отбасына береке бер; шын мәнінде, Сен – Аса Мақтаулы әрі Даңқтысың!»<sup>611</sup>

---

609 Келесі ескерпені қараңыз.

610 Осы екі қосымшалардың сенімді екенине әл-Бухари, әт-Тахауи, әл-Бәйнәкі, Ахмад және ән-Нәса'и нұсқаған. Бұл қосымшалар сондай-ақ басқа жеткізу тізбектері арқылы да көлтіріледі және олар осы дұғаның өзге де кейбір үлгілеріне кіргізілген (Қз.: № 3 және № 7). Сондықтан да өзінің ұлы ұстазы Ибн әл-Таймий яның өнегесіне («әл-Фатая» 1/16) ілесіп, «Жәләз’ әл-Әфхам» (198-бет) кітабында: "«Ибраһим» мен «Ибраһимнің отбасы» сөздерінің бір сөйлемде көлтірілетініне бірде-бір сенімді хадис жоқ», - деп жазған Ибн әл-Қайимның сөздеріне таң қалудың қажеті жоқ. Алайда бұл жерде біз сіздерге осындай сенімді хадистерді көлтірдік. Алайда Ибн әл-Қайим өзіне жоғарыда айтқан сөздерін теріске шығарған нәрселерді қамтыған №7 дұғаның сөздері көлтірілетін хадисті сенімді деп атап, өзіне өзі қайшы келеді!

611 Әл-Бухари, Мұслим, әл-Хумайди (138/1) және Ибн Мәндан (68/2); соңғысы былай деп айтқан: "Бұл хадистің сенімділігі туралы бірауызды келісім бар".

3. «اللَّهُمَّ! صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ، وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ، وَآلِ إِبْرَاهِيمَ، إِنَّكَ حَمِيدٌ حَمِيدٌ، وَبَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ، وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا بَارَكْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَآلِ إِبْرَاهِيمَ، إِنَّكَ حَمِيدٌ حَمِيدٌ».

Аллаһұмма, салли ‘алә Мұхаммадин, уа ‘алә әли Мұхаммадин, қә-мә саллайта ‘алә Ибраһимә, [уа ‘алә әли Ибраһимә] инна-қә хамидуң мәжид! Үә бәрик ‘алә Мұхаммадин, уа ‘алә әли Мұхаммадин, қә-мә бәракта ‘алә [Ибраһимә, уа] әли Ибраһима, инна-қә хамидуң мәжид!

«Уа, Аллаh! Сен Ибраһимге [және Ибраһимнің отбасына] иғілік еткениңдей, Мұхаммадты және Мұхаммадтың отбасына иғілік ет; ақиқатында, Сен – Аса Мақтаулы әрі Даңқтысың! Және Сен [Ибраһим мен] Ибраһимнің отбасына береке бергеніңдей, Мұхаммадқа және Мұхаммадтың отбасына береке бер, ақиқатында, Сен – Аса Мақтаулы әрі Даңқтысың!»<sup>612</sup>

612 Ахмад, ән-Нәса'и, Абу Йа'лә «Мұснад» (44/2) кітабында бұл сөздерді жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы жеткізген.

4. «اللَّهُمَّ! صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ [النَّبِيِّ الْأُمِّيِّ]، وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى

[آلِ إِبْرَاهِيمَ، وَبَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ [النَّبِيِّ الْأُمِّيِّ]، وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا بَارَكْتَ عَلَى

[آلِ إِبْرَاهِيمِ فِي الْعَالَمَيْنَ، إِنَّكَ حَمِيدٌ حَمِيدٌ».

Аллаһұммә, салли ‘алә Мұхаммәдин [ән-нәбийи-л-уммийи], уә ‘алә әли Мұхаммәдин, кәмә салляйта ‘алә [әли] Ибраһимә, уә бәрик ‘алә Мұхаммәдин [ән-нәбийи-л-уммийи], уә ‘алә әли Мұхаммәдин, кә-мә бәракта ‘алә [әли] Ибраһимә фи-л-‘аләмин, инна-қә хамидуң мәжид!

«Уа, Аллаh, Сен Ибраһимнің [отбасына] иғілік еткеніңдеи Мұхаммадқа да [хат танымаган<sup>613</sup> Пайғамбарға] және Мұхаммадтың отбасына иғілік ет және Сен Ибраһимнің [отбасына] әлемдерде береке бергеніңдеи Мұхаммадқа [хат танымаган Пайғамбарға] және Мұхаммадтың отбасына

<sup>613</sup> Пайғамбар Мұхаммад ﷺ Оқи да, жаза да алмағаны белгілі (Аудармашының ескертпесі).

*береке бер; ақиқатында, Сен – Аса Мақтаулы  
әрі Даңқтысын!»<sup>614</sup>*

5. «اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ عَبْدِكَ وَرَسُولِكَ، كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى [آلِ] إِبْرَاهِيمَ،  
وَبَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ [عَبْدِكَ وَرَسُولِكَ]، [وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ]، كَمَا بَارَكْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ  
[وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ].».

Аллаһумма, салли ‘алә Мұхаммадин, ‘абди-кә  
уа расули-кә, кә-мә салляйта ‘алә [әли] Ибраһима,  
уа бәрик ‘алә Мұхаммадин, [‘абди-кә уа расули-кә],  
кә-мә бәракта ‘алә Ибраһимә [уа ‘алә әли  
Ибраһимә]!

«Уа, Аллаһ, Сен Ибраһимге иғілік  
еткениңдең, құлышың, және Елшиң Мұхаммадқа  
иғілік ет, және Сен Ибраһимге [және  
Ибраһимнің отбасына] береке бергеніңдең,  
[құлышың, және Елшиң] Мұхаммадқа да береке  
бер!»<sup>615</sup>

614 Мұслим, Абу Ауана, Ибн Аби Шәйба «әл-Мусаннаф» (2/132/1) кітабында және Абу Дәүд.

Бұл хадисттің сенімділігін әл-Хаким растаган.

615 Әл-Бухари, ән-Нәса’и, әт-Тахауи, Ахмад және Исма’ил әл-Қади «Фәдл әс-Саләт ‘алә-н-Нәбійи,  
саллә Аллаһу ‘аләйхи уа сәлләм» (1-ші басылым – 28-бет, 2-ші басылым – 62-бет), оның  
хадистерінің сенімділігін мен тексеріп шыққанмын).

6. «اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ، وَ[عَلَى] أَزْوَاجِهِ وَذُرِّيَّتِهِ، كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى [آلِ]».

إِنْرِاهِيمَ، وَبَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ، وَ[عَلَى] أَزْوَاجِهِ وَذُرِّيَّتِهِ؛ كَمَا بَارَكْتَ عَلَى [آلِ]».

إِنْرِاهِيمَ، إِنَّكَ حَمِيدٌ حَمِيدٌ».

Аллаһұммә, салли ‘алә Мұхаммадин, уа [‘алә] азуажи-*hi*, уа зуррийияти-*hi*, кә-ма салләйтә ‘алә [әли] Ибраһимә, уа бәрик ‘алә Мұхаммадин, уа [‘алә] азуажи-*hi* уа зуррийияти-*hi*, кә-ма бәракта ‘алә [әли] Ибраһимә, инна-қа хамидуң мәжид!

«Уа, Аллаh, Сен Ибраһимнің [отбасына] иғілік еткеніңдей, Мұхаммадқа және оның жұбайлары мен оның ұрпақтарына иғілік ет және Сен Ибраһимнің [отбасына] береке бергеніңдей, Мұхаммадқа және оның жұбайлары мен оның ұрпақтарына береке бер, ақиқатында, Сен – Аса Мақтаулы әрі Даңқтысың!»<sup>616</sup>

7. «اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ، وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ، وَبَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ، وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا صَلَّيْتَ وَبَارَكْتَ عَلَى إِنْرِاهِيمَ، وَآلِ إِنْرِاهِيمَ، إِنَّكَ حَمِيدٌ حَمِيدٌ».

616 Әл-Бұхари, Мұслим және ән-Нәса'и.

*Аллаһұмма, салли ‘алә Мұхаммәдин, уа ‘алә  
әли Мұхаммәдин, уа бәрик ‘алә Мұхаммадин, уа  
‘алә али Мұхаммадин, кә-мә саллайта уа бәракта  
‘алә Ибраһимә, уа әли Ибраһимә, инна-кә хамидуң  
мәжид!*

*«Уа Аллаh, Сен Ибраhим мен Ибраhимнiң  
отбасына игiлiк етiп, берекеге бергенiңдей,  
Мұхаммад пен Мұхаммадтың отбасына  
игiлiк етiп, береке бер; ақиқаттында, Сен – Аса  
Мақтаулы әрi Даңқтысын!»<sup>617</sup>*

Пайғамбар ﷺ үшін салауат айтуға қатысты  
пайдалы және маңызды қорытындылар  
**«فَوَانِدْ مُهَمَّةٌ فِي الصَّلَاةِ عَلَى نَبِيِّ الْأُمَّةِ»**

## Бірінші пайда:

617 Ән-Нәса'и, әт-Тахауи, Абу Саид ибн әл-'Араби «әл-Му'жәм» (79/2) кітабында бұл дүғаның сөздерін жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы жеткізген. Ибн әл-Қайим «Жәлә' әл-Әфхам» (14-15 беттер) кітабында бұл хадисті сенімді деген, ал оның дереккөзі ретінде Мұхаммад ибн Исхақ ас-Сиражды нұсқаған. Бұл дұға өзіне «Ибраһим» сөзін де «Ибраһимнiң отбасы» сөзін де қамтиды мұны Ибн әл-Қайим және оның ұстазы Ибн Таймийя назардан тыс қалдырган бұл жоғарыда туғсундірілгеніндей.

Пайғамбар ﷺ үшін айтылатын салауаттардың басым бөлігінде: «...Сен Ибраһимнің отбасына игілік еткеніңдей», - деп Ибраһим өзінің отбасынан бөлек аталмайтынын байқауға болады. Мұның себебі – араб тілінің нормаларына сәйкес қандай да бір адамның отбасы (жанұясы, әuletі) өзінің құрамына оның өзін, сондай-ақ оның қамқорлығында болғандарды қамтиды, мысалы, мұны Аллаһ Тағаланың мына сөздері растайды:

إِنَّ اللَّهَ اصْطَفَى دَمَ وَنُوحاً وَ لِإِبْرَاهِيمَ وَ لِعُمَرَ  
عَلَى الْعَالَمِينَ

«Ақиқатында, Аллаһ Адам мен Нұхты және Ибраһим мен Имранның отбасыларын әлемдерге ардақты етті» («Эли ‘Имран» сүресі, 33-аят);

إِلَّا لِلْوَطِ نَجِيَّا هُمْ بِسْحَرٍ

«Бірақ Лұттың отбасын таңда күтқардық» («әл-Қамар» сүресі, 34-аят). Оның ﷺ келесі айтқан сөзі де мазмұны бойынша

осыған ұқсас болып табылады: «*Уа, Аллаh, Абы Ауфаның отбасына игілік ет!*».

“*Әhл әл-Бәйт*” сөз тіркесі де (сөзбе-сөз “*Үйдің адамдары*”) осы санатқа жатады, мысалы:

رَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ عَلَيْكُمْ أَهْلُ الْبَيْتِ

«*Аллаhтың Рақымы және Оның игіліктері сендерге болсын, әй, осы үйдің адамдары*» («*Іуд*» сүресі, 73-аят). Сөйтіп, «*Ибраһимнің отбасы*» өзіне Ибраһимнің өзін де қамтиды.

Шейх-ул-Ислам Ибн Таймийя былай деп айтқан:

«Сондықтан да (хадистердің) көпишілік нұсқаларында: «...*Сен Ибраһимнің отбасына игілік еткениңдей*», - және, - «...*Сен Ибраһимнің отбасына береке бергеніңдей*», - деп келтіріледі, ал олардың кейбіреулерінде Ибраһимнің өзі гана аталағы. Мұның осылай болуының себебі оның барлық игіліктер мен берекенің түсірілуінің себепкери болуында – оның отбасының қалған

мүшелері осының барлығын (тек) екінші кезекте (гана) алады. Міне, осы екі жағдайга нұсқау үшін де екі сөз тіркестері бір бірінен жеке пайдаланылды».

Ғалымдар осы жайында біледі әрі өздеріне оның «...игілік еткеніңдей» сөздеріндегі салыстырудың мәні туралы кең танылған сұрақты қояды, өйткені салыстыру үшін ұлғи салыстыратыннан ардақтырақ болатыны ақиқат болып табылады. Ал бұл жағдайда керісінше жағдай орын алуда, өйткені Мухаммад Ибраһимнен ардақтырақ және оның жоғары мәртебесі Аллаһтан сұралатын игіліктердің кез келген түсірілген игіліктерден немесе [Мухаммадтан ﷺ] өзге әлдебіреуге түсірілетін игіліктерден салмақтырақ екеніне еріксіз көндіреді. Ғалымдар бұл сұраққа түрлі жауаптар берген, олардың барлығы «Фатх әл-Бариде» және «Жәлә’ әл-Ифхамда» келтірілген. Олардың барлығы он түрлі көзқарасқа келіп ұштасады: олардың кейбіреулері басқаларына қарағанда әлсіздеу, жақсы дәйектелген әрі шейх-ул-ислам Ибн Таймийя мен (оның шәкірті) Ибн әл-Қайим тарапынан

қабылданған жалғыз біреуінен ғана бөлек. Бұл пікір мынаңдай: «Ибраһимнің отбасы өзіне көптеген пайғамбарларды қамтиды, ал Мухаммадтың отбасында (Пайғамбардың өзінен өзге) (мәртебесі) бойынша оларға үқсас ешкім жоқ. Соңдықтан Пайғамбар ﷺ және оның отбасына Ибраһимге және өзінің құрамына пайғамбарларды қамтитын оның отбасына игілік етілгендей игілік тілеп, Аллаһқа жүгінуде Мухаммадтың отбасы мүшелері олардан (яғни игіліктерден) өздеріне тиістісін алады. Ал Мухаммадтың отбасы мүшелеріне пайғамбарлардың мәртебесіне жету мүмкін емес болғандықтан, пайғамбарларға сый етілген қосымша игіліктер мен нығметтер Мухаммадтың (өзіне) ﷺ тиесілі болады. Сонымен ол басқалар жете алмайтын ерекшілікке ие болады».

Ибн әл-Қайим былай деп айтқан:

«Бұл осыдан алдынғы пікірлердің ең кереметі: Мұхаммад — Ибраһим отбасының бір мүшесі, іс жүзінде ол — Ибраһим отбасының ішиндегі ең

жақсысы, бұл туралы 'Али ибн Тәлхә Ибн 'Аббастан (Аллаh оған разы болсын) Аллаh Тагаланың,

إِنَّ اللَّهَ اصْطَفَى دَمَ وَنُوحًا وَلِإِبْرَاهِيمَ وَلِعُمَرَ  
عَلَى الْعَالَمِينَ

«Ақиқатында, Аллаh Адам мен Нұхты және Ибраһим мен Имранның отбасы жақындарын әлемдерге ардақты етті» («Әли 'Имран» сүресі, 33-аят) сөздері туралы жеткізгенідей; Ибн 'Аббас былай деп айтқан: «Мухаммад — Ибраһимнің отбасының мүшелерінен». Бұган негізdemе (келесідей) – егер Ибраһимнің ұрпақтары болып табылатын басқа пайғамбарлар оның отбасына кіргізілген болса, онда Аллаh Елшісіне ﷺ бұл тіпті бірінші кезекте қатысты болмақ. Сөйтіп, біздің «...Ибраһимнің отбасына игілік еткенідей» деген сөздеріміз оған да, Ибраһимнің ұрпақтары болып табылатын қалған пайғамбарларға да түсірілетін игіліктерді қамтиды. Кейін Аллаh бізге нақты Мухаммадқа және оның отбасына береке беруді сұрауды әмір етті, біз оны Ибраһимнің қалған отбасы

мүшелеріне тұтас игілік етуін сұрайтынымыздай. Сондықтан Пайғамбардың ﷺ отбасы мүшелерінің барлығы оларға тиесілі болған нәрселерден өз үлестерін алады, ал қалғаның, барлығы оған ﷺ тиеді. Ибраһимнің отбасы, олардың бірі болған Аллаһ Елшісінің өзін ﷺ қосқанды, алатын игіліктердің тұтас барлығы Пайғамбар ﷺ жеке өзі алатыннан көбірек екендігі күмәнсіз. Сондықтан да ол үшін салауаттар айтып Аллаһқа жүгіну өзіне өте мол игіліктерді қамтитыны соншалықты – ол (мұміндердің) Ибраһим үшін Аллаһқа жүгінетін салауаттарынан едәуір артығырақ. Сөйтін, мұндаидар салыстырудың мәні мен қисындылығы айқын болды. Ол үшін дәл осы сөздерді қолданып айтылатын салауаттар басқа кез келген (салауаттардан) артығырақ, өйткені (мұміндер) осы дұға өзіне салыстыру үлгісін қамтыған нәрселерді қамтуын және Пайғамбар ﷺ (одан) басым мол үлес алуын сұрайды: мұндаидар салыстыру (мұміндердің) өздерінің дұғаларында сұрайтын нәрселері (Аллаһтың) Ибраһимге және басқаларға бергенінен асады. Сөйтін, Мұхаммадтың ﷺ

артықышылығы мен ардақтылығы өзіне Ибраһим мен оның көптеген пайғамбарларды қамтыған отбасына қараганда әт-айқын, әрі ол лайықты болған нәрсelerге сәйкес. Пайғамбарға иғілік пен береке тілеу туралы бұл салауат та оның артықышылығын растайды, әрі ол оның (іс жүзінде) лайықты болған нәрсесінен көп емес. Ендеше, Аллаh оған және оның отбасына иғілік етсін, олармен көп сәлемдерді қамтыған сәлемдердермен сәлемдессін, оларға біздің дұғаларымыз арқылы Өзінің басқа пайғамбарларына қараганда көбірек сауаптар сыйласын. Уа, Аллаh, Сен Ибраһимнің отбасына иғілік еткеніңдей, Мухаммадқа және Мухаммадтың отбасына иғілік ет, ақиқатында, Сен – Аса Мақтаулы әрі Данқтысың! Әрі Сен Ибраһимнің отбасына береке бергеніңдей, Мухаммадқа және Мухаммадтың отбасына да береке бер; ақиқатында, Сен – Аса Мақтаулы әрі Данқтысың!» (Иbn әл-Қайимның дәйексөзінің соңы).

**Екінші пайда:**

Оқырман салауаттың осы бөлігі өзінің барлық айтылу ұлгілерінде Пайғамбарға ﷺ, оның жұбайлары мен ұрпақтарына және оның өзіне игілік-береке тілеу сөздерін қамтығанын байқайды. Соңдықтан да бұл салауатта «Уа, Аллаһ, Мухаммадқа игілік ет!» деген жалғыз сөздерді ғана айту Сұннет болып табылмайды, әрі Пайғамбардың ﷺ бүйрығына сәйкес келмейді. Керісінше, осы салауаттардың бірінде қамтылған барлық сөздерді толық айту қажет, өйткені оның өзі ﷺ бірінші тәшәһүдта болсын, не соңғысында болсын осылай істейтін. Бұл туралы имам әш-Шәфи'и өзінің «әл-Умм» кітабында былай деп жазған: «Тәшәһүд бірінші және екінші жағдайларда бірдей болып табылады; «тәшәһүд» дегенде мен куәлік сөздерін (шәһада) және Пайғамбар үшін ﷺ игілік-береке тілеу салауаттарын айтып тұрмын; оның біреуі де екіншісіз жеткілікті болмайды».

Іс жүзінде «зияткерлік анархиясы» («ғылыми бассыздық») шарпыған біздің ғасырымыздың тудырған едәуір таңқаларлық

құбылыстарының бірі – кейбір адамдардың, солардың арасында Мухаммад Исаф ән-Нәшабиби деген біреудің өзінің «әл-Исләм әс-Сахих» («Шынайы Ислам») кітабында, тіпті бұл әл-Бухариidің, Муслимның және басқа да хадис жинақтарында Ка'б ибн Ужра, Абу Хумайд әс-Са'ди, Абу Са'ид әл-Худри, Абу Мәс'уд әл-Ансари, Абу Һурайра және Тәлха ибн 'Убайдуллаһ сыңды сахабалардан сенімді түрде бекітілген болса да, Пайғамбар ﷺ үшін салауаттар айтып (Аллаһқа) жүргінгенде оның отбасына (да) игілік тілеуге қатысты нәрселерді теріске шығаруға дейін батылы жететін! Олардан (сахабалардан) жеткізілетін хадистерде олар Пайғамбардан ﷺ: «Біз Аллаһқа сен үшін қалайша салауаттар айтып жалбарынуымыз қажет?», - деп сұрады, әрі жауап ретінде ол оларға осы салауаттарды жоғарыда келтірілген үлгілермен айтуды үйретті. Ән-Нәшабибидің өз пікірін нығайту үшін пайланған дәйегі - «Аллаһ Тағала Өзінің

صلوا عليه وسلموا تسليماً

«Оған салауат және ықыласпен (жиі)  
сәлем келтіріңдер!» («әл-Әхзаб» сүресі, 56-аят)  
сөздерінде онымен басқа ешкімді қосып  
айтпады», - дейі.

Әрі қарай өзінің теріске шығаруында ол  
одан сайын тереңдей түсіп: «Сахабаларға  
«сәләт» сөзі «дұға» деген мағынада белгілі  
болған, міне сондықтан да олар одан: «Біз қалай  
Сен үшін дұға етіп жалбарына аламыз?», - деп  
сұрады», - дейді.

Мұндай пікір құру әп-айқын алдау болып  
табылады, өйткені, олардың сұрағының мәні,  
бұған біз келтірген хадистердің мәтіндерінде  
айқын нұсқалғанындағы, оның оларға ол үшін  
айтылатын «саләт» сөзінің қандай мағынада  
екенін түсіндіріп беруінде емес, өйткені олай  
болған жағдайда осылай пікір құруға ода (яғни  
ән-Нәшабибиде) негіз болар еді, бірақ ол үшін  
«саләтты» қалай орындау керектігінде еді.  
Осылайша, барлық нәрсе өз орындарына келді,  
өйткені сахабаларда осы амалдың Шариғатқа  
сәйкес орындалу тәсілі туралы шексіз Білімді,

аса        Dana        Шаригат        Сыйлаушының  
 Басшылығына жүгінуден бөлек өзге жерден  
 білуге деген мүмкіндігі болмағандықтан, олар  
 осы туралы сұрақ қойған еді. Тура сол сияқты  
 олар одан Аллаh Тағаланың

وأقيموا الصلاة

«...әрі саләтты (намаздарды) орында» («Та  
 һа» сүресі, 14-аят) деген сөздері арқылы парыз  
 етілген саләтты (намазды) орындаудың тәсілі  
 туралы да сұрауы мүмкін еді; өйткені оларға  
 «саләт» сөзінің сөзбе-сөз мағынасы туралы  
 белгілі болған нәрселер оларды оны Шаригатқа  
 сәйкес орындауға қатысты сұрақтарды қою  
 қажеттілігінен ұстап қала алмайтын, ал бұл  
 толығымен айқын ғой.

Ән-Нәшабибидің сілтеме жасайтын<sup>618</sup>  
 жоғарыда келтірген дәйегіне келер болсақ, ол  
 негіzsіз, өйткені мұсылмандарға Пайғамбар  
 ғана Аллаh Тағаланың сөздерін адамдарға

<sup>618</sup> Яғни Аллаh Тағала «әл-Әхзаб» сүресінің 56-аятында  
 Пайғамбармен ﷺ бірге ешкімді атамады (Аудармашының  
 ескертпесі).

түсіндіріп беруші болып табылатыны жақсы белгілі, өйткені Аллаһ Тағала:

وَأَنْزَلْنَا إِلَيْكَ الْذِكْرَ لِتَبَيَّنَ لِلنَّاسِ مَا نَزَّلْنَا إِلَيْهِمْ

«Саған да адамдар үшін түсірілгенді ашық баян етерсің деп, Зікірді (Құранды) түсірдік» («ән-Нәхл» сүресі; 44-аят), - деп айтты. Сөйтіп, Пайғамбар ﷺ ол үшін қандай салауаттар айтып, Аллаһқа жүгіну керектігін түсіндіріп берді, әрі оларға оның отбасы да енгізілді, соңдықтан да Аллаһтың

وَمَا تَأْكُمُ الرَّسُولُ فَخُذُوهُ

«Сендерге Елші не берсе - алыңдар» («әл-Хашр» сүресі, 7-аят) деген сөздеріне мойынсұнып және «Ақиқатында, маган Құран және сол сияқты нәрсе сый етілді»<sup>619</sup> деген танымал әрі сенімді хадисті басшылыққа алып, мұны одан қабылдау міндетті болып табылады.

Мен егер әлдебіреу тәшәһүдты айтуды мұлдем теріске шығарса, немесе «етеккірі келген әйелдер намазды орындаپ, ораза

<sup>619</sup> Абу Дәуд және Ахмад бұл хадисті жеткізушилердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

ұстасын» деген пікір білдіріп жатса, әрі өздерінің осы осы тұжырымдарын «Аллаh Тағала Құранда тәшәhүд айтуды атап айтпаған, ол тек рукуғ пен сәждені ғана атап айтқан, және Құранда етеккірі келген әйелдерді намаз берен оразадан босатпаған» деген сөздермен дәйектесе, ән-Нәшабиби және оның қоқиған сөздерімен алданған адамдар не дейтіндерін білгім келер еді. Енде, олар оның (ән-Нәшабибидің – аудармашыдан (қаз.)) тұпнұсқа дәйегінің астарынан оп-оңай көрініп тұрган осындай дәлелдермен келісер ме еді, әлде жоқ па?! Егер олардың (осы қойылған сұраққа берген) жауабы келісу болса, - ал біз олар бұлай жауап бермейді деп үміт етеміз, - онда олар Басшылықтан өте алшақ адасушылыққа тұсті, әрі сол арқылы өздерін мұсылмандардың негізгі бөлігінен оқшаланып шығарыды; ал егер олардың жауабы келіспеу болса, онда олар бізben келісіп, (ұстанымы) дұрыс болғаны, әрі мұндай жағдайда олардың осы дәйектерді теріске шығарудағы дәлелдері біздің ән-Нәшабибидің тұпнұсқа дәйегіне

қарсы келтірілген дәлелдеріміздей болмақ, ал ол дәлелдерді біз толық айқындықпен түсіндіріп бердік.

Сондықтан да мен мұсылмандарды Құранды Сұннетке жүгінбей түсіну талпыстарынан сақтануға шақырамын, өйткені сіздер тіпті біздің заманымыздың Сибауайхының<sup>620</sup> өзі және араб тілі саласындағы сарапшылар болсандар да, бұл сендердің қолдарынан келмейді. Көрнекі мысал дәл сіздердің көздерініздің алдында, өйткені осы ән-Нәшабиби біздің кезімізде араб тілі саласының жетекші ғалымдарының бірі болып саналады; оның тіл саласындағы білімдерімен алданып, Құранды түсінуде Сұннеттің көмегіне жүгінбей, адасушылыққа түскенін көрдініздер; іс жүзінде ол, бұл сіздерге белгілі болғандай, бұл көмектен бас тартты. Бұған қатысты басқа да мысалдар көп, алайда оларды тізіп айту өте көп орын алатын

<sup>620</sup> Сибауайх – атақты ғалым және араб тілінің білгірі хижраның II-ғасырында өмір сүрген.

болғандықтан, біз жоғарыда көлтірілгенмен ғана шектелеміз, әрі осыны жеткілікті деп санаймыз, ал кез келген мүмкіндікті беруші Аллах.

### Үшінші пайда:

Оқырман сондай-ақ Пайғамбар үшін ﷺ айтылатын осы салауаттардың ешқайсысында «сайид» (мырза) деген сөз қолданылмағандығын байқайды. Соңғы буынның ғалымдары бұл сөзді «Ибраһим салауатына»<sup>621</sup> енгізуге қатысты әртүрлі пікірде болған. Орынның шектеулі болғандығынан біз еткей-тегжейліктерге кіріспейміз және осы (сөзді енгізуудің) зандағының теріске шығарғандарды атап айтпаймыз, әрі бұл үмметтің ең жақсы ұстазы – Пайғамбарға ﷺ ол үшін Аллаһқа қандай салауат айтп жалбарыну туралы сұрақ

---

<sup>621</sup> Жоғарыда атап айттылғандай, бұл салауат сондай-ақ «Ибраһимнің салауаты» деген атқа ие (Аудармашының ескертпесі).

қойылғанда: ««*Ya, Аллаh, Мұхаммадқа иғілік ет...*», - *деп айтыңдар!*», - деп бұйырған Басшылығымен шектелеміз. Алайда біз бұл жерде осы мәселе бойынша пікір айтқан хафиз Ибн Ҳәжар әл-Асқаләнидің, шәфи`и мазһабының хадис саласында да, фиқh саласында да ең атақты ғалымы деген мәртебесін ескерген түрде, бір ғана дәйексөзін келтіреміз, өйткені Пайғамбардың ﷺ осы іліміне қатысты қарама-қайшы көзқарастар дәл шәфи`и мазһабының ғалымдарының арасында ең көбірек таралды!

Ибн Ҳәжардың серігі, ең ірі хадис білгірі (хафиз) Мұхаммад ибн Мұхаммад ибн Мұхаммад әл-Ғурабили (х. 790-835 жж.) мыналарды жазған (мен оның қолжазбаларын дәйексөз етемін<sup>622</sup>):

«Оған (яғни Ибн Ҳәжарға), Аллаh бізге оның өмірінен пайды алуды нәсіп етсін, Пайғамбар үшін ﷺ намазда және одан тыс уәжіп және

<sup>622</sup> Бұл қолжазба «әз-Зәнирийя» кітапханасында (Дамаск) сақтаулы.

мұстахаб жағдайларда салауаттар айтып жалбарынудың ерекшіліктері туралы келесі сұрақтар қойылған болатын: «Пайғамбарға ﷺ «сайиид» (мырзалық, жетекшілік) (ұғымын), мысалы, «Уа, Аллаһ, мырзамыз («сайиидина») Мухаммадты...» сөздерінде немесе «жаратылыстардың ең жақсысы» немесе «Адам үрпақтарының мырзасы» және т.с.с. қатыстыру оның (салауаттың) шарты болып табылады ма? Әлде «Уа, Аллаһ, Мухаммадқа игілік ет...» сөйлемін қатаң түрде ұстану қажет пе? Осы еki тәсілдің қайсысы жақсырақ: «сайиид» (мырза) сөзі Пайғамбардың ﷺ бекітілген сипаты екендігіне негізделіп, оны (салауат сөздеріне) қосу ма, әлде бұл сөз хадистерде жоқ болғандықтан, оны қоспау ма?» Ол (Ибн Хәжар), Аллаһ оны рақым етсін: «Иә (әрине), хадистерде жеткізілетін сөздерге ілесken жақсырақ. (Бұл жерде) «Мүмкін, Пайғамбардың өзі ﷺ мұны кішіпейілділігі себепті айтпаған шығар, өйткені ол өз аты аталған кезде: «Оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын (салла-Ллаху 'алайхи уа саллам)», -

деп айтпады ғой, оның үмметіне осылай істей нұсқалған болса да», - деп тұжырым жасауға тыйым салынған, өйткені егер осылай істей (яғни дұғаларға «сайыйд» сөзін қосу) жақсырақ болғанда, бізге бұл туралы сахабалардан, содан соң олардың ізбасарларынан хабарланған болар еді, сахабалардан және олардың ізбасарларының жеткен бірде-бір хабарда бізге мұндай нәрсе кездеспеді. Ал бұл олардан өте көп хадистер мен асарлар<sup>623</sup> жеткізілетініне қарамастан. Пайғамбарды ﷺ ардақтауға қатысты істерде ең көрнекті адамдардың бірі болған имам әш-Шәфи’и, Аллаһ оның мәртебесін жоғарылатсын, өз мазһабын ұстанушылар үшін негізпі (құқықтық дереккөз) болған өзінің кітабына жазған алғысөзінде: «Уа, Аллаһ, Мухаммадқа иғілік ет..., - және әрі қарай, - ...еске алушылар оны еске алатын әрбір

---

<sup>623</sup> Осы жерде «хадис» сөзі «Пайғамбар ﷺ туралы хабар» дегенді білдіретінін, ал «асар» сөзі сахабалардың немесе олардың ізбасарларының сөздері, не істері туралы хабар екендігін атап кету қажет. Кейде осы екі сөздер синоним ретінде қолданылуы мүмкін (Аудармашының ескертпесі).

кезде және ұмытшақтар оны еске алуды ұмытқан әрбір кезде», - дед жазады; ол бұл ой тұжырымды (мына) сенімді (хадистен) шығарған сияқты: «(Бірде) Пайғамбар ﷺ мүміндердің анасының<sup>624</sup> ұзак уақыт бойы (Аллаһты) зікір еткенін және көп-көп рет мадақтап-дәріптегенін байқап, оған: "Мен айтқан сөздерімді сенің күні бойы айтқандарыңың барлығымен салмақтары бойынша (салыстырсақ), менің сөздерім міндетті түрде ауыр түседі. (Мен былай деп айттым:) «Аллаh Пәк және Оған Оның жаратылыстары (қанша болса, сонша) мадақ-мақтаулар (болсын)...»". Ол ﷺ Аллаһқа үлгісі бойынша қысқа, бірақ мазмұны бойынша көлемді дұғалар арқылы жалбарынатын. Қади 'Ийяд өзінің «Әш-Шифа'» («Шипа») кітабында Пайғамбар ﷺ үшін салауаттарға арналған тарау

<sup>624</sup> Бұл жерде сөз Жууайрийя бинт әл-Харис ﷺ туралы болуда. Бұл оқиға туралы толығырақ имам ән-Неуаудің «Рияд ас-Салихин» («Ізгілердің бақтары»), «әл-Әзкар» («(Аллаһты) еске алу (сөздері)») кітабтарында, «(Аллаһты) еске алудың және еске алуға ынталандырудың артықшылықтары туралы тарауды») қараңыз (Аудармашының ескертпесі).

жасап, онда кейбір сахабалар және олардың ізбасарлары жеткізген Пайғамбардың ғадистерін келтіреді: олардың ешқайсысында «сайиид» (мырза) сөзі аталмайды:

а) Алиден жеткен, онда ол «Уа, жазықтарды Жайған және шыңдарды Жаратқан Аллаһ, жабық тұрганды Ашуышы, құллың әрі елшің Мұхаммадқа ең жақсы үлгіде иғлік ет және ең мол болған береке мен қалған кез келген сәлемдерді жібер!» деген сөздерді қолданып, оларға Пайғамбар үшін ғасыр салауат айтып Аллаһқа жалбарыну сөздерін үйреткендігі туралы хадис;

б) Сондай-ақ Алидің былай деп айтатыны да хабарланады: «Аса Мейірімді және ерекше Рақымды Аллаһ пен (Оған) ең жақын періштелер, пайғамбарлар, (Аллаһтың ең) шыншиыл (құлдары), (дін үшін) шәhiidтер, ізгілер және Сені, уа, әлемдердің Раббысы, дәріптешілердің барлығы Пайғамбарлардың мөрі, тақуалардың имамы - Абдуллаһтың ұлы Мұхаммадқа салауат келтірсін...» және әрі қарай;

в) 'Абдуллаһ ибн Мәс'удың сөзінен оның былай деп айтатыны жеткізіледі: «*Ya, Аллаh, ізгіліктің имамы және рақымдылықтың елшісі, құлышың әрі елшиң – Мухамадқа иғілік ет және берекен мен рақымыңды сыйла...*», - және әрі қарай;

г) Әл-Хасан әл-Бәсриден оның былай деп айтатыны жеткізіледі: «*Таңдаулының (әл-Мустафаның) су айдынынан*<sup>625</sup> (әл-Хауздан) сусынды қандыратын (bir) кесе (су) ішуді қалайтынның кез келгені: «*Ya, Аллаh, Мухаммадқа және оның отбасына, жұбайларына, балаларына, ұрпақтарына, үйіндегілерге, (екі жагынан да) агайын-тұысқандарына, көмекшілеріне, ізбасарларына және оны жақсы*

---

<sup>625</sup> Бұл жерде ол туралы әл-Бухари мен Мұслимның «Сахихтарында»: «...оның сұры сұттен ақ, аңқыған іісі мисктің хош іісінен жагымды, ал жагалауларында тұрган кеселері (құмыралары саны бойынша) аспандагы жұлдыздар сияқты, әрі одан су ішетіндердің әрқайсысы кейін ешқашан шөлдемейді», - деп айтылған Пайнамбардың су айдыны туралы айтылуда. Әл-Бухарі мен Мұслимнің «Сахихтарында» сондай-ак басқа жинақтарда бұл су айдыны аталатын көптеген хадистер келтіріледі (Аудармашының ескертпесі).

көргендердің барлығына игілік ет», - деп айтуды қажет».

Ол (яғни қади 'Ийад) «әш-Шифа'» кітабында Пайғамбар үшін оның сахабалары қалайша салауаттар айтып жалбарынғандығына қатысты тұра осылай деген, әрі онда осыдан тыс басқа да нәрселерді атап айтқан. Иә, Ибн Мәжәһ келтіретін Ибн Мәс'удтан жеткізілген хадисте, шындығында да, ол Пайғамбар үшін салауаттар айтып Аллаһқа жалбарынғанда былай деп айтқан-мыс: «Уа, Аллаһ, Өзіңнің ең жақсы игілік-берекенің, рақым мен рахатыңды елшілердің мырзасына (сайиид) бере гөр...», - және әрі қарай осылай. Алайда бұл хадистің жеткізушілерінің тізбегі (иснады) әлсіз болып табылады, сондықтан да Алиден жеткен хадиске көбірек абзалдық беріледі, өйткені әт-Табарани оны жеткізушілердің жарамды тізбегі арқылы келтіреді. Бұл хадис мен ажыратып көрсеткен және Абул Хасан ибн әл-Фарис тарапынан жазылған «Фәдл ән-нәби» («Пайғамбардың артықшылықтары») атты кітапта түсіндірген (сирек кездесетін) сөздерді

қамтиды. Шәфи'и мазһабын ұстанушылардың кейбіреулері: «Егер қандай да бір адам Пайғамбар үшін  ең жақсы салауатпен Аллаһқа жалбарыну туралы ант берсе, онда осы антын орындауы үшін ол: «Уа, Аллаһ, еске алушылар оны еске алатын, ал ұмытшақтар оны еске алуды ұмытқан әр кезде Мухаммадқа игілік ет!», - деп айтуды керек», - деген. Ән-Нәуаи былай деп айтқан: «Ақиқат деп белгілеуге тиісті нәрсеге ең жақыны келесі сөздер болып табылады: «Уа, Аллаһ, Сен Ибраһимге... игілік еткеніңдей, Мухаммадқа және оның отбасына да игілік ет...». Соңғы буынның кейбір ғалымдары бұл (сұраққа): «Аталған екі тәсілдердің ешқайсысында хадистерге қатысты оның қайсыбірі ең жақсы екендігінің дәлелдері жоқ, бірақ маңызына қатысты «сайийд» сөзі қолданылмайтын нұсқасының артықшылығы айқын», - деп жауап берген. Бұл мәселе фиқһ кітаптарында жақсы белгілі және осы тақырыппен айналысқан түгелімен барлық фәқиһ ғалымдардың айтқан сөздерінде «сайийд» сөзі

кездеспейді. Егер осы сөзді қолдану абзал болғанда, онда бұл нәрсе бірден барлық фәқиһ ғалымдардың назарынан тыс қалмас еді және олар бұл туралы хабарсыз болмас еді. Барлық иғілік (хадистер мен хабарларда сенімді түрде) жеткізілген нәрселерге ілесуде, ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі!» (Иbn Хәжардың дәйексөзінің соны).

Иbn Хәжардың Пайғамбар үшін ﷺ салауаттар айтып Аллаһқа жалбарыну кезінде оны «сайийд» деп атауға болмайтындығы туралы көзқарасына - ал оған салауат айту Құранда бұйырылған - сондай-ақ ханафи мазһабының ғалымдары да ортақтасады. Дәл осы көзқарасты ұстану қажет, өйткені ол оған ﷺ деген сүйіспеншіліктің шынайы көрінісі болады:

قُلْ إِنْ كُنْتُ تَحْبُونَ اللَّهَ فَاتَّبِعُونِي يَحِبِّكُمْ اللَّهُ

«Айт (уа, Мухаммад!): «Егер Аллаһты сүйсендер, онда маған ілесіндер, (әрі сонда) Аллаһ та сендерді сүйеді...» («Әли ‘Имран» сүресі, 31- аят).

Имам ән-Нәуауи осы (әмірді) басшылықта алып, «Раудат әт-Талибин» (1/265) кітабында былай деп айтқан: «Пайғамбар үшін  айтылатын ең кемел салауат (келесі): «*Ya, Аллаh, ...Мұхаммадқа игілік ет...*» болып табылады», — және әрі қарай ол турға № 3 салауат үлгісіндегі сөздерді келтірді, ал онда «сайиид» сөзі аталмайды ғой!

### Төртінші пайда:

Пайғамбар үшін  айтылатын салауаттардың № 1 және № 4 үлгілері Аллаh Елшісінің  сахабалары одан Аллаһқа ол үшін қалайша жалбарынулары керек екендігін сұраған кезде оның өзі үйреткен сөздерді қамтитынын білу қажет. Соңдықтан салауаттардың бұл түрлері ол үшін дұға етудің ең жақсы үлгілері екендігіне айғақ ретінде келтіріледі, өйткені ол  сахабалары мен өзі үшін ең көп иғлік пен пайда қамтылған нәрселерді ғана таңдайтын. Имам ән-Нәуауи де, бұл туралы жоғарыда айтылғандай, өзінің

«Раудат әт-Талибин» кітабында «егер әлдебір адамға Пайғамбар үшін ﷺ ең жақсы салауатпен Аллаһқа жалбарыну туралы ант беруге тура келсе, оны осы сөздерді қолданудан өзге жолмен орындау мүмкін болмас еді» (деген пікірді) қолдаған.

Әс-Субки сондай-ақ (мынандай) басқа бір себепті келтірген: бұл сөздерде қамтылған салауаттар арқылы Аллаһқа жалбарынатын кез келген адам Пайғамбар үшін ﷺ салауат айтқанына сенімді бола берсе болады; ал кім басқа сөздерді қолданса, «ол салауатты ол бүйірылғандай етіп айтты ма, әлде жоқ па?» деген күмәндарды сезінеді. Істің мәні осылай болғанының себебі олардың: «Біз сен үшін Аллаһқа қалай жалбарынуымыз керек?», - деп сұрағанында, ал ол (бұл сұраққа): «*Уа, Аллаh, (...) Мұхаммадқа (...) иғілік ет...* », - деп жауап бергенінде, әрі осы арқылы оларға өзі үшін дұға еткенде (жоғарыда аталған) сөздерді айтуды bekітіп бергенінде болып тұр. Бұл туралы әл-Хайсами «әд-Дарр әл-Мәндудта» (каф 25/2) ескертіп, кейін (каф 27/1) қойылған мақсатқа

айтылу үлгісі сенімді хадистерде жеткізілетін кез келген салауатты айту арқылы қол жеткізілетіндігін айтқан.

### **Бесінші пайда:**

Пайғамбар үшін ﷺ айтылатын салауаттардың көлтірілген барлық үлгілерін бір жалғыз нұсқаға біріктіруге ешқандай негіз жоқ екендігін білу қажет; тұра сол ұстаным тәшаххудтың жоғарыда көлтірілген түрлі үлгілеріне қатысты да күшке ие. Іс жүзінде бұл діни жаңалықпен (бидғатпен) бірдей болар еді; ал Сұннет бұл салауаттардың үлгілерінің әрқайсысын әртүрлі уақыттарда айту болып табылады, мұны шейх-ул-исlam Ибн Таймийя еki айт тәкбірлеріне қатысты зерттеуінде түсіндірген болатын («Мәжму’ әл-Фатауа» 29/253/1).

### **Алтыншы пайда:**

Сыддық Хасан Хан атты ғалым өзінің «Нузул әл-Әбрар би-л-'Илм әл-Мә'сүр мин әл-'Ад'ийя уәл-Әзкар» кітабында Аллаһқа Пайғамбар ﷺ үшін жиі дұға етіп жалбарынудың артықшылықтары туралы көптеген хадистерді келтіріп, былай деп жазады (161-бет): «Хадис білгірлері мен Саф Сұннетті жеткізумен айналысатындар, ол ﷺ үшін салауаттар арқылы Аллаһқа жалбарынуга қатысты басқа мұсылмандардан озады, өйткені бұл олардың міндеттерінің бірі, себебі - олар өздері үшін білімнің осы ардақты жолын таңдал алған соң, әрбір хадистің алдында ол үшін дұға етеді, әрі осылайша олардың тілдері оны ﷺ тұрақты түрде зікір етеді. Өз құрамына мындаған хадистерді қамтымайтын Сұннетке арналған бірде-бір кітап және бірде-бір «Жәми'», «Муснад», «Му'жам», «Жұз'»<sup>626</sup> және басқа хадис жинақтары

626 Аудармашының ескертпесі: барлық анықтамалар доктор Махмуд Тахханның «Пособие по терминологии хадисов» (М., 2002. С. 145-146) кітабынан алынған:

«Жәми'» – құрастыруышы оны түрлі тақырыптарға (мысалы, «діннің бұлжымас қағидалары», «ғибадаттың түрлері», «кейір адамдардың артықшылықтары» т.с.с.) арналған тарауларға бөліп

жоқ, ал қалған жинақтар бұдан ерекшеленеді. Сөйтіп, міне солар - «Құтылған қауым»<sup>627</sup>:

құрастырган кез келген кітап. Мысал ретінде имам әл-Бухаридің «әл-Жәми’ ас-Сахиҳын» атауга болады.

«Мұснад» – хадистің тақырыбына қарамастан, әрбір сахабадан жеке түрде жеткізілетін хадистер жинақталған кез келген кітап. Мысал ретінде имам Ахмад ибн Ҳәнбалдің «Мұснадын» атауга болады.

«Му’жам» - құрастырушы онда жинақталған хадистерді негізінен шейхтардың атына сәйкес әліпби бойынша тәртіппен орналастыратын кез-келген кітап. Мысал ретінде құрамдас бөліктепері «әл-Му’жам әл-Кәбир», «әл-Му’жам әл-Әусат» және «әл-Му’жам ас-Сагир» деп аталатын әт-Табаранидің «әл-Мәжим әс-Салас» жинағын атауга болады.

«Жуз’» – жеткізушилердің біреуі тарапынан жеткізілген хадистер жинақталған көлемі бойынша шағын кез келген кітап; немесе бұл онда терендетілген түрде зерттелетін белгілі бір тақырып бойынша хадистер жинақталған кітап. Мысал ретінде имам әл-Бухари дің «Жуз’ Раф’ әл-Йадайн фи-с-Саләт» кітабын келтіруге болады.

627 Аудармашының ескертпесің: «Құтылған қауым» – бұл мұсылмандардың жеткіс үш тобының ішіндегі Оттан құтылатын жалғыз біреуі ғана. Сенімді хадистerde Пайғамбар ﷺ былай деп айтканы жеткізіледі: «Мениң ұмметімнен бір топ ақыятты айқын ұстанатын болады, әрі оларға қарсы шыгуышылар Аллаһтың әмірі келіп жетпейінше оларға зиян тигізе алмайды» (әл-Бухари және Мұслим). Басқа бір хадисте Пайғамбар ﷺ бұл топтарға қатысты былай деп айтқан: «Олардың біреуенен басқасының барлығы Отта болады, әрі бұл – келісімнің жақтаушылары (әл-жама’а)» (Иbn Мәжән және Ахмад). Бұл хадистің басқа бір нұсқасында Аллаһтың Елшісі ﷺ «Құтылған топ» адамдары туралы былай деп айткан: «...әрі олар - мен және менің сахабаларым осы бүгін ұстанған нәрселерді ұстанатындар» (әт-Тирмизи және әл-Хаким). Аллаh бізді жалғыз құтылатын топқа қоссын!

Қиямет күні Аллаһтың Елшісіне басқа адамдарға қарғанда ең жақын болатын және оларға (Аллаһ тарапынан) оның шапагаты бірінші кезекте сый етілетін хадис білгірлерінің негізгі бөлігі; әкем мен шешем ол үшін өтеу болсын! Хадис білгірлеріне тән бұл артықшылықтардан бірде-бір адам аса алмайды, тек егер ол солар істейтін нәрселерді олардан да көбірек істемесе гана... Сондықтан да мен саган былай деймін: егер иғілікке ие болғын, келсе, құтылууды және басқа да кез келген (жақсылықтарды) іздесен, не өзің хадис білгірі (мухаддис) болуын керек, не олардың қастарында жүргүй қажет; (әрі) өзгеше істеме.... өйткені бұдан басқа саган пайда келтіретін еш нәрсе жоқ» (Сылдық Хасан Ханның дәйексөзінің соны).

Мен Пәк Аллаһ Тағаладан мені Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың иғілігі мен сәлемі болсын) басқа адамдарға қарғанда жақын болған осы хадис білгірлері қатарына қосуын сураймын; бәлкім, осы кітап осыған күәлік болар. (Мына шумақтарды) айтқан имам Ахмадты Аллаһ Өзінің рахметіне бөлесін:

*Мұхаммад пайғамбардың діні - хадистерде,  
Жігіт үшін ең жақсы сәйгүліктер – асарларда;  
Хадис пен оның білгірлерінен бет бұрма,  
Әйткені жеке пайым – тұн, ал хадис – бұл күн.  
Кейде күн барынша жарқырап тұрса да,  
Бозбала Тура жолдан хабарсыз болуы да мүмкін!*

**Бірінші тәшапкұнда Аллаһқа дұға етіп  
жалбарыну  
«الدُّعَاءُ بَعْدَ التَّشَهِيدِ الْأَوَّلِ»**

Ол بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ соңдай-ақ:

**إِذَا قَعَدْتُمْ فِي كُلِّ رَكْعَيْنِ فَقُولُوا: التَّحِيَّاتُ لِلَّهِ وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيَّبَاتُ  
السَّلَامُ عَلَيْكَ أَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَرَبَّكَاتُهُ السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ  
أَشْهُدُ أَنَّ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ وَأَشْهُدُ أَنَّ مُحَمَّداً عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ، ثُمَّ لِيَتَحِيزَ أَحَدُكُمْ مِنْ  
الدُّعَاءِ أَعْجَبَهُ إِلَيْهِ فَلِيُدْعُ.**

«Сендер әрбір еki ракағаттан кейін отыргандарыңда «эт-тахийатты» айтыңдар, ал содан соң әрқайсың өзіне көбірек үнайтын дұғаны таңдал, (ол арқылы) аса Құдіретті Аллаh Тағалага жалбарынударың қажет»<sup>628</sup>, - деп, осы тәшашхудта да дұға айтуды басшылық ретінде орнатты.

Үшінші, ал содан кейін төртінші  
ракағаттарды орындау үшін орнынан  
турегелу  
«الْدُعَاءُ بَعْدَ الشَّهَادَةِ الْأُولَى»

Кейін «ол ﷺ тәкбір айтып, үшінші ракағатты орындау үшін орнынан тұратын»<sup>629</sup>, және бұл туралы жоғарыда айтылғандай, «намазды нашар орындаған адамға»: «...әri әrbіr

628 Ән-Неса'и, Ахмад және әт-Табарани бұл хадисті жеткізушілердің түрлі тізбектері арқылы Ибн Мәс'удтан көлтіреді; толығырақ бұл хадис «әс-Сахихта» (878) қаралады ал «Мәжма' әз-Заяу'илте» (2/142) сондай-ақ басқа қолдаушы хадис көлтірледі.

629 Әл-Бухари және Муслим.

*ракағатта осылай жаса», - деп, тұра осылай істеуді бұйырған.*

«Ол  отырыстан тұру кезінде тәкбір айтатын, ал содан соң орнынан тұратын»<sup>630</sup>; кейде осы тәкбірді айтқан кездे «ол екі қолын көтеретін»<sup>631</sup>.

«Ол төртінші ракағатты орындау үшін орнынан тұрғысы келгенде: «*Аллаh Ұлы! (Аллаhу әкбар)*», - деп айтатын<sup>632</sup>, әрі, бұл туралы алдында айтылып кеткеніндей, ол «намазды нашар орындаған адамға» да осылай істеуді бұйырды, әрі осы тәкбірді айтқан кезде кейде «ол екі қолын көтеретін»<sup>633</sup>.

«Ол әрбір сүйегі өз орнын тапқанына дейін оң аяғына отырып алып, денесін түзейтін, ал кейін (екі қолымен) жерге сүйеніп орнынан тұратын»<sup>634</sup>; және «ол орнынан тұру үшін екі

630 Абу Йа'лә **өзінің** «Мұснад» (284/2) **кітабында** бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді. Ол сондай-ақ «Сиқсиләт әл-Әхадис әс-Сахих»ада» (604) **көлтіріледі**.

631 Әл-Бухари және Абу Дауд.

632 Сол жерде.

633 Абу Ауана және ән-Нәса'и бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

634 Әл-Бухари және Абу Дауд.

қолына сүйенерде, саусақтарын жұдырыққа түйетін<sup>635»</sup><sup>636.</sup>

Осы ракағаттардың екеуінде де ол «әл-Фатиха» сүресін оқитын, әрі «намазды нашар орындаған адамға» да осыны бұйырды. «Бесін намазының соңғы екі ракағаттарында «әл-Фатиха» сүресінен кейін Құран аяттарын оқу» тарауында түсіндірілгеніндей, ол бесін намазын орындау кезінде кейде («әл-Фатихадан» соң) қосымша бірнеше аяттар оқитын.

<sup>635</sup> Аудармашының ескертпесі: сөзбе-сөз «қамыр илеуші адамдай».

<sup>636</sup> Әл-Харби «Фаріб әл-Хадис»<sup>те</sup>. Бұл хадистің мағынасын әл-Бухари және Абу Дую өздерінің жинақтарында көлтіреді. Ал «ол бір адамға намазда орынан тұрган кезінде екі қолына сүйенуге тыйым салды» деген хадиске келер болсақ, бұл «мункар» үлгідегі сенімді емес хадис болып табылады, мұны мен «Силсиләт әл-Әхадис әл-Да'ифа» (967) кітабында түсіндірдім.

Аудармашының ескертпесі: екі анықтама да доктор Махмуд Тахханың «Пособие по терминологии хадисов». (М., 2002. С. 77) кітабы бойынша көлтіріледі: «мункар» үлгісіндегі хадистердің ең танымал екі анықтamasы бар:

<sup>1)</sup> бұл - иснадында өреспекел қателерге жол берген, жиі салғыртық танытқан немесе өзінің бұзықтығымен танылған жеткізушінің аты аталатын хадис;

<sup>2)</sup> бұл - әлсіз жеткізуші жеткізген және сенімге лайық жеткізушінің жеткізгеніне қайшы келетін хадис.

Қандай да бір апат (бақытсыздық туындаған) жағдайда бес намазда Құнұт дүғасын оқу

«الْقُوْثُ فِي الصَّلَوَاتِ الْخَمْسِ لِلنَّازِلَةِ»

«Ол ﷺ (Аллаһтан) әлдебіреуді жазалауын сұрап жалбарынғанда немесе (Оған) әлдебіреу үшін дүға етіп жалбарынғысы келгенде, соңғы ракағатта рукуғ жасағаннан соң «*Аллаh Оған мақтау-мадақ айтқандарды* (*айтқанды*) *естісін* (*Сами'а-Ллаhу ли-мән хамиданhу*), *Раббымыз және Саған мақтау-мадақтар болсын* (*Раббә-на, уа лә-кә-л-хамd*)!»<sup>637</sup> деген сөздерін (айтқаннан) кейін құнұт дүғасын (*دُعَا* ал-құнұт)<sup>638</sup> айтып, «дауысын көтерген күйде Аллаһқа дүға етіп жалбарынатын»<sup>639</sup>, «екі

637 Әл-Бухари және Ахмад.

638 «Құнұт» сөзі бірнеше мағынага ие, мысалы «мойынсұнушылық, құдайшылық». Аталған осы жағдайда (намаз кезінде) турегеліп түрған күйде айтылатын дүға мензелуде.

639 Сол жерде.

қолын көтеретін»<sup>640</sup>, ал «оның артында тұрғандар: «Әмин», - деп айтатын»<sup>641</sup>.

«Ол құнұт дүғасын барлық бес намазда да айтқаны» белгілі<sup>642</sup>, алайда «ол оларда құнұт дүғасын қандай да бір адам үшін немесе қандай да бір адамға қарсы дүға етіп жалбарынғанда оқитын»<sup>643</sup>. Мысалы, ол бірде:

640 Ахмад және әт-Табарани бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтірелі. **Құнұт дүғасын айтқан** кезде екі қолды көтеру - бұл Ахмадтың және Исхак ибн Раһаяйтың ұстанған мазһабы. Әл-Мәруази дін «әл-Мәсә’ил» (23-бет) кітабымен салыстырыныз. Ал бетті екі қолмен сипап өту туралы айттар болсақ, аталған жағдайда мұны (істеге туралы) ешбір жерде айттылмаған, әрі мұны істеге діни жаңалық (бидғат) болып табылады: екі бетті басқа жағдайларда сипап өтуге қатысты айттар болсақ, онда бұл туралы ешқандай сенімді дерек келмеген: бұл туралы мен «Да’иф Аби Дәуд» (262) және «Силиләт ал-Әхадис әс-Сахиха» (597) кітаптарында айтқанымдай, бұл туралы жеткізілетін хадистердің барлығы не әлсіз, не өте әлсіз болып табылады. Міне сол үшін де әл-Иzz ибн ‘Абд әс-Саләм өзінің пәтүаларының бірінде: «Осылай тек надан адам гана істейді», - деп айтқан Толығырақ № 6 Қосымшаны қараңыз.

641 Абу Дәуд және әс-Сираж. Әл-Хаким бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби және басқалар келіскең.

642 Абу Дәуд, әс-Сираж және әл-Дәракутни бұл хадисті жеткізушілердің екі жақсы тізбегі арқылы келтіреді.

643 Ибн Ҳузайма өзінің «Сахих» (1/78/2) және әл-Хатиб «Китаб ал-Қунұт» кітаптарында бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

«اللَّهُمَّ انْجِ الْوَلِيدَ بْنَ الْوَلِيدِ، اللَّهُمَّ انْجِ سَلَمَةَ بْنَ هَشَامٍ وَعَيَّاشَ بْنَ أَبِي رَبِيعَةَ اللَّهُمَّ اشْدُدْ وَطَأْتَكَ عَلَى مُضَرِّ، وَاجْعَلْهَا سِينَنَ كَسِينَ يُوسُفَ، [اللَّهُمَّ] لَعْنَ اللَّهِ لِحْيَانَا وَرَغْلَا وَذُكْوَانَ وَعُصَيَّةَ عَصَتِ اللَّهَ وَرَسُولَهُ».»

«Уа, Аллаһ, әл-Уалид ибн әл-Уалидты және Сәлама бин Һишамды және 'Айиаш ибн Абу Раби'аны және мұміндерден болған әлсіздерді құтқар! Уа, Аллаһ, мұдар тайпасына қатал бол және олар үшін ашарышылықты Йусуфтың кезіндегідей үақытқа соз! [Уа, Аллаһ, лихийән, ри'л, закуан және 'үсай (тайпаларының) Аллаһқа және Оның Елшісіне мойынсұнбаған (көпқұдайшылдарын) жазалай гөр», - деп айтқан<sup>644</sup>.

Кейін, «құнұт дұғасын бітірген соң, ол: «Аллаһ Ұлы! (Аллаһу әкбар)», - деп айтатын және сәжде жасайтын»<sup>645</sup>.

644 Әл-Бухари және Ахмад. Жақшадағы қосымшаны Мұслим келтіреді.

645 Ән-Нәса'и, Ахмад, әс-Сираж (109/1) және Абу Йа'лә өзінің «Мұснад» кітабында бұл хадисті жеткізушилердің жақсы тізбегі арқылы келтіреді.

## Үтір («әл-Уитр») намазын орындау кезіндегі

**құнұт дұғасы**  
**«القُنُوتُ فِي الْوَثْرِ»**

«Ол ғұнұт дұғасын үтір намазының (так) ракағаттарын орындау кезінде (тек) кейде<sup>646</sup> (ғана) айтатын<sup>647</sup> және «ол осы дұғаны рукуғ жасаудан бұрын оқитын»<sup>648</sup>.

646 Біз: «Кейде», - деп айтқанымыздың себебі үтір намазы туралы хадистерді жеткізген сахабалар оларда құнұт дұғасы туралы айтпағандарында, өйткені егер Пайгамбар ғұнемі осылай істейтін болғанда, олардың барлығы бұл туралы айтып кетер еді. Дегенмен, тек бір ғана сахабадан - Убайй ибн Ка'бтан, үтір намазында құнұт дұғасы айтылатындығы туралы хабарланады, ал бұл оның ғосы дұғаны кейде оқығандығын растайды. Сөйтіп, бұл жерде үтір намазын орындау кезінде құнұт дұғасын оқу уәжіп еместігіне дәлел бар. Бұл пікірді ғалымдардың көшпілігі ұстанады. Дәл осы себептен де ханафи мазһабының зерттеуші ғалымы Ибн әл-Хумам «Фатх әл-Қадир» (1/306, 359, 360) кітабында үтір намазында құнұт дұғасының уәжіптігі туралы тұжырымды әлсіз және жеткілікті дәйекеттермен нығайтылмаған деп мойыннады. Бұл осы ғалымның бейтараптығын (әділдігін) және оның бойында фанатизмнің жоқтығын растайды, өйткені ол қолдаған осы пікір оның ұстанған мазһабына қайшы келеді!

647 Ибн Нәср және әд-Даракутни бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

648 Ибн Абі Шәйба (12/41/1), Абу Дауд, ән-Нәса'и «әс-Сунан әл-Кубра да» (218/1-2), Ахмад, әт-Табарани, әл-Бәйінаки, Ибн «Асакир» (4/244/2) бұл хадисті әрі келесі хадисте көлтірілетін дұғаны да жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді. Ибн Мәндан «әт-Таухида» (70/2) кітабында келесі хадистен тек құнұт дұғасын ғана жеткізушілердің басқа бір жағы тізбегі

Ол ﷺ әл-Хасан ибн 'Алиге (Аллаh оған разы болсын) [үтір намазында (Кұран) оқып болған соң] мына дұғаны үйретті:

«اللَّهُمَّ! اهْدِنِي فِيمَنْ هَدَيْتَ، وَعَافِنِي فِيمَنْ عَافَيْتَ، وَتَوَلَّنِي فِيمَنْ تَوَلَّتَ، وَبَارِكْ لِي فِيمَا أَعْطَيْتَ، وَقُنِي شَرًّا مَا قَضَيْتَ، [فَإِنَّكَ تَقْضِي وَلَا يُقْضَى عَلَيْكَ، (وَإِنَّهُ لَا يَذَلُّ مِنْ وَالْيَتَ، [وَلَا يَغْرُّ مِنْ عَادِيَتَ]، تَبَارَكْتَ رَبَّنَا وَتَعَالَيْتَ، [لَا مَنْجَأٌ مِنْكَ إِلَّا إِلَيْكَ].».

Аллаhұмма, һди-ни фи-мән һадәйтә, уә 'афи-ни фи-мән 'афәйтә, уә тауаллә-ни фи-мән тауалләйтә, уә бәрик ли фи-мә а'тайта, уә қи-ни шәрра мә қадәйтә, [ғә-] инна-қә тақдыры үә лә юқда 'аләй-қә [үә] инна-һу лә йазыллю мән уаляйта [үә ли я'иззу мән 'адайта]<sup>649</sup>, тәбәракта, раббә-на, уә тә'аләйтә, [лә мәнжә мин-қә иллә иләй-қә].

арқылы келтіреді. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (426) кітабында келтірілген.

<sup>649</sup> Жақшалардың ішіндегі бұл қосымша хадисте бекітілген, мұны әл-Хафиз «әт-Талхис» кітабында келтіргендей. Мен оның (сенімділігін) осы кітаптың түпнұсқасында («әл-Асл») келтіргенмін. Мұны имам ән-Нәуауи назарынан тыс қалдырыды, әрі «Раудат әт-Талибин» (1/253) кітабында бұл сөздерді де, «Фа-لә-қа-л-хәмдү 'алә ма қадайта, астагғири-қа үә әттүбү иләй-қә» (Сенің алдың ала шешіп бекіткенің үшін Саған мадақ! Сенен кешірім өтінемін және саған тәубе етемін) деген сөздерді де ғалымдардың өздері қосқан деп айтқан. Тура бірнеше жолдан соң оның өзі (яғни ән-Нәуауи) былай деп айтқаны тақ қалдырады: «Әл-Қади Абу әт-Тайийиб «лә ж'иззу мән

«*Уа, Аллаh, Өзің тура жолға салған кісілердің қатарында мені де тура жолға сал. Өзің есендік берген кісілердің қатарында маган да есендік бер. Өзіңе жақын тұтқан кісілердің қатарында мені де Өзіңе жақын тұт. Маган сиійлаған нәрселеріңді берекелі ет және алдын ала шешіп қойған нәрселеріңнен мені қорғай гөр. Расында, Сен үкім шығарасын, (бірақ) Сен туралы үкім шығарылмайды. Ақиқатында, Сен қолдаған пендең қор болмайды, [ал Сен жау тұтқан адам қадірлі болмайды]! Уа, Раббымыз, сен Жоғары және Ұлысың! [Саған жүгінуден өзге, Сенен құтылу жоқ!]»<sup>650</sup>.*

‘аәдәйтә» («...Сен Өзіңе жау тұтқан кісі қадірлі болмайды») деген сөздерді айтудың заңдылығын теріске шығарып, қателесті дегенге барлық галымдар бірауызды келіскең». Мұны әл-Бейнәқи келтіреді. Ал Аллаh бұл туралы жақсырақ біледі!

<sup>650</sup> Бұл дұғаның сөздерін, бұл туралы <sup>631</sup>-ескертпеде айтылғандай, Ибн Хузайма (1/119/2), соңдай-ақ Ибн Аби Шәйба және басқалар келтіреді.

Маңызыды ескертпепе: ән-Нәса'и құнғұт дұғасының сонында әлсіз жеткізуашілер арқылы хабраланатын «...уә саллә Аллаhу 'алә-н-нәбий-л-уммийий» («...Аллаh хат танымаған Пайғамбарға итілік етсін!») деген сөздерді қосады; оны әлсіз дег айтқандардың қатарында Ибн Ҳәжар әл-Асқалани, әл-Қасталләни және әз-Зуркани. Сондықтан да біз бұл қосымшаны өзіміздің қабыл етілетін хабарлардың жүйесіне қоспадық (бұл туралы осы кітаптың алғысөзінде

## Соңғы тәшәһүд «الشَّهْدُ الْأَخِيرُ»

### Осы тәшәһүдтың міндеттілігі туралы

«وُجُوبُ هَذَا التَّشْهِيدُ»

Төртінші ракағатты аяқтай келе, ол ﷺ соңғы тәшәһүдты айту үшін отыратын. Онда «ол «мұтауаррик» үлгісінде отырудан басқасын (айтпағанда), бірінші тәшәһүдта істейтіннің

айтылатындаі). Әл-Иzz ибн'Абд ас-Сәлам «әл-Фәтаяда» (66/1, 1962)былай деп айтқан: «Күнүт дүғасын айтқан кезде Аллаһтың Елшісіне ﷺ салауат айту, Аллаһтың Елшісінің ﷺ намазына қандай да бір нәрсе қосу сияқты, сенімді болып табылмайды». Ол айтқан осы пікір оның осы дәйектеудің шеңберін соңғы буынның кейбір ғалымдары істейтіндей «жақсы діни жаңалық» («бид'а хасана») үғымын қосу арқылы кеңейтпегенін көрсетіп тұр. Десе де, Ибн Хузайма өзінің «Сахихында» (1097) келтіретін Убай ибн Ка'б туралы хадисте ол рамазан айында өткізілетін түнгі (тарауих) намаздарда имам болған кездерінде, қүнүт дүғасының соныңда Пайғамбарға ﷺ салауат айтатыны хабарланады, ал бұл халифа Омардың (Аллаһ оған разы болсын) кезінде орын алған еді. Осыған ұқсас хабар сондай-ақ Омардың басқару тұсында адамдардың намазын басқарған Абу Халим Му'аз әл-Ансариден де жеткізіледі. бұл туралы Исма'ил әл-Қади (№107) және басқалар баяндаған. Осыдан шыға келе, аталған сөздерді қосу орынды болады, өйткені мұсылмандардың алғашқы салиқалы буын өкілдері (салиқалы саләфттар) осылай істейтін, әрі сонымен «осы қосымша діни бидғат болып табылады» деп үзілді-кесілді айтуға болмайды. Ал Аллаһ жақсырақ біледі!

барлығын бұйырды әрі істейтін<sup>651</sup>: (яғни) «оның сол балтырының үстіңгі бөлігі жерде болатын, ал екі аяғы бір жаққа (яғни он жаққа) шығарылатын»<sup>652</sup>); «ол сол аяғын (он аяғының) балтыры мен санының астына өткізетін»<sup>653</sup>, «он аяғының (табанын) тік тұрғызатын»<sup>654</sup>, ал кейде «ол оны жерге төсейтін»<sup>655</sup>, (осы кезде) «оның сол алақаны сол тізесін жабатын, әрі ол оған қатты сүйенетін»<sup>656</sup>.

Ол осы тәшәһүдта бірінші тәшәһүдтағыдай өзі үшін салауат айтып Аллаһқа жалбарынуды бұйыратын; ал ол үшін қалай дұға ету керектігі туралы тиісті тарауда түсіндірілген болатын.

651 Әл-Бұхари.

652 Әл-Бұхари. Екі ракағаттан тұратын намаздарға келер болсак, мысалы, таң (фәжр) намазы, (онда) «ифтираш» үлгісінде отыру Сүннетке сәйкес келеді. (Отыру) үлгілеріндегі бұл айырмашылық имам Ахмадтан жеткізіледі, Ибн Һәни «Мәсә’ил әл-имам Ахмад» (79-бет) кітабымен салыстырыңыз.

653 Абу Дауд және әл-Бейнәқи бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

654 Мұслим және Абу Ауана.

655 Сол жерде.

656 Сол жерде.

Осы тәшанһудта Пайғамбар үшін ﷺ салауат  
айтып Аллаһқа жалбарынудың міндеттілігі  
туралы  
«وُجُوبُ الصَّلَاةِ عَلَى النَّبِيِّ ﷺ»

Бірде «Аллаһтың Елшісі ﷺ бір адамның өз намазында бірінші кезекте Аллаһ Тағаланы мақтап-мадақтамастан және Пайғамбар үшін ﷺ салауат айтпастан Аллаһқа дұға етіп жалбарына бастағанын естіп: «*Бұл (адам) асығыстық жасады!*», — деп айтты да, содан соң оны өзінің жанына шақырып алыш, оған (немесе басқа біреуге):

**«إِذَا صَلَّى أَحَدُكُمْ فَلْيَبْدأْ بِتَحْمِيدِ رَبِّهِ عَزَّ وَجَلَّ، وَالثَّنَاءِ عَلَيْهِ، ثُمَّ لِيُصَلِّ عَلَى النَّبِيِّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ ثُمَّ لِيُدْعُ بَعْدَ بِمَا شَاءَ».**

«Сендердің, біреулерің, Аллаһқа дұға етіп жалбарынғысы келсе, Пәк Раббысына мақтау-мадақ айтудан бастасын да, Оны пәктеп-дәріптесін, содан соң Пайғамбарға ﷺ иғілік

(басқа бір нұсқада: «... береке») тілесін, ал содан соң ғана қалаганын сұрасын», - деді<sup>657</sup>.

Сондай-ақ (бірде) «ол бір адамның намазда Аллаһты мақтап-мадақтағанын және пәктеп-дәріптегенін, әрі Пайғамбарға ﷺ иғілік-береке тілегенін (салаят айтқанын) естіп, оған: «Аллаһқа дұғанмен (жалбарын), әрі Ол саған жауап береді! Аллаһтан сұра, әрі Ол саған сұраганыңды береді!»<sup>658</sup>, - деген.

---

657 Ахмад, Абу Дәуд, Ибн Хузайма (1/83/2) және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби көлікен. Бұл хадис осы тәшәххүдта Пайғамбар үшін ﷺ дұға етудің міндетті екендігіне, өйткені оның өзі осылай істеуді бүйіргандығына нұсқайтынын білу қажет. Осы пікірді имам әш-Шәфи'и, сондай-ақ Ахмад үстанған бұл туралы одан жеткен екі хабардың соңғысында жеткізілетінідей. Олардан бұрын тұра осы пікірді кейбір сахабалар және басқа да ғалымдар үстанатын. Әл-Сондықтан да әл-Әжжүри «әш-Шәриға» (415-бет) кітабында былай деп айтқан: «Кім соңғы тәшәххүдта Пайғамбар үшін ﷺ дұға етіп жалбарынбаса, намазын қайта орындауы қажет». Сондықтан имам әш-Шәфи'и, мұны фақиһ ғалым әл-Хайтами «әл-Дарр әл-Мәндуд фи-с-Саләт уәл-Саләм 'алә Сахиб әл-Мақам әл-Махмұд» (13–16–тараулар) кітабында түсіндіріп бергеніндей, олардың ойларынша, осы ерсі пікірді үстанған жалғыз адам болды-мыс деп жала жапқандар әділетсіздік жасайды.

658 Ән-Нәса’и бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

Сәлем беруге дейін айтылатын дұғалардан  
бұрын Аллаһтан төрт нәрседен пана тілеп  
жалбарынудың міндеттілігі туралы  
«وُجُوبُ الْإِسْتِعَادَةِ مِنْ أَرْبَعٍ قَبْلَ الدُّعَاءِ»

Ол ﷺ былай деп айтатын: «Сендерден кім [соңғы] тәшәххүдты оқуды аяқтаса, Аллаһтан төрт нәрседен пана сұрап, былай деп айтсын:

«اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابِ جَهَنَّمِ، وَمِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ، وَمِنْ فِتْنَةِ  
الْمَحْيَا وَالْمَمَاتِ، وَمِنْ شَرِّ [فِتْنَةِ] الْمَسِيحِ الدَّجَّالِ».»

Аллаһумма, инни а'uzu bi-kə min 'azabi жәһаннама, ua min 'azabi-l-қабри, ua min fitnəti-l-məhixia uəl-məməti, ua min шərri [fitnəti-] l-məsiixi-d-dəjxəl.

«Ya, Аллаh, мен Өзіңе қабір азабынан,  
Жәһаннам (Тозак) азабынан, өмір мен өлім бүлігінен және Дәжкəл бүлігінен пана тілен

**сыйынамын».** [«Кейін ол өзі үшін қалаған дұгасын айттып жалбарынсын】<sup>659</sup>.

«Ол  өзінің тәшәһүудиңда Аллаһқа осы дұғамен жалбарынатын»<sup>660</sup>.

Бұдан тыс, «ол өзінің сахабаларына (Аллах оларға разы болсын) Құранның сүрелерін қалай үйреткен болса, осыны да солай үйреткен»<sup>661</sup>.

Сәлем беру сөздерін айтудан бұрын Аллаһқа жалбарынып айттылатын дұғалардың түрлі үлгілері

«الدُّعَاءُ قَبْلَ السَّلَامِ وَأَنْواعُهُ»

Ол  өз намазында Аллаһқа әртүрлі дұғалар арқылы жалбарынатын<sup>662</sup>, ері ер дұғаны

<sup>659</sup> Мұслим, Абу Ауана, ән-Нәса'и және Ибн ал-Жәруд «әл-Мунтака» (27) кітабында. Бұл хадистің алынған қоздері мен жеткізушилерінің тізбектері «әл-Ируа» (350) кітабында көлтірлген.

<sup>660</sup> Абу Дауд және Ахмад бұл хадисті жеткізушилердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

<sup>661</sup> Мұслим және Абу Ауана.

<sup>662</sup> Ақиқатында, біз «өзінің тәшәһүудиңда» деп айтпағанымыздың себебі - мәтіннің өзінде тәшәһүд немесе басқа нәрсе нақты белгілеп айттылмай, «өзінің

әртүрлі уақытта айтатын; ол сондай-ақ Аллаһқа басқа дұғалармен жалбарынуды да бұйыратын және «намаз орындаушыға оның өзі қалаған дұғаны таңдап алуын бұйыратын»<sup>663</sup>. Бұл дұғалар төменде келтіріледі:

---

намазында» деп нұсқалған. Сөйтіп, бұл намаз кезіндегі дұға айтуга ыңғайлы болған түрлі жағдайларды қамтиды, мысалы, сәжде мен тәшаббұтты, ал осы екі кейіпте Аллаһқа жалбарынудың әмір етілгендердің жоғарыда айтылған болатын.

663 Әл-Бухари және Мұслим. Әл-Асрәм былай деп хабарлаган: «Мен (имам) Ахмад<sup>тән</sup>: «Тәшаббұттан соң Аллаһқа қандай дұғаларды айтып жалбарынұым керек?», - деп сұрадым. Ол: «Хадистерде жеткізілген дұғаларды», - деп жауап берді. Мен: «Бірақ Аллаһтың Елшісі ﷺ: «Кейін өзіне ұнайтын дұғаны таңданап алсын», - деп айтты емес не?», - дедім. Ол: «(Хадистерде) келтірілгендердің ішінен таңдауы қажет», - деп жауап берді. Мен оған сұрагымды қайталаң қойдым. Ол тағы да: «Ол (хадистерде) келтірілгендердің ішінен таңдауы қажет», - деп жауап берді». Бұл хабарды Ибн Таймий «Мәжму' әл-Фатауа да» (69/218/1) келтіреді де осыны (имам Ахмадтың айтқан сөздерін) мақұлданап, былай дейді: «Сөйтін, «кез келген дұға» деген сөздер кез келген түрдегі дұғаларға емес, дәл Аллаh сүйетін дұғаларға қатысты..., - әрі қарай ол былай деді: - Сонымен, (сенімді) хадистерде жеткізілетін, бекітілген, орнатылған, сондай-ақ өзіне иелікті қамтыған дұғаларды айту жақсырақ». Бұл осылай, бірақ кайсы дұғалар өзіне иелікті қамтитынның танып білу сенімді білімге төуелді, ал оны адамдардың арасында сирек кездестіруге болады, соңықтан да (хадистерде) жеткізілетін дұғаларды ұстану бәрінен жақсырақ, әсірепесе егер олар өз күрамына намаз орындаушының

1. «اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ، أَعُوذُ بِكَ مِنْ فِتْنَةِ الْمَسِيحِ الدَّجَّالِ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ فِتْنَةِ الْمَحْيَا وَالْمَمَاتِ؛ اللَّهُمَّ! إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْمَأْثَمِ وَالْمَغْرَمِ».

Аллаһұмма, инни а'узу би-кә мин 'азаби-л-қабри, уа а'узу би-кә мин фитнәти-л-Мәсихи-д-Дәжжәли, уә а'узу би-кә мин фитнәти-л-мәхия үәл-мамәти. Аллаһұмма, инни а'узу би-кә мин әл-мә'сәми үәл-мәграм.

«Ya, Аллаh, ақиқатында, мен Өзіне қабір азабынан пана тілеп сыйынамын. Сондай-ақ, мен Өзіңе Мәсих Дәжжәлдің бүлігінен және өмір мен өлімнің бүгінінен пана тілеп сыйынамын!

---

солар арқылы Аллаһқа жалбарынғысы келетін өтінішін қамтитын болса. Ал бұл туралы Аллаh жақсырақ біледі!

*Уа, Аллаh, шын мәнінде, мен Өзіңе күнәдан<sup>664</sup>  
және қарыздан<sup>665</sup> сыйынамын».<sup>666</sup>*

**2. «اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا عَمَلْتُ، وَمِنْ شَرِّ مَا لَمْ أَعْمَلُ**

**.«بَعْدُ[**

*Аллаhумма, инни а'узу би-кә мин шәрри мә  
'амилту, уа мин шәрри мә ләм а'мәл [бә'дү].*

*«Уа, Аллаh, ақиқатында, мен Өзіңе істеген  
істерімнің жамандығынан және [әлі] іstemеген  
істерімнің жамандығынан пана тілеп  
сыйынамын<sup>667</sup>».<sup>668</sup>*

<sup>664</sup> Арабтың «мә'сам» сөзі не адамды күнә жасауга мәжбүр ететін нәрсені, не күнәнің өзін білдіреді.

<sup>665</sup> Арабтың «мәғрам» сөзінің негізгі мағынасы - «ауыртпалық». Аталған жағдайда, бұл Айшадан (Аллаh оған разы болсын): «(Бірде) бір адам Пайғамбардан ﷺ: «Неліктен сіз (Аллаhтан) соңшалықты жи түрде қарыздан құтқаруын сұрайсyz?», - деп сұрады», - деп хабарланатын мына хадистің мәтінінен келіп шығатыныңдай, бұл сөздің астарында «қарыз» мензелуде. Жауап ретінде Аллаhтың Елшісі ﷺ былай деп айткан: «Ақиқатында, қарыздың ауыртпалығын көтерген адам сөйлесе - өтірік айтады, ал үәде берсе - оны бұзады».

<sup>666</sup> Эл-Бухари және Муслим.

<sup>667</sup> Яғни мен жаман істер істегеннімнің жамандығынан және жақсы істер іstemегінімнің жамандығынан.

<sup>668</sup> Ән-Нәса'и бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді және Ибн Аби 'Асым «әс-Сунна» кітабында (№ 370 - бұл кітаптың барлық хадистері менің

### 3. «اللَّهُمَّ! حَاسِبْنِي حِسَابًا يَسِيرًا».

Аллаһұмма, хәсібни хисәбән йасиран.

«*Уа, Аллаһ, менен жеңіл есеппен есеп ал!*»<sup>669</sup>

4. «اللَّهُمَّ! بِعِلْمِكَ الْغَيْبِ وَقُدْرَتِكَ عَلَى الْخَلْقِ، أَحْبِنِي مَا عَلِمْتَ الْحَيَاةَ خَيْرًا لِي، وَتَوَفَّنِي إِذَا عَلِمْتَ الْوَفَاءَ خَيْرًا لِي، اللَّهُمَّ! وَأَسْأَلُكَ خَشِينَكَ فِي الْغَيْبِ وَالشَّهَادَةِ، وَأَسْأَلُكَ كَلْمَةَ الْحُكْمِ (الْحُكْم) وَالْعَدْلَ فِي الْغَضْبِ وَالرَّضَا، وَأَسْأَلُكَ الْقَصْدَ فِي الْفَقْرِ وَالْغَنِيِّ، وَأَسْأَلُكَ نَعِيْمًا لَا يَبِدُ، وَأَسْأَلُكَ قُرَّةَ عَيْنٍ لَا تَنْقُذُ وَلَا تَنْقِطُ، وَأَسْأَلُكَ الرَّضَى بَعْدَ الْقَضَاءِ، وَأَسْأَلُكَ بَرْدَ الْعَيْشِ بَعْدَ الْمَوْتِ، وَأَسْأَلُكَ لَذَّةَ النَّظَرِ إِلَى وَجْهِكَ، وَأَسْأَلُكَ الشَّوْقَ إِلَى لِقَائِكَ فِي غَيْرِ ضَرَاءٍ مُضَرَّةٍ وَلَا فِتْنَةٍ مُضِلَّةٍ، اللَّهُمَّ! رَبِّنَا بِرِزْيَتِهِ الْإِيمَانِ وَاجْعَلْنَا هَذَا مُهْتَدِينَ»..

Аллаһұмма, би-'илми-қә-л-гайби, уа құдрати-кә 'алә-л-халқи, әхийи-ни мә 'алимта-л-хәйатә хайран ли, уа тәуаффәни изә кәнәти-л-уафәту хайран ли! Аллаһұмма, уа әс'алю-кә хашията-кә фи-л-гайби уа-ш-шәһадәти, уа әс'алю-кә кәлимәтә-л-хаққи [басқа бір нұсқада: ...әл-хүкми] уәл-'адла фи-л-гадаби уар-рида, уа әс'алю-кә-л-қасдә фи-л-фәқри уал-ғина, уа әс'алю-кә нә'имән лә йәбиidy, уа

тарапымнан сенімділікке тексерілген) Төрт бұрышты жақшалардағы қосымшаны сол келтіреді.

669 Ахмад және әл-Хаким, соңғысы бұл хадист сенімді деген және онымен әз-Зөһаби келіскең.

ас'алю-кә құррата 'айнин [лә тәнфазу, уа] лә танқаты'у, уа ас'алю-кә-р-рида бә'дә-л-қада-и, уа ас'алю-кә бәрда-л-'айши бә'дә-л-мәүти, уа ас'алю-кә ләззәтә-н-нәзри илә уәжхи-кә, уа [ас'алю-кә-] шашауқа илә лиқаи-кә фи гайри дарра'ин мұдырратан уа лә фитнәтин мұдылләтин! Аллаһұмма, зәййиннә би-зийнә-ти-л-имәни, уәж'әл-на һудаттан мұхтадийн.

«*Уа, Аллаh, егер көместі білгендігіңмен және жарату құдіреттілігіңмен тіршілікті мен үшін қайырлы деп білсен, маган өмір бере ғөр, ал егер өлімді мен үшін қайырлы көрсөн, маган өлім бере ғөр деп сұраймын. Уа, Аллаh, ақиқатында, мені әшкере және жасырын (істерімде) Өзіңнен қорқатын (пенделеріңнен) етуіңді сұраймын. Әрі риза болғанымда да, ашуланған шағымда да шын [басқа бір нұсқада: «...дана»] және әділетті (сөздерді айтұымды нәсіп ет). Сонымен қатар байдәүлетті болғанымда, әрі жарлылық (шағымда да) бір қалыпты орта болуымды сұраймын. Сенен [таусылмайтын] нығмет (бақ) сұраймын әрі үзілмейтін қуаныш сұраймын,*

тағдырға болған оқиғадан (қазадан) кейін (оган) ризалықты, өлімнен кейін бақыт сұраймын. Сенің Дидарыңды көру ләззатын, зиянды қайзыларсыз, адастыратын бүліктерсіз Өзіңе жолығуга деген құштарлықты [сұраймын]. Уа, Аллаһ, бізді иман көркемділігімен көркейте ғөр, әрі бізді тұра жолды ұстаган жетекшілерден ете ғөр»<sup>670</sup>.

5. Ол ﷺ Абу Бәкр әс-Сыддыққа (оған Аллаһ разы болсын) келесі дұғаны үйретті:

«اللَّهُمَّ إِنِّي ظَلَمْتُ نَفْسِي ظُلْمًا كَثِيرًا، وَلَا يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلَّا أَنْتَ، فَاغْفِرْ لِي مَغْفِرَةً مِنْ عِنْدِكَ، وَارْحَمْنِي، إِنَّكَ أَنْتَ الْعَفُورُ الرَّحِيمُ». *(Ли Магфиратан мин 'инди-қа уа-рхам-ни, инна-қа*

*Аллаһумма, инни заламту нағси зулмән кәсиран, уа лә йяғириу-з-зүнуба илә Әнта, фә-ғифир ли мәғфиратан мин 'инди-қа уа-рхам-ни, инна-қа*  
Әнта-л-Ғафуру-Рахим.

«Уа, Аллаһ, ақиқатында өзіме аса көп зұлымдық жасадым. Күнәларымды кешіретін Өзіңнен басқа ешкім жоқ! Өз жарылқауыңмен

670 Ән-Нәса'и және ал-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген, және онымен әз-Зәhabи келіскең.

мені кешір де, маган рақым ет. Расында, Сен аса Жарылқауши, ерекше Мейірімдісің!»<sup>671</sup>.

6. Ол ﷺ Аишаға (Аллаh оған разы болсын) былай деп айтуды бұйырды:

«اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ مِنَ الْخَيْرِ كُلِّهِ [عَاجِلَهُ وَآجِلَهُ]؛ مَا عَلِمْتُ مِنْهُ وَمَا لَمْ أَعْلَمُ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنَ الشَّرِّ كُلِّهِ، [عَاجِلَهُ وَآجِلَهُ]؛ مَا عَلِمْتُ مِنْهُ وَمَا لَمْ أَعْلَمُ. وَأَسْأَلُكَ (اللَّهُمَّ! إِنِّي أَسْأَلُكَ) الْجَنَّةَ وَمَا قَرَبَ إِلَيْهَا مِنْ قَوْلٍ أَوْ عَمَلٍ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنَ النَّارِ وَمَا قَرَبَ إِلَيْهَا مِنْ قَوْلٍ أَوْ عَمَلٍ، وَأَسْأَلُكَ (اللَّهُمَّ! إِنِّي أَسْأَلُكَ) مِنْ خَيْرِ مَا سَأَلَكَ عَبْدُكَ وَرَسُولُكَ [مُحَمَّدٌ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا اسْتَغْدَأْكَ مِنْهُ عَبْدُكَ وَرَسُولُكَ مُحَمَّدٌ ﷺ]، [وَأَسْأَلُكَ] مَا فَضَيْتَ لِي مِنْ أَمْرٍ أَنْ تَجْعَلَ عَاقِبَتِهِ [إِلَيْ] رُشْدًا».

Аллаһұммә, инни ас'алю-қә мин-әл-хайри күлли-һи ['ажилиһи үа әжилиһи] мә 'алимту мин-һи үа мә ләм а'ләм, үа ә'узу би-қә мин-әшишәрри күллиһи ['ажилиһи үә әжилиһи] мә 'алимту мин-һи үа мә ләм а'ләм, үа ас'алю-қә- [хадистің басқа бір нұсқасында: Аллаһұммә, инни әс'алю-қә]-л-жәннатә үа мә қаррабә иләй-һә мин қаулин ду 'амәлиһ, үа а'узу би-қә мин ән-нәри үа мә қаррабә иләй-һә мин қаулин ду 'амәлиһ, үа әс'алю-қә [хадистің басқа бір нұсқасында: Аллаһұмма

671 Әл-Бұхари және Мұслим.

инни әс'алю-кә-] мин [әл-] хайри мә са'алә-кә 'абду-  
кә уа расулю-кә [Мұхаммадун, уа а'узу би-кә мин  
шәрри мә исти'аза-кә мин-һү 'абду-кә уа расулю-кә  
Мұхаммадун, сәлләт-Ллаһу 'аләйһи уа сәлләм], [уа  
әс'алю-кә] мә қадайтә ли мин әмрин ән тәж'алә  
'ақибәтә-һү [ли] рушдән.

«*Уа, Аллаһ, мен Сенен кез келген [қазіргі әрі болашақтагы]* мен ол туралы білемтін және білмейтін игілікті сұраймын. Әрі мен Саган кез келген [қазіргі әрі болашақтагы] мен ол туралы білемтін және білмейтін жамандықтан пана тілеп сыйынамын. Және мен Сенен [хадистің басқа бір нұсқасында: «*Уа, Аллаһ, ақиқатында мен Сенен...*»] Жәннат пен оған жақындататын сөздерді немесе амалдарды сұраймын; және мен Оттан әрі оған жақындататын сөздер мен амалдардан пана тілеп Саган сыйынамын. Және мен Сенен [хадистің басқа нұсқасында: «*Уа, Аллаһ, ақиқатында, мен Сенен...*】 құлың, және елшиң [Мұхаммад] сұраған игіліктерді сұраймын, және мен құлың әрі елшиң [Мұхаммад, оған Аллаһтың, игілігі мен сәлемі болсын!] пана

*тілеп Саган сыйынған нәрселерден Өзіңе сыйынамын, [және мен] Сен [мен үшін] алдын ала шешіп қойған істің соңы салиқалы болуын сұраймын»<sup>672</sup>.*

7. Ол бір кісіден: «Сен намаз орындаған кезінде не оқисың?», - деп сұрады. Ол: «Мен күәлік сөздерін (*тәшәххүд*) айтамын, Аллаһтан Жәннатты сұрап, Оған Оттан пана тілеп сыйынамын. Алайда, Аллаһпен ант етемін, менің былдырым (*дандана*<sup>673</sup>) не сенікі, не Му'аздікі сияқты жақсы емес!», - деп жауап берді. Соңда ол : «*Біз де тұра соны сұраймыз*», - деп айтты<sup>674</sup>.

672 Ахмад, әт-Тайалиси, әл-Бухари «әл-Адаб әл-Муфрадат», Ибн Мәжаһ және әл-Хаким, соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби келіскең. Бұл хадис «Силсиләт әл-Әхадис әс-Сахих» (1542) келтіріледі.

673 «Дандана» - сөйлеу ыргағы (интонациясы) естілетіндей, алайда сөздерді түсіну қын болатында етіп сөйлеу. *Аталған* жағдайда жай дауыспен айттылатын дұғалар мензелуде. Соңғы сөйлем «Біздің айтатын сөздеріміз сенің айтатын сөздеріңмен үқсас» дегенді білдіреді.

674 Абу Дауд, Ибн Мәжаһ және Ибн Хузайма (1/87/1) бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

7. (Бірде) ол ﷺ бір адамның тәшавхұдта келесі сөздерді айтқанын естілі:

«اللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ يَا اللَّهُ (بِاللَّهِ) [الْوَاحِدُ] الْأَحَدُ الصَّمَدُ الَّذِي لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُوْلَدْ، وَلَمْ يَكُنْ لَّهُ كُفُواً أَحَدٌ ! أَنْ تَعْفِرْ لِي ذُنُوبِي، إِنَّكَ أَنْتَ الْغَفُورُ الرَّحِيمُ».

Аллаһумма, инни ас'алю-ка, йа Аллаһу, [басқа бір нұсқада: би-Лләхи] [әл-Уахиду,] әл-Ахаду, әс-Самаду, аллази ләм йялид үа ләм йүләд үа ләм йякул-лә-һу күфүуан ахад, - ән тағфира ли зунуби, иннә-ка Әнтә-л-Ғафуру-р-Рахим!

«Үа, Аллаһ, ақиқатында, мен Сенен: «Үа, Аллаһ, Сен - [Дарасың], Жалғызсың, ешкімге және еш нәрсеге мұқтаж емессің, сондай-ақ тұмабансың, әрі тұылмабансың, әрі Саган ешкім тең емес», - (дей отырып) менің күнәларымды кешіруіңді сұраймын. Ақиқатында, Сен аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімдісің!» Ол ﷺ: «Ол кешірілді, ол кешірілді!», - деді<sup>675</sup>.

<sup>675</sup> Абу Дәуд, ән-Нәса’и, Ахмад және Ибн Хузайма. Әл-Хаким бұл хадисті сенімді деген және онымен аз-Зәһаби көліксен.

9. Ол ﷺ басқа бір адамның тәшаббұнда  
былай деп айтқанын естіген:

«اللَّهُمَّ! إِنِّي أَسْأَلُكَ بِأَنَّ لَكَ الْحَمْدُ، لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ [وَحْدَكَ لَا شَرِيكَ  
لَكَ،] [الْمُنَانُ،] [يَا] بَدِيعَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ! يَا ذَا الْجَلَلِ وَالْإِكْرَامِ! يَا  
حَيَّ يَا قَيْوَمَ! إِنِّي أَسْأَلُكَ] [الْجَنَّةَ، وَأَعُوذُ بِكَ مِنَ النَّارِ].»

Аллаһұммә, инни әс'алю-кә би-әнна лә-кә-л-  
хамду, лә иләһа илла Әнта [уахда-кә лә шәрикә лә-  
кә], [әл-Мәннә-ну], [йә] бәди'а-с-самәуати үәл-арди,  
йә зә-л-жәләли үәл-икрам, йә Хайыу, йә Қайыум!  
[Инни әс'алю-кә-] [-л-жәннәтә, уа а'узы би-кә мин  
ән-нар]

«Уа, Аллаһ, ақиқатында, мен Сенен  
сұраймын, өйткені барлық мақтау-мадақ  
Саган тән, Сенен өзге құлышылыққа лайықты  
ешибір құдай жоқ, [әрі Сенің, серігің, жоқ]  
Жалғызсың. [Игілік беруші,] [уа,] көктер мен  
жерді Жоқтан Бар Етуши, уа, Ұлылық пен  
Құрмет Иесі, уа, Тірі, уа, мәңгі Жасауыш!  
[Ақиқатында, мен Сенен] [Жәннатты  
сұраймын және Саган Оттан пана тілеп  
сыйынамын!].».

[Пайғамбар ﷺ өзінің сахабаларынан: «Ол Аллаһқа қалай жалбарынғанын білесіңдер мег?», - деп сұрады, ал олар: «Аллаһ және Оның Елшісі жақсырақ біледі», - деп жауап берді. Сонда ол былай деді: «Жаным Қолында болғанмен аныт етемін,] ол Аллаһқа, егер Оған сол арқылы жалбарынса – Ол жауап беретін, ал егер Одан қандай да бір нәрсені сұраса – Ол соны беретін, Оның Ұлы [басқа хадисте: «Ең

ұлы», - деп хабарланады] *Есімі<sup>676</sup> арқылы жалбарынды»<sup>677</sup>.*

10. Оның тәшәххүд пен салем беру сөздерінің (таслим) арасында айтатын ең соңғы дұғасы келесі еді:

<sup>676</sup> Бұл жерде тәуәссүлдің – Аллаһқа Оның Ең Көркем Есімдері және сипаттары арқылы (жақындауға ұмтылу) қуәлігі қамтылған, әрі бұл Аллаһ Тағаланың: «Ең Көркем Есімдер Аллаһқа тән, ендеше Оған (солар арқылы) жалбарыныңдар» («әл-Әграф» сүресі 180-аят), - деп айтқан бүйрығына сәйкес келеді Аллаһқа басқа бір нәрселер арқылы жақындауға (жалбарынуға), мысалы, біреуді немесе біреудің хақысын, мәртебесін, абырой-артықшылығын және т.с.с. араға қойып сұрауға келер болсақ, бұған қатысты имам Абу Ханифадан (Аллаһ оны ракым етсін) және оның серіктерінен мұнданай амал ең аз дегенде айыпталатын (мәкрух), ал жалпы мағынада бұлай істеуге тыйым салынған (харам) екендігі туралы жеткізіледі. Шейх ул-ислам Ибн Таймийя бұл тақырып бойынша «Тәуәссул уа Үәсилә» («Аллаһқа жақындау және осыған қол жеткізу құралдары») атты кітап жазған. Бұл мәселеге менің «Тәуәссул – оның түрлері мен ережелері» атты мақалам арналған, әрі ол осында қозғалған тақырыпқа және оның мазмұнына қатысты болғанымен көкейтесті болып табылады; онда қазіргі заманның ғалымдары арқылы ерекше кең таралған кейбір түсініктер теріске шығарылады. Оларды да, бізді де Аллах (Ақиқат жолына) шығарсын!

<sup>677</sup> Абу Дауд, ан-Наса'и, Ахмад, әл-Бухари «әл-Әдаб әл-Муфралда», әт-Табарани және Ибн Мәндан «әт-Таухидте» (44/2, 67/1, 70/1-2) бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы көлтіреді.

«اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِي مَا قَدَّمْتُ، وَمَا أَخْرَثُ، وَمَا أَسْرَرْتُ وَمَا أَعْلَنْتُ،  
وَمَا أَسْرَفْتُ، وَمَا أَنْتَ أَعْلَمُ بِهِ مِنِّي، أَنْتَ الْمُقْدَمُ ، وَأَنْتَ الْمُؤَخْرُ، لَا إِلَهَ إِلَّا  
أَنْتَ».

Аллаһұммә-ғ�ир ли мә қаддамту, уә мә аххарту, уә мә әсрарту, уә мә а'ләнту, уә мә әсрафту, уә мә Әнтә а'ләму биһи мин-ни, Әнтә-л-Муқаддыму, уә Әнтә-л-Муаххиру, лә иләһа илла Әнтә.

«Ya, Аллаh, менің бұрыңғы-кейінгі,  
жасырын-әшкере жасаган күнәларымды әзінде  
шектен шығуымды әзінде Өзің менен жақсы  
білетін күнәларымды да кешіре гөр,  
Ілгерілетуші де, Кешеуілдетуші де Өзіңсің.  
Өзіңнен басқа құлышылыққа лайықты ешбір  
құдай жок!»<sup>678</sup>.

678 Мұслим және Абу Ауана.

**Сәлем беру (сөздерін) айту (таслим)  
«الْتَّسْلِيمُ»**

Кейін «ол ﷺ (басын) [оң бетінің ақтығы көрінетіндей] он жаққа (бұрып):  
«السَّلَامُ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَةُ اللَّهِ».

«Әс-саламу 'аләйкум уа рахмату-Ллаһ («Сіздерге Аллаһтың салемі және рахметі болсын»), ал кейін (басын) [сол бетінің ақтығы көрінетіндей] сол жаққа (бұрып):  
«السَّلَامُ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَةُ اللَّهِ».

Әс-саламу 'аләйкум уа рахмату-Ллаһ («Сіздерге Аллаһтың салемі және рахметі болсын»), - деп айтатын<sup>679</sup>.

Кейде ол ﷺ бірінші сәлемдесу кезінде:

«وَبَرَكَاتُهُ».

«уа баракату-hy (...және Оның берекесі), - деп қосып айтатын<sup>680</sup>.

679 Мұслим, Абу Дауд, ән-Нәса'и және эт-Тирмизи, соңғысы бұл хадисті сенімді деген.

680 Абу Дауд және Ибн Хузайма (1/87/2) бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

Бұл хадисті сондай-ақ Абдул Ҳакк та өзінің «әл-Әхкам» (56/2) кітабында, ән-Нәуауи және Ибн Ҳәжар да сенімді деп айтқан. Бұл хадисті сондай-ақ басқа жеткізу

«(Басын оң жаққа бұрып):

**«السَّلَامُ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَةُ اللهِ».**

«Өс-саламу 'аләйкум уа рахмәту-Ллаһ («Сіздерге Аллаһтың сәлемі және рахметі болсын»)», - деп айтатын кезде, ол кейде (басын) сол жаққа (бұрып,) сол сәлемдесу сөздерін «Өс-саламу 'аләйкум («Сіздерге сәлем»)» сөздеріне дейін қысқартып айтатын<sup>681</sup>.

Кейде «ол

**«السَّلَامُ عَلَيْكُمْ»**

«Өс-саламу 'аләйкум» деген сәлемдесуді тек бір рет қана [өзінің алдына қарай, басын оң жаққа сәлғана бұрып] [немесе (басын оң жаққа) сәлғана бұрып] айтатын»<sup>682</sup>.

жолымен Абдур-Раззак өзінің «Мусаннаф» (2/219) кітабында, Абу Йа'лә «Мұснад Та» (3/1253), әт-Табарани «Му'жам әл-Кәбірде» (3/67/2) және «Му'жәм әл-Әусаг Та» (1/2600/2) және әд-Даракутни келтіреді.

681 Ән-Нәса'и, Ахмад және ас-Сираж бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

682 Ибн Хузайма, әл-Бәйінаки, әд-Дийа' «әл-Мұхтар да», Абдул Фани әл-Мәқдиси «әс-Сұнан да» (243/1) бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді; Ахмад, әт-Табарани «Му'жәм әл-Әусаг Та» (32/2), әл-Бәйінаки және әл-Хаким; соңғысы бұл хадисті сенімді деген және онымен әз-Зәһаби келіскең. Бұл хадистің алынған көздері мен жеткізушілерінің тізбектері «әл-Ируа» (№ 327) кітабында келтірілген.

«Олар (яғни сахабалар) сәлемдесу сөздерін айтқан кездерінде оң және сол жақтарына қол бұлғайтын. Аллаһтың Елшісі ﷺ олардың (осылай істеп отырғандарын) көріп:

**«مَا شَأْنُكُمْ تُشِيرُونَ بِأَيْدِيكُمْ كَانَهَا أَذْنَابُ حَيْلٍ شُمْسٍ؟ إِذَا سَلَّمَ أَحَدُكُمْ؛ فَلَيُتَكْثِرَ إِلَى صَاحِبِهِ، وَلَا يُؤْمِنُ بِيَدِهِ هَذِهِ، إِنَّمَا صَلَّوَا مَعَهُ أَيْضًا لَمْ يَفْعُلُوا ذَلِكَ»** (وفي رواية: «إِنَّمَا يَكْفِي أَحَدُكُمْ أَنْ يَضْعَ يَدَهُ عَلَى فَخِذِهِ ثُمَّ يُسَلِّمُ عَلَى أَخِيهِ مِنْ عَنْ يَمِينِهِ وَشِمَالِهِ»).

«Сендерге не болды? Сендер не үшін асау ат құйрығын (әрі-бері бұлғайтындаи) қолдарынмен бұлғайсындар?! Сендерден біреулерің сәлемдесу сөздерін (таслим) айтса, қасындағыга қараій бұрылсын, бірақ қолымен ишара жасамасын», - деді. [Әрі олар онымен бірге (келесі) намазды орындаған кезде, қолдарымен ишара жасамайтын болды]. [Басқа бір хадисте Пайғамбардың ﷺ былай деп айтқаны жеткізіледі: «Сендердің әрқайсысың қолын санына қойып, сосын өзінің оң және сол

*жағындағы бауырларына сәлем берсе, сол жеткілікті»].<sup>683</sup>*

**Сәлем беруді (таслимді) айтудың міндеттілігі  
туралы  
«وُجُوبُ السَّلَامِ»**

Ол ﷺ былай деп айтқан: «...ал одан (намаздан) шығу – таслим»<sup>684</sup>.

---

683 Муслим, Абу Ауана, әс-Сираж, Ибн Хузайма және әт-Табарани. **Манызды ескерпсе:** «ибадилер» (сектасы) бұл хадисті бүрмалап жіберген: олардың ғалымы Раби' өзінің «тәкбірді айту кезінде екі қолды көтеру намазды жарамсыз етеді» деген көзқарасын ақтау үшін бұл хадисті өзінің сенімсіз «Мұснад» жинағында басқаша айтылу үлгісімен келтіріген! Олардың айтылу үлгісіндегі сол хадис өтірік хадис болып табылады мұны мен «әд-Да'ифада» (6044) түсіндірдім.

684 Әл-Хаким және әз-Зәһаби бұл хадисті сенімді деген. **Бұл хадис толығымен «Намазды ашатын тәкбір (такбірат әл-иҳрам)» тарауында келтіріледі.**

## Корытынды «الْخَاتِمَةُ»

Пайғамбар ﷺ намазды қалай орындағандығы туралы жоғарыда тізбектеп айтылғандардың барлығы ерлерге де, әйелдерге де бірдей қатысты, өйткені (осы кітапта) келтірілген нәрселерге қатысты әйелдер үшін Сұннетте ешқандай ерекшіліктер жасалмаған; шын мәнінде оның ﷺ «Намазды мен сендердің көздеріңше қалай орындаған болсам, солай орындаңдар» деген сөздерінің жалпылама сипаты әйелдерге де қатысты.

Бұл көзқарасты Ибраһим ән-Нәха'и де қолдаған, әрі: «Әйелдің намаздағы іс-әрекеттері ер кісінікіндей», - деген. Бұл тұжырымды Ибн Аби Шәйба (1/75/2) оған дейін көтерілетін жеткізуашілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді.

Әл-Бухари де «Тарих әс-Сағирде» (95-бет) жеткізуашілердің сенімді тізбегі арқылы Умм әд-Дәрданан «ол намаз кезінде ер кісідей етіп

отыратынын, ал ол фәқиһа болғанын» жеткізеді.

«Әйел кісі сәждे жасаған кезінде екі қолын денесіне қысып ұстауы (индимам) қажет, әрі осыда ол ер кісі секілді амал етпейді» деп хабарланатын хадис «мұрсәл» түрінде келген және сенімді емес. Абу Дәуд «әл-Мәрасилде» (117/87) бұл хадисті Йазид ибн Аби Хабибтан көлтірген. Бұл хадис «әд-Даи'фа» (2652) кітабында бар.

Ал имам Ахмад баяндаған және оның ұлы Абдуллаһтың «әл-Мәса'ил» (71-бет) кітабында Ибн Омардың сөздерінен көлтірілген, ол өзінің әйелдеріне намаз кезінде аяқтарын айқастырып отыруды бұйырған деген хадиске келер болсақ, оның жеткізушілер тізбегі сенімсіз, өйткені онда әлсіз (*да'иғ*) жеткізуши болып табылатын 'Абдуллаһ ибн 'Омар әл-'Амри бар.

\*\*\*

Пайғамбардың ﷺ намазының тәкбір айтудан бастап таслимге дейінгі сипаттамасына қатысты жинағандарымның соңғысы - осы.

Мен Аллаһ Тағаладан осы еңбекті Оның Мұбарак (Игі-Берекелі) Жүзінің алдында ықыласты және Өзінің мейірімді және рақымды Пайғамбарының Сұннетіне жетелейтін басшылық етуін сұраймын!

«سُبْحَانَ اللَّهِ وَبِحَمْدِهِ، سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكِ أَشْهَدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ  
أَسْتَغْفِرُكَ وَأَتُوْبُ إِلَيْكَ».

«Аллаһ Пәк және Оған мақтау-мадақ! Сен Пәксің, уа, Аллаһ, және Саган мақтау-мадақ! Сенен басқа құлишиылыққа лайықты құдай жоқтығына күәлік беремін, Сенен кешірім сұрап, Саган тәубе етемін!»

«Уа, Аллаһ, Сен Ибраһим мен Ибраһимнің отбасына игілік етіп, береке бергеніңдей, Мухаммад пен Мухаммадтың отбасына да игілік ет және Мухаммад пен Мухаммадтың

отбасына береке бер. Ақиқатында, Сен – аса  
Мақтаулы әрі Данқтысың!»<sup>685</sup>

<sup>685</sup> Бірінші дүға «көффарат әл мәжлис» («жиналыстың өтегі») деген атпен белгілі болған дүғаның ең толық нұсқасы: «*кім осы (сөздерді адамдар Аллаһты) еске алған жиналыста айтса, олар (ол үшін) мөрмен бастырылған сияқты болады, ал кім (бұл сөздерді) бос әңгімелер (айтылған) жиналыста айтса, олар (ол үшін) өтеге болады*». Бұл сенімді (сахих) хадис ті әл-Хаким және әт-Табарани келтіреді. Екінші дүға, әрине, Елшіге ﷺ салауат айту Сұннетінен шығады. Сейтіп, осы еki дүға Исламдағы «*Егер адамдар Аллаһты зікір етпестен және Пайгамбары үшін салауат айтпастан жиналыстагы орындарына отырса, оларға міндетті түрде (Аллаһтың) жазасы (қаһары) келіп жетеді, әрі сол кезде Ол қаласа – оларды қинауга салады, ал қаласа – оларды кешіреді*» деген нұсқаманы орындаудың ең жақсы тәсілі болып табылады. Пайгамбардың ﷺ бұл сенімді (сахих) хадисін әт-Тирмизи, әл-Хаким және Ахмад келтіреді. Толығырақ «Сийахат әл-Әхадис әс-Сахиҳаты» (74-81) караныз.

## ҚОСЫМШАЛАР

### Қосымша № 1

#### «Намазды нашар орындаған адам»

(Аллаһ оған разы болсын)

Ислам құқығы мен хадистер бойынша әдебиетте бұл тұрақты термин әл-Бухариidің «Сахихында» келтірілетін келесі хадисінде<sup>686</sup> сөз етілетін Пайғамбардың ﷺ сахабасына қатысты:

«Абу Һурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) (бірде) Аллаһтың Елшісі ﷺ мешітке кірген (кезде), (ол жерге) бір адам кіргендігі, әрі намаз оқып болған соң Пайғамбарға ﷺ сәлем бергендігі туралы жеткізіледі. (Сәлемдесуге) жауап беріп, ол: «Қайт та, намазыңды қайтадан) орында, өйткені сен намазыңды орындаамадың!», - деді.

---

<sup>686</sup> Бұл хадистің аудармасы осында (орысша аудармада – аудармашыдан (қз.)) азғантай өзгертулермен әл-Бухариidің «Сахихынан» (ықшамдалған нұсқасынан) алынған, орыс тіліндегі 1-ші басылым<sup>202</sup>-дей, № 400.

Әлгі кісі оны тура алдынғы намазын орындағандай етіп орындағы да, содан соң (тағы да) Пайғамбарға ﷺ келіп сәлем берді, (әрі ол тағы да) оған: «Қайт та, намазыңды (қайтадан) орында, өйткені сен намазыңды орындамадың!», - деп бұйырды. Сонда (әлгі адам): «Сені ақиқатпен Жібергенмен ант етемін, мен оны (бұдан) жақсырақ орындаі алмаймын, ендеши (мұны қалай істей керек екендігін) маган үйрет!», - деді. (Бұған жауап ретінде Пайғамбар ﷺ): «Намазға тұрған кезіңде [«Аллаһ Ұлы! (Аллаһу әкбар)», - деп] тәкбір айт, кейін Құраннан оқи алғатын нәрсеңді оқы, содан соң дұрыстап рукуғ жаса, кейін бойыңды тоғызымен түзеп (тік тұр), кейін дұрыстап сәжде жаса, содан соң отырган күйіңде бойыңды түзе де, әрі әр намазыңда осылай істеп», - деді.

Пайғамбардың ﷺ намазды дұрыс орындауға қатысты берген нұсқаулары туралы маңызды ақпарат көзі болып табылатын бұл хадистің көптеген нұсқаларын оның түрлі егжей-тегжейліктері келтірілетін басқа хадис

жинақтарында (мысалы, Абу Дәудтә) табуға болады.

## Қосымша № 2

### Екі қолды кіндіктен төмен байлау туралы хадистің әлсіздігі

(шейх ал-Әлбанидің «Ируа’ ал-Ғалил» (353)  
және «Әхкам ал-Жәнә’из» (118-бет)  
кітаптарынан)

Абу Дәуд (756), әд-Дәрақутни (107), әл-Бәйһақи (2/310), Ахмад оның баласы Абдуллаһтың «әл-Мәса’ил» (62/2) және «әз-Зая’ид әл-Мұснад» (1/110) кітаптарында, сондай-ақ Ибн Аби Шәйба (1/156/1) Абдурахман ибн Исхақтан, Зияд ибн Зайд әс-Сиуа’иден, Абу Жухайфадан, Алиден (Аллаh оған разы болсын) оның былай деп айтқанын жеткізген:

«Намаз кезінде бір алақанды екіншісінің үстінен кіндіктен төмен қою (байлау) – Сұннеттен».

Бұл хадистің жеткізушілерінің тізбегі (иснад) Абдурахман ибн Исхақтың (әл-Уасити

әл-Куфи) әлсіз баяндаушы болғандығы себепті әлсіз (*да'иғ*) болып табылады. Бұдан қалса, бұл хадисте түсініксіздік (*идтираб*<sup>687</sup>) бар, өйткені

Абдурахман ибн Исхақ оны:

- 1) бірде Зиядтан, Абу Жухайфадан, Алиден (жоғарыда келтірілген тізбектегідей);
- 2) бірде Ну'ман ибн Са'дтан, Алиден (мұны әд-Дәрақутни және әл-Бәйһақи келтіреді);  
және

<sup>687</sup> (Арабтың) «идтираб» сөзі одан «мудтариб» сөзі пайда болған «идтараба» - «түсініксіз болу; тәртіпсіздікке келтіру» етістігінен пайда болған. «Термин ретінде бұл сөз түрлі, бірақ, күші бойынша бірдей жолдармен жеткізілетін хадисті белгілеу үшін қолданылады. [«Мудтариб» хадис дегендегі әртүрлі әрі бір-біріне қайшы келетін үлгілерде жеткізілетін, әрі соның нәтижесінде оларды өзара үйлестіру мүмкін болмайтын хадис мензеледі. Сонымен бірге оның түрлі жолдармен жеткізілетін барлық нұсқалары күші бойынша өзара тең және, оларға қолданылған абзалдық өлшемдері қандай болса да, олардың ешқайсысына басқаларының алдында басымдық беруге болмайды» (91-бет. – Аудармашының ескертпесі). Бұл жерде және әрі қарай хадистердің түрлі үлгілерінінің анықтамалары мен түсіндірмелері Әл-Әлбанидің шәкірті, Кувейт Университеті Шаригат пен ислами зерттеулер факультетінің профессоры, доктор Махмуд Тахханның «Пособие по терминологии хадисов» (М., 2002, Владимир Абдалла Ниршаның орыс тіліне аударылған) кітабы бойынша келтіріледі.

3) бірде Сияс Абул-Хәкамнан, Абу Уа'илден, ол: «Абу Һурайра: «Бұл Сүннеттен...», - деген», - деп айтқан», - деп (Абу Дәуд (758) және әд-Дәракутни көлтіреді) жеткізеді.

### **Мұхаддис (хадис білгірлері) имамдардың назарында Абдурахман ибн Исхақ әл- Куфидің әлсіздігі**

1. Абу Дәуд былай деп айтқан: «Мен Ахмад ибн Хәнбалдің Абдурахман ибн Исхақ әл-Куфиді әлсіз (*да'иғ*) деп айтқанын естігенмін». [Имам Ахмад одан осы хадисті қабылдамағаның себебі де осыда, өйткені оның ұлы Абдуллаһ былай деп айтқан: «Мен әкемнің намаз орындау кезінде бір қолын екіншісінің үстіне кіндіктен жоғары қойып байлағанын көргенмін»].

2. Ән-Нәуаи «Мәжму'та» (3/313), «Шарх «Сахих» Муслимде» және өзінің өзге кітаптарында былай деп айтады: «Олардың (хадис білгірлерінің) келісімі бойынша, бұған

«Жәрх және Та'дил» (ғылымының)<sup>688</sup> имамдары бірауызды келіскендеріндей, бұл хадис әлсіз баяндаушы болып табылатын Абдурахман ибн Исхақ әл-Уаситиден жеткізілетіндігі себепті әлсіз».

3. Әз-Зәйла'и «Насб әр-Райада» (1/314): "Әл-Бәйһақи «әл-Мә'рифада»: «Бұл хадистің тізбегі солқылдақ (орнықсыз) болып табылады, өйткені ол өтірікші (*мәтрутк*) болып табылатын Абдурахман ибн Исхақ әл-Уасити арқылы ғана жеткізіледі», - деген", - деп айтқан.

---

<sup>688</sup> Жәрх және та'дил – «қайтару (сенімсіз ету) және растау». «Хадистің сенімді немесе әлсіз екендігі бірқатар қорытындылардың жиынтығына, соның ішінде жеткізушилердің шыншыл және шыншыл еместігі, нақты және нақты еместігі туралы қорытындыға сүйенетін болғандықтан, ғалымдар растаудың (та'дил) сенімге лайықты білгерлеріне сілтеме жасалып хадис жеткізушилері туралы осындај және осыған үқсас деректер келтірілетін кітаптар құрастырумен айналысатын. Міне осы «растау» (та'дил) деп аталады. Бұдан тыс мұндай кітаптарда кейбір жеткізушилердің шыншылдығы, нақтылығы немесе есте сақтау қабілеті күмәнга түсетін себептер де көрсетілетін, әрі олар да білгірлердің сілтемелері арқылы нығайтылатын және «қайтару (сенімсіз ету) (жәрх) деп аталатын» (127-бет. Аудармашының ескертпесі).

#### 4. Ибн Ҳәжар «Фатх әл-Бариде» (2/186): «Бұл әлсіз хадис», - деп нұсқаған.

Бұл хадисті одан сайын әлсіз ететін тағы бір жайт: ол Алиден жеткізілетін жеткізушилерінің тізбегі жақсырақ болған басқа хадиске қайшы келуі. Бұл Ибн Жәрир әл-Дабби'дің, ол өзінің әкесінен оның: «Мен Алидің (Аллаh оған разы болсын) сол қолын білегінен оң қолымен кіндіктен жоғары ұстағанын көргенмін», - деп айтқан хадисі. Бұл хадистің жеткізушилер тізбегі «жақсы» («хасан») деп саналуға талаптана алады: әл-Бәйһақи (1/301) бұл хадисті толық сенімді түрде жақсы (хасан) деп айтқан, ал әл-Бухари (1/301) оған бар анықтықпен нұсқаған, әрі оны «тә'лик»<sup>689</sup> түрінде келтірген.

---

689 Тә'лик — «іліп қойылған». Бұл әрі соңдай-ақ ««му'алләк» (іліп қойылған) сөзі... «алләқа» («бір нәрсені басқа бір нәрсеге іліп қою») етістіген [пайда болған]... Термин ретінде бұл сөз иснадының бас жағында бір немесе бірінен соң бірі келетін бірнеше жеткізушилік есімдері (айтылмай) қалып кеткен хадисті белгілеу үшін қолданылады. «...егер «іліп қойылған» хадис тек сенімді (сахих) хабарлар ғана жазылған кітапта, мысалы, әл-Бухари мен Муслімнің «Сахихтарында» келтірілсе, онда оған ерекше үкімнің күші жүреді, әрі ол туралы: «Ғалымдар әл-Бухари дің «Сахихында» келтірілген «іліп

Ал Пайғамбардан ﷺ жеткен екі қолдың күйі туралы сенімді хабарларға келер болсақ, олар екі қолдың көкіректе болуын қамтиды; бұған қатысты көптеген хадистер бар, олардың арасында, мысалы, Тауустан жеткен, оның былай деп айтқан хадисін келтіруге болады: «Аллаһтың Елшісі ﷺ намазда оң қолын сол қолының үстіне қоятын және оларды көкірегінің үстінде қатты қысып ұстайтын». (Абу Дәуд (759) сенімді иснадпен жеткізген. Бұл хадис «мұрсәл»<sup>690</sup> түрінде жеткізілсе де, ол барлық мұсылман ғалымдарына, олардың «мұрсәл» хадистері туралы әртүрлі пікірлеріне қарамастан, күәлік ретінде жеткілікті болып

қойылған» хадистерді зерттеумен айналысатын және олардың үзіліссіз иснадтарын келтіретін», - деп айтуға болады<sup>(54-56 - беттер - Аудармашының ескертпесі)</sup>.

690 Мұрсәл — «жіберілген». Бұл сөз ««арсалә» («жіберу») етістігінен пайда болған. Термин ретінде бұл сөз жеткізуші онымен кездескен немесе оның замандасы болған адамның сөздерінен жеткізілетін хадисті белгілеу үшін қолданылады. Әрі осы орайда іс жүзінде аталған жеткізуші оны тыңдамаған, бірақ десе де жеткізу барысында ол оның осы хадисті тікелей одан немесе оны осы адамнан естіген кісіден тыңдаған деп тұжырым жасауға мүмкіндік беретіндей сөздерді қолданады, мысалы: «Ол былай деп айтқан...» (68-бет. — Аудармашының ескертпесі).

табылады, өйткені (біріншіден) ол «мұрсәл» тізбегінде сенімді болып табылады, (ал екіншіден) ол сондай-ақ көптеген хабарларда «мәусүл»<sup>691</sup> түрінде жеткізілген. Баяндалғаннан шыға келе, бұл хадис куәлік ретінде әрбір (адамға) жеткілікті. Оны растайтын кейбір хабарлар мыналар:

1. Уайл ибн Хужрдан «ол Пайғамбардың ﷺ оң алақанын сол алақанына қоятынын және оларды көкірегінің үстінде байлайтынын көргені» жеткізіледі. Ибн Хузайма «әс-Сахихта» («Насб әр-Райа», 1/314) және әл-Бәйһақи «әс-

---

691 Мәусүл – «үзіліссіз», «Мәусүл» санатына жататын хадистердің синонимі «иттасәлә» («үзіліссіз болу») етістіген пайда болған «мұттасил» сөзі болып табылады. Термин ретінде «мұттасил» сөзі «мәрфү» немесе «мәуқұф» санатына жататын үзіліссіз иснадтарымен жеткен хадистерді белгілеу үшін қолданылады (114-бет. – Аудармашының ескертпесі). Оз кезеңінде «мәрфү» («көтерілетін») «термин ретінде... Пайғамбара ﷺ қатысты етілетін сөздерді (қаул), амалдарды (фи'л), сөзбен айтылмаған мақұлдауды (такрир) немесе сипаттарды (сифа) белгілеу үшін ал «мәуқұф» («қалдырылған») сөзі «термин ретінде.... сахабалардың әлдебіреуіне қатысты етілетін сөздерді (қаул), амалдарды (фи'л), сөзбен айтылмаған мақұлдауды (такрир) белгілеу үшін қолданылады» (107–108 беттер – Аудармашының ескертпесі).

Сунанда» (2/30) жеткізушілердің бір-бірін нығайтатын екі тізбегі арқылы келтіреді.

2. Кабиса ибн Хулбадан оның әкесінің былай деп айтқаны жеткізіледі: «Мен Пайғамбардың ﷺ (намаз (орындаған) орнынан) оңға да, солға да бұрылып кететінін көргенмін<sup>692</sup> және мен мынаны көкірегінің үстіне қоятынын көргенмін, - Йахъя (ибн Са'ид) оң (алақанды) сол алақанның үстіне білезіктен жоғарылау (қойылған күйін) атап өтті» (Ахмад (5/226) Мұслимнің талаптарына сәйкес келетін Кабисадан басқа жеткізушілер тізбегімен келтірді, бірақ оны сенімді баяндаушы деп ‘Ижли және Ибн Хибан атаған; алайда ол арқылы Симак ибн Харбтан өзге ешкім жеткізбейді, ал ол туралы Ибн әл-Мәдини және ән-Нәса’и: «Белгісіз», - деген, ал Ибн Хәжар «Тақрибте»: «Ол «мәқбул» (яғни (басқалармен) нығайтылған жағдайда қабыл етіледі», - деген. Мұндай жеткізушілерден келген хадистер, егер

<sup>692</sup> № 446 хадиспен салыстырыңыз, «Сахих ал-Бухари» (краткое изложение), 1-е изд. на русском яз., С. 221 (Аудармашының ескертпесі).

олар растаушы хабарлар ретінде қолданылатын болса, жақсы (хасан) болып табылады, әрі сондықтан да әт-Тирмизи бұл хадистегі сол қолдың оң қолмен алынатындығы айтылатын бір бөлігін келтіргеннен соң: «Бұл жақсы (хасан) хадис», - деп айтқан.

Сонымен, осы үш хадис «екі қолды көкіректің үстіне қою Сұннет болып табылады» дегенге нұсқайды, әрі оларды мұқият зеттеумен айналысқан адамда олар осы Сұннетті растау үшін жеткілікті екендігіне күмән қалмайды.

### Қосымша № 3

## Имамның артында Құран оқу айыпталған хадистің әлсіздігі

(шейх әл-Әлбанидің «Силсиләт әл-Ахадис әд-Да'иға үәл-Мәудү'а» (568—570) кітабынан)

1. «Имамның артында (тұрып) Құран оқыған  
адамның аузы отқа толады».

*Мәудү'* (жалған, ойдан тоқылған хадис). Ибн Таһир оны «Тазкират әл-Мәудү'атта» (93-бет) келтірген, әрі: «Бұл хадистің жеткізушілер тізбегінде жалған хадистерді айтатын, барып тұрған өтірікші Мә'мун ибн Ахмад әл-Харауи бар», - деп нұсқаған.

Бұл жеткізуші туралы толығырақ төменде келетін № 2 хадисте баяндалады. Ибн Хиббан бұл хадисті осы адамнан «әд-Ду'аға» («Әлсіз хадис жеткізушілер туралы») кітапта келтіреді, ал әз-Зәhabи бұл хадиске осы жеткізушінің себебінен пайда болған бір апат ретінде қараған.

Ханафи мазһабының кейбір өкілдері осы хадистің негізінде имамның артындағы кез келген (Құран) оқуға тыйым салынған (*харам*) деген қорытынды шығарып, адасушылыққа түсті.

Абул Хасанат әл-Луқнауи «әт-Та'лик әл-Мумажид 'алә Мууатта' Мухаммад» (99-бет) кітабында былай деп айтқан: «Бұл хадис «ән-Ниһайяның» авторы және басқалар тарапынан «мәрғұғы» түрінде «...оның аузында жанып тұрған шоқ болады» деген сөздермен жеткізіледі, алайда бұл хадис мұлде негіzsіз болып табылады».

Бұған дейін ол: ««Мәрғұғы» түрінде жеткізілген бірде-бір сенімді хадисте: «имамның артында (тұрып) «әл-Фатиха» сүресін оқуға тыйым салынған», - деп келмеген», - деп, кейін мысал ретінде жоғарыда аталған хадистің баяндалған екі нұсқасын да келтірді.

Бұрынғы және қазіргі ұрпақтардан шыққан дін білгілерінің имамның артында (ұйып

тұрып) Құран оқуға қатысты пікірлері әртүрлі болды, әрі олар төмендегі көзқарастырың бірін ұстанды:

- а) Намаз орындаушының тараپынан Құран оқу имам Құранды дауыстап және іштей оқитын ракағаттарда да міндетті болып табылады;
- ә) Намаз орындаушының ұндеңдемей тұруы имам Құранды дауыстап оқитын ракағаттарда да, имам Құранды іштей жасырып оқитын ракағаттарда да міндетті болып табылады;
- б) Намаз орындаушы адам имам Құранды дауыстап оқымайтын ракағаттарда Құранды оқуы керек, әрі имам Құранды дауыстап оқитын ракағаттарда Құран оқудан тыйылуы керек.

Соңғы көзқарас ең салмақты әрі ақиқатқа ең жақын болып табылады, өйткені алдынғы екі дәлелді өзара келістереді және олардың біреуін де толығымен теріске шығармайды. Бұл пікірді имам Мәлик және Ахмад ұстанған, ал тиісті

зерттеулер өткізген соң оны ханафи мазhabының кейбір өкілдері, соның ішінде бұл туралы өзінің кітабында күелік ететін Абул Хасанат әл-Луқнауи де абзal көрген.

## 2. Мә’мун әл-Харауи ойладап шығарған өтіріктің басқа бір мысалы:

«Кім намазда екі қолын көтерсе, намазды орындамады».

*Мәудү’* (жалған, ойдан тоқылған хадис). Ибн Таһир оны «Тазкират әл-Мәуду’ат» кітабында келтірген (87-бет), әрі былай деп нұсқаған: «Бұл хадистің жеткізушілер тізбегінде хадистерді ойдан тоқитын, барып тұрған өтірікші Мә’мун ибн Ахмад әл-Харауи бар». Әз-Зәһаби мұндай адам туралы былай деп айтқан: «Ол өзімен бірге апattар мен масқара іс-әрекеттерді алып келді. Ол хадистерді ойдан тоқитын, солардың ішінде осыны да, әрі ол атақты хадис жеткізушілердің атын жамылып хадистер айтатын».

Мә’мун әл-Харауи ойдан тоқыған хадистерден келіп шығатыныңдай, ол ханафи мазһабының фанатик ұстанушысы еді, өйткені ол ойдан тоқыған хадистер бір тақырыптың, яғни имам Абу Ханифаны (Аллаh оны рақым етсін) қолдап, имам әш-Шәфи’иге тиісудің төнірегінде айналады. Осы хадистердің ішінде жоғарыда келтірілген хадис те бар: рукуғ жасаудан бұрын және одан көтерілгеннен соң екі қолды көтеруді қолдаған әш-Шәфи’иге шабуыл жасау, әрі сонысымен олай қол көтеруді құпталмайтын (мәкруh) амал деп санайтын ханафи мазһабының ұстанушыларын айқын құптау. Бұл барып тұрған сүм екі қолды көтеруді құптамайтын өзінің мазһабының қағидасымен шектеліп қана қоймай, адамдардың арасында «екі қолды көтерген жағдайда намаз жарамсыз болады» деген пікірді тарату үшін осы хадисті ойдан тоқуға дейін барды!

Ол Мәкхулдің Абу Ханифадан жеткізетін ол: «Намазда екі қолын көтеретін адам намазын опат етті», - деді-мыс деген хабарын қолдағысы

келген болуы да әбден ықтимал. Бұл хабар Жоғары хатшы әл-Итқаниді адасушылыққа салған, әрі ол екі қолды көтерген жағдайда намаз жарамсыз болатындығы туралы шығарма жазған. Сөйтіп, тұра сол сияқты оның ізіне ілесіп, ханафи мазһабын үстанушылардың шәфи'и мазһабын үстанушыларға үйуга болмайтындығы, өйткені соңғылары екі қолын көтеретендігі туралы шешім шығарған адам да адасушылыққа салынды. Ал Абу Ханифадан жеткізілетін осы хабар, бұл фәқиһ ғалым Абул Хасанат әл-Луқнауи «әл-Фәуа'ид әл-Бәһийа фи Таражум әл-Ханафийа» (116-бет, 216-217) кітабында дәлелдегеніндей, түгелімен өтірік.

Шейх Али әл-Қари бұл хадисті «әл-Мәуду'атқа» қосып, кейін (81-бетте): «Бұл хадисті Мухаммад бин 'Укаша әл-Қирмани ойдан тоқып шығарған, Аллаһ оны қорласын!», - деп нұсқаған. Кейін (129-бетте) ол Ибн әл-Қайимның осы хадиске қатысты: «Ол ойдан тоқылған», - дегенін келтіреді.

Бұл «ойдан тоқушы әл-Харауи болған» деген жоғарыда анықталған фактіге қайшы келеді, бірақ егер осыны да дәлелдеуге кірісken жағдайда, олардың біреуі осы хабарды екіншісінен үрлап алғандығы анықталуы мүмкін!

Баяндалғаның барлығынан біз Сұннетке жеткілікті назар бұрмау және Пайғамбар ﷺ мен имамдардан жеткізілетін хадистерді тексеруден бас тарту неге алып келетінін көреміз!

**Ескертпе:** Рукуғ жасаудан бұрын және одан бой түзеген кезде екі қолды көтеруге қатысты Пайғамбардан ﷺ өте көп хадистер жеткізіледі: мұсылман ғалымдардың назарында олар «мұтауатир»<sup>693</sup> санатына жатады. Іс жүзінде әр

---

693 «Мұтауатир» сөзі «таятур» – «бірінің ізінен басқасы ілесү» - сөзінен шыққан етістікten жасалған есім болып табылады. «Таятур» сөзінің терминологиялық мағынасы: хабарды жеткізушілердің саны олардың оны фальсификациялау мақсатында өзара келісуін жоққа шығаратындаі көп болуы. Бұл анықтаманың мағынасы: (бұл жерде) иснадының әрбір тобындағы көптеген жеткізушілер

тәкбірді айтқан кезде екі қолды көтеру Пайғамбардың өзінен көптеген хадистерде сенімді түрде бекітілген, ал бұған кері нәрсе (яғни екі қолды көтермеу), Абдуллаh ибн Мәс'удтан (Аллаh оған разы болсын) жеткен жалғыз хадистен бөлеқ, одан сахих түрде жеткізілмейді. Алайда ол ілесуге жарамсыз, өйткені «нағ» («теріске шығарушы») (құқықтық санатына) жатады. Ханафи мазһабы мен өзге де мазһабтардың фәқиһтары тарапынан мынандай қағида орнатылған: «бекітушіге («мусбіт») теріске шығарушының (нағ) алдында артықшылық беріледі»; бұл қағида бекітуші нәрсе, осы жерде қаралып жатқан мәселе секілді, көптеген хабарлар арқылы расталатын жағдайды айтпағанның өзінде, тіпті жалғыз хабар арқылы ғана жеткен кезде де күшке ие болады! Бұл қағидаға сәйкес және оған қайшы келетін қандай да бір нәрсе

---

тарапынан жеткізілетін хадис немесе хабар мензеледі, ал бұл ақыл-санаса «осы жеткізушілердің барлығы осы хабарды ойдан тоқып жасау үшін өзара келісуі мүмкін емес» деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді (15-16-беттер. - Аудармашының ескертпесі).

болмаса, дәлел анықталып келтірілгеннен соң өз мазһабын соқыр түрде ұстанбай, екі қолды көтеруді қабылдау міндетті болады. Алғашқы және соңғы буындардан шыққандардың аз бөлігі ғана бұл қағиданы қабылдағаны қынжылтады, жағдай тіпті екі қолды көтермеу оларды ерекшелейтін белгіге айналуға дейін жетті!

Төменде тағы бір, енді имам әш-Шәфи'иге<sup>694</sup> (Мухаммад бин Идриске) жеке тиісуге қатысты бұрмалау (жалған дәлелдер келтіру – аудармашыдан (қ3)) келтіріледі.

3. «Менің үмметімде Мухаммад бин Идрис деген атпен танылатын адам пайда болады және ол менің үмметіме Ібілістен де көбірек зиян келтіреді, сондай-ақ менің үмметімде Абу Ханифа деп танылатын адам пайда болады және ол менің үмметімнің шамшырағына айналады».

---

<sup>694</sup> Оның толық есімі - Абу Абдуллах Мухаммад ибн Идрис әш-Шәфи'и (Аллаһ оны рақым етсін). —

Аудармашының ескертпесі.

Мәүдү' (өтірік, ойдан тоқылған хадис). Ибн әл-Жәузи бұл хадисті «әл-Мәудү'атта» (1/457) Мә'мун ибн Ахмад әс-Сәлми арқылы жеткізген, ал ол былай деп айтқан: «Ахмад ибн Абдуллаh әл-Жууайбари бізге Абдуллаh ибн Ми'дан әл-Азади Әнастың сөздерінен «мәрфү́» түрінде айтқанын; ал кейін Ибн әл-Жәузи: «Мә'мун немесе әл-Жууайбари тарапынан ойдан тоқылған өтірік (хадис). Әл-Хаким «Мәзкалда» Мә'мунға: «Сен әш-Шәфи'иге және оның ілесушілеріне қарамайсың ба?», - деп сұрақ қойылғанын, ал ол бұған: «Ахмад ибн Абдуллаh әл-Жууайбари бізге... деп хабарлады...», - және сол сияқты жауап бергенін жеткізген; сонымен, ол осының барлығының фалсификаторы (бұрмалаушысы) болып табылатындығы айқын болады», - деген.

«Лисан» кітабында (бұл әңгімелесуге) келесі қосымшаны табуға болады: «...Әл-Хаким кейін былай деп айтқан: «Аллаh азғантай болса да ақыл берген кез келген адам осы сияқты хадис ойдан жасап шығарылғандығына және

Аллаһтың Елшісіне жабылған жала екеніне күәлік етеді».

Бұл хадистің басқа да жеткізу жолдары бар.

Алайда олардың барлығы не өтірікші, не белгісіз баяндаушыларға келіп үштасады. Сондықтан да әл-'Айни сияқты ғалым бұл хабарды басқа да жеткізу жолдарымен нығайтуға қарай иілгендігі, ал әл-Кәусари оны осыда қолдағандығы ерсі-ақ. Алайда соңғысынан мұны әбден күтүге болатын еді, өйткені ол өзін имам Абу Ханифаның (Аллах оны рақым етсін) сұрапыл фанатигі ретінде танытқан, тіпті бұл басқа имамдардың намысын қорлауға және оларға орынсыз шабуылдауға дейін жеткізсе де; бірақ әдетте мұндай шектен шығушылықтарға бармайтын әл-'Айнидің осылай істегені ерсі болып тұр. Бұл екеуінің пікірі Йамани атты ғалым тарапынан «әт-Танкил би ма фи Та'ниб әл-Кәусари мин әл-Әбатил» (1/20, 446-9) кітабында тамаша тұрде теріске шығарылды, онда ол олар сілтеме жасайтын бұл хабардың қалған жеткізу жолдарын талдап шыққан болатын.

---

**Косымша № 4**

**Имамның және оның артында ұйып  
тұрушылардың «Әмин» сөзін айтударына  
қатысты хадистердің талдауы**

(шейх әл-Әлбанидің «Силсиләт әл-Ахадис әд-  
Да'иға» (951-2) кітабынан)

1. «Ол ﷺ: «Әмин», - деп айтқан кезде, оның артында үйып намаз орындаушылар да (бұл сөзді) мешіттің ішінде өте қатты шу көтерілетіндей: «Әмин», - деп айтатын».

Мұндай айтылу үлгісімен келтіріletіn хадис негізсіз екені белгілі-ақ.

Иbn Хәжар «Тәлхис әл-Хабирде» (90-бет):  
 «Мен бұл хадистің осындай айтылу үлгісін таба алмадым, бірақ Иbn Мәжәһ оның мағынасын Biшр ибн Рафи'ден келетін хадисте жеткізеді»,  
 - деген.

2. «Ол ﷺ «Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес!» деген сөздерді оқып болғаннан соң: «Әмин», - деп айтатын, әрі оның қасында бірінші қатарда тұргандар мұны еститін [және мешіт бұдан сілкінетін (түр ететін)]».

*Да'иф* (әлсіз хадис). Иbn Мәжәһ (1/281) және Абу Дәуд төрт бұрышты жақшалардағы қосымшасыз (1/148), екеуін де Biшr ибн Рафи'

арқылы Абу Һурайраның немере інісі Абу Абдуллаһтан, Пайғамбардан ﷺ келтіреді.

Иbn Ҳәжар «Тәлхисте» (90-бет) былай деп нұсқаған: «Бишр ибн Рафи' әлсіз (жеткізуші) болып табылады; Абу Һурайраның немере інісі — белгісіз (жеткізуші) деп айттылады, алайда Иbn Ҳиббан оны сенімді (жеткізуші) деп атады».

Әл-Бусайри «әз-Заяу'идте» (56/1) былай деп нұсқаған: «Бұл әлсіз иснад; Абу Абдуллаһтың күйі белгісіз; (имам) Ахмад Бишрді әлсіз (жеткізуші) деп атады, ал Иbn Ҳиббан Бишр туралы: «Ол ойдан тоқылған хабарларды жеткіzetін», - деп айтқан.

№ 2 хадисте № 1 хадистің мағынасының бір бөлігі ғана қамтылған, яғни «Әмин» сөзін онда имам ғана айтады. Ал «Әмин» сөзін (имамның артында) үйіп намаз орындаушылардың айтуларына келер болсақ, бұл «және мешіт бұдан сілкінетін (гүр ете қалатын)» деген сөздермен меңзеледі. Алайда (егер бұл) хадисті сөзбе-сөз мағынасында қарайтын болсақ, (онда

ол) Пайғамбардың ﷺ «Әмин» деп айтқан сөзін мензеп тұр.

3. «Ол Құранның Анасын («әл-Фатиха» сүресін. — *Аудармашының ескертпесі*), аяқтаған кезде дауысын көтеретін және: «Әмин», - деп айтатын».

*Да'иф* (әлсіз хадис). Әд-Дәрақутни, әл-Хаким және әл-Бәйһақи келтіреді.

(Әд-Дәрақутnidің, әл-Хакимнің және әл-Бәйһақидің жинақтарындағы) барлық атап келтірілген дереккөздерде әлсіз (жеткізуші) болып табылатын Исхақ ибн Ибраһим ибн әл-'Алә' әз-Зубайди бар, ол сондай-ақ Ибн Зибрик ретінде танылған. Абу Хатим (ол туралы) былай деп айтқан: «Шейх, ешқандай жаман нәрсемен танылмаған»; Ибн Мә'ин ол туралы жақсы пікір білдірген; ән-Нәса'и ол туралы: «Сенімді емес (жеткізуші)», - деген; Мұхаммад ибн 'Ауф былай деп айтқан: «Исхақ ибн Зибриктің өтірік айтқанында менде құмән жоқ». Алайда мұндай айтылу үлгісіндеңі бұл хадис мағынасы бойынша дұрыс болып табылады, өйткені оны

Уа'ил ибн Хужрдан жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы жеткен хадис растайды.

[Бұл хадистің мәтіні имамның артында ұйып намаз орындаушылардың: «Әмин», - деп айтатындарына мұлдем нұсқамайтындықтан, оны әш-Шәукани істегеніндей № 2 хадистің өзгеше бір түрі ретінде қарастыру дұрыс болып табылмайды].

(Имам) әш-Шәфи'и өзінің «Мұснадында» (1/76) Мұслим ибн Халид арқылы Ибн Журайжтан, (ол) 'Атадан оның былай деп жеткізген мына хадисі № 1 хадистің жалғыз қолдауы болып табылады:

4. «Мен Ибн әз-Зубайдың және одан кейінгі басқалардың мешітте жаңғырық шыққанша: «Әмин», - деп, ұйып тұрушылар да: «Әмин», - деп айтқанын естігемнің».

Бұл хадистің екі кемшілігі бар:

а) (Жеткізуші ретінде) Мұслим ибн Халид әз-Зәнжидің әлсіздігі; Ибн Хәжар ол туралы: «Ол шыншыл, бірақ жиі қателесетін», - деп айтқан.

б) «Мұдәлләс»<sup>695</sup> болып табылатын Ибн Жубайрдің «‘Ан’анасында»<sup>696</sup>; ол бұл хадисті Халид ибн Аби Ануфтан, ал ол ‘Атадан былай деп жеткізген:

4.1. «Мен дәл осы Мешітте (Меккедегі Қорықты Мешіт - Мәсжид әл-Харам) Аллаһтың Елшісінің екі жүз сахабасын кездестірдім; имам: «Ашұға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес!», - деп айтқаннан соң олар «Әмин» сөзін айтатын кездерінде дауыстарын көтеретін (басқа бір нұсқада: «Мен олар: «Әмин», - деп айтқан

<sup>695</sup> «Мұдәлләс» сөзі «дәлләс» – «тауардың кемшілігін сатып алушыдан жасыру» деген мағынадағы етістікеп пайда болған «Бұл етістіктен пайда болған» «тәдлис» сөзі термин ретінде иснадтың кемшілігін жасыруды және оны сырттай сәндеуді (яғни оны фальсификациялауды) белгілеу үшін қолданылады» (62-бет - Аудармашының ескертпесі).

<sup>696</sup> «‘Ан’ана» етістігі - «әрқайсысы бұл хабарды өзінен алдынғының сөздерінен жеткізген бірнеше тұлғалардың сөздерінен жеткізу, яғни: «...сөздерінен, ...сөздерінен», - деп айту. «Термин ретінде («‘ан’ана» етістігінен пайда болған) «му’ан’ан» сөзі «Пәлен пәленнің сөздерінен .... деп жеткізді» деп айтатын жеткізушінің сөздері келтірілетін хадисті белгілеу үшін қолданылады» (Аудармашының ескертпесі).

кезінде күн күркірегендей дыбыс (шығатынын) еститінмін», - деп айтатылады).

Әл-Бәйһақи (2/59) және Ибн Хибан «Сикатта» (2/74) келтіреді; балама нұсқасын әл-Бәйһақи келтірген.

Халид есімді кісіні Ибн Аби Хатим (1/2/355-6) атаган, алайда ол оның жеткізу什і ретіндегі сенімділігі туралы да, әлсіздігі туралы да айтпаған. Ибн Хибан оны сенімді жеткізушілердің қатарына қосқан, алайда Ибн Хибан осындағы жағдайларда тиісті қаталдық көрсетпегенімен кең танылған, сондықтан да мен бұл хадис сенімді болғанына қанағаттанбаймын. Мұның себебі Ибн Журайж іс жүзінде бұл хадисті одан (яғни Халид ибн Абу Энуфттан. — *Аудармашиның ескертпесі*) алғандығында, ал бұл өз кезегінде жалғыз (сенімділігі) даулы жол болып табылады; егер бұлай болмаса, онда біз Ибн Журайжтың бұл хадисті кімнен алғанын білмейміз. Имам әш-Шәфи'идің өзі де бұл хабардың сенімділігіне қанағаттанбаған, өйткені оған қатысты қарама-

қайшы ұстанымда болған. Мысалы, «әл-Умм» (1/95) (кітабында) ол былай деп айтады: «Сөйтіп, имам Кітаптың Анасын оқуды аяқтау кезінде дауысын көтеріп: «Әмин», - деп айтады, оның артында ұйып тұрушылар ол осыны (яғни «Әмин» сөзін – Аудармашының ескертпесі) айтқанда оның соңынан ілесулері үшін, олар тұра соны ішінен айтады, әрі маған олардың мұны дауыстап айтқандары ұнамайды». Сондықтан да сахабалардан жеткен жоғарыда аталған хабар имам әш-Шәфи'идің көзқарасы бойынша сенімді болса, ол олардың тәжірибесіне қарсы сөз айтпас еді.

Сонымен, бұл мәселе бойынша ең дұрыс пікірді ұстанатын шәфи'и мазһабы (болған) болуы мүмкін еді: имамның артында ұйып тұрушылар емес, имамның (өзі ғана) «Әмин» сөзін дауыстап айтуы қажет. Ал Аллаh бұл туралы жақсырақ біледі!

Алайда мен кейін әл-Бухаридің «Сахихында» Ибн әз-Зубайдан («му’алләк»<sup>697</sup> түріндегі) жеткен хабардың тек мәтінін келтіргендігін, әрі оған анық түрде нұсқағандығын көрдім. Ибн Хәжар «Фатх әл-Бариде» (2/208) былай деп жазады: «’Абд ар-Раззақ (бұл хабардың) байланыстыруши иснадын Ибн Журайжтан, ал ол ’Атадан келтіреді. Ол (яғни Ибн Журайж) былай деп айтқан: «Мен одан: «Ибн әз-Зубайд Кітаптың Анасын (оқуды) аяқтайтын кезінде: «Әмин», - деп айтатын ба?», - деп сұрадым. Ол: "Иә, және оның артында ұйып тұрушылар да: «Әмин», - деп мешітте жаңғырық шыққанша айтатын», - деп жауап берді». Кейін ол былай деп айтқан: «Ақиқатында, «Әмин» — бұл дұға"». Бұл хабарды ’Абд әр-Раззақ «Мусаннафта» (2640/2) және тұра осы жолмен Ибн Хазм «әл-Мухалләда» (3/364) жеткізген.

<sup>697</sup> Әл-Бухари мен Мұслимнің «Сахихтарында» келтірілетін «му’алләк» түріндегі хабарлар. Қз.: 671\_ескертпе (Аудармашының ескертпесі).

Бұл хабарда Ибн Журайж ол оны тікелей (сөзбе-сөз: «бетпе-бет»). - Аудармашының ескертпесі) 'Атадан алғанын айтады, сондықтан да біз бұл жерде «тәдлис»<sup>698</sup> жоқтығына сенімдіміз. Сөйтіп, Ибн әз-Зубайрдан жеткен хабар сенімді түрде орнығады.

Абу Рафи'тен жеткізілетін Абу Һурайрадан келген хабар да дәл осылай бекітіледі:

5. «Абу Һурайра Мәруан ибн әл-Хәкамды<sup>699</sup> намазға шақыратын, әрі алдын ала ол Абу Һурайра сапқа тұрып үлгергендігін білмейінше «**Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес!**» сөздеріне дейін жетпейтінін оған шарт етіп қоятын. Сондықтан да Мәруан: «**Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес!**», - деп оқып болған кезде, Абу Һурайра дауысын созып: «**Әмин**», - деп айтатын. Ол сондай-ақ былай деп айтқан:

<sup>698</sup> Қз.: 678\_ескертпе.

<sup>699</sup> Мәдинаның әмірі, кейіннен Умайя әулетінің халифаларының бірі (Аудармашының ескертпесі).

«Жердегілердің: «Әмин», - дегені аспандағылардың: «Әмин», - деп айтуымен сәйкес келсе, олар кешірімге ие болады». Әл-Бәйнақи (2/59) келтіреді; бұл хабардың иснады сенімді.

Сөйтіп, басқа сахабалардан Абу Һурайраның және Ибн әз-Зубайдың «Әмин» сөзін дауыстап айтқанына қайшы келетін еш нәрсе анықталмағандықтан, олардың хабарлары қабылдануы қажет. Осы күнге дейін маған осы хабарға қайшы келетін бірде-бір хабар мәлім емес. Ал Аллаһ мұның барлығы туралы жақсырақ біледі!

## Қосымша № 5

### Үтір намазынан кейін екі ракағатты орындау туралы

(шейх әл-Әлбанидің «Силсиләт әл-Ахадис әс-  
Сахиха» (№ 1993) кітабынан)

1. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «Сендердің соңғы тұнгі намаздарың тақ [үитр] (ракағаттардан тұрсын)», - деп айтқан. Бұл хадисті әл-Бухари мен Мұслим келтіреді.
2. Абу Сәлама ‘Аишадан Аллаһ Елшісінің (тұнгі) намазы туралы сұрайды. Ол былай деп айтқан: «Оның (тұнгі) намазы он үш ракағаттан тұратын: ол сегіз ракағат орындастын, ал кейін әдетте үтірді орындастын, содан соң отырып екі ракағат орындастын және рукуғ жасағысы келсе, оны орнынан тұрып жасайтын, ал содан соң ол таң намазына бірінші (азан) және екінші (иқама) шақырудың арасында екі ракағат оқитын». Бұл хадисті Мұслим келтіреді.

3. Саубан былай деп жеткізген: «Біз Аллаһтың Елшісімен сапарда болған кезімізде, ол былай деп айтқан: «*Ақиқатында, сапар қиналу мен ауыртпалықтар (жүктейтін нәрсенің бір бөлігі) болып табылады, сондықтан да сендерден кім үтір намазын оқыған болса, ол (тазы да) еki ракагат орындауга тиісті. Егер ол үйқысынан оянса (онда барлығы жақсы), ал олай болмаса, бұл екеуі (ракагаттар) ол үшін (түнгі) намаздай болады*». [Бұл хадисті] әд-Дарими (1/374), Ибн Хузайма өзінің «Сахихында» (2/159/1103) және Ибн Хибан (683) Ибн Уаһбқа дейін көтерілетін түрлі жеткізу жолдары арқылы келтіреді, әрі соңғысы былай деп айтқан: «Му`ауийа ибн Салих маған Шурайх ибн ‘Убайдтан, Абдурахман ибн Жубайр ибн Нуфайрадан, ол әкесінен, ал ол Саубаннан былай деп жеткізген...»

Ибн Уаһбы Абдуллаh ибн Салих қолдайды, әрі ол: «Му`ауийа ибн Салих бізге: ..... деп хабарлады», - деп, әрі қарай сол сияқты айтқан. Бұл хадисті әд-Дәрақутни (177-бет) және әт-

Табарани «Мұ'жәм әл-Кәбирде» (1410) келтіреді. Абдуллаһ ибн Салих әл-Бухари дің шейхы болып табылады, сондықтан да оның сөздері басқа жеткізушілер жеткізген хадистерді қолдау үшін қуәлік қызметін атқара алады.

Бұл хадисті имам Ибн Хузайма «үтірден кейін намаз оқу оны орындауды қалайтын кез-келген адамға рұқсат етіледі, әрі Пайғамбар ﷺ әдетте үтірден кейін орындаитын бұл екі ракағат тек оған ғана емес, оның бүкіл үмметіне (қауымына) қатысты, өйткені оның өзі бізге үтірден кейін екі ракағатты орындауды бұйырды. (Бұл) бұйрық міндетті және мәжбүр емес, ұсыныс және абзалдық сипатқа ие» деген дәлел ретінде қолданады.

Сөйтіп, бұл хадистен бізге үтірден кейін екі ракағатты орындау тек оған ғана қатысты болмағаны түсінікті (оның үмметке айтылған бұйрығының жалпылама сипатта екенінен шыға келе); оның соңғы тұнгі намазды тақ ету туралы бұйрығы бір тақ ракағатқа салғырттық

танытпауды мендеуі әбден ықтимал, ал бұл мақсат бір ракағаттан соң екі ракағатты орындауға қайшы келмейді, бұған оның ﷺ амалдары мен әмірлері нұсқаған. Ал Аллах мұның барлығы туралы жақсырақ біледі!

## Қосымша № 6

**Аллаһқа дұға етіп жалбарынғаннан соң  
екі қолмен бетті сипап өту туралы  
айтылатын хадистердің әлсіздігі**

*Шейх ал-Әлбанидің «Ируа' ал-Ғалил» (2/178-  
182) кітабынан*

1. «Пайғамбар ﷺ Аллаһқа дұға етіп жалбарынған кезінде екі қолын көтеріп, олармен бетін сипап өтпей түсірмейтін».

*Да'иғ (әлсіз хадис). Оны әт-Тирмизи (2/244) және Ибн 'Асакир (7/12/2) Хаммад ибн 'Иса әл-Жухани арқылы, Ханзаләһ ибн Аби Суфиян әл-Жумахиден, Салим ибн Абдуллаһтан, оның әкесінен, 'Омар ибн әл-Хаттабтан, оның осылай деп айтқанын келтіреді.*

Әт-Тирмизи осы хадисті келтіргеннен соң мынандай түсіндірме берген: «Бұл сенімді (сахих) оқшашау (гариб<sup>700</sup>) хадис. Біз бұл хадис

---

<sup>700</sup> «Гариб» сөзі сын есім болып табылады және «оқшашау» немесе «өз туысқандарынан алыс» деп аударылады. Термин ретінде «гариб» сөзі бір-

туралы ол тек Хаммад ибн 'Исаның сөздерінен жеткізілген (хадис) деп білеміз, өйткені ол одан осы хадис жеткізілетін жалғыз адам; ол аз хадис хабарлайтын, бірақ адамдар одан жеткізетін».

Алайда бұл хадис жеткізушісі әлсіз болып табылады, бұған Ибн Хәжар нұсқағанындей, әрі ол өзінің «Таһзиб» еңбегінде ол туралы былай деп айтқандай:

«Ибн Мә'ин: «Жақсы (хасан) шейх», - деген<sup>701</sup>; Абу Хатим: «Хадистерде әлсіз», - деп айтқан; Абу Дәуд: «Әлсіз, «мүнкар»<sup>702</sup> хадистер жеткізеді», - деген; әл-Хаким және Наккаш былай деп айтқан: «Ол Ибн Журайжтан және

ақ жалғыз жеткізушіден жеткізілетін хадисті белгілеу үшін қолданылады (23-бет. - Аудармашының ескертпесі).

701 Егер Ибн Мә'ин (хадис) жеткізуші туралы оң пікір білдірген болса, алайда қалған ғалымдар оны әлсіз деп жарияласа, онда Ибн Мә'иннің тұжырымы қабылданбайды, өйткені ол сынға қатысты өзінің каталдығымен және қаттылығымен танымал болған: әлсіз хадис жеткізушілер оның алдында өздерінің әлсіздіктері әшкере болмауы үшін барлық шараларды жасайтын; сондықтан да ол соган тиісті тұжырымдар шығаратын. Оның осы жеткізушінің сенімді деп жеке қалуының себебі осыменен түсіндіріледі.

702 Қз.: 618\_ескертпе (Аудармашының ескертпесі).

Жә'фар әс-Садықтан ойдан шығарылған хадистер жеткізеді». Оны әлсіз (жеткізуші) деп әд-Дәракутни атаған. Ибн Хибан былай деп айтқан: «Ол Ибн Журайжқа және 'Абдул 'Азиз ибн 'Омар ибн 'Абдул 'Азизге мұлде қарамақайшы келетін нәрселер жеткізеді, сөйтіп бұл салада (яғни хадис ғылымында) маман болып табылатындар ол мұны қасақана істейтін еді деп есептейді; (қандай да бір нәрсені) дәлелдеу үшін оған сілтеме жасауға болмайды». Ибн Мәкула: «Олар (яғни муҳаддис ғалымдар) одан жеткізілетін хадистерді әлсіз деп айтады», - деп айтқан

Сонымен, бұл хадис жеткізуші өте әлсіз болып табылады, сондықтан да одан жеткен хадистер, сенімді (сахих) хадистердің деңгейі туралы айтпағанның өзінде, жақсы (хасан) хадистердің деңгейіне дейін де көтеріле алмайды!

Осыдан алдынғы хадиспен келесі хадис те ұқсас:

«Пайғамбар ﷺ Аллаһқа дұға етіп жалбарынған және екі қолын көтерген кезінде, әдетте олармен бетін сипап өтетін».

*Да'иғ* (әлсіз хадис). Оны Абу Дәуд (1492) Ибн Ләхи'адан, Хафс ибн Һишам ибн 'Утба ибн Аби Уаққастан, Са'иб ибн Йазидтен, ал ол оның әкесінен келтіреді. Бұл хадистің жеткізуашілер тізбегі Хафс ибн Һишам себепті әлсіз, өйткені ол белгісіз, сондай-ақ Ибн Ләхи'аның әлсіздігі себепті де («Тақриб әт-Тахзибпен» салыстырынызы).

Бұл хадис өзінің екі жеткізу жолымен нығайтыла алмайды, өйткені оның бірінші жеткізу жолында салмақты әлсіздік бар.

2. «Сендер Аллаһқа жалбарынған кездерінде алақандарынмен жалбарыныңдар және олардың сырт жағымен жалбарынбаңдар, ал (дүғаларынды) аяқтаған кез(дерін)де олармен (екі қолдарынмен) беттерінді сипап өтіңдер».

*Да'иф* (әлсіз хадис). Оны Ибн Мәжәх (1181, 3866), Ибн Наср «Қийям әл-Ләйлде» (137-бет), әт-Табарани «әл-Му'жам әл-Кәбирде» (3/98/1) және әл-Хаким (1/536) Салих ибн Хассаннан, ол Мухаммад ибн Қа'бтан, ал ол Ибн Аббастан (Аллаһ оған разы болсын) «мәрғұғы»<sup>703</sup> түрінде келтіреді.

Бұл хадистің тізбегі хадис жеткізуде «мункар» болып табылатын Ибн Хассан себепті әлсіз, бұл туралы әл-Бухари айтқанындаі; ән-Нәса'и: «Ол хадистерде дәрменсіз», - деді; Ибн Хиббан: «Ол әнші әйелдерді ұстайтын, музыка тыңдайтын және сенімді жеткізушілердің атынан ойдан тоқылған хадистерді жеткізетін», - деп айтқан; Ибн Аби Хатим «Китаб әл-'Иләлде» (2/351): «Мен әкемнен (яғни Абу Хатим әр-Разиден) бұл хадис туралы сұрадым, ол бұған: «Мункар», - деп жауап берді.

Ибн Хассанды, осы хадисті сондай-ақ Мухаммад ибн Қа'бтан жеткізген 'Иса ибн

---

703 Қз.: 673-ескертпе (Аудармашының ескертпесі).

Мәймун нығайтады, бұл туралы Ибн Нәср хабарлағаныңдай. Алайда бұл еш нәрсені өзгерпейді, өйткені Ибн Мәймун да әлсіз (жеткізуші) болып табылады: Ибн Хиббан ол туралы былай деген: «Ол әрбірі ойдан тоқылған хадистерді жеткізеді», - ал ән-Нәса'и ол туралы:  
 «Сенімсіз», - деп айтқан

Бұл хадисті Ибн 'Аббастан сондай-ақ Абу Дәуд (1485) келтіреді, ал одан — әл-Бәйһақи (2/212): 'Абдул Мәлик ибн Мухаммад ибн Айман арқылы, Абдуллаһ ибн Йа'куб ибн Исхақтан, оған бұл хадисті Мухаммад ибн Қа'бтан келесі нұсқада жеткізген әлдебіреуден  
 (былай деп) жеткізеді:

«Қабырғаларыңды жаппаңдар! Кім бауырының хатына оның рүқсатынсыз қараса, сол, ақиқатында, Отқа қараған болады! Аллаһқа алақандарыңмен жалбарыныңдар және Оған алақандарыңның сырт жағымен жалбарынбандар, ал (дүғаларыңды) аяқтаған кезде олармен (екі қолдарыңмен) беттерінді сипап өтіндер!»

Бұл хадистің (жеткізушилер) тізбегі әлсіз: Абу Дәуд ‘Абдул-Мәликті әлсіз (жеткізуши) деп атады; бұл хадистің тізбегінде сондай-ақ (әлдебір) шейх Абдуллаһ ибн Йа’куб бар, ал оның есімі келтірілмейді, демек ол белгісіз – бәлкім, бұл шейх жоғарыда сөз етілген Ибн Хассан немесе Ибн Мәймун болған шығар.

Бұл хадисті сондай-ақ әл-Хаким (4/270) Масадиф ибн Зийад әл-Мәдини ол бұл хадисті Мухаммад ибн Қа’б әл-Куразиден естігендігі туралы оған жеткізгенін айтқан Мухаммад ибн Му’ауийядан келтіреді. Эз-Зәһаби бұл хадистің түгел тізбегін тексеріп сараптаған, әд-Дәрақутни Ибн Му’ауийяны өтірікші деп атағанын, сондықтан да бұл хадис ойдан шығарылған болып табылатынына нұсқаған.

Абу Дәуд бұл хадис туралы былай деп айтқан: «Бұл хадис бір тізбектен де көбірек (жолмен) Мухаммад ибн Қа’б арқылы жеткізіледі, әрі олардың әрқайсысы әлсіз болып табылады».

Аллаһтың Елшісі ﷺ Аллаһтан (Кұранды) жатқа оқушылардың 70-сін өлтірген көпқұдайшыларды жазалауын сұрап құнұт дүғасын оқыған кезінде екі қолын көтергені сенімді түрде бекітілген, — имам Ахмад (3/137) және әт-Табарани «әл-Му'жам әс-Сағирде» (111-бет) бұл хадисті жеткізушілердің сенімді тізбегі арқылы келтіреді. Құнұт дүғасын үтір намазында оқыған кезде екі қолды көтеру сенімді түрде 'Омардан және басқа (сахабалардан) жеткізіледі. Алайда құнұт дүғасын оқығаннан кейін бетті сипау туралы Пайғамбардың өзінен де ﷺ оның қандай да бір сахабаларынан да (Аллаһ оларға разы болсын) ешқандай хабар жеткізілмегендіктен, бұл іс-әрекет (бетті сипау), күмәнсіз, діни жаңалық (бид'а) болып табылады.

Намаздан тыс кезде (дүғадан кейін) бет сипап өтуге қатысты айтар болсақ, бұл туралы тек жоғарыда аталған екі хадис қана бар: алайда «олар бірін-бірі нығайтады, әрі сөйтіп жақсы (хасан) хадистер деңгейіне дейін көтеріледі» деп айту негізсіз, мұны осы хадистердің жеткізу

жолдарындағы анықталған салмақты әлсіздіктің себебінен әл-Манауи істегеніндей. Міне сол үшін де имам ән-Нәуауи «Мәжмуу»та: «Бұлай істей құпталмайды», - деген, әрі «Осылай тек надан адам гана істейді», - деп айтқан Ибн 'Абд әс-Сәламаны қолдаған.

Аллаһқа дұға етіп жалбарынғаннан соң бетті екі қолмен сипап өту (Шариғат) тарапынан бұйырылмағандығы Аллаһқа дұға етіп жалбарыну кезінде екі қолды көтеру туралы көптеген сенімді хадистердің болуымен, бірақ олардың біреуінде де бетті екі қолмен сипап өту туралы айтылмайтындығымен расталады; бұл, Аллаһтың қалауымен, осылай істей бұйырылмағандығына және қабылданбайтындығына нұсқайды.

## Қосымша №7

**Шейх әл-Әлбанидің имам төрт сұннет мазһабының қайсысына жатса да, оған ілесудің қажеттілігі туралы айтқан сөздері**

(«Әһл әл-хадис үа әл-асар» («Хадистер мен асарларды үстануышылар») бағдарламасындағы №192 аудиотаспаның мәтінге түсірілген көширмесі, «Силсила әл-һұда үа ән-нұр» хабары, 11 минут, 35 секунд).

- Сұрақ<sup>704</sup>: **Ханафи мазһабын үстанушы имамның артынан ұйып намаз оқушы адам намазда оған ілесуі қажет пе?** «Имамға ілесу» деген сөз тіркесінің астарында ханафи имамына ұйып намаз оқитын адамның сол (имам) сияқты тәкбірлерді айтқанда екі қолын көтермейтіні, қолдарын көкірегіне қоймайтыны, («әл-Фатиханы» оқып болғаннан кейін) «Әмин» деп дауыстап айтпайтыны және тәшәһүдта сұқ бармағын қимылдатпайтыны мензеледі ме?

<sup>704</sup> Бұл жерде және әрі қарай сұрақтар қалың шрифтпен берілген – Аудармашының ескертпесі.

- Шейх әл-Әлбани:<sup>705</sup> Ханафи имамы қалай істесе, солай істеу керек.
- **Ал бұған шарифи дәлел қандай?**
- Пайғамбардың ﷺ: «Ақиқатында, имам (намазда) басқалар оған ілесулері үшін тағайындалады», - деп айтқан сөздері.
- **Бұл хадистің мәтіні тек тәкбірге, рукуғқа және одан түзелуге ғана нұсқамайды ма?**
- Бұл сұрақты қойып жатып, сен, егер сенің түсінуіңе негізделсек: «Бұл хадис имамға ілесуді тек осы істермен ғана шектейді», - деп ойлайсың ғой? Егер сен осылай деп ойласаң, онда терең қателесесің. Ал егер сен басқа бір нәрсені мензеп тұрған болсаң, онда мен мұны сенен түсінермін?
- **Жоқ, мен дәл (соны, яғни) имамға ілесуді тек осы істермен ғана шектеуді мензегенмін.**

<sup>705</sup> Бұл жерде және әрі қарай әл-Әлбанидің сөздері әдеттегі шрифтпен берілген – Аудармашының ескертпесі.

- Олай болса, сен бұл туралы білмейтіндердің алғашқысысын.

**- Қалай сонда, шейх?!**

- Хадисте былай деп айтылған: «*Ақиқатында, имам (намазда) басқалар оған ілесулері үшін тағайындалады. Ол тәкбір айтқанда, сендер де тәкбір айтыңдар!* Ол рукуғ жасаганда, сендер де рукуғ жасаңдар! Ол: «*Аллаh Оған мадақ айтқанды естісін (естіді)*», - деп айтқанда, - «*Раббымыз, Саган мадақ!*», - деп айттыңдар. Ол сәжде жасаганда, сендер де сәжде жасаңдар! Егер ол намазды тұрып орындаса, сендер де намазды тұрып орындаңдар! Ал егер ол намазды отырып орындаса, сендер де барлығын, бірге намазды отырып орындаңдар!»

Бұл хадисте алты нәрсе аталады. Егер сен өз сөздеріңмен «имамға ілесу хадисте айтылған осы алты нәрсемен ғана шектеледі» дегенді меңзесен, онда мен бұны саған айтқанымдай, сен келтірілген хадиске қайшы келетіндердің

алғашқысысынц. Сен: «Қалайша, шейх?», - деп сұрадың. Міне, енді біз жауапқа келіп жеттік. Айтшы маған, егер имам бірінші тәшаддудты айтуды ұмытып, үшінші ракағатты орындау үшін орнынан тұрса, сен оған ілесесің бе, әлде жоқ па?

**- Мен оған ілесемін.**

- Бірақ бұл туралы хадисте еш нәрсе айтылмаған ғой!

**- Иә, еш нәрсе.**

- Саған: «Сен өз сөздеріңе қайшы келетіндердің алғашқысысынц», - деп айқанымда, мен біз (екеуіміз) бір маңызды ережені бекітіп, соған негізделуімізді ғана қалаған болатынмын. Мен, сен және Сұннеттің сен секілді басқа да жақтаушылары, егер біз ханафи имамына ілесіп, («әл-Фатиханы» оқып болған соң) «Әминді» дауыстап айтпасақ, сонымызбен Сұннетке қайшы келеміз деп ойлаймыз. Бірақ, басқа жағынан, егер (имамға ұйып – аудармашыдан (қаз)) намаз оқушы адам имам

намазды отырып орында жатқанын көріп, ол да отырса, онда намаз орындаушы адам намаздың тіректерінің біріне қайшы келеді ғой! Сондықтан да, егер Пайғамбар ﷺ бізге намаздың тіректерінің бірін (яғни қиямды – Аудармашының ескертпесі) орынды себеппен қалдырған имамға ілесуді бұйырған болса, онда ол бізге маңызы бұдан төмендеу болған нәрселерде, егер бұған орынды себеп болса, оған ілесуді тіпті бұйырды! Мен саған белгілі мысал келтірдім, әрі сен менің сұрағыма дұрыс жауап бердің. Мен сенен имам намаздың ортасындағы тәшәххүдты ұмытқан және үшінші ракағатты орындау үшін орнынан тұрып кеткен жағдай туралы сұрадым. Сен имамға ілесетініңді айттың. Дұрыс, сенің жауабың Сұннетке сәйкес келеді, өйткені аталған жағдайға қатысты белгілі шариғи мәтін бар. Әрі дәл осы шариғи мәтіннің болуы сені дұрыс жауапқа алып келді. Сонымен бірге сенде оларға қатысты тікелей шариғи мәтін болмаса да, бірақ сені ілесуге міндеттейтін белгілі сұрақтар туындаиды, мысалы, біздің

бұғінгі сұхбатымыздың тақырыбы болған сұрақ. Кел, енді біз қазір маған ол туралы бірнеше рет сұрақ қойылған басқа бір жағдаятты елестетіп көрейік: имам бірінші тәшәһүдты ұмытып кетті, намаз орындаушылар мұны оның есіне салды<sup>706</sup>, содан соң ол үшінші ракағатты орындау үшін тұрып кеткен болса да, осы тәшәһүдқа қайта оралды.

Сен қалай істейсің?

- Егер имам бірінші тәшәһүдты қалдырып кетіп, кейін оған қайта оралса ма?
- Иә, ол бірінші тәшәһүдты қалдырып кетті де, кейін оған қайта оралды. Сен не істейсің?
- Біз имамға ілесеміз, әрі біз де осы тәшәһүдқа онымен бірге қайта ораламыз.
- Сенің «Біз имамға ілесеміз» деген жауабың дұрыс. Ал бұған қандай шариғи дәлел бар?

---

<sup>706</sup> Сұннетке сәйкес имамның артында үйіп намаз оқитын ер кіслер: «Субхана-Ллаh!», - деп айту арқылы имамның қателескенін оның есіне салады – Аудармашының ескертпесі.

## - Имамға ілесу туралы хадис.

- Ендеңе, демек, сен оған қатысты: «Имамға ілесу онда аталған нәрселермен шектеледі», - деп, қателескен хадиске бізбен бірге қайта оралдың. Сөйтіп, сен қазір «*Ақиқатында, имам (намазда) басқалар оған ілесулері үшін тағайындалады*» деген біздің ережемізді ұстанудасың. Енді сен дінді дұрыс түсінуді қалайтын мұсылман адам ережелерді басшылыққа алуға тырысуы қажет екендігін түсінесің. Ал біз қазір талқылап жатқан тақырыпқа қатысты қандай ереже күшке ие болады? «*Ақиқатында, имам (намазда) басқалар оған ілесулері үшін тағайындалады*». Ал басқа хадисте «*Ендеңе оған қайшы келмендер!*» деген өте маңызды қосымша келтіріледі! Ал енді сен әлі де: «Біз имамға тек қатаң шектелген мәселелерде ғана қайшы келмеуіміз керек», - деп ойлайсың ба? Жоқ, керісінше! Біз оған ол істеп жатқан еш нәрседе қайшы келмейміз, бірақ ол мұны (яғни Сұннетке қайшы келуді – Аудармашының

ескертпесі) қырсықтығы немесе тәқаппарлығы себепті емес, надандығы себепті істеп жатыр деген шартпен. Мәселені дәл осылай түсіну Сұннетке сәйкес келеді, әрі біз намазды орындаپ жатқан имамдарға ешқашан қайшы келмейміз. Сөйтіп, біз осы хадистен онда аталып кеткен нәрселерден едәуір көбірек нәрсе білдік. Осыған негізделіп, біз келесі тұжырымдаманы алға тарта аламыз: осы хадисте аталған нәрселер шектеу ретінде емес, мысал ретінде келтірілген. Сонымен біз осыдан алдынғы сұрақтан да маңыздырақ болған сұраққа келіп жеттік: егер имам бесін намазында бесінші ракағатқа тұрып, бес ракағат жасаса, сен не істейсің?

- **Біз оған ескертеміз (есіне саламыз).**

- Сен оның есіне саласың. Егер ол еске салғанды түсінсе, онда жақсы. Ал егер ескермесе ше, біз оған ілесеміз бе?

- **Жоқ, біз оған ілеспейміз.**

- Не үшін?

- **Өйткені ол намазға (артық ракағат) қосты.**
- Ол намазға (артық ракағатты) қасақана қосты ма, әлде ұмытшақтықпен бе?
- **Бірақ мен оның есіне салдым ғой!**

- Оқасы жоқ! Мен сенен сұрап түрмүн: әдейі ме, әлде ұмытшақтықпен бе?

**- Ұмытшақтықпен!**

- Міне, жауап! Сен оның есіне салғаның сен оның жүргегінің құпияларын білгенінді және ашқаныңды, әрі ол (өзінің намаздағы қатесін) есіне алғанын көргенінді білдіреді ме?

**- Әрине, жоқ!**

- Онда саған немесе маған сен оның есіне салған сөздерден не пайда? Бұл жерде ең бастысы - сен оның (қателескенін) есіне салған кезде ол сенің еске салуыңды түсінгенін және өз қатесін еске алғанын нақты білу. Мұндай жағдайда ол намазда оған ұюға болмайтын қырсыққа айналады. Алайда біздің арамызда жүректердің ішіндегілерді білу қабілеті

берілген біреу-міреу бар ма?! Әрине, біз: «Жүректерде не бар екендігі бізге белгілі», - деп айтатындаи сопы емеспіз ғой. Онда не үшін сен имамға намазда қайшы шықтың? Өйткені сен «Ақиқатында, имам (намазда) басқалар оған ілесулері үшін тағайындалады» деген қағидамен толық қанағаттанбадың. Бұл – біріншіден. Ал, екіншіден, басқа бір жайт та бар. Бәлкім, мен осы жерде осы шариғат мәтініне қайшы келетіндердің кейбіреулері жауап беріп қойған сұрақты қозғайтын шығармын. Екі «Сахихтың» екеуінде де Абдуллаһ ибн Мәс'удтан, Аллаһ оған разы болсын, оның былай деп айтқаны жеткізіледі: «Бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ бесін (зуһр) намазын бес ракағат етіп оқыды. Сонда одан (адамдар): «Намазға (ракағаттар) қосылды ма?», - деп сұрады. Бұған ол: «*Не болды?*», - деді. Оған: «Сіз бес ракағат орындардыңыз», - деп айтылды. Сонда ол екі сәжде жасады да, кейін (намазды аяқтайтын) сәлем беру сөздерін айтты. Кейін ол бізге қарай бұрылды да: «*Егер намазға қатысты бір нарсе орын алғанда, мен*

*міндетті тұрде бұл туралы сендерге хабарлайтын едім. Алайда мен сендер сияқты адаммын. Мен де сендер сияқты ұмытамын. Сондықтан да мен бір нәрсенің ұмытсам, менің есіме салыңдар!», - деді. Міне, осы жерде біздің алдымызда мынандай сұрақ туындаиды: не үшін Елшінің ﷺ сахабалары бесін намазының бесінші ракағатында орын алған қоспада Елшіге ﷺ ілесті? Менің білуімше, бұл сұраққа екі жауап бар. Осы орайда мен осы жерде сахабалардың Пайғамбардың ﷺ өзінен тікелей естіген «Ақиқатында, имам (намазда) басқалар оған ілесулері үшін тағайындалады... Ал егер ол намазды отырып оқыса, сендер де барлығынң бірге намазды отырып оқыңдар» дегендерін бізден көбірек қабылдағанына ерекше назар бұрғым келеді. Сахабалар бұл хадистен имамға ілесудің міндетті екенін түсінді, тіпті егер имам оны қасақана жасаса, намаз бұзылатын нәрсеге дейін! Өйткені егер адам тұрып намаз оқуға қабілетті бола тұра, отырып намаз оқыса, онда оның парыз намазы жарамсыз болады! Елшінің «Ал егер ол намазды*

*отырып орындаса...»* деген сөздерінен әрбір араб тілді мұсылман немесе байырғы араб (бұл жерде) шариғатқа қайшы келетін барып тұрған мойынсұнбаушы, тәкаппар және қырсық емес, алайда не намазды орынды себеппен отырып оқып жатқан адам, не ол туралы: «*Намазды тұрғып орында. Егер мұны істей алмасаң, онда отырып! Егер мұны да істей алмасаң, онда жамбастап (жатып)...»,* - делінетін хадисте айтылатын әлсіз адам меңзеліп тұрғанын түсінеді. Сахабалар Аллаh Елшісінің ﷺ сөздерінен Даны Заң Шығаруши өзінің ардақты Елшісіне ол адамдарға имамға ұйып намаз оқып жатқан адамдар сол имамға барлық нәрседе ілесуге тиісті екендігін жеткізуді бұйырғанын түсінді: имам намазды жарамсыз ететіндей әдейі қателік жасады ма, әлде ол ұмытшақтықпен жаңсақтыққа жол берді ме – бұл маңызды емес. Әрі олар осы шариғи ережені дұрыс түсінгендіктен және Елші ﷺ бес ракағат намаз оқығанын көргендіктен олар да оған ілесті. Бұл бірінші пікір.

Маған табиғи себептерге байланысты салмақсыздау болып көрінетін екінші пікір де бар. Оның мәні келесідей: олар (яғни сахабалар) Шаригаттың тұсуі аяқталмаған кезде өмір сүргендігі себепті оған ﷺ ілесті, сахабалар төрт ракағаттан тұратын намазға қатысты ол бес ракағаттық болғандығы туралы заң ережесі тұсті деп ойлаған болуы мүмкін. Міне, соңдықтан да олар Пайғамбарға ﷺ ілесті.

Әрине, іс жүзінде екінші нұсқаны да жорамалдауға болады, алайда бірінші пікір маған айқындау болып көрініп тұр. Істің мәні екінші пікірдің тек жорамалға ғана негізделгендігінде, ал бірінші пікір, менің көзқарасым бойынша және сахабалардың жолына дәлме-дәл ілескендердің көзқарасы бойынша, едәуір салмақтылау мәселеге қатысты өзіне бәрін қамти алатын шариғи мәтінді тәжірибеде іске асыруға сүйенеді. Бізде шариғи мәтін бар емес пе? Ал бұл бірінші кезектегі маңызды мәселе. Біз Пайғамбардың ﷺ сахабалары намазда төрт ракағаттың орнына

бес ракағат орындағанын көрдік қой! Бұдан тыс, «Сахихта» Бану Умайя тайпасының жетекшілерінің бірі, менің ойымша оның есімі ‘Уқба бин әл-Уалид болатын – маған оның атын есіме салыңыздаршы (оның аты әл-Уалид бин ‘Уқба еді), – адамдардың намазына имамдық етті, ал сол адамдардың ішінде сахабалар мен олардың ізбасарлары да (*таби'индер*) болатын. Ол олармен бірге таң намазын төрт ракағат етіп орындағы да, сәлем беру сөздерін (таслим) айтқан соң: «Сендер үшін тағы қосайын ба?», - деп сұрады. Міне, сол кезде адамдардың ешқайсысы намазды қайта орындаған жоқ. Не үшін? Өйткені Елші ﷺ: «*Имам қадағалаушы болып табылады*», - деді, яғни ол намаздағы қателіктер үшін, егер олар ұмытшақтықпен жасалған болса, жауап береді. Яғни Аллаh олардан (ұюшылардан – аудармашыдан (қаз.)) олардың осындай қателіктері үшін сұрамайды, «қадағалаушы» сөзінің мағынасы да, міне, осыда.

Сөйтіп, біз барлық үлкен және ұсақ мәселелерде, соның ішінде (намаздың) қосымша және міндетті (құрамдас бөліктерінде де) бізге имам оны қасақана түрде дұрыс орындаудаға ниет еткені айқын болмайынша имамға ілесеміз. Егер оның мазһабының пікірі осындай болса, онда біз оны қателесуші деп санап қана қоямыз, бірақ Пайғамбардың ﷺ имамға ілесу туралы бұйрығын орындаپ, қосымша келіспеушіліктер енгізбейміз.

- Шейх, бірақ ханафи мазһабының имамдары рукуғтар мен сәжделерін тіпті сонына дейін жеткізбейді ғой. Олар намазды асығыстықпен, тиісті байсалдылықсыз орындаиды. Енді біз намазды оларға ұйып орындауымыз және оларға (намазымызда) еліктеуіміз керек пе?

- Сен (бұған) жауапты алып қойдың. Егер сен мұндаидар имамға намазда еліктеуді және оған ілесуді қаламасаң – оның артына тұрма және оған ұйып намаз оқыма!

- Шейх, бірақ біз олармен бірге Ауғанстанда (кенес оккупациясына қары – Аудармашының ескертпесі) жиһад жүргіземіз ғой, әрі егер сен олармен бірге намаз орында масаң, онда оларда күдік туындайды да, олар сенің кәпір, уаҳаби т.с.с. деп санайды. Мұндай жағдайда біз олармен бірге жиһад жүргізе алмаймыз ғой!

- Егер сен осы сабақтан толығымен пайда ала алған болсаң, онда біздің тағы қандай сөздеріміз сен үшін түсініксіз?

- Намазды нашар орындаған адам туралы хадис. Өйткені Пайғамбар ﷺ оған намазды қайтадан орындауды бұйырып: «Қайт та, қайтадан намаз орында, өйткені сен намазды орында мадың!», - деді ғой. Ал бұл намаз орындаушы (ханафи ғалымы) намаздың элементтерін соңына дейін жеткізбейді ғой, демек, оның намазы жарамсыз емес пе? Біз осының барлығымен қалайша сана спаймыз?

- Біз бұл сұрақты талқылауды аяқтап қойғанбыз.
- Иә, шейх! Бірақ ана жақта, Ауғанстанда адамдардың намазына имамдық жасайтын адамдар сопылардың мәуләуи тариқатына жатады. Олар ханафи мазһабын ұстанады, әрі біз олармен бірге жиһад жүргіземіз!
- Бірақ мен саған айтып тұрмын ғой, бауырым, олармен бірге намаз оқи бер! Мен саған: «Олармен бірге намаз оқыма!», - деп айтып тұрған жоқпын ғой.
- **Олардың артына ұйып па?**
- Иә, олардың артына ұйып! Сен келтірген намазды нашар орындаған адам туралы дәлел орынды. Алайда сен оған ұйып намаз орындаитын сол имам, намазды қасақана жылдам оқиды ма және, демек, хадиске әдейі қарсы шығады ма? Әлде бұл нәрсе олардың мазһабында орынды және қабыл етілетін амал болып саналады ма?
- **Жоқ, олардың мазһабы осындаі.**

- Бұл жауап жеткілікті. Қорынтыдылай келгенде ең бастысы – сенің ережені түсінгенің. Бұл ереже саған қайшы келетін имамның пікіріне емес, ол имамның «ол осыны әдейі істеп жатыр ма, әлде тек (өз мазһабының) тиісті ережесін қанағат тұтып жатыр ма?» дегенге қатысты пікіріне қарауға бұйырады. Егер (өз мазһабын) қанағат тұтып жатса, онда егер ол намазды дұрыс орында маса, сенің мойныңа жауапкершілік жүктелмейді. Ал егер ол Сұннетті біле тұра, алайда қырсықтық танытып, одан ауытқып, қасақана осылай істеген болса, онда біз саған: «Мұндай имамның артынан үйып намаз оқыма!», - деп айтамыз.

**- Бірақ, шейх, имамға үйып намаз оқушылар, имамдардың өздері, одан қалса бүкіл ислам үмметі тұтас Елшіге ілесуге міндетті ғой! Ал қалайша біз имамға Сұннетке қайшы болған нәрседе ілесе аламыз?!**

- Бауырым, Аллаh сені кешірсін! Сен қайтадан біз қазір ғана талқылаған нәрсеге қайта оралғың келіп тұр ма? Әрі сен қазір тағы да біз жауап

беріп қойған сұрақты қайта қойып отырсың. Сен естіген сөздеріңің арасында қайсысы саған түсініксіз болды? Сен: «Барлық мұсылмандарға Пайғамбарға ﷺ ілесу бұйырылған!», - деп айтасын, бұл дұрыс. Бірақ сен бізден осыған қарама-қайшы бір нәрсе естідің бе?

- Иә, сіз имам Елшіге ﷺ қайшы келсе оған ілесуді бұйырып жатырсыз!

- Аллаһу Әкбар! Біздің имамға ілескеніміз Елшіге ﷺ ілескеніміздің бір бөлігі болып табылады, өйткені ол: «Ақиқатында, имам (намазда) басқалар оған ілесулері үшін тағайындалады», - деп айтты. Аллаһ сені кешірсін! Біз қателесіп намаздың парыз-уәжіп немесе нәпіл құрамдас бөліктерін қалдырып немесе ұмытып кеткен имамға тек Елшінің ﷺ осы сөздерін орындағанымыз және тәжірибеге енгізгеніміз себепті ғана ілесеміз! Ал ұмыту қателік пе?

- Иә, қателік.

- Сондықтан да, егер имам өз пікірін өз мазнабының ереже-қагидаларымен негіздесе, онда, біздің ойымызша, ол қателесуші болып табылады, алайда Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың алдында оның намазы жарамды болып табылады! Сен Пайғамбардың ﷺ: «*Олар намазды сендер үшін орындаиды. Егер олар оны дұрыс орындаса, онда намаз сендер жақта (яғни намаздарың үшін сендерге сауап бар), ал егер қателессе, онда намаз сендер жақта, бірақ оларға қарсы»,* - деп айтқанын білмейсің бе? Хадистің осы мән-мағынасынан шыға келе, біздің намазымыз жарамды, ал қателік имамға жүктеледі.



## Қосымша № 8

### ПАЙҒАМБАР ﷺ НАМАЗЫНЫң ҚЫСҚАША МАЗМУНДАМАСЫ

*Aса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың  
атымен!*

#### Алғысөз

Біз Оны ғана мадақтайтын және Одан ғана көмек пен кешірім тілейтін Аллаһқа мақтаулар болсын! Аллаһтан өзіміздің нәпсіміздің және амалдарымыздың жамандығынан пана іздейміз. Кімді Аллаһ тұра жолмен жүргізсе, оны ешкім адастыра алмайды. Ал кімді Аллаһ тастап қойса, оны ешкім тұра жолға сала алмайды. Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқтығына қуәлік беремін, және Мухаммад – Аллаһтың құлы әрі Оның Елшісі екеніне қуәлік беремін.

## Ал содан соң:

«Әл-Мактаб әл-Ислами» баспасының директоры - менің бауырым Зухайр әш-Шәүиши маган "Пайғамбар ﷺ намазының сипаттамасы, тәкбірден сәлемге дейін, оны өзіңіз көргеніңіздей" кітабының қысқаша мазмұндамасын жасауды, оны ықшамдаап, мазмұнын қарапайым адамдарга түсініктірек етуді ұсынған болатын.

Мен бұл ұсынысты игілікті деп санадым, әрі ол баяғыдан бері менің көкейімде жүрген ойыма сай болды. Мен бауырым әрі досымнан осындай ұсыныс туралы бірнеше рет естіген болатынмын. Ол менің ғылыми іс-әрекеттен босамауима қарамастан, оған азғантай болса да уақыт бөлуімді тапжылмай сұрайтын. Сөйтіп, мен Аса Жоғары Қамқор Иемнен, Оған мақтау-мадақтар болсын, осы еңбекті Оның Игі-Берекелі Жүзі үшін ықыласты және мұсылман бауырларым үшін пайдалы етуін жалбарынып сұрап, бауыримның осы ұсынысын күш-жігерім жеткенше іске асыруға асыра кірістім.

Бұл еңбекте мен «Пайғамбар ﷺ намазының сипаттамасы» кітабына кейбір пайдалы қосымшалар жасадым, оны ескертпелермен қамтамасыз еттім және

онда Аллаhtы зікір ету сөздерін келтіруді жөн санадым, әрі осы орайда тиісті хадистердегі немесе зікірлердегі кейбір сөздерді түсіндіруге ерекше назар бөлдім.

Бұл еңбекке мен сондай-ақ негізгі тақырып аттарын және басқа да көптеген түсіндіруші тақырыпшаларды енгіздім. Бұдан тыс, кітапта қаралатын әрбір сұрақ өз реттік санына ие.

Сонымен бірге мен әрбір мәселеге қатысты күшке ие болған құқықтық норманы (*хукм*): ол тірек пе (*руқін*), әлде міндетті (*уажін*) санатына жатады ма – соны түсіндіріп бердім. Белгілі бір мәселеге қатысты күшке ие болған құқықтық норма аталмаған жерде, ол *сұннет* санатына қатысты болады.

*Сұннет* санатына қатысты кейбір нормалар туралы: «Оларды орындау міндетті (*уужуб*)», - деп айтылып жатады, алайда мұндай тұжырым ғылыми зерттеуге қайшы келеді.

*Рұқін* (тірек) – ол арқылы белгілі бір зат орындалатын, ол соның құрамында болатын, әрі оның болмауы *руқіні* бар нәрсенің жарамсыз болуына келтіретін нәрсе. Мысалы, намаздағы рукуғ оның *руқіні* (тірегі) болып табылады, ал рукуғтың болмауы намаздың жарамсыз болуына әкеледі.

*Шарт* – бұл тұра сол *рүкін* сияқты, бірақ оның одан жалғыз айырмашылығы бар: *шарт* өзі шартты ететін нәрсенің сыртында болады. Мысалы, дәрет намазды орындаудың шарты болып табылады, ал дәретсіз намаз жарамсыз болады.

*Үәжін* – бұл орындалуы Құран мен Сұннетте бекітілген, алайда оны *рүкін* немесе *шарт* (санатына) жатқызатын күәлікке (*дәлил*) ие болмаған кез келген бүйірық. *Үәжін* санатына жататын амалдарды істеген адам осы үшін Аллаһтан сый-сауап алады, ал орынды себепсіз оларды орындаудан бас тартатын адам Оның жазасына ұшырайды.

*Фард* сөзі *үәжін* сөзінің синонимі болып табылады. Осы еki санаттың арасында терминологиялық айырмашылықтың бар екендігіне нұсқайтын күәлік жоқ.

*Сұннет* – бұл Пайғамбар ﷺ тұрақты түрде немесе барынша жиі жасаған, бірақ оларды (мұсылмандар үшін) міндетті етпеген амалдар. *Сұннет* санатына жататын амалдарды

орындаитын адам осы үшін Аллаһтан сый-  
сауап алады, ал оларды орындаудан бас  
тартушы Аллаһ тарапынан жазаланбайды әрі  
ол сөгіс білдіріуге лайықты емес.

Ал кейбір соқыр еліктеушілер (*муқаллидтер*) Пайғамбарға ﷺ теліп келтіретін «Менің қандай да бір сұннетімді қалдырганга шапағатым болмайды» деген хадиске келер болсақ, оны Аллаһ Елшісінің ﷺ сөзі деп айту негіzsіз. Бұл олай емес, әрі Пайғамбарға ﷺ ол айтпаған сөзді телу қауіпінен сақ болу үшін, бұл хадисті оған телуге болмайды. Өйткені ол: «*Кім маган әдейі өтірік жапсырса – Отта өз орнын алады*», - деп айтқан.

Кітапты жазу барысында мен кең таралған төрт мазғабтың қайсыбірін болса да ұстанбағанымды қоса айту қажет. Ақиқатында, осыда мен Пайғамбардан ﷺ жеткен кез келген сахих хадисті қабылдау (әдіснамасын) ұстанатын, сол себепті де, бұл туралы әрбір мазғабтың әділ ғалымдары куәлік еткендей, олардың мазғабы басқа мазғабтарға қарағанда ең мығым болған хадис білгілерінің жолына ілестім. Олардың арасында: «Ендеشه, егер олар (яғни хадис білгілері) Пайғамбардың ﷺ нағыз мирасқорлары және оның

Заңының (*Шаригатының*) шынайы көмекшілері болса, қалайша өзгеше болуы мүмкін?! Аллаһ бізді олармен бірге (Қиямет күні) жинасын және біздің (жүргегімізге) оларға деген маҳаббатты салсын және өлім сәтімізге дейін оларға ілесуімізді нәсіп етсін», - деп айтқан ханафи мазнабының өкілі, ғалым Абу әл-Хасанат әл-Лукнауи әл-Ханафи бар.

(Мына шумақтарды) айтқан имам Ахмадты  
Аллаһ Өзінің рахметіне бөлесін:

*Мұхаммад пайғамбардың діні - хадистерде,*

*Жігіт үшін ең жақсы сәйгүліктер – асарларда;*

*Хадис пен оның білгірлерінен бет бұрма,*

*Әйткені жеке тұжырым – түн, ал хадис – бұл  
кун.*

*Кейде күн барынша жарқырап тұрса да,*

*Бозбала Тура жолдан хабарсыз болуы да мүмкін!*

Дамаск

Нижра бойынша 26-сафар 1392 жыл  
Мұхаммад Насыруддин әл-Әлбани

## Қағбаға жүзді қарату

**1.** Сіз, уа, мұсылман, намазға тұрғаныңызда, қай жерде болсаңыз да, парыз намаздарында да, нәпіл намаздарында да жүзінізді Қағбаға қаратыңыз. Бұл – онсыз намаз жарамсыз болатын, оның тіректерінің (*рүкіндерінің*) бірі.

**2.** Қыблаға жүзді бұру міндеттілігі (қатты қорқыныштың әсерімен) намазды орындалап жатқан және ауыр шайқасқа (қатысып) жатқан жауынгерге қатысты емес.

• Бұл науқас адамға, сондай-ақ кемедегі, машинадағы немесе ұшақтағы адамға қатысты емес, егер ол намаздың үақыты (ол Қыбланың бағытын нақты анықтай алғатын жерге жеткенше) өтіп кететінінен қауіптенсе.

• Бұл мініс жануарында немесе кез келген көліктे бара жатып, нәпіл немесе үтір намазын орындаитын адамға қатысты емес. Алайда ол намазды ашатын *тәкбірді* айтқанда, оны (мініс жануарын, немесе жүзін – ауд. (қаз)), мүмкіндік болса, Қыбла жаққа бұрганы абзал, ал кейін жүзін өзі жүріп бара жатқан кез келген жағына қаратада берсе болады.

3. Қағбаны көріп тұрған кез келген адам (намазда) оған жүзін қаратуға міндетті. Ал оны көрмей тұрған адам (намазда) оған қарай бет бұруға міндетті.

*Қателікпен Қағбадан өзге жаққа қарай  
орындалған намаздың үкімі:*

4. Егер адам күннің бұлтты болуына немесе әлдебір басқа себептерге байланысты алдын ала (Қыбла жақты табуға) тырысқан бола тұра намазды Қыбладан өзге жаққа қарай орындаған болса, онда оның намазы дұрыс болады әрі ол оны қайта орындауға міндетті емес.

5. Егер намаз орындаушыға қандай да бір сенімді адам келіп, Қыбланың дұрыс жағын нұсқаса, ол бірден оған бет бұруы керек, әрі осы орайда оның намазы дұрыс болып қала береді.

**I. Намазда тік тұру (әл-қиям)**

6. Намазды тұрып орындау керек. Бұл намаздың тірегі (*рүкіні*) болып табылады. Бұған жатпайтын (жағдайлар келесідей):

- (Қатты қорқыныштың әсерімен) және ауыр шайқасқа (қатысып жатып) намаз

орындалап жатқан адам. Оған мініс көлігінің үстінде намаз оқуға рұқсат етіледі. Науқас адамға да (егер ол тұра алмаса) намазды тұрып орындауда рұқсат етіледі: ол намазды отырып орындаій алса, онда отырып орындаідьы, ал егер (отырып та) орындаій алмаса, онда жамбастап (жатып) орындаідьы. Нәпіл (не көлік үстіндегі) намазды орындаушы адам, егер қаласа оны отырып, рукуғтары мен сәжделерін басын ию арқылы ишара жасап, орындаій алады. Тура соны ауру адам да жасай алады. Сәжде жасауды ишара еткендеңі бас ию рукуғты ишара еткендеңі бас июден төмендеу болуға тиіс.

7. Намазды отырып орындаітын адамның өз алдына үстіне сәжде жасау үшін ыңғайластырып жерден биік етіп бір зат қоюына тыйым салынады. Егер ол маңдайын жерге тигізуге мүмкіндігі болмаса, онда, бұл туралы жоғарыда айттылғандай, сәжде жасағанда басын рукуғ жасағаннан төмендеу июі керек.

*Кемеде және ұшақта орындалатын намаз  
туралы:*

8. Парыз намаздарын кемеде де, ұшақта да орындауға рұқсат етіледі.
9. Егер намаз орындаушы адам құлап қалудан қауіптенсе, онда кемеде және ұшақта намазды отырып оқуына болады.
10. Көріліктің немесе дененің әлсіздігі себебімен намаздың қиямында таяққа сүйеніп тұруға рұқсат етіледі.

*(Намазда) тұрып оқуды да, отырып оқуды да  
қоса жасау:*

11. Тұнгі нәпіл намазды ешбір себепсіз тұрып немесе отырып орындауға, сондай-ақ осы екеуін де қоса істеуге рұқсат етіледі. Мысалы, адам намазды Құран оқыған кезінде отырып орындалап, рукуғ жасаудан алдын тұруына және Құранның қалған аяттарын тұрып аяқтауына, содан соң рукуғ және сәжде жасауына, ал содан соң екінші ракағатта тұра солай істеуіне болады.

**12.** Егер адам намазды отырып оқитын болса, аяқтарын айқастырып немесе өзіне ынғайлы кез келген кейіпте отыруы керек.

*Намазды аяқ киімде орындау туралы:*

**13.** Намазды жалаң аяқ күйде де, аяқ киіммен де орындауға рұқсат етілген.

**14.** Адамға қайсысы ыңғайлышақ болуына байланысты, намазды кейде жалаң аяқ күйде, ал кейде аяқ киімде орындаған бәрінен жақсырақ болады. Алайда адам намаз орындау үшін арнайы түрде аяқ киім киюмен немесе аяқ киімді шешумен өзіне ауыртпалық салмауы керек: егер ол жалаң аяқ жүрген болса, онда намазды жалаң аяқ оқысын, ал егер ол аяқ киіммен жүрген болса, онда, егер оны шешіп тастауға мәжбүрлелітін ешқандай себептер болмаса, аяқ киіммен намаз оқысын.

**15.** Егер адам аяқ киімін шешсе, ол оны он жағына қоймауы керек. Егер оның сол жағында намаз орындаушылардан ешкім болмаса, ол оны сол жағына қоюы керек. Егер оның сол жағында да намаз орындаушылар болса, ол аяқ

киімін екі аяғының арасына қоюға тиіс.<sup>707</sup> Пайғамбардың ﷺ бұл бүйрығы жайында хадистерде сенімді түрде жеткізіледі.

*Мінбер үстінде орындалатын намаз туралы:*

**16.** Имам адамдарға намазды үйрету мақсатында оны қандай да бір төбешік болып тұрған орында, мысалы, мінберге шығып орындаса болады. Сондықтан да ол осы орынға тұрып, тәкбір айтуды, Құран оқуы, сол жерде тұрып рукуғ жасауды, содан соң арқамен (Қыблаға теріс бұрылмай – аудармашыдан.) төмен тұсіп, мінбердің іргесіндегі жерге сәжде жасауды, содан соң қайтадан оған шығуы керек. Екінші ракағатта ол бірінші ракағатта істегендерін қайталайды.

---

<sup>707</sup> Бұл жерде адам аяқ киімін алдына қоюы дұрыс емес екендігі тұспалданып түр. Бұл әдепті көпшілік мұсылмандар бұзып жатады, нәтижесінде, олар өз аяқ киімдеріне қарағанда намаз орындауда жатқанын көруге болады!

*Намаз орындаушиның алдында сұтраның  
(бөгөттің) болуы міндетті екені және оның сұтрага  
жақын түрүү туралы:*

Намаз мешітте, не басқа жерде 17. орындалатынына, мешіт үлкен, не кіші болатынына қарамастаң, оны *сұтрага* қарап орындау керек. Бұған негіз – Пайғамбардың ﷺ: «*Намазды тек сұтрага қарап орындаңдар әрі ешкімге алдыларыңнан кесіп өтуге рұқсат етпендер, ал егер ол (мойынсұнудан) бас тартса, онда онымен соғысыңдар, өйткені оның жанында серігі, - яғни шайтан, - бар*», – деген хадисі.

Намазды *сұтрага* жақын тұрып 18. орындау керек, өйткені мұны Пайғамбар ﷺ бұйырған.

Пайғамбардың ﷺ сәжде жасайтын 19. орыны мен ол соған қарап намаз оқыған қабырғаның арасындағы қашықтық бір қой жүріп өтетіндей болған. Осылай істейтін адам

намаз орындаушының *сұтрага* жақын тұруына қатысты міндеттемені орындаған болады.<sup>708</sup>

### *Сұтраның биіктігі туралы:*

*Сұтрапа* жерден шамалап бір немесе екі 20. қарыстай биік болуы керек, өйткені Пайғамбар ﷺ: «Егер сендерден біреулерің өз алдына ер тоқымның<sup>709</sup> артқы жағындаи бір нәрсе қойса, намазын орындаи берсін де, оның аргы жағынан өтетіндерге көңіл бөлмесін», - деген.

Сутраға тікелей бет бұру қажет, өйткені 21. бұл туралы (Пайғамбардың ﷺ) сутраға қарап намаз оқу керектігі туралы айқын бүйректері айғақ болады. Сутраға қарап намаз орындауда

<sup>708</sup> Осыдан бізге Сирияның мен көрген және басқа (елдердегі) мешіттеріндегі адамдардың мешіттің дәл ортасына, қабыргадан немесе бағанадан алыс тұрып намаз орындаулары Пайғамбардың ﷺ бүйректерінде деген салғырттық таныту болып табылатыны мәлім болды.

<sup>709</sup> Ер тоқымның (рәхл) артқы жағының қыры ('амуд) мен зелептің тұр. «Рәхл» деген сөзben бұл жерде түйенің ер тоқымы аталып тұр, өйткені аттың ер тоқымын білдіру үшін *сарж* сөзі қолданылады. Осы хадис (сұтраны белгілеу үшін) жерге сыйық сизу жеткілікті еместігіне нұскайды, ал осыған қатысты жеткізілетін хадис әлсіз болып табылады.

мақсатында, одан оңға немесе солға қарай ауытқудың (шарифатта) негізі жок.

Жерге қадалған таяққа немесе сол **22.** сияқты затқа, сондай-ақ талға, көрпенің астында жатқан әйеліңе, жануарға, тіпті ол түйе болса да, қарап намаз орындауға болады.

*Қабірлерге қарап намаз орындауга тыйым салынғандығы туралы:*

Қабірлерге қарап намаз орындауға **23.** үзілді-кесілді тыйым салынады, тіпті ол пайғамбардың немесе басқа біреудің қабірі болса да.

*Tinmi Mеккедегі әл-Харам Мешітінде де (әл-Мәсжид әл-Харам) намаз орындаушының алдынан кесіп өтүге тыйым салынғандығы туралы:*

Егер намаз орындаушы сутраға қарап **24.** намаз оқып тұрған болса, оның алдынан кесіп өтүге тыйым салынады<sup>710</sup>. Осы тыйымға

---

<sup>710</sup> Яғни намаз орындаушы мен сутраның арасын кесіп өтүге тыйым салынады – аудармашының ескертпесі.

қатысты Меккедегі әл-Харам Мешіті мен өзге кез келген мешіттің айырмашылығы жок. Пайғамбардың ﷺ: «Егер намаз орындаушының алдын кесіп өтетін адам өзіне қандай (күнәны) жүктеп жатқанын білсе, оның алдынан кесіп өткенге қараганда өз орнында қырық (...) тұру жақсырақ екендігін (түсінер) еді!», - деген хадисінің жалпы мағынасынан шыға келе, бұл тыйым барлық мешіттерде күшке ие. Бұл (тыйым) намаз орындаушы мен ол сәжде жасайтын орынның арасынан кесіп өтетін адамға қатысты.<sup>711</sup>

*Намаз орындаушы адам тіпті Меккедегі әл-Харам Мешітінде болса да адамдарға өз алдынан кесіп өтуге тыйым салуга міндетті екендігі туралы:*  
**Сұтраны** бөгет жасап алып, намаз 25. орындалап тұрған адамға өзінің алдын кімге болсын кесіп өтуге рұқсат етуіне тыйым

<sup>711</sup> Ал Пайғамбар ﷺ Хашийат әл-Матафта *сұтрасыз* намаз орындағаны, әрі адамдар оның алдын кесіп өткендігі туралы хадиске келер болсақ, ол сахих (сенімді) емес. Осы орайда онда адамдар Пайғамбар ﷺ мен ол сәжде жасаған орынның арасын кесіп өткендігі туралы тіпті айттылмайды.

салынған. Бұл (тыйым) жоғарыда келтірілген «...әрі ешкімге алдарыңнан кесіп өтуге рұқсат етпендер...» деген хадистен де, Пайғамбардың ﷺ мына сөздерінен де келіп шығады: «Егер сендерден біреу намазды бөгет (сутра) болып табылатын нәрсеге (қарап) орындаій бастаса, ал біреу (сол кезде) оның алдынан кесіп өткісі келсе, (намазды орындаушы) оны итеріп жіберсін [әрі оны барынша тоқтатуға тырыссын] және егер ол (базынудан) бас тартса, онымен шайқассын<sup>712</sup>, өйткені ол – шайтан!»

*Намаз орындауши өзінің алдынан біреудің кесіп өтпеуіне кедергі жасау үшін (сұтрага қарай) жылжуы қажет екендігі туралы:*

Адамға өзінің алдынан өз әрекеттері 26. үшін жауапкершілікке тартылмайтындардың, мысалы, жануардың немесе жас баланың өтуіне кедергі жасау үшін алға қаратат бір-екі қадам

<sup>712</sup> Яғни қаттырақ итеріп жіберсін – аудармашының ескертпесі.

жылжуына және сол арқылы оны өзінің артынан өтүге мәжбүрлеуге рұқсат етіледі.

*Намазды бұзатын нәрселер туралы:*

Намаз орындаушының алдындағы **27. сұттра** маңызының ұлылығы соншалықты, егер біреу намаз орындаушының алдынан өтсе де, сутраның болуы себепті оның намазы бұзылмайды. Ал сутрамен бөгет жасап алмаған адамның намазы, егер оның алдынан (етеккірі келетін) әйел, есек немесе қара ит өтсе, жарамсыз болады.

## II. Ниет

Намаз орындаушының намаз **28.** орындауға кірісу туралы ниеті болуы қажет. Ол намаздың *шартты* және тірегі (*руқіні*) болып табылады. Бесіннің немесе екіншінің парыз намазын немесе тиісті қосымша (*сүннет*) намазын орындауға деген ниет адамның

жүргегінде болуға тиісті. Ал ниетті тілмен айтуға келер болсақ, бұл Сұннетке қайшы келетін дінге енгізілген жаңалық (бидғат) болып табылады, әрі бұл туралы адамдар оларға ілесетін бірде-бір имам айтпаған.

### III. Тәкбір

**29.** Кейін адам: ﷺ «Аллаһу Әкбар («Аллах Үлүі!»)», - деп, намазға кірісуі қажет.

Пайғамбардың ﷺ «Намаздың кілті – дәрем, оған кіру – тәкбір<sup>713</sup>, ал одан шығу – маслім!» деген хадисіне сәйкес бұл намаздың тірегі (рүқіні) болып табылады.

Намаз орындаушы, тек егер ол имам **30.** болмаса, әр намазда тәкбір айтқан кезінде дауысын көтермеуге тиіс.

Қажетті болған жағдайда, мысалы, **31.** имам науқас болып, оның дауысы (көпшілікке

<sup>713</sup> Сөзбе-сөз «тәкбір» оны тыйым салынған (*харам* етеді)» бұл намазды орындау кезінде Аллаһ істеуге тыйым салған (*харам* еткен) барлық іс-әрекеттерді мензейді, «ал *маслім* оны рұқсат етілген (*хәлал*) етеді», бұл намаздан тыс рұқсат етілетін барлық нәрселер сияқты.

естілмейтіндей – ауд. (қаз.)) әлсіз болатын, немесе оның артында өте көп адамдар намаз орындаپ тұрған жағдайларда, имам айтқан тәкбірді мұəзін (азаншы) адамдарға (дауыстап) жеткізуге рұқсат етіледі.

**Имамға үйіп тұрған адам имам *тәкбір* 32.**  
айтқанға дейін *тәкбір* айтпауы керек.

*Екі қолды көтеру әрі осыны қалай істему керек  
екендігі туралы:*

Екі қолды кейде тәкбірді айтумен бір 33.  
мезетте, кейде тәкбірге дейін, ал кейде оны айтқаннан кейін көтеру керек. Мұның барлығы Сұннетте сенімді түрде бекітілген.

**Екі қолды саусақтардың арасын ашып 34.**  
ұстаған күйде көтеру керек.

Екі қолды иықтың деңгейіне дейін, ал кейде құлақтың ұштарына дейін көтеру керек.<sup>714</sup>

<sup>714</sup> Ал екі қолдың бас бармақтарын құлақтың сырғашықтарына тигізуге келер болсақ, бұған Сұннетте ешқандай

Кейін тәкбір айтқан бойда бірден оң 35. қолды сол қолдың үстіне қою керек. Барлық пайғамбарлардың (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) Сұннеті осындай, әрі Аллаһтың Елшісі ﷺ осыны өз сахабаларына бұйырды! Бұл кейіпте қолдарды екі жамбасқа түсіріп ұстауға болмайды.

Оң қолды сол қолдың алақанына және 36. білегіне қою керек.

Кейде оң қол сол қолды қысып 37. тұрады.<sup>715</sup>

---

негіз жоқ. Менің ойымша, бұл шайтанның азғыруынан (*үәсүәсәдан*) туындаса керек.

<sup>715</sup> (Мұсылмандардың) соңғы үрпақтарынан шыққан кейбір ғалымдар құптайтын (он қолды сол қолдың үстіне қою) мен (сол қолды оң қолмен қысып ұстауды) бір мезгілде қоса істеудің (шаригатта) негізі жоқ.

**Қолды қоятын жер:**

Қолды тек көкірекке қою керек. Осыда 38.  
ер мен әйелдің арасында айырмашылық жок.<sup>716</sup>

Оң қолды белге қоюға болмайды. 39.

*Мойынсұнушылық таныту және көзді сәжде  
жасайтын орынга қарату:*

Намазда мойынсұнушылық танытып 40.  
тұру қажет әрі намаз орындаушының көнілін  
бөлетін, мысалы, әшекейлер мен оюлар сияқты  
барлық нәрседен аулак болу керек. Тамақ  
тартылып қойылғанда немесе намаз  
орындаушыны кіші немесе үлкен қажеттілік  
қысып жатқанда намаз оқымау керек.

Намазда тұрғанда адам сәжде 41.  
жасайтын орнына қарауы қажет.

Ол оңға да, солға да қарамауы керек, 42.  
өйткені жан-жаққа қарау – бұл шайтанның  
оның намазынан ұрлайтын үлесі.

<sup>716</sup> Қолдарды көкіректің үстінен өзге жерге қою (шариги тұрғыдан) әлсіз және негіzsіз болып табылады. Қз.: № 2 қосымша.

Намаз орындаушы көзін аспанға 43.  
қаратуына тыйым салынады.

*Намаздың басында оқылатын Аллаһқа жалбарыну сөздері (дұ'a әл-истифтах):*  
Кейін Пайғамбардан ﷺ сахих түрде 44.  
жеткен кейбір дұғаларды оқуға кірісу қажет.  
Көп дұғалардың ішіндегі ең танымалы келесі

дұға:

«سُبْحَانَكَ اللّٰهُمَّ! وَبِحَمْدِكَ وَتَبَارَكَ اسْمُكَ وَتَعَالَى جَدُّكَ، وَلَا إِلٰهَ غَيْرُكَ».

«Субханә-қа, Аллаһумма, уә бихамди-қа, уә тәбәракә-сму-қа уә тә'ала жәddy-қа уә лә иләһа гайру-қа».

«Сені пәктем дәріптеймін, уа, Аллаһ, және Саган мақтаулар болсын, Сенің Есімің құтты, Сенің Ұлылығың бәрінен ұлы және Сенен басқа құлышылыққа лайықты құдай жоқ!»

Намаздың басында Аллаһқа жалбарыну сөздерін айту Сұннетте бекітілген, соңдықтан да мұны орындау қажет.<sup>717</sup>

#### V. Құран оқы

Кейін қуылған шайтанның кесірінен 45. Аллаһтан пана тілеу керек (*исти'аза*). Бұл міндетті (*үәжіп*) болып табылады. Кім мұны істемесе, күнә жасайды.

Суннет бойынша кейде былай деп айту 46.

қажет:

«أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ مِنْ هَمْزَةٍ وَنَفْخَةٍ وَنَفْثَةٍ».

«Әузү би-Лләхи мин эш-шайтан әр-ражим: мин һамзи-һи, үә нәфхи-һи, үә нағси-һи».

«Қуылған шайтаннан: оның (естен айыратын) азғыруынан, (ол көкейге салатын)

<sup>717</sup> Кім намаздың басында оқылатын қалған дұғалармен танысқысы келсе, «Пайғамбар ﷺ намазының суреттемесі» кітабын қарасын.

**менмендіктен және (бос, бұзық) өлеңдерден  
Аллаһқа сыйынамын».**

Ал кейде былай айту керек: 47.

«أَعُوذُ بِاللَّهِ السَّمِيعِ الْعَلِيمِ مِنَ الشَّيْطَانِ مِنْ هَمْزَةٍ وَنَفْخَةٍ وَنَفْثَةٍ».

«Ә'зү би-Лләхи сәмии-л 'алими мин әш-шайтан әр-ражим: мин һамзи-hи, уә нәфхи-hи, уә нәфси-hи».

**«Барлық нәрсені Естүши және барлық нәрсені Білүши Аллаһқа қуылған шайтанның: оның (естен айыратын) азғыруынан, (ол көкейге салатын) менмендіктен, және (бос, бұзық) өлеңдерден Аллаһқа сыйынамын».**

48. Кейін Құран дауыстап оқылатын намаздарда да, Құран іштей оқылатын намаздарда да іштей:

«بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ»

«Бисми Аллахи ракхани ракхим», - деп айту керек (мағынасы: «Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен»), бірақ дауыстап емес.

**«Әл-Фатиха» сүресін оқу:**

Кейін «Әл-Фатиха» сүресін, осы 49. (сүренің) бір бөлігі болып табылатын «Бисми Аллахи ракхани ракхим» сөздерімен қоса оқу

керек. «Әл-Фатиханы» оқу намаздың (*rүкіні*) болып табылады. Егер намазда бұл сүре оқылмаса, намаз жарамсыз болады. Араб еместер бұл сүрені араб тілінде жаттап алулары қажет.

Оны есінде сақтап қала алмайтын 50.

адамға мына сөздерді айтуга рұқсат етіледі:

*سُبْحَانَ اللَّهِ، وَالْحَمْدُ لِلَّهِ، وَلَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَلَا أَكْبَرُ، وَلَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ۔*

«Субханә Аллахи, уәл хамду ли Аллахи, уә лә иләһа илә Аллахи, уә Аллахи Әкбар, уә лә хаула уә лә қүууата илә-би Аллахи».

(Мағынасы: «*Аллаh Пәк! Және Аллаhқа мадақ! Және Аллаhтан басқа құлышылыққа лайықты ешбір құдай жоқ!* Аллаh Ұлы! Және Аллаhтан басқа ешкімде Күш те, Куат та жоқ!»)

Бұл сүренің аяттарын ырғақпен, әрбір 51. келесі аяттың алдында тоқтап-тоқтап оқу сұннет болып табылады. Соңдықтан да:

*بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ*

«Бисми لләхи рахмани рахим», - деп оқу  
 (мағынасы: «Аса Мейірімді, ерекше Раҳымды  
 Аллаһтың атымен!»), содан соң тоқтау, содан  
 соң:

الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ

«Әлхамду лиЛләhi раббиЛ 'аләмин», - деп оқу  
 керек (мағынасы: «Барлық мадақ пен  
 мақтаулар әлемдердің Раббы - Аллаһқа  
 тән!»); кейін тоқтап, содан соң:

الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ

«Әр-Рахмани-р-Рахим», - деп (мағынасы:  
 «Аса Мейірімді, Ерекше Рақымдыға»),  
 тоқтап, кейін:

مَلِكٌ يَوْمَ الدِّينِ

«Мәәлики йауми әддин», - деп (мағынасы:  
 «Қиямет Күннің Патшасына (Иесіне)», әрі  
 осы үлгімен суренің соңына дейін оқуы керек.

Пайғамбар ﷺ дәл осылай, келесі аяттың алдында үзіліс жасап, алдынғы аятты кейінгі аятқа, тіпті ол онымен мағыналық жағынан байланысты болса да, қоспай оқыған.

«Мәәлики یауми-ддин», - деп те, - **52.**

«Мәлики یауми-ддин», - деп те оқуға рұқсат етілген.

*Имамға үйып намаз орындаушының «әл-Фатиханы» оқуы:*

Имамға үйып намаз орындаушы адам **53.**

«**әл-Фатиханы**» имам намазды дауыстап оқымайтын намаздарда оқуы керек. Құран дауыстап оқылатын намаздарда, егер (үйып) намаз орындаитын адам имамның оқығанын естімейтін болса, немесе имам «**әл-Фатиханы**» оқып болған соң оның артында тұрғандар осы сүрені оқуы үшін біраз тоқтап тұратын болса, осылай істеу керек. Дегенмен, біз бұл үзіліс

Сұннетте сенімді түрде бекітілмеген деп санаймыз.<sup>718</sup>

**«Әл-Фатихадан» кейін (Құранның) басқа сурелерін оқу:**

Алғашқы екі ракағатта, тіпті жаназа 54. намазында да (*саләт әл-жаназа*), «әл-Фатихадан» кейін Құраннан қандай да бір сүрені немесе бірнеше аяттарды оқу Сұннет болып табылады.

Кейде Құранды ұзак оқу керек, ал 55. кейде, намаз орындаушы сапарда болса, немесе жөтелсе, немесе ауырса, немесе балалардың жылағанын естісе, оның оқылуын қысқарту керек.

Құранды оқудың ұзақтығы орындалып 56. жатқан намазға қарай әртүрлі болуы мүмкін. Таң (*әл-фажр*) намазында Құран оқу бес уақыт парыз етілген өзге намаздардан ұзақтау. Таң

---

<sup>718</sup> Мен осы үзілісті рұқсат етілген деп санайтындардың дәлелдерін және оларды теріске шығаруды «Силсилят әл-Ахадис әд-Даифа» (№ 546–547) кітабында көлтірдім.

намазынан кейін бесін (*аэз-зүхр*) намазындағы (Құран) оқу ұзақтау болады, содан соң – екінші (*әл-'аср*) намазындағы, кейін құптан (*әл-'иша*), ал содан соң, жиі жағдайда ақшам (*әл-мәғриб*) намазында.

Тұнгі нәпіл намазында Құран оқу 57. барлық намаздардың ішіндегі ең ұзаққа созылатыны болып табылады.

**58.** Сұннетке сәйкес Құранды бірінші ракағатта екінші ракағатқа қарағанда ұзақтау оқу керек.

Намаздың соңғы екі ракағатындағы 59. Құран оқуды алғашқы екі ракағатқа қарағанда екі есе қысқа ету керек.<sup>719</sup>

«Әл-Фатиханы» әр ракағатта оқу түралы:

**«Әл-Фатиханы»** әр ракағатта оқу 60. керек.

---

<sup>719</sup> Толығырақ «Пайғамбар ﷺ намазының сипаттамасы» кітабын қараңыз.

Сондай-ақ соңғы екі ракағатта «әл- 61.  
*Фатихадан*» соң кейде (Құраннан) қосымша  
бір нәрсе оқу да Сұннет болып табылады.

Имам Құранды Сұннетте жеткізілген 62.  
уақыттан ұзағырақ оқуына болмайды, өйткені  
сонысымен ол өзіне үйіп намаз  
орындаушыларға, мысалы, кәрі немесе аурұ  
кісілерге, емізуілі әйелдерге, немесе әлдебір  
нәрсеге мұқтаж болып тұрған адамдарға  
қиындық туғызады.

*Намазда Құранды дауыстап және іштей оқу  
туралы:*

Құран таң намазында, жұма 63.  
намазында, екі Айт намаздарында, жаңбыр  
тілеу намазында, күн тұтылғанда орындалатын  
намазда, сондай-ақ ақшам мен құптан  
намазының алғашқы екі ракағаттарында  
даустап оқылады. Бесін мен екінші  
намаздарында, ақшам намазының үшінші  
және құптан намазының соңғы екі  
ракағаттарында Құран іштей оқылады.

Құран іштей оқылатын намаздарда 64. имамға кейде кейбір аяттар (оның жанында тұрғандарға) естілетіндей етіп оқуына рұқсат етіледі.

Ал үтір намазында және тұнгі нәпіл 65 намазында Құран оқуға келер болсақ, ол кейде іштей оқылады, ал кейде дауыстап та оқыла береді. Осы орайда Құранды орташа (қатты да емес, өте жай да емес) дауыспен оқу керек.

*Құранды ырғақтап, оның барлық ережеліне сәйкес оқу («тартил»):*

Сұннетке сәйкес Құранды ырғақтап, 66. оның дұрыс ырғағын бұзбай, асықпай және тездетпей оқу керек. Аяттарды оқығанда әрбір әріпті анық айту керек, әрі Құранды дауыспен көркемдегу қажет. Сондай-ақ Құранды әуендетіп, тәжүид ғылымының білгілері бекіткен белгілі ережелерге сәйкес оқу керек. Аяттарды қандай да бір ойдан шығарылған үндестілікпен немесе музыкада бекітілген ережелерге сәйкес оқуға болмайды.

**(Қажеттілік түйндаған жағдайда)  
имамның есіне (Құранның аяттарын) салу  
туралы:**

Егер имамның Құран оқуында 67. қиындықтар түйнәп жатса, имамның артында ұйып намаз орындаушыларға оған (Құранның тиісті аяттарын) айттып, есіне түсіруіне рұқсат етіледі.

#### VI. Рукуғ

Намаз орындаушы Құран оқуды 68. аяқтағанда тыныстап алу үшін азғантай тоқтап алыу қажет.

Кейін, бұл «*Намаздың ашатын тәкбір* 69. (*такбиrat* — *әл-ихрам*)» тарауында түсіндірілгеніндей, екі қолын көтеруі және *Тәкбір* айтуы қажет. Бұл уәжіп болып 70. табылады.

Кейін барлық сүйектер тұрақты 71. кейіпке келетіндей, ал дененің әрбір мүшесі өз тиісті орнын табатындаған етіп рукуғ жасау керек. Бұл намаздың (*руқіні*) болып табылады.

*Рукуғты қалай жасау керектігі жайында:*

Екі қолды екі тізеге нығыз тіреп, 72. саусақтармен тізелерді қысып ұстағандай етіп олардың арасын ашып қою керек. Мұның барлығы міндетті (*үәжін*) болып табылады.

Арқаны тұп-тұзғы, егер үстіне су құйса 73. ол оның үстінде тұратындаған етіп тегіс ұсташа қажет. Бұл міндетті (*үәжін*) болып табылады.

Басты тұсірмеу де, көтермеу де керек. 74.

Ол арқамен бірдей тұруы керек.

Шынтақтарды бүйірлерден екі жаққа 75.

қарай керіп ұсташа керек.

Рукуғ жасаған кезде: 76.

«سُبْحَانَ رَبِّ الْعَظِيمِ»

«Субханә Рабби-лъ-‘Азым, - деп үш, не одан көбірек рет айту керек» (магынасы: «Менің Ұлы Раббым Мұңсыз Пәк!»).<sup>720</sup>

### *Намаз рүкіндерінің ұзақтығы бірдей болуы туралы*

Сұннетке сәйкес намаздың рүкіндерін 77. олардың ұзақтығы бірдей болатында етіп орындау қажет. Сондықтан да рукуғты, рукуғтан кейінгі тік тұруды, сәждені және екі сәжде арасындағы отырысты ұзақтығы бойынша шамамен бірдей етіп орындау қажет.

Рукуғ пен сәжде жасағанда Құраннан 78.  
(бір нәрселер) оқуға болмайды.

---

<sup>720</sup> Намаздың осы тірегін (rukiniн) орындау кезінде айтылатын Аллаhtы еске алатын басқа сөздер де бар. Олардың кейбіреулері ұзын, кейбіреулері орташа, ал кейбіреулері қысқа. Толығырақ «Пайғамбар ﷺ намазының сипаттамасы» кітабының тиісті тарауын қарашыз.

*Рукуғтан бой түзеу:*

Кейін рукуғтан бой түзеу керек. Бұл 79.

намаздың тірегі (*рүкіні*) болып табылады.

Рукуғтан бой түзегенде: 80.

«سَمِعَ اللَّهُ لِمَنْ حَمِدَهُ»

«Сами'а-Ллаһу ли-ман хамидаһ, - деп айту керек (мәғынасы: «Аллаһ Оны мадақтаганды естісін!»). Бұл міндетті (*үәжіп*) болып табылады.

Рукуғтан бой түзегенде жоғарыда 81.

көрсетілген үлгімен екі қолды көтеру керек.

Кейін әрбір сүйек өз орнын 82.  
тапқанғанда дейін түзу және қымылдамастан тұру қажет. Бұл намаздың тірегі (*рүкіні*) болып табылады.

Осы тұрыста: 83.

«رَبَّنَا وَلَكَ الْحَمْدُ»

«Рабба-на, [уа] лә-кә-л-һамд», - деп айту керек («Раббымыз, [және] Саган мақтау-мадақ болсын!»).<sup>721</sup>

Бұл әрбір намаз орындаушы үшін міндетті (*уәжіп*) болып табылады<sup>722</sup>, тіпті ол имамға үйіп намаз орындалғанда да, өйткені бұл сөздер тік тұру кезінде айтылатын Аллаһты еске алу сөздері болып табылады. Ал «Сами'а-Алаһу ли-ман хамидаһу» (*тасми'*) сөздеріне келер болсақ, олар рукуғтан бой түзегендеге айтылатын Аллаһты еске алу сөздері болып табылады.

Жоғарыда ескертілгендей, бұл тұрыс 84. ұзақтығы бойынша шамамен рукуғ жасау уақытымен тең болуға тиіс.

---

<sup>721</sup> Осы кейіпте айтылатын өзге де Аллаһты зікір ету сөздері бар. Толығырақ «Пайғамбар ﷺ намазының сипаттамасы» кітабының тиісті тарауын қараңыз.

<sup>722</sup> Осы тұрыста бір қолды екінші қолдың үстіне кою туралы хадистер болмағандықтан, бұл Шаригатта бұйырылмаған. Бұл мәселенің толығырақ түсіндірмесін алуды қалайтындар «Пайғамбар ﷺ намазының сипаттамасы» кітабының түпнұсқасына (әл-Әсл) жүгіндеріне болады.

## VII. Сәжде

Кейін тәкбір айту керек. Бұл міндетті 85.

(уәжіп) болып табылады.

Кейде (сәжде жасаудан алдын) қолды 86.

көтеру керек.

*Сәждені екі қолға сүйеніп жасау туралы:*

Кейін (жерге) алдымен екі қолды, содан 87.

соң екі тізені қойып, екі қолға сүйеніп сәжде жасау керек. Аллаһтың Елшісі ﷺ осылай істеуді бұйырды. Оның өзі де осылай жасайтын әрі алдымен алдынғы тізелерін қойып шөгетін түйе сияқты сәжде жасауға тыйым салатын.

Намаз орындаушы адам сәжде 88.

жасағанда, - ал бұл намаздың тірегі (*руқіні*) болып табылады, - екі алақанына сүйенуі әрі оларды ашып ұстасуы қажет.

Саусақтарды бір-біріне тығыз ұстап, 89.

Оларды Қыбла жаққа қарату керек. 90.

Екі алақанды иықтың денгейіне қою 91.

керек.

Ал кейде екі алақанды құлақтың 92.

тұсына қою керек.

Білектерді жерден көтеріп ұстаса қажет; 93.

бұл міндетті (уәжіп) болып табылады, әрі оларды ит сияқты (жерге) төсеп ұстасаға болмайды.

Мұрын мен маңдайды жерге тығыз қою 94.

керек. Бұл намаздың тірегі (*руқіні*) болып табылады.

Сондай-ақ екі тізені де жерге тіреу 95.

қажет.

Тура осы екі аяқтың саусақтарына да 96.

қатысты.

Екі табанды тік қою керек. Мұның 97.

барлығы міндетті (*уәжіп*) болып табылады.

Екі аяқ саусақтарының ұштарын Қыбла 98.

жаққа қарату керек.

Табандарды бір-біріне қысып ұстай **100.**  
керек.

*Сәжде жасау кезінде бірқалыптылықты  
сақтау туралы:*

Сәжде жасау кезінде жерге тиетін **101.**  
барлық дене мүшелеріне: маңдай мен мұрынға,  
екі алақанға, екі тізеге және аяқтың  
саусақтарына - бірдей сүйеніп,  
бірқалыптылықты сақтау қажет.

**102.** Сәжденің бірқалыптылығының бір  
бөлігі онда толық тыныштық сақтау болып  
табылады. Сәжде жасау кезінде осындай  
тыныш кейіпте болу да намаздың тірегі (*руқіні*)  
болып табылады.

**103.** Сәжде жасаған кезде:

«سُبْحَانَ رَبِّ الْأَعْلَى»

«Субханә Рабби-л-А'лә», - деп үш немесе одан көбірек рет айту қажет (мағынасы: «Менің аса Жоғары Раббым Пәк!»).<sup>723</sup>

- 104.** Осы кейіпте Аллаһқа жиі-жіі дұға етіп жалбарыну керек, өйткені оларға жауап беріледі деген үлкен ықтималдылық бар.
- 105.** Жоғарыда сөз еткеніміздей, сәждені ұзақтығы бойынша шамамен рукуғ (жасау) уақытымен бірдей ету қажет.
- 106.** Сәждені жердің өзіне де, оны жабатын киім, кілем, төсеніш, т.с.с. нәрселерге де жасауға рұқсат етіледі.
- 107.** Сәжде жасау кезінде Құраннан (әлдебір нәрсе) оқуға болмайды.

---

<sup>723</sup> Сәжде жасау кезінде айтылатын өзге де Аллаһты еске алу сөздері бар. Оларды «Пайғамбар ﷺ намазының сипаттамасы» кітабынан қараңыз.

*Екі сәжденің арасында «ифтираш» пен «иқа'a»  
үлгілерімен отыру туралы:*

- 108.** Кейін тәкбір айтып, басты көтеру керек. Бұл міндетті (*уәжін*) болып табылады.
- 109.** Осы тұста екі қолды кейде көтеру керек.
- 110.** Кейін әрбір сүйек өз орнын таптайынша тыныш отыру керек. Бұл намаздың тірегі (рұқіні) болып табылады.
- 111.** Сол аяқты (астыңызға бұғіп) жерге төсеп, оның үстіне отырып алу керек. Бұл міндетті (*уәжін*) болып табылады.
- 112.** Оң аяқтың (табанын) тік қою керек.
- 113.** Ал оның саусақтарын Қыблаға қарату керек.
- 114.** Кейде екі табанға және олардың саусақтарына сүйеніп, «*иқа'a*» үлгісімен отыруға да болады.
- 115.** Осы отырыста:

«اللَّهُمَّ! اغْفِرْ لِي، وَارْحَمْنِي، وَاجْبُرْنِي، وَارْفَعْنِي، وَارْزُقْنِي». .

«Аллаһұмма, ғфир ли, уа-рхам-ни, уа-жбур-ни, уа-рфа'-ни, уа'афи-ни, уа-рзұ-қни», - деп айту керек (мағынасы: «*Уа, Аллаh, мені кешір және рақым ет, және мазан күш бер, және менің дәрежемді көтер, және мені ғафу ет, және мазан ризық бер!*»).

**116.** Немесе намаз орындаушы қаласа, былай деп айтуына да болады:

«رَبِّ اغْفِرْ لِي، رَبِّ اغْفِرْ لِي»

«Рабби-ғфир ли, Рабби ғфир ли» (мағынасы: «*Раббым, мені кешір! Раббым, мені кешір!*»).

**117.** Бұл отырысты ұзақтығы бойынша шамамен сәждे (жасау) уақытымен бірдей ету керек.

*Екінши сәжде:*

- 118.** Кейін: «*Аллаhу Әкбар*», - деп айту керек; бұл міндетті (уәжіп) болып табылады.
- 119.** Кейде осы *тәкбірді* айтқанда екі қолды көтеру керек.

- 120.** Осыдан соң екінші сәждені жасау керек; ол да намаздың тірегі (*руқіні*) болып табылады.
- 121.** Бұл сәждені тұра біріншісіндей етіп жасау қажет.

*Демалыс үшін отыру (жәлсат ал-истираһа):*

- 122.** Намаз орындаушы адам екінші ракағатты орындау үшін орнынан тұрғысы келіп, екінші сәждеден басын көтергенде *тәкбір* айтуы керек. Бұл міндетті (*уәжін*) болып табылады.
- 123.** Осы орайда ол кейде екі қолын көтеруі керек.
- 124.** Орнынан тұрудан бұрын сол аяқтың үстіне бойды түзеп, барлық сүйектер өз орнына келгенше тік отыру қажет.

*Екінші ракағат:*

- 125.** Кейін қолмен жерге сүйеніп, қамыр илеген адам сияқты екі алақанды жұдырыққа

түйіп, екінші ракағатты орындау үшін орнынан тұру керек. Бұл ракағат намаздың тірегі (*рүкіні*) болып табылады.

126. Бұл ракағат тұра бірінші ракағат сияқты орындалады. Бірақ
127. Екінші ракағатта намазды ашатын дұға (*дұ‘а әл-истифтах*) оқылмайды.
128. Екінші ракағатты бірінші ракағатқа қарағанда қысқалау етіп орындау қажет.

*Тәшавхұд оқу үшін отыру:*

129. Намаз орындаушы адам екінші ракағатты бітірген кезде, *тәшавхұд* оқу үшін отыруы қажет. Бұл міндетті (*үәжіп*) болып табылады.

130. Отырғанда «ифтираш» үлгісімен отыру керек. Бұл (отырыс) туралы «*Екі сәжденің арасында «ифтираш» пен «иқа‘а» үлгілерімен отыру туралы*» тарауында айтылған болатын.

131. Алайда бұл отырыста «иқа‘а» үлгісімен отыруға болмайды.

- 132.** Оң алақанды оң санның үстіне қою керек, әрі осы тұста оң қолдың шынтағын санның үстінен керіп ығыстырмау қажет.
- 133.** Сол алақанды ашық ұстап, сол сан мен тізенің үстіне қою керек.
- 134.** Қолға сүйеніп, әсіресе, сол қолға сүйеніп отыруға болмайды.

Тәшәһүдты айту кезінде (он қолдың сұқ бармағын) қимылдату және көзді соған тігу туралы:

- 135.** Он қолдың барлық саусақтарын жұдышыққа түю керек. Кейде он қолдың бас бармағын ортан бармақтың үстіне қою қажет.
- 136.** Кейде осы екі саусақтан шеңбер жасау керек.

- 137.** Сұқ саусақты Қыблаға қарату қажет.
- 138.** Көзді соған тігу қажет.
- 139.** Тәшәһүдтың ең басынан бастап аяғына дейін он қолдың сұқ бармағын қимылдатып, онымен Аллаһқа жалбарыну керек.

- 140.** Сол қолдың бармағынмен ишара жасауға болмайды.
- 141.** Осы айтылғанның барлығын намаз орындаушы адам әр тәшәһүдта жасауы қажет.

*Тәшәһүдтың түрлері және одан кейін айттылатын дұға туралы:*

- 142.** Тәшәһүд намаздың міндетті бөлігі (*үәжіп*) болып табылады. Егер оны айтуды ұмытып кетсе, онда (*таслим* жасаудан бұрын) ол «ұқыпсыздық істегені үшін жасалатын екі қосымша (*саху*) сәжде (*сажда әс-саху*)» жасау қажет.

**143.** Тәшәһүд іштей оқылады.

- 144.** Тәшәһүдтың айтылу үлгісі төмендегідей:

«الْتَّحَيَّاتُ لِلَّهِ، وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ، السَّلَامُ عَلَيْكَ أَئِمَّةُ النَّبِيُّ! وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكَاتُهُ، السَّلَامُ عَلَيْنَا وَعَلَى عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ، أَشْهُدُ أَنْ لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ، وَأَشْهُدُ أَنَّ مُحَمَّداً عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ». .

«Әт-тахийату ли-Лләhi үә-с-саләуату үә-  
т-тайибату. Әс-саләму ‘алә-н-нәбийи, үә  
рахмату Лләhi үә баракату-hy. Әс-саләму ‘аләй-на  
үә ‘алә ‘ибади-Лләhi-с-салихин. Әшһәду әлла иләһа  
иlla-Лләhy үә әшһәду әннә Мухаммадан ‘абду-hy үә  
расулю-hy»

(Мағынасы: «Сәлемдер, салауаттар және  
(барлық) игі сөздер Аллаһқа тән!  
Пайғамбарға<sup>724</sup> сәлем және Аллаһтың рахметі  
мен берекеті! Аллаһтың сәлемі бізге және  
Оның ізгі салиқалы құлдарына болсын!  
Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай  
жоқ екеніне күәлік беремін және Мұхаммад –  
Оның құллы әрі елисі екеніне күілік  
беремін»).<sup>725</sup>

<sup>724</sup> (Бұл сөздің 3-тараптағы) үлгісі Пайғамбар ﷺ қайтыс болған соң заңды болды. Ол туралы Ибн Мәс'удан, 'Айшадан, Ибн әз-Зубайдан және Ибн 'Аббастан, Аллаһ олардың барлығына разы болсын, жеткізілетін тәшәһүнд үлгілерінде айтылады! Толығырақ менің «Пайғамбар ﷺ намазының сипаттамасы» кітабымды қаранды.

<sup>725</sup> Мен жазған жоғарыда аталған кітапта тәшәһүдтың басқа да сенімді үлгілері келтіріледі, ал оның осында келтірілген үлгісі ең сенімдісі болып табылады.

145. Содан кейін келесідей үлгімен  
Пайғамбар үшін ﷺ салауаттар айтып, Аллаһқа  
жалбарыну керек:

«اللَّهُمَّ! صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ، وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا صَلَيْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ، وَعَلَى  
آلِ إِبْرَاهِيمَ، إِنَّكَ حَمِيدٌ حَمِيدٌ، اللَّهُمَّ! وَبَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ، وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ، كَمَا بَارَكْتَ  
عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ، إِنَّكَ حَمِيدٌ حَمِيدٌ». .

«Аллаһұммә, салли ‘алә Мұхаммадин, уә ‘алә әли Мұхаммадин, кә-ма салләйтә ‘алә Ибраһима, уә ‘алә әли Ибраһима, инна-қә хамидуң мәжид! Аллаһұммә, бәрик ‘алә Мұхаммадин, уә ‘алә әли Мұхаммадин, кә-ма баракта ‘алә Ибраһима, уә ‘алә әли Ибраһима, инна-қә хамидуң мәжид!».

(Мағынасы: «*Уа, Аллаh! Сен Ибраһимге және оның отбасына иғілік еткеніңдей, Мұхаммадқа және оның отбасына да иғілік ет, шың мәнінде, Сен Аса Мақтаулы әрі Данқтысың!* Уа, Аллаh! Сен Ибраһимге және оның отбасына береке бергеніңдей Мұхаммадқа және Мұхаммадтың, отбасына береке бер; шың мәнінде, Сен – Аса Мақтаулы әрі Данқтысың!»).

146. Қалаған адам бұл салауатты келесі қысқартылған нұсқада айтуына болады:

«اللَّهُمَّ! صَلِّ عَلَى مُحَمَّدٍ، وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ، وَبَارِكْ عَلَى مُحَمَّدٍ، وَعَلَى آلِ مُحَمَّدٍ،

كَمَا صَلَيْتَ وَبَارَكْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ، وَآلِ إِبْرَاهِيمَ، إِنَّكَ حَمِيدٌ حَمِيدٌ».

«Аллаһуммә, салли ‘алә Мұхаммадин, уә ‘алә али Мұхаммадин, уә барик ‘алә Мұхаммадин, уә ‘алә али Мұхаммадин, кә-ма салләйтә уә баракта ‘алә Ибраһима, уә али Ибраһима, инна-қа хамидуң мәжид!»

(Мағынасы: «*Уа, Аллаh! Сен Ибраhимге және оның отбасына игілік етіп, береке бергеніңдей, Мұхаммадқа пен оның отбасына да игілік ет және Мұхаммад пен оның отбасына береке бер, шын мәнінде, Сен Аса Мақтаулы әрі Данқтысың!*»)

147. Содан соң намаз орындаушы осы *тәшавүудта* (отырған күйде) сенімді түрде жеткен кез келген дұға арқылы Аллаһқа жалбарынуына болады.

*Үшінші және төртінші ракағаттар:*

- 148.** Кейін *тәкбір* айту керек, өйткені бұл міндетті (*үәжіп*) болып табылады. Сұннетке сәйкес намаз орындаушы *тәкбірді* отырған күйінде айтуы керек.
- 149.** Кейде бұл тәкбірді айтқанда екі қолды көтеру керек.
- 150.** Кейін үшінші ракағатты орындау үшін орыннан тұру қажет. Ол да, одан кейінгі ракағатта намаздың тірегі (*рүкіні*) болып табылады.
- 151.** Намаз орындаушы төртінші ракағатты орындау үшін орнынан тұрған кезде де тураласыны істейді.
- 152.** Алайда орнынан тұрудан бұрын сол аяқтың үстіне отырып, әрбір сүйек өз орнын тапқанша денені тік түзеу керек.
- 153.** Кейін намаз орындаушы адам екінші ракағатты орындау үшін орнынан тұрған үлгімен орнынан екі қолға сүйеніп тұруы қажет.

- 154.** Содан соң үшінші және төртінші ракағаттарда «әл-Фатиха» сүресін оқу керек; бұл міндетті (*үәжіп*) болып табылады.
- 155.** Кейде одан соң бір немесе бірнеше аяттарды оқуға болады.

*Қандай да бір апат (бақытсыздық туындаған) жағдайда оқылатын Құнұт дұғасы және оның оқылу орны:*

- 156.** Сұннетке сәйкес егер мұсылмандардың басына қандай да бір қайғы-қасірет (*нәзилә*<sup>726</sup>) түскенде, құнұт дұғасын оқу және олар үшін Аллаһқа дұға етіп жалбарыну қажет.
- 157.** Қандай да бір апат жағдайында құнұт дұғасын рукуғтан соң және «Рабба-на, үә лә-кә-л-хамд» («Раббымыз, Саган мақтау-мадақ болсын!») деген сөздерден кейін айтуды керек.

<sup>726</sup> «Нәзилә» сөзі «апат», «қасірет», «бақытсыздық» дегенді білдіреді – аудармашының ескертпесі.

- 158.** Бұл дұғаның белгілі бір бекітілген үлгісі жок. Ақиқатында, онда басқа түскен қасіретке байланысты сөздер арқылы жалбарыну қажет.
- 159.** Бұл дұғаны айтқан кезде екі қолды көтеру қажет.
- 160.** Егер намаз орындаушы адам имам болса, онда ол бұл дұғаны дауыстап айтуға тиіс.
- 161.** Имамның артында ұйып тұрушылар бұл дұға айттылатын кезде: «Әмин», - деп айтулары қажет.
- 162.** Намаз орындаушы адам осы дұғаны аяқтаған кезде, тәкбір айтып, сәждे жасауы керек.

*Үтір («әл-Үитр») намазын орындау кезіндегі құнұт дұғасы және оның орны мен айттылу үлгісі:*

- 163.** *Үтір* намазындағы құнұт дұғасына келер болсақ, оны тек кейде жасау қажет.
- 164.** Бұл дұғаны, қандай да бір апатқа (назилд) байланысты оқылатын құнұт

дуғасынан айырықша, руқұғқа дейін жасау қажет.

**165. Аллаһқа келесі дұға арқылы жалбарыну керек:**

«اللَّهُمَّ إِهْدِنِي فِيمَنْ هَدَيْتَ، وَعَافِنِي فِيمَنْ عَافَتَ، وَنَوَّلْنِي فِيمَنْ نَوَّلْتَ، وَبَارِكْ لِي فِيهَا أَعْطَيْتَ، وَقُنْيَ شَرَّ مَا قَضَيْتَ، [فَإِنَّكَ تَقْضِي وَلَا يُقْضَى عَلَيْكَ، وَإِنَّهُ لَا يَنْذُلْ مَنْ وَالْيَتَ، وَلَا يَعْزُزْ مَنْ عَادَيْتَ، تَبَارَكْ كُتْ رَبَّنَا وَتَعَالَيْتَ، لَا مُنْجَا مِنْكَ إِلَّا إِلَيْكَ].»

«Аллаһұмма, һди-ни фи-мән һадәйтә, уә 'афи-ни фи-мән 'афәйтә, уә тауалла-ни фи-мән тауаллайтә, уә бәрик ли фи-мә а'тайтә, уә қы-ни шәрра мә қадайтә, фә-инна-қә тақды үә лә юқда 'аләй-қә үә инна-hy лә йазыллю мән уаләйтә үә лә я'иззу мән 'адәйтә, тәбәрактә, раббә-на, үә та'аләйтә, үә лә мәнжә мин-қә илла иләй-қә»

(Мағынасы: «*Ya, Allah, Θziң, тура жолға салған кісілердің қатарында мені де тура жолға сал. Θziң есендік берген кісілердің қатарында маган да есендік бер. Θziңе жақын тұтқан кісілердің қатарында мені де Θziңе жақын тұт. Берген нәрселеріңді маган берекелі ет. Мені алдың ала шешіп қойған*

*нәрселеріңнен сақтағайсың. Расында, Сен үкім шығарасың, ал Сен туралы үкім шығарылмайды. Ақиқатында, Сен қолдаган пендең қор болмайды, ал Сен Өзіңе жау тұтқан кісі қадірлі болмайды! Уа, Раббымыз, сен Жоғары және Ұлысың! Саған жүгінуден өзге Сенен құтылу жоқ!»).*

**166.** Бұл дұғаны Аллаһтың Елшісі ﷺ (өзінің сахабаларына) үйретті әрі оған Пайғамбарға ﷺ салауат айтудан өзге еш нәрсе қосуға болмайды. Осылай істеуге рұқсат бар, өйткені бұл туралы сахабалардан (Аллаһ оларға разы болсын) сенімді түрде жеткізіледі.

**167.** Кейін жоғарыда айтылған үлгімен рукуғ және екі сәжде жасау қажет.

*Соңғы тәшаһхұд және «тәуаррүк» отырысы туралы:*

**168.** Кейін соңғы тәшаһхұдты оқу үшін отыру керек. Осы екі іс-әрекеттің екеуі де міндетті (уәжіп) болып табылады.

**169.** Бұл тәшәһүдта бірінші тәшәһүдта істелетін нәрселердің барлығын істеу керек.  
Бірақ

**170.** бұл тәшәһүдта «мұтаяаррикан» үлгісімен отыру керек: сол сан жерде болуға тиіс, ал екі табанды бір жақтан (яғни оң жақтан) шығару керек. Осы тұста сол аяқтың табаны сол аяқтың балтырының астында болуы керек.

**171.** Оң аяқтың табанын тік қою қажет.

**172.** Кейде оң табанды (жерге) жайып қоюға рұқсат етіледі.

**173.** Сол алақанмен тізені жауып, содан соң соған сүйену қажет.

*Пайғамбар ﷺ үшін салауат айтудың және төрт нәрседен пана сұрап Аллаһқа жалбарынудың міндетті екендігі туралы :*

**174.** Бұл тәшәһүдта намаз орындаушы адам Аллаһқа Пайғамбар ﷺ үшін салауаттар айтып жалбарынуы қажет. Бірінші

тәшәһүдқа түсіндірме жасаған кездे біз осы дұғаның бір үлгісін атап кеткен болатынбыз.

**175.** Сондай-ақ келесі сөздер арқылы Аллаһқа төрт нәрседен пана тілеп жалбарыну қажет:

«اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابِ جَهَنَّمِ، وَمِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ، وَمِنْ فِتْنَةِ الْمَحْيَا وَالْمَمَاتِ،  
وَمِنْ شَرِّ فِتْنَةِ الْمَسِيحِ الدَّجَّالِ».

«Аллаһумма, инни ә'узу би-кә мин 'азәби жәһаннама, уә мин 'азәби-л-қабри, уә мин фитнәти-л-мәхйә уә-л-мәмәти, уә мин шәрри фитнәти- л-мәсиихи-д-дәжжал»

(Мағынасы: «Уа, Аллаһ, ақиқатында, мен Өзіңе қабір азабынан, Жәһаннам (Тозақ) азабынан, өмір мен өлім бүлігінен және Дәжжал бүлігінен пана тілеп сыйынамын»).<sup>727</sup>

<sup>727</sup> «Өмірдің бүлігі» дегенде адам бүкіл өмір сүруі кезінде кездесетін бұл дүниенің азғыруышылдықтары мен әуестіктері мензелуде; «өлімнің бүлігі» дегенде қабірдегі сынақ және екі періштенің адамға қоятын сұрақтары мензелуде; «Дәжжалдің бүлігі» дегенде ол өзін Құдай деп жариялад жасайтын және оларды көрген кезде адамдардың көбі адасушылышқа салынып, оған ілесіп кететін әрі оның шақыруына иман келтіретін ұлы мұғжизалар мензеледі.

*Сәлем беру сөздерін айтудан бұрын Аллаһқа жалбарынып айтылатын дұғалар:*

**176.** Кейін намаз орындаушы адам Құранда келтірілген, немесе Сұннетте сенімді түрде жеткізілетін дұғаны таңдап, сол арқылы Аллаһқа жалбарынуы қажет. Бұған қатысты көптеген илгі дұғалар бар. Ал егер намаз орындаушы адам бұл дұғаларды білмесе, онда олардың ішінен өзіне қызындық туғызбайтындарын айтып, Аллаһтан өз дініне де, дүние тіршілігіне де пайдалы нәрселерді сұрауы қажет.

*Сәлем беру (таслим) және оның үлгілері:*

**177.** Кейін намаз орындаушы адам (артындағы адамдарға) оның оң бетінің ақтығы көрінетіндей (басын) оңға (бұрып) сәлем беру сөздерін айтуы керек. Сәлем беру намаздың тірегі (*рүкіні*) болып табылады.

**178.** Ал кейін (артындағы адамдарға) оның сол бетінің ақтығы көрінетіндей (басын) солға

(бұрып) сәлем беру сөздерін айтуы керек, тіпті жаназа намазында да (*саләт ал-жаназа*).

**179.** Имам сәлем беру сөздерін айту кезінде дауысын көтеруі қажет, бірақ жаназа намазы бұдан ерекше.

**180.** Сәлем беру сөздерінің түрлі үлгілері бар:

A. Басты оң жаққа бұрып:

«السَّلَامُ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَةُ اللهِ وَبَرَكَاتُهُ»

«Әс-сәламу 'аләйкум уә рахмату-Ллахи уә бәракәту-hy», - деп, сосын басты сол жақа бұрып:

«السَّلَامُ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَةُ اللهِ وَبَرَكَاتُهُ»

«Әс-сәламу 'аләйкум уә рахмату-Ллахи уә бәракәту-hy», - деп айту (мағынасы: («Сендерге Аллаһтың, сәлемі, иғілігі және берекесі болсын»).

Ә. Басты оң жаққа бұрып:

«السَّلَامُ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَةُ اللهِ»

«Әс-сәләму 'алайкүм уә рахмату-Ллаһ», - деп  
айту, сосын басты солға бұрып:

«السَّلَامُ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَةُ اللهِ»

«Әс-сәләму 'алайкүм уә рахмату-Ллаһ», - деп  
айту (мағынасы: «Сендерге Аллаһтың, сәлемі  
мен иғілігі болсын»).

Б. Басты оң жаққа бұрып:

«السَّلَامُ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَةُ اللهِ»

«Әс-сәләму 'алайкүм уә рахмату-Ллаһ», - деп  
айту (мағынасы: «Сендерге Аллаһтың, сәлемі  
мен иғілігі болсын»), және басты сол жаққа  
бұрып:

«السَّلَامُ عَلَيْكُمْ»

«Әс-сәламу 'аләйкум»», - деп айту  
 (мағынасы: «Сендерге Аллаһтың сәлемі болсын»).

В. Басты азғантай ғана иіп және оны аздап қана оң жақа бұрып, сәлем беру сөздерін бір-ақ рет айтуда.

*Менің мұсылман бауырым!*

«Пайғамбар ﷺ намазының сипаттамасы» кітабының мен сізді осы еңбекке жақыннатуға, оны сіз үшін түсініктірек етуге, сіз осы намазды өзініз көріп түрғаныңыздай етіп, оны сіздің қабылдауыңызға женілдетуге тырысып құрастыра алған мазмұндамасы осындей.

Әрі егер сіз намазды Пайғамбардың ﷺ (осы кітапта) түсінідірілген үлгісімен орындасаныз, онда мен Аллаһ Тағала сіздің намазыңызды қабыл етеді деп үміттенемін. Өйткені осылай істей арқылы сіз Пайғамбардың ﷺ «Намазды мен сендердің көздеріңше қалай орындаған болсам, солай орындаңдар!» деген сөздерін тәжірибеге енгізген боласыз.

Сонымен бірге сіз намазда жүректің және мойыншұшылықтың болуына назар бөлуді де ұмытпауыңыз қажет, өйткені бұл намаз орындаушының Аллаһ алдында тұруының ұлы мақсаты болып табылады. Эрі сіз намазды Пайғамбар ﷺ орындағандай етіп орындау кезінде өз жүрегінізде мойыншұшылық пен бағынушылық сезімдерін қаншалықты құштірек дамыта алсаңыз, одан алатын жемістерініз де соншалықты көп болмақ. Ал сол жемістерге біздің Игі және Аса Жоғары Раббымыз мына сөздері арқылы нұсқаған: «Күдіксіз, намаз арсыздық пен жамандықтан тыяды» (әл-Анқабут 29:45).

Сөзімнің соңында мен Аллаһ Тағаладан біздің игі істерімізді қабылдауын және оларды жасағанымыз үшін берілетін сауапты біз Онымен кездесетін Күнге дейін сақтауын сұраймын, ал "Ол Күні мал да, балалар да пайда бермейді. Бірақ кім Аллаһқа таза жүрекпен келсе ғана (пайда береді)" (әш-Шуғара 26:88-89). Әлемдердің Раббысы – Аллаһқа мадақ!



---

## Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі

- I. Қасиетті Құран
- II. Тафсир
  1. *Ибн Касир* (701-774 h.ж.) «Тафсир әл-Кур'ан әл-'Азым».
- III. Суннет
  2. *Мәлік бин Әннас* (93-179 x. жж.) «әл-Мууатта'».
  3. *Ибн әл-Мубарак, Абдуллаһ* (118—181 x. жж.) «әз-Зүһд», қолжазба.
  4. *Мұхаммад бин әл-Хасан әш-Шәйбани* (131-189 x. жж.) «әл-Мууатта'».
  5. *Әт-Тайялиси* (124-204 x. жж.) «әл-Муснад».
  6. *Абд ар-Раззақ бин Һәммам* (126-211 x. жж.) «әл-Әмали», қолжазба.
  7. *Әл-Хұмайди, Абдуллаһ бин әз-Зүбайр* (219 h.ж. қ.б.) «Муснад», қолжазба.
  8. *Ибн Са'д, Мұхаммад* (168-230 x. жж.) «әт-Табақат әл-Кубра».
  9. *Ибн Мә'ин, Йахия* (233 h.ж.қ.б..) «Тарих әр-Рижәл үәл-'Иләл», қолжазба.

10. Ахмад бин Хәнбал (164-241 х. жж.) «Муснад».
11. Ибн Аби Шәйба, Абдуллаһ бин Мухаммад Абу Бәкр (235 h.ж.қ.б.). «Мусаннаф», қолжазба.
12. Эд-Дарими (181-255 х. жж.) «Сунан».
13. Эл-Бүхари (194-256 х. жж.) «әл-Жәми' ас-Сахих» «Фатх әл-Бари» шархымен.
14. Эл-Бүхари (194—256 х. жж.) «әл-Әдаб әл-Мүфрад».
15. Эл-Бүхари (194-256 х. жж.) «Халқ Әғ'әл әл-'Ибад».
16. Эл-Бүхари (194-256 х. жж.) «Әт-Тарих ас-Сагир».
17. Эл-Бүхари (194-256 х. жж.) «Жүз' әл-Қира'a».
18. Абу Дәуд (202-275 х. жж.) «Сунан».
19. Мұслим (204—261 х. жж.) «Сахих».
20. Ибн Мәҗәх (209-273 х. жж.) «Сунан».
21. Әт-Тирмизи (209-279 х. жж.) «Сунан».
22. Әт-Тирмизи (209-279 х. жж.) «Шәма'ил Мұхаммадийя», шейхтар: Али әл-Қари және Абд әр-Ра'үф әл-Мәнаудің шархымен.

23. Әл-Харис бин Аби Усама (176-282 x. жж.) «Муснад – Заяғ’идүх», қолжазба.
24. Абү Исхақ әл-Харби, Ибраһим бин Исхақ (198 – 285 x. жж.) «Ғаріб әл-Хадис» («Хадистердегі қиын сөздер»), қолжазба.
25. Әл-Бәззар, Абү Бәкр Ахмад бин ‘Амр әл-Бәсри (292 h.ж. қ.б.) «Муснад – Заяғ’идүх», фотокоширме.
26. Мұхаммад бин Наср (202-294 x. жж.) «Қийям әл-Ләйл».
27. Ибн Хұзайма (223-311 x. жж.) «Сахих».
28. Ән-Нәса’и (225-303 x. жж.) «Әс-Сұнан әл-Мұжтаба».
29. Ән-Нәса’и (225-303 x. жж.) «Әс-Сұнан әл-Күбра», қолжазба.
30. Әл-Қасим әл-Сарқасти (255 – 302 x. жж.) «Ғаріб әл-Хадис» / «әд-Дала’ил».
31. Ибн әл-Жәруд (307 h.ж. қайтыс болған) «әл-Мұнтақа», қолжазба.
32. Абү Йа’ла әл-Мусили (307 h.ж. қайтыс болған) «Муснад», қолжазба.
33. Әр-Рүйани, Мұхаммад бин Һарун (307 h.ж. қайтыс болды) «Муснад», қолжазба.

34. *Өс-Сираж, Абул-Аббас Мұхаммад бин Исхақ* (216—313 х. жж.) «Мұснад», қолжазба түріндегі бірнеше том («әз-Занирийя» кітапханасында, Дамаск, Сирия).
35. *Абу Ауана* (316 h.ж. қайтыс болды) «Сахих».
36. *Иbn Аbi Дауд Абдуллаh бин Сүлэйман* (230—316 х. жж.) «әл-Масахиф», қолжазба.
37. *Әт-Тахауи* (239-321 х. жж.) «Шарх Ма'ани әл-Асар» («Хадистердің магыналарын түсіндіру»).
38. *Әт-Тахауи* (239—321 х. жж.) «Мүшиқил әл-Асар» («Хадистердегі (түсінуге) қиын сөздер»).
39. *'Уқайли, Мұхаммад бин 'Амр* (322 h.ж. қайтыс болған). «әд-Ду'афа'» («Әлсіз хадис жеткізушилер»), қолжазба.
40. *Иbn Аbi Хатим* (240-327 х. жж.) «әл-Жәрх үәт-Та'диլ» («Хадис жеткізушилерін сенімсіздендіру және растау»).
41. *Иbn Аbi Хатим* (240-327 х. жж.) «И'ләл әл-Хадис».

42. Абү Жа'фар әл-Бұхтүри, Мұхамад бин 'Амр әр-Раззаз (329 h.ж. қайтыс болған) «әл-Амали», қолжазба.
43. Абү Са'ид бин әл-А'раби, Ахмад бин Зийад (246-340 х. жж.) «Му'жам», қолжазба.
44. Ибн әс-Саммак, 'Усман бин Ахмад (344 h.ж. қайтыс болған) «Хадис», қолжазба.
45. Абул-'Аббас әл-Асамм, Мұхаммад бин Йа'куб (247-346 h.ж.) «Хадис», қолжазба.
46. Ибн Хиббан (354 h.ж. қайтыс болған) «Сахих».
47. Әт-Табарани (260-360 х. жж.) «әл-Му'жам әл-Кәбір», қолжазба түріндегі бірнеше томдар («әз-Зәнирийя» кітапханасы, Дамаск, Сирия).
48. Әт-Табарани (260-360 х. жж.) «әл-Му'жам әл-Аусат мин әл-жәм' бәйнәһу уа бәйн-әс-Сагир», қолжазба.
49. Әт-Табарани (260-360 х. жж.) «әл-Му'жам әс-Сагир».
50. Абү Бәкр әл-Әжжүри (360 h.ж. қайтыс болған) «әл-Арба'ин», қолжазба.

51. *Абү Бәкр әл-Әжжүри* (360 h.ж. қайтыс болған). «*Адааб Хамәләт-Қүр'ан*», қолжазба.
52. *Ибн әс-Сунни* (364 h.ж. қайтыс болған). «'Амал әл-Йаум үа-л-Ләйлә».
53. *Абү әш-Шайх Ибн Хайян* (274-369 x. жж.) «*Табақат әл-Исбаханийин*», қолжазба.
54. *Абү әш-Шайх Ибн Хайян* (274-369 x. жж.) «*Ма рауаху Абү әз-Зубайдир 'ан Файр Жәбир*» («*Абү әз-Зубайдің Жәбирден басқалардан жеткізгені*»), қолжазба.
55. *Абү әш-Шайх Ибн Хайян* (274-369 x. жж.) «*Ахләқ ән-Нәби, салла-Ллаһу аләйһи үа салләм*».
56. *Әд-Дәрақутни* (306-385 x. жж.) «*Сұнан*».
57. *Әл-Хаттаби* (317-388 x. жж.) «*Мә'алим әс-Сұнан*».
58. *Әл-Мүхлис* (305-393 x. жж.) «*әл-Фәуа'ид*», қолжазба ( «*әз-Заһирийя*» кітапханасы, Дамаск, Сирия).
59. *Ибн Мәндаһ, Абү 'Абдуллаһ Мұхаммад бин Исхақ* (316—395 x. жж.). «*Әт-Тауҳид үа Мә'риғату Әсма илләһи Та'алә*», қолжазба.

60. Әл-Хаким (320—405 х. жж.) «әл-Мустадрак».

61. Таммам әр-Рази (330 — 414 х. жж.) «әл-Фәуа'ид», қолжазба түріндең екі толық көшірме («әз-Зәнирийя» кітапханасы, Дамаск, Сирия).

62. Әс-Сахми, Хамза бин Йусуф әл-Журжани (427 ھ.ж. қайтыс болған) «Тарих Журжан».

63. Абү Ну'айм әл-Исбани (336—430 х. жж.) «Ахбар Исбан».

64. Ибн Бушран (339—430 х. жж.) «әл-Амали», бұл кітаптың көп бөлігі қолжазба түрінде («әз-Зәнирийя» кітапханасы, Дамаск, Сирия).

65. Әл-Бәйһақи (384—458 х. жж.) «Әс-Сунан әл-Кубра».

66. Әл-Бәйһақи (384—458 х. жж.) «Далә'ил ән-Нұбұгу», қолжазба («Ахмадийя» кітапханасы, Халеб, Сирия).

67. Ибн 'Абд әл-Бәрр (368—463 х. жж.) «Жәми' Бәйан әл-'Илм уа Фәдлиһ».

68. *Ибн Мәндаһ, Абул-Қасым* (381-470 х. жж.) «Әр-Радд ‘алә мән Йүнфи әл-Харф мин әл-Қур’ан», қолжазба («әз-Занирийя» кітапханасы, Дамаск, Сирия).
69. *Әл-Бәджи* (403—477 х. жж.) «Шарх әл-Мууатта'».
70. *Абд әл-Хаққ әл-Ишибили* (510-581 х. жж.) «әл-Әхкам әл-күбра», қолжазба.
71. *Абд әл-Хаққ әл-Ишибили* (510-581 х. жж.) «Таһажжуд», қолжазба.
72. *Ибн әл-Жәузи* (510—597 х. жж.) «Әт-Тахқиқ ‘алә Мәса’ил әт-Та’лиқ», қолжазба.
73. *Абу Ҳафс әл-Му’адиб, ’Амр бин Мұхаммад* (516—607 х. жж.) «әл-Мунтақа мин Әмали Абил-Қасым әс-Самарқанди», қолжазба.
74. *’Абд әл-Ғани бин ’Абд әл-Уахид әл-Мәқдиси* (541—600 х. жж.) «Сунан», қолжазба.
75. *Дийа’ әл-Мәқдиси* (569-643 х. жж.) «әл-Ахадис әл-Мұхтара», бұл еңбектің қолжазба түріндегі бірнеше томдары («әз-Занирийя» кітапханасы, Дамаск, Сирия).

76. *Дийа' әл-Мәқдиси* (569-643 х. жж.) «әл-Мұнтақа мин әл-Ахадис әс-Сихах үәл-Хисан», қолжазба.
77. *Дийа' әл-Мәқдиси* (569-643 х. жж.) «Жүз' фи фәдл әл-Хадис үа Ахлиһ», қолжазба.
78. *Әл-Мұнзирі* (581—656 х. жж.) «Әт-Тарғиб үа әт-Тархиб».
79. *Әз-Зәйла'и* (762 һ.ж. қайтыс болған) «Насб әр-Райа».
80. *Ибн Қәсир* (701-774 х. жж.) «Жәми' әл-Мәсанид», қолжазба.
81. *Ибн әл-Мұләққин, Абу Ҳафс 'Амр бин Абиль-Хасан* (723-804 х. жж.) «Хұласа әл-Бадр әл-Мунир», қолжазба.
82. *Әл-'Ирақи* (725—806 х. жж.) «Тарх әт-Тасриб».
83. *Әл-'Ирақи* (725-806 х. жж.) «Тахриж» («әл-Ғазалидің «Ихъя Улюм әд-Дин» («Иман тұралы ілімдерің қайта тірілүгі») кітабындағы хадистердің дереккөздеріне нұсқау»)
84. *Әл-Хайсами* (735-807 х. жж.) «Мажма' аз-Зая'ид».

85.      *Әл-Хайсами* (735-807 х. жж.)  
 «Мауарид әз-Зам'ан фи Зауа'ид Ибн Хиббан».
86.      *Әл-Хайсами* (735-807 х. жж.) «Зауа'ид әл-Мү'жам әс-Сагир уа-л-Аусат ли Табарани», қолжазба.
87.      *Ибн Хәжар әл-Асқалани* (773-852 х. жж.) «Тахриж Ахадис әл-Хидайя».
88.      *Ибн Хәжар әл-Асқалани* (773-852 х. жж.) «Тәлхис әл-Хабир».
89.      *Ибн Хәжар әл-Асқалани* (773—852 х. жж.) «Фатх әл-Бари».
90.      *Ибн Хәжар әл-Асқалани* (773—852 х. жж.) «әл-Ахадис әл-'Алийат», қолжазба.
91.      *Әс-Сүйүти* (889-911 х. жж.) «әл-Жәми' ал-Кәбир», қолжазба.
92.      'Али әл-Қары (1014 h.ж. қайтыс болған) «әл-Ахадис әл-Мәүдү'a».
93.      *Әл-Мәнауи* (952-1031 х. жж.) «Файд әл-Қадир Шарх әл-Жәми' әс-Сагир».
94.      *Әз-Зүркани* (1055-1122 х. жж.) «Шарх әл-Мауахиб әл-Ләдүнниййа».
95.      *Әш-Шаукани* (1171-1250 х. жж.) «әл-Фәуа'ид әл-Мәжмұ'a фил-Ахадис әл-Мәүдү'a».

96. ‘Абд әл-Хайй Лукнауи (1264-1304 х. жж.) «Әт-Та’лик әл-Мұмажид ‘алә Мүуатта’ Мұхаммад».
97. ‘Абд әл-Хайй Лукнауи (1264-1304 х. жж.) «әл-Асар әл-Мәрғұ‘а фил-Ахбар әл-Мәүдү‘а».
98. Мұхаммад бин Са’ид әл-Халби (өмір сүру кезеңі белгісіз) «Мұсәлсаләт», қолжазба.
99. Әл-Әлбани, Мұхаммад Насыруддин (1332-1420 х. жж.) «Тахриж Сифат Салят ән-Набий», қолжазба, осы кітаптың түпнұсқасы («әл-Асл»).
100. Әл-Әлбани, Мұхаммад Насыруддин (1332-1420 х. жж.) «Ируа’ әл-Ғалил фи Тахриж Ахадис Манар әс-Сабил», 8 том.
101. Әл-Әлбани, Мұхаммад Насыруддин (1332—1420 х. жж.) «Сахих Аби Дауд», толық емес.
102. Әл-Әлбани, Мұхаммад Насыруддин (1332—1420 х. жж.) «‘Абд әл-Хаққ әл Ишбилидің «Әхкам» еңбегіне ескертпелер, толық емес.
103. Әл-Әлбани, Мұхаммад Насыруддин (1332—1420 х. жж.) «Шарх ‘Ақида Тахаяиийә»

еңбегіндегі «Тахриж» («Хадистердің дереккөздеріне нұсқау»).

104. Әл-Әлбани, Мұхаммад Насыруддин (1332—1420 х. жж.) «Силсиләт әл-Ахадис әд-Да'иға», 4 том.

#### **IV. Фиқһ (Ислам құқығы)**

105. Мәлік бин Әнас (93—179 х. жж.) «әл-Мудаууана» (мәлики мазhabының фиқһы).

106. Әш-Шәфи'и, Мұхаммад бин Идрис (150-204 х. жж.) «әл-Умм» (шәфи'и мазhabының фиқһы).

107. Әл-Мәрүази, Исхақ бин Мәнсур (251 ھ.ж. қайтыс болған) «Мәса'ил әл-Имам Ахмад үа Исхақ бин Раһаяйһ», қолжазба.

108. Ибн Һани, Ибраһим ән-Нәйсабури (265 ھ.ж. қайтыс болған) «Мәса'ил әл-Имам Ахмад», қолжазба.

109. Әл-Мұзани (175-264 х. жж.) «Мұхтасар Фиқһ әш-Шәфи'и», «әл-Умм» кітабының нарақ жиектеріне басылған.

110. Абу Әәүд (202-275 х. жж.) «Мәса'ил әл-имам Ахмад» (ханбали мазhabының фиқһы).

111. ‘Абдуллаһ ибн имам Ахмад (203-290 х. жж.). «Мәса’ил әл-имам Ахмад», қолжазба.
112. Ибн Хазм (384-456 х. жж.) «әл-Мухаллә» (зәнири мазhabының фиқһы).
113. Әл-’Иzz бин ’Абд әс-Саләм (578-660 х. жж.) «әл-Фатая», қолжазба.
114. Ән-Нәуаи (631-686 х. жж.) «әл-Мәжму’ Шарх әл-Мүхәззаб» (шәфи‘и мазhabының фиқһы).
115. Ән-Нәуаи (631—686 х. жж.) «Раудат әт-Талибин» (шәфи‘и мазhabының фиқһы).
116. Ибн Таймийя (661—728 х. жж.) «әл-Фатая» (мазhabтарға тәуелсіз).
117. Ибн Таймийя (661-728 х. жж.) «Мин Қаләм ләһү фи-т-Такбир фи-л-’Идайн уа гайруһ», қолжазба.
118. Ибн әл-Кайим (691—751 х. жж.) «И’ләм әл-Мүүаққи’ин» (мазhabтарға тәуелсіз).
119. Әс-Сүбқи (683-756 х. жж.) «әл-Фатая» (шәфи‘и мазhabының фиқһы).
120. Ибн әл-Іұмам (790-869 х. жж.) «Фатх әл-Қадир» (ханафи мазhabының фиқһы).

121. *Ибн 'Абд ал-Хади, Йусуф* (840-909 х. жж.) «*Иришад эс-Салик*» (ханбали мазhabының фикѣы), қолжазба.
122. *Ибн 'Абд ал-Хади, Йусуф* (840-909 х. жж.) «*әл-Фурӯ'*» (ханбали мазhabының фикѣы).
123. *Әс-Сүйүти* (809—911 х. жж.) «*әл-Хауи лил-Фәттауи*» (шәфи‘и мазhabының фикѣы).
124. *Ибн Нужайм* әл-Мисри (970 h.ж. қайтыс болған) «*әл-Бахр әр-Ра'иқ*» (ханафи мазhabының фикѣы).
125. *Әши-Шә'рани* (898-973 х. жж.) «*әл-Мизан*» (төрт мазhabтың фикѣына сәйкес).
126. *Әл-Хайтами* (909-973 х. жж.) «*Әд-Дарр әл-Мандуд* фи-с-Саләт үәс-Саләм 'алә Сахиб ал-Мақам әл-Махмұд», қолжазба.
127. *Әл-Хайтами* (909—973 х. жж.) «*Асма әл-Маталиб*», қолжазба.
128. *Уалиуллаһ әд-Дәхлауи* (1110-1176 х. жж.) «*Хүжжат-үллаһ әл-Балиға*» (қандай да бір мазhabқа тәуелді емес).
129. *Ибн 'Абидин* (1151-1203 х. жж.) ««*Әд-Дарр әл-Мұхтар*» (ханафи мазhabының фикѣы) еңбегіне ескертпелер».

130. *Ибн 'Абидин* (1151-1203 x. жж.) ««әл-Бахр ар-Ра'иқ» (ханафи мазhabының фикһы) еңбегіне ескертпелер».

131. *Ибн 'Абидин* (1151-1203 x. жж.). «Расм әл-Мүфти» (ханафи мазhabының фикһы).

132. 'Абд әл-Хайй әл-Лукнауи (1264-1304 x. жж.). «Имам әл-Калам фирмә йата'алләк би-л-Қира'a Хәлф әл-имам» (қандай да бір мазhabқа тауелди емес).

133. 'Абд әл-Хайй әл-Лукнауи (1264-1304 x. жж.). «Ән-Нәфи' әл-Кәбир лимән йұтали' әл-Жәми' әс-Сагир» (қандай да бір мазhabқа тауелди емес).

#### V. Сира (Мұхаммад Пайғамбардың өмірбаяны)

134. *Ибн Аби Хатим, 'Абдуррахман* (240—327 x. жж.) «Тақаддама әл-Мә'рифа ли Китаб әл-Жәрх үәт-Та'дил».

135. *Ибн Хиббан* (354 h.ж. қайтыс болған) «Әс-Сикат» («Хадистердің сенімді жеткізушилери»), қолжазба.

136. *Ибн 'Адий* (277—365 x. жж.) «әл-Кәмил», қолжазба.

137. *Абү Ну'айм* (336—430 х. жж.)  
 «Хиляйт әл-Әүлийа'».

138. *Әл-Хатиб әл-Багдади* (392—463 х. жж.)  
 «Тарих Багдад».

139. *Ибн 'Абд әл-Бәрр* (368—463 х. жж.) «әл-Интиқа' фи Фәда'ил әл-Фүқаһа'», қолжазба.

140. *Ибн 'Асакир* (499-571 х. жж.) «Тарих Димашқ», қолжазба.

141. *Ибн әл-Жәүзи* (508—597 х. жж.) «Манақиб әл-Имам Ахмад».

142. *Ибн әл-Қайим* (691-751 х. жж.) «Зaad әл-Ма'ад».

143. *'Абд әл-Қадир әл-Кураши* (696—775 х. жж.) «әл-Жәүһир әл-Мәдиййа».

144. *Ибн Ражаб әл-Ханбали* (736-795 х. жж.)  
 «Зайл әт-Табақат».

145. *'Абд әл-Хайй әл-Лукнауи* (1264—1304 х. жж.) «әл-Фәуа'ид әл-Бахиййа фи Таражүм әл-Ханафийя».

## VI. Араб тілі

146. *Ибн әл-Асир* (544-606 х. жж.) «Ән-Нұхайя фи Ғариб әл-Хадис үәл-Әсар».

147. *Ибн Мәнзур әл-Африқи* (630-711 х. жж.) «Лисан әл-‘Араб».
148. *Фәйруз Абади* (729-817 х. жж.) «әл-Камус әл-Мухит».

## VII. Усул әл-Фикһ (Фикһ (құқық) негіздері)

149. *Ибн Хазм* (384-456 х. жж.) «әл-Ихкам фи Усул әл-Әхкам».
150. *Әс-Субқи* (683-756 х. жж.) «Мә’на Қаул әш-Шәфи’и әл-Мұтаблиби «иза сахх әл-хадис ға-һүя мазһаби» («Әш-Шәфи’идің: «Егер хадис сахих болса, онда ол менің мазһабым» сөздері») «Мәжму’ ар-Расаи’лден» («Еңбектерінің жинағынан»).
151. *Ибн әл-Қайим* (691-756 х. жж.) «Бада’и’ әл-Фаяа’ид».
152. *Үәлиуллаh әд-Дәхлауи* (1110-1176 х. жж.) «‘Иқд әл-жәйид фи Әхкам әл-Ижтиһад уат-Тақлид».
153. *Әл-Фұләни* (1166-1218 х. жж.) «Иқаз әл-Һимам».
154. *Әз-Зүрқа, шейх Мұстафа* (шейх әл-Әлбанидің замандасы) «әл-Мадхәл илә ‘Илм Усул әл-Фиқh».

### VIII. Әзкар (Зікір кітаптары)

155. Исмаил әл-Қади әл-Мәқдиси (әл-Жәһуами – ред.) (199–282 х. жж.) «Фәдл әс-Саләт ‘алә Нәбий, салла-Ллаһу аләйһи уа сәлләм» (бұл кітаптағы хадистер шейх әл-Әлбани тараптынан сенімділікке тексерілген).

156. Ибн әл-Қайим (691-751 х. жж.) «Жәла’ әл-Ифхам фи-с-Салят ‘аля Хайр әл-Әнам».

157. Сыддиқ Ҳасан Хан (1248-1307 х. жж.) «Нұзул әл-Абрар».

### IX. Тұрлі кітаптар

106. Ибн Батта, ‘Абдуллаһ бин Мұхаммад (304–387 х. жж.) «әл-Ибана ‘ан Шари‘а әл-Фирқа ән-Нәжийя», қолжазба.

107. Абу ‘Амр әд-Дани, ‘Усман бин Са’ид (371-444 х. жж.) «әл-Мұхтафа фи Мә’риға әл-Үакғ ат-Тамм», қолжазба.

108. Әл-Хатиб әл-Бағдади (392–463 х. жж.) «әл-Ихтижәж би әш-Шәфи‘и ғима үснида иләйһи», қолжазба.

109. Әл-Харауи, ‘Абдуллаһ бин Мұхаммад әл-Ансари (396–481 х. жж.) «Замм әл-Калам уә Әһлиһи», қолжазба.

110. *Ибн әл-Қайим* (691—751 х. жж.)  
«Шиға’ әл-‘Алил ғи Мәса’ил әл-Қада’ уа-л-Қадр  
үәт-Та’лил».
111. *Фәйруз Абади* (729—817 х. жж.) «Әр-  
Радд ‘алә әл-Му’тариғ ‘алә Ибн ‘Араби», қолжазба.

**Шейх әл-Әлбанидің (Аллаһ оны рақым  
етсін) кітабының соңы**

## Глоссарий

**Азан** — намазға шақыру, ол мына сөздерден тұрады:

1. “Аллаһ Ұлы /Аллаһу әкбар/” сөздерін төрт рет айту.
  2. “Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екендігіне күәлік етемін /Әшһаду алла үләһә иллә-Ллах/” сөздерін екі рет айту.
  3. “Мұхаммад - Аллаһтың Елшісі екеніне күәлік беремін /Әшһаду әннә Мұхаммадан расулю-Ллах/” сөздерін екі рет айту.
  4. “Намазға асығындар! /Хайя ‘алә-с-саләт!/” сөздерін екі рет айту.
  5. “Құтылуға асығындар! /Хайя ‘алә-л-фаләх!/” сөздерін екі рет айту.
  6. “Аллаһ Ұлы / Аллаһу әкбар /” сөздерін екі рет айту.
  7. “Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ /Лә үләһә иллә-Ллах/” сөздерін айту.
- Бұдан тыс таң намазынан бұрын “Құтылуға асығындар!” сөздерінен соң “Намаз үйқыдан қайырлы! /Әс-саләтту хайрун мин ән-наұм!/” сөздері екі рет айтылады.

**‘Ақида** (көпше түрі – ‘ақаид) – иман туралы ілім; сенімнің бұлжымас қафидалары.

**Ансар** – («насир» – “көмекші” сөзінің көпше түрі; қазақ тілінде тек көпше түрде «ансарлар» деп қолданылады) – аус және хазраж руларынан болған және Мухаммад Пайғамбарды ﷺ (Пайғамбар ретінде мойындалап – аудармашыдан (қз)) өздерінің діндегі ұстазы ретінде қабылдап, әрі оған және оның меккелік сахабаларына өз қаласында пана беріп, материалдық қолдау көрсеткен Йасрибтің (Мәдинаның) тұрғындары (Аллаһ оларға разы болсын – (аудармашыдан (қз)).

**Аср** – парыз екінті намазы оқылатын түстен кейінгі уақыт. Бұл намаздың уақыты бесін намазының уақыты аяқталған кезден, яғни заттың көлеңкесінің ұзындығы (қалдық көлеңкені санамағанда) заттың өзінің ұзындығына тең болғаннан бастап күн батқанға дейін жалғасады. Алайда бұл намазды заттың көлеңкесі оның өзінен екі есе ұзын болғанға дейін орындау аса маңызды болып табылады.

**Аят** — белгі, тажайып; Құраннан бөлініп алынатын оның ең аз үзіндісі.

**Әл-Әсма' әл-Хусна** — Аллаһтың Ең Көркем Есімдері, Аллаһқа олар арқылы жалбарыну қажет.

**Әмин** — бұл сөз «Ya, Аллаh, біздің дұғаларымызға жауап бер!» дегенді білдіреді.

**Әхлақ** — мінез-құлықтар, адамгершілік сипаттар.

**Әхкам** — діни бүйрықтар. Шариғи бүйрықтар бес түрге бөлінеді: а) *үәжіп* немесе *парыз*, яғни міндетті; ә) *мұстахабб*, яғни қосымша, құпталатын бірақ міндетті емес; б) *мубах* немесе *хәлал*, яғни рұқсат етілген; в) *мәкрух*, яғни құпталмайтын, бірақ тыйым салынбағандар; ғ) *харам*, яғни тыйым салынғандар.

**Әhl әл-бәйт** — Мухаммад Пайғамбардың отбасы мен әulet мүшелері.

**Әhl әз-зиммә** — мұсылман жерлерінде өмір сүретін және мұсылмандардың

қорғауындағы яһудилер, христиандар және сабийлер.

**Әhl әл-Китаб** — Кітап иелері: яһудилер, христиандар және сабийлер.

**Әhl әс-Сунна уәл-жәма'а** — Сұннет пен келісімнің жақтаушылары; сунниттер.

**Әл-Әхира** – Мәңгілік әлемі, Ақырет.

**Әл-әшхур әл-мухаррама** — қасиетті немесе харам айлар. Ай қүнтізбесінің он бірінші - зул-қа'да, он екінші - зул-хижжа, бірінші - мухаррам және жетінші - ражәб айлары осылай деп аталады.

**Бәқи'** – Мұхаммад Пайғамбардың ﷺ көптеген сахабалары жерленген Мәдинадағы зират.

**Бәдр** – Мәдинадан оңтүстік-батысқа қарай 150 шақырым қашықтықта орналасқан құдықтардың атауы. 624 жылдың 15 наурызында осы жерде Пайғамбар ﷺ басқарған әскер меккелік көпқұдайшылардың үстінен алғашқы ірі женіске қол жеткізді. Бұл шайқасқа

қатысқан сахабалар ерекше сый-құрметке ие, ал Пайғамбар ﷺ олардың барлық күнәлары кешірілгендейдігін айтқан.

**Байт әл-Мақдис** – Иерусалимдағы қасиетті мешіт, Исламның үшінші қасиетті мекені, онда намаз орындау үшін арнайы сапарға шығуға рұқсат етіледі. Олардың алғашқы екеуі – Меккедегі Қорықты Мешіт және Мәдинадағы Мухаммад Пайғамбардың Мешіті.

**Бид'а** – бидғат, дінге енгізілген жаңалық. Діни бұйрықтарға қатысты кез келген жаңалық бидғат болып табылады және Аллаһ Тағала тарапынан кері қайтарылады. Жақсы бидғат ((«бид'а хасана»)) деген мұлде жоқ, өйткені Аллаһ түсірген шариғат кемел және қосымшаларға немесе өзгертулерге мұқтаж емес.

**Файб** – адамдарға жасырын және жалғыз Аллаһқа ғана мәлім болған барлық нәрселер.

**Ғұсл** – ғұсыл, мұмін адам үлкен ластанудан (жүніп болғаннан) соң, сондай-ақ басқа да тиісті жағдайларда орындауға тиісті толық жуыну.

**Жәлсат әл-Истираха** – намаз орындаушы адам екінші ракағаттағы екінші сәждеден кейін келесі ракағатқа тұрудан бұрын отырған күйінде өткізетін үзіліс.

**Жәнаба** – үлкен ластану. Намаз тек рәсімдік тазалық күйінде орындалса ғана жарамды болып саналады. Сол рәсімдік тазалықтан кейбір іс-амалдардың нәтижесінде айырылуды үлкен ластану деп атайды. Ластану үлкен /жәнәбә/ және кіші /хадас/ болып екіге бөлінеді, үлкен ластану ғұсыл алуды (толық жуынуды), ал кіші ластану дәретті жаңартуды талап етеді. Толық жуыну жыныстық қатынастан, етеккір келу аяқталғаннан кейін және мұсылман құқық жүйесінің (фіқһ) тиісті бөлімінде жан-жақты қарастырылатын басқа да бірқатар жағдайларда орындалады.

**Жәннат** - Пейіш.

## Жәһаннам — Тозақ.

**Жәһилиет** — Исламға дейінгі дәуір, көпқұдайшылық кезеңі.

**Жындар** — ақыл-санага ие жаратылыстардың үш санатының біреуі, оларды Аллаh Тағала оттан жаратқан (қалған екі санатқа адамдар мен періштерелер кіреді).

**Жиһад** — Аллаh сүйетін нәрселерге қол жеткізу үшін және Ол мақұлдамайтын нәрселерге тойтарыс жасау үшін күшмүмкіндіктерді салу. Өйткені жиһадтың мәні Аллаh Тағала жақсы көретін иманнан және игі амалдардан болған нәрселерге қол жеткізуге үмтүлу, сондай-ақ күпірлік, бұзықтық және мойынсұнбаушылық секілді Аллаh Тағала жек көретін нәрселерді тойтару үшін күш-жігер жұмсау болып табылады.

Сонымен жиһад - шариғат тұрғысынан Аллаh Тағала сүйетін және мақұлдайтын амалдарды, сөздерді және сенімдерді іске асырудың, сондай-ақ Пәк Аллаh сөгетін және

жек көретін амалдарды, сөздерді және сенімдерді тойтарудың жолдары мен тәсілдерінің жалпы түсінігі болып табылады. Бұдан тар мағынада бұл сөз Аллаһтың жолындағы қасиетті соғысты атау үшін қолданылады. Ал ол, өз кезегінде, жоғарыда берілген анықтама тараапынан толық қамтылады.

Жиһад шариғатта бекітілген ғибадат болғандықтан, оны әркім өзі, немесе белгілі бір топ өздері қалаған мұдделері үшін, кез-келген ереже-тәсілдермен емес, Аллаһтың Сөзі үстем болу үшін, шариғатта бекітілген шарттарға және әдіс-тәсілдерге қатаң сәйкестікпен орындау қажет. Ал бүгінгі күні жиһадтың атымен жасалып жатқан бейбіт тұргындарды өлтіру, жарылыстар, мұсылмандарды және келсімшарттағы мұсылман еместерді зорлап кепілдікке алу сияқты қарақшылық –ланкестік іс-әрекеттердің Аллаһтың бұйырған Оның жолындағы қасиетті қуреске және Оның Елшісінің  жолына ешқандай қатысы жоқ.

Ислам мұндайдан аулақ пәк дін.

**Жуму'а** — жұма. Бұл күні мұсылмандар үлкен мешіттерде орындалатын парыз жұма намазына жиналады, ал оның алдында хатыб (құтпашы) жұма құтпасын (уағыз-насихатын) оқиды.

**Дұға** — Аллаһқа тілек тілеп жалбарыну.

**Дұха** — сәске, күн көкжиектен найзаның биіктігіндегі биіктікке көтерілген кезден басталатын және тұске дейін жалғасатын міндетті емес, нәпіл дұха намазы орындалатын уақыт.

**Зикр** (көпше түрі - *azkar*) — зікір, «еске (тілге) алу», Сұннет тарапынан бекітілген, соның ішінде намаз да бар, іс-әрекеттерді орындау кезінде Аллахты еске (тілге) алу үшін және Оған әртүрлі дұғалар арқылы жалбарыну үшін қолданылатын сөздер.

**Зуһр** — тұскі уақыт. Күн тас төбеден ауғаннан соң парыз бесін намазының уақыты кіреді, әрі ол заттың өз көлеңкесі (қалдық

көлеңкесін санамағанда) заттың өзінің бойына (ұзындығына) тең болғанға дейін жалғасады.

**‘Ибада** — ғибадат, құлшылық. Аллаһ Тағалаға ұнайтын және Ол разы болатын барлық айқын және жасырын сөздер мен амалдар. Ғибадат-құлшылыққа: намаз, ораза, құрбан шалу, дүға, нәзір және т.с.с. жатады. Ғибадат қабыл болуының екі шарты бар: ол ықыласты, яғни Аллаһ үшін және дұрыс, яғни Сұннетке (Пайғамбардың ﷺ өнегесіне) қатаң сәйкес түрде орындалуы қажет. Осы екі шарттың кез-келгені орындалмаса, ғибадат қабыл болмайды.

**‘Ид әл-Адха** — зұл-хижжа айының оныншы күні аталатын Құрбан айт мерекесі. Одан кейінгі үш күн де (ташриқ күндері) мерекелі күндер болып саналады.

**‘Ид әл-Фитр** — рамазан айынан кейін кіретін шағууәл айының бірінші күнінде аталатын Ораза айт мерекесі.

**Ижма'** — үмметтің немесе мұсылман ғалымдарының бірауызды келіскең шешімі (пікірі).

**Ижтиһад** — Құран мен Сұннетте тікелей нұсқау болмаған діни-құқықтық мәселелерді дербес түрде шешуге құқығы бар діннің беделді білгірінің ізденісі, зерттеуі. Ижтиһадпен тек араб тілін жетік білетін, Құранды және оның тәпсірлерін толық жатқа біletіn, Сұннетті және оның түсіндірмелерін жақсы біletіn және басқа да біr қатар ғылымдарды жақсы біletіn адамғана айналыса алады.

**Иқама** — намаздың басталуын хабарлау. Иқаманы муазин (азаншы) намаз басталар кезде жиналған адамдардың арасында тұрып оқиды. Айттылу үлгісі бойынша иқама азанға үқсайды, бірақ одан екі есе қысқа, өйткені азанда төрт рет айттылатын барлық сөздер иқамада екі рет, ал екі рет айттылатын сөздер иқамада біr ретten айттылады. Иқаманың азаннан тағы біr айырмашылығы иқамада «Құтылуға асығыңдар!» деген сөздерден соң екі

рет: «Намаз басталды /Қад қамат ас-саләт/», -  
деп айтылатыныңда.

### **Имам –**

- а) Жамағаттың намазын басқаратын адам;
- б) Өнегесін алуға (артынан ілесуге) лайықты жетекші;
- в) Ірі мұсылман діндар ғалымы.

**Иман** – сенім. Мұсылмандың сенімі Аллаһқа, періштелерге, Қасиетті Кітаптарға, пайғамбарларға, Қиямет күніне және тағдырға оның жақсылық жамандығымен иман келтіруге негізделеді. Имандың құрамдас бөліктері – мығым сенім, иғі сөздер және иғі амалдар. Ол күшнейеді (көбейеді) және әлсірейді (азаяды).

**Ислам – Аллаһқа мойынсұну.**

**Иснад** – хадис жеткізушілерінің әрбірінің атап айттылуы немесе тізбегі.

**Исти'аза** – Аллаһқа шайтаннан пана тілеп сыйыну сөздері.

**Истисқа** — жамағатпен орындалатын, екі ракағаттан тұратын, құрғақшылық кезінде Аллаһтан жаңбыр тіленетін намаз.

**Истихара** — екі ракағаттан тұратын, онда намаз орындаушы Аллаһ Тағаладан оған белгілі бір мәселе бойынша дұрыс шешім қабылдауға көмек беруін сұрайтын намаз.

**Истихсан** — діни үкімді ішкі дауысқа (интуиция) сүйеніп шығару. Мұндай тәжірибелі Абу Ханифа және оның ілесушілері рұқсат ететін, бірақ мұсылман ғалымдарының басым көпишлігі оны қайтаратын.

**Ифтираш** — намаз орындаушы сол аяғын астына бұғіп алдып, оны жерге төсеген күйде үстіне отыратын, ал оның оң аяғының табаны жерге тіреліп қадалып тұрып, башпайлары Қыбла тарапқа қарай бағытталатын күйдегі отырыс.

**Ихрам** — намаз орындаушыға және қажылық жасаушыға басқа кездерде рұқсат етілетін кейбір іс-әрекеттерді істеуге тыйым

салынатын рәсімдік күй (жағдай). Намаз орындаушы мұндай жағдайға намаздың басында айтылатын «Такбират ал-Ихрам» деп аталатын «Аллаһу әкбар!» деген сөздерді айтуымен енеді. Қажылық жасаушы кісі ихрамға арнайы рәсімдік киім киіп, дауыстап тәлбийя (қажылық жасауға ниет ету) сөздерін айтумен кіреді, өйткені, туралы сенімді хадистерде айтылатыныңдай, бұл сөздерді Пайғамбардың өзі  дауыстап айтқан. Қажылық жасаушының рәсімдік киімі (ихрам) (дene pішіmі бойынша) тігісі жоқ екі матадан тұрады: белінен төмен бөлігін орайтын изардан және денесінің жоғарғы бөлігіне жабатын ридадан.

**Ихсан** — мұмін адам Аллаһ Тағалаға Оны көріп тұрғандай, ал егер ол осыны істей алмасада, Аллаһ оны көріп тұрғанын біліп жасалатын құлшылық-ғибадат.

**Иша** — құптан намазы орындалатын кешкі мезгіл. Оның уақыты күн батқаннан соң орташа есеппен бір жарым сағаттан соң басталады да,

түннің ортасына дейін жалғасады. Түннің ортасын анықтау үшін алдымен түннің ұзақтығын есептеу қажет, ал ол күн батқаннан таң атқанға дейін жалғасады. Осы уақыттың жартысы өткен соң парыз құптан намазына бөлінген уақыт аяқталады.

**Ка'ба (Қағба)** — Исламның басты қасиетті орны, Аллаh Тағалаға құлшылық ету үшін тұрғызылған жер бетіндегі ең алғашқы ғибадатхана. Барлық мұсылмандар намаз орындау кезінде оған жүздерін қаратады, әрі жыл сайын миллиондаған мұсылмандар осы қасиетті орынға қажылық жасау үшін және оны айналып тауап (тәу) ету үшін Меккеге жиналады.

**Кәффара** — жасалған күнә үшін өтеу. Мысалы, антты бұзған адам өтем ретінде он кедейді тамақтандыруға тиіс.

**Қыблa** — Мекке қаласындағы Қасиетті аумақта орналасқан Қағбаның бағыты, оған барлық мұсылмандар намазда және басқа да құлшылық рәсімдерін орындауда бет бүрады.

**Қийям** — намаздағы тік тұру күйі.

**Қийям әл-Ләйл** — құптан намазынан кейін таң атқанға дейінгі уақыт аралығында орындалатын нәпіл намаз. Әдетте бұл намаз *Tahajjud*, ал рамазан айында *Tarawih* деп аталады.

**Қийас** — мұсылман діндар ғалымы тарапынан шығарылатын Мухаммад Пайғамбардың ﷺ шешімдеріне үқастық бойынша үкім (тұжырым) шығару. Үқас жағдайлардың арасында қиясты (үқастық бойынша салыстыру) тек нақты жағдайлар Қасиетті Құран мен Аллаһтың Елшісінің ﷺ Саф Сұннетінде қаралмаған және беделді мұсылман ғалымдары қаралып жатқан мәселе бойынша бірауызды пікірі болмаған жағдайларда ғана жасауға рұқсат етіледі.

**Құнұт** — намаз кезінде, дәл айтқанда соңғы ракағат кезінде, рукуғқа дейін немесе одан кейін Аллаһқа дұға етіп жалбарыну.

**Лә иләһә иллә-Ллаһ** — «Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деген мағынаны білдіретін бірқұдайшылық қуәлігі. Құдай — құлшылықты-тибадаттың және құдай ретінде дәріптеудің объектісі. Мұсылмандар Аллаһ Тағаладан басқа ешкімге құлшылық етпейді, өйткені тек Ол ғана құдайлық амалдарды жаратып жасайды және тек шынайы құдайға тән кемел (мінсіз) сипаттарға ие. Мұсылмандар пұттарға, жұлдыздарға, әулиелерге, пайғамбарларға немесе періштелерге құлшылық етуді теріске шығарады, өйткені олардың барлығы жаратылыстар болып табылады және олар Аса Құдіретті әрі еш нәрсеге мұқтаж емес Жаратушсына мұқтаж.

Алайда бұл қуәлікке иман келтіру және мұсылман болу үшін, адам бірқұдайшылық қуәлігі оған оларсыз пайда бермейтін сегіз шартты орындауға міндетті. Олар:

а) Бұл қуәліктің мағынасын білмеумен сыйыспайтын білім;

- ә) Бұл куәліктің ақиқат екендігіне күмәнданумен сыйыспайтын мығым сенім;
- б) Бұл куәлікті айтудан бас тартумен сыйыспайтын оны жүрекпен және тілмен қабылдау;
- в) Аллаһқа және Мухаммад Пайғамбарға ﷺ қарсы келумен сыйыспайтын бұл куәліктің барлық талаптарына бағынушылық;
- г) Бұл куәлікті айтуда өтірікпен сәйкес келмейтін шын ықылас;
- ғ) Бірқұдайшылықты жақтырмаумен және жек көрумен сәйкес келмейтін осы куәлікке деген махабbat;
- д) Аллаһтан өзге барлық нәрсеге құлшылық етуден бас тарту.

**Мазhab** — «доктрина», «мектеп»; мұсылман құқығы (фіqh) саласындағы, белгілі бір мазhabтың негізін салушының, оның оқушыларының және осы мазhabты ұстанатын ғалымдардың барлық зерптеулеріне негізделген діни ілім. Сондай-ақ беделді бір

ғалымның қандай да бір мәселе бойынша  
ұстанымы.

**Әл-Мәсжид әл-Харам** — Меккедегі ішінде Қағба орналасқан Қасиетті Мешіт. Кейбір сенімді хадистерге сәйкес онда орындалған намаз үшін берілетін сауап басқа мешіттерде орындалатын жүз мың намазға берілетін сауапқа тең.

**Әл-Мәсжид ән-Нәбауи** — Мәдинадағы Мухаммад Пайғамбардың мешіті, оның құрылышы Аллаһтың Елшісі Меккeden Мәдинаға көшіп барған бойдан басталған. Онда орындалған намаз үшін берілетін сауап Меккедегі Қорықты Мешіттен және Иерусалимдегі әл-Ақса Мешітінен өзге мешіттерде оқылған мың намаздың сауабындей.

**Әл-Мәсжид әл-Ақса** — Меккедегі Қорықты Мешіт құрылғаннан кейін қырық жыл өткеннен соң Иерусалимде Исхақ пайғамбар және оның ұлы Яқуб (Исраил – аудармашыдан (қз.)) пайғамбар құрган қасиетті мешіт. Бұл мешіт

онда намаз оқу үшін арнайы сапар шегіп баруға рұқсат етілген Исламның үшінші қасиетті орны болып табылады. Онда орындалған намаз үшін сауап, Меккедегі Қорықты Мешіттен және Мәдинадағы Пайғамбардың Мешітінен бөлек, басқа мешіттерде орындалған екі жұз елу намаздың сауабына тең<sup>728</sup>.

728 Аудармашының ескертпесі: Абу Зарр (Аллаһ отан разы болсын) былай деп айтқанды

жеткізіледі: «Пайғамбардың  жанында біз қайсы мешіттің: (Мәдинадағы) Аллахтың Елшісінің мешітінің бе, әлде «Бейт ал-Макдис» Иерусалимдегі «әл-Ақса» мешітінің бе - артықшылығы көбірек екендігін талқылаган болатынбыз. Аллахтың Елшісі  былай деді: «Мениң мешітімдегі орындалған бір намаз сол (мешіттегі) орындалған төрт намаздан жақсырақ, дегенмен ол да намаз орындау үшін жақсы орын болып табылады» (бұл хадистті әл-Хаким (4/509) жеткізген және оны сенімді деген. Әз-Зәhabи және әл-Өлбани онымен келіскең, бұған «Силсилат әс-Сахихада» (2902) нұсқалғандаі). Басқа бір сенімді хадисте: «Пайғамбардың Мешітіндегі (Мәдинадағы «әл-Мәсжид ән-Нәбауи») орындалатын бір намаз (Меккедегі «Мәсжид әл-Харам» мешітінен басқа) кез келген мешіттерде орындалған мың намазга», - тең деп келтіріледі. Сондыктан да, жоғарыда келтірілген хадистен келіп шығатыныңдай, әл-Ақса мешітіндегі бір намаз, басқа мешіттерде орындалған 250 намазға тең. Ал «әл-Ақса мешітіндегі бір намаз басқа мешітте орындалған 500 намазға тең» деп хабарланатын кең таралған хадиске келер

**Мәкрух** — құпталмайтын, дін түрғысынан мақұлданбайтын, бірақ оны істегені үшін мұсылман адам жазаға тартылмайтын нәрсе.

**Мәса'ил** (жеке түрде *mas'ałə*) — «сұралып түрған нәрсе»; мұсылман фиқындағы қандай да бір жеке мәселе.

**Мәтін** — хадистің ақпараттық бөлігі.

**Муаззин** (*muazzin*) — азаншы, намаздың уақыты кіргенде азан айтып, адамдарды намазға шақыру міндеті жүктелген адам.

**Мұжтаһид** — дербес тұжырымдар (үкімдер) шығаруға құқығы бар және басқа ғалымдардың тұжырымдарына емес, тек Құран аяттары мен Мухаммад Пайғамбардың ғадиестеріне сүйенуі міндетті болған мұсылман ғалымы.

**Мусаллә** — намаз орны.

---

болсақ, ол әлсіз (ла'иф) болып табылады. Кз.: шейх әл-Әлбани «Тәммам әл-Миннаһ».

**Муфассәл** — Құранның 50-ші "Қаф" сүресінен бастап соңына дейінгі барлық сүрелерінің жалпы атауы.

**Муфтий** — пәтуа шығаруға құқықты ғалым.

**Мұхаддис** — хадис жинаумен, жеткізумен және сараптаумен айналысатын хадис білгірі.

**Нәби** — пайғамбар.

**Нәуағил** — нәпіл, кез келген ерікті түрде орындалатын намаздардың, оразалардың және өзге де ізгі амалдардың жалпы атауы.

**Намаз (саlәт)** — намаз, Исламның бес тірегінің бірі. Намаздың жарамды болуының тоғызы шартына: исламды ұстану, ақыл-естің дұрыс болуы, балиғат жасына жету, лас нәрселерден таза болу, әуреттің (ұятты жерлердің) жабық болуы, намаздың бекітілген уақытының кіруі, жүзді Қыблаға қарату және ниеттің болуы жатады. Намаздың он төрт тіректері (рүкіндері) бар: намазды тұрып оқуға мүмкіндік болса оны тұрып оқу; намаздың

басында «Аллаһу әкбар» деп айту; «әл-Фатиханы» оқу; рукуғ жасау; рукуғтан кейін бой түзеп тұру; дененің жеті мұшесінің үстінде сәжде жасау; сәждеден кейін бой түзеу; екі сәжденің арасында отыру; намаздың барлық тіректерін орындаған кезде тыныштық сақтау; намаздың барлық тіректерін белгілі ретімен орындау; соңғы тәшәххудты оқу; соңғы тәшәххудты оқу үшін отыру; Пайғамбар үшін ﷺ салауат айтуда; екі жаққа сәлем беру (таслим). Намаздың сегіз міндетті құрамдас бөлігі (уәжібі) бар. Оларға: намаздың басындағысынан басқа<sup>729</sup> әрбір «Аллаһу әкбар» деп айтуда, рукуғта "Ұлы Раббым Пәк! /Сұбханә Рабби-л-'Азым/" деп айтуда, имамның және намазды жеке орындаушы адамның: "Аллаһ өзіне мақтау-мадақ айтқан(дар)ды естісін (естіді)! /Сами'а-Ллаh ли-ман хамидаху/", - деп айтуда; әрбір намаз орындаушы: «Раббымыз, Саған мақтау-мадақ!» /Рабба-на, үә лә-кәл-

---

<sup>729</sup> «Такбират әл-иҳрам» - яғни намаздағы ең алғашқы тәкбір мензеліп

тұр.

хамд!"/", - деп айтуы, әрбір намаз орындаушының сәждеде «Аса Жоғары Раббым Пәк!» /Субханә Рабби-л-А'лә/» деген сөздерді айтуы, әрбір екі сәжденің арасында "Раббым, мені кешір /Рабби-ғfir ли!/" деп айтуы және бірінші тәшәһүдты айту үшін отыруы. Егер намазда байқаусыздықпен немесе әдейі оның бір тірегі орындалмай қалса, намаз жарамсыз болады. Егер намазда намаздың міндетті құрамдас бөліктегінің біреуі қасақана орындалмаса, бұл намазды жарамсыз етеді, ал ол байқаусыздықпен орындалмаса, онда жағдайды сәхесін жасау арқылы түзеуге болады.

**Әр-Рабб** – бүкіл болмысты жаратқан, Өзінің жаратылыстарына жан-жақты қамқорлық ететін және ғаламды басқаратын Раббы (Ие) және Шексіз Билік Иесі. Бұл - Аллаh Тағаланың көркем Есімдерінің бірі. Қазақ тілінде бұл әпиттеттің барлық мағыналық ерекшіліктерін біріктіретін сөз жоқ, сондықтан да оның қазақ тіліндегі мағынасы да «Раббы» сөзімен жеткізіледі.

**Ракағат** — қатаң түрде белгіленген намаз ұлгілерін айтумен және «әл-Фатиха» сүресін міндетті түрде, ал оған қосымша намаз орындаушының қалауы бойынша Құранның түрлі аяттарын оқумен бірге орындалатын намаздағы күйлер мен қозғалыстардың айналымы (қайталап орындалатын жиынтығы).

**Расул** – елші.

**Рукуғ** – белмен иілу.

**Әс-Саб'у-л-мәсани** – «жеті қайталанатын». Осылай деп «әл-Фатиха» сүресіндегі Құранның тұрақты түрде қайталанатын жеті аяты аталаады.

**Сахаба** (көпше түрі *асхаб* немесе *sahib*) - Пайғамбармен , мұсылман болған күйінде кездескен және Исламда қайтыс болған адам.

**Әс-Сафа** – Қорықты Мешіттің шығыс бөлігінде орналасқан және олардың арасында қажылар сағи (жүгіру) рәсімін орындаитын еki төбенің бірі.

## Сұжуд — сәжде.

**Сұжуд** əс-сәhy — сәhy сәждесі, намаз орындаушы намазда жіберген қателіктерін өтеу үшін сәлем беруден бұрын немесе одан кейін орындаитын екі сәжде.

**Сұннет** — өнеге; әдет. Мухаммад Пайғамбардың ﷺ өнегесі бүкіл мұсылман ұмметі және әрбір жеке мұсылман үшін басшылық ретінде аталып тұр. Сұннетті хадистер құрайды.

**Сутра** — бөгет; ашық жерде намаз орындаитын адамның алдына қойылатын кез келген зат. Мұндай зат, мысалы, жерге қадалған таяқ. Ол зат Қыбла тарапты көрсетеді және онымен намаз орындаушының арасынан намаз кезінде ешкім өтуге болмайды дегенді білдіру үшін белгі қызметін атқарады.

**Сұре** — Құранның мәтіні бөлінетін 114 бөлігінің әрбірінің атауы.

**Таби'и** (көпше түрі *таби'ун*) — Мухаммад Пайғамбардың  сахабаларының шәкіртері және ізбасарлары болған буын.

**Тауаррук** — намаз орындаушы үшінші немесе төртінші ракағатта соңғы тәшәһүд сөздерін айту кезінде сол аяғының санының жоғары бөлігінің үстінде отыратын және сонымен бірге сол аяғын он аяғының балтырының астынан өткізіп, он аяғының табанын тік қойып отыратын отыру үлгісі

**Тағут** — а) Аллаһ Тағаламен бірге құлшылық етілетін және құдайлық сипатқа бөленетін кез келген нысана; ә) Аллаһтың тыйымдарын бұзатын күнәһар; б) Ібіліс және шайтандар; в) сиқыршылар мен сәуегейлер, балгер-көріпкелдер; г) Аллаһтың түсіргенінен басқамен үкім етуші; ғ) пұт орналасқан ғимарат.

**Тайяммум** — таза топырақпен, шаңмен және т.с.с. тазалану; адамда сумен кіші дәрет немесе ғұсыл алуға мүмкіндік болмаған кезде рұқсат етіледі; мұндай тазалану таза

топырақпен екі қолдың алақанын білекке дейін сұртіп, содан соң олардағы шаңды үрлеп жіберіп олармен бетті сипап өту керек.

**Такбир** – "Аллаһу әкбар /Аллаh Ұлы/" деп айтып, Аллаһты ұлықтау.

**Такбираат әл-иҳрам** – намаз орындаушының намаздың басында екі қолын иығына немесе құлақ сырғалықтарына дейін көтеріп, "Аллаһу әкбар" сөздерін айтуды.

**Тақлид** – белгілі діндардың айтқан сөздерін немесе шешімдерін оларды растайтын немесе теріске шығаратын Құран мен Сұннетке жүгінбестен басшылыққа алу.

**Тарауих** – рамазан айында құптан намазының парызынан кейін таң атқанға дейін орындалатын міндетті емес, бірақ құпталатын тұнгі намаз.

**Тасбих** - "Аллаh Пәк! /Сұбханә-Ллаh /" деген Аллаһты кемшілік атаулыдан пәктеу сөздері.

**Тартыл** – Құранды оның әрбір әрібін нақты айтып шығаруды мензейтін барлық ережелеріне сәйкес оқу.

**Таслим** – намазды соңында айтылатын «Әс-саләму ‘аләйкум уа рахматуЛлахи уа баракатүһ» сөздері.

**Таухид** – бірқұдайшылық, яғни Аллаһтың ең көркем есімдерге және кемел (мінсіз) сипаттарға ие, құлшылыққа лайықты Жалғыз Раббы (Ие) Құдай болып табылатындығын мойындау. Сөйтіп, бірқұдайшылық үш құрамдас бөліктен тұрады:

a) *таухид* әр-рубубийя, Аллаһ бүкіл болмысты жаратқан, Өзінің жаратылыстарына Қамқорлық Етуші және ғаламды басқаратын Раббы болып табылатындығын мойындау. Алайда мұны мойындаудың өзі ғана адамды мұсылман етпейді, өйткені араб көпқұдайшыларының өздері Аллахты Жалғыз Раббы ретінде мойындаған;

а) *таухид ал-улухийа*, яғни Аллаһ қана құлшылық етуге және құдай ретінде дәріптеуге лайықты жалғыз Құдай болып табылатынын мойындау;

б) *таухид ал-Әсма уа әс-Сиғат*, Аллаһ қана ең көркем есімдерге және кемел (мінсіз) сипаттарға ие екендігін мойындау. Әрбір мұсылман Аллаһ Тағаланың Құран аяттары мен сенімді хадистерде аталатын барлық Есімдері мен Сипаттарына иман келтіруі қажет, әрі бұл есімдер мен сипаттарды бірдей бір жаратылысқа телуге рұқсат етілмейді. Бұдан тыс, Аллаһ Тағаланың Есімдері мен Сипаттарын олар қасиетті мәтіндерде сипатталғандай, олардың шынайы мағынасынан бас тарастан, оларды шынайы мағынасына қайши түсінбестен, оларды жаратылыстардың есімдері мен сипаттарына ұқсатпастан және оларға материалдық кейіп берместен түсіну қажет. Мысалы, Аллаһ Тағала: «Ерекше Рақымды Аршыға көтерілді» (20:5), - деп айтқан. Ал Пайғамбар Мұхаммад ﷺ Аллаһтың тұннің үшінші

бөлігінде және мұсылмандар Арафат алқабына жиналған кезде аспанның бірінші бөлігіне түсетінін айтқан. Мұсылмандар Аллаһтың Аршыға көтерілгендігіне және бірінші аспанга түсетініне иман келтіруі қажет, әрі олар Құран аяттарын және сенімді хадистерді олардың шынайы мағынасына қайшы түсінуге, Аллаһтың көтерілгені мен түскенін Оның жаратылыстарының қозғалыстарының қозғалыстарымен теңеуге, Аллаһ мұны қалай істейтіндігі туралы сұрауға және мұны елестетуге құқықты емес.

**Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деп айтқан: «Уа, Ибіліс! Мен екі Қолыммен жаратқаным сәжде жасауыңа саған не кедергі болды?»** (38:75). Мұсылмандар Аллаһтың Екі Қолы бар екендігіне иман келтіруі қажет, алайда Құдайдың қолдарын Оның жаратылыстарының қолдарымен теңестіруіне және оларды елестетуіне тыйым салынады. Аллаһ Тағала былай деп айтқан: **«Оған тең ешкім жоқ, Ол – Естуші, көруші»** (42:11).

Бұл сенімдерді Нух, Ибраһим, Муса, 'Иса, Мухаммад және басқа да барлық пайғамбарлар ұстанған. Бұл – кейбір дінбүзар бидғатшылар айтатыныңдай адамдардың айналасына және жүректеріне емес, Аршыға көтерілген және жеті аспаннан биікте орналасқан Аллаһқа иман келтірген барлық нағыз мұсылмандардың сенімі.

**Тәхажжуд** — құптан ('иша) намазының уақыты аяқталғаннан соң таң (фәжр) намазының уақыты кіргенше орындалатын қосымша-нәпіл тұнгі намаз. Көптеген сенімді хадистерге сәйкес тұнгі намазды орындау үшін ең абзal уақыт тұннің үшінші бөлігі болып табылады.

**Тәһлил** — "Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ /Лә иләһә иллә-Лләh/" сөздерін айту.

**Тахмид** — "Аллаһқа мақтау-мадақ /Әл-хамду ли-Лләh/" сөздерін айту.

**Тәшәһүд** — намаз орындаушы отырған күйінде оқитын күәлік ету дүғасы.

Тәшәһүйттан кейін Пайғамбар үшін ﷺ салаат оқылады, ол сондай-ақ «әс-сағауат әл-Ибраһимийа» деп аталады.

**Үммет** — а) қауым, халық; б) мұсылмандар, Мухаммад Пайғамбардың ﷺ ізбасарлары.

**Умм әл-му'минин** (көпше түрі *Ummahat al-mu'minin*) — «мұміндердің аналары», яғни Мухаммад Пайғамбардың ﷺ жұбайлары: Хадиша бинт Хууайлид, Сауда бинт Зам'а, 'Аиша бинт Абу Бәкр, Хафса бинт 'Омар, Зәйнаб бинт Хузайма, Умм Сәлама Хинд бинт Абу Умайа, Зәйнаб бинт Жәхш, Жууәйрия бинт әл-Харис, Умм Хабиба Рамлә бинт Абу Суфыйан, Сафиyya bint Хуйәй, Мәймуна бинт әл-Харис.

**Үәли** — Құранда бұл термин Аллаһқа қатысты "Қамқоршы" дегенді білдіреді, ал хадистерде «Аллаһқа жақын» (өте салиқалылығымен ерекшеленетін, өз діни міндеттерінің барлығын орындаитын және бұдан басқа көп нәрселерді істейтін адам мензеледі). Бұдан тыс, "әүлийя" (үәли сөзінің

көпше түрі) басқа мағынаға да ие – қажеттілік туындаған кезде бір-біріне қорғауды, көмекті және қамқорлықты қамтамасыз ететін бір әулеттің мүшелері.

**Үәсилә (тауәссул)** — Аллаһ Тағалаға жақындаудың және Оның разылығын алудың жолы, тәсілі. Адам Аллаһтың разылығын алуға Оның Ең Көркем Есімдері мен кемел сипаттары, өзінің ықыласты істері және көзі тірі ізгі адамның дұғалары арқылы үмтүлуға рұқсат етіледі. Сондай-ақ Аллаһқа жақындаудың тыйым салынған және бидғат түрлері де бар.

**Умра** — кіші қажылық. «Умра» сөзі араб тілінде «зиярат ету» деген мағынаны береді. Шаригатта «умра» Қағба мешітін белгілі ғибадат түрін орындау мақсатымен зиярат ету дегенді білдіреді.

**Үтір** — ерікті түрде орындалатын тақ ракағаттардан тұратын тұнгі намаз. Бұл намаз ең азы бір ракағаттан, ал ең абзалы он бір ракағаттан тұрады.

**Уужуб әл-Иттиба'** — Мухаммад Пайғамбардың ﷺ бұйрықтарын ұстану міндеттілігі. Бірде-бір игі амал мұсылман адам оны ықыласты түрде Аллаһ үшін және Мухаммад Пайғамбардың ﷺ әмір-нұсқауларына сәйкес орында майынша Аллаһ Тағала тарыптынан қабыл етілмейді.

**Ууду'** — кіші (толық емес) жуыну, дәрет алу. Кіші ластанудан тазару үшін намаздың алдында орындалуға тиіс ерекше рәсімдік амал. Онда мұсылман адамның намаздың алдында немесе кіші ластанғанынан кейін (зәр, жел, үлкен дәрет шыққаннан кейін немесе қатты үйқыдан, құсқаннан, қан аққаннан, лас нәрсеге тигеннен соң сондай-ақ басқа жағдайларда) денесінің белгігі мүшелерін жуу рәсімі мензеледі. Дәреттің жарамды болуының он қажетті шарты бар: Исламды ұстану; ақыл-естің болуы; балиғат жасына жету; намазды орындау ниетінің болуы, әрі ол ниет дәретті намаз аяқталғанға дейін сақтауды мензеуге тиіс; дәрет алу міндетті болған себепті жою; дәрет алғанға дейін зәрден немесе үлкен дәреттен

сумен немесе тас (арнайы қағазбен) тазалану, судың таза және хәлал болуы<sup>730</sup>, судың теріге жету үшін бөгет болатын нәрселерді алып тастау; және үнемі ластану жағдайында болатын адамдар үшін парыз намазының уақытының кіруи<sup>731</sup>. Дәреттің алты міндетті құрамдас бөліктеріне мыналар жатады: бетті тігінен маңдайдың жоғары шекарасынан иекке дейін, ал көлдененінен құлақтан құлаққа дейін, ауыз берін мұрынды шаюмен қоса, жуу; аяқтарды тобыққа дейін жуу; дәреттің белгіленген тәртібін және үзіліссіздігін сақтау. Дәретті жарамсыз ететін жеті нәрсе бар: зәр немесе үлкен дәрет, сондай-ақ жел шығару; денеден кез келген лас нәрсенің шығуы<sup>732</sup>; ақыл-естен айырылу; әйелге шақуатпен тиу (келіспеушілік бар); жыныстық мүшеге немесе

<sup>730</sup> Сұға түсі, не иісі, не дәмі өзгеретіндей мөлшерде харам нәрсе түссе ішуге жарамсыз болады.

<sup>731</sup> Мысалы, науқас адамның қаны тоқтамаса, не зәрі, не желі түрмаса.

<sup>732</sup> Мысалы, ірің немесе құсық (құсыққа байланысты келіспеушілік бар).

тік ішекке қолмен тиу; түйенің етін жеу; мәйітті жуу (келіспеушілік бар) және Исламнан шығу.

### **Фард (парыз) – міндетті болған нәрсе.**

**Фәжр** — таң немесе парыз таң намазы орындалатын күн шыққанға дейінгі уақыт. Бұл намаздың белгіленген уақыты аспандың алғашқы шапақтары пайда болған уақыттан бастап, күн шыққанға дейін жалғасады.

**Фәқиһ** — фиқі мәселелерін меңгерген және діни-құқықтық мәселелер бойынша шешім шығаруға құқықты мұсылман діндар ғалымы.

**Фәтауа (пәтуа)** — беделді мұсылман діндар ғалымының Шариғаттың қандай да бір бұйрығын түсіндіру үшін және тәжірибеде пайдалану үшін жасаған қорытындысы.

**Фидия** — діни бұйрықты орындаған не қате орындаған үшін жасалатын өтеу. Ол садақа, құрбан шалу т.с.с. түріндегі амалдармен іске асырылуы мүмкін.

**Фиқh** – Ислам әлеуметтік нормаларының кешені; кең мағынадағы мұсылман құқығы.

**Хажж** – қажылық, Меккеге зиярат жасау, Исламның бес тіректерінің бірі. Қажылық рәсімдері зул-хижжә айында орындалады.

**Хажж әл-ифрад** – умрасыз тек қажылықтың өзін ғана орындау.

**Хажж әл-қиран** – қажылық пен умраны қосып жасау, онда қажы бірінші болып умраны жасайды да, ихрамнан шықпастан, қажылық уақытының кіргенін күтіп, ол кірген кезде қажылықты жасайды.

**Хажж мәбрур** (толық (кемшіліксіз) орындалған қажылық) – барлық ережелеріне сәйкес орындалғандығы үшін ғана емес, хәлал жолмен табылған қаражатқа орындалғандығы себепті қабыл болған қажылық.

**Хажж әт-таматту'** – кіші (умра) және үлкен қажылықты (хажж) бір маусымда жасау. Онда Меккеге келген қажы бірінші умраны орындаап ихрамнан шығады да, қажылық

мерзімінің басталуын күтеді. Зул-хижжа айының сегізінші күні ол қайтадан ихрамға кіріп, қажылық рәсімдерін орындаиды. Егер қажы өзімен бірге құрбаның айдалап алыш келсе, онда оған таматтуғ қажылығын орындауға болмайды.

**Хадис** — Пайғамбардың ﷺ кез келген сөзі немесе амалы, оның үндемей макұлдауы немесе оның сипаты туралы жеткізілген хабар.

**Хадис қудси** — өзіне Аллаһтың Елшісі ﷺ жеткізген, олар кейде Жәбіреілден, ал кейде уахи, тұс, аян арқылы қабылданған және Пайғамбарға ﷺ оларды өз сөздерімен жеткізу құқығы берілген Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһтың сөздерін қамтыған хадис. "Хадис қудси" жай хадистен, оны Пайғамбар ﷺ Раббысының сөздерінен жеткіzetіндігімен ерекшеленеді. Осы орайда ол көптеген жағдайларда Аллаh Тағалаға дейін көтеріледі, бірақ Пайғамбарға дейін де ﷺ көтерілуі мүмкін, өйткені ол мұны Аллаһтан жеткізеді.

Жоғарыды келтірілген анықтама «хадис қудсидің» көп жақтан қасиетті Құраннан ерекшеленетінін көрсетеді:

- а) «Хадис қудсиден» ерекше, Құранға формасы бойынша да, мазмұны бойынша да еш нәрсе үқсас бола алмайды.
- ә) Құран оқылатын намаз жарамды, ал Құранның орнына хадис қудси оқылса, намаз жарамсыз болады.
- б) Құранды мойындаған адам кәпір болады, ал қандай да бір хадис қудсиді мойындаған адам пасық қана болады.
- в) Құран формасы бойынша да, мағынасы бойынша да Аллаһтан шығады, ал «хадис қудсидің» сөздеріне келер болсақ, олар Аллаһтың Елшісінің ﷺ сөздері болып табылады, бірақ олардың мағынасы - Аллаһтың уахиі.
- г) «Хадис қудсиден» ерекше, Құранның аяттарын мағынасы бойынша жеткізуге болмайды.

- ғ) Қасиетті Құранды тек рәсімдік тазалық күйінде (дәретті, дәреті түзу) адамдарға ғана ұстай алады, ал «хадис құдсиге» қатысты мұндай шарт қойылмайды.
- д) Дәретсіз адамға Құранды ұстаяға тыйым салынады, ал «хадис құдсиге» мұндай шарт қойылмайды.
- е) Аллаһтың кітабынан бір әріп болса да оқыған адамға он жақсы іс істегеннің сауабы жазылады, ал «хадис құдсиге» келер болсақ, оны тек оқығанның өзіне ғана сауап берілмейді.
- ё) "Хадис құдсиен" ерекше, (имам Ахмадтың пікірі бойынша) Құранды сатуға болмайды немесе оны сату (шәфи'илердің пікірі бойынша) құпталмайтын іс болып табылады.

«Кұдайы хадистер» /әл-ахадис әл-иләһийя/ деп те аталатын "Хадис құдсилердің" /әл-ахадис әл-құдсия/ саны жүзден астам.

**Хәлал — рұқсат етілген.**

**Ханиф** — таза бірқұдайшылықты үстанатын адам. Исламға дейінгі Арабияда жалғыз Құдайға сыйынатын, бірақ яңудилерге де, христиандарға да жатпайтын адамдарды осылай атайдын. Құранда «ханиф» деп пайғамбарлардың атасы Ибраһим (оған Аллаһтың сәлемі болсын) аталады.

**Харам** - тыйым салынған.

**Харам** — жан-жануарларды өлтіруге ғана емес, тіпті тал-өсімдіктерді шауып-жұлуға тыйым салынған қасиетті аумак.

**Хатыб** — мешітте құтпа (уағыз-насихат) айтатын құтпаши, уағызшы.

**Хауд** — Жәннаттың Кәусар атты өзені келіп құйылатын және сұымен Қиямет күні мүміндер шөлін қандыратын Пайғамбардың  су айдыны.

**Хафиз** — 1) ең аз дегенде 100 000 хадисті иснадтарымен жатқа білетін ғалым; 2) Құранды толық мағынасымен жатқа білетін ғалым.

**Хукм** (көпше түрі «әхкам») — көп мағыналы термин, ол «Аллаһтың шешімі», «беделді немесе билікке ие болған адамның бұйрығы», «Құран мен Сұннеттің негізінде шығарылған белгілі бір құқықтық мәселе бойынша шығарылған шешім», "тұжырым" және "дәреже" немесе "санат" дегенді білдіруі мүмкін. Соңғысы шариғат адамның барлық іс-әрекеттерін жіктейтін бес санатты мензейді:

- а) "үәжін" /міндетті/ — шариғат бойынша міндетті болып табылатын кез келген іс-амал;
- ә) "мәндуб" /мақұлданатын/ — кез келген құпталатын, бірақ міндетті емес іс-амалдар;
- б) "мубах" немесе "жә'из" /рұқсат етілген/ — шариғат рұқсат ететін, істеуші және істемеушіге саяап не күнә болмайтын кез келген амалдар;
- в) "мәкрух" /құпталмайтын, жағымсыз/ — жаза белгіленбеген кез келген құпталмайтын іс-әрекеттер;

г) "харам" немесе "махзур" /тыйым салынған/  
 — шарифат тарапынан үзілді-кесілді түрде  
 тыйым салынған және жазаланатын кез келген  
 іс-амалдар.

**Хутба** — имам жұма немесе айт күндері  
 айтатын құтпа, уағыз-насихат.

**Хушу'** — Аллаһ Тағаланың алдындағы  
 мойынсұнушылық және бағынушылық, Оған  
 жан тәнімен берілу. Бұл сипат намаз орындаған  
 кезде ерекше қажет.

### **Шайтан** — Ібіліс.

**Шам** — қазіргі кезде Иордания, Ливан,  
 Сирия және Палестина елдері қамтыған  
 аймақтың ескі атауы.

**Шарифат** (синонимдері — *шар'*, *шир'a*,  
*тишири'*) — Ислам дінінің діни заңнамасы,  
 Құран мен Сұннетте бекітілген бұйрықтардың,  
 нұсқаулардың және тыйымдардың жинағы.

**Шәһада** — иманның белгісі; "Әшіәдү әлла  
 иләһә иллә-Ллаһ, уа әшіәдү әнна Мұхаммадан  
 `абдуhy уа расулюh" - Аллаһтан басқа

құлшылыққа лайықты құдай жоқтығына қуәлік беремін және Мухаммад – Оның құлы әрі Елшісі екендігіне қуәлік беремін» деген сөздермен көрініс табатын бірқұдайшылық қуәлігі.

**Шәһид** – 1) дін үшін қаза тапқан мұсылман сарбазы; 2) азапты өліммен қайтыс болған адам.

**Ширк** – көпқұдайшылық, Аллаһқа серік қосу.

